Молдасан Қуаныш Шорманқызы, Сағынбаева Гүлзада Қайырғалиқызы
ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ІС – ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТҮЗЕТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ....282

Мурзагалиева Алия Гинаятовна, Джугембаева Бакытгуль Аскаровна
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СҰРАНЫСҚА ИЕ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР МЕН ШАРТТАР 287

Небесаева Жанар Орынбековна, Мусакулов Кусан Толендиевич
МЕДИАОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ОРИЕНТИРЫ В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ БАКАЛАВРОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ 292

Нургалиев Нурым Уагиуллович, Бакирова Кулжахан Шаймерденовна
ХИП-ХОПҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ 296

Тұрысбеков Сайлаубек, Мырзакулов Мусирәли Ертаевич
ЖАС ҰРПАҚ БАЛАЛАРҒА АДАМГЕШІЛІК - РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУ 301

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Адыкамова Диана Досановна
ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОГО ПОЛЯ «ЧЕЛОВЕК». 304

Аманбаева Айсауле Жантемировна, Жұмабаева Жанар Толендиевна
ПСИХОЛИНГВИСТИКА: ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТҮСІНІК 309

Әбдуәлиұлы Бекжан, Қоңыратбаева Жанар Молдалықызы
ШЫҢЖАҢ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТОПОНИМИЯСЫ 313

Әубәкірова Қарлығаш Әділханқызы
АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 318

Байбулатова Айдана Бактыгереевна, Керимбаева Ботагоз Талгатовна
ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТ 323

Бекболганов Ерик Джумабаевич, Әділ Наргиз
АРНАЙЫ ТҮЗЕТУ МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 328

Бекмамбетова Занипа Жумамуратовна, Беркимбаева Сауле Кенжебековна
ФОРМИРОВАНИЕ МОДЕЛИ ПОСТРОЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО ТЕКСТА В НАУЧНОМ ИССЛЕДОВАНИИ 332

Габдуалиева Зарифа Гарифуллаевна
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛЬДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ СӨЗДЕР 337

Есембеков Темиргали Уразгалиевич, Габдкаримова Гулжазира Сагидокасовна
ФУНКЦИИ СТИЛИСТИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПЕРЕВОДЕ 340

Есенжан Дина Әнесқызы
КӨРКЕМ АУДАРМА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХАҚЫНДА 346

Есіркеп Бибісара Мұғалбекқызы, Дархан Мәдина Жәнібекқызы
ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕКЕ ОҚЫТУ ТӘСІЛІ 351

Жалбырова Ақерке Ерланқызы, Диуанова Райкул Кенесбаевна
АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА САРАЛАП-ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ 356

Zhetpisov Saken Nikolaevich
STRUCTURE OF MEANING OF PHRASEOLOGISM OF THE KOREAN LANGUAGE 359

Закирова Асель Сейдуллаевна, Майгельдиева Шарбан Мусабековна
ҚАЗАҚ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ «ҚОНАҚ», «ҚОНАҚ АСЫ», «ЖОЛ» КОНЦЕПТІСІ 365

Иманбаева Сабира Сарыбайқызы, Баймұратова Гүлмира Шәріпқызы
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ СЫНИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ 370

Иманбаева Сабира Сарыбайқызы, Тастанова Зауреш Тельманқызы
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ 376

Kaldybekova Tokzhan Taskynbaevna, Diuanova Raikul Kenesbayevna
METHODS OF USING AUTHENTIC VIDEO MATERIALS IN FORMING PROJECT SEARCH SKILLS FOR STUDENTS IN ENGLISH LANGUAGE LESSONS 382

Койшибаев Махамбетжан Нахипбекович, Бекіш Ербол Тнейбекұлы
АНЫҚТАУЫШ ЕСІМШЕЛЕРДІҢ ДЕРИВАЦИЯСЫ 385

Кублашева Жанна Сатыбалдиевна
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ РЕСУРСОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ 389

Курманбаева Даметкен Тюлевтаевна, Жумагулова Батима Садыковна
ЖАНРОВЫЙ СИНКРЕТИЗМ РОМАНА КАДЗУО ИСИГУРО «THE BURIED GIANT» 392

Kurmash Fatima Kanatkyzy, Umatova Zhanna Maksutovna
USE OF INFORMATION TECHNOLOGY IN THE FORMATION OF STUDENTS' LISTENING SKILLS 398

Қоштаева Гүлбала Құдайқұлқызы, Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы
ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ НАМА ЖАНРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ 403

Мадиева Гульмира, Эфендиева Улькер Закирқызы
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ СӨЗДЕРДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР (зерттеулерге шолу) 410

Мусаева Кулия Султанхановна, Майлықараева Перуза Исаханқызы
СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ ОЙЛАУ РЕТІ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 416

Нұрбекова Диана Қуанышқызы
«ДЕМОКРАТИЯ» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚЫТАЙҒА ЕНУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ 420

Sadykova Saule Altynbayevna, Makhsotova Gulnaz Makhsotkyzy
ASSIMILATION OF LANGUAGE 429

Іляс Гүлмира Өмірбекқызы, Дуйсенова Маржан Молдакасымовна
АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ – ART SCIENCE

Kurmanayev Ermek Malikovich, Arynova Assel Dautovna
CONCEPTUAL PICTURE OF THE WORLD OF TRADITIONAL KAZAKH MUSIC 437

Мустафин Канагат Курмангазыевич, Гайнижамал Абильдина
КИНОӨНЕРІНДЕГІ СПОРТ КӨРІНІСІ БЕЛГІЛЕРІ 445

Омарова Аклима Каирденовна, Султанова Асем Едиловна
АКАДЕМИЧЕСКОЕ И НАЦИОНАЛЬНОЕ: К ПРОБЛЕМЕ АНАЛИЗА МУЗЫКАЛЬНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ 449

Оренбургская Асель Садуахасовна
СПОНТАННАЯ ИМПРОВИЗАЦИЯ: К ВОПРОСУ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ 456

ФИЗИЧЕСКАЯ НАУКА – ФИЗИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ – PHYSICAL SCIENCE

Ершина Айнагүл Қапасовна, Нұрлыбекова Айдын Әлсейтқызы
АЛЬТЕРНАТИВТІ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ – ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ 460

Қапсемет Балғын Сержанқызы, Макенова Перизат Ахатовна
ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУДІ ҚОЛДАНУ 466

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ - СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS 470

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

ӘОЖ 343.13

АПАХАЕВ НУРЛАН ЖИЛКАЙДАРОВИЧ,
Заң ғылымының кандидаты, профессор,
құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

КАЛАГАНОВ БАКЫТБЕК КАЛАГАНОВИЧ,
Заң ғылымының кандидаты, профессор,
құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақалада қылмыстық сот ісін электронды форматта реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері талданады, осы тәжірибені Ресей заңнамасын жетілдіруде қолдану мүмкіндігі қарастырылады.

Түйін сөздер: электрондық құжат, электрондық қылмыстық іс, қылмыстық сот ісін жүргізу, электронды құжат айналымы, ақпараттандыру.

Резюме. В статье анализируются положения законодательства Республики Казахстан, регламентирующие производство по уголовному делу в электронном формате, рассматривается возможность использования данного опыта при совершенствовании российского законодательства.

Ключевые слова: электронный документ, электронное уголовное дело, уголовное судопроизводство, электронный документооборот, информатизация.

Summary. The article analyzes the legislation of the Republic of Kazakhstan which regulates the criminal proceedings in electronic format. The author considers the possibility of using the Republic of Kazakhstan`s experience in the improvement of the Russian legislation.

Keywords: electronic documents, electronic criminal case, criminal proceedings, electronic document circulation, informatization.

Қазақстандағы қылмыстық процесске электронды құжат айналымын енгізу ғылыми әдебиеттерде бірқатар техникалық, процесстік сипаттағы себептерге байланысты іске аспай келе жатқан, бірақ болашақтағы міндетті орын алатын құбылыс ретінде қарастырылып жүр. Электронды құжат айналымын енгізуге кедергі келтіретін техникалық мәселелер қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1) бүкіл ел бойынша барлық қылмыстық құдалау органдарына бірыңғай, тиімді бағдарламалық жабдықтама жасау қажеттілігі;

2) ақпаратты сақтау сенімділігі, электронды қылмыстық істің ақпараттық қауіпсіздігін, оның хакерлік шабуылдардан, зиянды бағдарламалар мен рұқсатсыз ақпаратты алудан қорғауына қатысты мәселелерді шешу;

3) барлық алдын ала тергеу, бақылау және қадағалау органдарын қылмыстық істің электронды материалдарын жасауға арналған автоматтандырылған жүйелермен қамтамасыз ету;

4) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін оқыту (біліктілігін өзгерту);

5) компьютерлік технологияларды қолдану дағдылары жоқ тұлғалар үшін электронды іс жүргізуге қол жетімділікті қамтамасыз ету (электронды қылмыстық іс материалдарын алу және шағымдар мен арыздар беру мүмкіндігін беру) [Абдулвалиев А.Ф., 2013, 150-164 бб.]. Қылмыстық-процесстік заңнамаға келер болсақ, ол қылмыстық процесске электронды құжат айналымын енгізу азаматтардың құқықтары мен олардың әділ сот қол жеткізу мүмкіндіктерін шектеуге қосымша қауіп төндірмейтіндей жетілдірілуі тиіс.

Жалпы сот ісін жүргізуді және оның ішінде қылмыстық істі ақпараттандыру бүкіл әлем бойынша жүзеге асып жатыр, сондықтан да шет елдердің, әсіресе, Қазақстанға ұқсас қылмыстық істер жүргізу тәртібі бар елдердің тәжірибесі теориялық және тәжірибелік қызығушылық туғызады. Нақтырақ айтқанда, Қазақстан Республикасы 2017 жылы Қылмыстық процесстік кодекске [http:// adilet.zan.kz/rus] қылмыстық істерді электронды форматта тергеуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді [URL: http://adilet.zan.kz/rus]. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының материалдарына сәйкес алғашқы электронды қылмыстық іс 2018 жылы қаралған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚПК) жаңа «қылмыстық сот ісін жүргізу форматы» термині енгізілді (ҚР ҚПК 42-1-бабы) және қағаз және электронды форматтар қарастырылған.

Аталған нормадан бөлек ҚР ҚПК электронды құжат түсінігі оған ақпарат электронды-сандық формада берілетін және электронды-сандық қолтаңба арқылы расталатын құжат деген анықтама береді (ҚР ҚПК 7-бабы 15-т.). Келесідей құжаттар электронды формада болуы мүмкін:

қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз (ҚР ҚПК 181-бабы 1-бөлім); азаматтық талап арыз (ҚР ҚПК 167-бабы 5-бөлім);

сот отырысының толық немесе қысқаша хаттамасына ескертпе (ҚР ҚПК 348, 348-1-бап);

сот талқылауының бас хаттамасы (ҚР ҚПК 347-бабы, 8-бөлім);

прокурордың апелляциялық жағым беру мерзімін қалпына келтіру туралы өтініші (ҚР ҚПК 419-бабы, 1-бөлім);

заңды күшіне енген сот актісіне қарсылық білдіру, өтініш енгізуге құқы бар тұлғалардың өтініш беруі үшін қылмыстық іс бойынша сұраныс (ҚР ҚПК 486-бабы); заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініш, қарсылықтар (ҚР ҚПК 488-бабының 1-бөлімі).

Электронды құжат түрінде келесідей дәлелдемелер рәсімделуі мүмкін:

сарапшының қорытындысы (ҚР ҚПК 283-бабы 1-бөлім);

маман қорытындысы (ҚР ҚПК 117-бабы), Қорғаушы және жәбірленушінің өкілі техникалық құралдар көмегімен болжамды түрде іске қатысты ақпараты бар тұлғалардан жауап алуға құқылы. Мұндай жауап алудың барысы мен нәтижелері қылмыстық іске тіркелетін электронды тасымалдаушыда көрсетілуі мүмкін (ҚР ҚПК 122-бабы, 3-бөлім, 1-тармақ).

Қылмыстық іске дәлелдеме ретінде тіркелетін электронды құжат түріндегі дәлелдемелерді күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және оның өкілдері, сондай-ақ басқа да кез-келген азаматтар мен ұйымдар өткізе алады (ҚР ҚПК 122-бабы 4-бөлім). Дәлелдеу негізінде нақты мәліметтерді қабылдау, сондай-ақ жеке фактілер тікелей қабылданатын кездегі практикалық іс-әрекет жатыр. Мұның бәрі логикалы талдануы керек, рациональды ойлау нәтижесінде практикалық іс-әрекеттерде қайта тексерілетін тергеу болжамдары ж.т.б. пайда болады [Нұрмашев Ү., 2011, 19 б.].

Осылайша, ҚР ҚПК қылмыстық іс бойынша электронды іс жүргізу процедурасын реттемейді, ол жерде оны енгізу мүмкіндігі және электронды форматта болуы мүмкін белгілі бір процесстік құжаттар мен дәлелдеме түрлерінің тізімі ғана көрсетілген. Сонымен бірге заң шығарушы Қазақстан Республикасының Бас прокурорына электронды форматта қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша, барлық қылмыстық құдалау органдары орындауға міндетті нормативтік актілер қабылдау құзыретін берген (ҚР ҚПК 58-бабының 6-бөлімі). Мұндай нормативтік акті 2018 жылдың 3 қаңтарында қабылданды және ол жерде Электронды форматта қылмыстық сот ісін жүргізу туралы нұсқаулық көрсетілген (бұдан әрі – нұсқаулық) [URL: http://adilet.zan.kz/rus].

Аталған Нұсқаулықтың қағидаларын басшылыққа алсақ, Қазақстан Республикасында электронды сот ісін жүргізуге арналған «Бірыңғай сотқа дейінгі тергеулер тізімдемесі» ақпараттық жүйесі бар (БСДТТ АЖ). Аталған ақпараттық жүйенің «Электронды қылмыстық іс» модуль (Модуль е-ҚІ) қосымша функционалы бар, ол электронды қылмыстық істі дайындауды ұйымдастыру, жүргізу, жіберу, алу және сақтауға арналған. Сонымен қатар БСДТТ АЖ «SMM хабарландырумен» жабдықталған, ол ұялы байланыс және (немесе) электронды почта арқылы қылмыстық процесс қатысушыларының қылмыстық процессті жүргізетін тұлғаға келуі туралы хабарландыратын мәтіндік хабарламалар жіберуге болады; сондай-ақ «Жария сектор» функционалы қылмыстық процесс қатысушыларына электронды қылмыстық іс материалдарын қашықтықтан қарап, өтініш және шағымдар беруіне мүмкіндік жасайды. Қашықтықтан қосыла алмаған жағдайда , қылмыстық процесс қатысушылары қылмыстық процессті жүргізуші тұлғаның сәйкес материалдарды оқуы арқылы қылмыстық іс материалдарымен танысады, содан кейін олардың электронды көшірмелерін ала алады.

Қылмыстық құдалау органының лауазымды тұлғасы келесідей жолдармен авторландыру және аутентификациядан өткеннен кейін, БСДТТ АЖ-да электронды қылмыстық іс жүргізу мүмкіндігін алады: Қазақстан Республикасының Ұлттық растау орталығы берген электронды сандық қолтаңба (ЭСҚ); өзінің құзыреті аясында құқықтық статистика мен арнайы есептеулер саласында статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік орган беретін жеке сәйкестендіру нөмірі арқылы) биометриялық оқығышты пайдалану арқылы сәйкестендіру (нұсқаулықтың 9-т.). Тергеу, жедел

тергеу тобы сотқа дейінгі тергеу жүргізген кезде е-ҚІ модуліндегі электронды қылмыстық істі аталған сотқа дейінгі тергеуді жүргізіп жатқан топ мүшелері қарай алады (Нұсқаулықтың 31-т.)

БСДТТ АЖ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу басталғанға дейін автоматты түрде алғашқы электронды құжаттар жасалады: «КУИ тіркеу туралы баянат», «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді табу туралы баянат», «Прокурордың сотқа дейінгі тергеуді бастау туралы хабарламасы». Электронды қылмыстық іс жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда жоғарыда аталған баянаттарды жүйе автоматты түрде электронды қылмыстық іс материалдарына қосады, сондай-ақ электронды қылмыстық іс тізімдемесінде көрсетіледі (Нұсқаулықтың 11-т.). БСДТТ АЖ прокурор мен сотқа жіберілетін ілеспе хаттарда жасауға болады.

Қылмыстың істің электронды форматын таңдау туралы шешімді сотқа дейінгі тергеуді жүргізу табысталған тұлға істі қабылдап алу кезінде жасайды, бұл жайлы негізделген қаулы шығарылады (ҚР ҚПК 42-1-бабы 2-бөлім). Е-ҚІ модулінде қаулы шығарылғаннан кейін 24 сағат ішінде қадағалаушы прокурорға автоматты түрде хабарлама жіберіледі. Дәл осы мерзім ішінде қабылданған шешім туралы күдікті, айыпталушы, оның заңды өкілдері, қорғаушы, жеке айыптаушы, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, азаматтық талапкер, оның өкілдері хабардар болады. Әрі қарай қылмыстық істер қосылуынан басқа жағдайларда қылмыстық іс форматын қағаз түрінен электрондыға ауыстыруға жол берілмейді.

Электронды құжаттарды жасау кезінде қылмыстық процессті жүргізуші тұлға БСДТТ АЖ бар үлгілерді пайдаланады. Электронды түрде жасалған процесстік және басқа да құжаттарға қол қоюды қылмыстық процесске қатысушылар электронды сандық қолтаңбамен немесе қолтаңба планшеті арқылы жүзеге асырады.

Бұрын қағаз тасымалдаушыда жасалған қылмыстық іс материалдары электронды форматтағы қылмыстық істерді енгізу туралы шешім шыққаннан кейін, сканерленеді және PDF құжат түрінде тез арада, бірақ электронды сот ісін жүргізу туралы қаулы шыққаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей электронды қылмыстық іске қосылады. Электронды форматқа ауыстырылған қағаз құжаттарды қылмыстық қудалау органдары сақтайды, электронды қылмыстық іспен берге прокуратураға немесе сотқа жібереді. Қылмыстық процессті жүргізетін тұлғаның шешімі бойынша электронды қылмыстық іске қосылған медиа файлдар е-ҚІ модуліне қосылады БСДТТ АЖ қажетті ақпараттық тіркеу құжаттары толтырылады, сарапшылармен, мамандармен, сондай-ақ сотпен электронды өзара байланыс орнатылады.

ҚР ҚПК электронды форматтан қағазға ауысу тек әрі қарай қылмыстық істі электронды форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда ғана рұқсат етіледі (ҚР ҚПК 42-1-бабы 2-бөлім). Электронды форматта сот ісін жүргізу туралы нұсқаулықта бұл норма нақтылана түскен. Осылайша, Нұсқаулықтың 22-т. сәйкес, күтілмеген (мысалы, электр энергиясының болмауы, е-ҚІ модулінің істемей қалуы) немесе төтенше жағдайлар туындаса, осындай жағдай туындаған сәттен 24 сағаттан кешіктірмей электрондыдан қағаз форматқа өтуге рұқсат етіледі. Егер қылмыстық іс бойынша кейінге қалдыруға келмейтін тергеу немесе процесстік іс-қимылдар жүргізу қажет болса, күтілмеген немесе төтенше жағдай туындағаннан сәттен кейін 24 сағат өткен соң да ауысуға мүмкіндік беріледі.

Оған қоса, қылмыстық сот ісін жүргізудің электронды форматынан қағазға ауысу келесідей жағдайларда жүзеге асады: қылмыстық құдалауды жалғастыру үшін қылмыстық істі шет мемлекетке өткізу; қылмыстық іс материалдарына мемлекеттік құпия және басқа да заңмен қорғалатын құпияны қосу; тергеу жүргізетін тұлғаның шешімі бойынша қылмыстық істерді біріктіру (Нұсқаулықтың 17-бабы).

Электрондыдан қағаз форматқа ауысу кезінде БСДТТ АЖ электронды түрде негізделген қаулы және қылмыстық сот ісін жүргізу форматының өзгергені туралы форма толтырылады. Әрі қарай тез арада, 24 сағаттан кешіктірмей электронды қылмыстық іс материалдарды басып шығарылады. Бұрын е-ҚІ модуліне салынға PDF құжаттар сақтау орындарынан алынып, қағаз құжат түріндегі түп нұсқаларымен алмастырылады (Нұсқаулықтың 23-т.)

Әрқайсысы электронды форматта жүргізілген қылмыстық істерді қосу қажет болған жағдайда, қылмыстық процесс жүргізетін тұлға істерді қосу туралы қаулы шығарғаннан кейін тез арада, 24 сағаттан кешіктірмей е-ҚІ модулінде істер қосылады. Егер Қосылатын істердің бір немесе бірнешеуі қағаз форматында жүргізілсе, онда қылмыстық процессті жүргізуші тұлға қылмыстық істерді қосу туралы қаулы шығару кезінде қылмыстық іс форматын анықтау туралы да шешім қабылдайды, ол Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес қағаз немесе электронды түрде болуы мүмкін.

Әрі қарай қылмыстық іс электронды форматта жүргізілетін жағдайда, қағаз форматта жүргізілген қосылатын қылмыстық істердің материалдары тез арада, сәйкес шешім қабылданғаннан кейін 24 сағаттан кешіктірілмей PDF құжат түрінде электронды қылмыстық іске қосылады, е-ҚІ модуліне қылмыстық сот ісін жүргізу форматының өзгергені туралы мәліметтер енгізіледі. Қылмыстық іс әрі қарай қағаз түрінде жүргізілетін болса, тез арада, 24 сағаттан кешіктірілмей электрондыдан қағаз форматқа ауысу жүргізіледі (Нұсқаулықтың 17-бабы).

Қылмыстық істі жеке жүргізу е-ҚІ модулінде іс материалдарына БСДТТ жеке нөмірін беру арқы-

лы жүзеге асады (Нұсқаулықтың 18-тармағы). ҚР ҚПК 42-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеу мерзімдері тоқтатылса, е-ҚІ модулінде қылмыстық істі жүргізетін тұлға әрі қарай электронды қылмыстық іс аясында ҚР ҚПК қарастырылғаннан басқа процесстік және өзге де әрекеттер жасай алмайды (Нұсқаулықтың 19-т.). Қылмыстық процессті жүргізуші орган электронды қылмыстық істі жүргізуді тоқтату туралы шешім шығарғаннан кейін және прокурор қабылданған процесстік шешімнің заңдылығын тексерген соң, электронды қылмыстық іс мұрағатталады. Мұрағаттау сәйкес статусын анықтап, е-ҚІ модулінде автоматты түрде сақтау арқылы жүзеге асады (Нұсқаулықтың 20-т.). Электронды қылмыстық істі ретімен өткізу аталған қылмыстық істі өткізуші органды барлық өзгерту мүмкіндіктерінен айырады (Нұсқаулықтың 23-т.)

Қадағалаушы прокурор электронды қылмыстық іс материалдарын көре алады, ол БСДТТ АЖ арқылы іс бойынша қабылданған шешімдерді көреді, қылмыстық процессті жүргізуші органдардың процесстік шешімдерді қабылдау және келісім алу заңдылығын тексереді, сондай-ақ электронды қылмыстық істің сотқа дұрыс өткізілуін қадағалайды (Нұсқаулық 27-29-т.).

Жоғарыда айтылған мәселелермен Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша электронды қылмыстық істі жүргізуді нормативтік реттеулер аяқталады, дегенмен де электронды қылмыстық істер тергеледі және соттарда қаралады. Ал, көрші елдердің тәжірибесін алуға келер болсақ, электронды қылмыстық істі жүргізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына жүргізілген талдау көрсеткендей, мұнда процесстік мәселелер толыққанды қамтылмаған. Осылайша, мысалы, заң шығарушы төтенше немесе күтілмеген жағдай туындағанда электрондыдан қағаз форматқа ауысуды қарастырады, кейінгі қалдыруға болмайтыннан басқа жағдайларда қылмыстық істің электронды форматының асығыс бас тартпас үшін 24 сағаттық мерзім береді (Нұсқаулықтың 22-бабы). Аталған норма кез-келген техникалық ақау жағдайында тергеу немесе процесстік әрекеттер жүргізу қажет болса, қылмыстық істі жүргізу толықтай қағаз форматқа ауысатынын білдіреді, оны өзгерту мүмкіндігін заң қарастырмаған.

ҚР ҚПК және Нұсқаулықта қылмыстық істің электронды форматын таңдау туралы шешім қабылдағаннан кейін, қалайша оған қорғаушы немесе қылмыстық істің басқа да қатысушылары өткізген, қағаз форматта рәсімделген материалдар мен құжаттардың қосылатынын тікелей көрсетілмеген. Іс бойынша қатысушылардың тергеушіге өткізетін электронды құжаттарына, нақтырақ айтқанда құжат көлеміне, сканерлеу сапасы, міндетті дәйектемелерге қойылатын талаптар қандай. Электронды қылмыстық істі жүргізуші тұлға электронды құжат жүргізу мүмкіндігі жоқ жағдайларда тергеу амалдарын электронды емес форматта жүргізе ала ма (оқиға орнын қайта қарау, тұрғылықты жерінде куәгерден жауап алу және т.б.); электронды құжаттарды толтыру мүмкіндігі жоқ кезде толықтай қағаз форматқа өтпестен, процесстік құжаттарды қағаз форматта толтыру арқылы электронды қылмыстық іс бойынша тергеу немесе басқа да іс-қимылдар жүргізуге бола ма.

Барлық қылмыстық іс материалдарды электронды форматта болса және оларды басып шығару мүмкіндігі болмаған жағдайда, БСДТТ АЖ жүйесі істен шықса немесе күтпеген жағдайлар орын алып, ұзаққа созылса (24 сағаттан аса) алдын ала тергеу, тұлғаларды қамауда ұстау және тергеу мен процесстік іс-қимылдарды жүргізу мерзімдерін сақтау мәселесі де жауабын таппай отыр.

Қылмыстық істерді электронды форматта сақтау мәселесі де өте маңызды. Электронды ақпарат тасымалдаушыларды жетілдірудің кемшіл тұстары да бар. Бүгін біз 20 жыл бұрын электронды форматта жазылған ақпаратты дискета оқитын компьютерсіз оқи алмаймыз, қолданыстан шыққан мәтіндік редакторда жазылған мәтінді оқитын да бағдарламалық жабдықтама болуы керек. «Ұзақ уақытқа жарайтын ақпарат тасымалдаушылардан тұрақсыз дүние жоқ. Біз бес ғасыр бұрын жазылған мәтінді оқи аламыз. Бірақ Бірнеше ондаған жыл бұрынғы бейнкассета немесе CD ROM ақпаратын көре алмауымыз мүмкін, егер жертөлемізде ескі компьютерлер болмаса» [Карьер, Ж.-К., Эко, У, 2010, 26 б.].

Біздің елімізде қазіргі уақытта сот ісін жүргізу барысында жекелеген процесстік құжаттарды электронды форматта жасауға болады. Сонымен бірге электронды құжаттарға, құжаттардың электронды образына қойылатын талаптар, оларды өткізу тәртіптері анықталған. Оған қоса, «Сот билігі органдарының қызметіндегі электронды құжаттарды қолдану тұрғысынан Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Заңның 12-бабы 4-тармағына сәйкес, Соттарға құжаттарды электронды түрде өткізу қағидалары техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда қолданылады делінген.

Электронды процесстік құжаттар дайындау тәжірибесін қылмыстық сот ісін, оның ішінде сотқа дейінгі тергеуде қолдану қылмыстық-процесстік заңнаманы айтарлықтай толықтыру мен қайта өңдеуді талап етеді. Сонымен бірге электронды дәлелдердің пайда болуы, оларды алу, процесстік рәсімдеу мен сақтау қылмыстық істі жүргізу кезінде қағаз және электронды құжат айналымын біріктірудің ұтымды моделін іздестіру қажет екенін көрсетіп отыр. Бұл жағдайда электронды сандық қолтаңбасы бар тұлға тергеушіге тез электронды құжатты дайындап және жіберіп, сондай-ақ тергеушіден электронды құжатты ала

алады, бұл тараптардың уақыты мен ресурстарын едәуір үнемдейді. Мұндай мүмкіндігі жоқ тұлғалар қылмыстық іс жүргізудің дәстүрлі процедурасын пайдалана алады. Отандық заңнаманы жетілдіру кезінде шет елдердегі электронды қылмыстық істерді жүргізудегі заң шығарушы және құқықтық қолдану тәжірибесін ескерген дұрыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдулвалиев, А.Ф. Предпосылки и перспективы внедрения электронной формы уголовного дела в деятельность судебных органов / А.Ф. Абдулвалиев // Юридические исследования. — 2013. — №5. — С. 150—164.

2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.) [Электронный ресурс] // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. — URL: http:// adilet.zan.kz/rus (дата обращения: 24.10.2018).

3. О внесении изменении и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам модернизации процессуальных основ правоохранительной деятельности: Закон Республики Казахстан от 21 декабря 2017 г. №118-VI ЗРК [Электронный ресурс] // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. — URL: http://adilet.zan.kz/rus (дата обращения: 24.10.2018).

4. Нұрмашев Ү. Қылмыстық процестегі дәлелдеу негіздері. Оқу құралы. Алматы: «БеРо» баспа үйі, 2011.-144 б.

5. Об утверждении Инструкции о ведении уголовного судопроизводства в электронном формате: Приказ Генерального прокурора Республики Казахстан от 3 января 2018 г. № 2. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 23 января 2018 г. № 16268 [Электронный ресурс] //Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. — URL: http:// adilet.zan.kz/rus (дата обращения: 24.10.2018).

6. Карьер Ж.-К., Эко, У. Не надейтесь избавиться от книг! / Интервью Ж.-Ф. де Тоннака; пер. с фр. и примеч. О. Акимовой. — СПб: Симпозиум, 2010. — 336 с.

ӘОЖ 343

АПАХАЕВ НУРЛАН ЖИЛКАЙДАРОВИЧ,
Заң ғылымының кандидаты, профессор,
құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

ҚАЛАҒАНОВ БАҚЫТБЕК,
Заң ғылымының кандидаты, профессор,
құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК КЕЛІСІМ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Бүгінгі күні заң шығарушының қылмыстық іс жүргізу заңына іс жүргізушілік келісімді қолдану арқылы үлкен мақсатты көздейді, ол қылмыстық істі жедел қарау арқылы өмір талаптарына сәйкес келетін тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ететін қылмыстық сот өндірісін оптимизациялау болып табылады. Бұл іс жүргізушілік келісімнің жалпы мақсаты деп атауға болады. Іс жүргізушілік келісім институтының мақсаттарының, негіздері мен шарттары және мерзімдерінің заң жүзінде нақты анықталуы оның құқықтық реттеу механизмінің міндетті элементі бола тұра, теория мен тәжірибеде бұл институтты дұрыс қолданудың және қылмыстық сот өндірісіне тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының кепілі болып табылады. Барлық факторларды ескере отырып, іс жүргізушілік келісімді заңға сай қолдану қылмыстық процесте болуы мүмкін жағымсыз факторларды және одан жаңа институттардың қалыптасуымен байланысты жаңа мәселелердің пайда болуын жоққа шығарады. Мақалада қылмыстық сот өндірісіндегі іс жүргізушілік келісім жасаудың мақсаттары және негіздері туралы жазылған.

Түйінді сөздер: қылмыстық сот өндірісі, іс жүргізушілік келісім, қылмыстық құдалау, жеделдетілген тергеп-тексеру.

Резюме. На сегодняшний день у законодателя есть более высокая цель - включить процессуальное соглашение в уголовно-процессуальный закон, который должен оптимизировать процесс уголовного правосудия, который предусматривает права человека, отвечающего требованиям жизни, посредством ускоренного уголовного процесса. это общая цель процессуального соглашения. Юридически четкое определение целей, оснований, условий и сроков института процессуального соглашения, являясь обязательным элементом механизма его правового регулирования, является гарантией правильного применения этого института в теории и практике и соблюдения прав и свобод граждан, привлеченных к уголовному судопроизводству. С учетом всех факторов правомерное применение процессуального соглашения исключает возможные негативные факторы в уголовном процессе и появление новых проблем, связанных с формированием из него новых институтов. В статье раскрываются цели и основания заключения процессуального соглашения в уголовном процессе.

Ключевые слова: уголовное судопроизводство, процессуальное соглашение, уголовное преследование, ускоренное расследование.

Summary. Crime crime is one of the urgent problems of any country. The article is devoted to the criminal liability of juvenile offenders. Today, the legislator has a higher goal - to include a procedural agreement in the criminal procedure law, which should optimize the criminal justice process, which provides for the rights of a person who meets the requirements of life through an accelerated criminal process. this is the general objective of the procedural agreement. The article reveals the goals and grounds for concluding a procedural agreement in criminal proceedings.

Keywords: criminal proceedings, procedural agreement, criminal prosecution, accelerated investigation.

Процессуалдық келісім-бұл тек күдіктінің (айыпталушының), сотталушының, сотталушының және прокурордың арасындағы құқықтық қатынастар. Процессуалдық келісім-бұл тек күдіктінің (айыпталушының), сотталушының, сотталушының және прокурордың арасындағы құқықтық қатынастар. Іс жүргізушілік келісімнің мақсаттары қылмыстық іс жүргізу заңында тікелей көрсетілмегендіктен оны реттейтін нормалардың мазмұны мен оны енгізуге түрткі болған себептер бұл институттың мақсаттарын анықтайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы (процесс) ғылымы азаматтық істерді қарастыру мен әділсот органы ретінде сотқа жүктелген міндеттерді орындау кезіндегі соттардың іс-әрекеттеріндегі қоғамдық қарым-қатынастарды зерттейді. Ол іс жүргізу нормаларын тәжірибеде қолданумен

байланыстыра зерттейді және азаматтық-құқықтық даулардың туу себептерін талдайды және соттардағы істердің сот тәжірибелерін жинақтап қорытындылайды [Нұрмашев Ұ., Нұрмашева Ф., 2009, 9 б.].

Процессуалдық келісім институтының максималды дамуы АҚШ тәжірибесінде кең етек алып, онда ол «кінәні мойындау туралы мәміле» (plea bargaining) деген атауда қолданылып АҚШ-тың Жоғарғы соты бұл институттың қылмыстық сот төрелігі жүйесінің мақсатқа лайықты және мәнді құрамдас бөлігі болып табылады деп таныды [http://www.samoupravlenie.ru/46-12.php]. Сонымен бірге, «сот төрелігімен мәміленің» пайда болуының басты себебі мен негізгі мақсаты «жылдамдылық, бағасы, еріктің автономиясы, нақтылығы мен анықталғандығы» секілді маңызды процессуалдық құндылықтарға назар аудару болып табылады. Қазақстан Республикасында ауыр емес қылмыстарды алдын-ала тергеу мен анықтауды жеңілдету мен тездету мақсатында, ҚР ҚПК жеңілдетілген сотқа дейінгі өндіріс процедурасы енгізіліп, қазіргі кезде ол кодекстің 24 тарауында көрініс тапты. ҚР ҚПК 1. Хаттамалық нысандағы істерді қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жеделдетілген тәртіппен аяқталуы мүмкін. 2. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша, егер жиналған дәлелдемелермен қылмыс фактісі мен оны жасаған адам, оның өз кінәсін толық мойындағаны, келтірілген залал (зиян) мөлшерімен (сомасымен) келіскені анықталса, бұл жөнінде күдіктіні хабардар ете отырып және оған бұл шешімнің құқықтық салдарын түсіндіре отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231/info].

Осы институтты іске асырудың басты проблемасы қылмыстық қудалау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктіге (айыпталушыға) прокурорға өтінішхат мәлімдеу не оған процестік келісім жасасу туралы өз келісімін білдіру құқығын түсіндірмейді.

Мәселен, Васяев А.А. пікірі бойынша келісімнің негізгі мақсаты – қылмысқа қатысушыларды қылмыстық қудалау мен әшкерлеу болып табылады. Сонымен бірге, тергеуші келісімнің дәрежесі мен сипаттамасын өзі анықтау тиіс, яғни әшкерленген қылмысқа қатысушылардың саны, әшкерлеудің сипаты, әшкерлеу эпизодтарының саны және т.б. [Васяев А.А., 2013, 66 б.]. Бұл жағдайда күдікті (айыпталушы) өз бастамасынан айырылады. Бұндай факт сотқа дейінгі келісім жасауға ниет білдірген тұлға жағынан қылмысқа қатысушыларға қатысты жала-жабу мен арандатушылық әрекеттерге алып келуі мүмкін. Мысалға, күдікті (айыпталушы) өзінің кінәсін азайтып қылмысқа қатысушылардың кінәсін жоғарлатып көрсетуі ықтимал. Дегенменде, күдікті, айыпталушының айғақтарын бір жақты айыпталушылық мақсатта қолданбай, тергеумен сотқа дейінгі келісімді тараптардың арасындағы келісім ретінде түсінсек, қорғану тарабы айыптау тарабымен берілетін кепілдіктерді келісімнің мазмұнында барлық мәнді шарттарды нақты және бұлжытпай көрсетіп жазу қажет. Головизнин М.В. болса сотқа дейінгі келісім институтын енгізуді қылмыстылықтың, әсіресе ұйымдасқан түрінің күшеюін төмендету және тоқтату қажеттілігінің болуымен және қылмыстардың ашылуын арттыру, әсіресе, ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу, құқыққа қайшы әрекет жасаған тұлғалардың қылмыс жасағаннан кейінгі жағымды мінез-құлқына ынталандыру, сонымен қатар, қылмыс жасаған кінәлі тұлғаларға әділ жаза тағайындау мен жасалған қылмыстың мән-жайларын жан-жақты зерттеуге қажетті материалдық, еңбек және уақытты қысқарту жолымен экономикалық нәтижеге алып келетін сот тергеуі процедурасын жеңілдету арқылы жалпы юрисдикциядағы соттарда қылмыстық істерді қарауды бұрынғыға қарағанда жеделдетумен түсіндіреді [Головизнин М.В., 2012, 17 б.].

Қылмыстық процессуалдық кодексте орын алған процестік келісім институтын енгізу келесідей нәтижелер берді:

1) сот, прокурор, жедел іздестіру қызметкерлерінің, тергеушілердің жүктемесіне жағымды көрініс табатын, қылмыстық істерді тергеудің жеделдігін арттырды;

2) ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуға бағытталуы мүмкін алдын-ала тергеу органдарының күштері мен құралдарын үнемдетті;

3) «сот төрелігімен мәміле» баламалы жаза түрлерін (бас бостандығын шектеу, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстарымен айыппұл), сонымен қатар шартты түрде соттауды қолдану жолымен бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалардың санының азайуына әсер етті;

4) қылмыстық іс жүргізу кодексінде қылмыстық қауымдастық, ұйымдасқан қылмыстылық және т.б. қауіпты нысандарды анықтауға мүмкіндік беретін жаңа инструмент пайда болды.

Сонымен қатар, процестік келісім институты біріншіден, бұл сотқа айыпталушының айғақтарына негізделген және іс материалдарының барлығын зерттемей үкім шығаруға мүмкіндік береді. Яғни, мәміле сот талқылауын жеделдетуге ықпал етіп, қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру сәтін тездетіп, судьялардың жүктемесін азайтады. Айыптау үкімін шығару ықтималдығын 100 пайызға әкеледі.

Екіншіден, құқық қорғау органдарына басқа да қылмыстармен айналысуға және жасалған әрекетке қатысы бар тұлғаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, мәміленің сотталғандарға, прокурормен қандай да болсын шектеулер орнатылған шартты түрде жазаланғандарды қоса алғанда, алдын-алушылық ықпалы болады, себебі көрсетілген шектеулер бұзылған жағдайда сот-

талған тұлға сот алдында мәміленің күшін жоюға өтінім білдіру құқығы бар. Жоғарыда көрсетілген мысалда заң шығарушының, ғалымдардың және тәжірибе қызметкерлерімен іс жүргізушілік келісімнің мақсатының мәніне қатысты екіұштылығы, оны заңды қолданудың негізі ретінде, мақсатты нақты анықтау, іс жүргізушілік келісімді жүргізудің негізі мен тәртібін толық реттеудің қажетті элементі болып табылатыны туралы тұжырымды дәлелдейді.

Бүгінгі күні заң шығарушының қылмыстық іс жүргізу заңына іс жүргізушілік келісімді енгізу арқылы үлкен мақсатты көздейді, ол қылмыстық істі жедел қарау арқылы өмір талаптарына сәйкес келетін тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ететін қылмыстық сот өндірісін оптимизациялау болып табылады. Бұл іс жүргізушілік келісімнің жалпы мақсаты деп атауға болады.

Әрине, іс жүргізушілік келісімді қолдану тәжірибесі келісімге тән өзге де мақсаттарды анықтауға мүмкіндік береді, дегенмен де олардың бәрі аталған институтты қолдануды реттейтін нормаларда көрініс табуы тиіс.

Жоғарыда аталған жағдайларда негіздер ретінде қабылданатын шешімнің заңдылығын, орынды екендігін көрсететін жеткілікті мәліметтердің болуы түсіндіріледі; жеткілікті мәліметтерге мән-жайлардың көлемі, сондай-ақ, олар туралы білімдердің тереңдігі кіреді (растылығы немесе ықтималдылығы). Негіздер фактілік негіздер (мысалға, қылмыстық істі қозғау негізі) және заңи негіздер ретінде қарастырылатын тиісті процессуалдық шешімдер деп жіктелуі мүмкін (оларды себептер деп те атайды), сонымен бірге, процессуалдық шешімдерге қойылатын талаптардың бірі арнайы рұқсаттың (санкцияның) болуы мүмкін.

Іс жүргізушілік келісімді реттейтін кодекс жобасының нормаларында оны жасаудың негіздері мен шарттары бір-бірінен ажыратылмаған. Бұндай жағдай Ресей Федерациясының қылмыстық іс жүргізу кодексінде сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді реттейтін нормаларда да байқалады. Осы себептен Топчиева Т.В. сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім мен РФ ҚПК 40.1. Тараумен көзделген тәртіпте сот отырысын жүргізудің негіздерін былайша анықтайды: сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасаудың негізі болып күдікті мен айыпталушының өтініші мен тергеушінің қаулысы процессуалдық актілер нысанында көрініс тапқан айыптау мен қорғау тарабының ерік білдіруі табылады. Ал РФ ҚПК 40.1. Тараумен көзделген тәртіпте сот отырысын жүргізудің негіздері болып сотқа қылмыстық іспен келіп түскен прокурордың сот отырысын ерекше тәртіпте жүргізу туралы ұсынысын атайды [Топчиева Т.В., 2013, 14 б.].

Өз кезегінде Головизнин М.В. сот талқылауының ерекше тәртібін қолданудың негізі ретінде: РФ ҚІЖК көзделген тәртіпте тағылған айыпты, сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді, сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасалған айыпталушыға қатысты қылмыстық іс бойынша сот шешімін шығару мен сот талқылауын өткізудің ерекше тәртібі туралы прокурордың ұсынысын анықтайды [Головизнин М.В., 2012, 7 б.].

Костенко Н.С. сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімнің негіздерін талдай келе, сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасау туралы шешімді оған қажетті негіздер мен себептер болған жағдайда мүмкін дейді. Сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасаудың фактілік негізі болып күдікті (айыпталушының) тергеуге белсенді көмектесуі қылмысты ашу мен тергеуге, қылмыстық іс бойынша барлық мән-жайларды анықтауға, өзге де қылмысқа қатысушыларды анықтау мен жауаптылыққа тартуға, ұрланған мүлікті табуға мүмкіндік беретін жеткілікті деректердің болуы табылады. Заңи негізі ретінде сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасау туралы күдікті, айыпталушының өтінішін Ресейдің қылмыстық іс жүргізу кодексімен құзырет берілген органдардың жағымды шешімін атайды. Сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасаудың себебі ретінде заңмен бекітілген тәртіп бойынша тергеушімен қаңағаттандырылған прокурордың атына келіп түскен күдікті айыпталушының жазбаша өтінішінің берілуі болып табылады – дейді [Костенко Н.С., 2013, 12 б.].

Жоғарыда келтірілген авторлардың негіздерге қатысты түрлі пікір ұстанатының байқауға болады.

Демек, отандық қылмыстық сот өндірісінде жоғарыда көрсетілген жіктеуге сәйкес іс жүргізушілік келісім жасау туралы шешім қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ, сот төрелігі институтының өзге де нысандарын талдай келе, оны жүргізудің екі түрлі негіздері бар екендігін айтуға болады: бірінші, фактілік негіздер – оларға тараптардың ерік білдіруі мен келісімін жатқызамыз. Бұл жағдайда тараптар іштей түрткі болған және өзіндеріне қажетті тиімді мақсаттарға қол жеткізу үшін келісім жасауға ерік пен келісімін білдіреді. Осыған байланысты келісім жасауға ерік пен келісім білдірудің қалыптасуына 2 түрлі факторлар әсер етуі мүмкін: бірінші – объективті факторлар, бұл факторлар келісім жасауға ниет білдірген адаммен байланысты емес, бірақ келісім мен ерік білдіруге әсер ететін мән-жайларды атаймыз, мысалға, құқыққа қайшы әрекеттің іс жүргізушілік келісім жасауға мүмкіндік беретін қылмыс санаты қатарында болуы, айыптау тарабының келісімге ерік білдіруі тергеу қажеттілігімен байланысты күштерді, уақытты үнемдеу немесе басқа қылмыстарды ашу мен тергеу қажеттілігін айтуға болады; екінші - субъективті факторлар, келісім жасауға ниет білдірген адаммен байланысты мән-жайлар, мысалға, іс жүргізушілік келісім жасау арқылы тұлға жеңілдірек жаза алуды немесе

қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейді. Іс жүргізуші тұлға күдікті, айыпталушыға келісім жасау құқығын түсіндіре отырып, оны жасауға көндіреді.

Сонымен бірге, процестік келісім жасауға ерік пен келісім білдірудің қалыптасуының бірқатар кезеңдерін атауға болады, біздің ойымызша оларды үшке бөлуге болады:

1) процестік келісім жасау мүмкіндігі туралы ұсыныс алу;

2) бұл ақпаратты ойластыру, келісім жасаудың жағымды және жағымсыз жақтарын бағалау;

3) мәміле жасауға ниет білдіріп келісімін беру.

Күдікті, айыпталушының, сотталушының іс жүргізушілік келісім жасау туралы өтініші осы ерік білдірудің рәсімделуі болып табылады. Осы сұраққа қатысты біз жоғарыда көрсетілген сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім жасаудың негізі ретінде айыптау мен қорғау тарабының ерік білдіруі табылады деген Т.В. Топчиеваның пікірімен ортақтаспыз.

Екінші, заңи негіздер – бұл жағдайда іс жүргізушілік келісім процессуалдық акт ретінде өзі негіз болып табылады. Себебі келісімнің мазмұнында оның пәні, орындау шарттары мен алған міндеттемелері көрсетілуі тиіс, оларды орындау іс жүргізушілік келісімнің жүзеге асқаның көрсетеді.

Кінәні мойындау туралы мәміле бойынша өтінішті қарау тәртібін реттейтін нормаларды қарастыра отырып, біздің ойымызша, бұл жағдайда «қылмыстық процесті жүргізетін орган..., үш тәулік ішінде келіп түскен өтінішпен қылмыстық іс материалдарын іс жүргізушілік келісім жасау туралы шешім қабылдау үшін прокурорға жібереді» деген редакцияда ұсынылған тұжырымдамамен шектелуге болмайды деп санаймыз. Себебі қылмыстық істі жүргізетін тергеуші, анықтаушы істің мән-жайлары мен жиналған дәлелдемелерді жақсы біліп, күдікті немесе айыпталушының тұлғасын зерттеп алған, күдікті немесе айыпталушы да әрі қарай қылмысты толық ашуға және кінәсін дәлелдеуге пайдалануы мүмкін ақпарат пен қандай дәлелдемелердің оларда болуы мүмкін екендігі туралы белгілі бір пікірі қалыптасқан.

Осыған байланысты күдікті, айыпталушының айыптау тарабымен жасалатын келісімге өтініш беру процедурасы өзгеше болуы және де ол заңда көрініс табуы тиіс. Ең бірінші, өндірісіндегі қылмыстық ісі бар тергеуші күдікті, айыпталушыға қылмыстық және ерекше тәртіпте сот шешімін қабылдау тәртібі туралы қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің нормаларының ережелерін, келісім жасау кезіндегі және жасап болғаннан кейінгі тұлғаның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру қажет.

Қорытындылай келе, іс жүргізушілік келісім институтының мақсаттарының, негіздері мен шарттары және мерзімдерінің заң жүзінде нақты анықталуы оның құқықтық реттеу механизмінің міндетті элементі бола тұра, теория мен тәжірибеде бұл институтты дұрыс қолданудың және қылмыстық сот өндірісіне тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының кепілі болып табылады. Барлық факторларды ескере отырып, іс жүргізушілік келісімді заңға сай қолдану қылмыстық процесте болуы мүмкін жағымсыз факторларды және одан жаңа институттардың қалыптасуымен байланысты жаңа мәселелердің пайда болуын жоққа шығарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нұрмашев Ү., Нұрмашев Ф. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы.-Алматы: Жеті жарғы, 2009.-400 бет.

2. Саркисянц Р.Р. Досудебное соглашение о сотрудничестве - зарубежный опыт // http://www.samoupravlenie.ru/46-12.php.

3. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/ docs/K1400000231/info

4. Васяев А.А. Сделка с правосудием или сделка с обвинением? // Юрист. Материалы научно практической конф. – Москва, 2013. –С.-64-69.

5. Головизнин М.В. Особый порядок принятия судебного решения при заключении досудебного соглашения о сотрудничестве: автореф. ... канд. юрид. наук. - М., 2012. – 24 с.


6. Топчиева Т.В. Досудебное соглашение о сотрудничестве в российском уголовном процессе: автореф. ... канд. юрид. наук. - СПб, 2013. – 22 с.

7. Костенко Н.С. Досудебное соглашение о сотрудничестве в уголовном процессе: правовые и организационные вопросы заключения и реализации: автореф. ... канд. юрид. наук. - Челябинск, 2013. – 29 с.

УДК 343.13



ГАЛЫМ ФАИЗ ГАЛЫМОВИЧ,
доцент кафедры, кандидат юридических наук,
Казахско-Русский международный университет,
г. Актобе,
E-mail: galym-faiz@mail.ru



МИНАЙДАРОВ САГИНТАЙ МУХИТОВИЧ,
старший преподаватель, майор полиции,
кафедра Уголовного права, уголовного процесса и криминалистики,
Актюбинский юридический институт МВД РК им. М. Букенбаева,
г. Актобе,
E-mail: minaydarov79@mail.ru

О РОЛИ ЛИЦ, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИХ ДОСУДЕБНОЕ РАССЛЕДОВАНИЕ В ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ

Түйіндеме: Ғылыми мақалада сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға себептер мен жағдайларды анықтаудағы және құқық бұзушылықтың алдын алудағы рөлі зерттелген. Қылмыстың жай-күйіне жағымды әсер етуі мүмкін, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау үшін алғышарттарды жоюға болатын іс-шаралардың тиімді кешенін жасауға ерекше назар аударылады. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына қылмыстың алдын алу бөлігінде толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: қылмыс, алдын алу, полиция, сотқа дейінгі тергеу, презентация.

Резюме: В научной статье рассмотрена роль лиц, осуществляющих досудебное расследование в установлении причин и условий, способствующих совершению уголовных правонарушений и в профилактике преступности. Особое внимание уделяется вопросам выработки эффективного комплекса мероприятий, способных оказать положительное влияние на состояние преступности, а также устранению предпосылок к совершению уголовных правонарушений. Даны предложения по внесению дополнений в уголовно-процессуальное законодательство Республики Казахстан в части профилактики преступности.

Ключевые слова: преступность, профилактика, полиция, досудебное расследование, представление.

Summary: The scientific article examines the role of persons carrying out pre-trial investigation in establishing the causes and conditions conducive to the commission of criminal offenses and in crime prevention. Particular attention is paid to the development of an effective set of measures that can have a positive impact on the state of crime, as well as the elimination of preconditions for the commission of criminal offenses. Proposals are given on making additions to the criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan in terms of crime prevention.

Key words: crime, prevention, police, pre-trial investigation, presentation.

Преступность, как негативное социальное и уголовно-правовое явление, представляет угрозу и обществу, и государству. Преступность бросает вызов закону, общественному порядку и общепринятым нормам морали. Вместе с тем, несмотря на имеющиеся в стране прочные институты правосудия и законности, действенные правоохранительную и пенитенциарную системы, уголовные правонарушения продолжают оставаться злободневной проблемой казахстанского общества, причиняя существенный вред конституционным правам человека и гражданина, общественному порядку и общественной безопасности, экономике и социальному благополучию страны, а также национальной безопасности в целом.

Общеизвестно, что преступность, как и тяжелую болезнь легче предупредить, нежели пытаться с ней бороться. Кроме того, обществу и государству намного важнее и ценнее факт недопущения уголовных правонарушений, а потом уже, насколько успешно они раскрываются и расследуются. А, значит, профилактике уголовных правонарушений в органах внутренних дел отведено особое место.

В этой связи для начала определим, что органы внутренних дел Республики Казахстан являются правоохранительным органом, предназ-

наченным для защиты жизни, здоровья, прав и свобод человека и гражданина, интересов общества и государства от противоправных посягательств, охраны общественного порядка и обеспечения общественной безопасности. Следует подчеркнуть, что к задачам органов внутренних дел, в числе прочих, относится, как раз таки, профилактика правонарушений, при этом, в пределах возложенных задач органы внутренних дел осуществляют комплекс мер, направленный на выявление, изучение, устранение причин и условий, способствующих совершению правонарушений.[1] В свою очередь, профилактика правонарушений – это комплекс правовых, экономических, социальных и организационных мер, осуществляемых государственными органами, органами местного самоуправления, организациями и гражданами Республики Казахстан, направленных на сохранение и укрепление правопорядка путем выявления, изучения, устранения причин и условий, способствующих совершению правонарушений.[2]

В юридической литературе [Алауханов Е.О., 2008, с. 429] под предупреждением преступности понимается стройная многоуровневая система мер государственного и общественного характера, направленных на устранение причин и условий преступности либо их нейтрализацию (ослабление, ограничение) и тем самым способствующих сокращению преступности. Предупреждение уголовных правонарушений предполагает:

- осуществление глубоко продуманных и взаимно связанных мероприятий;

- взаимодействие государственных и общественных мер;

- проведение мер экономического, воспитательного и культурного характера в сочетании в необходимых случаях с мерами принуждения, играющими вспомогательную роль;

- ликвидацию причин и условий, способствующих совершению правонарушений или преступлений;

- своевременное реагирование общественности на те или иные проступки людей, их аморальное поведение с целью не допустить более глубоких конфликтов с обществом, ведущих к нарушениям закона и правопорядка.

Вместе с тем, к компетенции органов внутренних дел по предупреждению преступности относится:[3]

- участие в правовом воспитании граждан, изучение общественного мнения о состоянии правопорядка и мерах по повышению эффективности деятельности органов внутренних дел по профилактике правонарушений;

- осуществление мер по профилактике правонарушений;

- ведение профилактического учета и осуществление профилактического контроля;

- взаимодействие с гражданами и организациями, участвующими в охране общественного порядка и профилактике правонарушений;

- осуществление взаимодействия с субъектами охранной деятельности;

- информирование иных правоохранительных органов о ставших им известными фактах готовящихся или совершенных правонарушений, отнесенных к компетенции этих органов;

- осуществление уголовного преследования, пробационного контроля, производства по делам об административных правонарушениях;

- организация специальных учебных курсов по вопросам профилактики правонарушений для сотрудников органов внутренних дел;

- проведение профилактических и оперативно-розыскных мероприятий в целях предупреждения совершения правонарушений осужденными, содержащимися в учреждениях уголовно-исполнительной системы и состоящими на учете служб пробации, а также лицами, содержащимися в следственных изоляторах уголовно-исполнительной системы;

- осуществление воспитательного воздействия на осужденных в соответствии с Уголовно-исполнительным кодексом Республики Казахстан;

- осуществление иных полномочий, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

Как известно, анализ причин и условий, способствующих совершению отдельных правонарушений невозможен без изучения самой преступности в целом, что позволяет располагать полной, достоверной и своевременной информацией о состоянии преступности в стране и в отдельно взятом регионе, ее структуре и динамике, знать общие причины и условия совершения преступных деяний. Именно изучение преступности выступает обязательной составляющей профилактической деятельности полиции, куда входит обобщение и анализ статистических данных о зарегистрированных в ЕРДР уголовных правонарушениях, сведений о лицах, их совершивших, об обстоятельствах и месте совершения уголовных правонарушений, и т.д. При этом, ос-

[1] Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014 года № 199-V «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.11.2020 г.) Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31538985 (дата обращения 10.10.2020 г.).

[2] Закон Республики Казахстан от 29 апреля 2010 года № 271-IV «О профилактике правонарушений» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.10.2020 г.) Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30657323 (дата обращения 10.10.2020 г.).

[3] Закон Республики Казахстан от 29 апреля 2010 года № 271-IV «О профилактике правонарушений» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.10.2020 г.) Режим доступа: URL: Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30657323 (дата обращения 30.11.2020 г.).

новная нагрузка, в части анализа причин и условий, способствующих совершению правонарушений, ложится на следственно-оперативные подразделения органов внутренних дел и местную полицейскую службу.

Одна из наиболее важных ролей в профилактике преступности отведена лицам, осуществляющим досудебное расследование, т.е. следователю, дознавателю, а также другим лицам, пользующимся их полномочиями,[1] которые в рамках досудебного производства устанавливают причины и условия, способствовавшие совершению конкретного уголовного правонарушения.

Так, в соответствии со статьей 113 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан по уголовному делу подлежат выявлению обстоятельства, способствовавшие совершению уголовного правонарушения, а в статье 200 УПК РК закреплено право вносить в соответствующие государственные органы, организации или лицам, исполняющим в них управленческие функции, представление о принятии мер по устранению указанных выше обстоятельств или других нарушений закона, подлежащее рассмотрению с обязательным уведомлением о принятых мерах в месячный срок.

В свою очередь начальник органа дознания, в соответствии со статьей 62 УПК РК, обеспечивает принятие мер по устранению обстоятельств, способствовавших совершению уголовных правонарушений.

Правовую основу осуществления подобной профилактической деятельности составляют и другие нормативные правовые акты Республики Казахстан, например, согласно статьи 26 Закона Республики Казахстан от 29 апреля 2010 года № 271-IV «О профилактике правонарушений» в случае выявления причин и условий, способствующих совершению правонарушений, государственные органы направляют представление об их устранении руководителю или должностному лицу соответствующей организации, при этом руководитель или должностное лицо соответствующей организации в месячный срок со дня получения представления обязаны предоставить в письменном виде информацию о результатах рассмотрения представления и принятых мерах в государственный орган.[2]

Кроме того, в соответствии со статьей 479 КРКоАП[3] предусмотрена административная ответственность за несообщение о принятых мерах, а также непринятие мер по устранению причин и условий, способствовавших совершению правонарушения. Так, несообщение руководителем организации и другими должностными лицами о принятых мерах, а равно непринятие мер по устранению причин и условий, способствующих совершению преступлений или административных правонарушений, по представлениям органов (должностных лиц), рассматривавших дело, влечет штраф в размере десяти месячных расчетных показателей. При этом, на основании статьи 684 КРКоАП решение по статье 479 КРКоАП принимают судьи специализированных районных и приравненных к ним административных судов. В административный материал по указанной выше статье входят следующие документы [Кызылов М.А., Татарян Е.Е., Татарян В.Г., 2017, с. 66-69]:

1) опись документов;

2) протокол об административном правонарушении статьи 479 КРКоАП;

3) рапорт сотрудника ОВД, возбудившего производство по делу об административном правонарушении, зарегистрированный в дежурной части ОВД;

4) копия представления о принятии мер по устранению причин и условий, способствующих совершению административных правонарушений в порядке статьи 200 УПК РК;

5) постановление о языке производства по делу об административном правонарушении;

6) объяснение правонарушителя с выяснением обстоятельств и причин неисполнения предписания;

7) уведомление (извещение) о времени и месте рассмотрения дела или совершения отдельных процессуальных действий;

8) иные документы, доказывающие вину правонарушителя.

Говоря о профилактике преступности нельзя не согласится, что роль и возможности следователей, дознавателей в профилактической деятельности, осуществляемой в рамках досудебного расследования по уголовному делу неоценимы. Именно они тщательно и кропотливо устанавливают событие и состав уголовного правонарушения, по крупицам добывают сведения о совершенном преступном деянии, изобличают виновных, принимают все исчерпывающие меры по возмещению причинённого ущерба, а значит, никто лучше следователя и дознавателя не сможет установить в рамках досудебного производства по конкретному уголовному делу достоверные причины и условия, способствовавшие совершению конкретного уголовного правонарушения. Тем более, что такая задача уголовного процесса, как защита лиц, общества и государства от уголовных правонарушений, так

[1] Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 16.11.2020 г.) Гл. 8. Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852 (дата обращения 30.11.2020 г.).

[2] Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30657323 (дата обращения 30.11.2020 г.).

[3] Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.11.2020 г.) Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399#pos=5;-106 (дата обращения 30.11.2020 г.).

скажем, обязывают не медлить в установлении, а также устранении причин и условий, способствовавших совершению уголовного правонарушения, чтобы исключить возможность совершения аналогичных правонарушений в будущем. При этом процессуальной формой профилактической деятельности следователя и дознавателя, как мы говорили выше, является представление, предусмотренное статьей 200 УПК РК.

В то же время, на различных юридических форумах в казахстанском сегменте сети Интернет все чаще можно встретить множество обсуждений, критикующих качество и эффективность составленных «ради галочки» представлений об устранении причин и условий, способствовавших совершению уголовного правонарушения,[1] где следователи и дознаватели шаблонно составляли перечень мер, необходимых для устранения указанных причин и условий, не вникая суть проблемы.

В этой связи имеются основания полагать, что в некоторых ситуациях сами следователи и дознаватели порой сомневаются в успешности и эффективности своей профилактической деятельности, либо в силу своей загруженности не желают придавать должного значения этому, что уже должно вызывать тревогу и беспокойство.

Считаем, что подобная ситуация сложилась ввиду несовершенства существующего механизма правового регулирования деятельности органов досудебного расследования по устранению причин и условий, способствовавших совершению уголовных правонарушений. Также, полагаем, что нормы действующего уголовно-процессуального законодательства, в части обеспечения профилактики преступности, нуждаются в дальнейшем совершенствовании.

К примеру, в уголовно-процессуальном кодексе отсутствует разъяснение такого понятия, как представление по устранению обстоятельств, способствовавших совершению уголовного правонарушения и других нарушений закона, не регламентирован механизм и порядок реализации права внесения подобного представления, кроме того не закреплены характер обязательности внесения представлений и меры ответственности за неисполнение представления, что негативно отражается на эффективности профилактической деятельности органов внутренних дел.

Следует отметить, что эффективность профилактики преступности в деятельности органа досудебного расследования зависит не только от профессионального мастерства в быстром и полном раскрытии, расследовании уголовных правонарушений, изобличении и привлечении к уголовной ответственности лиц, их совершивших, но и от профессионального мастерства в качественном и своевременном установлении всех обстоятельств, способствовавших совершению конкретного уголовного правонарушения, принятия незамедлительных мер по их устранению, а также обеспечению строгого контроля за исполнением каждого представления, вынесенного в порядке статьи 200 УПК РК.

Подводя итоги сказанному, предлагается внести изменения в некоторые нормы уголовно-процессуального законодательства, изложив статью 200 УПК РК «Представление по устранению обстоятельств, способствовавших совершению уголовного правонарушения и других нарушений закона» в следующей редакции:

«1.При производстве по уголовному делу лицо, осуществляющее досудебное расследование устанавливает причины, условия и другие обстоятельства, способствовавшие совершению уголовного правонарушения, и вносит в соответствующие государственные органы, организации, предприятия или лицам, исполняющим в них управленческие функции, представление о принятии мер по устранению этих обстоятельств или других нарушений закона. Копия представления в течение двадцати четырех часов направляется органу дознания для обеспечения профилактических мероприятий.

2.Представления подлежат рассмотрению с обязательным уведомлением о принятых мерах в месячный срок. В случае несообщения руководителем государственного органа, организации, предприятия или лицами, исполняющими в них управленческие функции, о принятых мерах, а равно непринятие мер по устранению причин и условий, способствующих совершению уголовного правонарушения, лицо, осуществляющее досудебное расследование обязано в течение десяти суток направить в уполномоченные органы (должностным лицам) материалы для решения вопроса о привлечении к административной или дисциплинарной ответственности».

С учетом данных изменений, соответственно возникает необходимость внесения некоторых поправок и в статью 479 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, изложив ее в следующей редакции:

«Несообщение руководителем государственного органа, организации, предприятия или лицами, исполняющими в них управленческие функции либо другими лицами о принятых мерах, а равно непринятие мер по устранению причин и условий, способствующих совершению уголовных или административных правонарушений, по представлениям органов (должностных лиц), рассматривавших дело, - влечет штраф в размере десяти месячных расчетных показателей».

Таким образом, уверены, что роль лиц, осуществляющих досудебное расследование неоценима в профилактической деятельности орга-

[1] Режим доступа: URL: https://forum.zakon.kz/topic/170121-представление-овд-о-принятии-мер-по-устранению-причин-и-условий-способствующих-совершению-нарушений/ (дата обращения 30.11.2020 г.).

нов внутренних дел, и в этой связи, предлагаемые авторами меры, позволят оказать положительное влияние на состояние преступности и устранение предпосылок к совершению уголовных правонарушений.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Алауханов Е.О. Криминология. Учебник. – Алматы, 2008. - 429 с.
2. Кызылов М.А., Татарян Е.Е., Татарян В.Г. Представление об устранении причин и условий, способствующих совершению административных правонарушений и преступлений ОВД Казахстана. // Вестник Московского университета МВД России, 2017. - № 5. – с. 66-69.

ӘОЖ 343.121.5(572)

ДҮЙСЕНБАЕВА ГҮЛЗИПА ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
PhD докторант,
Каспий қоғамдық университеті,
E-mail: sweet_303@mail.ru

ЖОЛЖАНОВА АЛМАТАЙ НУРТАЕВНА,
заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Алматы университеті,
E-mail: gan-1961@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ПАРАҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша парақорлық қылмыстарын саралау мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер. сыбайлас жемқорлық, парақорлық, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы квалификации преступлений во взяточничестве по уголовному законодательству Республики Казахстан.

Ключевые слова: коррупция, взяточничество, получение взятки, дача взятки, посредничество во взяточничестве.

Summary. The article deals with the issues of qualification of crimes of bribery under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: corruption, bribery, receiving a bribe, giving a bribe, mediation in bribery, money, civil servant.

Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы 31 қазанда қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында (Нью-Иорк) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласындағы қызметті сипаттайтын халықаралық тәсілдер (стандарттар) көрсетілген. Онда қамтылған нормалардың қабылдауына сыбайлас жемқорлық тудыратын проблемалар мен қауіптер, сыбайлас жемқорлықтың барлық қоғамдық және құқықтық институттар мен қатынастардың жұмыс істеуіне теріс ықпалы себеп болды. Олар мемлекеттің, оның саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелерінің тұрақты дамуын, ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған [Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 31 Заңы] http://adilet.zan.kz. (04.05.2008 жағдайымен).

Сот жүйесінде және барлық құқық қорғау органдарында парақорлықты жоюды тапсырды.

"Қазақстанның құқықтық жүйесін дамыту басым мәселе болып табылады. Соттар бүгінде атқарушы биліктен тәуелсіз-бұл сөзсіз. Бірақ судьялардың кәсібилігі мен жауапкершілігінің төмендігінен сот ісін жүргізу сапасы жақсылықты тілейді. Сот жүйесінде, барлық құқық қорғау органдарында парақорлықты жою. Бұл жерде де осындай тәсіл бар: егер ведомствода жемқорлар болса, онда басшы толық жауаптылықты қабылдайды" [Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Сот жүйесі мен барлық құқық қорғау органдарындағы парақорлықты жою кеңесі».НұрСұлтан. 17 сәуір 2020 жыл. ҚазАқпарат. Elbasy.kz].

Негізгі бөлім

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қандай қылмыстардың жататынын анықтаған кезде соттар ҚК-нің 3-бабының 29) тармағын басшылыққа алулары қажет. Яғни, 2014 жылы 03-шілдеде қабылданып, 2015 жылдың 01-қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының 3 бабының 29 тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстар – қылмыстық кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер болып табылады, жалпы он жеті қылмыстық құқық бұзушылық құрамнан тұрады.

Осы көрсетілген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ішінде парақорлық қылмыстары болып Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 366, 367,368 баптары табылады. Па-

рақорлық ең қауіпті сыбайлас жемқорлық қылмыс болып саналады. Өйткені, ондаған жылдар бойы пара алу және беру үшін жауапкершілік туралы қылмыстық Ережелерді қолдану ғылым мен тәжірибеде дау тудыруда [Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // http://adilet.zan.kz. (06.10.2020 жағдайымен)].

Пара алу дегеніміз - Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы.

Пара беру дегеніміз - Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру .

Парақорлыққа делдал болу - пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету.

Парақорлық туралы істерді қарағанкезде, адамның параны алып сол үшін пара берушінің мүддесіне орындауға немесе орындамауға жататын әрекеттердің шеңберін анықтау қажет. Осы ретте парақорлық үшін жауаптылық адамның параны әрекеттер немесе әрекетсіздік жасалғанға дейін немесе жасалғаннан кейін алған уақытына қарамастан, сондай-ақ параның алдын ала белгіленген-белгіленбегеніне, пара берушінің мүддесі үшін қандай да бір әрекеттердің орындалған-орындалмағанына қарамастан туындайтынын назарда ұстаған дұрыс.

Мемлекет басшысы Қасмы-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің 2020 жылдың тоғыз айындағы жұмысының негізгі көрсеткіштері туралы есепті тыңдау барысында, Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерге туыстарын жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Халықаралық стандарттар негізінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын кешенді және дәйекті жаңғыртуды жалғастырудың маңыздылығын атап өтті. Дүниежүзілік банктің соңғы деректеріне сәйкес, Қазақстан екі жылдан бері сыбайлас жемқорлықты бақылау саласында 19,7%-ға ілгерілеуді көрсетіп келеді. Соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстанның процентильдік дәрежесі 36-дан 43,8%-ға дейін көтерілді деп атап өтті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жемқорлар үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және мемлекеттік қызметшілер, депутаттар мен судьялар үшін шетелдік шоттарды иеленуге тыйым салу туралы тапсырмаларды сапалы іске асыру қажеттігіне назар аударды.Құндылықтарды, көрсетілетін қызметтерді, мүлікке құқықтарды немесе жеңілдіктерді алу шарты арнайы келісілмеген, сонымен қатар қылмысқа қатысушылар пара берушінің мүддесін қанағаттандыру үшін пара беріліп отырғанын түсінген жағдайларда кінәлі адамдардың әрекеттері параны беру немесе алу деп танылуға тиіс деп атап өтті [Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңесі». Нұр-Сұлтан. – 2020 жыл. www.akorda.kz].

Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа келетін болсақ, оны мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген басқа адамдар өздерінің қызметтік жағдайларын, мәртебесі мен лауазымының беделін қызмет мүдделеріне және қолданыстағы құқық пен мораль нормаларына қайшы пайдаланған кезде биліктің ыдырауынан тұратын әлеуметтік құбылыс ретінде анықтауға болады.жеке байыту немесе топтық мүдделер үшін деп есептейді [Е.О. Алауханов, 2008 ж, 105 б.].

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығына сәйкес, стратегия міндеттері болып: мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; қоғамдық бақылау институтын енгізу; квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Стратегияның мақсаты мен міндеттері "Қазақстан-2050" Стратегиясының__мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, "Нұр Отан" партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламасының ережелерін, сондай-ақ басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары мен пікірлерін ескереді [Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы. http://adilet.zan.kz (26.12.2014 жағдайымен).].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz (06.10.2020 жағдайымен)].

Пара-лауазымды тұлға қабылдайтын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда немесе бұл адам пара берушінің мүддесі үшін әрекет (немесе әрекетсіздік) немесе ол өзінің қызметтік жағдайына байланысты жасалуы керек еді.

Қызметі бойынша жалпы қамқоршылық, атап айтқанда, бағынышты адамды белгіленген тәртіпті бұзып неғұрлым жоғары лауазымға тағайындаудан, оны көтермелеу төлемдерін төлеуге не марапаттауға және т.б. ұсынылатын адамдардың тізіміне енгізуден байқалуы мүмкін.

Пара беруші жасаған бұзушылықтар және т.б. анықталған жағдайда бақылаушы органның лауазымды адамының өзінің құзыретіне кіретін жауаптылық шараларын қолданбауға келісуі қызметінде бетімен жіберуге жатады.

Ақша, бағалы қағаздар, материалдық құндылықтар, мүлікке құқық, сондай-ақ мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, соның ішінде мүліктік міндеттемелерден босату пара нысанасы болуы мүмкін.

Адамның сол үшін пара алып жасаған заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) (ҚК-нің 366-бабының екінші бөлігі) деп қызметтік өкілеттіктерін пайдаланып, алайда оларды орындау үшін заңмен көзделген негіздер мен жағдайлар болмаған жағдайда (қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді бұрмалау, құжаттарға шындыққа сай келмейтін мәліметтер енгізу және т.б.) жасаған әрекеттерін (әрекетсіздігін) түсінген жөн. Қылмыстық жауаптылыққа тартылып отырған адамның әрекетін ҚК-нің 366-бабының үшінші бөлігі, 367-бабының үшінші бөлігі және 368-бабының екінші бөлігі бойынша пара алған, берген, парақорлыққа делдал болған деп саралау үшін осы баптардың тармақтарында көзделген қылмысты саралаушы бір немесе бірнеше белгілерді анықтап, егер осы мән-жайлар олардың ниетімен қамтылса, оларды қылмыстың барлық сыбайлас қатысушыларына айып ретінде тағу қажет.

Сонымен қатар, қылмысқа сыбайлас қатысушылардың әрекеттерін саралаған кезде қылмысқа сыбайлас қатысушылардың біреуіне ғана қатысты және басқа сыбайлас қатысушылардың жеке басын сипаттамайтын мән-жайлар ескерілмеуге тиіс.

Қорқытып алу адамның пара берушінің немесе олардың атынан ол өкілдік етіп отырған тұлғалардың заңды мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттерді жасаймын деп қорқытып пара талап етуін не құқықпен қорғалатын мүдделер үшін зиянды салдарын болдырмау мақсатында оны пара беруге мәжбүр болатындай жағдайға қасақана қоюды білдіреді.

Егер параны берген адамда осы қатердің төнуінен іс жүзінде сақтануға негіз болса, параны алған адамның аталған қатерді жүзеге асыру мүмкіндігінің болған-болмағанына қарамастан, кінәлі адамның әрекеттері ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағы бойынша (қорқытып алу жолымен пара алу) сараланауға тиіс. Қылмыс субъектісінің келісімімен немесе нұсқауы бойынша қорқытып алуды пара алушы болып табылмайтын басқа адам жүзеге асырған жағдайда да пара алуды осы жолмен саралаған жөн.

Егер параны алуға осы қылмысты бірлесіп жасау туралы алдын ала сөз байласқан екі немесе одан да көп адам қатысса, пара адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен алынған деп есептеген жөн. Осы ретте, пара алушылардың ең болмағанда біреуі параны немесе оның бір бөлігін алған сәттен бастап және пара беруші параны алуға бірнеше адамның қатысып отырғанын білген-білмегеніне, сондай-ақ пара алушыда (пара алушыларда) берілген пара нысанасын пайдаланудың немесе оған иелік етудің шынайы мүмкіндігі болған-болмағанына қарамастан қылмыс аяқталды деп есептеледі.

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен пара алған кезде параның көлемі барлық сыбайлас қатысушылар алған құндылықтар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы құнымен айқындалады, ал заңсыз сатып алынған затты мемлекеттің кірісіне өндірген кезде әрбір пара алушы алған ақшалай соманы немесе мүліктік пайданың мөлшерін негізге алған жөн.

Егер айдап салушылар екі және одан да көп адамды пара алуға не беруге айдап салса, олардың әрекеттерін ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағы және 367-бабы үшінші бөлігінің

1) тармағы бойынша адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қылмыс жасауға айдап салу деп саралау қажет, өйткені осы қылмыстардың объективтік жағы адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен пара беруі не алуы үшін жауаптылықты көздейді [Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысы. http://adilet.zan.kz (27.11.2015 жағдайымен).].

Басқа адаммен алдын ала уағдаласпай пара алған, содан кейін пара берушінің мүддесі үшін соңғыға алған параның бір бөлігін берген адам пара алғаны және бергені үшін қылмыстар жиынтығы бойынша жауаптылыққа тартылады.

Пара алу субъектісі болып табылмайтын адаммен сөз байласып адамның пара алуға байланысты жасаған әрекеттері адамдар тобымен алдын ала сөз байласуымен пара алуы ретінде бағаланбайды. Параны бірнеше рет алу, беру немесе парақорлыққа делдал болу, егер осы ретте қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі өтпесе, сол бір қылмыстың кемінде екі рет және одан да көп жасалғанын білдіреді.

Бірнеше адамнан пара алуды, егер әр пара берушінің мүддесі үшін жеке әрекет жасалса, бірнеше рет пара алу деп саралаған жөн. Пара беруші үшін қалаған нәтиженің туындауын қамтамасыз ететін әрекеттер (әрекетсіздік) үшін пара бірнеше рет бөліп беру не алу, тап солай өзара алдын ала сөз байласу бойынша қылмыс жасаған пара алу субъектілерінің бір тобына пара беру не аталған мән-жайларда делдалдық ету бірнеше рет жасалған қылмыс ретінде қарастырылмайды. Мұндай әрекеттерді жалғаспалы қылмыс деп есептеген жөн.

Қылмыстық заңдағы бағалылық белгілерінің сипаттары (материалдық көзқарастағы анықтамадан): заңда немесе өзге де нормативтік-құқықтық актіде нақтыланбағандығы; құқық қолданушының (соттың уәкілеттігімен анықталатын) құқықтық сана-сезімімен анықталатындығы; бағалылық белгілерінің сипатының, оның тұтастығында емес, қасиетінде немесе қатынастылығында болуы; заңда немесе өзге де нормативтік-құқықтық актіде нақтыланбағандығы [М.О. Нукенов, С.З. Абдрахманов, 1999 ж, 87 б.].

Пара алу субъектісіне бірнеше пара берушіден пара беруге делдал болу немесе бірнеше пара алу субъектілерінің бір пара берушіден пара алуына делдал болуды, егер пара алушы пара берушілердің әрқайсысының мүддесі үшін жекелеген әрекетті орындаса (орындамаса) немесе пара алу субъектілерінің әрқайсысы пара берушінің мүддесі үшін белгілі бір әрекетті жасаса және делдал аталған мән-жайларды ұғынса, бірнеше рет парақорлыққа жасалған делдал ретінде қарастырылады.

Параның мөлшерін анықтаған кезде пара нысанасы қолданыстағы бағалар немесе тарифтер ескеріле отырып, қажет болған жағдайларда — сарапшының қорытындысының негізінде ақшалай тұрғыда бағалануға тиіс. Айтарлықтай, ірі және аса ірі мөлшердегі параны анықтаған кезде ҚК-нің 3-бабының 2), 3) және 38) тармақтарында берілген түсіндірмелерді басшылыққа алған жөн. Егер айтарлықтай, ірі немесе аса ірі мөлшердегі пара бөлек-бөлек алынған болса, бірақ осы әрекеттер бір жалғасқан қылмыстың көріністерін білдірсе, жасалған әрекет айтарлықтай, ірі және аса ірі мөлшерде пара алу ретінде сараланауға тиіс. Адамның орындалуы үшін пара берілген әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасаған-жасамағанына қарамастан және қылмыстық қудалау органдарына дайындалып жатқан қылмыс туралы белгілі болғанына қарамастан, параны алу пара нысанасы қабылданған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі. Осы ретте параның толық келісілген мөлшерде немесе оның бір бөлігі алынғаны маңызды емес.

Егер пара алушының еркіне байланысты емес мән-жайларға сәйкес пара алынбаса, ол жасаған әрекетті келісілген параны алуға оқталу деп саралаған жөн. Пара алушы ұсынылған параны алудан өз еркімен бас тартқан кезде ол жауаптылыққа тартылуға жатпайды, ал пара берушінің әрекеттерін пара беруге оқталу деп, ал делдалдың әрекетін — делдалдыққа оқталу деп саралаған жөн.

Адамға пара түрінде берілген ақша жалған немесе ішінара ұқсастырылған ақша белгілері болып шықса, пара алушының әрекеттерін келісілген пара сомасын алуға оқталу деп саралаған жөн. Егер пара нысанасы мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету болып табылса, мүліктік пайданы иеленуге тікелей бағытталған әрекеттер орындала бастаған сәттен (қарыз қолхаты жойылған немесе қайтарылған, мүлік немесе оған құқықтар пара алушының міндеттемелерін орындау есебіне жатқызылып басқа адамға берілген сәттен және т.б.) бастап қылмыс аяқталды деп есептеледі. Өздеріне лауазымы бойынша бағынысты адамдарға ҚК-нің 3-бабының 16), 19), 26), 27) және 28) тармақтарында көрсетілген адамға, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына пара беру жолымен қалаған әрекетке немесе әрекетсіздікке қол жеткізуді ұсынған мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары пара беруге айдап салушылар ретінде, ал егер пара беруді ұсынудың мақсаты тап өздері үшін артықшылық пен пайда алуды көздесе, онда олар пара берушілер ретінде жауаптылыққа тартылады.

Басқа адамның мүддесіне әрекетті пара үшін орындауға пара алушымен келіскен және пара алушыға параны берген қызметкер пара беруге сыбайлас қатысушы ретінде жауаптылыққа тартылуға тиіс. Егер аталған адам тапсырманың сипатын біле тұрып параны тек апарып берсе,

оның әрекеттері пара беруге делдал болу ретінде сараланауға жатады.

Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланумен байланысты істерді қарағанкезде осындай деп: осы ведомствоның тек жоғары лауазамдағы адамы ғана жасауға құқығы бар әрекеттер; басқа ведомствоның лауазымды адамының құзырына кіретін әрекеттер; алқалы органның құзырына кіретін әрекеттер; осы лауазымды адамның құзырына кіретін, бірақ заңда немесе нормативтік актіде көрсетілген шарттар болған кезде ғана жол берілетін әрекеттер; бірде бір лауазымды адам немесе орган жасауға құқығы жоқ әрекеттер сияқты осы құқықтар мен өкілеттіктерден шамадан тыс асып кететін әрекеттер түсінілетінін есте сақтау керек [А.Н. Ағыбаев, 1998 ж, 126 б.].

Пара алушыға және пара берушіге пара алу және беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал еткен адамның делдал болып табылатынын ескеріп, парақорлыққа делдалдық етуді параны беруден және алудан ара-жігін ажырата білу қажет. Осы ретте мұндай адамды парақорлыққа делдалдық болғаны үшін кінәлі деп танығанкезде оның пара берушіден не пара алушыдан сыйақы алған-алмағаны маңызды емес. Пара беруші мен пара алушының арасындағы параны беру мен алу туралы келісімге жетуге ықпалын тигізген сәттен бастап немесе осындай келісім іске асырылған сәттен бастап, яғни пара алушы келісілген пара сомасының кемінде бір бөлігін қабылдаған сәттен бастап делдалдың әрекеттерін аяқталған қылмыс деп есептеген жөн. Пара беруді немесе алуды ұйымдастырған, осыған айдап салған не пара беруге немесе пара алуға өзгеше түрде көмектескен және сонымен қатар делдалдық функцияны орындаған адам пара алуға немесе пара беруге сыбайлас қатысушы ретінде жауаптылыққа тартылады. Осы ретте сыбайлас қатысушының әрекеттерін саралау туралы мәселе оның кімнің мүддесі үшін, кімнің жағында және кімнің — пара берушінің немесе пара алушының бастамасы бойынша әрекет жасағаны негізге алынып, оның ниетінің бағыты ескеріліп шешілуге тиіс. Мұндай жағдайларда парақорлыққа делдал болғаны үшін жауаптылықты көздейтін бап бойынша қосымша саралау қажет етілмейді. Пара берушінің тапсырмасын орындаған және оның мүддесі үшін әрекет жасаған адамның әрекеттері, делдалды қоспағанда, ҚК-нің 28-бабының бесінші бөлігі және 367-бабының тиісті бөлігі бойынша сараланауға жатады. Пара алушының мүддесі үшін жасалған осындай әрекеттерді ҚК-нің 28-бабының бесінші бөлігі және 366-бабының тиісті бөлігі бойынша саралаған жөн. Адамның, оның ішінде парақорлық субъектісінің де, өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған парақорлыққа делдал болуы осы адамдарға қызметі бойынша берілген құқықтар мен өкілеттіктердің пайдаланылуын білдіреді. Егер адам пара берушіден ақша немесе басқа құнды заттарды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса, оның жасаған әрекеті алаяқтық ретінде сараланауға тиіс. Егер бұл адам құндылықтарды иемдену мақсатында пара берушіні пара беруге итермелесе, онда оның әрекеті алаяқтықпен бірге пара беруге айдап салушылық болып, ал мұндай жағдайларда пара берушінің әрекеті пара беруге оқталғандық болып қосымша сараланауға тиіс. Осы ретте пара берілетін нақты адамның көрсетілген- көрсетілмегені маңызды емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Есберген Алауханов. Криминология. Учебник. – Алматы. 2008. – 429 с.

2 Нукенов М.О., Абдрахманов С.З. Коррупционные преступления: понятие и характеристика. Проблемы борьбы с организованной преступностью и коррупцией: Курс лекций / Под ред. А.М. Кустова, Б.М. Нургалиева. – Караганда: КарЮИ МВД Республики Казахстан, 1999. – 216 с.

3 Агыбаев А.Н. Ответственность за злоупотребления должностными полномочиями по уголовному кодексу Республики Казахстан // Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения: Мат-лы Междунар.науч.-практ.конф. – Астана: Алем, 1998. – С. 125-127.

ӘОЖ 343.121.5(573)

ДҮЙСЕНБАЕВА ГҮЛЗИПА ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
PhD докторант,
Каспий қоғамдық университеті,
E-mail: sweet_303@mail.ru

МОЛДАБЕКОВА ЗУБАЙДА САНАЙҚЫЗЫ,
заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Алматы университеті,
E-mail: moldabekova_80@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Кілт сөздер. сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, әскери қызметші, қылмыстық құқық бұзушылықтар, бас бостандығынан айыру.

Резюме. Статья посвящена исследованию особенностей борьбы с коррупцией в Республике Казахстан.

Ключевые слова: коррупция, предупреждение коррупции, военнослужащий, уголовные правонарушения, лишение свободы.

Summary. The article is devoted to the study of the features of the fight against corruption in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: corruption, prevention of corruption, military personnel, criminal offenses, confiscation of property.

Кіріспе

Болашақ - жастардың қолында» атты кеңесте «Біздің еліміз ғана емес, басқа мемлекеттер де сыбайлас жемқорлықты соңына дейін жеңген жоқ. Барлық елдерде мұндай жағдайлар бар. Сыбайлас жемқорлықпен күресіп жатырмыз. Оған барлығы куә болуда. Тек осы жылы 1129 мемлекеттік қызметкер жауапкершілікке тартылды», - деді ол.

«Сіздер жақсы білесіздер, бұрыңғы премьер-министр, кейінгі қорғаныс министрі қылмыстық жауапкершілікке тартылды. «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының президенті де жауапқа тартылды. Ол «ЭКСПО-2017» көрмесінің құрылысына 800 млрд теңге бөлуді жоспарлаған. Есімов келіп, бұл қаржыны екі есеге дейін қысқартты. 400 млрд теңгеге көрменің құрылысын бітірдік. Сондай-ақ Павлодар, Атырау, Қарағанды облыстарының әкімдері, министрлердің орынбасалары, шенеуніктері, әрі жақында «СК Фармация» компаниясында жұмыс істеген азаматтар жауапкершілікке тартылды» [Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевпен кездесті 2020. www. - elbasy.kz].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндеттер атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді.

«Өткен жылмен салыстырғанда жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылған адамдардың саны 11 пайызға артқан, яғни, 820-дан 912-ге өскен. Transparency International ұйымының 2019 жылы өткізген сауалнамасының қорытындысы бойынша азаматтардың 28,7 пайызы мемлекеттік ауруханалар мен емханаларды сыбайлас жемқорлықтың ордасы деп атаған. Бұл басқа мемлекеттік мекемелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары, мысалы, полиция – 11,3%, жер қатынастары басқармасы – 7%, мемлекеттік балабақшалар – 6,9%. Өз денсаулығына алаңдап ауруханаға барған адамдардың қажетті медициналық көмек алу үшін кімге қанша ақша берем деп уайымдауына жол беруге болмайды».

Азаматтардың табысы азайып, экономиканы қолдауға бағытталған қаржыны жымқыру тәуекелі артқан пандемия кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті. «Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын

алғанына куә болуы керек. Әзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр» [Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңесі». 2020. www. akorda.kz].

Негізгі бөлім

2014 жылы 03-шілдеде қабылданып, 2015 жылдың 01-қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының 3 бабының 29 тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстар – қылмыстық кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер болып табылады, жалпы он жеті қылмыстық құқық бұзушылық құрамнан тұрады [Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // http://adilet.zan.kz. (11.01.2020 жағдайымен)].

Билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, әскери құралымдарда ұйымдастырушылық-әкімшілік, Әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын, лауазымды адам болып есептелетін, басқа адамдардан өзінің қызмет бабын немесе атқаратын лауазымын пайдалана отырып заңсыз материалдық сыйақы қасақана алатын адам лауазымды адам болып табылады [Е.О. Алауханов 2006 ж, 75 б.].

Пара берілетін лауазымды адам әрекеттерінің заңдылығының немесе заңсыздығының, егер ол бұл туралы білген болса, әрекеттерді саралау үшін де маңызы бар. Лауазымды адам тарапынан қорқытып пара алу және пара беру және пара туралы қылмыстық іс қозғайтын органға ерікті түрде хабарлау адамды пара бергені үшін жауаптылықтан босатудың негізі болып табылады. Пара алуды басқа қылмыс құрамдарынан ажырата білу қажет, өйткені бұл қылмыстың ауырлығы жеңілдеу қылмыс (ҚК 361, 369, 190- баптры) бойынша негізсіз сараланатынын сот практикасына жасалған талдау көрсетіп жүр. Жалпы алғанда республика соттары пара беру фактілері бойынша кінәлі адамдардың әрекеттерін дұрыс саралайды [А.Н. Ағыбаев, 1997 ж., 105 б.].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган; 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілері: мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар жатады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өкілеттіктерге ие болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай функцияларды: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде нормативтік-құқықтық актілер қабылдауды; Заңға сәйкес, мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауды; Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын барынша азайту және жою жөнінде ұсынымдар енгізуді; жыл сайын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынуды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруды және үйлестіруді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту мәселелерінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметін үйлестіруді; сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауды және мемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін айқындау үшін қажетті әлеуметтік зерттеулер жүргізуді; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша шығарылған, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің орындауын мониторингтеуді; сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша тәркіленген және қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған мүліктің өткізілуіне мониторингті жүзеге асырып, оны мемлекет кірісіне айналдыру туралы ақпаратты әдетте кейіннен жариялауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың оң тәжірибесін зерделеуді және таратуды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саласында білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған, сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу, ақпараттық және түсіндіру қызметі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жәрдемдесуді және әдістемелік көмек көрсетуді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган қызметінің негізгі бағыттары бойынша басқа да мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға қатысуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасауды, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуды; Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган өзіне жүктелген функцияларды орындау кезінде: мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінен және лауазымды адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпарат пен материалдарды сұратады; Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды жою бойынша заңнамалық тәртіппен белгіленген шараларды қабылдайды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу тәртібін айқындайды; Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтырады және істерді қарайды; Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өз өкілеттіктері шегінде: сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша жедел-іздестіру және тергеу қызметінің практикасына, сотқа дейінгі тергеп-тексеруге талдау жүргізуге; іс жүргізудегі қылмыстық істер бойынша шақырту бойынша келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелуге; Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес, құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қоюға немесе алуды жүргізуге; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалануға; мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе оларда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсынуларды Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізуге; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті органдардан, лауазымды адамдардан және квазимемлекеттік сектор субъектілерінен ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және бағалау жүргізуді талап етуге; сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіруге, жедел-іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындауға, оның тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға; өзіне жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құруға және пайдалануға, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында зерттеуді, заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді ұйымдастыруға; ұстап алынған және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүруге; Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz].

Барлық құқық қолданушылар ол норманы басшылыққа алса, заңдылық нормалардың заңи күші басым болар еді. Әйтпесе, әрбір құқық қорғау органының қызметкері өзінің заңды санасын басшылыққа ала отырып, нақты қылмыстық заңның қолданылуын қылмыс ретінде түсінуі керек деп есептейді [Е.О. Алауханов, С.М. Рахметов 2001 ж., 154 б.].

Сыбайлас жемқорлыққа берілген көптеген анықтамаларды талдай келе, «Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңында берілген анықтамалардың ғалымдардың және халықаралық институттардың ұсыныстарымен сәтті байланысқанын айта келе, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатарына Қылмыстық кодекстің қандай баптарында қарастырылатын қылмыстардың енуі қажет екендігін көрсетіп, тізімін (түрлерін) ұсынады [Б.Ж. Жүнісов, 2000 ж., 158 б.].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағыныстық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының

алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

«Эксклюзив» интернет-журналына берген сұхбатында сыбайлас жемқорлық латентті болмайды, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының іске асырылуын бақылауды жалғастыруда. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіретін қазақстандық делегация Ыстамбұл жоспарының кезекті кездесуіне қатысты. Жалпы, отырыс нәтижелері бойынша ЭЫДҰ Хатшылығы Стамбул жоспары ұсынымдарының орындалуына оң баға берді.

В случае невозможности единовременной уплаты штрафа суд может рассрочить уплату штрафа на срок до трех лет. Суд устанавливает сроки уплаты каждой части штрафа. В случае неуплаты штрафа или его части по истечении 30 дней со дня вступления приговора в законную силу канцелярия суда передает судебному приставу-исполнителю исполнительный лист на принудительное взыскание суммы штрафа с осужденного, о чем извещается финансовый орган. Исполнительные действия совершаются судебным приставом-исполнителем по месту жительства осужденного, месту его пребывания или месту нахождения его имущества. Когда осужденный, имея возможность уплатить штраф полностью или частично в срок, сознательно уклоняется от его уплаты, такое поведение признается злостным уклонением от уплаты штрафа.

В настоящее время установлен различный порядок реагирования на факт уклонения от уплаты штрафа в зависимости от того, в качестве какого вида наказания назначен штраф - основного или дополнительного. В случае, когда штраф назначен в качестве основного вида наказания и осужденный не уплатил его в срок, судебный пристав-исполнитель обязан не ранее 10 дней, но не позднее 30 дней со дня истечения предельного срока уплаты всего штрафа или его части (30 дней со дня вступления приговора или

решения суда в законную силу) оформить и направить в суд представление о замене штрафа другим видом наказания в соответствии УК РК. В этом случае суд может заменить штраф обязательными или исправительными работами либо арестом соответственно размеру назначенного штрафа в пределах, предусмотренных УК РК [*Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V, 3 раздел*], для этих видов наказаний. Иной порядок ответственности установлен в отношении лиц, злостно уклоняющихся от уплаты штрафа полностью или частично, которым штраф назначен в качестве дополнительного наказания. Здесь судебный пристав-исполнитель взыскивает штраф в принудительном порядке, предусмотренном законодательством РК. Если осужденный к штрафу скрылся и место нахождения его не известно, то он в установленном порядке объявляется в розыск и может быть задержан органами внутренних дел. В необходимых случаях этот срок может быть продлен судом до 30 суток в соответствии с УПК РК.

Исправительные работы (ст. 42 УК РК) - назначаются осужденному, не имеющему основного места работы, и отбываются в местах, определяемых органом местного самоуправления по согласованию с органом, исполняющим наказания в виде исправительных работ; Исправительные работы применяются только в качестве основного наказания к лицам, которые могут быть исправлены без изоляции от общества. Они назначаются по приговору суда либо по постановлению судьи в связи с заменой штрафа, за злостное уклонение от его уплаты, в связи с заменой не отбытой части наказания в виде лишения свободы более мягким видом наказания, при отсрочке отбывания наказания беременным женщинам и женщинам, имеющим малолетних детей. Закон разрешает применять это наказание к осужденным военнослужащим в порядке замены наказания более мягким в случае заболевания, делающего их не годными к несению военной службы [*В.И. Селиверстов, 19-20с.*].

Осужденные к исправительным работам направляются уголовно-исполнительными инспекциями для отбывания наказания не позднее 30 дней со дня поступления в уголовно-исполнительную инспекцию соответствующего распоряжения суда с копией приговора (определения, постановления).

Условия отбывания исправительных работ регламентированы ст. 40 УИК РК. Так, в ней предусмотрено, что в период отбывания исправительных работ осужденному запрещается увольнение с работы по собственному желанию без письменного разрешения УИИ. Из заработной платы осужденного производятся удержания в установленном приговором суда размере, пределы которого согласно УК РК составляют от 5 до 20%. Дополнительные обязанности или запреты в настоящее время на осужденного к исправительным работам не могут быть возложены.

Ограничение свободы (ст. 44 УК РК) - заключается в установлении судом осужденному определенных ограничений, в частности: не уходить из дома (квартиры, иного жилища) в определенное время суток, не посещать определенные места и т.д.

Ограничение свободы является уголовным наказанием, которое заключается в содержании осужденного, достигшего к моменту вынесения судом приговора восемнадцатилетнего возраста, в специальном учреждении без изоляции от общества в условиях осуществления за ним надзора (ст. 44 УК РК).

Специализированным государственным органом, осуществляющим надзор за отбыванием осужденными наказания в виде ограничения свободы, является уголовно-исполнительная инспекция [*Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V, 3 раздел*].

Осужденный обязан в установленный законом срок явиться в УИИ по месту жительства, где ему должны разъяснить права и обязанности, порядок и условия отбывания наказания, а также ответственность за нарушение порядка и условий отбывания наказания.

Уголовно-исполнительная инспекция по месту жительства осужденного к наказанию в виде ограничения свободы ставит его на персональный учет. При постановке на учет, осужденный подлежит дактилоскопической регистрации и фотографированию.

Осужденный к наказанию в виде ограничения свободы обязан соблюдать установленные судом ограничения, а также являться по вызову в уголовно-исполнительную инспекцию для дачи устных или письменных объяснений по вопросам, связанным с отбыванием им наказания [*З.С. Токубаев, 2018, 8с.*].

За нарушение осужденным порядка и условий отбывания наказания в виде ограничения свободы уголовно-исполнительная инспекция применяет к нему меры взыскания, предусмотренные УИК РК. Законом также предусмотрены меры поощрения к осужденным к наказанию в виде ограничения свободы. Правом применения мер поощрения и взыскания пользуется в полном объеме начальник уголовно-исполнительной инспекции или замещающее его лицо.

Приговор суда о лишении специального, воинского или почетного звания, классного чина и государственных наград (ст. 49 УК РК) - данное наказание назначается при осуждении за совершение тяжкого и особо тяжкого преступления с учетом личности виновного [*Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V, 3 раздел*].

Суд не вправе лишать осужденного званий, носящих квалификационный характер, т.е. подт-

верждающих признанный государством уровень профессионального мастерства. К ним относятся ученые степени и звания, спортивные звания, профессиональные квалификационные разряды.

Поскольку лишение виновного звания и наград влечет за собой отмену всех прав и льгот, связанных со званием или наградами, соответствующие органы и должностные лица должны проинформировать об этом организации, применяющие данные льготы (органы здравоохранения, социального обеспечения, жилищно-коммунального хозяйства и т.п.), а также внести соответствующие изменения в учетные документы. Должностное лицо, внесшее изменения в учетные документы, в месячный срок обязано сообщить суду об исполнении приговора.

Лишение права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью (ст. 50 УК РК) - состоит в запрещении занимать должности на государственной службе, в органах местного самоуправления либо заниматься определенной профессиональной или иной деятельностью;

Наказание в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью назначается в качестве основного на срок от одного года до пяти лет и дополнительного на срок от шести месяцев до трех лет, при этом в приговоре суда обязательно указывается, какие должности осужденному запрещено занимать или какой определенной деятельностью ему запрещено заниматься [*Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V, 3 раздел*].

Указанное наказание, назначенное в качестве дополнительного вида наказания к аресту, содержанию в дисциплинарной воинской части или лишению свободы, исполняют учреждения и органы, исполняющие основные виды наказаний, а после отбытия основного вида наказания уголовно-исполнительные инспекции по месту жительства (работы) осужденных.

Уголовно-исполнительные инспекции ведут учет осужденных; контролируют соблюдение осужденными предусмотренного приговором суда запрета занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью; проверяют исполнение требований приговора администрацией организаций, в которых работают осужденные, а также органами, правомочными аннулировать разрешение на занятие определенной деятельностью, запрещенной осужденным; организуют проведение с осужденными воспитательной работы [*Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226*-V 5раздел].

Администрация учреждения, в котором отбывает основной вид наказания лицо, осужденное также к дополнительному наказанию в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью, не может привлекать осужденного к работам, выполнение которых ему запрещено [*В.И. Селиверстов, 2011, 22с*].

Порядок исчисления срока исполнения наказания в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью зависит от того, назначено ли это наказание в качестве основного или дополнительного, а также от того, с каким основным наказанием оно назначено.

Этот срок исчисляется с момента вступления приговора в законную силу, если данное наказание назначено в качестве основного или дополнительного к штрафу, обязательным или исправительным работам, а также при условном осуждении. Дополнительное наказание может быть отбыто до истечения срока основного наказания, если его срок меньше срока основного наказания.

Таким образом, в данной работе нами проведен анализ особенностей правового регулирования исполнения наказаний, не связанных с изоляцией осужденного от общества (альтернативных наказаний).

При отбывании наказаний, не связанных с изоляцией от общества, на осужденного не возлагается обязанность проживать в учреждении, исполняющем наказание. Могут вводиться определенные ограничения свободы передвижения так, от отбывающих исправительные и обязательные работы требуется ставить в известность уголовно-исполнительную инспекцию о смене места жительства и др.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.01.2018 г.) Астана, Акорда, - 2018г.
2. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 234-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.) Астана, Акорда, - 2018г.
3. Токубаев З. С. Правовое положение осужденных к лишению свободы по законодательству Республики Казахстан: Монография. – Караганда: КЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2010г. С. 207.
4. Селиверстов В. И. Правовое положение лиц, отбывающих наказания, связанные с исправительно-трудовым воздействием, без изоляции от общества: Учеб. пос. — М.: Юрид. лит., 1987г. С. 70.
5. Комментарий к Уголовно-исполнительному кодексу Российской Федерации» (постатейный) / под ред. В.И. Селиверстова, Проспект, 2011

ӘОЖ 343

ҚАЛАҒАНОВ БАҚЫТБЕК,
Заң ғылымының кадидаты, профессоры,
Құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

АПАХАЕВ НУРЛАН ЖИЛКАЙДАРОВИЧ,
Заң ғылымының кадидаты, профессоры,
Құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНАЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Түйін. Жалпы қылмыстылықтың анықтамасы сансыз көп. Олар көп жағдай да автордың әлеуметтік, құқықтық және діни дүниетанымдары мен фәлсафалық көзқарастарынан бастау алып құрылады. Барылық криминологиялық оқулықтар мен монографияларда қылмыстылықтың әлеуметтік табиғаты, тарихылық пен қылмыстылықтың бір жіктілігі, сандық және сапалық сипаттамалары қарастырылады. Сонымен, қылмыстылық деп – қоғамдық организмнің қалыпты жұмысын бұзуға бағытталған адамның әлеуметтік жүріс-тұрыс нысаны. Сондай-ақ, бұндай құқық бұзушылыққа аморальді теріс –қылықтар мен қатар девиантты, яғни әумесерлік жүріс-тұрыста кіреді. Бұдан бөлек, қылмыстылық – әлеуметтік-құқықтық құбылыс немесе ол белгілі бір уақыт пен білгілі бір қоғамда орын алатын қылмыстың санымен айқындалады. Дегенмен де айта кететін жәйт, қылмыстылық тек орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтың санынан ғана емес, сонымен қатар ол басқа да әлеуметтік құбылыстармен тығыз байланыста болып, өзіндік өміршендік заңдылығы бар құбылыс. Бырақта, қылмыстылық тарихы саны, құрылымы және түрі жағынан белгілі бір кезеңдерде өзіне тән қасиеттерге сай өзгеріске ұшырап тұрады. Қылмыстылықтың салдары қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілікке алып соғатын арнайы құқықтық қарсылыққа тап болады, ондай жауапкершілікте арнайы – яғни, қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстылық өз маңызы бойынша қоғамға және нақты оның тұлғаларға зиян келтіретін жағымсыз құбылыс. Атақты ойшыл Ломброзо айтқан екен, қылмыстылық – ол кәдімгі адамның дүниеге келуі, өлім және құрсаққа сәбидің бітуі сияқты табиғи құбылыс деп. Ал, ойшыл Дюркгейм қылмыстылық – ол барлық сауатты қоғамға тән құбылыс деп атап, қылмыстылықтың болмауы мүмкін еместігін дәлелдейді. Алайда, шет елдік бұқаралық ақпараттық құралдарынан ақпараттануымша кейбір Еуропалық елдер де түрмелердің жабылып жатқанын, қылмыстылықтың нөлдік деңгейге дейін жеткенін білуге болады. Осыдай келіп түйетін ой, егре де мемлекетте адамдардың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс – тіршілігі жоғарылаған сайын қылмыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтың азаюуына алып келетінін байқаймыз.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстылық, заң, құқық, логика, анализ, синтез, индукция, дедукция, динамика, криминология, психология.

Резюме. Общее определение преступности многообразно. И в этом случае они строятся с точки зрения социального, правового и религиозного мировоззрения автора и философского мировоззрения. В современных криминологических учебниках и монографиях рассматриваются социальная природа преступности, общая классификация, количественные и качественные характеристики исторической и преступности. Таким образом, под преступностью понимается форма социального поведения человека, направленная на нарушение нормальной работы общественного организма. Кроме того, такие правонарушения включают в себя аморальные проступки, а также девиантное поведение, т. е. эмоциональное поведение. Кроме того, преступность-социально-правовое явление или оно определяется количеством преступлений, которые имеют место в определенном времени и в определенном обществе. Однако следует отметить, что преступность-это явление, которое имеет самостоятельную жизнеспособность, которое тесно связано не только с количеством совершенных уголовных правонарушений, но и с другими социальными явлениями. В то же время, история преступности в определенные периоды по численности, структуре и типу подвергается изменениям в соответствии с присущими ему качествами. Следствием преступности является специальное правовое противостояние со стороны общества и государства, которое влечет за собой ответственность, а именно уголовная ответственность. Преступность негативное явление, по своему значению наносящее ущерб обществу и конкретным лицам. По словам знаменитого Мыслителя Ломброзо, преступность-это естественное явление, как рождение обычного человека, смерть и наступление младенца в утробе. А мыслитель Дюркгейм доказывает, что преступность – это явление, присущее

всем грамотным обществу, и преступность не может быть невозможной. Однако, в дополнение к информированию зарубежных средств массовой информации можно узнать, что некоторые европейские страны также закрываются тюрьмы, преступность достигла нулевого уровня. В этой связи, мы считаем, что в стране повышается социальное положение, быт людей, что приводит к уменьшению преступности и уголовных правонарушений.

Ключевые слова: преступление, преступность, закон, право, логика, анализ, синтез, индукция, дедукция, динамика, криминология, психология.

Summary. The General definition of crime is diverse. And in this case, they are built from the point of view of the author's social, legal and religious worldview and philosophical worldview. Modern criminological textbooks and monographs consider the social nature of crime, General classification, quantitative and qualitative characteristics of historical and crime. Thus, crime is understood as a form of human social behavior aimed at disrupting the normal functioning of the social organism. In addition, such offenses include immoral misconduct, as well as deviant behavior, i.e. emotional behavior. In addition, crime is a social and legal phenomenon or it is determined by the number of crimes that occur in a certain time and in a certain society. However, it should be noted that crime is a phenomenon that has an independent viability, which is closely related not only to the number of criminal offenses committed, but also to other social phenomena. At the same time, the history of crime in certain periods in terms of number, structure and type is subject to changes in accordance with its inherent qualities. The consequence of crime is a special legal confrontation on the part of society and the state, which entails responsibility, namely criminal responsibility. Crime is a negative phenomenon that harms society and individuals. According to the famous thinker Lombroso, crime is a natural phenomenon, like the birth of an ordinary person, death and the onset of an infant in the womb. And the thinker Durkheim proves that crime is a phenomenon inherent in all literate societies, and crime cannot be impossible. However, in addition to informing the foreign media, you can learn that some European countries are also closing prisons, crime has reached zero. In this regard, we believe that the country is improving the social status and life of people, which leads to a decrease in crime and criminal offenses.

Keywords: crime, criminality, law, law, logic, analysis, synthesis, induction, deduction, dynamics, criminology, psychology.

Қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж.] деп жарияласа да, қоғамда әлжуаз топтар мен әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар мен жанұялар бар болуы біздің қоғамның қылмыстылығына орасан зор әсер етуде. Сонымен қоса, әсіресе жемқорлық қылмыстылығы бойынша конформист тұлғалар бар, оларды айтқанда көз алдымызға бюрократ тұлғалар елестейді. Сол себепті, конформдылық деген ұғымға түсініктеме бере кетуді дұрыс деп санадық, яғни, конформдылық дегеніміз – бір кісінің немесе белгілі бір топтың қысымы салдарынан адамның мінез-құлқының, пікірлерінің өзгеруін айтамыз [И.Ш. Борчашвили, 2007]. Осыған орай, жемқорлық қылмыстылығы көпжағдай да жалғыз индивидпен емес бірнеше адаммен немесе ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалынады. Жалпы мұндай әрекеттер әлеуметтік психологияға жатады. Мен зерттеп отырған тақырыпта ең бірінші кезекте адамның психологиялық танымы мен дүниетанымына байланысты екенын баршамызға мәлім. Осы жерде Эллиот Аронсонның «Адамның социумдағы психологиялық заңдары» атты кітабындағы бірінші заңын танып-білсек: «Ақымақтың ісін істейтін адамдардың бәрі ақымақ емес»,- дейді, оған келесідей мысалды алып қарастырсақ. «Кент қаласының төрт студентін өлтіргені дұрыс болған» деп мәлімдеген Огайо штатындағы мұғалімді мысал ретінде алайық. Оның осындай ойға бекінген жалғыз адам екеніне күмәнім бар. Сол себепті сондай ойға келген адамдардың бәрін ақымақ деу дұрыс па? - деген ойға Эллиот Аронсон келеді [Эллиот Аронсон, 2018]. Осы ойды ары қарай зерттеп туындата түссек, қылмыстылық, қылмыс немесе терісқылықтар деген түсініктер жер бетінде адам пайда болған сәттен бастап осы уақытқа дейін өзекті мәселе болып келе жатқаны, адамзат қоғамының нақты идеалды қоғамды құра алмағанын да деп түсінуге болар еді. Бірақ осылай ойлап қолқұсырып қарап отыра берсек қылмыстылық деңгейі реттелілмейтін, адамдар үшін қауіпті деңгейге кетуі мүмкін. Оның жарқын мысалы, 90-жылдардағы рэкетирлер дәуірін айтсақ болады. Ол кезеңде мемлекет тәуелсіздігін жаңа алып, бүкіл әлемге ашық қоғам екенімізді, әлемнен лайықты орнымызды қалайтынымызды білдіріп, елдегі экономикалых ахуалдың жай-күйін енді түсініп, мемлкеттік рәміздерімізді, төл теңгемізді, керек десеңіздер шекарамызды қайта бекітуімізді ойлап, халықтың әлеуметтік төлемдерін қалай төлейміз, зейнетақы мен жалақыларды төлеу мәселелерімен атқамінер ағаларымыздың басы ауырып, балтыры сыздап жатқан уақыт – қылмыстылықпен лайықты күресуге немесе ескерту жұмыстарын жүргізуге таза жүйелік және эконо-

микалық ахуалының көрсеткіштерінің төмендігінен мүмкіндігі болмады. Бұл жағдай ұйымдасқан қатыгез қылмыстық топтар үшін өте қолайлы болып, елімізіде қылмыстылық деңгейі мен қылмыс саны күрт өсіп, адамдар арасында мемлекеттік органдарға, нақты айтқанда, қылмыстылықпен күресетін субъектілерге сенім азайған болатын. Сол себепті де зерттеу жұмысым қылмыстылықты ескерту мәселесін алып отырмын.

Жалпы қылмыстылықтың анықтамасы сансыз көп. Олар көп жағдай да автордың әлеуметтік, құқықтық және діни дүниетанымдары мен фәлсафалық көзқарастарынан бастау алып құрылады. Барылық криминологиялық оқулықтар мен монографияларда қылмыстылықтың әлеуметтік табиғаты, тарихылық пен қылмыстылықтың бір жіктілігі, сандық және сапалық сипаттамалары қарастырылады. Сонымен, қылмыстылық деп – қоғамдық организмнің қалыпты жұмысын бұзуға бағытталған адамның әлеуметтік жүріс-тұрыс нысаны. Сондай-ақ, бұндай құқық бұзушылыққа аморальді теріс –қылықтар мен қатар девиантты, яғни әумесерлік жүріс-тұрыста кіреді.

Бұдан бөлек, қылмыстылық – әлеуметтік-құқықтық құбылыс немесе ол белгілі бір уақыт пен білгілі бір қоғамда орын алатын қылмыстың санымен айқындалады. Дегенмен де айта кететін жәйт, қылмыстылық тек орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтың санынан ғана емес, сонымен қатар ол басқа да әлеуметтік құбылыстармен тығыз байланыста болып, өзіндік өміршендік заңдылығы бар құбылыс. Бырақта, қылмыстылық тарихы саны, құрылымы және түрі жағынан белгілі бір кезеңдерде өзіне тән қасиеттерге сай өзгеріске ұшырап тұрады. Қылмыстылықтың салдары қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілікке алып соғатын арнайы құқықтық қарсылыққа тап болады, ондай жауапкершілікте арнайы – яғни, қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстылықта өмірде объективті тұрғыда орын ала тұра жоғалуы мүмкін, егер де нақты қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңнамада қылмыс ретінде көрсетілмесе. Қылмыстылық өз маңызы бойынша қоғамға және нақты оның тұлғаларға зиян келтіретін жағымсыз құбылыс. Атақты ойшыл Ломброзо айтқан екен, қылмыстылық – ол кәдімгі адамның дүниеге келуі, өлім және құрсаққа сәбидің бітуі сияқты табиғи құбылыс деп. Ал, ойшыл Дюркгейм қылмыстылық – ол барлық сауатты қоғамға тән құбылыс деп атап, қылмыстылықтың болмауы мүмкін еместігін дәлелдейді. Алайда, шет елдік бұқаралық ақпараттық құралдарынан ақпараттануымша кейбір Еуропалық елдер де түрмелердің жабылып жатқанын, қылмыстылықтың нөлдік деңгейге дейін жеткенін білуге болады. Осыдай келіп түйетін ой, егре де мемлекетте адамдардың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс – тіршілігі жоғарылаған сайын қылмыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтың азаюуына алып келетінін байқаймыз.

Алайда, қылмыстылықта айта кететін бір жәйт, ол адамдарға қорлық жасаған адамды өлтіру, басқа адамдарды жамандықтан алып қалу қоғамда жақсы іс жасаумен бірдей саналады. Мысалға алсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 32, 34-баптары қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік және де 53-бап қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды алып қарастырсақ.

Бірақта, бұл қылмыстылықтың қоғамға жат, жағымсыз құбылыс екендігі туралы жалпы сипаттамасын жоққа шығармайды. Қылмыстылықтың көрініс табуы көп қырлы болғандықтан теориялық тұрғыда қабылдау және онымен күресу тәжірибесі оңайға соқпайды. Ол жасалған қылмыстың ауырлығымен, әртүрлілігімен, болатын орнымен, жасалу жолымен және де басқа да көрсеткіштерімен ерекшеленіп тұрады. Криминологиялық тұрғыдан қарағанда осындай көрсеткіштер арқылы қылмыстылықты зерттеу оның алдын алуды, күресудің нысандары мен әдістерін анықтауды, оны түптамырымен құртудың бағдарламалары мен жоспарларын құруды, жою тұрғысынан терең түсінік береді әрі тез арада нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Криминология терминіне түсініктеме бере кетсем, ол (лат. *crimen/criminis* – қылмыс + гр. *logos* – сөз, ұғым, ілім) — қылмыстық құқық бұзушылықтың себептерін, қылмыстық сот орбитасына тартылған қылмыс субъектісінің жеке басын зерттейтін, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын зерттейтін ғылым. Криминология қылмыскерлікті орын мен уақыттың нақты жағдайында зерттейді. Криминолог қоғамға, адамға, бір жағынан «қылмыскерлік арқылы», қылмыстық әрекет арқылы қарайды. Тек қылмыскерлік, оның себептері және онымен күрес-криминологияға негізгі керектілер осылар. Қылмыскерліктен бастау алып оның себептерінің, онымен күресті ұйымдастырудың, оның алдын алудың талдамасына тереңдеген сайын қоғам мен табиғатта бар басқа да кең әрі күрделі проблемаларға шығады [Алауханов Е.О., 2005, 3 б.].

Криминологияда қылмыстылыққа қарсы күресте бірінші орынға оның алдын алу міндеті қойылады. Қорыта келгенде, криминология қылмыстылықтың алдын алудың, оны болдырмаудың құқықтық жағдайларын ғана емес, сонымен қоса әлеуметтік - экономикалық, мәдени-тәрбиелік, превентивті шараларды қолдануда да бастамашылық етеді. Криминологиялық зерттеу әдістемесінде жалпы ғылыми тәсілдер логика, анализ, синтез, индукция, дедукция, ұқсастыру, үлгілеу тағы да басқа социологиялық тәсілдер сауалнама, сұхбат, құжаттарды зерделеу, қадағалау, эксперимент жүргізу сияқты әлеуметтік-құқықтық ақпарат алу әдістері қамтылады. Криминологиялық зерттеулерде ең алдымен қылмыстық статистика тәсілдері маңызды рөл

атқарады, себебі статистикамен қылмыстың өсу динамикасын – жалпы қылмыстылықтың жылжуы және оның негізгі құрылым көрсеткіштерінің анықталған уақыт ішіндегі өсуі немесе төмендеуін, қылмыстылық сандық және сапалық қасиеттерін, құрылым әлеуметтік демографиялық белгілері бойынша жынысы, жасы, отбасылық жағдайын, қылмыстылықтың жай-күйі – бұл белгілі бір аумақта, белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың және оларды жасаған адамдардың сандық көрсеткішін анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, криминология мәліметтерді, социология ғылымын, философияны, экономиканы, әлеуметтің психологияны, педагогика ғылымдарын пайдаланатын салалық ғылым болып табылады.

Қылмыстылықпен күресте қоғам мен мемлекет оның пайда болу мен шығу жолдарына терең анализ жүргізіп оны жасайтын адамдарды зерттеп, алдын алудың тиімді тәсілдерін өңдеп, экономикалық, әлеуметтік-мәдениеттік және тәрбиелік іс шаралар жүргізудің ұяшықтарын іске қосу керек. Қылмыстылықтың анықтамасын көптеген ғалымдар зерттеп, оған ізденушіге терең түсінік алатындай жан-жақты, бәрін қамтығандай боп жазған ғалымдар баршылық. Алайда, ол қылмыстылықтың түпкілікті шығу себептеріне толыққанды түсінік бере алмайды.

Кейбір ғалымдар қылмыстылықтың себебін қоғамның класстарға, яғни таптарға бөлінуімен байланыстырады. Осы жерде грек ойшылы, әлем ұстазы, философ Аристотель қоғамның таптарға бөлінуіне байланысты келесіндей қисынды сараптама береді. Оның айтуынша, әр мемлекетте үш тап болады бірі өте байлар, екіншісі жағдайы төмен кедейлер және сол екеуінің ортасында тұратын үшіншілер болады дейді. Себебі жалпы көзқарас бойынша осылардың ішіндегі ең жақсысы орта тап, яғни тұрмыс-тіршілігі орта тұратын дамдарды жатқызады және олар осылардың ішіндегі ең жақсысы деп түйіндейді. Сонымен қоса қайсы мемлекетте орта тап басым, сол мемлекеттің болашағы жарқын, өміршең болады деп баяндайды. Орта тап басым болғанда ақыл-ой, санаға бойсыну жеңіл орындалады дейді. Ал керісінше, өзін бәрінен жоғары санайтын, өзін бәрінен мықты санайтын, өзін бәрінен де керемет сезінетін, өзін бәрінен де бай сезінетін немесе өте кедей тұратын, өте әлжуаз балып келетін және еңсесі түскен адамдардан құралатын таптар ақыл-ой, санаға көнбейтін, өзінің қоғамдық статусына сәйкес әрекет ететінін айтады. Бірінші топтағы адамдарды мейірімсіз қатал әрі опасыз болып келетінін, ал екінші топтағы адамдар қасқой әрі бұзық болып келеді деп олардың қоғамдағы рөлін төмендеді. Осылардың ішінен қылмысты бірі менменшілдігі мен екіншісі қаскөйлігімен жасайды. Оның үстіне, осы екі тапта биліктен үміттеніп, биліктен бас тартпай қызғанышпен таласуға дайын тұрады, бұндайлардан мемлекетке тек қауіп қана төнеді. Біріншілер артық байлық пен күштен, әрі ықпалды таныстарымен мастанып қоғамдық заңдарға бағынбайды немесе бағынуды түсінбейді, білгісі келмейді. Бұндай қасиеттер ерте кезден көрініс табады, мысалға артық байлыққа малынып өскен балада бұндай қасиеттер балабақшадан басталады, керек десеңіз мектеп тәртібіне бағынуды қояды. Ал екіншілер болса торығып өткен кедейлік пен еңсесінің түсіуінен билік ете алмайды, тек өзіне жоғарыларға бағынып құлдық сана-сезіммен өмір сүреді деп баяндайды. Сонымен біріншілер асыра билік етуді ғана білсе, екіншілері тек бағынуды ғана білетін болады, соның салдарынан қоғамда еркін адамдар болмайды деп алғашқылардың қоғамда зардабын жақсы баяндайды. Атақты ойшыл Фокилид: «Бар жақсылық орта тапта, сондықтан да орта табы басым елде өмір сүргенді қалаймын»-, деген екен. Бұны жазған себебім, қоғамның осындай таптарға бөлінуі мемлекеттегі қылмыстылық деңгейіне орасан зор әсер етеді. Себебі орта табы басым мемлекеттер де қылмыстық топтар мен кикілжеңдер салыстырмалы түрде аз болады. Сондықтан да қылмыстылық деңгейі қоғамның әлеуметтік, мәдениеттік әрі саяси сауаттылығына байланысты болатынын естен шығармауымыз керек. Осыдан келетін түйін қылмыстылық өзінің даму заңдылығы бар, сандық әрі сапалы көрсеткіштерімен сипатталатын қоғамдық жағымсыз құбылыс және осы құбылысты мемлекет пен қоғам өз бақылауында ұстап керекті мәжбүрлеу шараларын пайдаланып тежеп отыруы тиіс.

Қылмыстылықтың себептері

Қылмыстылықпен күресте және ескертуде қажетті эффект алу үшін оны тудыратын немесе қоздыратын себептерін анықтап алу басты мәселе болып табылады. Бұндай қасиеттер мен білімдерді игеру үшін қылмыстылықтың заңдылығы мен оның даму динамикасына қатысты себепты байланыстарды түсіне білу қажет. Қылмыстылықтың себеп-салдарын зерттеу барысында орның не себепті орын алуы мен салдарына мән берген жөн. Себебін қарастыру барысында индивидтің араласу ортасын, ол өз кезегінде оның даму процесін айқындайды. Адамдар арасындағы әртүрлі теріс қылықтар, жүріс-тұрыс нормалары, құндылықтар жүйесі және тұлғалардың өмірдегі шындығы әртүрлі қайнар-көздермен, ақпарат желілері арқылы олардың дүниетанымына, психологиясына, қоғамға деген көзқарасына әсер етіп, қалыптастырады. Бұдан түйетін түйін, біртекті қоғам мен біртекті өмір әлемде кездеспейді, сол себепті қылмыстылық детерминаты мен қарқыны әр елде, әр жерде, әр кезеңде өзгеше орын алып, тарихы басқа болады. Бырақта жалпы ұқсастықтары кездесіп, оның алдын алуда біртекті күрестер жүргізілуі мүмкін. Кез-кел-

ген қылмыстылықтың орын алуы, қылмыстық зардаптар мен себепті байланысымен айқын көрініс табады. Қылмыстылық әр-алуан болғанымен, оның шығу себептері, даму заңдылығы, өсу қарқыны, сандық және сапалы көріністерінің қайнар көздері әр елде бірдей жағдай да көрініс тауып тұрады. Сондықтанда қылмыстылық ол көпқырлы әлеуметтік құбылыс. Оның себептері құқық қорғау органдары мен мемлекет тарапынан шешімін таппаған әлеуметтік қиындықтар мен де өткен кезеңдердің қалдырған салқын лебі мен жағымсыз іздері және де тәрибелік жұмыстарындағы әубастан кеткен қателіктер. Қылмыстылықтың детерминациясында әлеуметтік құбылысты ажыратып алған дұрыс, себебі белгілі бір ауданда қылмыстылықпен күресу әлсіреген де, жаңа аудандары игеру де және әскери режим хабарланған да қылмыстылықдың орын алуы күшейіп кері әсерлер жүре бастайды, интенсивтілігі мен динамикасында өзгерістер, яғни қоғамда жағымсыз жағынан арта түсу байқалады. Жоғарыдағыларды ескере отырып қарастырсақ және де себептері мен шартарын басшылыққа алсақ бұл – қоғамдық-экономикалық формацияға жағымсыз әсер ететін құбылыс екені көзге ашық көрінеді, әрі қылмыстың детерминациялануына әкеп соғады.

Кондрашков Н.Н., Коробейников Б.А., Кузнецов Н.Ф., т.с.с. авторлар тобы қылмыстылықта көп жағдайда басымдылықты мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштеріне немесе халықтың әлеуметтік жағдайымен тағыз байланыстырады және де тарихи сабақтастырады. Алайда, Эллиот Аронсонның «Топқа ұмтылған жалғыз» атты әлеуметтік психологиясында конформдылыққа, яғни бір мәселеде басымдылыққа ие топтың позициясын ұстану да маңызды фактор ретінде адамның мақсаттылығын алға қояды. Мысалға, өзін-өзі төмен бағалайтын адамдар, өзіне жоғары баға беретін адамдарға қарағанда топтық қысымға тез түседі дейді. Оған, реалды мысал айтатын болсақ, ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрылымы мен олардың мүшелерін алып қарастыруға болады. Бұл өз кезегінде қылмыстылыққа тек әлеуметтік қырынан емес, психологиялық фактордың да маңызды рөль атқаратынын біліге болады. Нәтижесінде адамдар топқа мүше болған жағдай да өздерін жоғары бағаласа, сол топқа онша қабылданбаған адамдарға қарағанда, топ нормалары мен стандарттарына көбірек бір ниеттілік танытты. Яғни, жоғарыда айтқандай қылмыстық топта өзін көшбасшы немесе көшбасшының оң қолы ретінде сезінген немесе өзінің қылмыстылықта рөлінің жоғары екенін сезінген топтар, сол қылмыстық ұйымдасқан топта рөлі әлсіз, төмен звеноларға қарағанда сол ұйымдасқан қылмыстық топттың мүддесі үшін конформдылық байқатады. Жалпы алғанда, бұл адам мен адамдар тобының арасындағы психологиялық байланыстың немесе факторлардың салдары мән беруге тұрарлық әлеуметтік-психологиялық құбылыс екенін бізге аңғартады. Осыған орай, жазушы Малькольм Гладуелл кейбір құрметті адамдар қажет жерде уақытында болғанда, негізгі әлеуметтік үдерістер конформдылық механизмі арқылы шұғыл және аяқ асты жиі өзгеретінін айтады. Бұл дегеніміз, атақты, қоғамда абыройлы адамдар көпшіліктің сана-сезімін, ойын, ұстанған ұстанымдарын бір мезетте өзгертіп жіберуі мүмкін. Мысалға, жиналыстар, митингілер, демонстрациялар және шерулерге шығу барысында, адамдар тобын белгілі бір қоғамда орны бар, [Кондрашков Н.Н., Коробейников Б.А., Кузнецова Н.Ф., Лейкина А.Н., Миньковский Г.М., 1988 ж.] Малькольм Гладуелл айтпақшы құрметті адамдар олардың конформдылыққа бейімділігіне қатысты көшеге ереуілдерге алып шығады. Кімнің де болса, көзі алақтап, үстінен жағымсыз иіс шығып тұрған жүдеубас бозбаладан гөрі, түр әлпеті де, кйімі де келісті көрнекті мырзаның соңынан сеніммен еретіні еш күмән тұдырмайды. Киіміңмен қарсы алып, ақылыңмен шығарып салады деген осыдан шықса керек. Осының өзі қоғамда заңдылықтарға бағынған қылмыстылықтың детерминациясын, яғни өсу қарқыны мен сапасын және сандық көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді.

Қорытынды

Зерттеу жұмысымыздың кезекті сатысы ғылыми жұмысты қорытындылауға да келіп жеттік. Кез-келген құбылысты зерттемес бұрын тарихқа сілтеме жасап, оның құпияларына үңіліп қана алдағы болатын болашағыңа бағыт - бағдар жасай аласың деп түсінеміз. Қылмыстылықты зерттеу барысында бұндай құбылыстардың пайда болуы, шығуы және олармен күресуде көптеген ғалымдардың, ұлы ойшылдардың және де басқа да ізденушілердің еңбектеріне сүйене отырып, келесідей түсінік менің ойымда тұжырымдалды. Осындай ойға жетуіме қоғамдағы әртүрлі сфералардың тоғысқан түйініндей кешенді ақпараттарға қол жеткізуіме көп байланысты болып тұр. Нақты айта келсек, қылмыстылықтың себеп салдары – мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік жай-күйінің, адамдардың мәдени–саяси ахуалдағы деңгейі, азаматтық қоғамның жеткілікті түрдегі белсенділігі, бойына атадан балаға қанмен келген тегі, отбасы – ошақ қасындағы дәстүрлі тәрбиемен, білім және тәрбие беру мекемелеріндегі жүйелі түрде ұзақ тарихымен дағдыланған білім беру жүйесіндегі адамдардың әлеуметтік психологиялық және дүниетанымдық өресінің ақыл-ой парасаты, арнайы қылмыстылықпен күресетін, ескертетін мемелекеттік органдардың бірлесе істеген көпсалалы жұмысының нәтижесі, қоғамда болып жатқан жағымсыз құбылыстар, қылмыстылықты дәріптейтін адам санасына әсері бар ақпараттар ағыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жал-

пыға жария ету, сырт күштердің бізге қарсы бағытталған саяси күштері және де тағы да басқа өмірде болып жатқан құбылыстар жиынтығы. Осының бәрі қылмыстылықтың орын алуы мен болдырмау салдары деп мен түсінем. Бұдан да артық тереңдете түсініктеме беретін ғалымдар мен ізденушілер тобы бар деп білем. Сол себепті қылмыстылық жер күнді айналғандай табиғи заңдылық сияқты маған көрінеді.

Осы жерде орыстың мемелекет қайраткері, тарихшы, этнограф А.И. Левшиннің 1820 жылы жазылған «Жеті жарғы» қазақтың басқару және заңдар үлгісі атты еңбегінде мынандай тарихи деректер келтіреді, содан үзінді: «Бірінші орында әділ жаза қолдану орын алды:

- Ұрлық, тонау, зорлық, зинақорлық жасағаны үшін өлім жазасына кесіледі.

- Сот шешімімен өлтірілген адамның туыстары кісі өлтіргенді өлтіруге құқылы, ал қолды, аяқты, құлақты және басқа мүшені кескендердің тура осындай дене мүшелері кесілуі тиіс» [В.Н. Кудрявцева, В.Е. Эминова].

Алайда сот үкімімен немесе талапкердің келісімімен жаза жеңілдетілуі мүмкін, бірақ қылмыскер кез келген қылмысы үшін белгіленген мөлшерде төлемақымен жазаланады. Кісі өлтірген құн төлеумен өмірін сақтап қала алады, яғни әрбір өлтірген ер адам үшін 1000, ал әйел үшін 500 қой құн төлесе, біреудің дене мүшесіне зақым келтірсе 100 немесе 20 қой көлемінде құн төлеп жазадан құтылған». Осы айтылған деректер сол замандағы қылмыспен күресте және қылмыстың алдын алуда ерекше рөль ойнаған. Дерек көзге қарап тұрсақ қылмыс жазап жаза басқан адамға өлім жазасы төніп тұрса, жәбір көрген жаққа құн төлеу арқылы өз өмірін сақтап қалуға мүмкін болған. Бұның өзі мен алдыңғы таруаларда қарастырып кеткен қатал жаза орнына жеңіл жаза тағайындау арқылы қылмыстылықты азайту қағидасына дәл келіп тұр. Содан болса керек тарихи байланыс өз ізгілігін тауып қазіргі біздің қылмыстық заңнамада татуласуға, айыппұл төлеп жәбірленушімен келісімге келу туралы нормалары бар, яғни бұлда әлеуметтік психологиялық ізденіс нәтижелерінің қылмыстылықты азайтуға қатысты қағидаларының жұмыс жасап жатқанын білдіреді. Бұл өз кезегінде біздің зерттеу жұмысымыздың нақты фактілермен дәлелін тауып жатқанында деп айтсам артық етпес.

Осы ойымыздың жалғасы ретінде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасында ату жазасын қолдануды БҰҰ деңгейінде хаттамаға қол қою арқылы тиым салуы, біз көтерген мәселелердің, яғни, қатал жаза орнына жеңіл жаза тағайындау арқылы қылмыстылықты азайту екені баршаға мәлім деп ойлаймыз.

Мемлекет, қоғам ондағы даму үрдістері адамдармен етене байланысып жатқан дәуірде қылмыс пен қылмыстылық бола бермек, тек онымен жүйелі күрес жүргізу арқылы адам сенгісіз көрсеткішке дейін төмендетуге болатынына сенімдіміз.

Бір ғана Алматы қаласында 50 000–ға дейін қылмыстық құқық бұзушылық тіркеледі екен, осының өзі қоғамдағы саяси, құқықтық-әлеуметтік реформалардың әлі де болса жеткілікті деңгейде жетіліп-піспеуінде, сол себепті қылмыстылықты және жалпы қылмысты зерттеп-зерделеу және де жалпы қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмау бүгінгі қоғамның қасиетті борышы секілді бізге көрінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған, Алматы қаласы «Юрист» баспасымен басылып шығарылған.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне комментарий. 2-ші басылым. Баспа: И.Ш. Борчашвили редакциясымен – Алматы «Жеті жарғы» 2007 жыл.

3. Көпке ұмтылған жалғыз әлеуметтік психологияға кіріспе , Эллиот Аронсон, Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. «Рухани жаңғыру»мемлекеттік бағдарламасымен шығарылған кітап.

4. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану). Оқулық.-Алматы, 2005 ж. 192 б.

5. Кондрашков Н.Н., Коробейников Б.А., Кузнецова Н.Ф., Лейкина А.Н., Миньковский Г.М., т.б. авторлар тобы. Криминология оқулық., РФ Мәскеу, баспа; «Заң әдебиеті», 1988 жыл.

6. В.Н. Кудрявцева және В.Е.Эминованың редакциясымен. Криминология оқулық., РФ Мәскеу. Баспа «Юрист», 1995 жыл.

7. Орыстың мемлекеттік қайраткері, тарихшы, энограф А.И. Левшиннің 1820 жылы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» туралы жазған очеркісінен үзінді.

8. Теңдей болу құқығы – антикадан қазіргі уақытқа дейін. Мақалалар, ойлар мен сөздер жиынтығы, Алматы, «Жеті жарғы», 1995 жыл.

ӘОЖ 343

ҚАЛАҒАНОВ БАҚЫТБЕК,
Заң ғылымының кандидаты, профессоры,
Құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

АПАХАЕВ НУРЛАН ЖИЛКАЙДАРОВИЧ,
Заң ғылымының кандидаты, профессоры,
Құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Ғылыми мақала сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді қалыптастыру, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мақсатында мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жасалған және білім беру ұйымдарында іске асырылатын жалпы білім беру бағдарламаларына негізделген жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үшін білім беру мен тәрбиелеудің мақсатты процесі болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттерге білім беруді зерттеуге арналған. Сыбайлас жемқорлық, азаматтық қоғам және заңның үстемдігі мемлекеттік және құқықтық құбылыстар ретінде бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу, жеке тұлғаның берік моральдық негіздерін, азаматтық позициясы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тұрақты дағдыларын қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім берудің басты мақсаты болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім оның сыбайлас жемқорлық сияқты құбылысқа қатысты тұрақты азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін оның құндылық көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Қазақстанда сыбайлас жемқорлық кең етек алып, қоғам өмірінің барлық салаларына еніп жатқан жағдайда, құқықтық біліммен тығыз байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімге ерекше мән беру қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру білім беру ұйымы қызметкерлерінің мақсатты және жүйелі қызметін қамтиды. Олардың қызметі ең алдымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың әр түріне қарсы тұру, сондай-ақ субъектілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылығын қалыптастыру мақсатында құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталуы керек.

Түйін сөздер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, құқықтық тәрбие, білім, құқықтық сана, заңдылық, сыбайлас жемқорлық, жеке тұлға, құқық бұзушылық, құқықтық нигилизм, азаматтық қоғам, адамгершілік, адамгершілік қасиеттер.

Резюме. Научная статья посвящается, исследованию антикоррупционного образования которое является целенаправленным процессом обучения и воспитания в интересах личности, общества и государства, основанным на общеобразовательных программах, разработанных в рамках государственных образовательных стандартов и реализуемых в образовательных учреждениях для решения задач формирования антикоррупционного мировоззрения, повышения уровня правосознания и правовой культуры обучающихся. Коррупция, гражданское общество и правовое государство, как государственно-правовые явления, тесно связаны и взаимообусловлены. Формирование антикоррупционного мировоззрения, прочных нравственных основ личности, гражданской позиции и устойчивых навыков антикоррупционного поведения является главной целью антикоррупционного образования. Антикоррупционное воспитание позволяет развивать её ценностные установки для формирования устойчивой гражданской позиции относительно такого явления, как коррупция. На сегодняшний момент в условиях когда в Казахстане коррупция широко распространяется и внедряется во все сферы жизнедеятельности общества необходимо особое значение придать антикоррупционному просвещению которое тесно связано с правовым воспитанием. Антикоррупционное образование включает целенапраленную и систематическую деятельность со стороны сотрудников учебного заведения. Их деятельность должна быть направлена в первую очередь повышению правового сознания и правовой культуры в целях противодействия различным видам коррупционных правонарушений а также формирования антикоррупционной устойчивости субъектов.

Ключевые слова: Аниткоррупционное воспитание, правовое воспитание, образование, правосознание, правовое государство, коррупция, личность, правонарушение, правовой нигилизм, гражданское общество, нравственность, моральные качества.

Summary. The scientific article is devoted to the study of anti-corruptioneducation, which is a purposeful process of education and upbringing in the interests of the individual, society and the state,

based on general education programs developed within the framework of state educational standards and implemented in educational institutions to solve the problems of forming an anti-corruption worldview, increasing the level of legal awareness and legal culture students. Corruption, civil society and the rule of law, as state and legal phenomena, are closely related and interdependent. The formation of an anti-corruption worldview, solid moral foundations of the individual, civic position and sustainable skills of anti-corruption behavior is the main goal of anti-corruption education. Anti-corruption education allows her to develop her value attitudes to form a stable civic position regarding such a phenomenon as corruption. At the moment, in conditions when in Kazakhstan corruption is widely spread and is being introduced into all spheres of society's life, it is necessary to attach special importance to anti-corruption education, which is closely related to legal education. Anti-corruption education includes purposeful and systematic activity on the part of the staff of the educational institution. Their activities should be aimed primarily at increasing the legal awareness and legal culture in order to counter various types of corruption offenses, as well as to form the anti-corruption stability of the subjects.

Keywords: Anti-corruption education, legal education, education, legal consciousness, rule of law, corruption, personality, delinquency, legal nihilism, civil society, morality, moral qualities.

Бүгінгі таңда әлемдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесінің өзектілігі өте жоғары. Сыбайлас жемқорлық - бұл барлық мемлекеттер мен мәдениеттерге тән құбылыс, ол кез-келген елдің мемлекеттік құрылымының экономикалық құрамдас бөлігін ғана емес, сонымен қатар біздің өміріміздің саяси, идеологиялық, адамгершілік, моральдық, мәдени аспектілеріне түбегейлі зиян келтіретін және қоғам үшін жойқын құбылыс [Годунов И.В., 2012, 296 б.]. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында жаңа кезеңге аяқ басты. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені жетілдіру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдадық. Алайда, бізге шет елдердің тәжірибесін зерттеуді жалғастыру және қылмыстың осы түрімен күресудің озық тәжірибесін енгізу қажет», - деді [https://strategy2050.kz/ru/news/narod-dolzhen-aktivno-protivodeystvovat-korruptsii- azarbaev/].

Қазақстан өркениетті мемлекетке айналуы үшін ең алдымен құқықтық мемлекетке айналуы керек. Құқықтық мемлекет, өздеріңіз білетіндей, дамыған азаматтық қоғамға негізделген. Сыбайлас жемқорлық, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет, мемлекеттік құқықтық құбылыстар ретінде бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді, яғни олардың генезисі, қызмет етуі мен дамуы жекелеп алғанда әрқайсысының «күйіне» тікелей байланысты. Өкінішке орай, Қазақстандағы жемқорлық қоғамдық өмірдің барлық салаларына еніп кетті. Кезінде Карл Маркс бюрократияның мәнін өте айқын көрсетіп, оның мемлекетті өзінің жеке меншік деп санайтындығын айтқан болатын.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері қарапайым түрде мемлекеттік қызметтің өте күрделі ерекше және құпия түрлерінде жасалады, бұл жерде кәсіпқой емеске түсіну өте қиын. Сыбайлас жемқорлық әртүрлі жағдайларға бейімделудің жоғары дәрежесімен сипатталады. Ол үздіксіз өзгеріп, жетілдіріледі, сондықтан оның негізгі ерекшелігі - латенттілігі. Іс жүзінде осы құбылыс туралы қандай да бір толық және ең болмағанда репрезентативтік деректер жоқ, сот алдында отырған кінәлі адамдар одан да аз және олардың тек бірліктеріне ғана, әрі қауіпті санаты төмен адамдарға нақты қылмыстық жаза тағайындалады [Алауханов Е.О., Турсынбаев Д.Е., 2008, 11 б.].

Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болмаса, онда дамыған азаматтық қоғамда қалыптаса алмайды. Мұның бәрі мемлекетіміздің дамуын едәуір бәсеңдетіп қана қоймайды, сонымен қатар оны ұзақ жылдарға шегеруі мүмкін. Демек, азаматтық қоғамды жеделдетіп қалыптастыру бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспармен тығыз байланыста болады. Азаматтық қоғам жеке адамдар мен олар құрған бірлестіктер заң негізінде ерік білдіруіне сәйкес өз мүдделерін жүзеге асыратын қатынастардың жүйесі ретінде орташа табыстың жеке меншігіне негізделген және оның пайда болуымен туындайды [Соколов А.Н., 2005, 8 б.].

Келешек ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша білім беру және ағарту жұмыстары қазақстандық қоғам өмірінің түрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын және тамақтандыратын себептер мен жағдайларды жою (минимизациялау) бойынша мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бөлігі болып табылады. Білім берудің маңызды бағыты сыбайлас жемқорлық көріністерінен бас тарту үшін білім беру ортасын құру, адамгершілік деңгейі жоғары, сыбайлас жемқорлыққа бағынбайтын азаматтарды тәрбиелеу болуы керек.

Бүгінгі күні жас ұрпақтың білім беру және тәрбие жұмысының теориясы мен практикасына басқаша қарау қажет. Азаматтық қоғамды нығайту мен дамытудың қажеттілігі, құқықтық тұрғыдан сауатты, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы қажетті білімді, осы білімді күнделікті өмірде қолдана алатын, сыбайлас жемқорлық көріністерін өздерінің азаматтық құқықтарын бұзу ретінде қабылдайтын және осы құқықтарды қорғауға дайын азаматтарды тәрбиелеу Қазақстанның барлық оқу орындарының

негізгі мәселесі болып тұр.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру – аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

«Түрме» - ауыр қылмыстар немесе аса ауыр қылмыстар үшін сотталған адамдарды ұстауға ар-

налған мекеме. XIX және XX ғасырларда бас бостандығынан айыру ауыр қылмыскерлерді жазалаудың негізгі құралы ретінде дене жазасын, өлім жазасын және жер аударуды ауыстырды.

Тарихи тұрғыдан өлім жазасын және денеге келтірілген жарақат арқылы әртүрлі жазалау түрлері қылмыстық іс-әрекеттер үшін ең көп таралған жаза болды.

XII ғасырда ағылшын түрмелері айыпталушыларды олардың істерін корольдік сот қарағанға дейін ұстау орны ретінде бас бостандығын айыру мекемелерін кеңінен қолданылды. Біртіндеп бас бостандығынан айыру тек сот отырысын күткен адамдарды қамауда ұстау құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге сотталған қылмыскерлерді жазалау құралы ретінде де қабылдана бастады [https://infopedia.su/10x5aa.html (Жүгінген күні: 18.09.2020 ж.)].

Қылмыстық жаза ретінде бас бостандығынан айыру оны жүзеге асыру үшін материалдық база құрған капиталистік қатынастардың қалыптасу кезеңінде кеңінен қолдануға ие болды.

Алдымен, жазаның бір түрі ретінде бас бостандығынан айыру жазасына тартылу қылмыстық құқықпен реттелетіндігін атап өтуіміз қажет. Бас бостандығынан айыру – бұл арнайы осыған арналған мекемелерде мәжбүрлі түрде сотталушыны оқшаулау. Жаза түрі ретінде бас бостандығынан айырудың мәні мен рөлін анықтау кезінде қылмыстық жазалау жүйесінің өзі де маңызды орын алады.

Қазіргі таңда сотталушылардың құқықтары жөніндегі сұрақтар көптеген пікір-таластар тудыруда. Соның ішінде оқшаулау мекемелерінде бас бостандығынан айыру жасасасын өтеушілер санаты үшін осы мекемелерде барынша қайта бейімделуге жағдай жасау жөнінде болып отыр. Мәселен, Ұлыбританияда көптеген «түрмелерде» жаттығу залдары, кітапхана үнемі ашық, аптасына 15 сағат оқу міндетеледі. Ал, ағылшын «түрмелерінде» сотталушылар қолөнердің киім тігу, ауылшаруашылық еңбегіне, бақша күтімі сынды белгілі бір түрімен айналысады. Осы сынды бағдарламалардың мақсаты – сотталушыларға еркіндікке шыққаннан кейін жұмыс табуға көмектесу, заң сыйлаушы азамат ретінде қоғамдық өмірге бейімдеу [https://infopedia.su/10x5aa.html (Жүгінген күні: 18.09.2020 ж.)].

Қазіргі Қазақстанның қылмыстық кодексі жазаны сот үкімі бойынша тағайындалған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы ретінде айқындайды және сотталған адамды қоғамнан оқшауланған колонияларға жіберу немесе белгілі бір жағдайларда түзеу колонияларына орналастыру арқылы бөліп тұрады. Жаза қылмыс жасап, кінәлі деп танылған адамға қатысты ҚР ҚК-де көрсетілген негіздерде ол адамның бас бостандығынан айыру не құқықтары мен бостандықтарын шектеу арқылы қолданылады. Бұл дегеніміз қылмыстық кодексте көзделген жазаларды қолдануда бас бостандығынан айыру жазасының үлесі жоғары екендігінің көрсеткіші болып отыр.

Талданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қазіргі нормалары жалпы ережелермен біріктірілген - бұл бостандықты шектеу, қоғамнан оқшаулау және арнайы түзеу мекемелерінде ұстау. Оларды бір-бірінен ажырататын ережелер бар: бас бостандығынан айыру (шектеу) мерзімдері, құқықтық салдар, бас бостандығынан айыру (шектеу) жазасын өтеу орындары, олардың жіктелуі, бас бостандығынан айыру (шектеу) түріндегі қылмыстық жазадан босатудың шарттары.

Қылмыстық құқықты одан әрі жетілдіру адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заңдардың сапасын арттыруға байланысты, ол заң тұрғысынан дәл әрі оның салдарларының болжамды болуы талаптарына сәйкес келуі тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде нақты тұжырымдалуы және құқықтық іс-әрекетті құқыққа қайшы іс-әрекеттен айыруға мүмкіндік беретін ұғымды өлшемдерге негізделген болуы тиіс, бұл ретте заң қағидаларын өз бетінше түсіндіру мүмкіндігін болдырмау қажет.

Қылмыстық құқық бойынша жаза деп қылмыс жасауға кінәлі және соттылыққа әкеп соқтыратын сот тағайындаған жазалау элементтерін де, тәрбие элементтерін де қамтитын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын түсіну керек. Жаза мемлекет пен қоғам атынан қылмыстық әрекет пен қылмыскерге теріс құқықтық, әлеуметтік және моральдық бағасын білдіреді.

Біздің ойымша, қылмыстық жаза қылмыстық-құқықтық ғылымда ең күрделісі және көп қырлысы болып табылады. Оның мәні – қылмыстық құқықтың өзін, ең алдымен, қорқыту және жаза қолдану арқылы жүзеге асыруымен айқындалады.

Ал, бостандығынан айыру дегеніміз - сотталған адамның қоғамнан оқшаулануын, үкімде көрсетілген мерзімде міндетті түрде жазаны орындайтын мекемеге орналастыруды көздейтін жаза түрі деп түсініледі.

Қылмыстық құқықты түсінудің теориялық аспектілеріндегі проблемалар құқық қолдану мазмұнымен тығыз байланысты. 1997 жылғы ҚР ҚК тиісті баптарының санкцияларында көзделгендей, ұсынылған негізгі жазалардың ішінде ең көп бөлігі бас бостандығынан айыру болса, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде жазаның бұл түрі қайтадан басым болып отырғандығы, қайта назар салу керек екендігін көрсетеді.

З.О. Ашитов, Б.З. Ашитов еңбегінде бас бостандығынан айыру – қауіпті қылмыс жасаған кінәліге, оған әсер ете отырып еңбекпен түзеу мақсатында, оқшаулау жолымен жүзеге асырылатын қылмыстық жазаның түрі деген анықтама бере отырып, бұл жаза кінәліні қайта тәрбиелеу және түзеу мүмкін болмаған жағдайда қолдану қажеттігін, әрине оның іс-әрекеті қауіпті болса, қоғамға қарсы көзқарас тудырғанда, себебі айтарлықтай тереңірек болған кезде қолданған орынды деп көрсетеді [Ашитов З.О., Ашитов Б.З., 2011 ж., 264 б.]. Себебі

қазіргі таңда сотталушыларға оң әсер ететіндіктен жазаның бұл түрін қолдану маңызды болып отыр.

Сот тәжірибесінде ең көп таралған қылмыстарды қарау кезінде ескерілетін белгілі бір жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар белгіленді. Оларды жекелеген істер санаттарына топтастырып, содан кейін оларды жиі кездесетін баптар диспозициясына топтастыруға болады.

Нормалар құру саласындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру бір мезгілде келесі бағыттар бойынша жүруі керек: 1) оларда сипатталған қылмыстардың ауырлығын ескере отырып, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптары бойынша жауапкершілікті бөлу (санаттауды жалғастыру); 2) бас бостандығынан айырудың ең төменгі және ең жоғары шектерінің қысқарту, 3) ауырлататын жағдайларда жасалған қылмыстың бір бабы шегінде ең төменгі жазаның ұлғаюы; 4) қайталанатын қылмыс құрамдарын біріктіру.

Бас бостандығынан айыру сияқты жаза, сотталушы мен оның қоршаған ортасына қайғы мен қасірет әкелетінін, оларға жанашырлық пен түсіністік тудыратынын ұмытпауымыз керек. Бізге ұнайды ма, жоқ па, бас бостандығынан айыру дегеніміз - адамның өзі өскен, оқыған, жұмыс істейтін және демалатын тұрақты және жақын ортасынан «шығарылуы». Бұл жерде нақты адам туралы, қылмыстық-құқықтық жүйе жұмыс істейтін нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туралы сөз болғанда гуманизмнің абстрактілі сипаты орынды бола алмайтындығын да естен шығармауымыз керек.

Осы тұрғыда, ауыр, аса ауыр қылмыстық жаза түрін білдіретін «Бас бостандығынан айыру» термині нақтылануы тиіс. Өйткені бас бостандығынан айыру жазасы элементтері қылмыстық жазаның басқа да түрлерінде кездесетіндіктен, ол жаза түріне нақты анықтама берілуі тиіс. Қазіргі «Белгілі мерзімге бас бостандығынан айыру» анықтамалары да нақтылануы тиіс.

Норвегиялық криминолог Н. Кристидің айтуы бойынша, кез-келген қылмыстық жазаның мәнін ол «ауыру», азап (шектеулер, айырулар) себеп болатын білу керек. Сотталушыларда да құндылықтар жүйесі орын алады. Олар жасалған қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекеттері үшін қамауға алынудан ұялатындай болу керек, егер олай болмаса өзінің жағдайынан (қамауда отырғандығынан ұялар) уайымға салынып, өмірі текке өтіп жатқандығымен сезінуі тиіс. Қылмыскер де қоғамдағы азаматтар сынды, өзінің жаман әрекет жасағандығын біледі. Сондықтан бұл тұста жазаның мазмұнын қарастыра отырып, қандай жағдайларда жазаланушының психикасына әсер етуге болатындығын объективті элементтерден тұратындығын, қасиеттерін ажырата білу қажет [Кристи Н., 1985 ж., 22, 26 б.].

Соттардың назарын, қылмыстық топтардың құрамында, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар және түзету жолына түскісі келмейтін бұрын сотталған адамдардың жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдарға қатысты заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын қолданудыжәне міндетті талқылау қажетігіне аудару керек [Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е., 2017 ж., 81 б.].

Қылмыстық жазалау шараларын үнемдеу қылмыстың санаттарына қатысты келесіден көрініс табады: сот қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген санкция негізінде ғана жаза тағайындай алады. Қазіргі кездегі қылмыстық заңдардың жаппай ізгілендіруіне байланысты, соттар жасалған қылмыс бойынша қылмыстық істерді қарау барысында бас бостандығынан айыру жазаларын қолдануы міндетті сипатта болады. Яғни, Қылмыстық кодекстің санкциялары балама болғандықтан, сәйкесінше жазаның да бірнеше түрлері көрсетілген. Сот осыған байланысты, жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, қылмыскердің тұлғасын, басқа да мән-жайларды қарастыра отырып, айыппұл, бостандығын шектеу сияқты жеңіл жазаларды тағайындауға құқылы.

Осы тұрғыда ғалым Т.К. Акимжанов Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жазаның негізгі түрі ретінде бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға қатысты кейбір шектеулер енгізу қажеттігін айтады. ҚР ҚК Ерекше бөлігінің жекелеген баптарынан қоғамға аса қауіп келтірмейтін іс-әрекеттерді жазаның басқа түрімен алмастыра отырып, жазаның осы түрін азайту үшін ары қарай жұмыстар жүргізу қажет деп нақты көрсетеді. Мысалы, қылмыс құрамын ескере отырып, (терроризм, экстремизм, шпионаж сынды қылмыстардын басқа) кейбір санаттағы, атап айтқанда 63 жастан асқан қарт адамдарға, жүкті әйелдерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектер үшін қатысты бас бостандығынан айыру жазасын тағайындамау жөнінде өзгеріс енгізу қажеттігін ұсынады [Акимжанов Т.К., 2019 ж., 6 б.].

Өз кезегінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталушылардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, бір жағынан, сотталғандардың денсаулығын сақтауға, екінші жағынан, қорғау, түзеу және жазасын өтеу функцияларын жүзеге асыруға қабілетті [Минязева Т.Ф., 2001 ж., 11 б.].

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу шарттарына қатысты, бұл жағдайда сотталғандарды қамтамасыз ету олардың нақты субъективті құқықтары мен заңды мүдделерінің кешені, сондай-ақ оларды осы жазаны өтеу процесінде оны пайдалану тәртібін құрау керек деген С.И. Кургановтың көзқарасын қолдау қажет [Зубков А.И. (ред), 2003 ж., 23 б.].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бас бостандығынан айыру жазасын сақтау үшін негіз болған келесі жағдайлардың кейбірін атап өтуге болады:

- бас бостандығынан айыру – ауыр, аса ауыр қылмыс жасаушыларға қолданылатын жазаның әділетті салдары болуы тиіс;

- ол бірнеше рет сотталған адамдардың, рецидивист, түзетілу жолдарына бағынғысы келмейтін, басқа жаңа қылмыстардың алдын алу үшін талап етілуімен қатар, осы адамды қоғамнан белгілі бір мерзімге оқшаулау үшін жазаның бұл түрі қажет;

- бас бостандығынан айыру - мемлекет тарапынан белгілі бір қылмыстарды ресми түрде айыптаудың көрсеткіші, яғни қылмыстың жалпы алдын-алу мақсатында қажет.

Осылайша, бас бостандығынан айыру қылмыскерлердің белгілі бір топтарын ерекше бақылау құралы ретінде сақталады.

Оны ауыр қылмыс жасалған кезде қолдану орынды, сонымен қатар қоғамға қауіптілік дәрежесі аз қылмыстар бойынша, егер кінәлінің жеке басына байыпты ықпал ету үшін қолданған орынды. Егер біз қылмыскердің жеке басын есте ұстайтын болсақ, онда оған жеткілікті жаза мөлшері бірқатар факторларға байланысты: сананың деңгейі, мәдениеті, отбасы мен қоғамдағы орны, ойлау тәсілі және т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның болуы қажет екендігіне қарамастан, оның белгілі бір теріс әлеуметтік зардаптарын да ескермей болмайды. Бұларға сотталған адамдардың отбасының, әсіресе олардың материалдық жағдайының төмендеуін жатқызуға болады.

Бас бостандығынан айыру – қылмыстық құқыққа мәлім ең қатаң жазалардың бірі. Осыған байланысты бұл жаза сотталушыны түзету және жазаның мақсаттарына жету, оның өзге түрлерін қолдану арқылы мүмкін болмаған кезде ғана қолданылуға тиіс.

Мәселе бойынша қорытынды: қылмыстық жазаның бір түрі ретінде бас бостандығынан айыру - бұл сотталған адамды қоғамнан оқшаулауды, оны жазасын үкімде көрсетілген мерзімге міндетті түрде орындайтын мекеменің біріне орналастыруды көздейтін жазаның бір түрі. Сондықтан да, *қылмыстық жазаның «бас бостандығынан айыру» атауына келетін болсақ, оны «мәжбүрлеп оқшаулау» деп ауыстыруды уақыттың өзі қажет етіп отыр деп ойлаймыз.*

«Бас бостандығынан айыру – бұл үкім бойынша сотталушыны белгілі бір мерзімге қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне орналастырумен қоса оның еркінен тыс жүріп-тұру мүмкіндігінен айырумен, азаматтық құқықтар мен бостандықтардың шектелуімен байланысты, ол тәрбиелік ықпалға ұшыраған кезде, өзінің кінәсін тәртіптік режимнің әсері, жазаны орындау мен өтеудің белгіленген тәртібі арқылы қоғамдық пайдалы жұмыс, тәрбиелеу, кәсіби оқыту арқылы түзетуге бағытталған қылмыстық жазаның ауыр түрі»,- деген анықтама беру орынды болады деп санаймыз.

Сонымен, жазаның жалпы ережелеріне негізделе отырып, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза сот үкімі бойынша сотталған адамға тағайындалатын *мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы* болып табылады деп қорытындылауға болады. Жаза қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ҚР Қылмыстық Кодексінде көзделген осы адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу болып табылады.

Қылмысқа жауап – ол жаза қолдану, сонымен бірге жаза қолдану – қоғамды қылмыстан сақтайтын және жаңа қылмыстың жасалуына жол бермеудің қажетті құралы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Электронды ресурс: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. http://adilet.zan.kz/kaz/ docs/ (Жүгінген күні: 28.08.2020 ж.)
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. – Алматы, 2020
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Электронды ресурс: http://adilet.zan.kz (Жүгінген күні: 20.08.2020 ж.)
4. Development of the Prison System. Электронды ресурс: https://infopedia.su/10x5aa.html (Жүгінген күні: 18.09.2020 ж.)
5. Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Жеті Жарғы, 2011. – 264 б.
6. Кристи Н. Пределы наказания. М., Прогресс. - 1985. – 22, 26 б.
7. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан. Учебник. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев. - Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВО «Челябинский государственный университет», 2017. – 81 б.
8. Акимжанов Т.К. Уголовно-правовое воздействие и его роль в предупреждении преступности. Сборник статей по материалам IV Всероссийской научно-практической конференции (Саратов, 30 сентября – 1 октября 2019 г.).- 6 б
9. Минязева Т.Ф. Правовой статус личности осужденных в Российской Федерации. – М.: НОРМА, 2001. –11 б.
10. Уголовно-исполнительное право России: теория, законодательство, международные стандарты, отечественная практика конца XIX - начала XX века / под ред. А. И. Зубкова. – М.: Норма, 2003. – 23 б.

ӘОЖ 343

КУАНАЛИЕВА ГУЛЬДАНА АМАНГЕЛЬДИЕВНА
Заң ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (доцент)
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
e-mail: kuanalieva.guldana@mail.ru

АХАТОВ УАЛИХАН АҚЫПБЕКОВИЧ
Заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
e-mail: yali-79_kz@mail.ru

ПАРАҚОРЛЫҚТЫ САРАЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада парақорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызы, негізгі әдістері және қылмыстық-құқықтық реттеу ерекшеліктері талқыланады. Парақорлықтың қоғамдық және мемлекеттік институттарға келтіретін залалы қарастырылып, оның алдын алу шаралары сипатталады. Сонымен қатар, Қазақстандағы парақорлықпен күрестің құқықтық негіздері мен халықаралық тәжірибе талданады. Автор парақорлықтың себептері мен салдарын анықтап, тиімді шешімдер ұсынады. Бұл зерттеу парақорлықты төмендетуге бағытталған жүйелі шараларды әзірлеуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: парақорлық, сыбайлас жемқорлық, парақорлықпен күрес, заң үстемдігі, парақорлықтың алдын алу, құқықтық реформалар, мемлекеттік қызметтің ашықтығы, жемқорлық тәуекелдері, жемқорлыққа қарсы заңнама, этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, халықаралық тәжірибе, пара беру және пара алу, жемқорлыққа қарсы стратегия.

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ КВАЛИФИКАЦИИ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВА

Аннотация. В данной статье рассматриваются значение противодействия коррупции, основные методы и особенности уголовно-правового регулирования. Анализируются ущерб, наносимый коррупцией общественным и государственным институтам, и описываются меры по ее предотвращению. Также исследуются правовые основы борьбы с коррупцией в Казахстане и международный опыт. Автор выявляет причины и последствия коррупции, предлагая эффективные решения. Это исследование способствует разработке системных мер, направленных на снижение уровня коррупции.

Ключевые слова: коррупция, борьба с коррупцией, верховенство закона, предотвращение коррупции, правовые реформы, прозрачность государственной службы, коррупционные риски, антикоррупционное законодательство, этика и антикоррупционная культура, международный опыт, дача и получение взятки, антикоррупционная стратегия.

SOME PROBLEMS WITH THE QUALIFICATION OF BRIBERY

Annotation. This article discusses the importance of combating corruption, the main methods, and the specifics of criminal-legal regulation. The damage caused by corruption to public and state institutions is analyzed, and preventive measures are described. Additionally, the legal framework for combating corruption in Kazakhstan and international experience are examined. The author identifies the causes and consequences of corruption and proposes effective solutions. This study contributes to the development of systematic measures aimed at reducing the level of corruption.

Keywords: corruption, anti-corruption measures, rule of law, corruption prevention, legal reforms, transparency of public service, corruption risks, anti-corruption legislation, ethics and anti-corruption culture, international experience, bribery, anti-corruption strategy.

Сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің экономикасының дамуына кедергі келтіретін қауіп-қатердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау, оның алдын алу мақсатында мемлкетіміз-де көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлық мәселесі бүгінде күрмеуі қалың күрделі мәселе болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының бірі ретінде парақорлық қылмыстары болып табылады, парақорлық қылмыстарына: ҚРҚК 366-бабына сәйкес, пара алу - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды

атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы [1];

ҚРҚК 367-бабына сәйкес, пара беру - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру [1];

ҚК 368-бабына сәйкес, парақорлыққа делдал болу - парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету болып табылады [1].

Парақорлық оның барлық нысандары қылмыстық сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтың бір түрі ретінде (ҚР ҚК-нің 366-бабы пара алу, ҚР ҚК 367-бабы пара беру, ҚР ҚК 368-бабы парақорлыққа делдал болу) жалпы сыбайлас жемқорлықтың және оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстың негізін құрайды және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес ежелден қай мемлекетте болмасын басты орын алады. Қазақстан Республикасы да тыс қалмайды. Сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін салдары өте ауыр болды, өйткені сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің іргетасын бұзып қана қоймай, қоғамдық қатынастарды криминализациялауға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен қауіп-қатерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы осы жағымсыз әлеуметтік құбылысқа қарсы тұру үшін мемлекеттік деңгейде белсенді шаралар қабылдауда.

Парақорлық — қоғамның дамуын тежейтін, экономикалық және әлеуметтік салаларға зиян тигізетін маңызды мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасында парақорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл мақалада парақорлықтың себептері, салдары және онымен күресу шаралары қарастырылады.

Е.В. Краснопееваның пікірінше, «Парақорлық ұғымын бірнеше қырынан қарастыру қажет: этимологиялық, қылмыстық-құқықтық және криминологиялық. Негізгі ұғым ретінде парақорлықтың қылмыстық-құқықтық мағынасы: Парақорлық — жинақтаушы термин, бұл ең алдымен кеңестік және ресейлік қылмыстық құқықтың даму тарихымен түсіндіріледі, онда парақорлықтың барлық көріністері үшін жауапкершілік көзделген. Бұл ұғым пара алудың (РФ ҚК 290-бабы) және пара берудің (РФ ҚК 291-бабы) екі құрамына тән негізгі белгілерді қамтиды, бұл қылмыстық құқық теориясында қалыптасқан көзқараспен сәйкес келеді.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан парақорлық ұғымы криминологиялық және этимологиялық ұғымдарды қамтитын кеңейтілген орбиталардың ядросы болып табылады» [2].

С.И. Вейберттің ғылыми зерттуінде, «Парақорлық ұғымы екі дербес қылмыс құрамын сипаттайтын жинақтаушы термин болып табылады – пара алу және пара беру. Парақорлық үшін жауапкершілікке қатысты нормалар уақыт өте келе елеулі өзгерістерге ұшырайды, бұл көп жағдайда алдыңғы заңнаманың ережелерін қабылдаумен байланысты. Бұл жағдайды жаңа ережелерді әзірлеу кезінде ескеру маңызды» деп көрсетеді [3].

Парақорлық дегеніміз — мемлекеттік немесе қоғамдық қызметкерлердің өз өкілеттіктерін жеке пайда табу мақсатында заңсыз пайдалануы. Оның негізгі себептері:

1. Төменгі жалақы деңгейі және әлеуметтік қорғаудың жеткіліксіздігі. Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысының төмендігі олардың жемқорлыққа бейімділігін арттырады. Жалақыны көтеру және әлеуметтік қорғау шараларын күшейту — парақорлықпен күрестегі маңызды қадамдардың бірі.

2. Құқықтық сауаттылықтың төмендігі. Қоғам мүшелерінің құқықтық сауаттылығы төмен болған жағдайда, олар парақорлықтың қаупін толық түсінбейді және бұл мәселені шешуге белсенді қатыспайды. Ағартушылық жұмыстарды күшейту және құқықтық білім беру жүйесін дамыту қажет.

3. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі ашықтық пен есептіліктің жеткіліксіздігі; Мемлекеттік басқару жүйесінде ашықтықтың болмауы жемқорлыққа жағдай жасайды. Қоғамдық бақылауды арттырып, есептілік жүйесін жетілдіру арқылы бұл мәселелерді шешу мүмкін.

4. Қоғамдағы жемқорлыққа төзімділіктің болуы.

Парақорлықтың салдарына келетін боласақ, парақорлықтың әлеуметтік, экономикалық және саяси салдары кең көлемде көрініс табады. Негізгі салдары:

- экономикалық даму қарқынының төмендеуі;
- қоғамдық сенімнің азаюы;
- әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі;
- мемлекеттің халықаралық беделінің түсуі.
- экономикалық зардаптар.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, қоғамның жеке адамды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауға кепілдік беруге қабілетті құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуін объективті қажет етуі және мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді саясаты құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етудің маңыздылығын айқындайды [4].

Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша - 55 баллдан төмен емес. Транспаренси Интернэшнл – Казахстан - Ұзақ

уақыт бойы сыбайлас жемқорлық мәселесі бойынша ең беделді зерттеу Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (СЖҚИ) болып табылады. Transparency International оны жыл сайын әртүрлі елдердің мемлекеттік секторындағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейіне сараптамалық бағалау негізінде құрастырады және 13 дереккөз негізінде құрастырылады (Қазақстанды 9 рейтингтік агенттік бағалайды). СЖҚИ 180 елді қамтиды, олар 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша бағаланады, 0 сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың ең жоғары деңгейі және 100 ең төменгі деңгей. 2021 жылы Қазақстан 37 ұпай жинады, бұл өткен жылмен салыстырғанда бір ұпайға аз [5].

Қазақстандағы ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және есепке алу Комитетінің 2015-2020 жылдар аралығындағы деректерін қарастырсақ:

- 2019 жылы Қазақстанда 172 адам пара алғаны үшін, 214 адам пара бергені үшін, 39 адам парақорлыққа делдал болғаны үшін сотталды. 2019 жылы 1 адам пара алғаны үшін ақталды.

- 2020 жылы Қазақстанда пара алғаны үшін 334 адам сотталды, пара бергені үшін 244 адам сотталды, парақорлыққа делдал болғаны үшін 24 адам сотталды. 2020 жылы 1 адам пара алғаны үшін ақталды [6].

«Елде 2024 жыл басынан бері мыңға жуық сыбайлас жемқорлық фактісі анықталды». Ең жиі кездесетін қылмыстық құқық бұзушылық – пара беру. Одан кейін қаражат жымқыру және қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану дерегі тұр. Мұндай қылмыстардың дені Шымкент, Астана қалалары мен Алматы облысында тіркелген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – қоғам мен мемлекет деңгейінде талқыланатын маңызды мәселелердің бірі. Бұл ретте қылмыс саны азайғанымен, кеселді түбегейлі жою туралы айту әлі ерте. Биыл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 937 парқорлық дерегін тіркеген. Дені білім беру саласында анықталған. Жігер Байділдин, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі превенция қызметі басшысының орынбасары: - Педагогтардың еңбекақы төлеу қорынан қаражат жымқырудың жүйелі фактілері ашылды. 2023 жылдан бастап 302 қылмыстық іс тіркелген. Олар бойынша залал мөлшері 17 млрд теңгені құрады. Қазірдің өзінде 230 адам сотталды. 100 қылмыстық іс сотта қаралуда. Бұлар бойынша 2 ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі тоқтатылды. Ақша жымқырғандардың дені Шымкент, Астана қалалары мен Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды өңірлерінде. «Тағы Абай мен Жетісу облыстарында да парақорлықпен ұсталғандар көп», - дейді, агенттік өкілдері. Данияр Биғайдаров, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми өкілі: - Тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топ 2020 жылдың қаңтары мен 2023 жылдың наурыз аралығында Талдықорған қаласының аумағында құқық бұзушылық іс-әрекеттерімен айналысты. Ұйымдасқан қылмыстық топ қатысушылары білім беру саласында нақты жұмыс істемеген жеке тұлғаларға, сондай-ақ өздерінің жеке шоттарына жалақыны заңсыз аудару арқылы 4,5 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Қылмыстық топтың ұйымдастырушысы 15 жылға оның қатысушылары 9 жылдан 13 жылға дейін бас бостандығынан айырылды. Бюджет ақшасын жымқыруда резонанстық істер де жоқ емес. Солардың бірі – Алматы әуежайының басшысына қатысты қылмыс. Ол өзінің сыбайластарымен бірге украиналық ұшаққа жанармай құю кезінде екі шығын ордерін рәсімдеп, авиаотын мөлшерін орта есеппен 5 тоннаға артық көрсеткен. Осындай заңсыз әрекеті үшін ол 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Ал Сәтпаев қаласының бұрынғы әкімі кәсіпкерден 10 млн теңге пара алғаны үшін істі болып, ақыры темір торға тоғытылды. Соңғы кезде қазақстандықтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділігі де артып келеді. Биыл осындай бұзушылықтарды хабарлағаны үшін 87 адам марапатталған. Оларға жалпы сомасы 31 млн теңге сыйақы берілді. Агенттіктің мәліметінше, белсенді азаматтар көбіне пара талап ету, қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, қамқорлық көрсету және мемлекеттік сатып алу саласындағы заң бұзушылықтар туралы хабарлаған. Марапатқа ие болған азаматтардың дені Қарағанды, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында екен» [7]. Тәжірибеден көріп отырғанымыздай, сыбайлас жемқорлық қылмыстары, оның ішінде парақорлық әрекеттері әлі де болса азаймай тұр.

Парақорлықпен күресу үшін кешенді шаралар қажет. Қазақстан Республикасында бұл бағытта келесі қадамдар жүзеге асырылуда:

1. Заңнамалық негіздердің нығаюы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңы; Мемлекеттік қызметшілердің этика кодексі; Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті қатаңдату.

2. Алдын алу шаралары. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру; Ашықтықты қамтамасыз ету үшін цифрлық технологияларды енгізу; Қоғамдық бақылауды күшейту.

3. Қоғамдық сананы өзгерту. Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; Білім беру жүйесінде жемқорлықтың зиянын түсіндіру; Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихат.

4. Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық ұйымдармен серіктестік орнату; Шетелдік озық тәжірибелерді зерттеу және енгізу; Халықаралық келісімдер мен стандарттарды сақтау.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу шаралары ретінде 2015 жылы 18 қарашада қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы №410-V заң бар. Онда: «Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» болып табылады делінген [8].

Заңда сыбайлас жемқорлықтың жаңа анықтамасы енгізілді, ол мүліктік қана емес, сонымен қатар мүліктік емес игіліктер алу немесе табу, оның ішінде үшінші тұлғаларға қатысты пайда табу деген ұғымды біліреді. Сонымен қатар, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі» деп белгіленген [8]. Аталған заңның 5-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл міндеттері төмендегідей:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Мемлекеттік қызмет институты да айтарлықтай реформаға ұшырады. 2015 жылдың 23 қарашасында қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңмен меритократия, кәсібилік, есеп берушілік және бақылауда болушылық, қоғамдық пікірді ескеру және ашықтық секілді негізгі принциптерге негізделген мәнсаптық модельге көшу жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде және одан әрі жоғарылату кезінде білімі, еңбек өтілі, сондай-ақ қызметшілердің атқаратын лауазымында лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті құзыреттіліктердің болуы басты назарға алынады. Мемлекеттік қызмет туралы заңның 52-бабында мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы белгіленген.

1. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

3. Егер мемлекеттік қызметшіде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Мемлекеттік қызметші өзін басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы да аталған адамдар мен органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті.

Мемлекеттік органның басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы мәлімдеулері бойынша, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштерді жолдау арқылы шаралар қабылдауға міндетті.

4. Мемлекеттік органның басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшінің құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын құдалаудан қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

5. Мемлекеттік қызметшілер жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге тиіс.

6. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасады деп жариялы түрде негізсіз айып тағылған кезде ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс [9].

Мемлекет басшысының меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Әдеп кодексінің қабылдануы ерекше орын алады. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральды-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттары айқындалды.

Мемлекет басшысының осы Жарлығымен Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді, оның құзыреттерінің бірі ретінде қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет туралы заңнама бұзушылығының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау айқындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде ел Президенті қылмысқа қарсы күрес жөніндегі үйлестіруші ретінде айқындаған прокуратура да сүбелі үлес қосып келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоғары қадағалаудың және басқа да лауазымдық қызметтің барлық қосалқы атқарымдардың тұрақты басымдықтарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, қоғамдық резонанс тудырған лауазымдық сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істер арнайы прокурорлар өндіріске қабылдайтын басым істер ретінде айқындалды.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу»,

«пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Заң энциклопедиясында бұл терминге «лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған құқықтар мен мүмкіндіктерді бас пайдасына жұмсайтындығын көрсететін саясат немесе мемлекеттік басқару саласындағы қылмыстық әрекет» деп анықтама берілген [10, 56 б].

БҰҰ-ның Анықтамалық құжатында «сыбайлас жемқорлық – өз пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану» делінген [11, 45 б]. Дәл осындай анықтаманы Дүниежүзілік банкте береді [12, 123 б].

Қазіргі отандық криминология да сыбайлас жемқорлыққа «мемлекеттік немесе өзгедей қызметкерлердің сатқындығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс» деп анықтама береді [13, 501 б].

Н.Ф.Кузнецова сыбайлас жемқорлықты «мемлекеттік аппараттың және мемлекеттік емес құрылымның қызметкерін сатып алумен сипатталатын қоғамға қауіпті құбылыс» деп көрсетеді [14, 98 б].

Профессор А.Н.Ағыбаев «қоғамдағы өз орнын қанағат тұтатын адамдарды кездестіру қиын» деп дұрыс айтады [15, 32 б]. Ал, қанағат таппаған адамның ерте ме, кеш пе заң бұзушылыққа барары сөзсіз. Ондай болмау үшін мемлекеттік қызметкерге өз міндетін адал атқаратындай жағдай тудыру керек.

«Бір нәрсе анық – криминологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенбей, нақты криминологиялық жағдайдың заңдылықтары мен үрдістерін терең зерделемей қылмыстық-құқықтық, іс жүргізу проблемаларын өз деңгейінде шешу мүмкін емес», – дейді профессор Е.О.Алауханов [16, 21 б].

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 3-бабының 29 тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізбесі көрсетілген: «сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 215(екінші бөлігінің 3) тармағында), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249(үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер» [1].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері арнаулы болып табылады, олардың анықтамасы тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген. Сайып келгенде, сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы болып табылады. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін таза және адал ұстауы қажет. Сонда ғана қарапайым халықтың сенімі ақталады. Сыбайлас жемқорлық сияқты қоғам дертіне бір білекпен күш жұмылдырып күрес жүргізу барлығымыздың алдымызда тұрған үлкен борыш.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226

2. Взяточничество: уголовно-правовой и криминологический аспекты тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 12.00.08, кандидат юридических наук Краснопеева, Елена Владимировна //https://www.dissercat.com/content/vzyatochnichestvo-ugolovno-pravovoi-i-kriminologicheskii-aspekty

3. Взяточничество: проблемы квалификации и назначения наказания тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 12.00.08, кандидат юридических наук Вейберт, Софья Игоревна // https://www.dissercat.

com/content/vzyatochnichestvo-problemy-kvalifikatsii-i-naznacheniya-nakazaniya

4. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_

5. Годовой отчет за 2020 год общественного фонда «Транспаренси интернэшнл». Утвержден Протоколом внеочередного Общего собрания учредителей от 14 февраля 2020 года №01/23. https://www.transparency.kz/ru.

6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат комитетінің 2015-2020 жылғы. 1-ТӨ нысанды есебі. https://www.gov.kz/memleket.

7. Биыл елде 937 сыбайлас жемқорлық дерегі анықталды // https://24.kz/kz/telepoject/zan-mentartib/item/684555-biyl-elde-937-sybajlas-zhem-orly-deregi-any-taldy

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ // https://adilet.zan.kz.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ // https://adilet.zan.kz.

10. Юридическое энциклопедия. 2-изд. – М., 2003. - 556 с.

11. Международная защита прав и свобод человека. – М., 1990. - 345 с.

12. Отчет Всемирного банка о мировом развитии. – М., 1997. - 123.

13. Криминология: Учебник. – М., 1997. - 501.

14. Криминология // Под ред. Н.Ф.Кузнецова. – М., 1994. - 450 с.

15. Агыбаев А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. - 321 с.

16. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений: Монография. – СПб., 2005. – 221 с.

ӘОЖ 343.9

АХАТОВ УАЛИХАН АҚЫПБЕКОВИЧ
Заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
e-mail: yali-79_kz@mail.ru

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Қазіргі таңда діни экстремизм әлемдік қауіпсіздікке үлкен қатер төндіретін мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, жаһандану дәуірінде экстремистік идеологияның таралуы және радикализацияның күшеюі көптеген елдер үшін өзекті проблемаға айналды. Қазақстан да бұл мәселені назардан тыс қалдырмай, оны шешу үшін кешенді шараларды қабылдауда. Бұл мақалада діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі аспектілері қарастырылып, оның алдын алу шаралары талданады.

Түйінді сөздер: діни экстремизм, радикализация, қауіпсіздік, алдын алу, терроризмге қарсы күрес, идеологиялық қарсы тұру, жаһандану, Қазақстан, құқықтық шаралар, әлеуметтік тұрақтылық.

НЕКОТОРЫЕ ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ БОРЬБЫ С РЕЛИГИОЗНЫМ ЭКСТРЕМИЗМО

Аннотация. В настоящее время религиозный экстремизм является одной из наиболее серьезных угроз глобальной безопасности. Особенно в эпоху глобализации распространение экстремистской идеологии и усиление радикализации становятся актуальной проблемой для многих стран. Казахстан также не оставляет этот вопрос без внимания и принимает комплексные меры для его решения. В данной статье рассматриваются основные аспекты противодействия религиозному экстремизму и анализируются меры по его предотвращению.

Ключевые слова: религиозный экстремизм, радикализация, безопасность, профилактика, борьба с терроризмом, идеологическое противодействие, глобализация, Казахстан, правовые меры, социальная стабильность.

SOME ISSUES OF COMBATING RELIGIOUS EXTREMISM

Abstract. Currently, religious extremism is one of the most significant threats to global security. Especially in the era of globalization, the spread of extremist ideology and the intensification of radicalization have become pressing issues for many countries. Kazakhstan is also addressing this issue by implementing comprehensive measures to counter it. This article examines the key aspects of combating religious extremism and analyzes preventive measures.

Keywords: religious extremism, radicalization, security, prevention, counterterrorism, ideological resistance, globalization, Kazakhstan, legal measures, social stability.

Діни экстремизм – дін атын жамылып, радикалды идеяларды насихаттайтын және қоғамға қауіп төндіретін әрекеттердің жиынтығы. Оның негізгі себептері:

- әлеуметтік-экономикалық теңсіздік;
- білім деңгейінің төмендігі және діни сауатсыздық;
- саяси тұрақсыздық пен сыбайлас жемқорлық;
- ғаламтордағы радикалды насихаттың күшеюі.

Қазақстанда діни экстремизмге қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін экстремизмнен қорғауды қамтамасыз етуге, экстремизмнің алдын алуға, оны анықтауға, оның жолын кесуге және салдарларын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызметі» [1].

Тәуелсіздік алғалы Қазақстан барлық мұсылмандарға, православиелік, католиктерге, протестанттарға, иудалыққа діни сенімнің абсолюттік еркіндігін қамтамасыз етіп келуде. Тіпті діни институттардың айтарлықтай сандық және сапалық өсуі де орын алды. Діни мейрам ретінде - Құрбан айт пен «Рождество Христово» мерекелері Қазақстанда демалыс күндері ретінде жарияланды. Яғни, діни талаптардың, қысымның жоқтығы, діни сенімге деген таңдаудың болуы жеке азаматтық құқықтың қорғалуымен пара пар болып отырғандығына көз жеткізе аламыз.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері бай тарихи мұрадан қалыптасты. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары Қазақ жерінде ислам пайда болғанға

дейін қалыптасқан ежелгі дәстүрлі діни сенімдермен тығыз байланысты. Исламның діни жоралары, қазақ халқының салт-дәстүрлері өзінің жарқын және сұлулығымен, мағыналық толықтырылу байлығымен таң қалдырады және қоршаған ортамен үйлесімде өмір сүруге ұмтылатын қазақ халқының ұлттық сипатының мәнін толық көлемде көрсетеді [2].

Экстремизм тақырыбы бүгінгі таңда әлемдік қоғамдастықтағы әрбір мемлекетті толғандыратын кесел. Қазақстан көптеген антиэкстремистік және антитеррорлық ұйымдардың (БҰҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ИЫҰ, ШЫҰ) мүшесі бола отырып, елдегі экстремизмнің алдын алу мен болдырмаудың белгілі бір шараларын үнемі жетілдіруде. Соған сәйкес, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңының 4 және 5-баптарында экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары, міндеттері мен қағидаттары көрсетілген.

Қазіргі заманғы ұлттық қауіпсіздік жүйесінде діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік-құқықтық негіздерін зерделеу маңызды қажеттілікке айналуда. Бұл қажеттілік тарихи және заманауи саяси-құқықтық, діни оқиғаларды салыстырмалы түрде талдау қажеттігінен туындайды. Себебі, өткен кезеңдердегі заңды фактілер мен қазіргі кездегі экстремистік әрекеттердің себеп-салдарын зерттеу арқылы тиімді құқықтық тетіктерді қалыптастыруға болады [3, 45 б.].

Халықаралық құқық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының қалыптасуы мен дамуы ұзақ тарихи-құқықтық үдерістердің нәтижесі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, бұл ұғым тарихи оқиғалар, құқықтық нормалар және қылмыстық іс-әрекеттердің жиынтығы аясында қалыптасып, дамып отырды. Діни экстремизм ұғымының құқықтық көріністері діни сипаттағы экстремистік топтар, ұйымдар, жеке тұлғалардың заңсыз әрекеттерімен және құқық бұзушылықтармен тығыз байланысты [4]. Сонымен қатар, бұл термин әртүрлі кезеңдерде халықаралық және ұлттық құқықтық актілерде түрлі атаулармен белгіленді.

Құқықтану ғылымында «діни экстремизм» ұғымын тереңірек зерттеу өзекті болып қала береді. Бұл бірнеше себептерге байланысты:

1. Діни экстремизмге қатысты халықаралық және ұлттық зерттеу жүйесі әлі толық қалыптаспаған.

2. Сарапшылар қауымдастығының зерттеу тәсілдері мен әдістері толық үйлестірілмеген.

3. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылға қатысты кешенді ғылыми еңбектерді сұрыптау мен жүйелеу қажеттілігі бар.

Халықаралық ұйымдардың діни экстремизмге қарсы іс-қимыл тәжірибесі әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Бірқатар ұйымдар терроризммен күрес шараларын жүзеге асырса да, діни экстремизмге қатысты толық жүйе әлі қалыптаса қойған жоқ. Бұл жағдайдың негізгі себептері:

- халықаралық ұйымдардың негізінен терроризмге қарсы күреске басымдық беруі;

- зорлықшыл экстремизмге қарсы жүйенің 2015 жылдан бастап қана дами бастауы;

- дін бостандығы мен діни радикализм мәселелерінің нақты ажыратылып қарастырылмауы.

Осыған байланысты, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту арқылы діни экстремизмге қарсы іс-қимыл механизмдерін жетілдіру қажет.

Қазақстан Республикасында құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесін қолдануда біркелкі нәтижеге қол жеткізген жоқ. Ішкі ынтымақтастық жүйесі болғанымен, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасу жеткілікті деңгейде жүргізілмеген. Бұл мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлерін шетелдік тәжірибе негізінде оқыту және тәжірибеден өткізу қажет.

Ұлттық қауіпсіздік күштері діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі операторы болып табылады. Терроризмге қарсы орталықтар мен жергілікті комиссиялар жүйелі түрде жұмыс істеп жатқанымен, кейбір кемшіліктер де байқалады. Мәселен, сарапшылар тобын қалыптастыру және олардың біліктілігін арттыру қажет. Екіншіден, прокуратура органдары діни экстремистік материалдарды сот арқылы тыйым салу шараларын күшейтуі тиіс. Үшіншіден, Ішкі істер органдары мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін нығайту қажет. Сонымен қатар, кейбір экстремистік ұйымдардың соңғы жылдардағы белсенділігі артқанын ескерсек, құқық қорғау органдарының қызметін орта деңгейден жоғары деңгейге көтеру қажет.

Қазіргі таңда діни экстремистік іс-әрекеттерді жедел іздестіру мен сотқа дейінгі тергеу тәжірибесі дамып келеді. Алайда, әлеуметтік желілердегі экстремистік үгіт-насихатқа қарсы іс-қимыл әлі де әлсіз деңгейде. Сондықтан құқық қорғау органдары мен қоғамдық институттар бірлесе отырып, бұл бағыттағы жұмысын жандандыруы тиіс.

Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы заңында экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары көрсетілген:

- экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау;

- экстремизмді анықтау және оның жолын кесу;

- экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық [1].

Қорыта келгенде, бірінші орында заңнаманы жетілдіру маңызды. Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңын негізге ала отырып, діни экстремизмге қарсы заңнаманы жетілдіру қажет. Құқықтық нормаларды халықаралық тәжірибемен салыстырып, тиімділігін арттыру керек.

Екіншіден, халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет. Жақын және алыс шетелдермен құқық қорғау саласында тәжірибе алмасу бағдарламаларын дамыту. Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық ұйымдармен әріптестік орнату керек.

Үшіншіден, біздің пікіріміз бойынша Қазақстанда сарапшылар қауымдастығын дамыту қажет. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылға маманданған сарапшылар тобын құрып, ғылыми және сараптамалық зерттеулерді күшейту маңызды.

Төртіншіден, қоғамдық институттармен бірлескен жұмыс жасау керек, яғни діни экстремизмге қарсы идеологиялық жұмыстарды күшейту; мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылын үйлестіру сапалы нәтиже береді деп ойлаймыз. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіруге мүмкіндік бар.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_

2. Діни экстремизмге қазақ салт- дәстүрі қарсы тұра алады – маман //https://kaz.inform.kz/news/dini-ekstremizmge-kazak-salt-dasturi-karsy-tura-alady-maman_a3572183/https://kaz.inform.kz/news/dini-ekstremizmge-kazak-salt-dasturi-karsy-tura-alady-maman_a3572183/

3. Қайдаров Т. Діни сауаттылық және радикализмнің алдын алу. - Алматы: Қазақ университеті баспасы. – 2017. – 154 б.

4. Cesari, J. «What Is Political Islam?» Oxford University Press. // https://academic.oup.com/jis/article-abstract/32/3/448/6325612

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

УДК 37.015.3

АЙДАРОВА АЙДАНА БЕРИККЫЗЫ,
II курс магистранты,
Биология педагогтерін даярлау мамандығы,
Биология және биотехнология факультеті,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Биология пәнінің мұғалімі,
«№178 лицей» КММ,
Алматы қаласы,
E-mail: berikkyzy-a@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕРІКТІ НАЗАР АУДАРУ ДЕҢГЕЙІН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа: Биология пәнінің зертханалық сабағында ерікті назардың өзгеру динамикасын тиімді әдіс-тәсілдермен зерттеу және оқушылардың өзін-өзі реттеу үрдісін ерікті назар аудару деңгейін дамыту арқылы ғылыми-теориялық жолмен дәлелдеу мақсатында жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы оқу-тәрбие процесінде маңызды рөл атқарды. Назардың тұрақтылығын және жұмысқа қабілеттілік динамикасын анықтауға арналған «Шульте кестелері» әдістемесі негізінде зерттеу жұмысы жүргізіліп, талдау жұмыстары мен қорытынды жасалды. Ғылыми зерттеу жұмысы Алматы қаласы, №178 лицей, 9 «3» сынып оқушыларына жүргізілді. Талдау нәтижелері негізінде зертханалық жұмыс жүргізудегі оқушылардың ерікті назарының дамыту деңгейін анықтап, оны дамыту және белсенділігін, үлгерімін көтеру үшін пән мұғаліміне қажетті және маңызды жаттығуларды және әдістерді кепілдеме бойынша беру ұсынылды.

Түйін сөздер: ерікті назар, өзін-өзі реттеу, назардың көлемі, назардың шоғырлануы, назардың тұрақтылығы, назардың бөлінуі, назардың жинақтылығы, өзін-өзі бағалау, еріксіз назар, үйреншікті назар, назар өнімділігі.

Аннотация: Важную роль в учебно-воспитательном процессе сыграла научно-исследовательская работа, проводимая на лабораторном уроке биологии с целью исследования динамики изменения произвольного внимания эффективными методами и научно-теоретическим путем развития уровня произвольного внимания у учащихся и саморегуляции процесса. На основе методики «таблицы Шульте», предназначенной для определения устойчивости внимания и динамики работоспособности, проведена исследовательская работа, сделаны аналитические работы и выводы. Научно-исследовательская работа проводилась для учащихся 9 «3» класса, лицея №178 г. Алматы. На основании результатов анализа было предложено определить уровень развития произвольного внимания учащихся при проведении лабораторной работы, дать педагогу-предметнику необходимые и важные упражнения и методы для его развития и повышения активности, успеваемости.

Ключевые слова: произвольное внимание, саморегуляция, объем внимания, концентрация внимания, устойчивость внимания, выделение внимания, сосредоточенность внимания, собранность внимания, самооценка, непроизвольное внимание, привычное внимание, продуктивность внимания.

Abstract: An important role in the educational process was played by research work carried out in the laboratory biology lesson in order to study the dynamics of changes in voluntary attention by effective methods and scientific and theoretical ways of developing the level of voluntary attention in students and self-regulation of the process. On the basis of the "Schulte table" method, designed to determine the stability of attention and the dynamics of performance, research work was carried out, analytical work and

conclusions were made. Research work was carried out for students of the 9th "Z" class, Lyceum №178. Almaty. Based on the results of the analysis, it was proposed to determine the level of development of voluntary attention of students during laboratory work, to give the subject teacher the necessary and important exercises and methods for its development and increase activity, academic performance.

Key words: voluntary attention, self-regulation, attention volume, attention concentration, attention stability, attention allocation, attention focus, attention concentration, self-assessment, involuntary attention, habitual attention, attention productivity.

Мектеп қабырғасындағы зертханалық сабақтар ғылымға жетелеудің таптырмас жолы. Зертханалық сабақтарда оқушының зерттеушілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туады. Алайда инновациялды технологиялардың жаңа ғасыры әртүрлі бағыттан келетін: мектептегі сабақ, достармен араласу, интернет, ақпаратпен жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Өкінішке орай материалдар жанымызды жадыратардай толық емес. Сонымен бірге оқушының сабақ үлгерімінің төмен болуы себептерге гиперактивтілік, көңіл-күйдің ауысуы, есте сақтаудың бұзылуы, көрудің, естудің бұзылуы, интелектінің дамымауы, оқу мотивациясының жоқтығы және назардың жоқтығы немесе назар даму деңгейі төмен.

Негізінде оқушыға көмектескіміз келеді, сондықтан оқушылардың ерікті назарының өзгеру динамикасын зерттеп және алған мәліметтердің негізінде назарды дамыту үшін жаттығуларды таңдау қажеттілігі туындайды.

Адамның ерікті назары іс-әрекетті саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсау арқылы орындалады. Ерікті назарда алдына мақсат қойып, объектіге ерекше көңіл бөліп отыру көзделеді, ол жұмыстың басынан соңына дейін ерік-жігерді молынан жұмсауды талап етеді. Ерікті назар төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады:

1) Қандай да болмасын іс-әрекеттің талабына сай назарды бағындыра алу үшін іс-әрекет барысына тікелей кірісу қажет;

2) Ойды алаңдататын жайттардан аулақ ұстап, бірқалыпты жұмыс жағдайын жасап алу қажет;

3) Жүргізілетін жұмыстың маңызы мен мәнісін түсіну үшін оқуға шын ниетімен берілген дұрыс.

4) Әр түрлі қолайсыз жағдайларда да жұмыс істеуге машықтану. Мәселен, көңілге алаңдатушылық тудыратын жағдайлар (айқай-шу, қатты дыбыс т.с.с) әсеріне берілмей жұмыс істей беру. Бұл назарды шынықтырудың, оны мықты және шыдамды етіп тәрбиелеудің ең жақсы жолы болып табылады.

5) Назардың тұрақты болуын өзіңе үнемі ескертіп отыру керек.

Бір сөзбен айтқанда, ерікті назар деп іс-әрекетті жоспарлы түрде ұйымдастыруды айтады [Блум Ф., 1988, б. 63].

Назардың екі түрі: ерікті және еріксіз назар бір-бірінен ешқашан қалмай ілесіп отырады. Ерікті назар еріксізге, еріксіз назар еріктіге қарай жиі алмасады. Шындығында, адамның үнемі ерікті назар жағдайында болуы мүмкін де емес. Оқушы алғашқыда жай қызыққан нәрсесіне тікелей назарын аударады, ал содан кейін сабақтың мақсатына қарай тікелей қызық емес басқа материалдарға да назар қояды. Алғашқы уақытта қызықсыз болып көрінген сабақ кейін балаға түсінікті бола бастайды. Бұл кезде оның еріксіз назары сыртқа теуіп, ерікті назарының пайда бола бастағаны [Lavie N., 2005, 6.75–82].

Адамның назары бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алса, оны назардың тұрақтылығы дейді. Назарды бір жерге тұрақтатып, жинақтай алу арқасында адам істеп отырған ісін тереңінен түсініп, оның әр түрлі байланыстарын анықтайды. Назарды тұрақтата алушылық саналы әрекетке өзіңді жеке алудың басты бір белгісі болып табылады [Prinzmetal W., 2005, б. 1344–1353.]. Назардың осы қасиетінің оқу процесінде маңызы зор. Сабақ үстінде баланың назарын көп нәрсеге аудармай, басты бір нәрсеге не белгілі бір әрекетке ғана аударып, оған тұрақтатып әдеттендіру керек. Сонда ғана бала есейген кезде үлкендердің көмегінсіз-ақ назарын тиісті объектіге жинақтай алатын болады.

Ересек адам жұмыс үстінде назарын 40 минуттай бір объектіге тұрақтата алады. Осындай 10 – 20 минуттық назар қоюшылықтан кейінгі бірнеше секундта көңілдің бір нәрсеге бөлінуі сол жұмыстың одан ары ұйымдастырылуына ешбір нұқсан келтірмейді. Қайта бұл секілді тынығу, жұмысты бірнеше сағат бойы жақсы, тұрақтап істеуге мүмкіндік береді. Адам соншалықты ерік-жігермен назар салып жұмыс істеген жағдайда да оқтын-оқтын ойы бөлініп, басқа бір затқа ауып отырады. Осылайша назардың бірде әлсіздене, бірде күшейіп тұруын назардың толқуы дейді. Толқу — назардың табиғи қасиеттерінің бірі. Мәселен, бар ілтипатпен кітап оқыған адам да анда-санда бөтен ойға түседі, басын көтеріп жан-жағына қарайды. Назардың мұндай толқуы, әрине, адамның көңіл аударған нәрсесіне ойының бөлінуіне, назарын тұрақтатуына бөгет болмайды. Кейбір адамдардың назары толқымалы келеді. Бұған қатты тітіркендіргіштер, күшті эмоциялық әсерлер, сондай-ақ адамның өз еркін жөндеп билей алмауы себеп болады [Peelen M.V., 2004, б. 822–830].

Назарды ұзақ уақыт бойы іс-әрекетке жеткілікті жұмылдыру үшін, әсіресе оның бөтен нәрсеге көңілі ауып кетпеуін ойластыру керек. Бұл көп күш жұмсауды қажет етеді. Назарды алаңдататын әр түрлі тітіркендіргіштерге қарсы күресу — қажетті шаралардың бастысы [Милнер П., 1973, б. 65]. Мәселен, ысқырған дауыс, қоңырау-

дың сылдыры т.б. адамның тынышын кетіреді. Назарын жақсы ұйымдастыра алатын адамдар осындай жағдайда да жұмысты тез және сапалы орындайтыны байқалады. Адамды алаңдататын нәрселер көп болғанмен, олардың барлығы да кесел тигізе бермейді. Мәселен, музыканың әуені назарды аударатын тітіркендіргіш болғанмен, оларға шыдап отыра беруге болады. Ал қасындағы адамның айқай-шуы, реніш т.б. адамды күштірек алаңдатып, жұмыс істетпейді. Әрине, бұларды жоюдың мүмкіндігі болмаса, оған көңіл аудармай, сабырлылықпен жұмыс істей беруге болады. Әрине, бұған ерік – жігер қажет. Осындай ыңғайсыз жерлерде жұмыс істей алушылық — адамның жақсы қасиеттерінің бірі. Мәселен, орыстың атақты жазушысы А.П. Чехов жас кезінде көп әңгімелерін ойын-күлкі, той-думан үстінде жазса, ал Мусоргский мен Бородин өздерінің опералық шығармаларын қонақта отырып-ақ жаза беретін болған. Қандай жағдайда да адам назарға кедергі келтіретін нәрселерді жеңе алатын болуға тиіс. Тіпті тыныш жерде отырып жұмыс істеуді ұнататын адамдар да өзін ыңғайсыз жағдайларға төселтіп, кез-келген жағдайда жұмыс істей алатындай қабілетке ие болуы тиісі [Берікұлы Н., 2006, б.416].

«Шульте кестелері» әдістемесі назардың тұрақтылығын және жұмысқа қабілеттілік динамикасын анықтауға арналған. Шульте кестесі назарды дамытуға да қолданылады. Бұл әдістеме 1-ден 25-ке дейін сандар аралас орналасқан бес кестеден тұрады. Зерттелінушіге олар ретімен көрсетіліп, келесі нұсқау беріледі: «Сізге бірінен соң бірі бес кесте көрсетіледі. Олардың әрқайсысында 1-ден 25-ке дейін сандар араластырылып жазылған. Әр кестедегі сандарды тез-тез, ретімен тауып көрсетіңіз. Бірінші кестені орындап болғаннан соң екіншісін ашып, ондағы сандарды, дәл сол тәртіппен 1-ден 25-ке дейін ретімен табыңыз». Төменде Шульте кестелерінің үлгісі берілген.

1 кесте

18	22	2	11	21
12	8	17	15	1
5	14	9	20	10
19	3	25	4	23
13	24	6	16	7

2 кесте

1	9	5	24	13
16	10	19	11	3
21	2	14	25	18
15	17	4	12	7
23	8	22	6	20

3 кесте

23	7	22	15	25
4	12	14	11	5
21	2	1	24	16
18	13	20	6	10
3	19	8	17	9

4 кесте

25	4	6	23	2
12	22	15	1	21
5	11	9	16	7
20	3	17	8	24
13	19	10	14	18

5 кесте


22	9	2	16	7
5	10	24	19	11
25	1	15	12	6
4	23	8	3	20
18	21	13	17	14

Кестені ашып бергеннен соң секундомер қосылып, тапсырманы орындауға жіберілген уақыт анықталады. Зерттелінуші бірінші кестедегі сандарды тауып болғаннан соң, келесі кесте ашылып, оны орындау уақыты секундомер бойынша анықталады. Солайша үшінші, төртінші және бесінші кестемен жұмыс жүргізіледі. Әр тапсырманы орындау уақытының өзіне тән мән-мағынасы бар. Сондықтан оның әрқайсысына қажет болған уақыт T_1, T_2, T_3, T_4, T_5 – деп белгіленеді де, олар секундомер көрсеткіші бойынша тіркеледі (6 кестеде тоқсан басындағы, 7 кестеде тоқсан соңындағы көрсеткіш, тек 7 оқушы нәтижесі көрсетілген).


Нәтижесін талдау. Тапсырмаларды орындау уақыты және әр кесте бойынша жіберген қателерді зерттеу графигіне түсіріледі. График бойынша назардың тұрақтылығы және жұмысқа қабілеттілігі «шаршау қисығы» бойынша анықталады. Төменде зерттеу басындағы 1 графикте және соңындағы нәтижелер 2 графикте көрсетілген.

Зерттеу сыныбында 21 оқушы бар. Алайда зерттеу тобына барлығы 7 оқушыны ұсынып отырмын. Мұнда оқушылар А1, А2, А3, А4, А5, Б1 және Б2 деп көрсетілген. Сонымен қатар графиктің соңғы бағанында зерттеу тобының орта көрсеткіші ұсынылып отыр. Зерттеу тобындағы оқушылар жасы 15 және 16-ны құрайды. Жас ерекшелігі жұмыс сапасын есептеуде қажет болады. Жұмыс сапасын анықтау барлық бес тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт көрсеткіштеріне тәуелді болса, жұмысты орындауға күшін жұмсауы жұмыс сапасы мен бірінші тапсырманы орындауға жіберген уақытқа тәуелді, ал психикалық тұрақтылық жұмыс сапасы мен төртінші тапсырманы орындауға жұмсалған уақытқа тәуелді.

1 график



2 график



6 кесте

№	Оқушы	Т1	Т2	Т3	Т4	Т5	ЖС	КЖ	ПТ
1	А1	39,47	38,73	37,96	36,02	35,91	37,618	1,0492	0,9575
2	А2	51,02	50,95	49,01	48,75	49,02	49,75	1,0255	0,9799
3	А3	53	54,02	52,91	52,53	53,01	53,094	0,9982	0,9894
4	А4	45,01	46	44,98	45	44,91	45,18	0,9962	0,996
5	А5	58,98	58,02	56,71	57,93	57,01	57,73	1,0217	1,0035
6	Б1	48,01	47,92	55,03	55	46,75	50,542	0,9499	1,0882
7	Б2	55,02	55	55,96	54,78	54,66	55,084	0,9988	0,9945
8	Орта к.	50,0729	50,0914	50,3657	50,0014	48,7529	49,8569	1,0057	1,0013

7 кесте

№	Оқушы	Т1	Т2	Т3	Т4	Т5	ЖС	КЖ	ПТ
1	А1	24,3	25,2	24,25	23,98	23,92	24,33	0,9988	0,9856
2	А2	31,03	31	30,91	30,65	30,05	30,728	1,0098	0,9975
3	А3	23	24,02	22,82	22,31	22,02	22,834	1,0073	0,9771
4	А4	23,09	23	23,38	22	23,99	23,092	0,9999	0,9527
5	А5	24,01	24,02	25,82	25	25,98	24,966	0,9617	1,0014
6	Б1	25,01	25,92	24	23,98	23,5	24,482	1,0216	0,9795
7	Б2	22,02	23,95	23,02	24	23	23,198	0,9492	1,0346
8	Орта к.	24,6371	25,3014	24,8857	24,56	24,6371	24,8043	0,9926	0,9898

А.Ю. Козыреваның ұсынысы бойынша осы тест көмегімен жұмыс сапасын (ЖС), орындауға күшін жұмсауы (КЖ) және психикалық тұрақтылықты (ПТ) анықталады. Оларды келесі формулаларды қолданып есептеп шығуға болады.

$$ЖС=\frac{т_1+т_2+т_3+т_4+т_5}{5}$$

T_1 – бірінші кестені орындауға жіберген уақыты; T_2 – екінші кестені орындауға жіберген уақыты; T_3 – үшінші кестені орындауға жіберген уақыты; T_4 – төртінші кестені орындауға жіберген уақыты; T_5 – бесінші кестені орындауға жіберген уақыты.

ЖС көрсеткішін секундпен бағалағанда баланың жасын келесі кесте (8 кесте) бойынша есептеу қажет:

8 кесте

Жасы	5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
10	45 сек.одан аз	46-55	56-65	66-75	76 және одан көп
11	35 сек.одан аз	36-45	46-55	56-65	66 және одан көп
12	30 сек.одан аз	31-35	36-45	46-55	56 және одан көп

Зерттеу жұмысына алынған оқушылар 9 сынып екенін ескерсек, сыныптағы оқушылардың 70% - 15 жаста, 30 % - 16 жаста. Демек, жұмыс сапасын бағалауды былайша есептейміз:

Егер, 15 жас болса, 15 секунд және одан аз болған жағдайда 5 балл, 16-25 секунд арасында 4 балл, 26-35 секунд арасында 3 балл, 36-45 секунд арасында 2 балл, ал 46 секунд және одан көп болса 1 балл беруге болады;

Егер, 16 жас болса, 10секунд және одан аз болған жағдайда 5 балл, 11-15 секунд арасында 4 балл, 16-25 секунд арасында 3 балл, 26-35 секунд арасында 2 балл, ал 36 секунд және одан көп болса 1 балл беруге болады.

Демек, бастапқы зерттеу жұмысында жұмыс сапасының көрсеткіші зерттеу тобында 49,8569 тең екенін ескерсек, 1 балл. Ал зерттеу соңында орта көрсеткіш 24,8043 тең болғандықтан 4 баллға көтерілгенін көреміз.

Күшін жұмсауы келесі формуламен анықталады:

$$КЖ=\frac{т_1}{ЖС}$$

Бірінші тапсырманы орындау уақыты мен жұмыс сапасының ара қатынасы 1 тең және одан аз болса ол зерттелінушінің жұмысқа бар күшін салатынын көрсетеді, 1-ден қанша көп болса, ол адамның жұмысқа даярланатын уақыты мол болуы керек.

Тоқсан басында жүргізілген зерттеу жұмыстарында КЖ орташа көрсеткіші 1,0057 құрады. Демек, алынған зерттеу тобының жұмысқа даярланатын уақыты мол болуы керек. Сыныптағы бастапқы жеті оқушының үшеуі 1-ден көп, демек ол оқушылардың жұмысқа даярлану уақыты мол болуы қажет. Ал қалған төрт оқушы көрсеткіші 1-ден аз, демек ол оқушылар жұмысқа бар күшін салатынын көрсетеді.

Тоқсан соңында жүргізілген зерттеу жұмыстарында КЖ орташа көрсеткіші 0,9926 құрады. Тоқсан басындағы көрсеткішпен салыстырғанда +0,0131 өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Сыныптан алынған зерттеу тобының тоқсан соңында жұмысқа бар күшін салатынын көрсетті. Сыныптағы бастапқы жеті оқушының үшеуінің КЖ көрсеткіші 1-ден көп, демек ол оқушылардың жұмысқа даярлану уақыты мол болуы қажет. Ал қалған төрт оқушының КЖ көрсеткіші 1-ден аз, демек ол оқушылар жұмысқа бар күшін салатынын көрсетеді. Алайда, жеке-жеке оқушыны қарастыратын болсақ біршама оң өзгерістер көрсеткені байқалады. Мысалы, А5 оқушының КЖ көрсеткіші 1,0217-ден 0,9617-ге өзгерген, +0,0600 дейінгі өзгерісті көрсетті. Бірақ кейбір оқушыларда кері кету процесі байқалған. Мысалы, А3 оқушының КЖ көрсеткіші 0,9982-ден 1,0073-ке дейін өзгерген, -0,0091 дейін кері кету байқалды.

Психикалық тұрақтылықты (шыдамдылықты) анықтауға келесі формула қолданылады:

$$ПТ=\frac{т_4}{ЖС}$$

Нәтижесі 1 тең және одан аз болса ол адам-

ның психикалық тұрақтылығы +өте жақсы екенін, ал 1-ден жоғары болса – бұл қасиеттің төмен болғанын көрсетеді.

Тоқсан басында жүргізілген зерттеу жұмыстарында ПТ орташа көрсеткіші 1,0013 құрады. Демек, алынған зерттеу тобының психикалық тұрақтылық қасиеті төмен екендігі көрінді. Сыныптағы бастапқы жеті оқушының екеуі 1-ден көп, демек ол оқушылардың психикалық тұрақтылығы төмен. Ал қалған бес оқушының көрсеткіші 1-ден аз, демек ол оқушылардың психикалық тұрақтылығы өте жақсы екенін көрсетеді.

Тоқсан соңында жүргізілген зерттеу жұмыстарында ПТ орташа көрсеткіші 0,9898 құрады. Тоқсан басындағы көрсеткішпен салыстырғанда +0,0115 өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Сыныптан алынған зерттеу тобының тоқсан соңында психикалық тұрақтылығы өте жоғары көрсеткішті берді. Сыныптағы бастапқы жеті оқушының екеуінің ПТ көрсеткіші 1-ден көп, демек ол оқушылардың психикалық тұрақтылығы төмен. Ал қалған бес оқушының ПТ көрсеткіші 1-ден аз, демек ол оқушылардың психикалық тұрақтылығы өте жақсы екенін көрсетеді. Алайда, жеке-жеке оқушыны қарастыратын болсақ біршама оң өзгерістер көрсеткені байқалады. Мысалы, Б1 оқушының ПТ көрсеткіші 1,0882-ден 0,9795-ке өзгерген, +0,1087 дейінгі, ал А5 оқушы 1,0035-тен 1,0014-ке өзгерді, 1-ден жоғары көрсеткішті сақтағанымен 0,0021 дейін оң өзеріске ұшырады. Бірақ кейбір оқушыларда кері кету процесі байқалған. Мысалы, Б2 оқушының ПТ көрсеткіші 0,9945-тен 1,0346-ға дейін өзгерген, -0,0401 дейін кері кету байқалды. Дегенмен, зерттеу тобын тұтастай алғанда күшін жұмсауы және психикалық тұрақтылық көрсеткіштеріде оң нәтиже көрсетті.

Қорытындылай келе, биологияның зертханалық сабағында оқушылардың зерттеушілік қабілетін қалыптастыру үшін, алдымен олардың жұмысқа деген ерікті назар аудару деңгейін дамытуымыз қажет. Ал оны дамыту жұмысында жоғарыда көрсетілген «Шульте кестелері» әдістемесі секілді әдістерді ұсынып отыру қажет, себебі әдістеме назардың тұрақтылығын және жұмысқа қабілеттілік динамикасын анықтап қана қоймай назарды дамытуға да пайдаланылады. Осы ретте әдістемені жалпы жаратылыстану пәндері мұғалімдеріне ұсынуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Блум Ф., Лайзерсон А., Ховстедтер Л. Мозг, разум и поведение. // М.: Мир, 1988.-63с.
2. Lavie, N., "Distracted and confused?: Selective Attention Under Load", Trends in Cognitive Sciences, 2005, 9(2): 75–82.
3.Prinzmetal W, Park S, Garette R. Involuntary Attention and Identification Accuracy. Perception & Psychophysics. 2005; 67:1344–1353.
4. Peelen MV, Heslenfeld DJ, Theeuwes J. Endogenous and exogenous attention shifts are mediated by the same large-scale neural network. Neuroimage. 2004; 22(2):822–830.
5. Милнер П. Физиологическая психология. // М.: Мир, 1973.-65с.
6. Берікұлы Н. Жантану. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2006ж.-416 б.

ОӘЖ 3 37.02

БЕРДАЛИЕВА ТИЛЛА ДОСЫБЕКОВНА,
п.ғ.к., доцент,
«Сырдария» университеті

МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДА БІЛІМ САПАСЫН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ

Түйін: Мақалада оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану аясында физика мектеп курсын оқыту мәселелері қарастырылған, білімді бағалау критерийлері мен дескрипторларын анықтауға ерекше көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: Білім беру сапасы, критерилер, критериалды бағалау, дескрипторлар, оқу жетістіктері.

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ ФИЗИКИ

Аннотация: В статье раскрываются вопросы изучения школьного курса физики в разрезе использования критериального оценивания учебных достижений учащихся, особое внимание уделено определению критериев и дескрипторов для оценки знаний.

Ключевые слова: Качество образования, критерий, критериальное оценивание, дескрипторы, учебные достижения.

CRITERIA EVALUATION OF QUALITY OF KNOWLEDGE IN SCHOOL COURSE OF PHYSICS

Abstract: The article reveals the issues of studying the school physics course in the context of the use of criteria-based assessment of students' academic achievements, special attention is paid to the definition of criteria and descriptors for knowledge assessment.

Keywords: quality of education, criterion, criteria-based assessment, descriptors, educational achievements.

КІРІСПЕ

Қазір уақытта қоғам өмірінің барлық-экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани салалары күн санап өзгеріп отырады. Сондықтан мұндай қоғамда өмір сүруге дайын азаматтарды тәрбиелеу басты мәселеге айналып отыр. Қазіргі қоғам мүшесі жеке тұлға ретінде білімді, білікті, өмірдің түрлі өзгерістеріне тез бейімделе алатын және алдында кездескен мәселелерді шешуге дайын болуы тиіс. Яғни, бұл қазіргі білім беру саласының қоғам өмірі мен дамуындағы ролін одан ары арттырып отыр. Білім беру – үрдіс ретінде адам үшін де, мемлекет үшін де маңызды роль атқарады.

Білім беру сапасы елдің бәсекеге қабілеттілік, экономикалық дамуын анықтайды, және ол мемлекет пен қоғамның табысты дамуының негізі болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті - білім беру процесінің сапасын арттыру. Қоғамдағы білім беру үрдісінің сапасын және тиімділігін анықтаудағы мәселені шешу арқылы оқыту нәтижелерін тиімділігін бағалауға көзқарас түбегейлі өзгерді. Білім берудегі жаңа көзқарас оқушылардың кәсіби құзыреттілігін бағалау жүйесінің жұмыс өлшемдері мен әдістерін қайта қарастыруды қажет етеді.

Бағалау жүйесіндегі түсінік ел мектептерінде қолданылатын бес баллдық бағалау ғана емес, бақылау және білім беру процесінің жетістіктері туралы оқытушылар, оқушылар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты диагностикалау механизімін іске қосуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты бағалау жүйесі оқыту нәтижелерін өзін-өзі бағалау жүйесімен тығыз байланыста болады. Бұл жағдайда берілген, тапсырманы шешу үшін білім мекемелеріндегі мұғалім мен оқытушылардың кәсіби құзіреттілігін бағалау өлшемдерін және жиналған ақпаратты өңдеу тәсілдерін дамыту қажет.

ӘДІСТЕМЕ

Біздің зерттеу мақсатымыз: Оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдеріне дидактикалық негіздеме беру, критериалды бағалау жүйесін физиканы оқыту барысында пайдалану жолдарын қарастыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

«Бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерийлер негізінде салыстыру процесі ал бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер» деп нақты жазылған [URL:http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669].

Критерилердің әрбірі топқа туыстас дағдылары бойынша жауап береді. Критерилерді іріктеу, бір мезетте берілген білім аясының пәндерін оқыту процесінде жүзеге асыратын міндеттер іріктеуі болып табылады. Критериалды бағалау оқушылар арасындағы немесе олардың рейтингін жүргізуде бәсекелестікті қарастырмайды. Бағалау алдын-ала анықталған критерилер бойынша жүзеге асырылады. Критерий білім берудің күтілген көрсеткіші ретінде, мақсат ретінде, ал кез келген критерий бойынша бағалау - оқушының берілген мақсатқа жақындау дәрежесін анықтау ретінде көрініс табады.

Критериалды бағалау жүйесін пайдалану нақты талаптар мен дербестік, тексеру, бақылау және басқа да жұмыстарды құруды үстемелейді. Критерилердің әр бірі дағдылардың нақты тобын бағалауға бағдарланған, осыған орай, тапсырма да дағдылардың осы тобына арнайы бағдарланған болуы қажет.

Сапалы критерийлер пәндердің ерекшелігін есепке ала отырып, оқушы қызметінің әртүрлі жақтарын көрсетеді. Критерилердің сандық мазмұны балдармен және берілген критерий бойынша жетістіктер деңгейін тиісті сипаттау, түсіндірумен анықталады. Бұл сан-белгіні, қол жеткен және белгіленген деңгейді сөздік сипаттау алмастырады. Критерийлер нақты жазбаша айдарлармен (дескрипторлармен) жарақтандырылған. Әрбір критерий үшін дескрипторлар иерархиялық (сатылы) түрде ұйымдастырылады. Бағалау критерийлері әрдайым пәндік оқыту мақсаттарымен қатынастықта болады [Звонников В.И., 2007, 224 б.].

Физика бойынша жұмысты бағалау үшін критерилердің максималды саны – 5, бірақ жұмыс барысында барлық аталған критерийлер қарастырылмауы мүмкін. Мысал ретінде, физика пәнін оқытуда критерийлердің жалпы атаулары және оқушылардың оқып-үйренуге қажетті дағдылары 1-кестеде берілген.

Кесте 1. Физиканы оқытудың мақсаты мен міндеті.

Критерий	Атауы	Оқушылар үйренуі қажет
А критериі	Әлемнің тұтастығы	Әртүрлі көріністер мен процестерді түсіндіру және жағдайларды бағалау үшін, негізгі заңдылықтар мен заңдардың мәнін түсіну үшін, тірі және өлі табиғаттың үдерісін пайымдау жолымен қоршаған ортадағы өзгерістерді тану үшін жаратылыстану ғылымдар білімінің ақпараттық-түсіндірмелік алақабына бағдарлану.
В критериі	Коммуникация	-Ақпаратты логикалы және дәйекті беру; -өз қызметінің көрсеткіштерін идеяларымен сезімін білдіру үшін әртүрлі құралдарды шығармашылықпен пайдалану; -ұжымда (топта, командада) әрекет ету және жұмыс істеу, өзгелердің алдындағы өз жауапкершілігін түсіну; -ақпаратты көрнекілікті (презентация, үлгі, кесте) пайдаланумен баяндама және ауызша жауап түрінде беру; -сұраққа жауапты жазбаша түрде беру (оқылған көріністерді, процестерді, заңдарды, заңдылықтарды және т.б байыбын түсіндіру шеберлігі).
С критериі	Ғылыми білім мен түсініктер	- Мәтінде қажетті ақпаратты табу; -физикалық түсініктерді пайдалану: амперметр, вольтметр, кернеу, резистор, ток күші, реостат т.б. приборларды қолдану.
Д критериі	Ғылыми зерттеулер	-Оқушы оқытушымен бірге табиғи көріністер мен үдерістердің, негізгі заңдардың, заңдылықтардың мәнін ашу үшін зерттеу жұмысын жүргізеді. -зерттеу мақсатын қояды, қорытынды жасайды, әртүрлі факторлар мен адамгершілік нормаларды есепке ала отырып, қоршаған ортамен өзара әрекетті жүзеге асыру үшін физикалық мүмкіндіктері туралы алынған білімдерге сүйене отырып, зерттеу құралын, нысанын анықтау; -танымын, оқуын және ғылыми-зерттеу қызметінің негізін игеру процесін дербес реттеу және ұйымдастыру.

Е критериі	Эксперимент жүргізу	-Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау; приборлары мен зертхана құрал-жабдықтармен жұмыс істей білу; -оқушылармен зертханалық құрал-жабдықтарды және жылыту приборларын тәуелсіз пайдалану; жылу балансының теңдеуін пайдаланып, мұздың меншікті балқу жылуын анықтау.

Білім беру – бұл бір мезгілде үрдіс (жеке тұлғаның білім, білік, дағдыларын қалыптастыру үрдісі) және оның нәтижесі болып табылады. Басқаша айтқанда, білім беру – бұл өскелең ұрпаққа адамзат ғасырлар бойы жинақтаған білімін, нормалар мен дәстүрлерін беру және меңгертуден құралған қоғам өмірінің маңызды саласы болып табылады.

Оқыту барысында біз мақсаттан нәтижеге қарай жылжимыз. Оқыту үрдісі барысында біз бұл үрдістің қаншалықты тиімді жүзеге асып жатқандығын ұдайы біліп отыруымыз, оқыту нәтижелерін бағалап отыру қажеттігі туындайды. Бағалау-бұл білім алушылардың білім берудің ағымды және қорытынды кезеңдеріндегі үлгерімі туралы ақпаратты жинау және талдаудан тұратын білім беру үрдісінің міндетті компоненті. Оқыту нәтижелерін жоспарлау кезінде оқу материалын меңгеру деңгейлері бөліп қарастырылады.

Бағалау - таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Оқу материалының маңызын анықтайды, ол туралы өзіндік пікір айтып, ойын білдіреді. Критериалды бағалауда мұғалімнің оқушының ақыл-ой әрекетін жобалау қабілеті ерекше мәнге ие. Оқушының ақыл-ой әрекетін кезең-кезеңмен көрсетіп, соның негізінде дескрипторлар түзіледі.

Мектептерде 2019-2020 оқу жылынан бастап 10 сынып оқушылары физика пәнін жаңартылған бағдарлама негізінде жазылған оқулықтар бойынша оқуда. Кинематика тарауындағы тапсырмаларды орындау кезіндегі оқушылардың білімі мен ақыл-ой әрекеттерін танымдық тұрғыдан элементтерге жіктеу арқылы дескрипторлар анықталады. 2-кестеде «Тең үдемелі қозғалыс» тақырыбы бойынша оқушының білімін және ақыл-ой әрекеттерін элементерге талдау мысалы келтірілген [Физика 10. Оқулық. Б.А.Кронгарт, Д.Қазақбаева, О.Иманбеков, Т.Қыстаубаев, 2019, 27-30 бб.].

Кесте 2. «Тең үдемелі қозғалыс» тақырыбы бойынша оқушылардың білімін және ақыл-ой әрекеттерін элементерге талдауға негізделген өлшемдер.

Критерилер	Дескрипторлар	Балдар	Барлығы
A Білім және түсіну	1.Санақ жүйесінде оқушы жылдамдық пен уақыттың координаттық остерін дұрыс анықтайды. 2. Оқушы лездік жылдамдықтың формуласынан бастапқы жылдамдық пен үдеуді дұрыс анықтайды. 3. Оқушы тең айнымалы жылдамдықты есептеуге арналған формуланы біледі. 4. Оқушы кестені дұрыс толтыра біледі. 5. Оқушы жылдамдықтың уақытқа қатысты өзгері графигін дұрыс сыза алады. 6. Оқушы жылдамдықтың және уақыттың өлшем бірліктерін дұрыс белгілеген.	1 1 1 1 1 1	6
B Қолдану	1. Оқушы график сызу үшін масштаб таңдай біледі. 2. Оқушы жылдамдық және уақыт проекцияларының қиылысу нүктелерін таба біледі. 3. Оқушы кез келген уақыт мезетінде жылдамдықтың бірнеше мәндері үшін есептеулер жүргізеді. 4. Оқушы қозғалыстың түрін дұрыс анықтай біледі. 5. Оқушы өлшемді тексереді, шешімге түсініктеме береді. 6. Оқушы үдеудің проекциясын дұрыс анықтайды.	1 1 1 1 1 1	6
C Анализ және синтез	1. Оқушы тең айнымалы қозғалыс кезіндегі жүрілген жолды есептеуге арналған формуланы дұрыс жаза біледі. 2. Оқушы есептелер жүргізіп дұрыс жауап алады. 3. Оқушы сызылған графикте жүрген жол ауданын дұрыс белгілеп штрихтайды. 4. Оқушы трапецияның ауданы бойынша дене тең айналмалы қозғалғандағы жолды дұрыс есептейді. 5. Оқушы үшбұрыштың ауданы бойынша тең айнымалы қозғалыс үшін жолды дұрыс есептейді. 6. Оқушы дұрыс қорытынды шығарады.	1 1 1 1 1	6
Барлығы		18	18

Мұғалім жоғарыдағы кестеге сәйкес оқушылардың жұмыстарын тексереді. Келесі шкала бойынша жинақтаған балдарын дәстүрлі бағаға аударуға болады. Ол үшін балдарды бағаға ауыстыру шкаласын нақтылау қажет.

Балдар	Баға
15-18	5
10-14	4
9-4	3
1-3	2

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқыту нәтижелерін критерийлер негізінде бағалау – бұл кейінгі кезде қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінде кеңінен қолданыс тапқан критериалды бағалау технологиясы болып табылады. Әр критерийдің дескрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дескрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды. Дескриптор - шәкірттің белгіленген өлшемдерге сәйкес үздік деңгейге көтерілу жолындағы баспалдақтарын айғақтайды.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістер мен тәсілдерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу және оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Білім беру процесінде бағалаудың алуан түрлері оқушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бағалаудағы мұғалімнің іс-әрекеті оқушылар бағалау процесіне өздері қосылып, бағалау және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыратындай етіп құрылуы керек.

Сонымен, критериалды бағалау оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес оқыту үдерісіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған критерийлер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс болып табылады.

XXI ғасырда мектеп білімін модернизациялаудың жаңа нұсқаулары мұғалімдер мен оқушылардың бағалау іс-әрекетінің рөлін айтарлықтай өзгертті. Құзіреттілікке негізделген жаңа білім беру стандарттарының пайда болуы оқушылардың оқу және танымдық құзыреттіліктерінің қалыптасуына әсер ететін жүйелік, көп салалы сипаты бар олардың оқу жетістіктерін бағалаудың біртұтас өлшем технологиясын іздеуге ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. URL:http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669

2. Звонников В.И. Современные средства оценивания результатов обучения: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 224 с.

3. Физика. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. /Б.А.Кронгарт, Д.Қазақбаева, О.Иманбеков, Т.Қыстаубаев -Алматы: Мектеп, 2019. -280 б.

УДК 37.026.8:81'1

ЕРМЕКОВА АСЕМГУЛЬ БАЗАРБАЕВНА
магистр педагогики, старший преподаватель
ЗКАТУ имени Жангир хана
г. Уральск, Казахстан
E-mail: aminaamir80@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ И УМЕНИЙ АУДИРОВАНИЯ У СТУДЕНТОВ УРОВНЯ А1

Аннотация. Бұл мақала мәселені ұлттық деңгейде қарастырады тыңдаушылық қабілеттер мен дағдыларды қалыптастырудағы бағдарланған тәсіл, бұл А1 деңгейі бойынша білім алушыларға орыс тілін шетел тілі ретінде игеруге ықпал етеді. Зерттеу барысында білім алушылардың ана тіліне бағытталған, орыс және ана тілдерінің типологиялық айырмашылықтарының әсерінен студенттерде туындайтын лингвистикалық қиындықтарды сипаттау негізінде құрылған жаттығулар жүйесінің қажеттілігі анықталды және негізделді. Ұсынылып отырған жаттығулар орыс тілін А1 бастауыш деңгейінде оқитын студенттерге үйретуге бағытталған және коммуникация процесінің ажырамас бөлігі ретінде мағыналы қабылдауды қалыптастыруға және дамытуға арналған.

Кілт сөздер: тыңдалым, типологиялық айырмашылықтар, тілдік және сөйлеу дағдылары, базалық деңгей.

Аннотация. В данной статье рассмотрен вопрос национально ориентированного подхода в формировании навыков и умений аудированию, что способствует усвоению учащимися русского языка как иностранного для уровня А1. В ходе исследования выявлена и обоснована необходимость ориентированной на родной язык студентов системы упражнений, построенных на основе описания лингвистических трудностей, возникающих у обучаемых под воздействием типологических различий русского и родного языков. Предлагаемые упражнения ориентированы на обучение студентов, владеющих русским языком на начаотном уровне А1, и предназначены для формирования и развития осмысленной рецепции как составного компонента процесса общения.

Ключевые слова: аудирование, типологические различия, языковые и речевые умения, базовый уровень.

Summary. This article describes the issue of national – oriented approach to teaching listening that helps students learning Russian as a foreign language at the initial stage of studying. The study identifies and grounds the necessity of native language - oriented system of exercises based on linguistic difficulties descriptions encountered by the trainees under the influence of the typological differences of Russian and native languages. The proposed exercises are focused on teaching students who speak Russian at a basic level A1, and are intended for the formation and development of meaningful reception as an integral component of the communication process.

Key words: listening, typological differences, language and communicative skills at a basic level.

При обучении студентов русскому языку как неродному многие виды работ проводятся по специальности студентов. Одной из основных задач при этом является реализация коммуникативных целей и формирование у студентов навыков речевого общения. Общение – это двусторонний процесс, в котором говорящие попеременно слушают, то есть вомпринимают на слух информацию, и строят речь в соответствии с воспринятой на слух информацией [*Абелева И.Ю, 2004, 104 с.*].

Как показывает анализ трудностей студентов в речевом общении, очень часто именно отсутствие навыков аудирования становится причиной разрушения общения.

Анализ проводился в группах студентов-казахов первого курса элементарного уровня А1 политехнического института. По результатам анализа выявились следующие трудности при восприятии речи на слух:

- неумение выделить основную и второстепенную информацию;
- непонимание значения отдельных слов;
- неумение воспринимать текст как единое синтаксическое целое;
- невозможность воспроизведения услышанного сразу после первого предъявления и другие.

Реальное общение требует наличия навыков восприятия быстрой речи, речи разной степени правильности, разных интонационных характеристик. Этому надо систематически учиться, так как навыки аудирования формируются лишь в процессе аудирования устной речи.

Умение воспринимать информацию на слух и перерабатывать её (аудировать) – одно из важнейших метапредметных умений, без владения которым невозможна жизнь человека и обучение. Степень владения этим умением во многом определяет успешность человека в жизни и

профессии. Установлено, что 70% бодрствования человек проводит в речевом общении, из них 45% – слушая [*Черепанова Л. В., 2018. – 158 с.*]. Особенностью аудирования является то, что им человек овладевает с рождения, поэтому осознанное слушание является базовым в обучении говорению, чтению и письму. Поэтому не случайно данному виду речевой деятельности стали уделять внимание и задача обучения обучающихся уровня А1 эффективному аудированию стала одной из важнейших.

В типовой учебной программе цикла общеобразовательных дисциплин «Русский язык» для организаций высшего и (или) послевузовского образования: сборник. - Астана, 2018. – 275 с. признано владение видами речевой деятельности (аудированием, чтением, говорением и письмом), обеспечивающими «эффективное овладение разными учебными предметами и взаимодействие с окружающими людьми в ситуациях формального и неформального межличностного и межкультурного общения».

Обращение к аудированию как одной из важных сторон речевой коммуникации, предстaвляется актуальным и значимым. Восприятие речи на слух представляет значительные трудности для студентов элементарного уровня, изучающих русский язык [*Абелева И.Ю, 2004, 104 с*]. Следовательно, представляется вполне обоснованным предложить систему приёмов обучения аудированию, ориентированную на студентов уровня А1, которая способна повысить их эффективность в овладении этим видом речевой деятельности.

В содержании типовой учебной программы общеобразовательной дисциплины «русский язык» для уровня А1 аудирование присутствует как цель и как средство обучения. В частности, задачами начального этапа является формирование базовых навыков аудирования: владение звуковой стороной изучаемого языка, его фонемным составом, интонацией, понимание смысла слов, небольших по объему высказываний, построенных на изученном лексико-грамматическом материале.

Аудирование применительно к обучению иностранцев русскому языку стало предметом специальных исследований лишь в 80-е гг XX в. К числу обобщающих работ по проблемам обучения аудированию в условиях языкового вуза следует отнести докторскую диссертацию и монографию И.И. Халеевой «Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчиков)» (1981) и кандидатскую диссертацию Грязновой В.В. «Формирование фонетических навыков учащихся Юго-Восточной Азии на базе интерактивного курса дистанционной поддержки обучения русской фонетике (начальный этап)». В этих исследованиях впервые была обоснована важность обучения аудированию с позиции становления вторичной языковой личности и необходимости организации обучения.

При создании системы заданий решалась следующая задача: разработать упражнения, формирующие навыки и умения аудирования на основе учета особенностей родного (казахского) языка обучаемых. Ссылаясь на материалы исследований Н.В Елухиной, В.В. Грязновой, изучавших трудности аудирования иноязычной речи, необходимо отметить, что умения и навыки возможно сформировать на облегченном, адаптированном лингвистическом материале [*Елухина Н.В., 1996 – 63 с.*]. При выполнении специальных упражнений, имеющих целью снять интерферирующее влияние родного языка, аудирование выступает как цель обучения. При сочетании упражнений по аудированию с элементами говорения, чтения и письма аудирование выступает уже как средство обучения другим видам речевой деятельности. Языковой материал предстaвлен коммуникативным минимумом базового уровня владения русским языком и нормативным курсом общеобразовательных дисциплин на начальном этапе обучения.

Речевой материал отвечает обиходно-бытовой и учебной сферам общения. Он сгруппирован вокруг типовых коммуникативных ситуаций: «Знакомство», «Рассказ о себе. Семья», «Мой день», «Продукты питания», «Мои интересы», «Мой университет», «Время, время суток». На базовом сертификационном уровне занятие по русскому языку отводится 300 часов в год. На развитие аудиоумений полагается четвертая часть учебного времени – 2 часа в неделю.

Разработанная система упражнений по обучению аудированию иноязычного текста обслуживает каждый механизм динамической цепочки восприятия на слух, фокусируясь на специальных задачах. А именно: упражнения, формирующие овладение механизмам распознавания звучащей речи на основе преодоления трудностей на уровне слова, словосочетания, фразы; упражнения на преодоление трудностей, которые возникают при распознавании смыслового содержания звучащей речи; упражнения, контролирующие понимание.

Все упражнения, используемые в экспериментальном материале, делятся на языковые и речевые. Основным объектом языковых упражнений является система языка, а речевых – образцы и нормы использования системы языка в речевой деятельности.

Целью языковых упражнений является выделение дифференциальных признаков фонем, морфем, слов, словоформ, умения и навыки правильно и автоматически выделять их в потоке речи, узнавать их значение. Через набор определенных промежуточных упражнений языковые упражнения позволяют дифференцировать звуки внутри слова, членить поток речи

на слова, и опознавать слуховой образ слова и соотносить его с определенным значением, понимать значение производных слов с измененными суффиксами и приставками, понимать синтаксическую структуру предложения.

Следует отметить, что и языковые, и речевые упражнения различаются своей установкой. При выполнении языковых упражнений в аудировании логика учебной деятельности идет от восприятия целого к осознанию составляющих его частей и имеет преимущественно аналитическую направленность. А при выполнении речевых упражнений логика учебной деятельности идет от частей к целому и имеет преимущественно синтезирующую направленность.

Варианты упражнений:

1. Для формирования умения удержания в оперативной памяти ряда поступающих речевых сигналов (увеличение объема оперативной памяти, вычленение новой информации в результате сравнения двух вариантов сообщения);

2. Выделение информации об одном конкретном предмете, объекте (Слушайте текст, напишите имя главного героя. Слушайте слова. Составьте предложения, используя все слова которые запомнили.);

3. Упражнения для формирования умения создавать правильную вербальную гипотезу. (Выделение информации из диалога. Выделение информации из текста. Слушайте фразы. Запишите названия стран, которые вы услышали. Понимание смысла вопроса и умения отвечать на него: Прослушайте фразы и ответьте на вопросы.);

4. Аудитивные упражнения на формирование умений понимать главную мысль текста, развитие смысловой догадки, озаглавливание текста (Слушайте текст, дайте ему название. Выпишите слова, необходимые для пересказа. Перескажите текст по цепочке).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Абелева, И.Ю. Речь о речи. Коммуникативная система человека / И.Ю. Абелева. М. : Логос, 2004. - 304 с.

2. Черепанова Л. В., Ячменева Н. Е. Проблема обучения аудированию школьников на уроках русского языка: состояние и перспективы // Учёные записки ЗабГУ. Сер. Педагогические науки. 2018. Т. 13, № 6. С. 155–166.

3. Государственный образовательный стандарт по русскому языку как иностранному. Элементарный уровень. Общее владение. – М.,СПб., 2001. – 28 с.

4. Елухина Н.В. Обучение слушанию иноязычной речи. – М.: Русский язык, 1996.

5. Типовая учебная программа цикла общеобразовательных дисциплин «Русский язык» для организаций высшего и (или) послевузовского образования: сборник. - Астана, 2018. – 275 с.

УДК 378

ЖОРАБЕКОВА АЙНУР НАЗИМБЕКОВНА,
PhD, қауымдастырылған профессордың м.а.,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қ
E-mail: ainur-zhorabekova@mail.ru

САГДУЛЛАЕВ ИБРОХИМ ИРИСМАТОВИЧ,
PhD, аға оқытушы,
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-тұрік университеті,
Түркістан қ.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ТҰҒЫР

Аңдатпа: Мақалада шетел тілдерін оқыту тәсілдері қарастырылған. Кәсіби бағытталған шетел тілдерін оқытудың мазмұны талданады. Бұл тәсіл келесі мәселелерді шешуге бағытталуы керек: сөйлеу әрекетінің түрі бойынша коммуникативтік дағдыларды дамыту, белгілі бір тілдік білімді игеру, студенттерді оқылатын тілдің туған халқының мәдениетімен таныстыратын, шет тілдік ортаға бейімделуге көмектесетін, кәсіби лексиканың белгілі бір жиынтығын игеретін әлеуметтік-мәдени білімді қалыптастыру, шетел тіліндегі арнайы терминология. Кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту міндеттері жобалық әдіс, ойлау әдісі, білім беру, іскерлік және рөлдік ойындар, жаттығулар, пікірталас әдісі және т.б. көмегімен жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: кәсіби бағытталған оқыту, тәсіл, болашақ мұғалім, шетел тілі, оқыту әдістері.

ЖОРАБЕКОВА АЙНУР НАЗИМБЕКОВНА,
Международный университет туризма и гостеприимства,
г. Туркестан
PhD, и.о.ассоциированного профессора

САГДУЛЛАЕВ ИБРОХИМ ИРИСМАТОВИЧ,
PhD, старший преподаватель
Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Аннотации: В статье рассматриваются подходы, направленные на формирование профессиональных умений и навыков и готовность к иноязычному общению будущего специалиста**.** Выделены условия и требования к профессиональной направленности деятельности при обучении иностранным языкам. Проанализировано содержание профессионально-ориентированного обучения иностранным языкам. Такой вид обучения должен быть направлен на решение следующих задач: развитие коммуникативных умений по видам речевой деятельности, овладение определенными языковыми знаниями, формирование социокультурных знаний, которые приобщают обучающихся к культуре народа-носителя изучаемого языка, помогают адаптироваться к иноязычной среде, овладение определенным набором единиц профессиональной лексики, специальной терминологией на иностранном языке. Задачи профессионально-ориентированного обучения иностранному языку реализуются с помощью таких методов, как: метод проектов, метод ассоциограмм (mindmapping), учебные, деловые и ролевые игры, упражнение, метод дискуссий и др.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру қажет. Біздің ойымызша болашақ шетел тілі мұғалімі біліміне, біліктілігіне, парасатына сай, бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінуі хақ [Ogeh, Obitor Wizoma Matthe; Abe Ezinne, 2020, 236 б.]. Сондықтан, жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы ақпараттық құзыреттіліктің мұғалім бойында қалыптасуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезең, шетел тілі мұғалімдерінің жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін заманауи оқыту технологияларға ұштастыруын талап етіп отыр. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Бұл педагогтардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай

жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер деп айқындалған [Моисеев В. Н., 2014, 109 б.].

Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту - кешенді, жан-жақты, баланың өмірінің барлық салаларын қамтитын мәселе. Бұл мәселені шешкенде бірнеше аспектілерге көңіл бөлген жөн. Біріншіден, болашақта оқуда табыстарға қол жеткізудің кепілі - дамып келе жатқан баланың тұлғасына және танымына еш кедергі көрсетпеу, екіншіден баланы шетел тілінде жазу, оқу, санау сияқты қарапайым мектеп дағдыларына икемдеп, үйрету. Заман талабына сай, қазіргі таңда баланы қарапайым мектеп дағдыларынан басқа ағылшын тілінің де орны ерекше болып тұр [Пассов Е.И., 1991, 98 б.].

Осы мәселе бойынша, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.


Пандемия жағдайында онлайн оқыту форматына көшу отандық білім беру жүйесі үшін үлкен сынақ болды. Техникалық проблемалар, электронды оқулықтар мен интерактивті оқу материалдарының жетіспеушілігі оқушылардың үйде білім алуын ұйымдастырудағы қиындықтарды ғана емес, жалпы білім беру сапасының нашарлығына көзімізді ашты. Пандемия онлайн білім беру сапасын жақсарту уақыты келгенін, оны сапалы электронды оқулықтарсыз, онлайн форматтағы дидактикалық материалдарсыз, сондай-ақ интерактивті оқу материалдарынсыз жасау мүмкін еместігін айқын көрсетті.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Коронавирус пандемиясына байланысты әлемдегі оқушылар мен студенттердің басым көпшілігі стратегиялық оқытуға көшті. Бұл жұмыстың мүлдем басқа стиль мен мазмұнды талап етеді. Болашақта мұндай дағдарыстар қайталануы мүмкін. Қашықтықтан оқыту мәселесін заң шығарушы, сондай-ақ әдіснамалық, ұйымдастырушылық деңгейлерде де жедел түрде реттеу қажет» - деді.


Сондықтан, бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде оқушылардың білімін заманауи цифрлық технологияларды, компьютерлік технологияларды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды, сондай-ақ оқытудың мобильді технологияларын пайдалана отырып жетілдіру көзделуі тиіс [Брускин С.Н., 2016, 237 б.].

«Қашықтықтан оқытуға көшу кезіндегі ең маңызды құралдардың бірі электрондық оқулықтар болып табылады» - деп жалғастырды мемлекет басшысы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз «1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тіліндегі жұмыс дәптерінен», сондай-ақ Activinspire бағдарламасы негізінде жасалған интерактивті тапсырмалар жинағынан тұратын авторлық оқу кешенін жасадық (сурет 1), (сурет 2).



Сурет 1. «1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тіліндегі жұмыс дәптері»



Сурет 2. 1-сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен интерактивті тапсырмалар жинағы

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жасаған кішігірім талдауымыз, бізге коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда заманауи технологияларды қолдану өз септігін белгілі бір дәрежеде тигізетіні сөзсіз.

Демек, заманауи технологияларды қолдануда білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде, білім алушылар оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды, жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады, өздігінен ізденімпаздық қабілеті арта түседі деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827 Об утверждении Государственной программы «Цифровой Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.12.2019 г.) https://online.zakon.kz/document/?doc_id=37168057#pos=121;-55

2. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру жоғары оқу орындарында мамандар дайындау бағыты ретінде // Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалану атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Қызылорда: Эверо, 2007, қараша 1-2. – Б. 10-30.

3. Құнанбаева С.С.Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: 2010. –324 б.

4. Третьяков В.С., Ларионова В.А. Открытые онлайн-курсы как инструмент модернизации образовательной деятельности в вузе // Высшее образование в России. 2016. № 7 (203). С. 55–66.

5. Ogeh, Obitor Wizoma Matthe; Abe Ezinne, C. DIGITALIZATION OF EDUCATION IN THE 21ST CENTURY: IMPLICATION FOR TEACHERS RE-ORIENTATION FOR NATIONAL UNITY https://www.oapub.org/edu/index.php/ejes/article/view/2922/5560

6. Моисеев В. Н. Общество синхронизации: человек и его цифровой профайл // Обсерватория культуры. 2014. № 5. С. 107-111.

7. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению //Просвещение. 1991. С.90-103.

8. Брускин С.Н. Методы и инструменты продвинутой бизнес-аналитики для корпоративных информационно-аналитических систем в эпоху цифровой трансформации // Современные информационные технологии и ИТ-образование. 2016. Т. 12. № 3–17. С. 234–239.

УДК 374.3

КАШИМОВА КАЛАМКАС АХМЕТОВНА,
кафедра общей и прикладной психологии,
кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
E-mail: kalama.kashimova@gmail.com

МЫНБАЕВА АЙГЕРИМ КАЗЫЕВНА,
кафедра общей и прикладной психологии,
кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби

КАСЫМОВА РОЗА САДЫКОВНА,
кафедра общей и прикладной психологии,
кафедра педагогики и образовательного менеджмента,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

МОНТЕССОРИ ӘДІСІҢ ДАМУЫ: ГУМАНИСТІК, ОРТА ЖӘНЕ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Түйін. Мақалада Мария Монтессоридің балаларды дамыту және еркін тәрбиелеу туралы ілімі қарастырылып, теорияның даму тарихы қысқаша баяндалған. Мектепке дейінгі білім беруді дамытуға оқытудың үлесі талданады. Мария Монтессори теориясының үш кезеңі және оның әлемге таралуы анықталды. Мария Монтессори - бұл XX ғасырдың төрт көрнекті педагогтарының бірі, ол «XX ғасырдың педагогикалық ойлау тәсілін» 1988 жылы ЮНЕСКО мойындады. Монтессори әдісінің артықшылығы - баланың дербестігін дамытуға, оның белсенділігіне, сондай-ақ баланың жеке басының өзін-өзі дамытуына, ізгіліктік педагогиканың идеяларымен байланысына көңіл бөлу; оқытуда синергетикалық және экологиялық тәсілді қолдану, қоршаған ортамен үйлесімді өзара әрекеттесу, теорияның конструктивистік негіздері. 2019 жылы Montessori Qazaqstan қоғамдық қоры Montessori Association International (AMI)-мен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Қазақстанда «Montessori Qazaqstan» ҚҚ Монтессори әдісін дамыту, оқыту мен әдістемені тарату, сондай-ақ балалардың дамуы үшін қауіпсіз ортаға балалардың құқықтарын қорғау бойынша іс-шаралар жүргізеді.

Түйінді сөздер: Мария Монтессори әдісі, педагогикалық ойлау, тұлғаның өзін-өзі дамыту, еркін тәрбие, синергетика, Монтессори дидактикалық материалы.

РАЗВИТИЕ МЕТОДА МОНТЕССОРИ: ГУМАННЫЙ, СРЕДОВЫЙ И СИНЕРГЕТИЧЕСКИЙ ПОДХОДЫ

Аннотация. В статье рассмотрено учение Марии Монтессори по развитию и свободному воспитанию детей, кратко изложена история развития теории. Проанализирован вклад учения в развитие дошкольного образования. Выделены условно три периода развития теории Марии Монтессори и ее распространение в мире. Мария Монтессори - одна из четырех выдающихся педагогов XX века, определивших «способ педагогического мышления двадцатого столетия» по признанию ЮНЕСКО в 1988 году. Сильной стороной метода Монтессори является направленность на развитие самостоятельности ребенка, его активности, а также саморазвития личности ребенка, взаимосвязь с идеями гуманной педагогики; использование синергетического и средового подхода в обучении, гармоничного взаимодействия с окружающей средой, конструктивистские основания теории. В 2019 году Общественный фонд "Montessori Qazaqstan" подписал соглашение о сотрудничестве с Международной Ассоциацией Монтессори (AMI). В Казахстане ОФ "Montessori Qazaqstan" проводит деятельность по развитию метода Монтессори, распространению учения и метода, а также защите прав детей на безопасную для развития детей среду.

Ключевые слова: метод Марии Монтессори, педагогическое мышление, саморазвитие личности, свободное воспитание, синергетика, дидактический материал Монтессори.

DEVELOPMENT OF THE MONTESSORI METHOD: HUMANE, ENVIRONMENTAL AND SYNERGY APPROACHES

Annotation. The article examines the teaching of Maria Montessori on the development and free upbringing of children, briefly outlines the history of the development of the theory. The contribution of learning to the development of preschool education is analyzed. Three periods of the development of the theory of Maria Montessori and its spread in the world are identified. Maria Montessori is one of the four outstanding educators of the twentieth century, who defined the "way of pedagogical thinking of the twentieth century" as recognized by UNESCO in 1988. The strength of the Montessori method is the focus on the development of the child's independence, his activity, as well as the self-development of the child's personality, the relationship with the ideas of humane pedagogy; the use of a synergistic and environmental approach in teaching, harmonious interaction with the environment, constructivist foundations of the theory. In 2019, the Montessori Qazaqstan Public Foundation signed a cooperation agreement with the Montessori Association International (AMI). In Kazakhstan, PF "Montessori Qazaqstan" carries out activities to develop the Montessori Method, disseminate teaching and method, as well as protect the rights of children to a safe environment for the development of children.

Key words: Maria Montessori method, pedagogical thinking, personality self-development, free upbringing, synergetics, Montessori didactic material.

Введение

Мария Монтессори – известный ученый, одна из четырех выдающихся педагогов XX века, определивших «способ педагогического мышления двадцатого столетия» по признанию ЮНЕСКО в 1988 году. В статье рассмотрим историю распространения идей Монтессори в мире и Казахстане в воспитательной практике. **Цель статьи** – анализ истории и современного состояния развития метода Монтессори в мире и Казахстане.

Методология и методы исследования: исторический анализ, систематизация, периодизация развития, обобщение практического опыта использования метода Монтессори в Казахстане. Статья в аспекте анализа методологии синергетического, гуманного и средового подходов - подготовлена по гранту ИРН AP08856223 Комитета науки МОН РК.

Основная часть. Обзор литературы

Мария Монтессори (1870-1952) – итальянский педагог и одна из первых женщин - дипломированных врачей Италии, представитель идеи свободного воспитания в педагогике. Родилась в религиозной семье, ее отец был против обучения дочери в университете. Однако Мария Монтессори поступила в Римский университет и закончила его в 1896 г., став доктором медицины. Со студенческой скамьи она начала работать в психиатрической клинике, и с 1898 г. стала директором Государственного олигофренического института. В его стенах она разработала «Золотой материал Монтессори». С 1904 г. – профессор Римского университета. В 20-е годы XX века иммигрировала из фашистской Италии. Жила и работала в Нидерландах, Испании, Индии, после войны вернулась в Нидерланды.

Вопросы о влиянии идей М. Монтессори на развитие образования, история развития Монтессори-движения за рубежом отражены в работах B. Isaacs (2018) [Isaacs B., 2018], J. Dattke (2019) [Dattke J., 2014], K. Тамани (2018) [Тамани K., 2018], R. Kramer [Kramer R., 1983], М.Г. Сорокова (2005) [Сорокова, 2005], А.Ф. Дорофеева (2003) [Дорофеев А., 2003] и др. Остановимся кратко на некоторых идеях и истории распространения идей школ и центров, работающих по методам Монтессори.

Согласно идеям ученой, цель жизни и работы ребенка – в нем самом, в построении собственной личности, исходя из своего внутреннего потенциала. Философские взгляды М. Монтессори базируются на «Космической теории» [Сорокова М.Г., 2005], причем такое понимание взглядов проявилось после индийского периода жизни ученой.

Ребенок обладает «впитывающим мышлением» (ребенок «как губка» впитывает образы окружающей среды). М.Монтессори вводит понятие «сенситивные периоды» процесса развития ребенка. Основные сенситивные периоды:

- сенситивный период развития речи (0-6 лет);
- сенситивный период воспитания порядка (0-3 года);
- сенситивный период сенсорного развития (0-5,5 лет);
- сенситивный период восприятия маленьких предметов (1,5 – 2,5 года);
- сенситивный период развития движения и действий (1-4 лет);
- сенситивный период развития социальных навыков (2,5 – 6 лет) [Сорокова М.Г., 2005].

Ребенку характерна «поляризация внимания» (ранее считалось, что у детей внимание неустойчиво). У М. Монтессори «поляризация внимания» - проявление глубоких сенситивных изменений в ребенке, начало процесса нормализации человека. Для ребенка 3-6 лет «нормальное поведение» проявляется в умение концентрированно, сосредоточено работать; заниматься самостоятельной деятельностью. «Нормализованный ребенок» социален: он дружелюбен по отношению к взрослым и другим детям; коммуникабелен; готов помочь; дисциплинирован, поскольку умеет владеть собой [Сорокова М.Г., 2005].

Основной метод работы педагога – наблюде-

ние. Задача педагога – не навязывать детям свою волю; необходимо направлять детей в окружающей среде, организуя ее в соответствии с особенностями воспитанников, индивидуальными интересами, способностями.

Принципы педагогики М. Монтессори:

- содействия естественному развитию;
- взаимодействия с подготовленной средой;
- свобода выбора в подготовленной среде;
- индивидуальная активность в учении;
- предметность в учении [Сорокова М.Г., 2005].

Подготовленная среда — важнейший элемент педагогики М. Монтессори. Обучение и развитие ребенка основывается на развитии его органов чувств. Используется специальный дидактический материал:

- на обоняние – коробочки, подушечки с запахами;
- на осязание – доски, кубики для ощупывания;
- на слух – звоночки, шумящие коробочки, издающие звук мячики;
- на вкус – вкусовые баночки и др. [Монтессори М., 2013; Монтессори М., 2006].

На наш взгляд, сильной стороной методов Монтессори является направленность на развитие самостоятельности ребенка, его активности, саморазвития детей; использование синергетического и средового подхода в обучении и воспитании, гармоничного взаимодействия с окружающей средой. По сути, учение М. Монтессори можно отнести и к конструктивисткому подходу – построения среды взаимодействия и развития ребенка. Подчеркнем, что поздние работы М. Монтессори позволяют говорить о синергетической платформе воспитания детей по данной методике. Ребенок понимается, условно, как сложная самоорганизующаяся система. Идеи саморазвития ребенка, «космического образования», обмена информацией и энергией педагога с детьми в среде воспитания, гармонии с природой и миром – коррелируют с синергетической философией гуманитарных наук.

Метод М. Монтессори активно распространялся при ее жизни в Италии до 1936 года, были открыты поочередно «Дома детей» - Casa Dei Bambini (с 1907 г., 1908 и т.д.), основано общество друзей М. Монтессори, переименованное затем в «Общество Монтессори» в Италии. Ученая проводила курсы по обучению своей методике, распространяла опыт в США, Нидерландах, Испании, Великобритании. Ее работы переводились и были опубликованы в Германии, Японии, России и других странах. После отъезда из фашисткой Италии ученая развивала свой метод в других странах, в Нидерландах и Индии.

Метод М. Монтессори в современном мире.

В настоящее время метод Монтессори практикуется во многих странах, включая Казахстан, Россию и другие страны СНГ. В настоящее время метод в Казахстане больше используется на уровне частных образовательных организаций. В 1929 г.в Дании на международном образовательном конгрессе ею была организована Международной Ассоциации Монтессори. Деятельность Международной Ассоциации Монтессори насчитывает более 90 лет и в настоящее время продолжает расширяться.

Сорокова М.Г. выделяет три направления развития и применения метода:

1. Классическое и постклассическое;
2. использование отдельных положений метода Монтессори или материалов в новых концепциях;
3. медико-реабилитационное направление [Сорокова М., 2005].

Классическое и постклассическое направления включают:

1. создание «классических» Монтессори-детских садов и начальных школ в Европе, Америке, Австралии, Азии, а также в Африке;
2. развитие идей Монтессори для воспитания детей от рождения до трех лет;
3. включение дополнительных видов деятельности в образовательный контекст Монтессори-детского сада;
4. создание современных Монтессори-гимназий и лицеев за рубежом;
5. создание новых материалов в духе Монтессори;
6. новые разработки по применению классических Монтессори-материалов.

Важно отметить, что со времен своего основания Международная Ассоциация Монтессори (AMI) остается наиболее влиятельным и последовательным представителем классической Монтессори-педагогики. AMI полагает, что в системе Монтессори учтены все потребности ребенка, необходимые для его развития и ни в каких коррективах и дополнениях она не нуждается. Эта организация проводит обучающие Монтессори педагогике AMI-курсы, отличающиеся качеством, долгосрочностью и имеющие международное признание. Наличие AMI-диплома у учителей таких школ является одним из критериев, по которым школе или саду могут присвоить статус «учрежденных и признанных AMI». Удовлетворить требованиям AMI нелегко: организация должна долгое время функционировать по стандарту AMI, иметь полное соответствие материалов и методов работы по стандартам и т.д.

В Справочнике по реформаторско-педагогическим и альтернативным школам в Европе указано, что первые школы Монтессори были основаны в 1919 г в г. Амстердам и Гааге, в 1924 в Германии [Кеда, Е. Пасс, Ю., 1994].

Начало Монтессори движения в Российской Империи и в СССР приходится на первую половину XX века. Усилиями Юлии Ивановны Фаусек

(1863-1942), почетного профессора Российского Государственного педагогического университета имени А.И. Герцена [Кондратьева Е.А., 2003], широкую известность получила система образования М. Монтессори. Ю. Фаусек в течение многих лет работы пыталась адаптировать итальянскую систему дошкольного образования к российским и советским реалиям.

Как отмечалось ранее, Ю. Фаусек не просто посещала дома ребенка, она увидела воочию сам педагогический процесс [Фаусек Ю., 1915; Фаусек Ю., 2007], а также сблизилась с Марией Монтессори. Фаусек вела активную деятельность по популяризации метода в достаточно сложных социально-экономических условиях. Ею была проведена большая опытно-экспериментальная работа, обобщение выводов которой позволили выявить ряд закономерностей, которые смогли доказать эффективность метода. Принято считать, что Юлия Ивановна Фаусек является последователем, ученицей Монтессори.

После распада СССР, как описывают авторы Сумнительный К.Е. и Сумнительная С. И. в сборнике статей: «1993 год был для российского образовательного сообщества важным. Впервые Мария Рот, немецкий тренер для педагогов Монтессори, работавшая по стандарту AMI, посетила Россию» [Сумнительный К.Е., Сумнительная С.И., 2017; Сумнительный К.Е., 2014, 2017]. Можно считать, с этого времени Монтессори движение в России возобновилось: новыми последователями и педагогами, практикующими ее метод, стали М. Сорокова, Е. Хилтунен, К.Е. Сумнительноый, М.В. Богуславский, Д.Г. Сороков. Таким образом, было положено начало возрождению системы М. Монтессори в России.

В настоящее время в России активно ведут свою деятельность Высшая школа Монтессори-метода, Фонд Монтессори – филиал AMI в России, а также Московский институт Монтессори педагогики.

В Казахстане опыт педагогики М.Монтессори активно стал применяться с момента Независимости, вначале стихийно, затем через создание организации.

В апреле 2019 года Общественный фонд “Montessori Qazaqstan” подписал соглашение о сотрудничестве с Международной Ассоциацией Монтессори (AMI), основанным Марио Монтессори в 1929 году.

В ноябре 2019 года при поддержке ОФ “Montessori Qazaqstan” в Алматы прошел первый AMI курс по подготовке Монтессори ассистентов для работы с детьми от рождения до трех лет, в котором приняло участие около 50 учителей со всего Казахстана.

В настоящее время Общественный фонд “Montessori Qazaqstan” продолжает свою деятельность по развитию метода Монтессори, распространению достоверной информации о методе, а также защите прав детей на безопасную для развития детей среду.

Заключение

Условно, в истории развития метода Монтессори и ее педагогического наследия можно выделить несколько периодов:

1. начальный зарождения и становление метода Монтессори (до 20-30-х гг. XX века). Связан с разработкой и накоплением опыта использования метода для детей с особыми потребностями, изучением образовательной подготовки для учителей школ Италии, внедрением метода для воспитания и работы с обычными детьми, и распространение опыта для школы Италии, Европы, России и США;

2. обобщение метода, расширение опыта внедрения учения до *концепции «космического образования»*, так называемый, восточный период (1940-е годы). В этот период происходит развитие метода до концепции «космического образования» как теории обучения детей от 6 до 12 лет, с подчеркиванием единства взаимодействия ребенка с окружающим миром, в развитии ребенка в гармонии с природой. В последние годы жизни – конец 40-х – начало 50-х гг. XX века М. Монтессори обобщила опыт в книгах «Впитывающий разум», «четырех планов обучения», ее учение затрагивало детей от 0 до 12 лет;

3. интенсивное распространение учения, идей и методов во всем мире (с 50-х годов по настоящее время). На наш взгляд, в современный период ярко просматривается развитие гуманного, средового и синергетического подхода и философии к развитию детей в центрах и школах, где применяется теория и метод М. Монтессори.

В Казахстане ОФ “Montessori Qazaqstan” проводит деятельность по развитию метода Монтессори, распространению учения и метода, а также защите прав детей на безопасную для развития детей среду.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Isaacs B. Understanding the Montessori approach: Early year’s education in practice. – Routledge, 2018.

2. Dattke J. A Montessori Model for Inclusion //NAMTA Journal. – 2014. – Т. 39. – №. 3. – С. 107-119.

3. Тамани К. М. Воспитание по Монтессори = The Tao of Montessori. — М.: АСТ, 2018.

4. Kramer R. Maria Montessori. Leben und Werk einer großen Frau. — Frankfurt am Main: Fischer, 1983.

5. Дорофеев А. Реализация идей педагогики М.Монтессори в дошкольных и школьных образовательных учреждениях ФРГ: дис. ... канд. пед. наук. Белгород, 2003. С. 14
6. Сорокова М.Г. Система М. Монтессори. Теория и практика. – М.: Академия, 2005. – 384 с.
7. Монтессори М. Мой метод: руководство по воспитанию детей от 3 до 6 лет / Мария Монтессори; [пер. с англ. А. В. Колесниковой, Е. А. Рязанцевой]. – Москва: Центрполиграф, 2013. – 414 с. : ил.
8. Монтессори М. Мой метод: начальное обучение. – Москва: Астрель: АСТ, 2006. – 349 с.
9. Кеда, Е. Пасс, Ю. Метод Монтессори в России// Дошкольное воспитание. 1994. - №4. – С.38-39.
10. Кондратьева Е. А. Условия реализации идей и принципов педагогической концепции М. Монтессори в отечественном образовании. Спб, 2003.
11. Сумнительный К. Е. Теоретическое осмысление и практика использования зарубежных педагогических систем в отечественном образовании второй половины XX века: автореф.... 13.00.01 – История и теория образования. – М., 2008.
12. Сумнительный К.Е. На пути к новой педагогике. Монтессори метод в контексте современной науки. Сборник материалов IV Всероссийской конференции «Новое время». - М. «Новое время», 2014.
13. Сумнительный К.Е., Сумнительная С.И. Метаморфоз развития. 25 лет с системой М. Монтессори: сб. ст. к VII Международной конф. «Интеграция педагогики М. Монтессори с отечественным образовательным пространством» под ред. Д-ра пед.наук К.Е. Сумнительного.- Москва: Новое время, 2017. - 284 с.
14. Фаусек Ю. И. Детский сад Монтессори. — М., 1915.
15. Фаусек Ю. И. Педагогика Марии Монтессори [Текст]: ст., дневники, рукоп./ Ю. И. Фаусек; [соврем. ред. Е. Хилтунен ; науч. редакция, послесл. И коммент. Д. Сорокова ; предисл. М. Крухлет]. – Москва: Генезис, 2007. – 368 с.

REFENERCES:

1.Isaacs, B. (2018). *Understanding the Montessori approach: Early years education in practice*. Routledge.
2.Dattke J. (2014). A Montessori Model for Inclusion. *NAMTA Journal*. V 39(3). P.107-119.
3. Tamani K (2018). M Montessori education = The Tao of Montessori. Moscow, AST.
4. Kramer R.(1983). Maria Montessori. Leben und Werk einer großen Frau. Frankfurt am Main: Fischer.
5. Dorofeev A.(2003). Implementation of the ideas of M. Montessori pedagogy in preschool and school educational institutions of Germany: dis. ... Cand. ped. sciences. Belgorod. P.14
6. Sorokova M.G.(2005). M. Montessori system. Theory and practice. Moscow, Academy, 384 p.
7. Montessori M. (2013). My method: a guide to raising children from 3 to 6 years old [trans. from English A. V. Kolesnikova, E. A. Ryazantseva]. Moscow: Tsentrpoligraf, 414 p.
8. Montessori M. (2006). My method: initial training. Moscow: Astrel: AST.349 p.
9. Keda, E. Pass, Y.(1994). Montessori method in Russia. Preschool education. V4. P.38-39.
10. Kondratyeva EA Conditions for the implementation of ideas and principles of M. Montessori's pedagogical concept in domestic education. SPb, 2003.
11. Sumnitelny KE (2008). Theoretical understanding and practice of using foreign pedagogical systems in domestic education in the second half of the twentieth century: author.... 13.00.01 - History and theory of education. Moscow, 2008.
12. Summative K.E.(2014). Towards a new pedagogy. Montessori method in the context of modern science. Collection of materials of the IV All-Russian conference "New time". Moscow, "New time".
13. Summative K.E., Summative S.I. (2017). Development metamorphosis. 25 years with the M. Montessori system: Sat. Art. to the VII International Conf. "Integration of M. Montessori's pedagogy with the domestic educational space" ed. Doctor of Pedagogical Sciences K.E. Sumnitelny. Moscow: Novoe Vremya, 284 p.
14. Fausek Yu. I. (1915). Kindergarten Montessori. Moscow.
15. Fausek Yu. I. (2007). Pedagogy of Maria Montessori: articles, diaries, handbooks. - Moscow: Genesis, 368 p.

УДК 372.881.111.1



КЕРЕЙБАЕВА АЙГЕРИМ АБИЛЬГАЗИЕВНА,
Магистр,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті,
E-mail: k_aigerym@mail.ru



КЕНЖЕБАЕВА АИДА АБДЫГАНИЕВНА,
Филология ғылымының кандидаты, доцент,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті,
E-mail: china.aida@mail.ru

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ ҚЫТАЙ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА ДАЙАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА ОҚЫТУШЫҒА ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАР

Түйіндеме. Бұл мақаланың негізгі мақсаты - пандемия кезінде Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Шығыстану факультетінің қытай тілі мамандығының оқытушылары қашықтан сабақ беруге қаншалықты дәрежеде дайындығын зерттеу. Одан бөлек жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту мақсатында оқытушыға қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерге назар аударылған, соның аясында оқытушылар ол дағдыларды сабақ барысында қалай қолданатыны туралы талдау жасалынған. Зерттеуге өз қалауларымен оқыту тәжірибелері әр түрлі 17 оқытушы қатысты.

Кілт сөздер: қашықтан оқыту, иновациялық технология, дағды, оқытушылар, қытай тілі.

ГОТОВНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА К ДИСТАНЦИОННОМУ ОБУЧЕНИЮ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ И ИССЛЕДОВАНИЕ НЕОБХОДИМЫХ НАВЫКОВ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ДЛЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Абстракт: Основная цель этой статьи изучение готовности преподавателей китайского языка факультета Востоковедения КазУМОиМЯ им. Абылай хана к переходу к дистанционному обучению во время пандемии. Кроме того в статье мы уделели внимание основным навыкам и компетенциям, необходимым преподавателю для дистанционного обучения в высших учебных заведениях, в рамках которого мы провели исследование насколько преподаватели владеют этими навыками и как они используют эти навыки во время занятий. В исследовании приняли участие 17 преподавателей, имеющие разный опыт преподавания китайского языка.

Ключевые слова: дистанционное обучение, иновационные технологии, навыки, преподаватели, китайский язык.

CHINESE LANGUAGE TEACHERS' READINESS FOR DISTANCE TEACHING DURING THE PANDEMIC AND THE SKILLS NEEDED BY A TEACHER

Abstract: the Main purpose of this article is to study how the teachers of Chinese language of the Kazakh Ablaikhan university are prepared to distance teaching during the pandemic. In addition, the article focuses on the main skills and competencies that a teacher needs for distance learning in higher education, on the basis of these skills we conducted a study on how teachers possess these skills and how they use these skills during the classes. The study involved 17 teachers with different experience in teaching Chinese.

Keywords: distance learning, innovative technologies, skills, teachers, Chinese language.

Кеңінен белең алған COVID-19 ретінде белгілі Коронавирус ауруы ең алғаш Қытайдың Ухань қаласында 2019 жылдың желтоқсан айында анықталды. Көптеген елдер мен континеттер вирустың әсерінен зардап шеккеннен кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа коронавирустың таралуын пандемия деп жариялады. Осы себептен коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу үшін мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлының тапсырмасы бойынша жоғары оқу орындары, колледждер және орта білім беретін мекемелері 16 наурыздан бас-

тап қашықтан оқыту форматына көшірілді. [мәлімет арнайы сайттан алынды, https://pdf.egemen.kz/pdfs/2020/ 03/16.03.20.pdf].

Қашықтан үйрету бұл оқытудың жаңа түріне жатпаса да, кенеттен көптеген оқытушылар үшін дәстүрлі бетпе бет оқыту үрдісінен, сабақты қашықтан компьютер экранының ар жағынан жүргізу көптеген қиындықтарды туғызды. Оның себебі оқытушылардың қашықтан сабақ жүргізуге кейбір дағдыларының жетік болмауа, оның ішінде қазіргі иновациялық технологияларды дұрыс қолдана алмауы.

Қашықтан оқыту дегеніміз - оқытушы мен студенттің бір-бірінен қашықта орналаса, қазіргі заманның иновациялық технологияларын қолдана өзара әрекеттесе жүзеге асырылатын оқыту формасы. PhD, доцент Абдуллина Г.Т. өз еңбегінде: «Инновациялық технология – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқудың әдісқұрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы болып табылады. Инновациялық технологияда мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы десек, ал аталған озық әдістемені қажетінше педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу педагогтың педагогикалық шеберлігіне байланысты», - деп пайымдайды [Абдуллина Г.Т., 2018, 86 б.]. Ал инновациялық технологияның оқытушыға тиімділігін қарастыратын болсақ, аға оқытушы Конакбаева Т.Е. өз зерттеуінде: «Инновациялық технологияларды қолдану, ол оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білімгердің өзіндік іздену жолын табуға, әрбір оқытушының өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді», - дейді [Конакбаева Т.Е., 2020, 153 б.].

Инновациялық технологияларды қолданып қашықтан оқыту ол оқытушының алдына көптеген талаптар мен міндеттерді қояды, осы себептен оқытушылар біршама қиындықтарды сезінуі мүмкін. Ең алдымен оқытушыларға қашықтан оқытуға көмек ретінде оқытушыға қажетті дағдылары мен құзіреттіліктер айқындалуы керек. Осы мақсатта біз аталған дағдыларды төрт түрлі категорияға бөліп, талдау жасап, көрсетуге тырыстық.

Қашықтан оқытуда оқытушыға керекті дағдылар

Әдістемелік дағдылар: оқытушылар қашықтан оқытудың негізін білу және тілді үйрету барысында тиімді әдістерді қолдана білу керек.

- студенттің оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу қабілетін арттыруда белсенді үйрету, грамматикалық-аударма, аудиовизуалды, когнитивті, коммуникативті, студенттің төрт дағдысын дамытуға негізделген әдістерді сабақ барысында тиімді қолдану;

- сабақ барысында жеке тұлғаға және топтық бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған оқыту тәсілдірін қолдану;

- студенттердің сабақ барысында жауап беріп, сабақта ат салысуына жәрдемдесу;

- жеке және топтық жұмысты бағалауда критериаға негізделген бағалауды қолдану;

- студенттерді ынталандырып, қызығушылықтарын арттыру;

- студенттер топтық өзара ынтымақтасуын және командалық жұмыс жасауына жәрдемдесу [Abdous M. H., 2011, 60-77 бб.].

Технологиялық дағдылар: иновациялық **т**ехнологияны қолданып тиімді оқыту дегеніміз, ол оқутышының өз пәні бойынша білім жиынтығымен, педагогикалық әдіс-тәсілдерді инновациялық технологиямен өзара әрекеттестіре сабақ барысында қолдана алуы. Қашықтан оқыту көбінесе технологияға байланысты болса да, ол оқытушыдан технологияның тәжірибелі пайдаланушысы болуын қажет етпейді, тек оқытушыдан технологиялық сауаттылығы төменде көрсетілген әрекеттерді жасауға жеткілікті болғанын талап етеді:

- Электрондық пошта, әр түрлі мессенджерлермен бағдарламаларды, интернет браузерлерін және сол сияқты әртүрлі технологиялық ресурстар мен құралдарды қолдана білу;

- тілді үйрету барысында, осы бағдарламалардың мүмкіндіктерімен шектеуліктерін түсіну;

- бағдарламалардың мүмкіндіктерін түсіне видео сабақтар және электронды оқулықтар құру;

- Тілді үйрету барысында қолдануға болатын жаңа бағдарламалармен платформалар жайлы ізденіс үстінде болу [Bailey C. J., Card K. A., 2009, 152-155 бб.].

Басқару дағдылары: дәстүрлі бетпе бет оқытуда студенттерді басқара білу ол ең маңызды аспектіге жатады, қашықтан оқыту кезінде де студенттерді басқару өте маңызды. Университеттің академиялық саясатын, университеттің мақсаты мен міндеттерін білу оқытушыға оқыту процессін басқарудың да маңызды аспектісі. Осы екі аспектіні қамтитын дағдылар:

- оқытушы оқу процесінде оқытушымен студенттің рөлін айқындап, өзінің студенттерден не кутетінін көрсете білу;

- сабақтың уақытын дұрыс қолдану және уақытты үнемдей білу;

- өзінің басқарушылық, жетекшілік, тәлімгерлік қасиеттерін көрсете білу;

- студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімін қадағалап отыру;

- студенттерге сабақ кестесіне сай сабаққа қатысу, MOODLE-дағы тапсырмаларды уақытылы орындау, оқытушымен уақытылы кері байланысқа шығу ережелері және тәртібімен таныстыру;

- университеттің саясатына ұстанатыныңызды көрсете білу; [Craddock J., Gunzelman R., 2013, 26б].

Қарым-қатынас дағдылары: Студенттермен белсенді қарым-қатынас жасау, оларды сабаққа

қызықтырудың бірден бір тәсілі. Оқытушы әр түрлі байланыс құралын қолданып қашықтан сабақ жүргізу барысында, белсенді қарым қатынас жасап, студенттер жиі өз арасында қарымқатынас жасауына ықпал ету керек. Осы мәселелерді шешу төмендегі шараларды қамтиды:

- студенттердің бір бірімен қарым-қатынасуына және бір бірімен ой-пікірімен бөлісуіне ықпал ету;
- мәліметті студенттерге түсінікті тілде жеткізе білу;
- студенттердің мәдени айырмашылықтарын құрметтеп, есепке ала білу;
- университет әкімшілігі жіберген немесе оқытушы өзінің жіберген сабаққа байланысты хабарламалардың мақсаты мен мағынасын түсіндіріп отыру;
- жазбаша хабарламаларда дыбыстық немесе грамматикалық қателер болмауын қамтамасыз ету;
- хабарламаларды жазғанда немесе жауап қайтарғанда оқытушы студенттерге жылы сөйлеп, түсінушілік танытып, жаны ашулық білдіру керек;
- оқытушы мен студент арасындағы өзара жылы, достық, сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту;
- жанжал мен түсінбеушілік туындағанда бейбіт жолмен шешуге шақыру;
- студенттермен ақыл кеңесімен бөлісіп, күмән және күдік тудырған жағдайларды шешу; [Fuller P., Yu G., 2014, 33-38б].

Жоғарыда көрсетілген дағдылар оқытушының өзіндік біліктілігін көтеруге, ізденуіне, қашықтан сабақ беруде сабақты тиімді өтуіне қажетті дағдылар болып табылады.

Біз факультет оқытушыларының оқыту дағдыларын қаншалықты дәрежеде меңгергенінен зерттеу үшін олардан қашықтан ұялы телефон арқылы сұхбат алынды. Сұхбатқа тәжірибелері әр түрлі 17 қытай тілі оқытушылары қатысты.

Сұхбаттың сұрақтарын беру мақсаты - оқытушының қашықтан сабақ өткенде қандай дағдылардың бар екенін зерттеу:

Оқытушылардың технологиялық дағдылары жайлы ойы:

Сұхбат барысында оқытушылардың 63% өздерінің қашықтан сабақ беруге жеткілікті технологиялық дағдылары бар екенін, олар Word, Power point секілді докуметтер және интернет платформалармен жұмыс істей алатынын айттып өз ойларымен бөлісті. Төменде сұхбаттан қысқаша үзінді:

Оқытушы: *қазір интернет заманы дәстүрлі сабақ берген күндері де сабақтың лексикасын, грамматикасын түсіндіргенде міндетті түрде презентация жасап, қысқаша бейнебаяндарды көрсетіп үйретуге тырысатынмын. Онлайн оқытуға көшкенде Университеттің қашықтан оқытуда қолданатын бағдарламалары жайлы семинарларына қатысып, жаңа оқу барысына тез бейімделуге тырыстым.*

Дегенмен сұхбат берушілердің басым бөлігі 47%, өздерінің қашықтан үйретуге технологияны қолдану дағдылары төмен екенін мәлімдеді.

Оқытушы 1: *мен үшін қашықтан үйрету барысында ең үлкен қиындық тудырған Zoom, Microsoft teams бағдарламаларын қолдану болды, оның ішінде команданы құру, студенттерді оның ішіне тіркеу, сол себепті біраз сабақтарымыз да өтілмей қалған күндер болды. Сонымен қатар талап бойынша видео лекцияларды түсіргенде Bandicam сиықты жаңа бағдарламаларды қолдануды үйрену өте ұзақ уақытымызды алды, бір видеоны түсіргенге 1 апта уақытым кетті.*

Оқытушы 2: *Мен техникадан қабілетім өте нашар, қашықтан оқыту практикалық сабақтарға презентация дайындауды талап етеді, мен тіпті Power point документін қалай қолдану керектігін де білмейтінмін, тек студенттерге уатсаппқа дыбыстық хабарламалар жіберіп студенттерге түсіндіріп үйретемін, кейін келе біртіндеп үйрене бастадым.*

Оқытушылардың оқу әдістемелік дағдылары жайлы ойы:

Оқытушылардың 24% сабақты қашықтан үйретсе де студенттің төрт дағдысын бірдей дамытуға болады екеніне сенімділігін білдірді, олар сабақ барысында көбіне студенттің төрт дағдысын дамытуға негізделген әдістер мен белсенді үйрету әдісін қолданатынын айтты.

Оқытушы: *қашықтан үйреткенде біз студенттің жанында бола алмағандықтан, олардың зейінін сабаққа салу үшін, қызығушылығы мен ынталарын арттыру керек, сол үшін мен сабақта әр түрлі суреттер, музыка, бейне баяндарды қолданамын, студенттер сабақ бойы тек тыңдап отырмай жұмыс жасауын талап етемін, жеке де топтық та жұмыстар беріп, сұрақтарға жауап бергізіп, тапсырмалар орындатамын, бір-бірімен пікір таластырамын, менің сабақтағы мақсатым - әр секундында студент бос болмай ат салыса оқу керек.*

Керісінше оқытушылардың 76% өздерінің сабақта қандай әдіс қолданатынын қинала мәлімдеді, олар қашықтан үйрету ол оқытудың барлық талаптарына жауап бере алмайтынын алдыға қойды, оқытушы белсенді оқыту әдісін қолданса да студенттің төрт дағдысын бірдей дамыту мүмкін еместігін жеткізді.

Оқытушы 1: *Қашықтан оқыту барысында студенттерді жазғызу мүмкіндігі аз, біз студенттің оқу және сөйлеу дағдыларына көп көңіл бөлеміз, сол себепті студенттердің жазу дағдысын дамыту ең үлкен мәселені туғызып отыр. Мысалы: дәстүрлі дәріс уақытында, біз студентті тақтаға шығарып сөйлемдер жаздырамыз, жазғанда олардың сол уакытта жазған иероглифтеріндегі қателіктерін немесе*

грамматикалық қателіктерін жөндей аламыз. Қазір лексиканы өткенде студенттер тек ауызша сөйлемдерін айтады, дұрыс не бұрыс екенін ауызша ғана жөндейміз. Сөйлем құра дегеннің өзінде, студенттің оны дәптеріне жазып, суретке түсіріп уатсаппқа жіберуі, сөйлемді біз тексеріп жауап қайтудың өзі де ұзақ уақытты алады.

Оқытушы 2: *Студенттерге жаңа иероглифтерді өткен кезде, иероглифтің жазылу тәртібін бағдарламалар арқылы көрсетіп үйретсекте, студенттердің көбісі иероглифтердің сызықшалары мен графеммаларының жазылуын жетік меңгермеді, иероглифті жазуда өте үлкен қателері бар, ол қателерді студентпен бетпе - бет отырып жөндеу қажет.*

Оқытушылардың өздерінің басқару дағдылары жайлы ойы:

Сұхбат барысында оқытушылардың 81,4% студенттерді басқаруда бірнеше қиындықтар болғанын, ол қиындықтар интернет желісімен техникалық мәселелермен қатысы бар екенін айтып шағымданды.

Оқытушы 1: *Біз топтағы барлық студенттің сабаққа толықтай қатысқанын қадағалаймыз, бірақ сабақта жиі кездесетін жағдай ол студенттің интернеті дұрыс істемеуі, сол себептен студенттердің кей бірі жиі сабақтан қалып жатады, бірақ кейде осы мәселені пайдаланып қатыспайтын студенттер де бар, одан бөлек интернеті жақсы істесе де микрофоны істемейтін студенттер жиі кездеседі, оларға микрофонды жөндету қажеттілігін айтсаңызда, ол мәселені жөндемейді, практикалық сабақта міндетті түрде студент сөйлеу дағдыларын дамыту керек, бірақ студент кейде оқып жатқан тілде жауап қайтару қиын жағдайда үн-түнсіз микрофонын өшіріп қоятын студенттер де бар.*

Оқытушы 2: *Қашықтан оқытуда MOODLE-ға жүктелетін тапсырмалардан бөлек, студенттер күнделікті үй жұмысын уатсаппқа жібергенін талап етемін, әр студенттің тапсырмасын тексеріп өздеріне жауабын қайтарамын, бірақ көбіне студенттердің тек 60% уақытылы тапсырады, қалғаны кешіктіріп жібереді немесе мүлдем жібермейтін студенттер де кездеседі.*

Оқытушылардың өздерінің қарым-қатынас дағдылары жайлы ойы:

Оқытушылардың барлығы қашықтан оқыту барысында студенттермен жылы қатынасып, әр дайым оларға түсінісушілікпен қарауға тырысатынын айтты.

Оқытушы 1: студенттердің кейбірі техникалық жағдайға байланысыты сабақта оқытушының дауысын дұрыс естімейтінін немесе экран қатып қалып ештене көрінбейтінін, оған қоса интернет желісі дұрыс істемегеннен сабаққа жарты сағаттан аса кіре алмай отыратынын айтады, осы себептерден студенттер кейде қашықтан оқығаннан толық қанды білім алып жатқан жоқпыз деген шағымдары болады, көңіл-күйлері түседі, ол кезде мен студенттерге барынша қолдау көрсетуге тырысамын, түсінбей қалған жерлерін аудиоға жазып уатсапптарына қайта түсіндіріп жіберемін, студенттерге қашықтан оқу көбіне студенттің өз бетімен оқып үйренуді талап ететінін айтып түсіндіремін.

Сұхбатымыздың ең соңғы сұрағы оқытудың қай түрін қолдайсыз, қашықтан оқытуды немесе дәстүрлі бетпе бет оқытуды ма?

Бұл сұраққа оқытушылардың 85,2% дәстүрлі оқытуды қолдайтынын алдыға қойды. Оның себебін жалпы айтқанда мемлекетіміздің интернет желісінің сапасы жеткілікті деңгейде емес екенін, оған қоса кейбір студенттер мен оқытушылар ауылдық аймақта интернет желісі мүлдем жоқ жерде тұрғандықтан, тек ұялы телофон интернетімен сабаққа қатысатынымен байланыстырды.

Оқытушы 1: *біз жарты жылдық қашықтан оқыту тәжірибиемізге сүйене дәстүрлі оқыту түрі, ол сапалы білім беруді жүзеге асырудың ең үздік түрі екенін түсіндік. Қашықтан тек ұялы телефон, планшет немесе компьютерді қолдана үйрену, ол нақты университет қабырғасында алатын білімнің орнын толықтай толтыра алмайды. Қашықтан оқу ол тек пандемия кезінде оқу үрдісін үзбей жалғастырудың жалғыз ғана амалы болды.*

Оқытушы 2: *қашықтан оқытудың кемшіліктері көп, мен қытай тілінен 3 топтқа сабақ беремін, бірінші сабақ сағат мысалы 13:40 басталса, артынша екінші топпен сағат 17:30-да бітеді, оның алдында екі сағат бұрын сабақты алдын ала не өтетінімізді дайындаймыз, сонда күнімен бес жарым сағат компьютердің алдында отырамыз, ол көз жанарымызға өте қатты әсер етті.*

Қашықтан оқытқалы бері біз студентке өздігінен жасауға үй тапсырмасын көбірек береміз, сол себепті қазір уатсаппқа күнара ең аз дегенде 20-дан 50-ге дейін студенттерден үй жұмысын жасаған тапсырмалары келеді, оны күнде тексеріп студенттерге жауабын жіберіп отырамыз, біздің әр күніміз таңнан кешке дейін компьютердің алдынан тап жылжымай отырумен өтеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне талдау жасай отырып, бастапқы кезеңде қашықтан оқытуға көшкенде, факультет оқытушыларының 6 жылдан 20 жылға дейінгі оқыту тәжірибелері бар болса да, олардың қазіргі заманның иновациялық технологияларын қолдануында қажетті дағдыларының төмен болғанынан біраз қиындықтармен бетпе-бет келген. Дегенмен, қашықтан оқытуға көшу, оқытушылар үшін өз біліктіліктерін көтерудің

түрткісіне айналған, студенттерге инновациялық технологияларды қолдана, білімді жаңаша беру мүмкіндігін жасау үшін, оқытушылар университет тарапынан ұйымдастырылған арнайы тренингтерге, семинарларына қатысып, одан бөлек өздігінен ізденіп, жаңа әдістерді қарастырып, жаңа заманның талабына сай келуге тырысқан. Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, оқытушылардың тиімді әдіс-тәсілдерді қолданумен қатар студенттерді басқару мәселесі де туындағанын көреміз. Бұл мәселелерді тиімді шешу үшін университет тарапынан оқытушыларға арнайы біліктілікті көтеретін семинарлар мен тренигтердің жиі өткізілу қажет деп білеміз, ал ол тренигтердің мақсаты жоғарыда көрсетілген дағдыларды жетілдіруге бағытталған болу керек деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдуллина Г.Т. Инновациялық технология-бүгінгі күн талабы. // Наука и жизнь Казахстана. 2020 - №7/2 -153б .2018-№2/2-86б.
2. Конакбаева Т.Е. Иновациялық технологияларды арнайы курста жүзеге асырудың тиімділігі// Наука и жизнь Казахстана. 2020 - №7/2 -153б .
3. Abdous M.H. A process-oriented framework for acquiring online teaching competencies. Journal of Computing in Higher Education, 2011, 23(1), 60-77.
4. Bailey C.J., & Card K.A. Effective pedagogical practices for online teaching: Perception of experienced instructors. The Internet and Higher Education, 12(3),2009, 152- 155.
5. Craddock J., & Gunzelman R. Creating WOW: Characteristics of successful online instruction and facilitation. The Journal of the Virtual Classroom, 2013. 26
6. Fuller P., & Yu G. (2014). Lessons learned: online teaching adventures and misadventures. Journal of Social Sciences, 2014,10(1), 33-38.
7. Эффективные технологии управления инновациями/Сост. Борытко Н. М. и др. – Волгоград: Учитель, 2015.
8. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001. - 296 с.

ӘОЖ 371.315.7:811.111

ҚОЖАҚАНОВА МАДИНА ТӨЛЕУБЕККЫЗЫ,
доцент,
шетел тілдерінің теориясы мен практикасы кафедрасы,
Гумилев атындағы ЕҰУ

СЕЙСЕН ЖАНСАЯ,
магистр,
шетел тілдерінің теориясы мен практикасы кафедрасы,
Гумилев атындағы ЕҰУ

WEB 2 ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: Мақалада Web2 көмегімен оқушылардың лингвистикалық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру туралы айтылады. Шетел тілі сабағында оқушылардың лингвистикалық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруда оқу құралы ретінде Web 2-ді қолдану мақсатқа сай және тиімді. Бұл жас мамандарға шет тілін үйренуде белгілі бір білім деңгейіне жетуге көмектеседі; сонымен қатар бұл оларға алған дағдыларын жетілдіруге және осылайша қоғамның ықпалды мүшелеріне айналуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: технология, коммуникативті құзыреттілік, бұқаралық ақпарат.

КОЖАКАНОВА МАДИНА ТУЛЕУБЕКОВНА,
доцент,
кафедра теории и практики иностранных языков,
ЕНУ им Л.Н.Гумилева

СЕЙСЕН ЖАНСАЯ,
магистр,
кафедра теории и практики иностранных языков,
ЕНУ им Л.Н.Гумилева

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ WEB 2

Аннотация: В статье раскрывается формирование языковой коммуникативной компетенции у студентов с помощью Web 2. Использование Web-2 в качестве учебного пособия при формировании языковой коммуникативной компетенции у студентов на уроках иностранного языка целесообразно и эффективно. Это, безусловно, помогает молодым специалистам достичь определенного уровня знаний в изучении иностранного языка; но это также позволяет им улучшить навыки, приобретенные ими, и таким образом стать более влиятельными членами общества.

Ключевые слова: Технология, коммуникативная компетенция, методика, СМИ.

KOZHAKANOVA MADINA TULEUBEKOVNA,
PhD,
Department of theory and practice of foreign language,
L.N. Gumilyov Eurasian National University

SEISEN ZHANSAYA,
Master student,
Department of theory and practice of foreign language,
L.N. Gumilyov Eurasian National University

FORMATION OF STUDENTS' COMMUNICATIVE COMPETENCE USING WEB 2 TECHNOLOGIES

Abstract: This article reveals the formation of students' linguistic communicative competence with Web2. The use Web 2 as a teaching aid in the formation of students' linguistic communicative competence

of a linguistic personality, involves the introduction of communicative tasks in the form of discussions and discussions in foreign language lessons. In addition, the condition for the effectiveness of working with a fairy tale is the correct selection of tasks aimed at the formation of socio-cultural competence, the creation of conditions for a dialogue of cultures, the formation of students not only an idea of a foreign language culture, but also the ability to compare it with their native culture. Thus, the fairy tale performs the functions of both educational and educational nature, stimulating communication in a foreign language.

REFERENCES:

1. Kunanbayeva S.S. Kontseptsiya razvitiya inoyazychnogo obrazovaniya RK. – Almaty: Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, 2006. (In Russian) 2. Kunanbayeva, S.S. Teoriya I praktika sovremennogo inoyazyichnogo obrazovaniya. – Almaty, 2010. (In Russian)

2. Kunanbayeva S.S. Teoriya I praktika sovremennogo inoyazyichnogo obrazovaniya. – Almaty, 2010. (In Russian)

3. Zhazheva S.A. Theoretical analysis of the definition of "Communicative competence"//New technologies. - 2010. - No. 4. - URL: http://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskiy-analiz-definitsii-kommunikativnaya- kompetentsiya.

4. Gordeev A.D. Problems of the formation of communicative competence in English lessons // Humanitarian problems of our time: materials of the All-Russian scientific and practical conference. / resp. ed. N.R. Nasyrova - Tyumen: TyumGNGU, 2009 - P. 382–385.

5. Ermakov V.L Using a fairy tale as a methodological tool in English lessons in the sixth grade // Scientific Bulletin of BelSU. Series: Humanities. - 2015. - No. 24

(221). - URL: http://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-skazki-v-kachestve-metodicheskogo-sredstva-na-urokah-angliyskogo-yazyka-v-shestyh-klassah.

6. Zinovieva T.A., Gudakova E.V. "Fabulous" techniques of the translator // Young scientist. - 2014. - No. 21. - P. 767-770.

7. Solovova E.N. Methods of teaching foreign languages. Basic course of lectures. - M.: Education, 2005.

8. Sannikova N.I. Socio-pedagogical functions of a fairy tale // Yaroslavl Pedagogical Bulletin. - 2012. - № 2. - Volume II (Psychological and pedagogical sciences). - P. 47-51.

9. Rozhkov M.I., Bayborodova L.V. Theory and methods of education [Electronic resource]: a textbook for students of higher educational institutions studying in the specialty 031000 "Pedagogy and Psychology". - M.: Vlados-Press, 2010. - 384 p. - URL: http://knigi.link/vospitatelnyiy-protsess_996/tseli-vospitaniya-18109.html.

10. Kasatkina N.E., Bryksina E.S. Age characteristics of adolescents and methods of organizing the educational process // Bulletin of the KemSU. - 2014. - No. 3 (59). - P. 75–78. - URL: http://cyber-leninka.ru/article/n/vozrastnye-osobennosti-podrostkov-i-metody-organizatsii-obrazovatelnogo-protsessa.

11. Volodina O.V. Conditions and features of perception and understanding of foreign language literature // Bulletin of the KemSU. - 2013. – No. 4 (56). - URL: http://cyberleninka.ru/article/n/usloviya-i-osobennosti-vospriyatiya-i-ponimaniya-inoyazychnoy-literatury.

12. Volodina O.V. In the same place.

13. Zarubina F.M. Formation of cultural and communicative competence of students through the works of English literature in home reading lessons// Pedagogical experience: theory, methodology, practice: materials of the VIII International Scientific and Practical Conference. (Cheboksary, June 13, 2016) / editorial board: O.N. Shirokov [et al.]. - Cheboksary: Central nervous system "Interactive plus". - 2016. - No. 3 (8). - P. 190-191.

14. Melekhina E.V. Decree. op. - S. 85.

15. Metasubject content of language education: school-university: collection articles of the participants of the interuniversity scientific-practical conference (May 27, 2016) / Nat. research. Nizhny Novgorod State University N.I. Lobachevsky, Arzamas Phil.; [comp. and otv. ed. D.L. Morozov]. - Arzamas: Arzamas Phil. UNN, 2016. - Pp. 105–107.

УДК 378.147.88

ҚАСЫМОВА РОЗА САДЫҚҚЫЗЫ,
пед. ғ. к., доцент,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы қаласы,
E-mail: krs1958@mail.ru

ХОЖАБАЕВА МАКПАЛ ТУРМАХАНБЕТОВНА,
2 курс магистранты,
"Педагогика және психология" мамандығы,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы қаласы

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін. Мақалада мультимедиалық технологияны оқу процесінде қолданудың маңызды тұстары қарастырылады.

Кілттік сөздер: ақпарат, мультимедиа, технология, мультимедиалық технологиялар, сауаттылық, мәтін, оқыту.

Аннотация. В этой статье рассматриваются важные моменты использования мультимедийных технологий в учебном процессе.

Ключевые слова: информация, мультимедиа, технология, мультимедийные технологии, грамотность, текст, обучение.

Annotation. The article discusses the important aspects of using multimedia technologies in the educational process.

Keywords: information, multimedia, technology, multimedia technologies, literacy, text, learning.

Бүгінгі таңда республикамызда білім берудегі ақпараттандырудың негізгі мақсаты ол қазіргі мультимедиалық технологияларды қолдану негізінде біртұтас ақпараттық орта құру. Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесін әлемде болып жатқан келелі жаңалықтармен ұштастырып оқыту мақсатына байланысты еліміздің жоғары оқу орындарының алдына сапа жағынан өзгерістер енгізу болып отыр.Оның бірі мультимедиалық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім алу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға бағытталса, екіншісі, ақпараттық қоғам сұранысына сай келетін, жаңаша ойлау қабілетін дамытуға негізделген тұлғаны қалыптастыру. Мультимедиалық технология дегеніміз ол CD ROM (мультимедиа құралы) компакт-дискінің технологиясын қолдануға негізделген аудиовизуалдық хабарларды қабылдаудың, әдістерінің, тарату тәсілдерінің, өңдеудің, сақтаудың және т.б. жиынтығы болып табылады.

Мультимедиалық технологиясын қолданудың педагогикалық мақсаты хабарларды эмоционалдық тұрғыдан қабылдаумен байланысты білім берудің мотивациясын арттырумен және хабарларды өңдеуге байланысты атқарылатын өзіндік жұмыстардың түрлі формаларын қолдана білу қабілетін қалыптастырумен айқындалады.Мультимедиалық технология ретінде ақпараттық қоғамның әлемдік мәдени процестерге еркін кірігуіне жол ашады; өзін-өзі реттеудің сан түрлі және ең әсерлі формалары мен әдістерін табуға ықпал етеді.

Студенттердің өздігінен жасайтын жұмысында мультимедиалық технологияларды пайдалану жүйесін меңгеруі, жүзеге асыра білуі, дәстүрлі және интерактивті әдістерді үйлестіре білуі,өзіндік жұмыстарды сипатына, мазмұнына қарай өз қалауымен таңдап алуы жатады.Әлемдік өркениет көшіне ілесу мен алдыңғы қатардан орын алудың маңызды бір қыры, шындығында, ақпараттық қоғам кеңістігіне еркін ену екендігі сөзсіз. Жаһандану үдерісінің шарттары да ақпараттық мәдениеттің жетілген деңгейін талап етеді. Осыған орай, мемлекетіміз де осы салаға арнайы бет бұрып, оның тетіктері мен алғышарттарын ұстанып отырғандығы белгілі.

Мәселен, қазіргі кезде балалар мен жастардың ақпараттық технологияға тумысынан икемділігі, ақпараттық технологиялық сауаттылығының алғышарттарының өздігінен қалыптасуы, ақпарат құндылықтарын бейсаналы болса да түйсінуі т.б. Демек, осы бейімделушілікті оңтайлы пайдалана отырып, ақпараттық мәдениеттің алғышарттары қалыптасқандығын және студенттер үшін мультимедиалық технологиялиялық ақпараттық салада икемді болып келетіндігі мен қарым- қатынасқа түсудің мобильділігі орнайды.

Мультимедиалық технологияны пайдалану барысында оқытушының әр студентпен жеке жұмыс істеуге, әрқайсысына әртүрлі тапсырмалар

беріп, барлық студент білімін бағалауға мүмкіндігі болады, кімнің қай тақырыпты меңгергенін немесе қай жерде білімнің осал екенін байқап, соны жүйелі түрде жою үшін көмек көрсете алады. Компьютерді пайдалану студенттерге шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйретеді.

Бүгінгі ақпараттық қоғам сұранысы ақпараттық біліммен сауатты, бәсекеге қабілетті маман дайындау, жоғары автоматтандырылған ақпараттық ортадағы кәсіби іс әрекетке дайындау, оларды осы ортада өздігінен әрекеттенуде, мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білуге үйрету болып табылады. Мұның өзі бүгінде ақпараттық саясатты жүзеге асыруда студенттердің мультимедиа технологияларын жете меңгеріп, оны тиімді пайдалана білумен байланысты болмақ.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі, шебері ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және барлық жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруін талап етуде.

«Біз Қазақстанда қазіргі заманғы технологияларды дамытуымыз тиіс. Әсіресе, өмірдің барлық саласына мультимедиалық технологияларды енгізу және дамыту қажет. Мультимедиалық әзірлеудің негізгі бағыты электрондық үкіметті дамытуға, білім сапасын жоғарылатуға, телемедицинаны және электрондық бизнесті дамытуға бағытталуы тиіс», - деп Елбасы атап көрсеткендей, жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез-келген нақты формасында тиімдірек орындалады.

Мультимедиалық технологиялар оқу үрдісін байытады, білімді игеруге тиімді мүмкіндік береді. Мультимедиа – жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрлерінің жұмысы, оған жоғары түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дауыстардың дыбысталуы және синтезделген әуеннің дыбыстары, толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді.

Мультимедиалық технологияларды тиімді қолдану білім беруде болашағы бар бағыт болып табылады [Шлыкова С.В., 2004].

Оқытудың мультимедиалық технологиясы нәтижесінде әр студент сабақта алынған мәліметтерді тікелей немесе виртуалды зертханалық жұмыстар жасау барысында тәжірибеде сынақтан өткізуге мүмкіндігі бар [Осин А.В., 2004].

Мультимедиа сөзінің бірнеше анықтамасы бар: әр түрлі типті ақпаратты өңдеу, жүргізу, қолдану ретін түсіндіретін технология; түрлі типтегі ақпаратты өңдеу мен көрсету технологиясы негізінде құралған ақпараттық қор; түрлі типтегі ақпаратты өңдеу мен көрсетумен байланысқан компьютерлік бағдарламалық қамтамассыздандыру; түрлі типтегі ұлттық визуалды (мәтін, графика) ақпаратты және динамикалық (сөз, музыка, бейне, анимация) ақпаратты біріктіретін ақпараттың жалпы түрі болып табылады [Под.ред. Петренко А.И. Бином, 1994].

Бүгінгі таңда электрондық оқулықтарды, компьютерлік оқыту бағдарламаларын, дыбыстық және бейнелік оқу материалдарын пайдалануда қолданылатын мультимедиалық технологиялар оқыту үдерісіндегі инновациялық әдістерді жүзеге асыратын бірден-бір жаңа ақпараттық технология болып саналады.

Мультимедиа біріншіден, танымдық үдерісінің жоғарлауына септігін тигізсе, екіншіден, әр типті ақпараттарды біріктіре пайдалануға мүмкіндік береді, ал үшіншіден білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық ақпаратты бағдарламалық құрал болып табылады.

Мультимедиалық өнімдерді мультимедиалық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпарат құрайды.

Оқытудағы мультимедиалық технологиялардың мүмкіндіктері:

- оқу материалын бөлшектеп ұсыну;
- нақты ұғым қалыптастыру,салыстыру,жалпылау кезіндегі иллюстрациялау;
- зертханалық дәрісханаларда өткізуге мүмкін емес тәжірибелерді демонстрациялау;
- құбылыстар мен үдерістерді жобалау, көрсету;
- коммуникациялық құрылғы,Web-камералар мүмкіндіктерін пайдалану.

Мультимедиалық технология мәтінмен,гипермәтінмен жұмыс істеудің ең тиімді жолын көрсетеді.

Сабақты түсіндіру кезінде гипермедиа өнімдері үлкен көлемді материалды оқуға ғана емес, тыңдау, көру, материалды іріктеу, керекті жерін сызып алуға мүмкіндік береді.

Мультимедиалық технологиямен оқыту құрамына оқыту мақсаты, оқыту құралдары, оқу-әдістемелік кешен, оқытудың әдістері мен технологиялары, оқыту нәтижесі, коррекция, коррекциядан кейінгі жаңа мақсатқа шығу кіреді.

Мультимедиалық технологияларды пайдаланудың артықшылығы:

- зерттелетін құбылыс, объект, үдерістердің тек қана сыртқы сипаты ғана, емес ішкі қасиеттері, сапасы, мәні ашылады;
- адамның ой санасына бейнелі әсер етіп, нақты түсінік қалыптастырады;
- мұғалімнің сөзі мен көрнекі түрде берілетін бейнені тікелей ұштастырудың нәтижесінде оқу материалын меңгерудің жоғары сапасына қол жетеді.

Мультимедиялық технологиялар - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Оның дамуы бейнетехниканың және дербес компьютердің өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедия статикалық, динамикалық

және дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. «Мультимедия» термині латын тілінің «multi» (көп) және «media» (орта) сөздерінің бірігуінен құралған, яғни «ақпараттық орта» деген мағына береді. Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал [Воган Т., 2006].

Мультимедия – пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Зерттеушілердің пікірі бойынша дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдың 25%-ы, көру арқылы 33%-ы, көру-есту арқылы 50%-ы, ал мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдаң 75%-ы есте сақталады екен.

Мультимедияның ажырамас бөлігі болып табылатын лазерлік дискілерде жазылған электрондық энциклопедиялар, оқулықтар мен сөздіктер оқыту процесінде ерекше орынға ие. Мысалы, электрондық сөздіктерде әрбір сөздің аудармасы ғана емес, сонымен бірге оның айтылу үлгісі де қамтылады. Студенттердің өздік жұмыстарында, реферат, баяндамаларда мультимедиалық технологияларды пайдалануда басты мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік алды.

Білім беруде мультимедиалық технологияларды, электрондық оқулықтарды дайындаудың педагогикалық мәселелерімен оқытуды ақпараттандыру бағдарламалақ кешендерін жасауда Г.К. Нұрғалиева, Ш.Т. Абишева, Г.Б. Ахметова, А.С. Кадырова, Г. Кудебаева, А.Х. Накпаева, Н.М. Сагитова, А.И. Тажигулова, Н. Даумов, Ш.Х. Курмалина т.б. ғалымдар әр қырынан зерттеді.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау кезінде студенттердің оқу үрдісіндегі даралық әрекеті, өзіндік білім алуға дайындығы және оқу процесінің тиімділігін жоғарылату құралы, оның ақыл-ойының дамуы мен білім әлеуетін жүйелейтін көрсеткіш болып табылатын ол мультимедиалық технология екенін көрдік.

Студенттердің оқу процесінде мультимедиалық технологияларды орындай білуі оның жауапкершілігін, белсенді ой қызметін, танымдық ізденімпаздығын, табысқа жету құралын, студенттің білімділігін, біліктілігін бекіте отырып, оның белсенділігін, дербестігін дамытады.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты да әрбір қоғам мүшесінің зияткерлік жағынан жетілуін қажет ететіндіктен, олар өзінің бастапқы білімдерін ақпараттардың көзі болып есептелетін кітапханалардан алады. Университеттің студенттері мультимедиалық технологиялиялық ақпараттарды беру үшін, ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлға, маман болуды қажет етеді. Сондықтан, бүгінгі таңдағы Қазақстанда ғылым мен білім беруге арнайы маңыз беріліп, заң жобалары да қабылданып жатыр. Жастарға ғылыми білімдерді меңгерту біз қарастырып отырған мәселе мультимедиалық технологияны қолданудың маңыздылығы ақпараттық мәдениетке тікелей байланысты. Бұл күндері ақпараттық мультимедиалық технологияларды оқытуда жеке мәселелерді оқыту тереңдігі мен материалдың баяндалу бағыты және мазмұны бойынша бір бірінен едәуір айырмашылығы бар, әр түрлі оқу құралдары оқу бағдарламалары пайдаланылады. Тағы да айтылатын бір мәселе ақпараттық технологиялармен сабақ өткізетін мұғалімдердің мамандық деңгейі мен базалық білімі әртүрлі. Сондықтан әр жоғарғы оқу орындары ақпараттық мультимедиалық технологиялармен оқытудың нақты мазмұны мен пән бойынша студенттердің дайындығына жеке мұғалімдер тарапынан қойылатын талаптардың деңгейі де әртүрлі болып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шлыкова С.В. Культура мультимедиа:Учеб.пособие.МГУ. М: 2004.
2. Осин А.В. Мультимедиа в образовании:контекст информации. М: 2004.
3. Мультимедиа /Под.ред.Петренко А.И. М Бином/, М:1994.
4. Воган Т. Самое полное руководство по созданию мультимедийных проектов.- М., 2006.

УДК 1751

ҚҰЛШАЕВА АЙНҰР МАНАТҚЫЗЫ,
PhD докторанты,
Абай атындағы КазҰПУ
E-mail: best_future.84@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Түйін. Бұл мақалада ойын ағылшын тілі сабақтарында сөйлеу дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырылады. Сөйлеу дағдыларын, қарым-қатынас қабілеттерін дамытудың тиімді құралдарының бірі-ойын. Мақалада психологиялық-педагогикалық әдебиетте зерттелген ойынның теориялық аспектілері сипатталған.

Түйінді сөздер: ойын, сөйлеуді дамыту, сөйлеу дағдылары, оқу процесі, коммуникативтік қабілеттер.

Аннотация. В данной статье рассматривается игра как средство развития навыков говорения на уроках английского языка. Одним из наиболее эффективных средств развития навыков говорения, коммуникативных способностей является игра. В статье изложены теоретические аспекты игры, которая исследована в психолого-педагогической литературе.

Ключевые слова: игра, развитие речи, навыки говорения, процесс обучения, коммуникативные способности.

Annotation. This article discusses the game as a means of developing speaking skills in English lessons. One of the most effective means of developing speaking skills and communication skills is the game. The article describes the theoretical aspects of the game, which is studied in the psychological and pedagogical literature.

Keywords: game, speech development, speaking skills, learning process, communication skills.

Адамзат тарихы мен дамуында ойын жасына қарай адамның пайда болу уақытымен салыстыруға болады және оның өмірінде, дамуында, тәрбиесінде маңызды орын алады.

Ойын-бұл пәндік іс-әрекеттерді жүзеге асырудың әлеуметтік бекітілген тәсілдерінде, ғылым мен мәдениет пәндерінде бекітілген әлеуметтік тәжірибені қайта құруға және игеруге бағытталған шартты жағдайлардағы іс-әрекеттің түрі [Петровский А.В., Ярошевский М.Г., 1990, 127 б.].

Адамның іс-әрекетінің нақты түрі ретінде көптеген зерттеулер ойынға арналды, көптеген ойын туралы теориялар құрылды. Алғашқы теориялардың бірін Ф.Врубель ойынды баланың өзін-өзі көрсетуге деген қажеттілігінің көрінісі ретінде қарастырады.

Ғылымда ерекше бағыт бар-ойын теориясы. Көптеген ойындардың жіктеулері анықталған. Олардың бірі бойынша ең көп таралған функционалды, тақырыптық, конструктивті, дидактикалық, спорттық, әскери және іскерлік ойындарды ажыратуға болады. Ойын теориялары, оның әлеуметтік табиғаты, ішкі құрылымы, сондай-ақ баланың дамуындағы маңызы Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин және т.б. [Выготский Л.С., 1996, 52 б.]. Баланың жеке дамуында ойын баланың әлемге әсер ету, әлемді білу, әлемді құру және өзін-өзі құру қажеттілігін қалыптастырады. Ойын жеке тұлғаны қалыптастырады. Ойын арқылы және ойын барысында бала өзін-өзі дамытады (психикалық және физикалық тұрғыдан). Мотивациялық саланың дамуы, күрделі әлеуметтік өмірге дайындықтың барлық түрлері бар. Ерікті қасиеттердің қалыптасуы, психикалық процестердің қайта құрылуы, іс-әрекеттер туралы хабардар болу бар. Интеллект дамиды, ойлау процестері өзгереді: визуалды-тиімдіден ауызша-логикалыққа дейін және дерексіз-логикалыққа дейін. Ойын іс-әрекетінде қиял процесі жүзеге асырылады, ол жоғары шығармашылық ойлау формасын білдіреді, болашақта адам қызметінің әртүрлі салаларында жеке іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ойында адамның шығармашылық бастамасы орын алады, еңбек әрекеттерінің негіздерін қаланады, ойын ересектердің әлеуметтік тәжірибесін игеру түрінде оқытуды бастайды.

Адам өмірінің барлық кезеңдерінде ойын оқыту әдісі ретінде лайықты орын алады. Педагогикалық тәжірибеде танымдық іс-әрекеттің дамуына ықпал ететін, танымдық процесті, оқу процесіне қызығушылықты ынталандыратын танымдық дидактикалық ойындар қолданылады. Мұндай ойындар ұжымдық қатынастардың дамуын қамтамасыз етеді, эмоционалды шиеленісті жеңілдетеді, оқу іс-әрекеттерін еркін орындау атмосферасын жасайды. Ойын көп функциялы әдіс ретінде қарастырылуы керек. Ол жаңа материалды игеруге, оны шоғырландыруға, қайталауға, ойлаудың барлық түрлерін дамытуға бағытталған. Ойын дүниетанымды, жеке қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыруға тактикалық

және стратегиялық бағыттылығымен сипатталады; ұйымдастырушылық, коммуникативті, экономикалық, гностикалық және функционалды дағдыларды қалыптастырады. К.Д. Ушинский ойында "адам жанының барлық жақтары, оның ақыл-ойы, жүрегі мен еркі қалыптасады, ал егер ойындар баланың болашақ мінезі мен болашақ тағдырын болжайды деп айтатын болсақ, онда бұл екі мағынада дұрыс: баланың бейімділігі мен жанының салыстырмалы күші ойында ғана емес, сонымен бірге ойынның өзі де үлкен әсер етеді, балалардың қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту, демек, оның болашақ тағдырына да әсер етеді" [Демидова И.Ф., 2009, 124 б.].

Оқу ойындарын мектеп циклінің барлық дерлік пәндерінде сәтті қолдануға болады. Оқу процесінде рөлдік, іскерлік және ситуациялық ойындар маңызды орын алады. Қазіргі уақытта әртүрлі ескі және жаңа ойындар танымал болып келеді [Клементенко А.Д, Миролюбов А.А., 1981, 84 б.]:

- Симуляциялық ойындар - көшіру, әрекеттерді қайталайтын, сапаны, стратегиялық әрекеттерді есептеуді ұйретететін (әскери дайындықта қолданылады), мүмкін болатын жағдайларды ойнатуды қайталау.

- Драматизация - ойындар - модельделген жағдайларда рөлдерді ойнауға негізделген.

- Драматизация әдісі - мысалы, оқиғаларды театрландырылған жаңғырту және т. б. жүзеге асырылады.

- Идеяларды жалпылау әдісі - "миға шабуыл" әдісі өте қысқа уақыт ішінде проблеманы шешу үшін идеялардың максималды санын (оның ішінде мүлдем дәстүрлі емес) дамыту мақсатында бірнеше адамның немесе топтың ақыл-ой белсенділігінің күрт белсенділенуімен сипатталады.

- Кездейсоқтық әдісі - кез-келген жағдайды оқушылар тобының қарауына, жеке оқушылар ұсынған шешімдерді дұрыс салыстыруға негізделген.

- Ситуациялық әдіс - оқушыны қандай да бір қиын жағдайға енгізуге негізделген.

- Микро-оқыту - күрделі тәжірибелік жағдайды шығармашылық әдісі арқылы оқыту.

Ойын әдістерінің тиімділігі, ең алдымен, мұғалімнің оларды ұйымдастыру және өткізу әдістеріне байланысты, айтарлықтай ақыл-ой мен физикалық күш-жігерді, дайындық уақытын, анықтамалық, монографиялық, оқу, әдістемелік әдебиеттерді, техникалық құралдарды қажет етеді.

Ағылшын тілі сабақтарындағы оқушылардың оқу іс-әрекетін, олардың бір-бірімен, мұғаліммен және нақты ана тілдерімен қарым-қатынас ерекшеліктерін талдау оқушылардың қарым-қатынас қабілеті, игерілген тілдік материалды қарым-қатынас жағдайында қолдану қабілеті жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

О.В. Любимованың айтуынша сөйлеу дағдыларын, қарым-қатынас қабілеттерін дамытудың тиімді құралдарының бірі - ойын. Себебі, "оның әмбебаптығы сияқты ерекшелігі бар: ойын әдістерін қолдануды әртүрлі мақсаттар мен міндеттерге бейімдеуге болады. Ойын әдістері баланың даму процесінде көптеген функцияларды орындайды, оқу процесін жеңілдетеді, жыл сайын өсіп келе жатқан материалды игеруге көмектеседі және қажетті құзіреттіліктерді кедергісіз дамытады" [Любимова О.В., 2007, 35 б.].

Тәжірибе көрсеткендей, оқулықтардың кейбір авторлары шет тілін оқытуда ойын мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланбайды. Сондықтан оқулықтарда ұсынылған ойындар мен ойын тапсырмаларының жиынтығын кеңейту және толықтыру қажеттілігі туындады [Есипович К.Б., 2011, 78 б.].

Психолингвистердің зерттеулеріне сүйене отырып, Бакишева Л.Б. шет тілінде сөйлеу процесін оқушылар үш кезеңнің белгілі бір реттілігімен жүзеге асыратынын атап өтті: мотивациялық-ынталандыру, индикативті-зерттеу және атқарушы [Бакишева Л.Б., 2011, 8 б.].

Л.Б. Бакишева оқушылардың оқу-сөйлеу әрекетін ынталандыруды мотивациялық-ынталандырушы және индикативті-зерттеу кезеңдерінде жүргізген жөн деп санайды, өйткені дәл осы жерде сөйлеу әрекеттерін жасауға мүмкіндік бермейтін қиындықтар пайда болады. Бұл қиындықтар келесідей:

- оқушылардың сөйлеу сөздерін жүзеге асыруға итермелейтін себептері жоқ;

- олар көбінесе сөйлеу керек тақырыпты нашар басшылыққа алады;

- мектеп оқушылары сөйлеу тілінің құрылымына ие емес;

- сөйлеу сөзін құруға болатын сөздердің қоры жеткіліксіз.

Мотивациялық-ынталандыру кезеңінде оқушылардың оқу-сөйлеу әрекетін жандандыру сөйлеу мотивінің шақыруымен байланысты. Адам өз ойын білдіру қажеттілігін сезінген кезде сөйлейді, яғни "қоршаған шындықты ауызша түсіну қажеттілігін сезінеді, ол өзін сөйлеу - ойлау тақырыбында тауып, сөйлеудің коммуникативтітанымдық мотивіне айналады" [Бакишева Л.Б., 2011, 8 б.].

Оқушылардың оқу-сөйлеу әрекетін болжалды зерттеу кезеңінде жандандыру оқушылардың оқу-сөйлеу әрекетінің жағдайларын зерттеуді жүзеге асыратындығында, сөйлеу - ойлау тақырыбын бөліп, қажетті тілдік және сөйлеу құралдарын тартатындығында. Оқушылар құралдарды іріктеуді жүзеге асырады және оқу қарым-қатынас процесінде өз ойларын қалыптастыру және қалыптастыру тәсілдерін анықтайды.

Осы кезеңдерде оқу және сөйлеу әрекетін белсендіруге қабілетті құралдар-бұл ойындар. Әдістемелік әдебиеттерде ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын үйрету кезінде қолдануға болатын ең тиімді ойын түрлері рөлдік және іскерлік ойындар болып табылады [Зимняя И.А., 1997, 24 б.].

А.В. Конышева ойынды "әлеуметтік тәжірибенің бір түрі, өмірлік құбылыстарды нақты тәжірибелік көзқарастан тыс тиімді жаңғырту" деп анықтайды. Ол әрқашан екі уақытты өлшемде әрекет етеді: қазіргі және болашақта бір сәтте қуаныш сыйлайды, сонымен қатар жеке тұлғаның қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызмет етеді. Онда әлеуметтік, кәсіби және шығармашылық функцияларды орындау үшін жеке тұлғаларға қажетті қасиеттер бекітілген " [Конышева А.В., 1998, 9 б.].

М.Ф. Стронин, шет тілдерін оқытуда қолданылатын оқу ойындарына арналған бірқатар кітаптардың авторы, мұндай ойындардың екі түрін ажыратады [Стронин М.Ф., 2004, 110 б.]:

- сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін дайындық;

- сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін одан әрі дамыту болып табылатын шығармашылық ойындар.

Ойындар сонымен қатар қызмет түріне, педагогикалық процестің сипатына және ойын техникасының сипатына қарай бөлінеді.

Сонымен, М.Ф. Стронин ойын техникасының табиғаты бойынша тақырыптық; рөлдік; сюжеттік; еліктеу; іскерлік; драматизация ойындарын ажыратады.

Психологтар (А.Н. Леонтьев, Н.В. Королева және т.б.) «рөлдік ойын адамдардың іс-әрекеті мен олардың арасындағы қарым-қатынасқа ерекше сезімтал» дейді. Олардың пікірінше, рөлдік ойын жасырын ережені қамтиды және даму егжей-тегжейлі ойын жағдайы мен жасырын ережелері бар ойындардан бастап, ашық ережелері бар ойындарға және олардың артында жасырылған рөлдерге дейін жүреді. Тағы Л.С. Выготский рөлдік ойында «бала пациент ретінде жылайды және ойнаушы ретінде қуанады» және «ойын әр минут сайын өзіне алынған рөлді орындау пайдасына өткінші тілектерден бас тартады» деп мәлімдеді [Выготский Л.С., 1996, 34 б.].

О.В. Любимова « бұл фактілердің барлығы рөлдік ойында оқушының мінез - құлқының айтарлықтай қайта құрылуы орын алатындығын көрсетеді - ол ерікті болады. Бұл жағдайда ерікті мінез-құлық деп үлгіге сәйкес жүзеге асырылатын (ол басқа адамның іс-әрекеті түрінде немесе бұрыннан қалыптасқан ереже түрінде берілгеніне қарамастан) және осы үлгімен эталон ретінде салыстыру арқылы бақыланатын мінез-құлық түсініледі [Любимова О.В., 2007, 37 б.].

Бұл дегеніміз, рөлдік ойында оқушы әдеттегі жауапты сезінетін шиеленісті сезінбейді, ол ашық және еркін.

Бұл мұғалімдер мен оқушылар арасында рөлдік ойындардың танымалдылығының құпиясын түсіндіреді. Тұлғааралық топтық қарым-қатынастың оқу моделі, коммуникативті принципке негізделген ауызша сөйлеу қарым-қатынасты оқытудың нақты ұйымдастырушылық формасы бола отырып, рөлдік ойындар сабаққа оңай енеді және басқалармен қатар студенттерге шынайы рахат сыйлайды.

А.В. Конышева рөлдік ойын жаңа материалды игерудің, шығармашылық қабілеттерін шоғырландыру мен дамытудың күрделі мәселелерін шешу үшін, сондай-ақ жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылатынын жазады. Бұл студенттерге оқу материалын әртүрлі тұрғыдан түсінуге және оқуға мүмкіндік береді [Конышева А.В., 2005, 16 б.].

Процесс ретінде ойын құрылымына мыналар кіреді:

а) ойыншылар қабылдаған рөлдер;

б) ойын әрекеттері осы рөлдерді жүзеге асыру құралы ретінде;

в) заттарды ойын түрінде қолдану, яғни нақты заттарды ойын, шартты заттармен алмастыру;

г) ойыншылар арасындағы нақты қатынастар;

д) сюжет (мазмұн) - ойын барысында шартты түрде қабылданатын шындық саласы.

Мұғалімнің міндеті - белгілі бір материалдағы қажетті жағдайларды-суреттер мен жағдайларды - проблемаларды таңдау, дидактикалық материал дайындау: әрқайсысына тапсырма карталары (сіз оның қызметінің сипаты туралы кеңес бере аласыз), оқушылар тобын таңдап, рөлдерді бөлу, оқушылар өз көзқарастарын білдіруі керек міндет қою, болжалды жауаптар мен репликаларды ойластыру (қажет болса, оларды белгілі бір оқушыларға айту), ойын барысында оқушыларға қызығушылық пен назар аудару.

Рөлдік ойын технологиясы келесі кезеңдерден тұрады [Маслыко Е.А., 1996, 7 б.]:

1. Дайындық кезеңі. Рөлдік ойынды дайындау сценарий жасаудан басталады - жағдай мен нысанды шартты түрде көрсету. Содан кейін ойын жоспары жасалады. Мұғалім ойын процедурасының сипаттамасына ие болуы керек және актерлердің сипаттамаларын нақты көрсетуі керек.

2. Түсіндіру кезеңі. Бұл кезеңде ойынға кіріспе, қатысушылардың бағдары, жұмыс режимін анықтау, сабақтың негізгі мақсатын тұжырымдау, сонымен қатар студенттерге мәселенің тұжырымы мен жағдайды таңдауды негіздеу қажет. Қажетті материалдардың, нұсқаулықтардың, ережелердің алдын ала дайындалған пакеттері беріледі. Қажет болған жағдайда оқушылар мұғалімнен қосымша түсініктеме алу үшін көмек сұрайды. Мұғалім оқушыларды ойынға енжар қарауға, мінез-құлық ережелері мен этикасын бұзуға болмайтын нәрсеге бейімдеуі керек.

3. Өткізу кезеңі - ойын процесі. Бұл кезеңде студенттер белгілі бір рөлдерді орындай отырып, олар ұсынған жағдайды ойнайды.

4. Талдау және жалпылау кезеңі. Ойын соңында мұғалім оқушылармен бірге жалпылау жүргізеді, яғни оқушылар пікір алмасады, олардың пікірінше, не болды, тағы не істеу керек. Қорытындылай келе, мұғалім қол жеткізілген нәтижелерді

айтады, қателіктерді атап өтеді, сабақтың соңғы нәтижесін тұжырымдайды. Талдау кезінде пайдаланылған имитацияның нақты жағдайдың тиісті саласының сәйкестігіне назар аударылады.

Т. Қалышева ойында бәрі тең екенін анықтайды. Бұл кез-келген оқушыға, тіпті тілде жеткілікті білімі жоқ адамға да мүмкін. Сонымен қатар, тілдік дайындықтан әлсіз оқушы ойынның жеңімпазы бола алады, өйткені тақырып бойынша білімнен гөрі «ойындағы тапқырлық пен шығармашылық кейде маңызды». Теңдік сезімі, қуаныш, өзіне деген сенімділік атмосферасы, тапсырмалардың орындалуын сезіну - мұның бәрі оқушыға ұялшақтықты жеңуге мүмкіндік береді, бұл сөйлеуде шет тілінің сөздерін еркін қолдануға кедергі келтірмейді, қателіктерден қорқу азаяды және бұл оқу нәтижелеріне жағымды әсер етеді [Қалышева Т., 2013, 3 б.].

Тілдік материалды игеру байқалмайды. Студенттің қанағаттану сезімі бар, ол бәрімен бірдей сөйлей алады. Бұл жағдай оқушылардың өз бетінше дағдылары мен шеберлігін дамытуға қосымша мотивация жасайды, сондай-ақ грамматикалық материал мен лексиканы жаттап алудың сарқылмас процесін қызықты танымдық процеске айналдыруға көмектеседі [Конышева А.В., 1998, 65 б.].

С.А. Шмаков ойын технологиясын пайдалануда оқытудың әртүрлі кезеңдерінде ойын іс-әрекетінің кейбір түрлерін қолданудың орындылығын сипаттады және соған сәйкес оларды пайдалану жүйесін ұсынды [Шмаков С.А., 1994, 33 б.].

Бұл жүйе бірінші сыныптан бастап шет тілін үйрену кезінде әртүрлі кезеңдерде ойындардың белгілі бір түрлерін қолдануды қамтиды.

Ойын түрлері оқушының оқу пәні ретіндегі сипаттамаларына және жалпы білім беретін мектептерге арналған ағылшын тілі бағдарламасына сәйкес таңдалады.

Сонымен, оқытудың бірінші кезеңінде (1-2 сынып) ойынның негізгі түрі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ойындарды біліктіретін пәндік (лингвистикалық) ойын болады. Бұл осы жастағы студенттердің тілдік базасы енді қалыптаса бастағандығымен және олардың дағдылары рөлдік, сюжеттік ойындар өткізуге жеткіліксіз екендігімен түсіндіріледі. Мұнда драматизация мен Имитациялық ойындарды, жарыс ойындарын қолданған жөн. Бұл блок коммуникативті құзіреттіліктің лингвистикалық жағын қалыптастыруға, бағдарламада қарастырылған тақырыптар бойынша лексикалық қор құруға, грамматикалық құрылымдар мен сөйлеу дағдыларын, әр түрлі қарым - қатынас жағдайларында қолданылатын клише тіркестерін игеруге бағытталған ойын әрекеттерін қамтиды.

Келесі кезеңде (3-4 сынып) оқушылар коммуникативтік құзыреттіліктің қарапайым деңгейіне жеткенде ойын әрекеті күрделене түседі. Лингвистикалық және имитациялық ойындармен қатар студенттерді әлеуметтендіруге бағытталған рөлдік ойындар қолданылады. Олардың мазмұны - адамдар арасындағы қарым-қатынас. Олар негізінен ақпараттық және реттеуші функциялар деңгейінде шетелдік қарым-қатынасты игеруге бағытталған. Мұндағы ойындар бағдарламаның тақырыбына сәйкес таңдалады [Бегазова М.Ж., 2011, 29 б.].

Осылайша, одан әрі жоғары деңгейде, әсіресе студенттердің тілдік дайындық деңгейі жеткілікті жоғары болса, рөлдік және іскерлік ойындарды қолданған жөн. Бұл ойын іс-әрекетінің күрделі түрлері, олар мұғалім мен оқушылар тарапынан мұқият дайындықты қажет етеді. Ойынның дайындық кезеңінде жоба әдісін қолдану қарым-қатынас қабілеттерін дамытудың қосымша құралы болып табылады.

Мұндай жүйе ағылшын тілін оқытуда ойын әрекетін оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бакишева Л.Б. Шетел тілі сабағында ойын технологиясын қолдану // Мектептегі шет тілі–Иностранный язык в школе. — 2011. — № 4. — 7, 8 б.

2. Бегазова М.Ж. Шетел тілі сабағында білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары //Мектептегі шет тілі. — 2011. — № 4. — 28–31 б.

3. Выготский Л.С. Психология развития как феномен культуры/ Под ред. М.Г. Ярошевского. – М.: Институт практической психологии, Воронеж: НПО «МОДЭК», 1996. – 243 б.

4. Демидова И.Ф. Педагогическая психология. – Ростов н/Д: Феникс, 2009. – 315 б.

5. Есипович К.Б. Управление познавательной деятельностью учащихся при изучении иностранного языка в средней школе. – М.: Просвещение, 1998. – 131 б.

6. Зимняя И.А. Психология обучения видам речевой деятельности и аспектам языка. – М., 1997. – 156 б.

7. Клементенко А.Д., Миролюбов А.А. Теоретические основы методики обучения ИЯ в средней школе. – М.: Педагогика, 1981. – 157 б.

8. Конышева А.В. Нестандартные формы организации урока иностранного языка// Материалы I научно-практической конференции учителей средних школ «Нестандартные формы организации урока иностранного языка». – Новополоцк, 1998. - С. 3-10.

9. Конышева А.В. Современные методы обучения английскому языку. – Минск: Тетра Систем,

2005. – 176 б.

10. Қалышева Т. Ағылшын тілін оқытудағы дидактикалық ойындар // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. - 2015. - № 1. 2 – 3 б.

11. Любимова О.В. Оптимизация процесса изучения иностранного языка на основе метода проектов и игрового метода// Сборник научных трудов СевКав ГТУ. – Ставрополь: Гуманитарные науки. - 2007. - №5. – С. 35-38

12. Маслыко Е.А. и др. Настольная книга преподавателя иностранного языка. – Минск: Вышэйшая школа. - 1996. – 135 б.

13. Психология. Словарь. Под общ.ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М.: Политиздат, 1990. – 494 б.

14. Стронин М.Ф. Обучающие игры на английском языке. – М.: Просвещение, 2004. – 156 б.

15. Шмаков С.А. Игра учащихся – феномен культуры. – М., 1994. – 162 б.

УДК 378.02: 37.016

МАХАРОВА ГАУХАР САБЫРЖАНОВНА,
аға оқытушысы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
2 курс докторанты,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: maharova727@gmail.com

НҰРЖАНОВА САЖИЛА АБДИСАДЫКОВНА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: sajila@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Андатпа. Мақалада үш тілді білім беру жағдайында ағылшын тілін оқытудағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лингводидактикалық әлеуетін дамытудың теориялық аспектілері қамтылған. Шет тілді оқытудағы лингводидактикалық құзыреттілікті қалыптастырудың тұжырымдамалары қарастырылған.

Кілт сөздер: лингводидактика, лингводидактикалық әлеует, лингводидактикалық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік.

МАХАРОВА ГАУХАР САБЫРЖАНОВНА,
старший преподаватель,
КазНУ им. аль-Фараби,
докторант 2 курса,
КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан,
E-mail: maharova727@gmail.com

НУРЖАНОВА САЖИЛА АБДИСАДЫКОВНА,
кандидат педагогических наук,
КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан,
E-mail: sajila@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические аспекты развития лингводидактического потенциала будущих учителей начальных классов при обучении английскому языку в контексте трехъязычного образования. Рассмотрены концепции формирования лингводидактической компетенции при обучении иностранному языку.

Ключевые слова: лингводидактика, лингводидактический потенциал, профессиональная компетенция, лингводидактическая компетенция.

Makharova Gaukhar Sabyrzhanovna, senior teacher,
KazNU named after Al-Farabi,
2nd year doctoral student,
KazNPU named after Abay,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: maharova727@gmail.com

NURZHANOVA SAZHILA ABDISADYKOVNA,
Candidate of pedagogical sciences,
KazNPU named after Abay,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: sajila@mail.ru

THEORETICAL ASPECTS OF DEVELOPING THE LINGUVODIDACTIC POTENTIAL OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS IN TEACHING ENGLISH

Abstract. The article covers the theoretical aspects of developing the linguodidactic potential of future primary school teachers in teaching English in the context of trilingual education. Concepts of formation of linguodidactical competence in foreign language teaching are considered.

Keywords: linguodidactics, linguodidactical potential, linguodidactical competence, professional competence**.**

Қазіргі әлемдік жаһандану және қоғамды ақпараттандыру жағдайында адамдар мен түрлі мәдениеттер арасында қарым-қатынас жасау мүмкіндігі кеңеюде. Қазақстандағы білім берудің аса маңызды стратегиялық міндеті – бір жағынан қазақстандық озық білім беру дәстүрлерін сақтау, екінші жағынан мектеп түлектерін халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету, оларда лингвистикалық сананы дамыта отырып, мемлекеттік тілді, ана тілін және шетел тілін меңгерту болып табылады. Ағылшын тілін білу, оқып үйрену - мақтаныш немесе бедел емес, заманауи білім мен технологияны, өмір сүре білу іскерліктерін әлемдік деңгейде меңгерудің тура жолы. Қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мұғалімнің іс-әрекеті, беретін білімі мен үлгі-өнегесі арқылы қалыптасады. Заман талабына сай аталған мәселелерді оңтайландыру және білімді ұрпақ тәрбиелеу Қазақстан Республикасының Білім Беру Заңында сапалы білім беруді дамыту мәселелері ретінде қарастырылған [№ 319-III2007. ҚРЗ.www. edu. gov. kz]. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында: «Педагог кадрларды қазіргі заман талаптарына сай дайындау, сонымен қатар мамандығын үздіксіз жетілдіру – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің басты белгісі – оның педагогикалық және психологиялық жоғары әзірлігі болып табылады» - атап көрсетілген [ҚР.Білім беру стандарты, 2018].

2015-2020 жылдарға арналған елімізде үштілді білім беруді дамытудың жол картасын іске асыру - білім берудің барлық деңгейлерінде, әсіресе бастауыш білім беру жүйесінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіруді қамтамасыз етеді. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламасы» жобасында «Көптілді білім беру жағдайында пәндерді ағылшын тілінде оқыту дидактикасын» жасау қажеттілігі өзекті екені ұсынылған. Лингводидактикалық аспектте сондай-ақ психолингвистика мен әдістемеде жүргізілетін «тіл» және «сөйлеу» түсініктерінің жіктелуі өзекті болып табылады [Ұлттық білім академиясы 2016,15 б.]. Осы бағдарламаның мазмұнында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында білім берудегі және білім алудағы өзекті мәселенің бірі - қоғам талабына сай мәдениетті, білімді, білікті, рухани тәрбиелі, кәсіби құзыретті бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау болып табылады. Бүгінгі күннің сұранысына орай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің үштілді білім беру жағдайына сәйкес лингводидактикалық әлеуетін дамыту - жоғары кәсіптік білім беру жүйесі аясындағы көкейкесті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. «Лингводидактика» термині қандай да бір тілді оқытудың мазмұнына, құралына, әдістемесіне қатысты, көп жылдар бойы «тілдерді оқыту әдістемесі» аталған пәнмен тығыз байланысты. Лингводидактика - шет тілін оқытуды да, меңгеруді де қарастыратын қолданбалы лингвистикалық пән. Лингводидактика тілді оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттейді. Белгілі бір тілді оқытудың әдістері мен тәсілдерін дидактикалық мақсаттарға байланысты қарастырады, бір тілдік (монолингвизм), қос тілдік (билингвизм) немесе көптілдік аясында тілді меңгерудегі әр түрлі әсер етуші факторларды зерттейді және тілді үйрету мен үйренуге қатысты бірқатар мәселелерді шешеді. Лингводидактика XXI ғасырдың басында шетелден алынған кәсіби ақпарат көздерін интенсивті қолдану арқылы, сыртқы экономикалық қызметке бағытталған мамандықтар шеңберін кеңейту аясында шетел тілін білу қажеттілігі туындауынан пайда болды. Шетел тілін оқытудың «дағдарыс» кезеңдерінің себептерін зерттеген ғалым, лингводидактика оқулықтарының авторы Н.Д. Гальскова: [Гальскова Н.Д., Гез Н.И., 2004, 37 б.] «шетел тілін оқытудың заманауи әдістемесіндегі негізгі қайшылық туғызатын мәселелер тілді оқытудың теориялық тұрғыдан жеткіліксіз негізделуінен (мақсат қою, оқыту мазмұнын таңдау және құру, әдіс-тәсілдерді анықтау)» екенін тұжырымдайды. Профессор П.В. Сысоев: «тілді арнайы мақсатта оқыту саласында ұлттық саясаттың жоқтығы туралы айтуға болады» мамандандырылған жоғары оқу орындарында шетел тілдерін оқытудың педагогикалық жүйесінің негізгі категориялары - мұғалімге, сту-

денттерге әдістері туралы ғылым». «Теория - жалпы тәжірибеден оқу, қоғамдағы табиғи заңдылықтардың ғылыми қағидалары мен идеялар жүйесінің көрсеткіші. Ғылымды немесе кез-келген ғылымның саласын құрайтын жалпыланған ережелер жиынтығы» [Сысоев П.В., 1999; 13 б.]. Шетел тілін оқытудың әдістемесін зерттеу барысында көпшілік мамандар академик А.М. Новиковтың: «Әдістеме - бұл іс-әрекетті ұйымдастыру туралы ілім» анықтамасын қолданады [Новиков А.М., 2006, 18 б.]. Э.Г. Азимова және А.Н. Шукиннің «Әдістемелік терминдер сөздігінде» лингводидактика тілді оқытудың жалпы теориясы ретінде анықталған, негізгі міндеті - шет тілін оқыту әдістемесін әзірлеу болып табылады. Авторлар лингводидактика ұғымдары мен тілді оқыту әдістері арасындағы байланысты үш көзқарасты анықтайды. Бірінші көзқарас бойынша, бұл екі түрлі білім саласы. Лингводидактика «тілдерді оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттейді, шет тілін білу, дағдылары мен іскерліктерін меңгеру әдістеріне қатысты жалпы заңдылықтарды тұжырымдайды», ал шет тілдерін оқыту әдістемесі жеке дидактика болып табылады «білім беру жағдайында нақты бір тілді оқытудың тиімді әдістәсілдерін іздеумен айналысады». Екінші ұстаным тұрғысынан екі пәннің атауында терминологиялық айырмашылықтар ғана бар. Үшінші көзқарас үшін теориялық білім (лингводидактика) және практикалық білім (әдістеме). Терминдерді талқылау нәтижесінде «Әдістеме қандай ғылым?» «Әдістеме ғылымға жата ма?» сұрақтарға жауап ретінде Л.В. Щерба: әдіснаманы дидактикамен байланыстырды,«дидактикаға мүлде қатысы жоқ тек әдістемеге ғана қатысты арнайы міндеттер болмайды» тұжырымдады. «Лингводидактика - бұл тілді оқыту теориясы, тіл білімі мен дидактиканың интеграциясы». [Ворожцова И.Б., 2007, 7 б.] Лингводидактика - тіл білімі мен әдіснаманың интеграциясы нәтижесінде пайда болған тілді оқыту әдістемесінің теориялық саласы. Лингводидактиканың нысаны - бұл тілдерді оқыту процесінің теориялық негіздемесі және оны зерттеу: концепциялар, қағидалар, тілдік білім мазмұны, оқытудың ұйымдастырушылық формалары, зерттеу механизмдері және оқу процесін жобалау. Лингводидактика пәні - бұл тілді оқытудың (мұғалімнің іс-әрекеті), оқытудың (оқушының іс-әрекеті) өзара әрекеттесуін реттейтін заңдылықтарды теориялық негіздеу, ұғыну, оқу материалдарының мазмұнын таңдау қағидалары мен дараланған білімді игерудің технологиясы. Лингводидактика - шетел тілдерін оқытуға арналған лингвистикалық негіз ретінде бірнеше тәуелсіз ғылыми пәндердің бір уақытта өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді: әдіснама, лингвистика, педагогика, психология және психолингвистика. Заманауи педагогикалық ғылымда тілді оқытудың үш деңгейі нақты анықталды: әдістеме, тілді оқыту әдістері және тілді оқытудың педагогикалық технологиясы. Лингводидактика терминін 1969 ж. ғылыми қолданысқа енгізген академик Н.М. Шанский, кейін 1975 жылдан бастап кеңнен халықаралық термин ретінде танылған [Шанский Н.М., 1985, 24 б.]. Соңғы жылдары лингводидактикалық зерттеулер аясында лингводидактика салаларын кеңейтуге (қашан, қайда, кімге, нені оқыту керек)қатысты маңызды эмпирикалық және теориялық ауқымды зерттеулер жинақталды. А.Н. Щукин, «лингводидактика тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеуді, оқытылатын тілдің мазмұны мен құрылымын талдауды, оқыту мақсатында лингвистикалық минимум құрастыруды, лингвистика мен педагогиканың тоғысуында пайда болатын мәселелерді қамтиды» деген сипаттама береді. Р.К. Миньяр-Белоручев [Ворожцова И.Б., 2007, 7 б.] лингводидактиканы шет тілдерін оқытудың теориялық және практикалық әдістерін қамтитын дербес ғылым, оның негізгі міндеті - шет тілін оқыту әдістемесін жасау болса, ал кәсіби лингводидактиканың негізгі міндеті - кәсіби бағдарланған оқыту әдістемесін жасау екенін түсіндіреді. Кейбір ғалымдар бұл ұғымдарды мағыналас синоним ретінде қарастырса, ал Н.Д. Гальскова [Гальскова Н.Д., Гез Н.И., 2004, 38 б.] ұғымдардың мағынасын ажыратып түсіндіреді, «лингводидактика - тілдің әдіснамалық негіздерін дамытуға бағытталған, тілді оқытудың жалпы теориясы, ал әдістеме белгілі бір тілді оқытудың нақты жағдайына бағытталған оқыту процесін сипаттайды (жеке әдістеме) немесе(жалпы әдістеме) оқытудың нақты шарттарынан тыс тілді (тілдер тобын) оқыту заңдылықтарын қарастырады» Р.К. Миняр-Белоручев: лингводидактика шет тілдерін оқытудың теориялық және практикалық әдістерінен құралған тәуелсіз ғылым және негізгі міндеті - шетел тілін оқытудың әдіснамасын әзірлеу, ал кәсіби лингводидактиканың негізгі міндеті - шетел тілін кәсіби бағдарлы оқыту әдістемесін әзірлеу болып табылады. Академик И.И. Халееваның пікірінше лингводидактика - «білім берудің, оқытудың, білім берудің мазмұндық компоненттерінің тіл табиғаты мен қарым-қатынас табиғатының байланысына негізделген педагогиканың ғылыми саласы», ал кәсіби лингводидактика – кәсіби мазмұнында мамандарды даярлауға негізделген лингводидактиканың саласы. XX ғ. 80 ж. басында Г.И. Богин лингводидактиканы тілді меңгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым ретінде санап, лингводидактикалық тілдік тұлға моделін құрған алғашқы ғалымдардың бірі «Лингводидактиканың ғылым ретіндегі орталық категориясы - тілдік тұлғаның лингводидактикалық моделі» деген анықтама берді. Профессор И.А. Цатурова докторлық диссертациясында «мұғалім - оқулық - студент» атты дәстүрлі триадасын тілдік емес жоғарғы оқу орындарында шет тілін оқытудың алты компоненттік дидактикалық жүйесіне дейін кеңейтіп, келесі компо-

ненттер енгізді: оқу үрдісінің мақсаттары, оқу пәні, оқыту тақырыбы, мазмұны, оқу үрдісі, қарым-қатынас құралы және оқу үрдісінің ұйымдастырушылық формалары. И.А. Цатурованың зерттеу жұмысында тек кәсіби маман даярлауды ғана емес, ең алдымен мәдениетті, білімді, зияткер шығармашыл тұлға даярлауға басымдық танытты. Әдістемелік негіз ретінде ол М.М. Бахтиннің «мәдениеттің диалогтік концепциясы» тұжырымдамасын қолданды. А.Б. Бушев: тілдерді оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттеуде лингводидактиканың тілдік тұлғаны дамытатын табиғатын атап көрсетті. Бұл идея көптеген ғалымдардың қолдауын а ие болды. О.Л. Каменская: [Ворожцова И.Б., 2007, 27-29 б.] «тілдік тұлға теориясы тұрақты ұғым емес, ол түрлене алады», орыс тілінде « теория языковой личности не является застывшим константным понятием. Она может быть диверсифицирована как по вертикали (за счет выделения новых уровней), так и по горизонтали (за счет детализации имеющихся уровней). Лингводидактикалық теорияға психологияның әсері өте күшті. Сөйлеу психологиясы ауызша және жазбаша сөйлеуді, сыртқы және ішкі сөйлеуді, сөйлеу әрекетінің әр түрлі аспектілерін, сөйлеу тақырыбын зерттейді; педагогикалық психология білімнің, қабілеттердің және дағдылардың қалай қалыптасатынын, оқу процесінде жоғары психикалық функциялардың қалай жүзеге асатындығын зерттейді; субъектің сөйлеу әрекетінің мотивациялық саласын жалпы психология саласында (И.А. Зимная), «сөйлеу және ойлау» мәселесі (Л.С. Выготский. А.Р. Лурия. А.Н. Леонтьев); [Ворожцова И.Б., 2007; 9 б.] әлеуметтік психология әртүрлі әлеуметтік топтардың сөйлеу әрекетін, тіл стандарты және нормасын, коммуникативтік құзіреттіліктің мәдени-әлеуметтік аспектілерін мәдени-әлеуметтік процесс ретінде түсіну және когнитивтік психология таным процестерінің психологиясымен айналыса отырып лингводидактиканың назарын өзіне аударады. «Тіл мен сана» атты монографиясында А.Р. Лурия [Лурия А. Р., 1979, б. 24] сөйлеу психологиясын: сөйлеу мәселесін, функциясы мен ұйымдастырылуын, сөйлеу қатысымның қалыптасу жолдары: ішкі ойдың сыртқы сөйлеуге ұласуының психологиялық жолдарын терең зерттеп қарастырған Оның пайымдауынша ішкі сөйлеу кең көлемдегі сыртқы сөйлеуге дайындықтың қажетті кезеңі болып табылады. Сөйлеу әрекетінің пайда болу үдерісінің күрделі жағдаяттарда көптеген альтернативалардан қажетті сөйлеу компоненттерін саналы таңдау «ақыл-ой әрекеттері» арқылы жүзеге асатынын ғалым алға тартады.

Қазіргі кездегі саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер адам өмірінің барлық саласына өзінің әсерін тигізді. Айналадағы құбылыстарға деген ішкі сана-сезім, көзқарас, қарым-қатынас түбімен өзгерді. Адамдардың, қоғамның құндылықтары мен қызығушылықтары да бүгінгі таңда басқаша сипат алды. Білімге деген сұраныс та, талап та өсуде. Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын тұлға тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту болып табылады. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындайтын білім беру жүйесінің барлық салаларында көптеген өзгерістер мен реформалар іске аса бастады. Көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан-2030» бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттерді: ұлттық мақтаныш, ұлттық сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында: "Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады" - делінген [Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 2003].

Демек, жас ұрпақты әрекет негізінде тәрбиелеу талабын негізге ала отырып, жеке тұлғасын тәрбиелеуде оқу әрекетінің мол мүмкүндіктерін тиімді пайдалану жүйелі мақсатты жұмысты талап етеді. Қарым-қатынас мәдениетін арттыру барысында қоғамның қазіргі таңда көптеген өз-

герістерге ұшырауына байланысты адамдар арасындағы ізгілікті қарым-қатынастың төмендеуізденістердің қажет екендігін көрсетіп отыр. Қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынастың төмен болуы олардың өзара бір-біріне агрессиямен тілдесуі, эмоционалдық көріністің шамадан тыс белен алуы сынды себептер адамдар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіру мақсатында дамытып, жетілдіруді қажет ететіні айқын.

Осы орайда, Коучинг технологиясын жеке және кәсіби дамуға қол жеткізу үшін тиімді әдістер жиынтығы ретінде жоғары білім беру жүйесінде қолдану тиімді, ол болашақ маманның мақсатқа жету жолдары мен шешімдерді қабылдауда тиімді әсер береді. Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру парадигмалары жаңаша бағытта өзгеруде. Бұрынғы "білім, білік, дағды" парадигмасынан "нәтижеге, жеке тұлғаға бағдарланған" білім беру парадигмасына ауысуда. Бұл - тұлғаның білім, білік, дағдыны меңгеріп қана қоймай, оны өмірмен байланыстырып, өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетінің болуына; алған білімін одан әрі жетілдіріп, ізденіп өзіндік нәтиже көрсетуіне; сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның кез-келген проблеманы шеше алатындай ойлау деңгейінің, дарындылығының, шығармашылдығының жоғары болуына; жан дүниесінің рухани баюына, дара тұлға ретінде қалыптасуына айрықша көңіл бөлінуде. Жаңа білім беру парадигмасының мақсаты - рухани бай, креативті ойлайтын, бәсекеге қабілетті интелектуалдық деңгейі жоғары тұлға қалыптастыру.

Қазіргі таңда коучинг термині тиімді әрі жаңа термин болып табылады, дегенмен де, көптеген адамдар коучинг терминін жай ғана психотерапия немесе тренингтік жаттығулар деп санайды, алайда ол әдіс оқыту процесінде қолданатын тиімді, әрі қолжетерлік әдістердің негізгілері болып есептеледі. Коучинг ілімі қазіргі әлемнің көптеген елдерінде табысты қолданылады. Коучинг (ағылш. coaching - оқыту, жаттықтыру) деген мағынаны білдіреді. Коучпен жұмыс істеуде белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жаңа, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады. Коучинг кеңес бермейді, адамның өз сауалына жауапты өзі табуына көмектеседі. Оның жеке өмірде, кәсіби салада жоғары нәтижеге қол жеткізуіне жол ашады». Коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған технология. коучинг икемді, бейімдеу технология ынтымақтастығы; бұл өмірінің түрлі салаларында сонымен қоса білім беруде де қолдануға мүмкіндік береді.

Коучинг тұлғаның белгісіз білімді шешуде ізденуіне өзіндік көмегін тигізеді. Коучинг – ол студентке тиімді көмек беріп, өмірлік әрекеттерін орындауда әсерін тигізетін жағымды әрекет. Коучинг әдісі адам өміріндегі барлық келеңсіз жағдайларды шешуге әсерін тигізеді, мысалы: білім алуда, отбасында, қиындық ситуацияларда және т.б. Коучинг оқу процесінде ол студенттердің бір – бірімен араласу барысында білім деңгейін жақсартуға, ақпарат алмасуға ықпалын тигізеді. Коучинг тек, оқу процесін басқаруда ғана қолданылмайды, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруда сондай-ақ, студенттермен дамуына бағытталады.

Білім беру жүйесінің ең негізгі міндеттерінің бірі оқытуды үйрету: негізгі білімдерді іздеу және оларды талдау болып табылады. Коучинг студенттердің танымдық мотивациясын белсендіру үшін мүмкіндік береді және өздігінен білім алуға және кәсіби өзін-өзі дамытуға үйретеді. Сондай-ақ, коучинг жоғары оқу орындарындағы түлектерді кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыруда пайдаланылуы керек. Коучинг технологияларын педагогикалық қарым-қатынаста пайдаланудың тиімділігі оқытуды ұйымдастыру ынтымақтастығының негізгі бағыттары, ғылыми қызметпен мақсаттар қою және ғылыми білімді қалыптастыру дағдыларын дамыту, оқуға ынталандыру болып табылады. Менеджменттің теориялық және практикалық бастаулары XIX ғасырдан бастап пайда бола бастаған, бірақ менеджменттің ғылыми тұрғыда басқару теориясы мен практикасың қалыптасуы XX ғасырға жатады. Осы тәсілдір арқылы оқытушы мен студент арасындағы ынтымақтастықты дамытып, бірге жұмыс жасауға бірінің еңбегін бірі бағалауына үйретеді. Сонымен қатар жауапкершілікті сезініп, шығармашылық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді және кәсіби бағыттарда өзіне мақсат қоя білу қалыптасады.

Коучингтің негізгі іргетасы - терең әрі ұқыптылықпен тыңдау. Бұл пассивті мінез емес. Клиентті мұқият әрі толық тыңдау керек. Барлығын тыңдау әрі түсіну - бұл коучтың міндеті. Коуч құндылықтарды, эмоциялар, тілектер, тыйым салулар, қорқыныш, себептер, болжамдар сияқты әртүрлі элементтердің жиынтығын ескереді. Сонымен қатар, коуч клиенттің өзі сенімді емес шындықтарды тыңдайды.

– нақты жағдаяттарда коучингтің жаттығулардан және тәлімгерліктен ерекшелігін көрсете білуі;серіктестерін ынталандыру үшін коучингтұғырларды пайдалана білу;

– ұйымды дамытуға арналған жағдайға талдау жасай білу және команда ішінде пікір алмасуды ұйымдастыра білу;

– өзінің және өзгелердің негізгі құндылықтары мен метабағдарламаларын айқындай білу;

– коучинг бағыттарынан мысалдар келтіре алу барысында тиімді әдісті таба білуге дағдыландыру.

Танымдық қызығушылықтың сабақ барысында қалыптасуы – жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыруды қамтамасыз етудің қажетті шартының құралы, сонымен қатар оқу әрекетін игеру, оқушылардың даралығы, жалпы білімдік білікті-

лігі, дағдысы болып табылады.

Қызығушылық – жеке тұлғаның маңызды білімді меңгеру түрі, шығармашылық әрекеті мен белсенділігін арттырады болып саналады. Сонымен бірге, қызығушылық сезімнен тұлға ойлануға өздігінен ізденуге үйренеді.

Оқытудың неғұрлым тиімді тәсілдерін таңдау және топ мүшелерінің сенімділігі пен табысқа жетуінің негізін орнату. Креативті ойлау – дамудың қозғаушы күштерінің бірі және қоғамның жетістігі [А. Маслоу, 2011393 б.] креативтілікті адамның жоғары сапа көрсеткіші ретінде қарастырады.

Бұл оқытушылардың жоғары кәсіби қасиеттерін, қатаң басымдықтар мен шектеулер жағдайында жұмыс істей білуді, басқарушылар мен ғылыми қызметкерлердің неғұрлым толық түсіністігін талап етеді. Педагогтің рөліне және оқу процесіне жаңаша қарау қажет, бұл өз кезегінде педагогтің құзыреттілігін қайта қарауды қажет етеді. Оқыту процесінің тиімділігі мен нәтижелілігіне қойылатын талаптарды арттыру педагогикада инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігін тудырды.

Коучингтің шығу негізі спорт саласына байланысты қарастырылады. Коучинг позитивті ойлау мен когнитивті және ұйымдастырушылық психологияның әдістемесіне негізделеді. Қазіргі уақытта коучинг ғылымның барлық саласында, яғни психология, менеджмент, философия, логика және өмірлік тәжірибе тоғысында өз дамуын жалғастыруда. Джон Уитмор бизнестегі коучингтіңнегізін қалады. Рухани жаңғыру бағдарламасында да сананы жаңғырту, ұлттық болмысты жоғалтпау, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіру, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе ретінде қарастырылып отыр [Назарбаев Н.Ә., 2017].

Жеке тұлғаны қалыптастыру - өркендеудің негізгі көзі мен ортасы ретінде дамып келе жатқан мәдениет субъектісімен қарым-қатынас жасаудың күрделі және драмалық үдерісі болып табылады [Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Астана, 2006] мазмұнында оқушыны өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, талдауға үйрету талап етіліп отыр. «Білім берудегі коучинг студенттерге қызығушылықпен білім алуға, олардың әлеуетін табуға, дағдылары мен қабілеттерін дамытуға берілген тапсырманы тиімді игеруге көмектеседі» [Ұ.Б. Төлешова, Қ.Ш. Молдасан, 2020].

Білім беру мен тәрбиелеу жүйесі барлық уақытта, бәрінен бұрын, болашақ ұрпақты өркениеттің тәжірибесі мен құндылықтарына тартудың мақсатты және арнайы ұйымдастырылған жүйесі ретінде қалыптасатыны белгілі, ал олардың басты мақсаты да қоғамдағы мәдени үдерістің, оның рухани өсімін молайту процесінің сабақтастығын қамтамасыз етумен сипатталады.

Қорыта келгенде, заманауи технологиялардың бірі ретінде коучингтің мазмұны мен ерекшеліктері негізінде білім беру тұлғаның білімді өз бетінше іздеп табуында, оны өмірде қолдана алу арқылы жетістікке жетуге үйретудің тәсілі ретінде педагогикалық коучинг тұлғаның теориялық білімдерін мен практикада тиімді қолдана білудің мәні зор. Коучинг адамның барлық мүмкіндіктерін ашуда рөлі зор. Білім берудегі коучинг технологиясы тұлғаның жоғары нәтижеге қолжеткізуі мен шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жоба // Егемен Қазақстан, 30 желтоқсан. 2003.

2. Маслоу А. Г. Новые рубежи человеческой природы. М.: Смысл, 2011. – 495 с.

3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, №70 (29051),12 сәуір, 2017.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2006.

5. Ұ.Б. Төлешова., Қ.Ш. Молдасан. Педагогикалық коучинг.-Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2020,-110.

УДК 378.147.88

МОЛДАСАН ҚУАНЫШ ШОРМАНҚЫЗЫ,
п.ғ.к., аға оқытушы,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,
Философия және саясаттану факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ.

САҒЫНБАЕВА ГҮЛЗАДА ҚАЙЫРҒАЛИҚЫЗЫ,
1 курс магистранты,
7М01802- «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы,
Философия және саясаттану факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ІС–ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТҮЗЕТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Түйін. Мақалада Әлеуметтік педагогтың іс-әрекетіндегі түзету технологиялары баяндалады.
Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, түзету технологиясы, әлеуметтік жұмыс, сабақ, оқушы.
Резюме. В статье раскрывается коррекционные технологии в деятельности социального педагога.
Ключевые слова: социальный педагог, коррекционная технология, социальная работа, урок, ученик.
Summary. Correctional technologies in the activities of a social teacher are described.
Key words: social worker, correctional technology, social work, the lesson, the students.

Қазақстанның әлемдік білім беру қауымдастығына кірігуі мен оның дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қатарында лайықты орын алуға ұмтылысы жағдайында, заманауи өркениетті сын-тегеуріндері ағымында XXI ғасырдағы жаһандық әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын тұлғаның зияткерлік дамуына қажеттілік артып отыр. Адамзат капиталын, ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда, қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтауда білім берудің рөлін өзектілеуге бағдарлау еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген [Н.Ә. Назарбаев, 2012]. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің қазіргі заманғы әлеуметтік жағдайы Қазақстанның болашақ азаматы тұлғасын қалыптастыру ісінде қоғамның тәрбиелік, мәдени қалыптастырушы күш-жігерін арттыруды талап етеді. Балалар ортасындағы зорлық-зомбылық, құқықтық нигилизм, әлеуметтік пассивтілік, қадағалаусыздық, девиантты мінез-құлық, есірткі, уытқұмарлық, контрмәдениеттілік ұйымдардың әсері және т.б. сияқты жағымсыз үрдістердің өсуі баланың барлық даму жағдайын сауықтыру жөнінде кешенді әлеуметтік шаралар қабылдау қажеттігіне себепші болады.

Қазіргі тәрбиенің басты проблемаларының бірі қоғамның түрлі санаттағы және әлеуметтік құбылыс балаларды дамыту үшін "мәдени арнаны" қамтамасыз ету. Қазіргі заманның шындығы -жеке тұлғаның қалыптасуынна ықпал етуші факторлар болып білім немесе көше, мәдениет немесе контрмәдениет табылатындылығында.

Осы және басқа да маңызды мәселелердің шешімі тұлғаны әлеуметтендірудің айқындаушы факторлары ретінде мектептің, отбасының және басқа да әлеуметтік-тәрбие және білім беру институттарының қалыптастырушы әлеуетін нығайтуға бағытталған іс-әрекеттері болып табылады.

Бүгінгі таңда болашақ ұрпақтың әлеуметтік, танымдық, дамушылық және өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, дамыту мәселесі еліміздің өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі күні бұл проблеманы шешу қоғамымыздың ертеңгі келбетінің өркениеттілігіне байланысты.

Тұлғаны қалыптастыру ісіне қатысты педагогикалық үдерістің жетекші тұлғасы болып саналатын әлеуметтік педагогтың қызметі заманауи маңызды әлеуметтік миссияны жүзеге асыруға бағытталған. Әлеуметтік педагог әлеуметтік ортада тұлғаның қолайлы және үйлесімді дамуына жәрдемдесуде қоғамның тәрбие күштерінің бірігуін, келісімділігін және мақсатты бағыттылығын қамтамасыз етуге атсалысушы болып табылады. Бүгінгі күні адам мен ортаның, жеке тұлғаның және дәстүрлі мәдениеттің қарама-қайшылықтары шиеленіскен кезде әлеуметтік педагогтың қызметі аса маңызды және қажетті болып табылады.

1920 жылдары алғаш рет «педагогикалық технология» термині рефлексотерапияға негізделген еңбектерге негізделген педология туралы айтылды (И.П. Павлов, В.М. Бехтерев, С.Т. Шацкий). Сонымен бірге тағы бір ұғым - «педагогикалық технология» таралды, ол 1930 жылдардағы Педагогикалық Энциклопедияда оқу сабақта-

рын нақты және тиімді ұйымдастыруға бағытталған әдістер мен құралдар жиынтығы ретінде ұсынылды. Оқу және зертханалық жабдықтарды пайдалану, көрнекі құралдарды пайдалану қабілеті де әлеуметтік-педагогикалық технологияға жатқызылды.

Технология дегеніміз - кез-келген кәсіпте, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістер жиынтығы (түсіндірме сөздік).

Педагогикалық технология - формалардың, әдістердің, оқыту әдістерінің, білім беру құралдарының арнайы жиынтығы мен орналасуын анықтайтын психологиялық-педагогикалық қатынастардың жиынтығы; бұл педагогикалық процестің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы (Б.Т. Лихачев).

Әлеуметтік педагогикалық қызметінің мақсатын анықтай отырып, А.В. Мудриктің айтуынша, тәрбие өзін-өзі алдын ала болжай алатын және орын алған жағдайдың әсерін азайта алатын өнер ретінде анықталды [Мудрик А.В., 2000].

Әлеуметтік педагогикалық көмек көрсету кезінде қолданылатын әлеуметтік педагогика технологиясы ретінде *«түзету технологияларының»* маңызы өте зор.Әлеуметтік педагог тәжірибесінде белгілі бір көмекке мұқтаж адамдарға түзету әсерінің әртүрлі жүйелері, әдістері мен құралдары кең таралды. Түзету технологиялары кемшіліктерді түзетуге, ішінара өзгертуге немесе түзетуге бағытталған. Бұл мүмкіндігі шектеулі және девиантты мінез-құлықты балалар, әртүрлі жағдайларға байланысты қоғамдағы әлеуметтік байланыстарды немесе әлеуметтік мәртебені жоғалтқан жасөспірімдер болуы мүмкін. Түзету технологияларын жүзеге асыруда әлеуметтік педагогтың маңызы зор деп айтсақ қателеспейміз.

Әлеуметтік педагогика – біріншіден, қандай да бір жағдайларда кез-келген жастағы адам өмірінде орын алатын немесе орын алған жағдайды білуге және ескеруге бағытталған білім мен қызмет саласы.

Екіншіден, адамның дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға, оны әлеуметтендіру үдерісінде "кедергілердің" алдын алуға бағытталған қызмет болып табылады.

Үшіншіден, адамның әлеуметтенуі процесінде түсетін қолайсыз жағдайлардың әсерін азайтуға бағытталған педагогикалық сала.

Әлеуметтік педагогиканың теориялық және практикалық негіздері бойынша зерттеу жүргізген ғалымдар: Ф. Дистервег, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, П.Ф. Лесгаф, В.П. Вахтеров, П.Ф. Каптерев, П. Наторп, Г. Ноль, Г. Боймер, С.И. Гессен, В.В. Зеньковский, В.Н. Шульгин, М.В. Крупенина, С.Т. Шацкий, А.С. Макаренко және т.б.

Әлеуметтік педагогика саласындағы заманауи зерттеулершілер қатарына В.Г. Бочарова, Ю.В. Василькова, М.А. Галагузова, А.В. Мудрик, М.М. Плоткин, В.Д. Семеновжәне т.б. [Дистервег А., 1956].

Сондай-ақ, жас ерекшелігіне қарай өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мектеп табалдырығынан бастап ерекше мәнге ие болады, оқушының шынайылықпен қатынасының барлық жүйесі қайта құрылу уақытында оның психикалық даму логикасы әлеуметтік қалыптасқан сана мен әрекет тәсілдерінің белсенді игерілуін талап етеді. Әлеуметтік педагогика саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, беделді тұжырымдамалар беріп жүрген отандық ғалымдар еңбектері қарастырылады.

Әлеуметтік педагогтарға оқушының жас ерекшелігіне, оның эмоционалдығына, өмірлік тәжірибесінің жоқтығына байланысты сөз жақсы және жаман әрекеттерге итермелеуі мүмкін екенін есте сақтаған жөн. Егер оқушының қоғамдық қажеттіліктері, мүдделері, сенімдері тәрбиеленбеген болса, егер тәрбиешіге деген сенімі жоғалса, көшенің, кездейсоқ таныстардың әсері күшейе түседі.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының рөлі - бұл халықтың осал топтарына - әр түрлі жастағы балаларға көмек көрсететін адам. Әлеуметтік педагогтар отбасымен қарым-қатынас орнатуға көмектесу үшін жұмыс істейді. *Бұл* мамандар психологиялық қана емес, сонымен қатар заңды қолдауды қамтамасыз етеді: тұрғын үйді сақтау және алу, патронат, жеңілдіктер, материалдық төлемдер, тіркеу және басқалары. Әлеуметтік қызметкерлермен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, психологтармен көбірек жұмыс жасаңыз.Себебі: қазіргі таңда, көптеген балалар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды, олар үнемі күйзеліске ұшырайды, жан түршігерлік жағдайда өмір сүреді, тиісті тамақтануды, қажетті заттар жиынтығын алмайды және т.с.с. Бұл балалар болашақта мінез-құлқының бұзылуынан зардап шегуі мүмкін, бұл балалар қылмысының көбеюіне алып келеді ... Халықты әлеуметтік қорғау органдарының өкілдері оларға жан-жақты көмек көрсетеді.

Әлеуметтік педагогтың сабақта атқаратын қызметі - бұл мамандардың бірі, оның қызметі ең алдымен психологиялық оңалтуға және құқықтық көмекке бағытталған. Ол баламен сөйлеседі, жұмыс көлемін анықтайды және іс-шаралар жоспарын жасайды:

- Психологиялықтұрақтандыру;
- Қоғамдағыөміргеқажеттідағдылардыдамыту;
- мінез-құлықпроблемаларынтүзету;
- дарындылықты анықтау;
- құқықтар мен бостандықтардықорғау;
- мәдени-бос уақытты ұйымдастыру;
- қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсету;
- қамқоршыларына өз шақыруларын табуға мүмкіндік бере отырып, кәсіптік бағдар беру;
- жұмыспен қамту.

Әлеуметтік педагогтар кез-келген пробле-

маның түбіне жету үшін сөздер мен әдістерді таңдай отырып, жағымды жаққа ие бола алады. Олар тестілеуді, жануарлар терапиясын, арттерапияны, психологиялық-педагогикалық түзетуді және т.б. қолданады. Әлеуметтік педагогтар агрессия, бас тарту және қоқан-лоққылар мен бетпе-бет келеді. Олардың мүдделеріне мүгедек балалар, жетім балалар, қолайсыз отбасылардың балалары, бұзақылық құрбандары немесе қиын жағдайға тап болғандар кіреді.

Л.В. Мардахаев сөздері негізінде «әлеуметтік-педагогикалық технология белгілі бір жағдайда рационалды нәтиже алуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ең оңтайлы бірізділігі ретінде қарастырылады» [Ушинский К.Д., Урумчи, 1956. с. 825] – деп санаймыз, жеке тұлғаның өзара әрекеттесу технологияларын енгізу біздің әлеуметтік-педагогикалық қызметімізді ғылыми тұрғыдан құруға мүмкіндік береді, мәселелерд шешуде тиімділікке ықпал етеді әлеуметтік педагогтың алдында. Бала мен жеке қарым-қатынас келесі формалар арқылы жүзеге асырылады:

- әңгіме
- консультациялар
- топтық сабақтар.

Оқушылардың жасы кіші болған сайын, олардың өздігінен әрекет ету қабілеті де төмен болады. Олар өзін басқара алмайды, сондықтан басқаларға еліктейді. Осылайша, егер қатар тұрған балалардың біреуіне қатардан шығуды сұраса, онда барлығы шығады. Кейбір жағдайларда дербестіктің және сыншылдықтың болмауы жоғары сенімділікке әкеледі: балалар жақсыға да, жаманға да еліктейді. Сондықтан, педагог пен қоршаған адамдардың әрекеттері, мінез-құлықтары оң болуы өте маңызды.

Әлеуметтік педагогиканың негізгі технологияларының бірі - әлеуметтік түзету. Бұл салада «әлеуметтік түзету» ұғымын анықтауға бірнеше тәсілдер бар. В.И. Курбатов бұл терминмен қоғамда қабылданған модельдер мен стандарттарға сәйкес келмейтін психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік жоспардың ерекшеліктерін түзету бойынша әлеуметтік субъектінің қызметін білдіреді. П.Я. Циткилов әлеуметтік түзету - бұл психологиялық жағдай, мотивациялық-мінез-құлық моделін жақсарту және әлеуметтік қызметтегі теріс ауытқулардың алдын алу мақсатында әлеуметтік объектіге кәсіби әсер ету деп санайды [Циткилов П.Я., 2010, с. 448].

Түзету әсері әр түрлі бағытта жүруі мүмкін: қалпына келтіру, өтемақы, ынталандыру, түзету. Қалпына келтіру ауытқу пайда болғанға дейін басым болған әлеуметтік объектінің қасиеттерін қалпына келтіруді қамтиды. Өтемақы дегеніміз - әлеуметтік объектінің кейбір бұзушылықтар нәтижесінде жоғалғанды алмастыра алатын қасиеттерін арттыру. Ынталандыру оң қасиеттерді, әлеуметтік объектінің қызметін жандандыруға, белгілі бір құндылық бағдарларын, жеке клиенттердің көзқарастарын қалыптастыруға, оң эмоционалды фонды, микросоциумдағы қатынастарды құруға бағытталған. Түзету теріс қасиеттерді, әлеуметтік объектінің қасиеттерін оңға ауыстыруды қамтиды.

Әлеуметтік түзетудің негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- ақпараттық-коррекциялық әңгіме;
- түзету бағытындағы психологиялық тренингтер;;
- аутотренинг;
- психодрама;
- психологиялық дебифинг әдісі;
- психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум;
- өтемақы әдісі;
- отбасының (ұжымның) атмосферасына түзету енгізу әдісі және т. б.

Әлеуметтік-түзету жұмыстарының негізгі бағыттары:

- мүгедектерді, дамуында елеулі патологиясы бар адамдарды түзету;
- оқыту проблемалары бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік түзету;
- қолайсыз отбасылардағы түзету қызметі;
- жұмыссыздармен түзету жұмыстары;
- бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдармен түзету жұмыстары және т.б.

Түзетудің тиімділігі дәрежесі көбінесе оны әлеуметтік педагогикалық жұмыста қолданатын мұғалімдердің дайындығымен анықталады.

Негізінен мектеп оқушылары үлкен сенімділікпен ерекшеленеді. Олар мұғалімге шексіз сенеді. Мұғалімнің сөзі олар үшін - заң. Мұндай сенімді ақтау үшін мұғалім өзіне талап қою керек.

Өсіп келе жатқан жеке тұлғаның дамуына негіз болатын жан-жақты қатынастардың дамуы тек білім беру қызметімен қамтамасыз етілмейтіндігіне назар аударылмайды. Әлеуметтік даралануды оңтайлы іске асырылуы әлеуметтік өсудің әртүрлі деңгейлерін (ересектердің қысымынсыз) дамыту үшін кеңістік құратын осы екі процесті жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктер беретін жағдайларды құруды қамтиды. «Мен және қоғам» әлеуметтік қағидаттарын біріктіруге жағдай жасалады. Мұндай жағдайға баланың барлық өмірлік функцияларын ойластырылған дамыту негізінде ғана қол жеткізуге болады, тек қызметтің екі аспектісінің - объективті когнитивті және адами қатынастардың нормаларын игеру әлеуметтік дамудың оңтайлы мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алады.

Халықаралық еңбек ұйымы ресми тіркеген жиырма мың мамандықтың ішінде «әлеуметтік педагог» мамандығы да бар. Балаларға әлеуметтік көмек көрсетудің отандық және шетелдік тәжірибесінің салыстырмалы талдауы оның ересек

тұрғындардың кез-келген санатына әлеуметтік көмек көрсетуден түбегейлі айырмашылығы бар, өйткені ол баланың тәрбиесі мен біліміне, оның дамуы мен табысты әлеуметтенуіне байланысты педагогикалық компоненті болуы керек. Демек, балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге, түзетуге бағытталған іс-шаралар әлеуметтік-педагогикалық болып табылады және педагогикалық қызметтің бір түрі болып табылады.

Мектептегі әлеуметтік педагог - бұл отбасыны, білім беру мекемесін, әр түрлі әлеуметтік институттарды бала тәрбиесінде өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге, оған қиын заманауи жағдайда бейімделуіне, түзетілуіне көмектесуге шақырылған кәсіби маман.

Мектептегі әлеуметтік педагог:

➢ баланың психологиялық және жас ерекшеліктерін, оның қызығушылықтар әлемін, әлеуметтік шеңберін, өмір сүру жағдайларын, микросоциумның жағымды және жағымсыз әсерін зерттейді;

➢ әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің себептері мен сипаты ашады, яғни өзіндік «әлеуметтік-педагогикалық диагностика» жасайды;

➢ әлеуметтік маңызды қызмет түрлерін ұйымдастырады, бос уақыттың мазмұнына әсер етеді, жұмысқа орналасуға, кәсіптік бағдар беруге және бейімделуге көмектеседі, қоғамдағы жасөспірімдер мен жастар қауымдастықтарының қызметін ұйымдастырады, әлеуметтік-педагогикалық қызметке қатысатын медициналық, білім беру, мәдени, спорт, заң мекемелерінің кәсіби өзара әрекетін ұйымдастыратын жұмыс;

➢ тұлғаның дамуына жағымсыз әсерлердің алдын алу мен оларды түзетдің және жоюдың әлеуметтік-құқықтық, құқықтық, психологиялық, экономикалық тетіктерін ескереді және іске қосады;

➢ баланы және отбасын құқықтық қорғау, әлеуметтік-педагогикалық қолдау жүйесін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Осы зерттеудің міндеттерін шешу арнасында әлеуметтік педагог оқушылардың қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру оқушының әлеуметтік-педагогикалық портретін зерттеу негізінде анықталуы тиіс. Жоғарыда келтірілген талдау көрсеткендей, ол мынадай көрсеткіштерді қамтуы тиіс 1-суретте көрсетілген:



1 – сурет. Оқушының әлеуметтік педагогикалық портреті.

Әлеуметтік педагогика әлеуметтану контекстіндегі әлеуметтік тәрбиені зерттеуші білім беру саласы ретінде танылады.

Осыған байланысты, осы зерттеудің міндеттерін шешудегі әлеуметтік-педагогикалық қызметтің бағыты мен мазмұны педагогикалық қатысу және оқушымен төменде көрсетілген салалары шеңберінде өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктерімен анықталады:

➢мектеп ортасында және мектеп субмәдениеті кеңістігінде;

➢отбасылық тәрбие жағдайында;

➢ұлттық мектептің педагогикалық үдерісіндегі тұлғалық өзін-өзі анықтау саласында. Әлеуметтік педагог әрбір оқушының дамуын алдын ала белгілі қалыптарғакелтіріп, балалардың жеке дамуында пайда болатын қиындықтарды ескертеді; қарым-қатынас барысында белгіленіп отырған оның өсу мүмкіндіктерін барынша толық өрістету міндетімен өзінің үміті мен балаға қойылатын талаптарын үйлестіреді; білім, ақыл-ой, сана, мәдениет, білік пен дағды мақсат ретінде емес, тұлғаның толыққанды даму құралы ретінде қарастырылады. Қарым-қатынас тәсілдеріне –ересектерөздерін баланың орнына қойып, өзінің балалық шағын еске түсіріп, баланың жеке басын түсіну, тану және қабылдау жатады. Қарым-қатынас тактикасы – ынтымақтастықты білдіреді.

Балаларға әлеуметтік көмек көрсетудің отандық және шетелдік тәжірибесінің салыстырмалы талдауы оның ересек тұрғындардың кез-келген санатына әлеуметтік көмек көрсетуден түбегейлі айырмашылығы бар, өйткені ол баланың тәрбиесі мен біліміне, оның дамуы мен табысты әлеу-

меттенуіне байланысты педагогикалық компоненті болуы керек. Демек, балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар әлеуметтік-педагогикалық болып табылады және педагогикалық қызметтің бір түрі болып табылады.

Мектеп орналасқан микро қоғамның нақты жағдайларына байланысты әкімшілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, директордың әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасарының, сынып жетекшілерінің, қосымша білім беру мұғалімдерінің, тәрбиешілердің, психологтардың және басқа лауазымды тұлғалардың функцияларын нақтылайды, ынтымақтастық аймақтарын, олардың өзара әрекеттесу механизмін анықтайтын әлеуметтік педагогтармен атқарылатын қызмет түрі болып ерекшеленеді.

Осылайша, баланың мектептегі жетістігі, өз бетінше шешім қабылдай алатын әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу - адамның өмірдегі жетістігінің кепілі. Кез-келген бала дарынды, кез-келген бала - бұл бүкіл әлем, тек уақытында байқап, балаға оның даралығы мен жеке қасиеттеріне негізделген талантын ашуға көмектесу керек.

Әлеуметтік педагог жұмысының аясында түзету әдістерінің белгілі бір ерекшелігі бар, бұл жерде тек оқушының ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мәселесі бар нақты баланың ерекшеліктерін ескеру қажет, оны шешуге түзету шараларын әзірлеу бағытталатын болады. Сондықтан жұмыстың осы формаларының теориясы мен әдіснамасын әзірлеу процесі әртүрлі ғылымдардан алынған тұжырымдамаларды адамға, оның жеке басына және нақты жағдайға бағыттайды.

Әлеуметтік педагогтың қызметі әлеуметтену барысында әр түрлі мәселелер туындайтын балалармен өзара әрекеттесуді көздейді. Мұндай балалармен қарым-қатынас жасау үшін ерекше әдептілік пен кәсіби шеберлік қажет. Бұл қасиеттер әлеуметтік және білім беру қызметінде жетістікке жетуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». - Астана, 2012. - 12 желтоқсан.

2. Мудрик А.В. Социальная педагогика. - М., 2000.

3. Дистервег А. Избранные педагогические сочинения. — М.: Учпедгиз, 1956. 374 с.

4. Избранные педагогические сочинения.Том1 / Ушинский К.Д., - Урумчи, 1956. - 825бет

5. Циткилов П.Я. Технология социальной работы: учеб. пособие .М.: Изд.- «Дашков и К°»; Наука-Спектр, 2010. - 448 с.

ӘОЖ 378.1

МУРЗАГАЛИЕВА АЛИЯ ГИНАЯТОВНА,
Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доценті,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ДЖУГЕМБАЕВА БАКЫТГУЛЬ АСКАРОВНА,
3 курс PhD докторанты,
6D011000 - Физика мамандығы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СҰРАНЫСҚА ИЕ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР МЕН ШАРТТАР

Түйін. Кәсіби, сапалы құзіреттілікке ие, инновациялық жаңашылдыққа ұмтылатын, қабілетті, әлеуметтік жауапты, мобильді, кәсіби өсуге дайын инженерді дайындау ерекше өзектілікке және маңыздылыққа ие. Бітіруші университет түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие емес, себебі, бітіруші түлектердің іс-тәжірибе жүзіндегі инновациялық деңгейі мен қалыптасқан дағдыларының арасындағы байланыстың төмен болуы диломы бар түлектердің жұмыссыздығына әкеліп жатыр. Демек, студенттерді ғылыми зерттеу жұмыстарына қатыстыруға, шынайы педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды шеше алуға, аналитикалық, шығармашылық ойлауын дамыту басты талапқа айналуға тиіс. Бұл өз кезегінде кәсіби құзіреттілікті көтеруге ықпалын тигізеді. Осының нәтижесінде қазіргі жоғары білімнің негізін құрайтын адами капитал қалыптасады.

Түйін сөздер: инновациялық қызмет, құзірет, құзіреттілік, түрткі (мотивация), жаңашылдық, инженерлік білім.

Резюме. Особую актуальность и значимость приобретает подготовка инженера, обладающего профессиональными, качественными компетенциями, стремящегося к инновационным инновациям, способного, социально ответственного, мобильного, готового к профессиональному росту. Выпускники выпускного университета не востребованы на рынке труда, так как низкая связь между практическим инновационным уровнем выпускников и сложившимися навыками приводит к безработице выпускников. Следовательно, главным требованием должно стать вовлечение студентов в научно-исследовательскую работу, умение решать реальные психолого-педагогические ситуации, развитие аналитического, творческого мышления. Это, в свою очередь, способствует повышению профессиональной компетентности. В результате этого формируется человеческий капитал, который составляет основу современного высшего образования.

Ключевые слова: инновационная деятельность, компетенция, компетентность, мотивация, инновация, инженерное образование.

Summary. The training of an engineer who has professional, high-quality competencies, strives for innovative innovations, is capable, socially responsible, mobile, and ready for professional growth is of particular relevance and significance. Graduates of a graduate University are not in demand in the labor market, as a low relationship between the practical innovative level of graduates and established skills leads to unemployment of graduates. Therefore, the main requirement should be the involvement of students in research work, the ability to solve real psychological and pedagogical situations, and the development of analytical and creative thinking. This, in turn, contributes to the improvement of professional competence. As a result, human capital is formed, which forms the basis of modern higher education.

Keywords: innovation activity, competent, competence, motivation, innovation, engineering education.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында (ҚР) қолайлы экономикалық, әлеуметтік ортаны қалыптастыруға бағытталған кең көлемдегі қайта даярлауды жүргізу жағдайында экономиканың инновациялық дамуына көшу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарының біріне айналуда. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, Қазақстан Республикасын инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі - тұжырымдама) жасақталып, [ҚР Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы №579 жарлығымен бекітілген], онда инновациялық қызметке басымдылық берілді. Сонымен бірге, қазіргі заманда инженерлік қызметтің рөлінің артып келуі және инженерлердің біліктілігі жоғары жаңа буынын дайындау, өзекті әрі ерекше қарқында маңызға ие.

Тұжырымдамада көрсетілген өзекті де маңызды жағдаяттардың бірі: «отандық білім беру жүйесінің жеделдетілген индустрияландыру жағдайына және экономиканың жоғарғы технологиялық бағытының тиісті міндеттерін орындауға дайын еместігі» болып табылады [Концепция

инновационного развития Республики Казахстан до 2020 г.]. Жоғары оқу орнымен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің жағдайын қазіргі заманның талабы көрсеткендей, білім беру жүйесінің әдіс-тәсілдерін қайта қалыптастыру, біршама орныққан дәстүрлердің оқытудағы әдіс-тәсілдермен қағидаттардан бас тартып жатқандығын аңғартады. Қазіргі кезде, «дипломды жұмыссыздық» деген жаңа жағдаят Қазақстанда белең алғанын айта кету керек. Бұл жұмыссыздық инновациялық қызмет аясында талапқа, сұранысқа ие болмай жатқан, бірақ кәсіби білімі бар бітіруші түлектер арасында белең алып тұр.

Білім сапасын арттыру мақсатында және экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келмеу проблемасын шешу мақсатында мамандар даярлау құзіреттілік тәсіліне негізделген. Бұл өз кезегінде, инновацияны тиімді іске асырудың негізін құрайтын және оның субьектісінің ерекшеліктерімен байланысты факторларға түбегейлі әсер етеді.

Педагогика саласында «құзіреттілік» және «құзірет» түсініктері бір емес, олардың ара жігі ажыратылады.

Құзіреттілік бұл – білім алушының берілген талаптарға сай біліктілігіне, кәсіби рөліне қойылатын талаптардың сипаттамасы.

Кәсіби құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның тұтастай құрылымдық тұрғыдан талапқа сәйкестігін, практикалық және теориялық дайындығын көрсететін құзіреттіліктің даму дәрежесі [Сластенин В.А., 2015, 491 с]. Айта кететін жайт, мұғалімнің кәсіби, ғалым ретіндегі кәсіби құзіреттілік қызметі білім берудегі білік, білім, дағды жүйелері арқылы түсіндіріледі.

Сондықтан да, мұғалім білім берудің обьектісі және субьектісі ретінде, кәсіби тұрғыдан игерген саласында білім беріп қана қоймай, сонымен қатар, қазіргі кездегі түрлі жағдайларды бағдарлап, болжап, шешім қабылдай алуға тиіс. Сондықтан да, мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындығы басты назарға алынуда.

Жоғарғы оқу орнындағы оқытушының теория жүзіндегі кәсіби құзіреттілік дайындығы – құрылымдық және рухани білім негізіндегі қызметінде байқалады. Негізгі құзіреттіліктер: аналитикалық, проективті, рефолексивті болып үшке бөлінеді.

Жоғарғы оқу орнындағы оқытушының практика жүзіндегі кәсіби құзіреттілік дайындығы – ұйымдастырушылық және қарым-қатынас дағдыларымен ұсынылған пәндік құзіреттіліктен көрініс табады [Сластенин В.А., 2015, 491 б.].

Осылайша, оқытушылардың инновацияларды іске асыру дайындығы білім алушыларды сапалы білім беруге, инновациялық тәсілді, білім беру процесін жаңаша ұйымдастыруға, сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін шыңдауға әсер етеді. Сол себептен де, оқытушының кәсіби құзіреттілік деңгейі білім сапасына әсер етуші басты факторлардың бірі болып отыр.

Бүгінгі таңдағы экономикасы дамыған елдерде жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде университеттердің төрт үлгісі қарастырылады. Олар:

– «Университет 1.0» - 1 міндет (білім);
– «Университет 2.0» - 2 міндет (білім, ғылым);
– «Университет 3.0» - 3 міндет (білім, ғылым, коммерцияландыру);
– «Университет 4.0» - 4 міндет (білім, ғылым, коммерцияландыру, шығармашылық).

Инновациялық жолды айқындайтын іргелі және қолданбалы зерттеулердің кең спектрі негізінде жетекші жоғарғы оқу орындары үшін, жаңа ғылыми білімді жандандыру қабілеті, экономиканың нақты секторына технологиялар құру мүмкіндігі, жоғары білікті кадрларды дайындау жүйесінің болуы негізгі талаптарды құрайды.

Батыстың алдыңғы саптағы, жетекші елдерінің заманауи үрдіс негізінде инновациялық экономикалық дамуы қазіргі кездегі жүргізілген талдаулар көрсеткендей, Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде кәсіпорынның (ұйымның) білімін зияткерлік ресурстарға, зияткерлік капиталға өзгеруі инновациялық экономикалық модельдің басты факторына айналғанын көрсетеді. Айта кетерлік жайт, зияткерлік капитал тұжырымдамасы кәсіпорындардың (ұйымдардың) кірістілігі мен құнын арттыру қоры ретінде әзірленгенін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда, зияткерлік үлгісі туралы әртүрлі теория мен анықтамалар бар, бірақ та, барлық зерттеушілер зияткерлік капиталдың үш негізгі компонентін ажыратып көрсетеді: адами, ұйымдастырушылық, тұтынушы [Зинов В.Г., Лебедева Т.Я., Цыганов С.А., 2009, 245 б.]. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бұл капиталдардың өзара байланысы мен үйлесімді іс-әрекеттері өз кезегінде кәсіпорынның (ұйымның) дамуына, қоғамның әлеуметтік дамуына әкеледі. Сондықтан да, білім, дағды, қабілет пен уәждерді құрайтын адами капитал алдыңғы орында тұрады.

Жетістікке жету үшін қай фактор маңызды? - деген сұрақ бойынша әртүрлі лауазымдағы кәсіпорын қызметкерлерінен сұхбат алатын болсаңыз, онда көпшілігі ол – көшбасшылық деп жауап беретіні рас. Өйткені, көшбасшылық қасиет – саясатта да, кәсіпте, білім беру мен басқа да салаларда да маңызды рөл атқаратыны ақиқат.

Осылайша, адами капиталды қалыптастыру мен дамыту әлем елдерінің инновациялық экономикаға көшуінде өзектілікке ие болып, ал арнайы дайындық адами капиталдың тиімді жұмыс істеуі мен дамуының құрамдас бөлігіне айналады.

ҚР алдыңғы саптағы жоғарғы оқу орындарының бірі саналатын Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (ҚазҰУ), білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз Қазақстандық агенттіктің рейтингісі бойынша көшбасшы оқу

орындарының бірі болып алдыңғы саптан көрінеді. Оған қоса, ҚР Президентінің "сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты. Ал, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға білім және ғылымдағы көшбасшы ретінде БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабарын басқаруды сеніп тапсырды.

Сонымен, көшбасшы анықтамасын нақтылайтын болсақ, көшбасшы дегеніміз – бұл ұйым алдына қойған міндеттерді орындау кезіндегі бір адамның басқалардың іс-әрекетіне әсер ететін және ұйымдастыра алудағы қабілеті мен процессін айтамыз [Волкогонова О.Д., Зуб А.Т., 2005, 350 б.]. Немесе көшбасшы сөзінің мағынасы төмендегідей анықтамаларға сәйкес бағамдап көрсек.

Біріншіден, көшбасшылық – университет қызметкерлерінің инновациялық іс-әрекетін ынталандыратын, алға жетелейтін процесс.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2015-2020 жылдарға арналған университеттің даму стратегиясы (бұдан әрі - стратегия) әзірленіп, бекітілген. Бұл стратегияның мақсаты ұлттық классикалық университетті – зерттеу университетіне айналдыру болып табылады, оның тұжырымдамасы жоғарғы оқу орындарының кафедраларында және ғылыми-зерттеу институттарының (ҒЗИ) зертханаларында құрылған ғылыми инновациялық әзірлемелерді кәсіпорындарға енгізуге бағытталған ғылыми-техникалық, білім беру және өнеркәсіптік кешендердің тиімді өзара іс-қимылына негізделеді. Демек, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың технологиялық, ұйымдастырушылық және коммерциялық сипаттағы тиімді жаңалықтарды әзірлеу және енгізу қабілеті ЖОО оқытушылары мен ҒЗИ қызметкерлерінің инновациялық іс-әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

Екіншіден, «ықпал етуші» ұғымында көшбасшы бірлескен қызметтің жеделдетуші, басқарушы ретінде әрекет етеді, мақсатты іздейді және жалпы стратегияның арқасында туындаған мәселелерді шешу үшін серіктестерді біріктіреді, ұйымдастырады деген мағынада.

Осы және өзгеде жүргізілген зерттеулерді талдау нәтижесінде, ғылыми және инновациялық қызметті құрау және ұйымдастырушылық қолдау білім және ғылымның интеграциясын, кәсіпті, мемлекеттік мекемелер мен жоғары оқу орындары арасындағы әріптестік қатынастарды қолдауды жақсартатынын байқатты. Мемлекет және материалдық емес активтердегі жекеменшік секторды қаржыландыру, білімді жоғары технологиялық өнімдер мен қызметтердегі жағдайларды үздіксіз қамтамасыз ету ел экономикасының инновациялық дамуындағы адам факторының рөлін арттырумен байланысты. Сонда, университет оқытушысы мен ғылыми қызметкер бірге, бір мүдделі іспен айналысқандай олардың өнімі де, жемісі де – білім болып табылады. Демек, білім – есепке алуда да, санақ жүргізу яғни көрсеткіштер негізінде де, мерзімді жаңартуда да басты нысанға айналуға тиіс.

Инновациялық бағытқа қажеттілік ретінде, педагогикалық және ғылыми қызмет білім беру саясатының жаңарту құралы болып табылады. Оқу пәндерінің көлемін, тәртібін өзгерту, кәсіппен тікелей байланысты нәрсені анықтау үшін жаңа зерттеу нәтижелерін талдау әр түрлі ұйымдастырушылық жұмыстар мен оқыту технологияларын үнемі іздеуді қажет етеді. Осылайша, инновациялық процестердің жалпы сипаты алынған нәтижелердің мазмұнымен, енгізілген ұсыныстардың күрделілігі мен жаңашылдығымен, сондай-ақ инновацияға дайындығымен анықталады.

Педагогикалық инновациялардың мазмұны мен критерийлері яғни, өлшемі туралы нақты түсінік, оларды қолдану әдістемесін меңгеру және оқытушыларға да, жоғарғы оқу орындарының басшыларына да олардың енгізілуін обьективті бағалауға жаңа келешектегі нәтижелерді коммерциялandырудың яки, қаржыландырудың бастамасы болып табылады. Керекті ақпараттарды іздеу, оның шынайы әрі өзекті екендігі жаңа коммерциялық ауқымды жобалардың бастамасы ретінде:

– ғылым дамуының негізгі көрсеткіші - жарияланған мақалалар саны;

– ғылыми зерттеулердің сапасын анықтау үшін - мақалалар жарияланатын журналдардың дәйексөз саны;

– ғылыми мәліметтерді пайдалану үшін - толық мәтінді ашық, әрі шынайы мақалалар саны көрсетіледі.

Шынайы өмірде жоғарғы оқу орындарымен ғылыми ұйымдардың техникалық және технологиялық жағдайы, нысаны экономиканың жаңаша үрдістегі даму қажеттіліктеріне сәйкес келмейді және студенттердің жоғарғы оқу орындарында алатын теориялық білімдері де, олардан жұмыс берушілердің көпшілігі күтетін тәжірибелік дағдылар арасындағы сұранысты қанағаттандырмай жататын кездер де кездеседі. Сондықтан, жоғары оқу орындарының түлектерін кәсіпорындар мен ұйымдар дайын мамандар ретінде емес, қатардағы кадрлық әлеует ретінде қарастыратыны байқап жүрміз.

Бұл жағдай өкінішке орай, мемлекеттік ұйымдар мен жоғары оқу орындарының қазіргі заманғы технологияларды енгізу және пайдалану көрсеткіштерінің төмендігін, оның даму қажеттіліктері әлемдік бәсекеге сәйкес келмейтін инновациялық бағдарланудың әлсіздігін көрсетеді. Айта кету керек, білім берудегі инновациялық процестердің нәтижесі теориялық және практикалық, сондай-ақ теория мен іс-тәжірибенің түйіскен жерінде қалыптасатын инновацияларды қолдану болуы керек.

«Ғылым мен білімнің тиімділігін арттыру» [Концепция инновационного развития Республики Казахстан до 2020 г.] тұжырымдаманың басты

стратегиялық міндеттерінің бірі. Жаңа технологиялар мен техниканың қарыштап дамуын білім беру жүйесі қуып жете алмай тұрғанын байқатады. Бәсеке мен жаңашылдықтың қойылып отырған жаңа талаптары қазақстандық жоғары білім беру жүйесін түбегейлі жаңарту қажеттігін талап етеді.

Экономика, техника және әлеуметтік қамтамасыз ету сияқты салаларда пайдаланылатын бүгінгі ғылым, білім беру және кәсіп арасындағы өзара іс-қимылды жолға қою тетігі дуальды білім беру жүйесі болып табылады. Сол үшін, ғылымның бизнеспен өзара байланысын жандандыру, білім беру қызметінде жаңа білімді, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану, студенттерді ғылыми зерттеулерге тарту, бейімдеу, үйрету аса қажет. Бұл өз кезегінде университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының арасындағы жекелеген жұмыс берушілермен және тұтастай еңбек нарығындағы жұмыссыздықта кездесетін кедергілерді жоюға көмектеседі. Сондай-ақ, ол кәсіби құзіреттілікке ие, инновациялық қызметке қабілетті, әлеуметтік жауапты, мобильді, үнемі кәсіби өсуге дайын сапалы инженер маманын дайындауға мүмкіндік береді.

Кәсіби маман даярлау кезіндегі өзара үйлесімділік, ішкі сенімділік, табандылық қасиеттері дамып, маманның табыстылығын қамтамасыз ететін талпынысы жүзеге асады.

Инженерлердің инновацияларды жүзеге асырудағы дайындықтарының көрсеткіштері мынадай:

– Жаңашылдыққа ұмтылысы мен қызығушылығы, қарқыны;

– Инновациялық қадамдардағы өзінің кәсіби ұмтылысын және жеке тәжірибесін бағалауы;

– Инновациялық қызмет перспективаларына оң көзқарас қалыптастыруы;

– Өзін-өзі жетілдіру, өз мүмкіндіктерін дамыту, өз бетімен жұмыс істеу қажеттілігін түсінуі;

– Инженер ретінде, маман ретіндегі кәсіби жетістіктерін бағамдай алып, оларды үнемі шыңдап отыруы.

Осындай дайындық көрсеткіштерін сақтау, жаңа технологияларды үздіксіз игеру, енгізілетін ұсыныстардың күрделілік деңгейі мен жаңалығы үдемелі индустриялық-инновациялық даму міндеттерін іске асыра алатын инженерлерді даярлау сипатын айқындайды.

Осы және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін, бүгінде ғылыми және инновациялық қызметті заң шеңберінде қайта қарап, өзгерістер енгізіп, түрлі конкурстар арқылы ғылыми жобалардың жүйесін қаржыландыру, ғылыми-инновациялық дамуды мемлекет тарапынан қолдау артып келеді. Осылайша, мемелекеттен қолдау тапқан, басшылыққа алынған зерттеулер мен жобалар экономикалық тұрғыдан тиімді болатынына, жоғары оқу орындарының, ғылыми қорлары мен ұйымдардың кәсіби қауымдастықтармен бірлескен қызметтердің ұлттық экономиканың инновациялық өсуін қамтамасыз ететініне кепілдік береді. Бұл дегеніміз әрқашанда білімнің талабы мен жан-жақты таралуы, ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді, тұрақты, бәсекеге қабілетті болудағы маңызды факторына айналатынына жауап береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ректоры, Сен-Паулу унисервитетінде өткен USRN атты арнайы конференциясында «Университет 4.0» форматындағы жаңа үлгісін таныстырған болатын. Оған жоғарыда да атап өткендей, 4 миссия яғни, міндеттер кіреді (білім, ғылым, коммерцияландыру, шығармашылық). Ректор ұсынған модель дамудың жаңа жолдарын іздеуге бағытталған, атап айтқанда, ғылым, білім мен кәсіптің арасындағы өзара алшақтықты жою және іс-тәжірибелерді алмасуды орнату болып табылады. Осындай реттілікте, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық салаларында инновациялық жобаларды құруға және іске асыруға дайын құзіретті және бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды даярлау ғылым, білім және кәсіптің тиімді өзара іс-әрекетін жандандырудың көрсеткіші болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, осы және өзгеде мақсатта алынған жағдайлар реттілікпен қалыптасқан жағдайда, білімді қабылдау және арттыру, зияткерлік құрылымдарды дамыту және пайдалану, еңбекке шығармашылық көзқарастың маңыздылығын түсіндіру жоғары кәсібилікті арттыратыны сөзсіз. Сондықтан, инженер өзінің инновациялық тұрғыдан жаңаша шығармашылық көзқарасын дамытып, жүзеге асыру үшін, инженердің жеке басын «адами капитал» тұрғысынан қарастыру, субьективтік дара және жеке қасиеттерін зерттеуді жүзеге асыруы керек. Атап айтқанда, өзін-өзі дамыту қажеттілігі, өзін-өзі жетілдіруге және өзі-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысы болуға тиіс.

Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі өзара үшжақты іс-қимылда табысты жұмыс істейтін және тиімді басқарылатын білім беру жүйесінің маңызды екендігін көрсетеді. Ал, жоғарғы білім ошақтары, осы іргелі-қолданбалы ғылым мен жеке кәсіптің арасын байланыстырушы көпір болып саналады. Әрқашан да, білім берудің жаңа мазмұнын іске асыру үшін жаңа технологияларды енгізу, пайдалана алу керектігін талап етеді. Шығармашылық, аналитикалық ойлауды дамытудың, сондай-ақ «дипломды жұмыссыздықты» жоюдың басты шарты ретінде студенттердің ғылыми зерттеулерге, нақты психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуге, шешу жолындағы дағдыларын дамытуға міндетті түрде қатысуы керек. Егер де, дағдылар дұрыс қалыптасса, нәтижесінде қазіргі жоғары білімнің негізгі құндылығын, адамзаттық құндылығын құрайтын адами капитал қалыптасатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Концепция инновационного развития Республики Казахстан до 2020 года. – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31409916

2. Сластенин В.А. Педагогика. – М., 2015. – 491 с.

3. Зинов В.Г., Лебедева Т.Я., Цыганов С.А. Инновационное развитие компании. – М., 2009. – 245 с.

4. Волкогонова О.Д., Зуб А.Т. Управленческая психология. М., 2005. – 350 с.

5. Четвертая промышленная революция: интернет вещей, циркулярная экономика и блокчейн [Электронный ресурс]. URL: http://www.furfur.me/furfur/changes/changes/216447-4-aya-promyshlennaya-revolyutsiya.

УДК 370.07.10

НЕБЕСАЕВА ЖАНАР ОРЫНБЕКОВНА,
философия докторы PhD, декан,
Дизайн және өнер факультеті,
Сырдария университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

МУСАКУЛОВ КУСАН ТОЛЕНДИЕВИЧ,
философия докторы PhD,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

КӘСІПТІК ОҚЫТУ БАКАЛАВРЛАРЫН ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕДИАБІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАРЫ

Түйін. Қазіргі адам өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының практикалық маңыздылығына назар аударылады. Кәсіптік оқыту бакалаврларын даярлаудың ерекшеліктері ашылады. Медиа білім берудің мәні, мәні, мақсаты мен міндеттері оларды кәсіби даярлау жүйесінде қарастырылады. Жоғары оқу орындарында бакалаврларды кәсіби даярлау сапасын арттыруда медиа білім беру бағдарларының ерекше рөлі негізделеді.

Түйінді сөздер: медиа білім, медиа бағдарлар, бакалаврлар, кәсіби дайындық.

НЕБЕСАЕВА ЖАНАР ОРЫНБЕКОВНА,
доктор философии PhD, декан,
факультет Дизайн и искусства,
Университет Сырдария,
Шымкент, Республика Казахстан

МУСАКУЛОВ КУСАН ТОЛЕНДИЕВИЧ,
PhD,
Южно Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Республика Казахстан

МЕДИАОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ОРИЕНТИРЫ В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ БАКАЛАВРОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация. Акцентируется внимание на огромной практической значимости средств массовой коммуникации в жизни современного человека. Раскрываются особенности подготовки бакалавров профессионального обучения. Рассматриваются сущность, значение, цель и задачи медиаобразования в системе их профессиональной подготовки. Обосновывается особая роль медиа образовательных ориентиров в повышении качеств профессиональной подготовки бакалавров в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: медиаобразование, медиаориентиры, бакалавры, профессиональная подготовка.

NEBESSAYEVA ZHANAR ORYNBEKOVNA,
PhD, Dean,
Department of Design and Art,
Syrdaria University,
Shymkent city, Republic of Kazakhstan

MUSAKULOV KUSAN TOLENDIEVICH,
PhD,
South Kazakhstan state Pedagogical University,
Shymkent, Republic of Kazakhstan

MEDIA EDUCATIONAL ORIENTATIONS IN THE SYSTEM OF PREPARATION OF BACHELORS OF PROFESSIONAL TRAINING

Abstract. Attention is focused on the enormous practical importance of mass communication in the life of a modern person. The features of training bachelors of vocational training are revealed. The essence, meaning, purpose and objectives of media education in the system of their professional training are considered. The special role of media educational guidelines in improving the quality of professional training of bachelors in higher educational institutions is substantiated.

Key words: media education, media landmarks, bachelors, professional training.

В новых условиях социально - экономического развития Казахстана роль и значение медиаобразования в жизни современного общества неоценимы. Поскольку его развитие непосредственно связано с разработкой и внедрением современных информационных технологий в нашу жизнь. Это обусловлено большим потоком поступающей информации, в которой современный человек не всегда способен выбрать нужное медиасредство, позволившее бы ему на должном уровне пользоваться, обрабатывать и усваивать нужную информацию. На данном основании мы полагаем целесообразным и обязательным активное включение медиаобразовательных ориентиров в систему подготовки бакалавров профессионального обучения (БПО) при обучении различным учебным дисциплинам.

Целью статьи является освещение сущности медиаобразования, значения и роли медиаобразовательных ориентиров в профессиональной подготовке бакалавров профессионального обучения (ПО).

Согласно документам ЮНЕСКО, медиаобразование (mediaeducation) определяется как «обучение теории и практическим умениям для овладения современными средствами массовой коммуникации, рассматриваемыми как часть специфической и автономной области в педагогической теории и практике; его следует отличать от использования средств массовых коммуникаций (СМК) как вспомогательных средств в преподавании других областей знаний» [Media Education (1984). P.UNESCO, 211, p. 8.].

В словарных источникахи термин медиаобразование (англ. mediaeducation от лат. media - средства) трактуется как направление в педагогике, выступающее за изучение обучаемыми закономерностей массовой коммуникации. Основные задачи медиаобразования: подготовить новое поколение к жизни в современных информационных условиях, к восприятию различной информации, научить человека понимать ее, осознавать последствия ее воздействия на психику, овладевать способами общения на основе невербальных форм коммуникации с помощью технических средств [В.В. Давыдов. М., 1993, с. 555; М.М. Безруких, В.А. Болотов, Л.С. Глебова и др., 2002, с. 365.].

Казахстанская учёная К.Э. Тұяқбаева определяет медиаобразование как «исследовательский процесс, связанный с познанием того, как создаются и распространяются медиатексты, развивающий аналитические способности для интерпретации и оценки их содержания, препятствующий манипулятивному воздействию на человека» [Тұяқбаева К.Э., 2005, с. 47-49.].

В Оксфордской энциклопедии медиаобразование выступает как «изучение медиа, которое отличается от обучения с помощью медиа. Медиаобразование связано одновременно с познанием того, как создаются и распространяются медиатексты, так и с развитием аналитических способностей для интерпретации и оценки их содержания. Тогда как изучение медиа (mediastudies) обычно связывается с практической работой по созданию медиатекстов. Как медиаобразование, так и изучение медиа направлены на достижение целей медиаграмотности (medialiteracy)» [Федоров А.В., Левицкая А.А., Челышева И.В., Мурюкина Е.В., Григорова Д.Е., 2014, 140 с.].

Современным научным сообществом признано: медиаобразование связано со всеми видами медиатехнологий (печатными и графическими, звуковыми, экранными и т.д.) и рекомендуется ЮНЕСКО к внедрению в национальные учебные планы всех государств.

Нами анализируемое понятие применительно к профессиональной подготовке студентов бакалавриата ассоциируется с аналогом понятия СМК, включающих печать, фотографию, радио, кинематограф, телевидение, видео, мультимедийные компьютерные системы, сеть Интернет.

А профессиональная подготовка БПО в рассматриваемом формате предполагает систему организационных и педагогических мероприятий, обеспечивающую формирование у студентов профессиональной направленности, знаний, навыков, умений и готовности к овладению способами общения на основе невербальных форм коммуникации с помощью техническихи медийных средств обучения медиаграмотности.

Нас интересует одно из направлений профессионального образования- медиаобразование будущих педагогов в университетах и педагогических институтахв интеграции с традиционными учебными дисциплинами, которое может -материализоваться в течение всей жизни человека.

Основными задачами медиаобразования в системе подготовки БПО являются:

- подготовка студентов бакалавриата к жизни в современном медиапространстве;

- обучение критическому восприятию противоречивой информации в СМК (печатной и аудиовизуальной), её правильному пониманию и оценке достоверности;

- различение проблемных точек медиабе-

зопасности, достижение субъектом состояния защищенности жизненно важных интересов от угроз, исходящих из медиапространства и последствий их воздействия на психику;

- овладение способами общения на основе невербальных форм коммуникации с помощью технических медиа средств обучения.

Выстраивая процесс обучения студентов бакалавриата, необходимо учитывать особенности,значение и рольмедиаобразовательных ориентиров в системе профессиональной подготовке БПО.

Обозначение своей позиции в данном вопросе, начнём с цитаты известного канадского социолога М. Маклюэна: «...Чтобы быть по-настоящему грамотным, надо быть грамотным в мире медиа» [M. McLuhan. - New York, 1964. - 359 p. 18.]. Автор дал объективную характеристику термину «массмедиа», которымв последнее время всё чаще обозначают средства массовой коммуникации: печатные издания, телевидение, радиовещание, источники информации в Интернете, а также кино, видео, сотовую связь и т.д. «Их роль сегодня настолько велика, что современное общество называют не только «информационным», но и «медиатизированным», то есть в огромной степени зависимым от масс-медиа» [там же].

Однако своеобразным предостережением человека к жизни в современном медиапространстве служат слова российского философа, специалиста в области теории познания, психологии и философии науки В.А. Лекторского: «Человек, включенный в современную систему массовых коммуникаций, оказывается очень податливым ко всякого рода пропагандистским воздействиям» [В.А. Лектроский, 2018, с. 322.]. В данном случае речь идёт об элементарной медиабезопасности.

На этом основании объясним поиск новых методологических ориентиров в системеподготовки бакалавров профессионального обучения к медиаобразовательной деятельности, который вызван целым рядом обстоятельств. В их числе назовём организацию коммуникативных практик, превалирование гуманитарных технологий в социокультурной сфере и медиапространстве и другими причинами.

В нашем представлении медиа образовательными ориентирами в системеподготовки бакалавров профессионального обучения можно считать:

- максимальное использование образовательного и технико - коммуникационного потенциала современных СМИ;

- оказание помощи субъекту в осознании безопасных способов использования массовой коммуникации в социуме;


- обучение грамотному анализу медиатекстов и критической оценке заложенных в них ценностных приоритетов современного общества;

- направленность на понимание политических, общественных и социокультурных тенденций, происходящих в стране и молодёжной среде;

- выделение основных образовательных векторов, связанных с расширением потенциальных возможностей медиаобразованияв профессиональном и творческом развитии субъекта, живущего в современном медиатизированном пространстве;

- влияние на процессы восприятия и творческого самовыражения через коммуникационные средства;

- стремление педагогов к наиболее эффективному решению коммуникативных задач, связанных с ориентацией на целевые аудитории с разным уровнем образования (рис.1).



Как видим, обозначенные медиаобразовательные ориентиры в системе подготовки БПО направлены на формирование у будущих специалистов медиаграмотности, то есть, знание закономерностей восприятия и понимания информации, психологических аспектов воздействия медиа на образ жизни, отношения и ценности личности, использование ключевых концепций медиаобразования для анализа медиатекстов, формирования умений и навыков поиска информации, интерпретации и критического анализа медиатекстов, создание собственных медиатекстов, адекватных задачам и условиям коммуникации. А также на обеспечение профессионально педагогической коммуникации будущего учителя, на формирование навыков работы с компьютерными сетями, в том числе сети Интернет, с электронными банками информации и тому подобное [Казаков Ю.М., 2007, с. 22].

Таким образом, прогнозируем: использование в системе профессиональной подготовки БПО названных медиаобразовательных ориентиров, вызовет повышенный к ним интерес и заинтересованность студентов бакалавриата. Именно интерес определяет мотивацию обучения, формирует умения и навыки работы с разнообразными медиа-текстами, и, в конечном счёте, развивает творческий потенциал личности студентов. Вместе с тем, внедрение медиаобразовательных ориентиров в образовательный процесс вуза может производиться только при наличии профессионально подготовленных, медиа - компетентных педагогов, знающих технические возможности компьютера и медиатехники, владеющих умениями управления аудиторией и потоками информационных ресурсов; освоивших коммуникационные технологии и стратегии их использования в процессе преподавания, как компьютерных, так и других учебных дисциплин в вузе.

Мы считаем, процесс подготовки БПО должен базироваться на закономерностях и принципах современной медиапедагогики и носить системный, комплексный и деятельностный характер в контексте новых возможностей информационной эпохи.

Учебный процесс необходимо строить в междисциплинарном образовательном пространстве, а практическое овладение студентами медиа грамотностью и медиа компетенциями должно осуществляться на принципах сквозного обучения.

На данном основании заключаем: медиаобразовательные ориентиры в системе подготовки бакалавров профессионального обучения в вузе станут одним из её важных аспектов. Они позволят повысить уровень медиакомпетенций и медиаграмотности выпускника вуза, благоприятно повлияют на формирование медийной личности БПО, повысят общую, профессиональную и медийную культуры будущих специалистов, научат критическому восприятию СМК, преодолению коммуникационных барьеров между средствами массовой коммуникации и социумом.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Media Education (1984). P.UNESCO, 211,p.8.

2. Медиаобразование //Российская педагогическая энциклопедия. Т.1 /Гл. ред. В.В.Давыдов. М.: Большая российская энциклопедия, 1993, с. 555.

3. Педагогический энциклопедический словарь /Гл. ред. Б. М. Бим-Бад; редкол.: М. М. Безруких, В. А. Болотов, Л. С. Глебова и др.- М.: Большая Рос.энцикл., 2002, С.-365.

4. Тұяқбаева, К. Э. Что такое медиаобразование? [Текст] / К. Э. Тұяқбаева // Медиаобразование. - 2005.- № 2.- С. 47-49.

5. Цит. из: Федоров А.В., Левицкая А.А., Челышева И.В., Мурюкина Е.В., Григорова Д.Е. Медиаобразование в странах Восточной Европы. М.: МОО «Информация для всех», 2014. 140 с.

6. McLuhan, M. Understanding media: the extensions of man / M. McLuhan.- NewYork, 1964.- 359 p. 18.

7. Лектроский, В. А. Человек и культура. Избранные статьи [Текст] / В. А. Лектроский. -СПб. : СПбГУП, 2018, с.322.

8. Казаков Ю.М. Педагогічні умовизастосування медіаосвіти в процесі професійної підготовки майбутніх учителів: автореф. дис. на здобуття наукового ступеня кандидата пед. наук – 2007. – 22 с.

ҒТАХР 14.07.09

НУРГАЛИЕВ НУРЫМ УАГИУЛЛОВИЧ,
PhD докторанты,
6D011300 – «Биология» мамандығы,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
E-mail: nurgaliev.nurym@mail.ru

БАКИРОВА КУЛЖАХАН ШАЙМЕРДЕНОВНА,
п.ғ.д., доцент,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ХИП-ХОПҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ

Түйін: Мақалада Қазақстандық білім беру саласына тылсым дүние - хип-хоп педагогиканың тарихы, шетелдік ғалымдардың тәжірибелері қарастырылады. Қазіргі таңда жарыққа шыққан туындыларды жаратылыстану пәндерін оқыту үрдісінде пайдалану технологиясы сипатталады.

Түйін сөздер: хип-хоп, рэп, k-pop, флэш-моб.

Аннотация: В статье рассматривается история казахстанской педагогики - хип-хопа, опыт зарубежных ученых. В настоящее время описывается технология использования вышедших в свет произведений в процессе преподавания естественнонаучных дисциплин.

Ключевые слова: хип-хоп, рэп, k-pop, флэш-моб.

Abstract: The article deals with the history of Kazakh pedagogy-hip-hop, the experience of foreign scientists. Currently, the article describes the technology of using published materials in the process of teaching Sciences.

Keywords: hip-hop, rap, k-pop, flash mob.

Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дәуірінде оқытушылар шығармашылық әдістер мен тәсілдерді іздестіруге мәжбүр. Ол қазіргі таңда жаратылыстану пәндеріне де қатысты. Бұл бойынша әдебиеттерге шолуда көрсетілген Ло Худе пікірі: «оқушылардың оқу-танымдық мотивациясы - бұл олардың оқуға деген белсенді көзқарасы» деп айтылған [*Ло Х., 2015. № 3. с. 87-91*].

Музыка адамға психоэмоционалды әсер етеді. 2009 жылы шетелдік ғалым Сильвен Морено (Sylvain Moreno) музыка адамның тілі мен танымына әсер ету мүмкіндігі туралы жазды [*Moreno S., 2009, pp. 329-345*].

Хип-хоптың білім саласында қолданылу мүмкіндігі туралы тұңғыш рет 1978 ж. радио комментаторы Дэвид Кук өзінің «Хип-хоп күші» атты магистрлік диссертациясында айтқан екен [*M.Hall., 2009, 71 pp.*].

Кейін 1990 ж. Хьюстон Бейкер Jet журналында қоғамды хип-хопты оқыту құралы ретінде пайдалануға үгіттесе, «Қауіпті ойлар» фильмінде Мишель Пфайффер сомдаған Луанна Джонсон есімді ұстаз шынайы өмірінде Боб Дайланның лирикасын емес, Public Enemy тобының әндерін қолданған екен [*M.Diaz., 2011, 38 pp*].

Тіпті 1990 жж. басында Нью-Йорктың Бруклиндағы Эль-Пуэнте академиясы хип-хопты оқу бағдарламасына енгізе бастапты. Ал XXI ғ. басында Нью-Йорк университетіхип-хоп пен педагогикадағы инициатива үшін сыйақы тағайындаған екен. Содан бері 40 жыл өтсе де, хип-хопқа негізделген оқыту көпшілік ұстаздар үшін әлі де тылсым дүние секілді [*E.Adjapong., 2017, 158 pp*].

Қазақ педагогикасында бұл бағытты зерттеу жұмыстарының алғашқы қадамы ретіндегі мақала 2016 жылы Қостанай қаласында өткен «Инновацияларды практикаға енгізуде педагогикалық ЖОО мен білім беру мекемелерінің интеграциясы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның жинағында және «Білімді ел» Республикалық қоғамдық-саяси газетінің 2016 ж. 10-нөмірінде жарыққа шықса, инновациялық проект ретінде 2016 ж. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша филиалы ұйымдастырған II Республикалық педагогикалық оқулардың облыстық кезеңінде және «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Педагогикалық идеялар фестивалі» сайысында таныстырылып, «Хип-хоп педагогика» атты авторлық бағдарлама ретінде 2018 жылдың 12 маусымында №1852ҚР Әділет Министрлігінде тіркелді.

Тұңғыш рет қазақ тіліндегі оқу клипінің тұсаукесері 2016 жылы Алматы қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде күн сайын өткізілетін брифингте «Құстар күніне» орай болды. «Құстар биологиясы» атты бұл оқу клипінде караоке үшін титр түрінде жазылған мәтін мынадай:

Бірінші сәуір – құстар күні!
Құстар дегенің – табиғат көркі!
Систематикада Chordata типі,
Омыртқалылардың ұшатын өкілі.
Қауырсын қаптаған оның денесі,
Құрғақ, әрі жұқа құстың терісі,
Құйымшақ болмаса, өте аз бездері.

Мишығы құстың, мінезі күрделі.
Пневматикалық жеңіл сүйегі,
Арқа, сегізкөз, белі бірікті,
Бас сүйегі де, жіліншікке ие.
Көпшілігінде төс қыртөс түзеді.
Қанатқа айналған алдыңғы аяғы,
Көпшілігінің үш-төрт саусақты.
Өкпесінде бар ауа қапшығы,
«Қосарлы» атау тынысалуы.
Сақталған оң жақ қолқа доғасы,
Жылықанды оның температурасы.
Тістер жойылып, тұмсық дамыды,
Ұшатындықтан жойылған қуығы.
Көбейгенде құс іштей ұрықтанады,
Аналықта жоқ оң жыныс безі,
Әкті қабықты жұмыртқа салады,
Қызылшақа және ширақ балапаны.
Жақсы дамыған ұрпақ қамқорлығы,
Аталық жыныс гомогаметалы.
Дегенмен болмайды сыртқы құлағы,
Сезім мүшесінен көзі қырағы.
Пингвин, түйеқұс, қыртөс тармағы.
Биосферада үлкен маңызы.
Археоптерикс – құс ата-тегі,
Орнитологтар, бұл құстар күні!

Хип-хоп педагогика элементтерін тек биология пәндерінде ғана емес, сонымен қатар түрлі кәсіби сайыстарда өзіңді таныстыру мақсатында да пайдаланған тиімді. Мысалы, 2013 жылы Астана қаласында өткен Назарбаев Зияткерлік мектептері ұстаздарының «Жылдың ең үздік мұғалімі» сайысында осы мақаланың бірінші авторы өзінің бірнеше жылда жинаған тәжірибесіндегі әдістемелерді ән арқылы таныстырған болатын.

1. Микроскоппен жұмыс істе,
Толтыратын бұл кесте.
Жұппен клетка моделін
Пластилиннен істе.
Қайырмасы:
Электронды оқулықтар,
Фильм мен аудиолекциялар
3D форматтағы өнім,
Activtable мен хат-сенім,
«Миллион кімге бұйырады»,
Және «Ғажайып алаңы».
Бағалау үшін қолданам
Перфокарта, «аукцион» ойыным.
2. SPARK-пен түсір ЭКГ,
Түсіндіресін графикті,
Нәтижесін тобында
Талқылап, зертте.
Қайырмасы:
Асық, айтыс, кинеограф,
Оригами, зооворд, дартц,
Жануар фигуралары
Кейде пайдаланылады.
Рөлдік ойын, тренингтер,
Биологиялық әндер
Жасап, оқушылар барар
Оранжерея, зоопарктар.

Сонымен қатар, осы мақаланың бірінші авторы 2017 жылы өткен «Microsoft компаниясының инновациялық педагог-эксперті» Республикалық сайысының I тур тапсырмасына да хип-хоп педагогика элементтерін пайдалануды жөн көрген болатын. Соңғы туындының бұрынғылардан 2 ерекшелігі бар. Біріншіден, үш тұғырлы тіл саясаты тұрғысынан рэп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқылса, екіншіден тұңғыш рет автормен бірге оның шәкірттері де хип-хоп педагогика қыр-сырларын меңгеріп, ұстазбен бірге рэп орындады. Бұл туындының мәтіні келесідегідей:

1. Неліктен мен санаймын
Педагогы ретінде
Microsoft компаниясының
Инновация эксперті?
Бұл сұрақтың жауабын
Он бір жұмыс орны мен
Он бір жылды құрайтын
Іздейік карьерамнан.
Осы жылдар ішінде
Сексеннен астам ұстазды
IT-тренер ретінде
Оқытыппын, өткіздім
Батыс Қазақстандағы
Жеті аудан орталығы,
Орал, Атырау, Алматы
НИШ-та шебер сыныбы.
Төрт оқу фильмі мен
Электронды оқулық
Құрастырып, атандым
Корреспондент мүшесі.
Енді тиімді тұстарын
Қолданудың Office-ті
Түсіндірейін, ол үшін
Өзгертем тіл, ритмді!
2. Как я использую приложения Microsoft?
Чтобы ответить, сочинил я стишок.
Word, например, для используем писанины
Этот редактор популярен во всем мире!
В Excel, как всегда производим вычисления,
Можно провести и анкетирование.
Еще в нем удобно создавать расписание,
График, гистограммы, таблицы, кроссворды.
Для демонстрации используем на уроке
Я и ученики презентацию в PowerPoint-е.
В нем так легко создавать анимацию,
Проводить разные игры, а также релаксацию.
Access, Publisher, Outlook и OneNote.
Это не все продукты Microsoft.
Теперь расскажу свои планы на английском
Если вдруг стану педагогом-экспертом!
3. If I become an educator expert,
Specific videoguides I can create,
So if you have any doubts about that
The students will tell you from their heart:
Yes, our teacher can and will become
An innovative educator expert
Of the best world company in education
The name of which is Microsoft.

Оқушылар ат салысқан келесі туынды - «Сәби фондының» жыл сайынғы VII «Построй свой бизнес» сайысына арналған «ScienceLab» инновациялық жобасын таныстыратын ролик. Мұнда оқушылар химия, биология және физикадан лабораториялық жұмыстарды қалай орындайтындықтары туралы баяндайды.

Как мы изучаем науку,
Не вызывая скуку?
Берем например одно явление,
Через квест находим вопрос исследования.
Четко спланировав ход работы,
Начинаем самостоятельно делать опыты.
Не забывая про безопасность,
На трех языках будем общаться.
Теперь анализируем что у нас вышло,
Оформляем работу, транслируем видео.
Делаем вывод, сочиняя рэп.
Спасибо, ScienceLab – уникальный проект!
Егер сайыстан жеңімпаз атансақ,
Аламыз реактив, құрал-жабдық қымбатырақ.
Мобильді деңгейге көтеріп оны,
Шығамыз қаладан ауылға. Соңы!

Хип-хоп педагогика тәсілдерін әріптестерге тарату мақсатымен 2019 жылдың 18 наурызында ҚР Әділет Министрлігінде №2330 авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілген «Формативті бағалау» атты квест-семинар құрастырылып, Алматы қаласы мен облысының келесі білім ұйымдарында өткізілді:

- «Зерде» жекемектебі;
- Алматы мемлекеттік транспорт және коммуникация колледжі;
- №24 арнайы лицей;
- А.Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназиясы;
- Республикалық спорт колледжі;
- №133 жалпы орта білімберетінмектебі;
- ҚР БҒМ-нің мектепке дейінгі және орта білім департаменті;
- «Tamos education» жеке мектебі;
- Жания Аубакированың авторлық мектебі;
- «Жаңа ғасыр» №175 мектеп-гимназиясы;
- Қарасай ауданы Жаңа тұрмыс аулының орта білім беретін мектебі;
- №176 мектеп-гимназиясы;
- А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназиясы;
- Қарасай ауданы Абай аулының №2 жалпы орта білім беретін мектебі;
- Іле ауданының №32 жалпы орта білім беретін мектебі;
- Іле ауданының №15 жалпы орта білім беретін мектебі;
- Қарасай ауданы Алмалыбақ аулының жалпы орта білім беретін мектебі;
- Іле ауданының №31 жалпы орта білім беретін мектебі;
- Қарасай ауданы Кемертоған аулының жалпы орта білім беретін мектебі;

Бұл семинарға арналып, Әблахат Еспаевтың «Ұстазым» әнінің әуеніне формативті бағалау туралы өлең құрастырылған болатын.

1. Бағалау үрдісінің бас мақсаты -
Қалайша жақсартуға болатыны
Оқушы нәтижесін одан әрі.
Сондықтан өтуі керек ол үнемі!

Қайырмасы:

Оқыту үшін бағалау -
Деңгейін білім анықтау,
Көрсетіп қате, мадақтау,
Прогресті әрі жоспарлау –
Формативті бағалау.

2. Бағалау жүргізуге қалыптастырушы
Оқудың мақсаттарын біл оқушы!
Бағалау критериін түсінген соң
Белсенді әр кезеңінде қатыс сабақтың.

3. Бағалау тиімдірек болу үшін
Әрдайым кері байланыс жасаған жөн,
Оқушы өзі жасап рефлексия.
Ұстазым, әдістемеңе жол – коррекция!

2019 жылы интернет желісінде тұңғыш рет ұстаздар қауымы орындаған «Лабораториялық жұмыстарды хаттамалау тәртібі» атты бейнеклип жарық көрді. Химия, биология және физика пәндерінен лабораториялық жұмыстарды халықаралық формат бойынша хаттамалау тәртібі бұл әнде келесідей берілген:

Экспериментални зерттеу жұмысын
Бастамас бұрын білу керек мақсатын.
Мақсатқа сәйкес құрамыз тақырыбын,
Сосын болжаймыз эксперимент нәтижесін.
Ендеше табайық айнымалыларды.
«Белгісіз мөлшерді» атаймыз «тәуелді»,
Сапалық не сандық, өлшенетінді,
Графикте беріледі у-осінде.
Екінші абсцисса х-осінде
Айнымалы жазамыз өзгертетінді,
«Тәуелсіз» атаймыз «белгілі мөлшерді»,
Тәуелді айнымалыны ол өзгертеді.
Үшінші айнымалыға фактор жатады
Тұрақты қылып, өзгертпей ұстайтыны,
Нәтижеге мүмкін әсер етуі,
«Қадағаланатын» оның атауы.
Ендігі кезекте жазамыз жұмыстың
Барысында құрал-жабдық қолданатын.
Зерттеуге алынған бастаймыз объекттен,
Мөлшерін көрсеткен соң, - ыдыс атауын.
Жұмыс барысын болса, жаз өткен шақта,
Белгілі ретпен, бірақ үшінші шақта.
Өзге зерттеушілер мүмкіндік алады
Нұсқаулықты оқып, қайталауға жұмысты.
Көрсете аламыз эксперимент нәтижесін
Кесте немесе басқа түрде үйлесетін.
Кемшілік анықтап, ұсыныс айтқан соң
Келеді сәті қорытынды жасаудың.
Мұнда жазамыз болжам дұрыстығын,
Теорияға негіздеп, түсіндір нәтижесін.
Көрсет пайдаланған әдебиет тізімін.
Осы ретпен толтыр жұмыс құрылымын!

Дегенмен, жоғарыдағы бейнеклип бірнеше ұстаздың бірігіп орындаған тұңғыш туындысы емес, хип-хопқа негізделген оқытудың алғашқы әні 2016 ж. биология апталығының ашылу салтанатында шырқалған. Алматы қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 15 ұстазы орындаған бұл туындының мәтіні келесідей:

Всем, доброе утро! Учителя и ученики
Объявляем о начале недели Biology!
Но прежде чем начать, давайте вспомним мы
Историю развития этой великой науки.
А началась она тогда, когда я – Роберт Гук
Усовершенствовал увеличение прибора микроскоп.
С его помощью была изучена пробка,
Впервые произнес я новый термин «клетка».
Я – Антони Ван Левенгук в XVII веке
Наблюдал как движутся организмы одноклеточные.
А вот, Роберт Браун описал органоид ядро
У всех эукариотов имеется оно.
Мы – Шванн и Шлейден объединив идеи всю,
Вместе сформулировали клеточную теорию,
Которая постулирует: «основная единица
Живых организмов это - конечно же клетка».
Мен – ГрегорМендель бұршақ будандастырдым,
Генетика ғылымының атасы атандым.
Кейін Томас Морган гомолог хромосоманың
Тәуелсіз ажырау аштым заңдылығын.
Мен – Уотсон, ол – Крик, бірге анықтадым
Қос спиральды ДНҚ молекула құрылымын.
1962 жылы осы үшін жаңалық
Нобель сыйлығының лауреаты атандық.
Ал мен, Крэйг Вентер әлі премия алмадым
Дегенмен шештім мен адамның геномын.
Осыдан 7 жыл бұрын тұңғыш рет тарихта
Қолдан құрастырдым жасанды жасуша!
Енді, достар, апталыққа тоқталайық, іс-шараларға
Кейбіреуінің атауларын оқиық ағылшынша:
Biocaricature and biocookery,
Bio relay race, hip-hop biology.
Interactive report, master-class, round table
Seminar-quest, open lesson, training
География пәнінен алғашқы оқу клипі Қазақстан қорықтарына арналды. Бұл туындының алдынғыларынан ерекшелігіне латын қарпінің пайдаланылуын жатқызуға болады.

Қазақстанда ерекше қорғауға
Алынған мемлекеттік аумақтарға
Қорықтар, қорықшалар, резерваттар
Және Ұлттық парк жатқызылуда.
Ең басты мақсаты 10 қорықтың -
Сиреп немесе жойылып бара жатқан
Флора мен фауна сақтау өкілдерін,
Даму заңдылығын анықтау табиғаттың.
Ең алғашқы қорық – Ақсу-Жабағылы
1926 жылы ұйымдастырылды.
Қорықта қорғауға алынған сүтқоректі:
Арқар, бұғы, елік, Сібір таутекесі.
Алматыда Іле өзен жазығының
Қызықты нысаны боп табылады
150 метрлік Әнші құмдар.
Сонымен қатар мұздар, құздар да бар.
Қарағайлы ну орман мен көлдерін
Наурызым құрылған сақтау үшін.
Өсімдіктің 961-і кездессе,
Аңның 39 түрі кездесуде.
Қорғалжын құстарынан ең бастысы -
Теңіз көлінің қызғылт фламингосы.
Жатады авифауна қатарына
Бірқазан мен сұңқылдақ аққу да.
Сонымен қатар осы Қорғалжын көлі
Суда жүзетін құстардың бір мекені.
Қорық дүниежүзілік атаққа ие боп,
ЮНЕСКО-ның ландшафт тізіміне кірді.
Марқакөл қорығының жалпы ауданы
75 мың гектарды алып жатады.
Қорықта марал, қоңыр аюмен қатар
Сиг-ускуч балығы да тіршілік етеді.
Үстіртте Қызыл кітапқа енгізілген
Кесірткенің сұр түрі мекендейді.
Сирек кездесетін жануар өкілінен
Жайран, бүркіт, балобан көрінеді.
Жарық және қараңғы қылқанды тайга
Табиғи кешені бар Батыс Алтайда.
Бар ауданы 56 мың тең гектарға.
Бұл кешеннің екеуі назар аудартуда.
Барсакелмес орналасқан Арал теңізі
Қорғайды қарақұйрық пен ақбөкенді.
Өсімдіктің 257-і бұрын өссе,
Қазір олар жойылудың түр халінде.
Сулы батпақты ландшафт Алакөлде
Құстары судың онда мекендеуде.
Аққу, қаз, тырна мен шағаланы
Қорғау болып табылады бас мақсаты.
Соңғы боп ашылған Қаратау қорығы
2004 жылы ғана ұйымдастырылды.
Көлемі жағынан кіші болғанмен,
Ерекшеленеді ол эндемик санымен.
Қазақстанның басты қорықтарының
Қайталанбас сұлулығын сақтаудың
Ғылыми негізін жасау жөніндегі
Үлкен мақсаттар мен тұр міндеті!

Қазіргі таңда хип-хопқа негізделген білім берушілерге АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында 2004 ж. құрылған Хип-хоп ассоциациясы мен бастапқыда Twitter әлеуметтік желісінде онлайн чат ретінде ашылған HipHopEd ұйымы қолдау жасап келеді. Бұл ұйымдар жыл сайын хип-хоп педагогикаға арналған конференция мен саммит ұйымдастырып отырады. Алдағы уақытта хип-хопқа негізделген оқытуға рэптен басқа k-pop жанрын қолданудыңболашағы зор деп ойлаймыз. Себебі, бұл жағдайда оқушыларды әннен бөлек, флэшмобтағыдай қимыл-қозғалыстар жасатуға мүмкіндік туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. M.Hall. Education in a Hip-Hop Nation: Towards a Social Justice Hip-Hop Pedagogy// NY. - 2009, 71 pp.

2. M.Diaz. Re-Imagining Teaching and learning: A snapshot of Hip-Hop education // NY. – 2011, 38 pp.

3. E.Adjapong. Bridging Theory and Practice: Using Hip-Hop Pedagogy as a Culturally RelevantApproach in the Urban Science Classroom// Columbia University. – 2017, 158 pp.

4. Ло Х. Средства и способы усиления мотивации учащихся на занятиях по русскому языку как иностранному // Вестник Московского государственного областного университета. Серия «Педагогика». 2015. № 3. С. 87-91.

5. Moreno S. Can Music Influence Language and Cognition? // Contemporary Music Review. 2009. Vol. 28. № 3. P. 329-345.

ӘОЖ: 375(077):07

ТҰРЫСБЕКОВ САЙЛАУБЕК
т.ғ.к., доцент

МЫРЗАКУЛОВ МУСИРӘЛИ ЕРТАЕВИЧ
аға оқытушы
М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ЖАС ҰРПАҚ БАЛАЛАРҒА АДАМГЕШІЛІК – РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУ

Түйін. Бұл мақаланың мақсаты-жас ұрпаққа заманауи білім беру мен рухани байытудың негізгі және өзекті әдістерін анықтау.Адам бойындағы қасиеттерді қалыптастыру мен рухани байлықты дамытуды жас кезінен бастау керек

Түйінді сөздер: Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгешілік - рухани тәрбие беру.

Резюме. Цель этой статьи определить главные и актуальные методы современного воспитания и духовного обогащения подрастающего поколения. Формирование человеческих качеств и развитие духовного богатства необходимо начать с малых лет.

Ключевые слова: Актуальной проблемой воспитания в новую эпоху является воспитания подрастающего поколения-нравственно-духовного и умного ребёнка.

Summary. This article aims to identify the main and current methods of modern education and spiritual enrichment of the younger generation. Formation and development of the human qualities of the spiritual riches should start from an early age.

Key words: The current problem of education in a new era is the upbringing of the damaging generation-moral-and-theft and clever chill.

«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор.

Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық деп атап көрсеткен атақты педагог В.А.Сухомлинский.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгешілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалып-тастыру оның туылған кезінен басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған бұтақ кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»-деп бекер айтылмаған Сондықтан баланың бойына балабақшадан ізгілік, мейірімділік, қайырым-дылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.

Рухани-адамгершілік тәрбие-екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкен-дердің, ата- аналардың, тәрбиешінің балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезім-дері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, тәрбиеші істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек.

Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен бірге қайнасып жетіледі. Сондықтан да, адамгершілік мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшелігімен ғана байланыстыруға болмайды.

Адамгершілік тәрбие оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады.

Адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарында көзге түседі./1/

Мектепке дейінгі балаларға адамгершілік тәрбие беру, балалар бақшасында адамгершілік тәрбие берудің жалпы сипаттамасы. Адамның моралдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады.

Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдас-

тарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама (инициатива) көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады.

Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері. Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері-балалардың адамгершілік сезімдерін, мінез-құлықтың ізгі дағдылары мен әдеттердің адамгершілік ұғымдары мен мінез-құлық түрткілерін қалыптастыру. Баланы тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі реніші немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді. Ал, ол өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен қолдау табады.

Мектепке дейінгі жаста бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама және ықпал көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады. Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды.

Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі реніші немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рахат алады. Эмоциялық әсерлену: жақсы қылық-тарына, үлкендердің мақтауына риза болу, өзінің орынсыз қылықтарынан: үлкендердің ескертуінен, наразылығынан ұялады, қапалану, уайымдау оның адамгершілік сезімдерін қалыптастырудың негізіне айналады. Мектепке дейінгі шақта балада қайырымдылық, жанашырлық, қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады. Сезім балаларды белсенді іс-әрекетке: көмек көрсетуге, қамқорлық жасауға, көңіл аударуға, жұбатуға, қуантуға итермелейді. Патриоттық сезім-туған өлкесін, Отанын сүюге, басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңыздылығы. Мектепке дейінгі балалардың ерекшелігі еліктеу қабілеттілігінің айқын көрінуі болып табылады. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

Бала ата-ананың қамқорлығы мен махаббатына, олардың қарым-қатынасы мен еркелеткеніне мұқтаж. Ата-ананың балаға деген махаббаты мен олардың қамқорлығы баланың да жауапты үн қатуына шақырады, сөйтіп бала ата-ананың сөзіне құлақ салып, тәрбиелі болып өседі. Егер бала махаббат пен қамқорлыққа бөленсе, ол өзінің қандай екеніне қарамастан жақсы көретінін, өзгелер үшін қажетті де, сүйікті жан екенін түсінсе, ол өзін қорғаған, біреуге қажеттілігін түсінеді. Осының бәрі оның мейірбан болып өсуіне жақсы ықпалын тигізеді.

Қазіргі қоғамда білім берудің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі дамыту болып табылады. Оны ұйымдастыру мен жүзеге асыруда өзінің мақсатының жүйесі бойынша, мазмұны, ұйымдастыру түрі, технологиясы, нақты білім беру жүйесімен басқарылуы, ішкі және сыртқы байланыстары арқылы әрбір адамның және жалпы қоғамның идеясын дамытуы қажет.

Мектепке дейінгі жас-әрбір адамның өміріндегі ең жарқын қайталанбайтын шақ, жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі, баланың өзіндік тануы мен даралағының қалыптасу кезі. Дәл осы кезде әлеуметтену үдерісі басталады.

Бала адамдардың қарым-қатынасы туралы алғашқы түсінікті үлкен-дердің арасындағы өзара қарым - қатынасын бақылау арқылы қабылдайды.

Олардың тәртібі, өзіне деген, оның қылығына қарым-қатынасы бала тәртібінің бағдарламасын құрайды. Үлкендердің осы үлгісі бойынша ол адамдармен қарым-қатынас жасайды.

Нақты осы кезде баланың адамдар әлемімен, табиғатпен, заттармен байланысы басталады. Адами құндылықтарға, мәдениетке тартылуы байқала бастайды. Денсаулығының іргетасы қаланады. Сезімінің дамуы өзінің өмір сүріп жатқан жағдайына байланысты тәрбиелеу әдісі мен құралдарына тәуелді болады. Бұл-отбасы мен балабақшадағы, өзі сезінетін айналадағы қызы-

ғушылығы мен істеріне қатысты жағдайлар. Дәл осы мектепке дейінгі жаста балалық қарым-қатынасты дамытуға маңызды мән беретін адамгершілік сезімі қалыптаса бастайды. Осы кезде баланы рухани-адамгершілік аясында дамыту міндетінің жетістікті шешілуі үлкендердің бала тәрбиесіндегі мейірімділігіне, әділдігіне және адамилығына байланысты. Осылар арқылы олар балаға үлгі көрсетеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани--адамгершлік дамуы бала-бақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас (тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау /кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б.) Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланып немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие-бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген./2/

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету.

Халық педагогикасы-нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмба-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті-халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде «Өзін-өзі тану» курсының рөлі ерекше.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен бала-бақша қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата -аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшада ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылу қажет. Түйіндей келе, әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастарымен, өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым-қатынас, өзін қоршаған орта ғажайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған. Балабақша тәрбиешісінің алға қойған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан сымбатты, халықтың рухани тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру. /3/

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.А.Козлова, Т.А.Куликова Дошкольная педагогика-Москва, 2012

2. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу Алматы,1992-59б.

3. О.К.Трубецкая Балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012.

УДК 81.371

АДЫКАМОВА ДИАНА ДОСАНОВНА,
Магистрант,
Кафедра иностранной филологии и переводческого дела,
Факультет Филологии и мировых языков,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОГО ПОЛЯ «ЧЕЛОВЕК»

Түйін. Бұл мақалада лингвистикалық-семантикалық өріс ұғымына қатысты лингвистердің пікірлері жүйеленген. *«Адам»* лексика-семантикалық өрісінің үш перифериялық аймағы (биофизикалық, психологиялық, әлеуметтік) талданады. Далалық тәсіл тілдік материалды жүйелі түрде зерттеудің барлық мүмкіндіктерін ойдағыдай жүзеге асырады, *«Адам»* лексика-семантикалық өрісін талдау критерийлерін нақты қалыптастырады деген қорытындыға келді.

Түйінді сөздер: лексика-семантикалық өріс, перифериялық аймақ, өзек, *«Адам»* лексика-семантикалық өріс.

Резюме. В данной статье систематизируются мнения ученых-языковедов относительно понятия лексико-семантическое поле. Анализируются три периферийные зоны (биофизическая, психологическая, социальная) лексико-семантического поля *«Человек»*. Делается вывод о том, что полевой подход удачно реализует всю возможность системного изучения языкового материала, четко формирует критерии анализа лексико-семантического поля *«Человек»*.

Ключевые слова: лексико-семантическое, периферийная зона, ядро, лексико-семантическое поле *«Человек»*.

Annotation. This article systematizes the knowledge of language scientists about the concept of lexical and semantic field. Three peripheral zones (biophysical, psychological, social) of the lexical and semantic field Human are analyzed. The conclusion is made that the field approach successfully implements all the possibilities of systematic study of language material, clearly defines the criteria for analysis of the lexical and semantic Human.

Key words: lexical and semantic field, peripheral zone, core, lexical and semantic field Human.

ВВЕДЕНИЕ

Одним из приоритетных направлений современной лингвистики является исследование лексики в виде семантически интегрированных частей – лексико-семантических полей. Традиционная структура лексико-семантического поля отражается в схеме – «центр – периферия». Так, З.И. Вердиева лексико-семантическое поле определяет как иерархическую структуру, состоящую из «большого количества лексических единиц, объединенных общим инвариантным значением» [Вердиева З.И., 2016, с. 5]. Основой для объединения слов в лексико-семантическое поле служат словесные ассоциации, отражающие связи между предметами в окружающем мире. Объединенные таким образом слова имеют по меньшей мере один общий семантический признак, общую сему, которую принято называть интегральным признаком [Кузнецов А.М., 2017, с. 75]. По мнению А. М. Кузнецова, интегральный признак должен:

- объединять однородные лексические единицы;
- задавать определенную ориентацию лексико-семантического поля;
- иметь ограниченную семантику, чтобы лексико-семантического поля, ядром которого становится данная лексическая единица, имело доступное для рассмотрения количество единиц [Кузнецов А.М., 2017, с. 78].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Относительно структуры лексико-семантического поля у языковедов существует множество мнений.

Несмотря на многочисленные исследования различных лексико-семантических полей в типологически разноструктурных и гетерогенных языках, лексико-семантическое поле *«Человек»* исследовано недостаточно глубоко. Нельзя также считать хорошо изученными лексико-семантические поля, связанные с *«Человеком»* и его деятельностью.

Данным обстоятельством объясняется актуальность исследования, заключающегося в попытке описать лексико-семантическое поле *«Человек»* на материале существительных английского языка. Безусловно, это является весьма важным для понимания количественного и качественного аспектов данного пласта лексики. Системно-идеографические исследования лексико-семантического поля *«Человек»* в семантическом аспекте позволяют выявить заложенный в потенциале богатый состав социальной и культурной информации и получить представление об особенностях создателя этих номинаций.

Объект исследования данной работы – лексико-семантическое поле *«Человек»* в английском языке.

Предмет исследования данной работы – ядро лексико-семантического поля *«Человек»* в английском языке.

Целью статьи является установление особенностей построения и семантических характеристик ядра лексико-семантического поля *«Человек»* в современном английском языке.

Задачи статьи:

– исследовать подходы лингвистов к понятию «лексико-семантическое поле»;

– охарактеризовать лексико-семантическое поле *«Человек»* и его составные элементы;

– определить особенности ядра лексико-семантического поля *«Человек»*;

Лингвистические воззрения о лексико-семантическом поле и его структуре. Н.В. Уфимцева считает, что семантическая структура поля состоит из ядра, центра и периферии [Уфимцева Н.В., 2004, с. 139]. Ядро поля представлено общей семой (гиперсемой), то есть семантическим компонентом высшего порядка, который организует вокруг себя семантическое развертывание поля. Центр поля состоит из единиц, имеющих интегральное, общее с ядром дифференциальное значение, в то же время периферия поля включает единицы, наиболее удаленные от ядра [Уфимцева Н.В., 2004, с. 141]. Периферийные единицы могут иметь контекстуальное значение и обычно вступают в контакт с другими семантическими полями, образуя лексико-семантическую непрерывность языковой системы.

По мнению З.Д. Поповой, структура лексико-семантического поля состоит из ядра, ближней и дальней периферии [Попова З.Д., 2014, с. 162]. К ядру лексико-семантического поля ученая относит высокочастотные, стилистические и функционально-нейтральные единицы, а к ближней периферии – менее частотные, однозначные, конкретные по значению лексемы, которые, как правило, почти не зависят от контекста. Дальнюю периферию образуют низкочастотные, многозначные лексемы, которые имеют яркую семантику, но в то же время могут принадлежать к другим лексико-семантическим полям; также они имеют обычно одну функциональную сему, которая семантически зависит от контекста [Попова З.Д., 2014, с. 162].

В современном отечественном и зарубежном языкознании существует много концепций и методологических подходов к изучению поля. А.В. Бондарко анализировал функционально-семантические поля английского языка [Бондарко А.В., 2011], В.В. Сибул исследовала поле в языковом сознании [Сибул В.В., 2015], Н.В. Бессонова изучала принципы эволюции лексико-семантических полей [Бессонова Н.В., 2015], Н.В. Черных подробно исследовала емкость слова в рамках теории семантического поля [Черных Н.В., 2003]. Основой для разработки представленных подходов послужила концепция лексико-семантического поля Й. Трира [Trier J., 1931].

В процессе изучения системы языка через полевые структуры А.М. Кузнецова наиболее подробно разработана методология разделения словарного состава на лексико-семантические поля, с помощью которых в языке фиксируется выделенный человеческим опытом достаточно ограниченный фрагмент действительности [Кузнецов А.М., 2017].

Под термином «поле» в данном исследовании вслед за А.М. Кузнецовым и рядом других исследователей [Попова З.Д., 2014; Уфимцева Н.В., 2004; Черных Н.В., 2003] понимается:

– поле является инвентарем элементов, связанных между собой системными отношениями;

– элементы, которые образуют поле, имеют семантическую общность и выполняют в языке общую функцию;

– поле имеет особую структуру: ядро и периферию [Кузнецов А.М., 2017, с. 168], при это для структуры поля характерны максимальная концентрация признаков в ядре и неполный набор этих признаков при возможном ослаблении их интенсивности на периферии [Попова З.Д., 2014, с. 61]. Ядерные конституенты являются обязательными членами поля, которые проявляются с наивысшей частотностью. Граница между ядром и периферией, а также между зонами поля нечеткая. В свою очередь, лексико-семантические группы (ЛСГ) – это образцовые полевые структуры; на примере ЛСГ разного типа уточняется градация зон периферии;

– конституенты поля могут принадлежать к ядру одного поля и периферии другого поля или нескольких полей;

– различные поля пересекаются, образуя зоны постепенных переходов, по закону полевой организации системы языка [Сусов И.П.].

Лексико-семантическое поле объединяет значения слов-элементов горизонтальной структуры языковой системы. Инвариантом в лексико-семантическом поле является «абстрактная общая семантическая система слов, которая варьируется конституентами поля, которые в свою очередь, варьируют друг с другом и определяются как ряд

парадигматически связанных слов, которые имеют общий семантический признак и отличаются, по крайней мере, одним дифференциальным признаком» [Сибул В.В., 2015, с. 28].

Мысль о возможности частеречного состава лексико-семантического поля представлена в лингвистической литературе достаточно широко. Л. Вайсгербер признает, что лексико-семантическое поле формируется из слов разных частей речи, связанных между собой и семантическими, и словообразовательных отношениями [Weisgerber L., 2015]. Ю.Д. Апресян отмечает роль инвариантного значения, объединяющего слова разных частей речи в одном лексико-семантическом поле [Апресян Ю.Д., 2016, с. 365]. Р.М. Гайсина считает межчастеречевые семантические поля крупнейшими единицами лексико-семантической системы языка, которые способствуют семантической систематизации грамматически разнородного материала [Гайсина Р.М., 1990].

Поскольку лексико-семантическое поле характеризуется постоянной однородностью единиц, соответственно, многозначные слова должны относиться по своей понятийной принадлежности к различным полям. Поэтому рабочей лексической единицей выступает лексико-семантический вариант, как элементарная единица, которая не существует в языке изолированно. Лексико-семантические варианты связаны между собой относительно устойчивыми отношениями и постоянно взаимодействуют в составе лексико-семантического поля. «Будучи лексической микросистемой, лексико-семантическое поле также наделено автономностью, самостоятельностью в лексико-семантической системе языка» [Ахманова О.С., 1969, с. 77], целостностью, полнотой и специфичностью в разных языках.

Таким образом, основываясь на исследования Л. Вайсгербера [Weisgerber L., 2015], Ю.Д. Апресян [Апресян Ю.Д., 2016], Р.М. Гайсиной [Гайсина Р.М., 1990], можно сделать вывод, что лексико-семантическое поле – это сложное органическое целое, способное к относительному саморазвитию; это элемент языковой картины мира (иерархическое структурное единство взаимосвязанных и взаимозависимых лексических элементов, наделенных общим семантическим признаком, которое отражает понятийное, предметное или функциональное сходство определенных явлений); это способ отображения системной организации словаря; это динамическая система, которая развивается и связана с семантическими полями конкретного языка.

Наблюдающиеся различия во взглядах на сущность лексико-семантического поля объясняются, с одной стороны, наличием слабых сторон в самой теории семантического поля, а с другой – трудностями, возникающими в ходе исследования системно-структурной организации словарного состава любого языка.

Особенности ядра лексико-семантического поля *«Человек»*

Немаловажно, что лексико-семантическое поле *«Человек»* в исследованиях лингвистов зачастую представлено в виде лексико-семантической сети, которая сохраняет информацию о неоднородном по содержанию и форме существовании *«Человека»* [Караулов Ю.Н., 2014]. Ю. Н. Караулов отмечает, что в структуре того участка сети, который объективируется с помощью определенной лексемы, можно выделить следующие крупнейшие информационные блоки – биофизическую, социальную и психическую периферийные зоны [Караулов Ю.Н., 2014, с. 103].

Применим данную модель к рассматриваемому лексико-семантическому полю *«Человек»* (табл. 1). *An Animal of No Significance*

Таблица 1. Периферийные зоны лексико-семантического поля *«Человек»*

Название периферийной зоны	Общее понятие периферийной зоны	Периферийная зона лексико-семантического поля «Человек»
Биофизическая зона	– содержит информацию о биолого-физиологических и антропологических природных свойствах (пол, возраст, национальность, физические характеристики о росте, весе, внешности *«Человека»*); – содержит информацию о физических и физико-химических закономерностях жизнедеятельности *«Человека»* (физическое / физиологическое состояние, физические действия / взаимодействие с объектами среды несоциального характера, направленные на реализацию и поддержания жизнедеятельности, ориентацию в пространстве и т. п.).	– вербализируется в лексемах, обозначающих биофизическое существование *«Человека»*, например, *an Animal of No Significance (ничем не примечательное животное), Homo sapiens (биологический вид – Человек разумный), social animal (общественное животное), Southern Ape (южная обезьяна), organism (организм, существо).* – вербализируется в лексемах, содержащих информацию о внешности, возрасте, физическом состоянии / самочувствии, физическом действии, пространственно-временном бытии (размещение относительно других объектов, ориентирования в пространстве (положение / направление движения), промежутке времени, ориентировке во времени, скорости), например, *ecosystem nightmare* (*кошмар экосистемы), Earth master (хозяин планеты), the most powerful animal on earth (царь природы).*

Психическая зона	– содержит знания о духовной жизни и психическом состоянии *«Человека»*, его внутреннем мире; – содержит информацию о перцептивных возможностях *«Человека»*, его мотивации к определенным действиям и т.д.	– вербализируется в лексемах, сохраняющих информацию о перцептивных возможностях, чертах характера (лживость – честность; ненадежность – надежность; лень – трудолюбие; нерешительность – уверенность в себе; скупость – щедрость; неблагодарность – благодарность; злобность - доброжелательность), например, *superhuman (сверхчеловек), single woman (слабая женщина), macho (мачо).* – вербализируется в лексемах, характеризующих эмоциональные процессы, когницию, мотивационные состояния, волеизъявления, например, *smart mind (умная голова), clever child (мозговитый потомок).*
Социальная зона	– содержит информацию о различных проявлениях общественной жизни *«Человека»*; – дает характеристику межличностному поведению.	– проявляется в лексемах, дающих характеристику отношения *«Человека»* к социальным, политическим, религиозным и другим институтам и организациям, например, *Race of Cooks (прирожденный повар), immigrant (пришелец), good hunter (охотник), gatherer (собиратель).* – вербализируется в лексемах, характеризующих отношение *«Человека»* к *«Человеку»*, труду, собственности, семье, месту проживания и т.д., например, *Brothers' Keepers (сторож брату своему), Neanderthal Romeo (Ромео-неандерталец), Sapiens Juliet (Джульета-сапиенс), freeloader (паразит, халявщик).*

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Полевой подход удачно реализует всю возможность системного изучения языкового материала, четко формирует критерии анализа лексико-семантического *«Человек»* и позволяет сделать вывод о его обусловленности категориями материального мира, социальными и биофизическими факторами, которые проявляются в использовании определенных лексем, характеризующих данные факторы.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Trier J. Der Deutsche Wortschatz / J. Trier. – Heidelberg: Winter in Sinnbezirk des vestandes, 1931. – 345 p.

2. Weisgerber L. Grundzüge der inhaltbezogenem Grammatik / L. Weisgerber // Auflage Pedagog. – Dusseldorf : Verlag, Schwann, 2015. – 431 p.

3. Апресян Ю.Д. Интегральное описание языка и системная лексикография / Ю.Д. Апресян // Избранные труды. – М.: Школа «Языки русской культуры», 2016. – Т. 2. – 766 с.

4. Ахманова О.С. Основы компонентного анализа / О.С. Ахманова. – М. : Изд-во МГУ, 1969. – 98 с.

5. Бессонова Н.В. Эволюция лексико-семантических полей в разноструктурных языках: монография / Н.В. Бессонова, А.В. Комарова, О.Н. Линкевич. – Тула: Изд-во ТГПУ им. Л.Н. Толстого, 2015. – 266 с.

6. Бондарко А.В. Категоризация в системе грамматики / А.В. Бондарко. – М.: Языки славянских культур, 2011. – 483 с.

7. Вердиева З.И. Семантическое поле в современном английском языке: учебное пособие / З.И. Вердиева. 3-е изд. – М.: Русайнс, 2016. – 120 с.

8. Гайсина Р.М. Сопоставительное описание лексических полей (на материале разносистемных языков) : учеб. пособие / Р.М. Гайсина. – Уфа: Башк. ун-т им. 40-летия Октября, 1990. – 67 с.

9. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность / Ю.Н. Караулов. – М.: Эдиториал УРСС, 2014. – 264 с.

10. Кашкин В.Б. Подходы к сходствам и различиям языков в истории языкознания / В.Б. Кашкин // Теоретическая и прикладная лингвистика. Проблемы философии языка и сопоставительной лингвистики: сб. науч. ст. – Воронеж: Изд-во ВГТУ, 1999. – Вып. 1. – С. 4–31.

11. Кузнецов А.М. Структурно-семантические параметры в лексике / А.Н. Кузнецов. – М.: Дашков и Ко, 2017. – 169 с.

12. Попова З.Д. Полевые структуры в системе языка / З.Д. Попова. – М.: Дашков и Ко, 2014. – 165 с.

13. Сибул В.В. Лексико-семантическое поле в языковом сознании / В.В. Сибул. – М.: Российский ун-т дружбы народов, 2015. – 126 с.
14. Сусов И.П. Системные связи между единицами лексикона. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа к ресурсу: http://homepages. tversu.ru/ ~ips/
15. Уфимцева Н.В. Языковое сознание: теоретические и прикладные аспекты / Н.В. Уфимцева. – М.: Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2004. – 344 с.
16. Черных Н.В. Семантическая емкость слова в рамках теории семантического поля: На материале поэзии М.И. Цветаевой : диссертация ... кандидата филологических наук : 10.02.01 / Н.В. Черных. – Ростов-на-Дону, 2003. – 293 с.

МРНТИ16.21.29

АМАНБАЕВА АЙСАУЛЕ ЖАНТЕМИРОВНА,
филология ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
E-mail: AAisaule@mail.ru,

ЖҰМАБАЕВА ЖАНАР ТОЛЕНДИЕВНА,
филология ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
E-mail: janar_tolendi@mail.ru

ПСИХОЛИНГВИСТИКА: ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТҮСІНІК

Аннотация. Мақалада қазақ тіл біліміндегі психолингвистика саласы туралы, оның даму бағыттары мен зерттеу нысандарына туралы сөз етіледі. Қоғам мен психологияны байланыстыратын басты құрал – тілдің маңызы айтылады. Адамның сөйлеу әрекетіне психолингвистиканың жауап беретін басты критерилеріне тоқталып, психолингистика терминіне анықтама беріледі. Тіл білімідегі психолингвистика саласының мектеп оқулықтарындағы орны мен проблемаларының бірнеше аспектілері көрсетіледі.

Түйін сөздер: тіл білімі, психолингвистика, оқулық, мәтін, қостілділік, таным т.б.

АМАНБАЕВА АЙСАУЛЕ ЖАНТЕМИРОВНА,
Ведущий научный сотрудник, кандидат филологических наук,
Институт языкознания им. А.Байтурсынова,
e-mail: AAisaule@mail.ru

ЖҰМАБАЕВА ЖАНАР ТОЛЕНДИЕВНА,
Ведущий научный сотрудник кандидат филологических наук,
Институт языкознания им. А.Байтурсынова,
e-mail: janar_tolendi@mail.ru

ПСИХОЛИНГВИСТИКА: ПОЗНАНИЕ И ПОНЯТИЕ В УЧЕБНИКАХ

Аннотация. В статье речь идет об области психолингвистики в казахском языкознании, о направлениях ее развития и объектах исследования. Подчеркивается значение языка – главного средства, связывающего общество и психологию. Останавливаясь на главных критериях психолингвистики-касательно речевой деятельности человека, дается определение термину психолингвистика. Показано несколько аспектов места и проблем психолингвистики в языкознании в школьных учебниках.

Ключевые слова: лингвистика, психолингвистика, учебник, текст, двуязычие, познание и.т.д.

AMANBAYEVA AISAULE ZHANTEMIROVNA,
Leading researcher, candidate of philological Sciences,
Baitursynov Institute of linguistics

ZHUMABAYEVA ZHANAR TOLENDIYEVNA
Leading researcher, candidate of philological Sciences,
Baitursynov Institute of linguistics

PSYCHOLINGUISTICS: LEARNING AND THE CONCEPT IN TEXTBOOKS

Annotation. The article will tell about the field of psycholinguistics in Kazakh linguistics, the directions of its development and forms of research. The importance of language as the main means of connecting society and psychology is emphasized. Focusing on the main criteria by which psycholinguistics reacts to human speech activity, the term psycholinguistics is defined. There are several aspects of the place and problems of psycholinguistics in linguistics in school textbooks.

Keywords: linguistics, psycholinguistics, textbook, text, bilingualism, cognition, etc.

Кіріспе

Қоғамда адам қажеттілігі үшін атқаратын бірнеше салалар бар. Соның ішіндегі қарым-қатынастың басты құралы – тіл. Тіл әлеуметтік ортадағы адамдардың коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін болса, сол қарым-қатынастың жүзеге асуына негіз болатын тілдің бағыттары да бар. Мысалы, әлеуметтік лингвистика – тіл мен қоғам арасындағы байланысты зерттесе, когнитивті лингвистика – тілдің табиғи болмысын, паралингвистика – айтар ойдың іс-әрекеттер, амалдар арқылы жеткізілуін зерттейді. Тілдік қарым-қатынас үш түрлі бағытта жүзеге асады. Олар: лингвистикалық, психолингвистикалық, социолингвистикалық немесе әлеуметтік лингвистика. Ал, біз нысанаға алып отырған тіл білімінің саласы– психолингвистика. Тілтанушы ғалымдардың «дыбыстық тіл де, абстракті ойлау да адамға тән құбылыстар» деген пікірі психолингвистиканың зерттеу шеңберін жүйелейтін маңызды проблемалар қатарында:

- тіл де, ойлау да адам миының туындысы;
- тіл де, ойлау да әлеуметтік құбылыс;
- сөйлем мен пайымдаудың байланысы;
- пайымдау – шындық дүниенің адам санасында бейнелену формасы;
- тіл – ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы;
- тілдің материалдық, дыбыстық әрі мағыналық жақтарының ойлауға қатысы туралы;
- логикалық және грамматикалық категориялардың байланысы;
- сөз мағынасы мен ұғымының арақатынасы және тағыда басқа мәселелердің жинақталуына негіз болады [Orazalieva E., 2007, 185-186 бб.].

Зерттеу әдістері

Психолингвистика – психология мен лингвистиканың арасындағы ғылым саласы. Яғни, адамның сөйлеу әрекетінің бірқалыпты өтуін зерттейді. Сөйлеудің психологияға тікелей қатысы бар. Психолингвистика осы тұрғыдан мына критерийлерге жауап береді:

- танымның логикамен байланысына;
- өзге тілді үйренудегі, сөйлеудегі қайшылықтарға;
- қостілділік, яғни бір мезетте екі тілде сөйлеп, жауап бере алу *(көбіне аударма ісімен айналысқанда кездеседі);*
- іштей сөйлеу;
- сана, жадының көмегі арқылы;
- сөйлеу әрекетін дұрыс жүзеге асуымен т.б. байланысты.

Адам айтар ойын алдымен ойында қорытындылап айтады да, белгілі бір тақырыпқа байланысты логикалық тұрғыдан ойланып, сол тақырыпқа немесе қойылған сұраққа сәйкестендіріп айтады. Немесе айтар ой дұрыс шығу үшін ішінен үш рет ойланып қайталайды. Оған мидың көмегі арқылы жетеді. Адам психикасының дұрыстығы мидің көмегі арқылы жүзеге асады. Тіл мен психология сөзсіз бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл туралы Б. Қалиұлының «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде: «Психология түйсік пен қабылдау, ес пен ой, сезім мен зейінді зерттейді. Ал бұлардың сөйлеу процесіне тікелей қатысы бар. Өйткені біреудің айтқанын қабылдау, оны ұғыну процесі болмаса, қарым-қатынас жасасу, пікір алысу да болмаған болар еді. Адам сөз арқылы білгілі бір затты атап қана қоймайды, сонымен бірге, сол затқа өзінің қатынасы мен оған қалай қарайтындығын да білдіреді. Яғни тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сезімді де *(жаман, жексұрын, сұмпайы)* білдіру құралы [Kaliuly B., 1997, 14 б.].

Шет тілін меңгеру мен аударма жасау кезінде психолингвистика басты рөл атқарады. Өзге тілде айтар ойыңды толыққанды түсінікті етіп жеткізу үшін ол сөзді ойда қорытып, бірінші өз тіліңде ойланып, өзге тілде жауап беруің қажет. Оған қоса, екі тіл қатар жүретін, қолданатын қоғамдағы адамдардың да психологиялық ойлауына қостілділік, яғни екі тілдің жүйесін түсіну қажеттілігі де туындайды. «Қостілділік – белгілі бір аумақ тіліндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің немесе бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» [Abasilova A., 2016, 148 б.].

Сонымен психолингвистика дегеніміз – сөйлеудің жасалу және қабылдау процесін зерттейтін ғылым. Психолингвистика сөйлеу қызметінің психофизиологиялық үлгісін жасай отырып, оны психологиялық эксперименттер арқылы тексереді. Сөйтіп психолингвистика зерттеу саласы жағынан тіл біліміне, ал зерттеу тәсілі жағынан психологияға жақын. Психолингвистика бірқатар практикалық мәселелердің (ана тіліне, әсіресе шет тілдерге үйрету, логопедия мәселелері, миға зақым келуінен сөйлеудің бұзылуы, авиация және ғарыштық психология, машиналық аударма, ЭВМ, хабар тарату т.б.) теориялық мәнін түсіндіру қажеттілігінен туындаған [Kaliev G., 2005, 257 б.].

Адамның сөйлеу жағдайының толыққанды қалыптасуына қоғамдағы түрлі жағдайлар әсер етеді. Қалыптасқан ортасы, ата-ана, мұғалім, бұқаралық ақпарат құралдарында, техника мен технология, компьютерлік лингвистика, мультимедиялық құралдар, жарнама тілі, мәдени-тарихи шаралар т.б. Алайда, баланың сөйлеу тілі жағдайын қалыптастыруда мектептің, мектептегі оқулықтардың рөлі басым. Олай дейтін себебіміз, білім беру процесі кезіндегі баланың әріп тануынан бастап, сауаттануына негіз болатын құрал – оқулық. Сондықтан да, оқулықтың дұрыс құрастырылуы баланың сөйлеу тіліне әсер етіп, грамматикасын, сөздік қорын дамытуға тікелей ықпал етеді. Оқулықтағы мәтін мен психолингвистиканың бір-бірімен байланысты. Яғни оқу-

лық баланың ойлауы мен танымына сай, қызықты ақпараттарға бай болу қажет.

Нәтижесі

Қазіргі кездегі тіл білімі коммуникативтік, когнитивтік бағыт бойынша жүзеге асып келеді. Оқулықтарға мынадай талаптарқойылған: оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес болуы; ережелер мен анықтамалардың нақты болуы; тілдің жатық, әдеби, ықшам болуы; оқушылардың ұғымына сәйкес болуы т.б. Алайда, бұл талаптардың барлығы оқулықтарда сақталып келе жатқан жоқ. Олай дейтін себебіміз оқулықтарда грамматикалық, лексикалық, стилистикалық қателер кездеседі. Біз барлық оқулықтарды емес, тек мектеп баспасындағы 1-11 сынып аралығындағы оқулықтарды қарағанды жөн көрдік. Осы орайда оқулықтағы проблемаларды психолингвистика тұрғысынан бірнеше аспектілерге бөліп қарастырып көрсек:

Біріншіден, аударма мәселесі. Оқулықтарда өзге тілден енген кірме сөздермен қатар термин сөздер де бар. Жоғарғы сынып оқушылары ғана емес, бастауыш сыныптағы оқушылардың оқулықтарында да кездеседі. Ана тілін толық бойына сіңіре алмаған балаға термин сөздерді қолдандыру қазақ тілінің қойыртпақталуына әкеледі десек қателеспеспіз. Әрине, бұл тұрғыдан үштұғырлы тіл саясатының да тигізер әсері бар. Әсіресе өз ана тілін толық меңгермеген балаға шет тілін қоса оқыту, баланың санасына да кері әсер етері сөзсіз. Яғни бұл қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан біршама шаралардың жүзеге асуына белгілі бір дәрежеде кедергі келтіреді. Ми қыртысы қатайып, енді дамып келе жатқан баланың тіл тазалығының сақталмауы, ойлау жүйесінің бұзылуы осындай олқылықтардан туындаса керек. Оған мысал ретінде 6-сыныптың «Информатика» оқулығында *«Ашылған сұхбат терезесінің Байланыстыру алаңындағы файл, веб-беттер пунктерін ашыңдар (үнсіз келісім бойынша көрсетілген) Бума (папка) алаңында Бағыттауыштағы қажетті құжатты (файлды) таңдаңдар. Файл атауы Адрес алаңында бейнеленген. Гиперсілтемелерді кірістіру сұхбат терезесіндегі барлық алаңдарды бапта болғаннан кейін ОК батырмасына басыңдар»* т.б деген сөйлемде терминдермен қоса сөйлемнің де түсініксіз, дұрыс құрылмағаны көрінеді. «Информатика» пәнін енді бастап жатқан оқушы мынадай мәтіндерден не ұғады деген ойға қаласыз. Бұл тек бір мысалы ғана, әрі қарай оқулықты оқысаңыз осындай түсініксіз сөйлемдерді көресіз.

Екіншіден, тілінің ауырлығы, ғылымилығы. Бұл бала психикасына ауыртпашылық түсіреді. Яғни, бала тақырыптың мазмұнын түсінбек түгілі, сол тақырыптың не туралы екенін де түсіне алмайды. Өйткені, ондағы ғылыми тілдегі сөздер мен сөйлемдер баланың әрі қарай ойлауына, тақырыпты меңгеруіне кедергі келтіреді. Ал, тақырыпты түсінбеген бала, материалдан қалып қояды. Өтілген жаңа сабақтың біреуін, содан кейін екіншісін солай бірнеше тақырыпты түсінбеу, бала сауаттылығын, сабақ үлгерімінің нашарлауына әкеп соқтырады. Кейде мектеп бағдарламасын ата-аналарда түсінбей жататыны рас.Мысалы, 6-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулығында *«кедендік баж салығы»* деген термин бар, оны оқушы түсінетіндей анықтамасымен берсе болар еді. Сондай-ақ *«интеллектуалды және этикалық жетілу», «билеушінің ой-тұжырымдар», «этноаумақтық бірлестік»* т.б. сияқты терминдерді 6-сынып оқушысының түсінуі қиын.

Үшіншіден, кітаптағы мәтіндердің ішінде кездесетін әдеби сөздер. Қазақпыз, қазақ тілінде, қазақ мектебінде оқимыз. Әдеби тілді қалай түсінбейміз? – деген сауал туындауы мүмкін. Бірақ, бұл білім мәселесінде бірнеше жақтан қарастырылу керек. Таяқтың екі ұшы болатындай, әдеби сөздерді түсінуіміз үшін оны күнделікті тұрмыста сөйлеп, қолдануымыз қажет. Бірақ, мойындауымыз керек, ата-аналар да, мұғалімдер де, жастар да көркем әдеби стильде сөйлемейді. Оған себеп, көркем әдебиет оқылмайды. Кітапхана сөрелерінде шаң басып жатқан әдебиеттеріміз қаншама? Оқитын оқырман жоқ. Кітаптарда әдеби сөздердің берілгені дұрыс. Тек, солардың мағынасын түсіндіріп астына анықтамасын жазып қойса игі еді.

Төртіншіден, психолингвистика адамның әлеуметтік танымын байқатады және белгілі бір ассоцация, шеңбер негізінде қалыптасқан түсінігін танытады. *Мысалы,* оқушылар оқулықтарында «Туған жер», «Отан» тақырыбында қазақ елін, кең байтақ жерін, домбыра, киіз үй, туған ауылын елестетеді. Сондықтан да, бала психикасындағы психолингистикалық ассоциялардың дұрыс қалыптасуына оқулықтардағы берілген мәтіндердің құрылымының дұрыс болуы өте маңызды. Сондықтан оқулық баланы қызықтыратындай көркем тілмен, нормаға сай, оқушы түсінетіндей етіп жазылып, тіл байлығын дамытатындай сөздерді пайдаланған жөн. Оқулықта қазақ мәдениетіне, тарихына, тіліне, менталитетіне сай қазақ болмысын ашатын ұлттық кодтарымыздың сақталғаны дұрыс. Бұл оқушының өз ойын толық, анық, дәл жеткізе алуына көмектеседі және оқушы бойында ұлттық болмысты, ұлттық сана-сезімді қалыптастырады.

Бесіншіден, оқулықтардағы мысалдарда жаргон сөздердің қосылуынан аулақ болуымыз керек. Тағы бір айта кететін жайт, оқулықтағы мәтіндердің дұрыс құрылуында заңдылықтарды сақтасақ, балалардың ауызша оқып түсінуіне, ауызша жауап беріп, сөйлеуіне көмектесеміз. Ауызша сөйлеу – баланың оқып отырған мәтінін елестетіп, ойын жеткізе алуына және орфоэпиялық норманың сақталуына тікелей ықпал етеді. Бастауыш оқушыларының зейіні әлсіз болып ке-

леді. Сондықтан, оқулықтағы мәтіндердің баланың психофизиологиясына, жас ерекшеліктеріне сай жасалғаны дұрыс.

Қорытынды

Оқулықтардың әлсіз тұстарымен қатар артықшылықтары да бар. Бұрыңғы оқулықтар көбіне ережелер мен анықтамалардан құралса, қазіргі оқулықтарда жаңартылған білім беру мазмұнына сәйес мәтіндер көптеп беріледі. Бұл баланың шығармашылық ойлауын дамытып, сөздік қорын толықтырады. Сонымен, оқулықтағы мәтін жағдайы тіл білімінің жас саласының бірі – мәтін лингвистикасына да байланысты. Мәтін лингвистикасы – өзіне тән мәні мен болмысы, басқалардан ерекшелігі, мәтіннің дұрыс құру заңдылықтары, категориялары, обьективті болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің тілдік түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіннің тұлға бірлігі және т.б. мәселелерді қарастырады [Ахметова М.К., 2008, 5-6 бб.]. Оқулықтарда берілген көркем мәтіндер де осы мазмұнға сай. Оған қоса оқулықтағы мәтіндердің басты ерекшелігі мәтінге тән мынадай ұстанымдарға жауап беруге тиіс:

– өзара ұйымдасқан тілдік бірліктердің жиынтығынан тұрады;

– қоршаған болмыс туралы аяқталған хабарды білдіреді;

– мәтін адресант пен адресаттың арасындағы қатысымды жүзеге асырады;

– байласым және тұтасым сипатын иеленеді;

– тақырыбы және аяқталу шегі болады [Ахметова М.К., 2008, 14 б.].

Мәтін бір ғана сөйлемнен құралады деу қате екендігін ұғамыз. Мәтін бірнеше сөйлемдерден құралып, басы, ортасы, аяғы бар, автор айтқысы келген ойдың нақты жетізілгендігін байқатады. Оқушы оқып отырған мәтініндегі сөзді қалай қабылдайды, солай айтады. Сондықтан да, оқулықтардағы мәтіннің дұрыс жазылуы, құрылымдық тұтастығы жалпы стандартқа сай, қоршаған ортадағы баланың түсінігіне сәйкес келетін, мәтіндегі оқиғалар мен пікірлердің оқушы психикасына қалай әсер ететінін бағамдау қажет. Психолингвистика саласы бойынша оқулықтағы мәтіндердің проблемалары да осында.

Қорыта айтқанда, бала тілі тек психолингвистиканың ғана емес жалпы тіл білімінің зерттейтін келелі мәселесі. Жалпы оқулықтар заман талабына сай жасақталып, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, түсінікті, жеңіл, мән-мағынасы бар, жеңілден ауырға қарай көшу әдісін ұстануы тиіс. Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан, ол дамушы, өзгеруші фактор. Егер біз танымдық жүйесі, логикасы, шығармашылық ойлау қабілеті дамыған тұлға қалыптастырғымыз келсе, кешегі Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев мақсат еткен ұлттық психика, ұлттық намыс, ұлттық мәдениетті ұстанып, оқулықты, ондағы мәтіндерді қатесіз, бірізділіке түсіргеніміз абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан-Арыс, 2007. – 312 б.
2. Қалиұлы Б. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1997. – 195 б.
3. Абасилова А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016. – 248 б.
4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
5. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.

REFERENCES:

1. Orazalieva E. cognitive linguistics: formation and development. Scientific monograph. – Almaty: An-Arys publishing house, 2007. – 312 p.
2. Kaliuly B. introduction to linguistics. – Almaty: School, 1997. – 95 p.
3. Abasilova A. Dictionary of social linguistics. – Almaty, 2016. – 248 p.
4. Kaliev G. Explanatory Dictionary of terms of Linguistics. – Almaty: Dictionary-Dictionary, 2005. – 440 p.
5. Akhmetova M.K. textual linguistics: an educational and methodical manual. Uralsk: Educator, 2008. – 148 p.

МРНТИ 16.01.11

ӘБДУӘЛИҰЛЫ БЕКЖАН,
профессоры, филология ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ҚОҢЫРАТБАЕВА ЖАНАР МОЛДАЛЫҚЫЗЫ,
профессоры, филология ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ШЫҢЖАҢ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТОПОНИМИЯСЫ

Түйін: Мақалада Шыңжаң аймағындағы қазақ топонимдерінің қалыптасу тарихына қатысты мәселелер сөз болады. Жер-су атаулары халықпен бірге жасасып келе жатқан тарихи дерек ретінде аса маңызды қызмет атқарады, осы қызметі ескеріле отырып, олардың шекаралық аймақтарда жиі кездесу себептеріне назар аударылады. Қытай-ресей шекара бөлісу кезіндегі құжаттар негізінде қазақ жері мен халқының, сонымен қатар біртұтас қазақ топонимдерінің де екіге жарылуы туралы баяндалады. Өткен тарихы мен қазіргі жасалу жолдары негізге алына отырып, Шыңжаң аймағында қазақтар шоғырланған аудандардағы топонимдердің даму ерекшеліктері екі кезеңге топтастырылады. Біріншісі – байырғы қазақ топонимжасамының негізіндегі топонимдер; екіншісі – әкімшілік-аумақтық бөліністер бойынша ҚХР-дағы реформалаулар кезінде берілген атаулар. Олар әкімшілікке, кәсіптік мекемелерге, түрлі нысандарға, кәсіп түрлеріне т.б. қатыстылығы жағынан өз ішінде түрлі тармақтарға бөлінеді.

Кілт сөздер: Трансшекаралық, ареалдық топонимия, аудан, аймақ, тіл білімі, география, тарих, топонимдік үлгілер.

Резюме: В статье рассматривается история формирования казахских топонимов в Синьцзянском регионе. Названия земель и водных ресурсов играют важную роль как исторический факт, который создается вместе с людьми, учитывая этот факт, уделяется внимание причинам их частого появления в приграничных районах. На основании документов о разделе Китайско-Российской границы сообщается, что казахская земля и народ, а также единые казахские топонимы были также разделены. Основываясь на историю прошлого и настоящего, на особенности появления топонимов в районах проживания казахов в районе Синьцзяна, сгруппированы в два этапа. Первый – топонимы, образованные на основе древне казахских топонимов; второй - названия, данные административно-территориальным делением во время реформ в Китае. Они подразделяются по принадлежности к административным, профессиональным учреждениям, различным объектам, профессиям и т. д.

Ключевые слова: Трансграничный, ареальная топонимия, район, регион, языкознания, география, история, топонимические модели.

Summary: The article provides description of the history of the formation of Kazakh toponyms in the Xinjiang region. The names of land and water resources play an important role as a historical fact that is created together with people. Considering this function, attention is paid to the reasons for their frequent encounters in the border areas. Based on the documents on the division of the Chinese-Russian border, it is reported that the Kazakh land and people, as well as common Kazakh toponyms, were also divided. Based on the history of the past and present, on the peculiarities of the appearance of toponyms in the areas of residence of the Kazakhs in the Xinjiang region, they are grouped in two stages. The first one is the toponyms formed on the basis of ancient Kazakh toponyms; the second is the names given by the administrative-territorial division during the reforms in China. They are subdivided according to their affiliation with administrative, professional institutions, different objects, professions, etc.

Keywords: Transboundary, areal toponymy, district, region, linguistics, geography, toponymic models history.

КІРІСПЕ

Қазақтың арғы-бергі тарихы бойынша дерек боларлық біршама материалдар ауызша жеткен және тілдік қолданысымызда сақталған. Солардың бірі – жер-су атаулары. Қазақ халқының тарихы мен топонимиясының арасында тығыз байланыс бар. Жер-суға атау беру халық шығармашылығының бір тарауы, оның мазмұнында халықтың тарихы, тұрмысы, мәдениеті, табиғатты тану, жануартану әлемі, дүниеге деген көзқарасы т.б. сақталған. Қай жерге барса да, айнала қоршаған ортамен танысып, түрлі белгілеріне қарай атау беріп отырған. Табиғаттану әлемінің аясында көптеген халықтық терминдер пайда болып, келе-келе олар топонимиялық атауларға айналған. Қазақ тіліндегі мұндай атаулардың әр аймақта кездесуі қалыптасқан біртұтас жүйенің және жер-суды танудағы жалпыланған көз-

қарастың көрінісі. Мысалы, Ақжар, Ақсай, Ақсу, Ақтас, Ақтау т.б. секілді атаулар қазақ даласының әр аймағында кездесетіні белгілі, сол секілді басқа мемлекеттер жерінде де қайталанады. Бірдей атаулармен аталған ол нысандарың бір-біріне жалпылай алғанда ортақ ұқсастықтары болғанмен, бір-бірін дәлме-дәл қайталмайтыны белгілі, демек бірдей атаулармен аталуы жер-судың ортақ белгілеріне қарай жалпыласқан көзқарастың, атау беру дәстүрінің болғанын дәлелдейді. Осылайша қазақ халқы мекендеген аймақтардың барлығында қазақша жер-су атаулары сақталып келеді, өйткені оның дәстүрінде кеңістікті атаулар арқылы меңгеру қалыптасқан заңдылық. Өкінішке қарай жаһанданудың дауылынан сақтанған әр елдің ішкі саясаттағы өз тіліне басымдық беру ұстанымы, сол тарихи атауларды біртіндеп қолданыстан ығыстырып келеді. Сол жағдай, сөз болғалы отырған, Шыңжан өлкесіндегі қазақ топонимиясының да басында бар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқының мемлекеттік тарихы XV ғасырдан басталғанмен, бодандықта болған үш ғасырға жуық уақыт ішінде оның ұлттық тұтастығына да үлкен қауіп төнген еді. Бұл отаралаушы мемлекеттер тарапынан мекендеген жер-суының бөліске түскен тұсында анық байқалды. Соның ішінде жер-су атауларының шекара сызығының екі жағында қалуы тек топонимия тарихына ғана емес, халық тарихына да қатысты мәселе. Бүгінге дейін ғылымда ол арнайы сөз етілмей келеді, кешені түрде зерттеулер жүргізу қолға алынса, бұл мәселенің шешімі тіл білімі, тарих, география ғылымдарының тоғысатын тұсында анықталмақ. Енді ғана қолға алынып отырған шекаралық аймақтардағы қазақ топонимиясының тарихы мен қазіргі жағдайы трансшекаралық топонимия ұғымын тудырып отыр. Қазақ топонимдері географиялық нысандардың түрлерін белгілі бір ерекшеліктеріне қарай сипатталатын болғандықтан, олардың арасында ортақ ұқсастықтары негізінде тұрақты қалыптасқан атаулар көп. Осыған байланысты дәстүрлі тұрақталған топонимдік үлгілер әр аймақтарда жиі қайталанады. Трансшекаралық топонимия ұғымы сонымен қатар ареалдық топонимия мәселелерін де қамтиды.

Қазақтардың Ресей, Қытай мемлекеттерінің құрамына бөлініп кетуінің басы шамамен он сегізінші ғасырдан басталады. Шыңжаңда Чиң патшалығы билік жүргізген аймақтар негізінен бұрынғы Жоңғар территориясы болатын. Бұл туралы Чиянлұң патшаның (Еженхан) айқын нұсқауы бар. Онда былай деп көрсетілген: «1760 жылы 19 шілде күні жазылған бір реткі жарлығында: «Жоңғар тыныштандырылды, бұрынғы көшпенді елдер жасайтын жерлер, өңірлер түгелімен біздің тәуелділігімізге кірді» (Какеш Қайыржан, 1983, 475 б.). Бұл құжаттан Чиң патшалығының Жоңғарларды жеңумен бірге сол аймақтарды мекендеген көшпелілерді де қол астына қаратқанын көреміз. 1757 жылғы Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін олар мекендеген жерлер түгелдей Чиң патшалығының қоластына өтеді. Бұрынырақта Жоңғарлардың қысымымен батысқа ығыстырылған қазақ, қырғыз ұлттары енді жаудан босаған атамекендеріне орала бастады. Көшіп келген қазақтардан қора басы бір қой, мың жылқыдан бір ат салық алынып отырды. Осындай шағын көлемдегі салықты төлесе болды қазақтарға өздерінің ру-ұлысы бойынша көшіп-қонуға ерік берілді. Қол астындағы елдің өзге елге қоныс аударуы Ресей үкіметінің стартегиялық саясаты үшін аса жағымды көрініс емес еді, сондықтан қандай да бір шешім жасау керек болды. Осылайша 1864 жылғы «Қытай-ресей батыс солтүстік шекараны өлшеп айыру тоқтамынан» кейін жер бөлісі басталды. Бұл тоқтамның бесінші тармағында былай делінеді: «Қазақ халқы бұрын қай жерді қоныстанып келген болса, бұдан былай да сол жерді қоныстанып, байырғы мекендерінде отырып, бұрынғы кәсіптерін істеп, бейбіт өмір өткізе береді. Шекара айырылғаннан кейін бұл жер қайсы мемлекетке қараса, сол жерді мекендеген адамдар жерімен сол мемлекетке қарайды». Бұл шешімге қарсы қазақтар арасында наразылық пайда болды. Қоныс аудару, толқулар көбейді. Сонымен Қытай мен Ресей елдерінің шекараны өлшеп, айыруға шыққан ұлықтары ақылдаса келіп, бұрынғы шешімге мынадай қосымшалер енгізді: «Шекара айырылғаннан кейін осы шекараның екі жағын қоныстанған қазақтарға қайсы елге қарауды таңдап алу үшін бір жылдық уақыт беріледі. Осы бір жыл ішінде қайсы мемлекетке қарасты болуды олар өз еркімен таңдап алады. Қайсы мемлекеттің қарамағына өтуді қаласа, сол мемлекетке бөлінген жерге өтіп қоныстанады. Бұл олардың бүтіндей өз қалауы бойынша болады» (Қазақтың қысқаша тарихы, 1986, 551 б.) деп белгіледі.

Міне, осылайша сонау атамзаманнан бері іргесі бөлінбей, біртұтас жатқан қазақ халқының шығыстағы бөлігі екіге жарылып, Қытайдағы қазақ диаспорасы қалыптаса бастады.

Ең соңғы нақты келісім 1883 жылы 2 шілдеден 12 саршаға дейін жалғасады. 12 сарша күні «Жұңғо мен Ресейдің Қобда және Тарбағатай шекара келісімі» ресми қол қойылып, бекітіледі және екі ел шекарасындағы қазақтардың жаңа шекара бөлісінен кейін қай елге қарайтындығы мәселесі қаралады. Келісім бойынша «жаңа шекараның екі жағындағы қазақтардың қайсы елге қарауы бір жылға дейін бүкілдей халықтың өз еркінде деп белгіленеді (сол жолғы келісімнен үзінді).

Еженханды қалаған қазақ Еженханға қараған жерге келіп отырсын, Ақханды қалаған қазақ Ақханға қараған жерге келіп отырсын. Еженханға барамын деген қазақты Ақханның кісісі тоспа-

сын, Ақханға барамын деген қазақты Еженханның кісісі тоспасын деп жарлық қылып қазаққа ерікті жарлық бердік.

Бұл еркінше жүру бір қысқа ғана, қыстауға қонғанша ерікті болсын.

Онан кейін енді қайтып, екі ханның бірін тастап, біріне барамын десе және қашса, оны кіргізіп тоқтатып тұрмалық, ұстап беріп басын шабайық деп жарлық болды.

Енді оба үйілген жерден екі ханға қарағаң адам рұқсат қағазы болмаса, ол кісі ұсталсын жазықты қылайық деп жарлық болды.

1. Осы жолғы «келісімнің» алды-артында Чиң патшалығы үкіметі атынан екі ел шекарасындағы қазақтарға қаратып ілгерінді-кейінді бес парша жарлық хат жазылған екен. Бұл бес парша жарлық хаттың ханзуша жазылғаны біреу, қазақша жазылғаны екеу, манзуша жазылғаны біреу, ханзуша-қазақша жазылғаны біреу (Жұмашұлы Ғ., 2006, 261–279 б.).

2. 1949 жылы қазан айында қытай коммунистік партияның басқаруына өтіп, коммунистік қоғамдық-әлеуметтік құрылым жолына түсті. Осы құрылымда 1954 жылы қазақ ұлты шоғырлы қоныстанған жерлерде ұлттық аумақтық автономия жүзеге асты. 1954 жылы 25 қаңтарда Шинхай өлкесінде Хайчи моңғол-Тибет-Қазақ автономиялы облысы құрылды. 27 ақпанда Гәнсу өлкесінде Ақсай Қазақ автономиялы ауданы дүниеге келді. 17 маусымда Үрімжінің (Үрімші) шығысында Морей Қазақ автономиялы ауданы шаңырақ көтерді. 30 қыркүйекте Оңтүстік Шыңжаңның Құмыл аймағында Баркөл Қазақ автономиялы ауданы жүзеге асты. 29 қарашада Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтары мен қазір Бұратала Монғол автономиялы облысындағы Жың, Бұратала, Арасан аудандарын өз аумағына алған Іле Қазақ автономиялы облысы құрылды. Орталығы Құлжа қаласы болды. Осындай биліктің алмасуы кезеңінде ел ішінде ауытқулар, толқулар болды. Мәселен өткен ғасырдың алғашқы жартысында халық Шыңжаңнан бірінің артынан бірі бірнеше рет шет жерлерге көшуге әрекет жасады, әрекеттің арты үлкен шығындарға соқтырды, яғни 1) Алғаш Тибетке барып қайтқан босқын қазақ көші; 2) Шығыс шыңжаңдағы арпалыстар; 3) Гөби шөлінде жөңкілген босқын қазақ көштері; 4) Тибет жотасында ту талақайға түскен босқын қазақ көштері; 5)Такламакан шөлін кесіп өткен Қалибек хакімнің көші (Жұмашұлы Ғ., 2006, 1 б.). Бұл көштер кәдімгі атын сәндеп мініп, көш бойы ойын-сауық думанмен өтетін дәстүрлі көш емес, барар жер, басар тауы қалмай дағдарған, тауқымет арқалаған, босқын елдің көші еді. Бұндағы қанды тарих Қалбан Ынтыханұлының монографиясында жан-жақтылы көрсетілген. Қазіргі Шыңжаңдағы қазақ халқының орналасу тарихы біздің шамалауымызша осы еңбектерден көрінеді, алайда оның анықтайтын мәселелері көп екені анық. Ал қазақтар мекендеген аймақтардың топонимиялық тарихы кейінгі ресми биліктің әкімшілік-аумақтарға топтастырылуынан әлдеқайда ертерек басталса керек. Бұл орайда біздің мақсатымыз қазіргі ҚХР Шыңжаң аймағындағы қазақ топонимиясына қатысты мәселелер турасында болғандықтан, тарихи жағдайларға осылай қысқаша ғана тоқталамыз. Осы тарихтың өзінен жер-су атаулары қалыптасуының екі кезеңі көрінеді: бірі – тарихи кезең; екіншісі – әкімшілік-аумақтық бөлініс кезеңі. Біртұтас қазақ топонимиясына қатысты кезең әрине біріншісі, сондықтан біздің назарымызды аударып отырған да – сол кезеңнен жеткен топонимдер.

Осынау Құрлық асқан көштің жол сорабы "Елім-айлап өткен өмірдің" (Х. Оралтай, 2005, 632 б.). «Ата-тегім мен өскен ортам» деген бірінші бөліміндегі жер-су аттарынан анық көрінеді. Бұл атаулардың көпшілігі Қазақстан аумағындағы топонимдермен сәйкес келеді, жасалу жолдары да қазақ топонимжасамының заңдылықтары аясында жүзеге асқан. Айта кететін бір жайт шекара сызығы бөліп жатқанмен, табиғи насындардың екі елде де бір атаумен аталуы «тарнс-шекаралық топонимия» ұғымының тууына ықпал етіп отыр. Қазақ жерінің қазіргі шекаралық аумағында ондай атаулар өте көп. Сондықтан, бұл мәселе өз алдына арнайы зерттеп-зерделеуді талап етеді. Географиялық нысандардың түрлеріне қарай топтастырғанда олардың құрамында тау, өзен-көл, асу, жайлау, сай, саз, шоқы, қала, тоған, бастау, жазық, бөктер, жал, қия, құм, өткел, тас, шұқыр т.б. географиялық терминдер сақталған. Олар жалқы есімдермен, сонымен қатар басқа да апелятивтермен бірігіп, жаңа атаулардың жасалуына негіз болып отыр. Бұл қазақ топонимжасамының байырғы үлгілері болып табылады. Мысалы: Тарбағатай тауы, Майлы тауы, Жайыр тауы, Еренқабырға тауы, Манас ауданы, Манас өзені, Сауан ауданы, Қызылөзен, Қалибектің дөң жайлауы, Қалибектың дөң жұрты, Бабажан сайы, Баймолла – қалмақтың сайы (кейін Сәбит сайы аталған), Тасбұлақ, Қорқыс өзені, Майтау, Қарамай, Бұлақбастау, Төсбастау, Жіңішкесай, Жүніс қажының сар шоқысы (қытайша Датаң), Қайқысай, Тасшапқан, Жушай дарасы, Дану асуы, Қарағайты асуы, Үшбұлақ, Күнгей, Барқы Жантастың жайлауы (қытайша Датаң), Аюсай, Тескентоған, Бөртінке қалашығы, Сарсүмбе (бүгінгі Алтай), Шиху ауданы, Байқонақтың қызыл шоқысы, Алтышәрі (Қашқария), Алусын қалашығы, Дану асуы, Құтыби ауданы, Кәзбен жазығы, Дұңсаң (Шығыс тау), Тасбұлақ, Ұлужан (Бөртінке), Саршоқы, Шөмішбай сазы, Қалибектің су диірмені, Қызылшоқы, Шұңқыржайлау, Теке жайлау, Қарағайты асуы, Тай бөктері, Майтау, Үрімжі, 1946 жылы бірталай қытайша атауларды қазақшаға өзгерткен, кейін қайта қытайша аталған. Нужаңзы (Төңкеріс алаңы), Сауан (Ойбазар), Анжықай (Орманбақ), Бөртінке (Нұрпаи кенті), Шишаң (Қабдұлла кенті), Думайлы (Қазының қара-

жалы), Қызылқия, Әбитан, Шепейзі, Бәйтік тауы, Жөргектінің құмы, Тасшапқан жазығы, Тасболат, Шорқұдық, Көне Сауан, Сандыққозы (қазіргі Сауан), Шихаңзы, Әубәкірсай, Майқұдық, Бүргебай сайы, Дазмияу жайлауы, Саршоқы, Қарабұғыты өткелі, Тасырқай өзені, Жушай дарасы, Жыланды асуы, Арасан, Қайыңды сай, Сандумашан жайлауы, Керметас, Қызылтас, Боғда, Құтыби, Қаратау (Нансан), Санжы өзені, Баркөл-Құмыл, Тұтыңқы т.б. ҚХР баспаларынан жарық көрген көркем шығармалар тілінде қазақ топонимжасам үлгісімен жасалған талай-талай тарихи топонимдер сақталған. Олардың шығу уәждері мен этимологиясына талдаулар жасайтын болсақ, ұлт тағдырына қатысты көптеген оқиғалардың іздері анықталары анық. Бұл «трансшекаралық топонимдер» ұғымының аясындағы алдағы зерттеулердің еншісіндегі мәселе.

Қытайдағы қазақтардың дені «Шыңжаң ұйғұр автономиялы районына» орналасқан. Қысқаша ШҰАР, Шыңжаң — Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс өңіріндегі автономиялық аумақ, жер көлемі бойынша ең ірі әкімшілік аумақтық бөлініс. Солтүстігінде Алтай таулары арқылы 52 км Ресей Федерациясымен шығысында Моңғолияның Баян-Өлгей, Ховд аймақтарымен, оңтүстігінде Тибет автономиялы районымен, батыс-солтүстігінде Қазақстанның Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарымен, батысында Қырғызстан, Тәжікстан Республикаларымен шекараласады. Шыңжаң бес автономиялық округтен тұрады, соның бірі – Іле-Қазақ автономиялық аймағы[1]. Алайда, ҚХР-да тұратын барлық қазақ осы ауданға ғана шоғырланбаған, арғы ата-бабаларының мекендеген аймақтарына сәйкес, бұдан басқа Тарбағатай, Алтай аймақтарында да тұрады. Іле-Қазақ автономиялық аймағы Күнес (كۇنەس), Текес (تەكەس), Нылқы (نىلقى), Мұңғылкүре (مۇڭغۇلكۈرە), Шапшал (شاپشال), Тоғызтарау (توعۇزتاراۋ), Құлжа (ئىلى) болып жеті ауданға бөлінеді. Алтай аймағында Буыршын (بۇرشىن), Жеменей (جەمەنەي), Қаба (قابا), Шіңгіл (شىڭگىل), Көктоғай (كۆكتوعاي), Бурылтоғай (بۇرىلتوعاي) секілді алты аудан бар. Тарбағатай аймағына мынандай бес аудан қарайды:.Тарбағатай (تارباعاتاي), Толы (تولى), Дөрбілжін (دورجىن), Қобықсары (سارىقوبا), Шағантоғай (شاعانتوعاي) (қазір Сауан (ساۋان), Шиху (شىحۋ) аудандары қосылған)[2]. Осы аталған аудандардың аттары да арысы түркімоңғол, берісі қазақ тілінде екенін жоққа шығаруға болмайды. Атау беру қажеттілігімен аяқ астынан ойлап табылған емес, қазақтың тілінде қалыптасқан байырғы топонимдер. Осы тұрғыдан алғанда трансшекаралық топонимия ұғымының аясына тек қана шекара сызығы бөліп тұрған бір географиялық нысанның атауы ғана емес, шекараның ар жақ-бер жағындағы қазақ тіліндегі атаулар да жинақталса керек.

Шыңжаң аймағындағы әкімшілік аумақтық бөліниіс кезінде қазақ тілінде біршама атаулар жасалды. Олар әкімшілік, мекеме, нысан, кәсіп атауларына қатыстылығы жағынан өз ішінде түрлі тармақтарға бөлініп кетеді.

Әкімшілік райондар: автономиялы район, автономиялы облыс, автономиялы аудан, қала, аудан, қалашық, ауыл, қыстақ, мәлі, тұрғындар комитеті, әртүрлі комитет, дүй, малшаруашылық түйіні, егіншілік түйіні.

Арнаулы кәсіп тараулары: алаң, атрет, кен орны, зауот, бекет, серіктік, станса, пұңкіт, мектеп, емхана, кинохана, бәнке, склат, көператив, қонақжай, саудасарай, мәгезін.

Партия, үкімет органы (Әкімшілік орындар): партком, үкімет, тұрақты комитет, саяси кеңес, қоғамқауіпсіздік мекемесі, халық прократурасы, сот мекемесі, бажы мекемесі, почта – телеграф мекемесі, егіншілік машина саймандар мекемесі, егіншілік мекемесі, малшаруашылық мекемесі, су електір мекемесі, астық мекемесі, сауда мекемесі, өнер-кәсіп сауда әкімшілік басқару мекемесі, қалақұрылыс мекемесі, ауыл-қалашық кәсіп-кархана мекемесі, оқу-ағарту мекемесі, денсаулық сақтау мекемесі, мәдениет мекемесі, орманшылық мекемесі,

Жасанды құрылыстар: суқойма, тоған, тоспа, көмей, құдық, жол, көше, көпір, мешіт т.б. Түрлі салаларға қатысты қазақ тілінде жасалған бұл терминдер урбанонимдердің жасалуына негіз болады.

Жаратылыстық географиялық нысандар аты: тау сілемі, тау шоқысы, тау аузы, өзен, көл, бастау, бұлақ, сай, саз, құм, жайылым, өңір, төбе, жаратылыстық қорғау районы, саяхат орны, әйгілі мұралар аттары. Осылардың әрқайсына тән неше мыңдаған топонимдер бар десек қателеспейміз, әрі ондағы атауларда бір-біріне алмасып тілдік қорымызды байытумен бірге ұлттық санамызда өшпестей орын алғаны анық. Бұл тұрғыдан қарағанда Шыңжан аймағындағы қазақтардың байырғы қазақ топонимдерін сақтап отырумен қатар, ресми билік тұсында да атаулардың жаңа нұсқаларын жасау кезінде сол байырғы үлгілерді басшылыққа алғаны байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы аймақтарға қарасты аудандарда және басқа да қазақтар мекендеген жерлерде тарихтың айқын іздеріндей болып жер-су атаулары қалды. Дәстүрлі қазақ қоғамында қашан да мекендеген жеріне қора-қопсы салып немесе басқа да белгі орнатумен қатар географиялық нысанның сипатына қарай атау беру дәстүрі тереңірек дамыған. Бабаларымыз ұлан-ғайыр аймақты осы атаулар арқылы игеріп, меңгеріп отырды. Сол дәуірлерден қалған іздер топонимияда сақталып, тілдік қолданыста бүгінгі күнге жетті. Бұл атауларды жинау мен жүйелеудің өзіндік маңызы бар. Топонимиядағы тарих бүгінге дейінгі аралықта этимология, этнолингвистика т.б. секілді тіл білімінің салалары бойынша

[1] Интернет материалдары бойынша: https://kk.wikipedia.org/wiki Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы
[2] Интернет материалдары бойынша: www.baidu.com

зерттелгенмен, оның пәнаралық сипаты кешенді түрде қарастырылған жоқ. Яғни белгілі бір аймақтардағы, соның ішінде елмізден тыс жерлердегі қазақ топонимиясы қазақ халқының сол жерлерде ұзақ уақыттар бойы мекендегенінен хабар береді, бұл тұрғыдан жер-су атаулары қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Екіншіден, топонимдер таралу аймағына байланысты картадан өзінің орнын иеленуі тиіс, бұл өз кезегінде география ғылымымен сабақтасып жатады. Арелдық топонимия немесе географиялық топонимия ұғымдары тіл білімінде әлі де айналымға ене алмай келеді. Бұл мәселе де күн тәрітібіне қойылуды талап етеді.

Жинақтай келгенде қазақ халқының басынан кешкен тарихы, мекендеген аймақтары туралы деректер топонимияда сақталған. Олар жекежеке емес, тіл білімі, тарих, география салаларының тоғысар тұсында кешенді түрде қарастырылғанда ғана өзінің шешімін таппақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Какеш Қайыржан қатарлылар. Шыңжаңның Қысқаша Тарихы (1-кітап) –Үрімжі: «Шыңжаң Халық Баспасы», 1983. – 618 б.
2. Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: «Шыңжаң халық баспасы», 1986.– 690 б.
3. Жұмашұлы Ғ. Қазақ тілі тарихынан зерттеулер. – Бейжин: «Ұлттар баспасы», 2006.–279 б.
4. Ынтыханұлы Қ. Босқын қазақ көштері және деректі әдебиет. –Астана: «Өрнек», 2015. – 211 б.
5. Хасан Оралтай. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: «Білім», 2005. – 632 б.

ӘОЖ 2:14; МҒТАР 21.31;
https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.001

ӘУБӘКІРОВА ҚАРЛЫҒАШ ӘДІЛХАНҚЫЗЫ,
Филология ғылымдарының PhD докторы, доцент м.а.,
Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Семей қ.,
E-mail: kz.aubakirova@gmail.com

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармаларында және философиялық қарасөздерінде басты назарға алынған, адамның рухани анатомиясының негізгі категориялары: ақыл, қайрат, жүректің функционалдық ерекшеліктері мен олардың маңызы қарастырылған. Тарихи-салыстырмалы және психоаналитикалық анализ негізінде жасалған сараптама барасында ақыл, жүрек және қайрат категорияларының өз ішінде түрлі құбылулары мен сол құбылыстарға, өзгерістерге байланысты олардың функционалдық қызметтерінің де өзгеретіндігі көрсетілген.

Кілт сөздер: рухани анатомия, «ақыл,жүрек, қайрат»категориялары, ұлттық дүниетаным, танатология.

АУБАКИРОВА КАРЛЫГАШ АДИЛЬХАНОВНА,
Доктор филологических наук, и.о. доцента,
Государственный университет им. Шакарима,
г. Семей, Казахстан,
E-mail: kz.aubakirova@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ МЕТАФИЗИЧЕСКИХ КАТЕГОРИЙ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ

Аннотация: В данной статье рассматриваются произведения и философские размышления великого казахского мыслителя Абая Кунанбаева, в которых описаны основные категории духовной анатомии человека: сердце, разум, сила и функциональные особенности их значения. Анализ, основанный на историко-сравнительном и психоаналитическом анализе, показывает, что категории разума, сердца и силы, включая различные явления, и их функциональные особенности имеют свойство изменятся и в связя с этими изменениями меняется их ценность.

Ключевые слова: духовная анатомия, категории «сила, разум, сердце», национальные мировоззрение, танатология.

AUBAKIROVA KARLYGASH ADILKHANOVNA
Doctor of Philology, Acting Associate Professor,
The State University Shakarim,
Semey, Kazakhstan,
E-mail: kz.aubakirova@gmail.com

FEATURES OF METAPHYSICAL CATEGORIES IN THE WORLD OF ABAY

Abstract: This article examines the works and philosophical reflections of the great Kazakh thinker AbaiKunanbayev, in which the main categories of human spiritual anatomy are described: heart, mind, strength and functional features of their meaning. An analysis based on historical-comparative and psychoanalytic analysis shows that the categories of mind, heart and strength, including various phenomena, and their functional functions will change and in connection with these changes, their functional characteristics and value change.

Key words: spiritual anatomy, categories “strength, mind, heart”, national worldview, thanatology.

КІРІСПЕ

Адам баласы жаратылғалы бері таусылмайтын мәңгілік тақырыптардың бірі, классикалық тақырыптардың өзегі – адамның рухани анатомиясы және өмір мәні. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі аңыз-әпсаналар мен мифтік әңгімелердің де жиыны осы сұрақтарға жауап табу мақсатында қалыптасқаны анық аңғарылады. Бұл жөнінде

фолькортанушы С.Қасқабасов: «Өнердің атқаратын қызметі көп екені түсінікті. Оның танымдық қызметінен де басқа қызметтері бар. Айталық, идеологиялық, тәрбиелік, эстетикалық т.б.» – дейді. (Қасқабасов С., Жаназық. 2002). Бұл тұрғыда қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармалары көпқырлы қызмет атқарған кемел шығармалар деп атауға болады. Абай шығармалары дидактикалық сарында білімге, өнерге, ғылымға насихат құралы ретінде ағартушылық мақсатта қалай қолданылса, идеологиялық құрал ретінде де пайдаланылған кездер болғаны рас. Ал, осы дидактикалық, тәрбиелік мақсаттан басқа қандай функционалдық ерекшелігі бар деген сауал келсе, әлбетте, оның «Толық адам» немесе «Иманигүл» сынды философиялық ой – тұжырымдарын басты назарға алатынымыз анық. Абай шығармаларындағы танымдық-дидактикалық бағытта жазылған негізгі метафизикалық категориялар – ақыл, жүрек және қайрат категориялары. Категерия дегеніміз – жалпыға ортақ түсінікті ұғымның орныгуы дейді Эдельман (Концепты гуманитарного дикурса). Мысалы, адамға ақылдың не екенін түсіндірудің жалпы алғанда қажеті жоқ болып көрінуі мүмкін. Тұтас алғанда солай. Бірақ, Абай шығармаларына зер салатын болсақ, Абай ақылды жеке дара қарастырып, оның қандай сыр-сипаты бар екенін өз шығармаларында айқындап, нақтырақ көрсетеді, оның сипаттарын айқындайды, тереңірек талдайды. Бір ғана ақыл қатегориясын адамның ойлау қабілеті ретінде ғана емес, «суық ақыл, нұрлы ақыл» деген сипаттарына қарай «нұрлы» және «суық» деп екіге бөледі. Демек, Абай философиясында ақыл категориясының өзі екі түрге бөлініп, екі түрлі функционалды қызмет атқарып тұр.

«*Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*» – деген Абай (Абай. 2т шығармалар жинағы. 2005), ақылдың«нұрлы» деп жылы жүректен шыққандағы жақсылыққа жетелеуші сипатын қарастырса, адам баласын тек хайуани тірлікке бағыттайтын ақылдық қасиетін «суық» ақыл деп нақтылайды. Дәл осылайша, қайрат категориясын да «ыстық» қайрат, демек әділдік жолында, ақиқат жолында қызмет ететін қайратты «ыстық қайрат» деп бағалауы арқылы қайраттың суынып, онан ары қайратсыз да болатын кейіптің барын аңғартады. Осы ақыл мен қайратқа билік қылатын, адамның шынайы адами болмысын айқындайтын қасиет жылы жүректен шығады деп қорытындылайды.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада Абай Құнанбайұлының шығарамалары мен қарасөздерінде келтірілген метафизикалық, атап айтқанда: ақыл, қайрат және жүрек категорияларының функционалдық ерекшеліктеріне философиялық талдау жасалды. Зерттеу жұмысы барысында ақынның ой-тұжырымдары әлемдік деңгейді ғұламалардың ой-тұжырымдарымен, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен өзара салыстырылып, тарихи-салыстырмалы және психоаналитикалық анализ негізінде метафизикалық категориялардың өзгеріске ұшырайтындығы анықталды. Сонымен қатар, өзгеріске ұшыраған немесе құбылған метафизикалық категориялар өзгеру барысында өздерінің функционалдық, яғни, қызметтік ерекшеліктерін де өзгертетіні анықталды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халықының танымында, сөз қолданысында да жиі кездесетін «тас жүрек», «қара жүрек», «өлі жүрек», «жүрексіз» деген ұғымдарға қарсы «жүректі», яғни, батыр, батыл адамды сипаттау болса, Абай философиясында бұл тұжырымдар жинақталып келіп, «жылы жүрек» деген категориялық ерекшелігімен айқындалады.

Жүрек категориясы философиялық тұрғыда көп қарастырылған зерттеу нысаны. Ұлттық танымда «жүрек көзінің ашылуы», «жылы жүрек», немесе «жүрексіз» деген ұғымдардың болуы қазақ халқының танымында әуелден жүректің функционалдық ерекшелігін тану поцесі болғандығын айқындайды. Егер, адамдың батырлығы оның білек күшінде емес, жүрек күшінде екендігін айқындау жөніндегі ой-тұжырымы болмаса, фольклорда жиі кездесетін «жүректі», яғни батыр ұғымы да болмайтын еді. Қазақ әдебиетінде ең басты кейіпкер, бейне батырлықпен өлшенетін. Яғни, елі үшін туған батыр бейнесі идеалды образ ретінде насихатталатын және сол батырдың батырлығы үнемі жүрекке байлаулы болады. Бірақ, себебі көп қарастырылмайтын еді. Ал, Абай шығармашылығының басты ерекшелігі – Абай жүректің қандай сырлары барын өз шығармаларына анықтап, көрсетіп, айтып кеткен. Бұл категорияларды жинақтап алғанда метафизикалық категориялар десек те болады. Метафизика – физикалық заңдылықтармен түсіндіруге болмайтын құбылыстардың зерттейтін ғылым саласы. Егер, физика заңдылықтары дүниедегі тіршіліктің пайда болу және өмір сүру процесін нақты заңдылықтар негізінде түсіндіріп берсе, нақты осы заңдылықтар негізінде адамның сүю, жек көру, қызғану, жақсы көру т.с.с. сезімдерінің пайда болу және құбылу процесін түсіндіріп беретін формула жоқ. Адамның сезімін бір формулаға салу мүмкін емес. Себебі, бір адам өкпе ренішін ұмытып, кешірім қылса, екінші адам «кекті» өмірінің мәніне айналдырып жіберуі мүмкін. Осындай метафизикалық процестерді есептеу мүмкін болмаса да, түсінуге тырысу үшін Абай арнайы ұғымдарды қолданады. Яғни, метафизикалық категориялардың сипатын ашады. Сондай-ақ, метафизикалық категорияларадың атқаратын қызметін айқындай отырып, олардың құбылу ережелері мен жалпылама заңдылықтарын да ұсынады. Мысалы, егер адамның жүрегі

жылы болса, яғни, махаббат пен мейірімге, ізгілікке толы болса, ол адамның ақылы да нұрлы, қайраты да ыстық болмақ деп түсіндіреді. Ең бастысы Абай бұл категориялардың атқаратын қызметіне және оның өмірдегі мәніне аса қатты мән берген болатын. Себебі, бұл тақырып, Абайға дейін де, кейін ғалым-ойшылдар мен ғұламалардың назарынан тыс қалып көрмеген мәңгілік тақырып еді. Бұл жөнінде философ-ғалымдар былай дейді: «Сонау антикалық дәуірден бастау алған «Құдай», «бақытты қоғам», «бірінші бастшы», «ізгілік және зұлымдық», «әрекетшіл ақыл», «интеллект» сияқты т.б. категорияларды зерделеген грек ойшылдары өздерінен кейінгі ғалымдарға көптеген ойлар салып кетті. Бұл ұғымдарды жаңаша пайымдап ақылға салып, жаңа қырынан таныту қажеттілігі туды. Осы аралықта қоғамда факиһтер (мұсылман құқықтанушылары), араб тілді перипатетиктер және саяси-әдептік теорияларды негіздеушілер топтары қалыптасты. Дана, ұлы ойшыл, ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби жоғарыда аталған перипатетиктердің қатарында еді. Кейде бұларды утопиялық теориялардың негізінде түрлі «қайырымды қалаларды» жасаушылар деп те атайды. Мысалы, әл-Фарабидің «Тахсил әс-сағада» (Бақытқа жету жайында), «Әро-у әхлу әл-мәдинати әл-фазилә» (Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары), «Әс-Сиясату әл-Мәдәния» (Азаматтық саясат) сияқты т.б. шығармаларының барлығы осыған дәлел (Сандыбаев Ж.С., Абжалов С.У., Беркимбаев К.М., Әл-Фарабидің бақытқа жетелейтін «төрт ізгілік» философиясы. 2020).

Өмір сүру және мәнге жету ережесін ұғындыратын нұсқаулықты Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінен молынан кездестіреміз. Өзінің 17-қарасөзінде ақыл, қайрат, жүрек таласқа түскенде де осы үшеуінің барып жүгінетін қазысы ғылым еді. (Абай. 2 т. шығ. жин. 96 б.).

«Баламды медресеге біл деп бердім» – деген Абай ғылым мен білімнің қадір қасиетін әр сөзінде, әр ойында ерекше мадақтап отырады. «Иманды сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек» – деген Абай адамның басшысы жүрек деген қорытынды шығарады. «Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» – деген хакім, ақылсыз, ғылымсыз, қайратсыз жүректің таза болмағы да қиын екенін жақсы ескерткен (Абай шығ. жин., 2005). Сондықтан, адам баласы бақытқа қол жеткізіп, тура жолдан таймасқа бекінсе, хәкімнің жазғанындай, жүрек тазалығын көзінің қарашығындай сақтап, адалдығы мен адамдығының бастауы сол жұдырықтай жүректе басталатынын түсінуі керек дейді. Ад, жұдырықтай жүректің тазалығын сақтау үшін ақыл ғылым-біліммен толысып, қайрат ар мен ұяттан қуат алып, жүрек махаббат пен мейірімге толмағы керек. Ғылымға салса ақылы жақсылыққа жол сілтеп, жүрегі махаббат пен мейірімнен елжіреп, ар-ұяттың жолында қайрат өз міндетін қалтқысыз атқарса, бақ деген сол, адам рухани кемелденіп, өмірдегі өзін және өзінің міндетін, яғни, өмірлік мәнін табады. Бұл күні бүгін айтылған тұжырым емес. Осы уақытқа дейін сонау Аристотель, Сократ хәкімдерден бастап, Фараби, Ибн-Сина сынды ғұламалар қостап, қазақ даласында ғұмыр кешкен әулие-абыздардың, жырау-шайырлардың да насихат қылған сөзі еді.

Егер, хәкім Абайдың Лермонтовтан тәржімалаған «Дұға», «Қасиетті дұға» өлеңдеріне назар аударсақ, тағы да хәл іліміне қатысты жүрек сырлары сөз болады. «Өмірде ойға түсіп кем-кетігің, Тулағыш мінезің бар жүрек сенің» - деген өлеңінде ақын құдаймен арадағы қарым-қатынастың бастауы ретінде өз өмірінің ой елегінен өтуін сөз қылады (Абай шығ. жин., 2005). Демек, адам баласы осы дүниеде қылған әр ісін ойға алып, жүрек таразысына салған кезде, таза жүрек әр істің дұрыс я бұрыстығын анықтай бастайды дейді. Сол сәтте, «Ішінде бір қуаты барға ұқсайды» деп, жүректің ішіндегі рухтың хәлін немесе құдаймен арадағы байланысты астарлы сөзбен жеткізеді. Демек, басқа өлеңдерінде, жалпы тұтас Иманигүл философиясы негізінде ұсынып отырған Абай тәмсілінде адамның рухани анатомиясының мүшелері ақыл, жүрек, қайрат, сабыр, нәпсі т.б. болса, осының бәрін басқарушы жүрек болуы керек екендігін әр өлеңінде баса айтып отырған. Ал, Дұға атты өлеңінде сол жүректің құдайға мінәжат қылып дұға қылғандағы хәлі суреттеледі.

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей,
Көңілден кернеген кек кемігендей
Боладыжылауға да, сенуге де,
Жүректің басынан у төгілгендей - деп құдайды еске алу және құдай алдындағы өз істеріңді таразылау арқылы жүректің ұялғаннан қысылып, өкінгеннен жылап, кектенген көңілді серпілтіп, жүректің тазаруын бұл дүниенің рахаты деп суреттейді.

«Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ...» - деп жырлаған ақын жүректің тыныштығы құдайды еске алып, Алланың химетін, яғни сырын сезінуден тұрады деген оймен тұжырымдалатын сыңайлы. Себебі, адамға бұл дүниедегі тірліктің бәрі алдамшы, осы дүниеде қалатынын есіне түсіріп, шүкір мен тәубаға мойын бұрғызатын рухани басшысы жүрек болуы керектігін Абайдың басқа да шығармаларында көптеп кездестіруге болады. Жүрек құдайды еске алғанда ғана ақыреттің жайын, бұл дүниенің мәнін тағы бір таразылап, дүниаяуи ойлардан ақылын азат етеді. Өзге жүректерге алаң көңілмен ізгілікті насихат қылғанда ғана жүрек рахатқа бөленеді дейді хакім.

«Адамның баласына ашып жаным,

Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар» – деген хәкім: «Ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін...» деп, өмірінің соңына дейін адамның рухани анатомиясындағы басты өзек жүрек екенін атап өткен. Хәкім әр сөзінде жүрекке ие болу жөніндегі тәпсірін өлеңмен жеткізеді. Соның бір тәсілі ретіенде «өлім» категориясының барлығына мойынсұнуды баса назарға алады. Ғылымда, философияда және әдебиеттануда соңғы жылдары баса мән беріліп жүрген тақырыптардың бірі «өлім» ұғымы. Егер, медицинада тәннің өлімін медициналық танатология ғылымы зерттесе, философиялық және әдеби-рухани танымда философиялық танатология деген ғылыми бағыт бар. Бұл әдебиеттанудағы танатология көркем шығармадағы кейіпкерлердің өлім процесін қалай суреттеп, дәлдікпен қалай жеткізетінін зерттеп, талдаса, философия жалпы ақиқат тұрғысынан «өлім» процесінің шындығын зерделейді. Осылайша,

«Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..

Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?..» – деп жырлаған ақынның өмірінің соңғы жылдарындағы жазбасы өмірдің мәні өлім келгендегі адамның жан тапсыру хәлімен өлшенетінін баян етеді. Ғылымда танатология – өлу процесі кезіндегі адамның өзін-өзі сезінуі қандай болады деген мәселелерді қарастыратындықтан, Абай шығармашылығындағы метафизикалық категорияларды саралаған кезде танатологиялық процестердің Абай танымындағы динамикасына да назар аудару қажет. Егер, медициналық танатология тәннің өлімін қарастырса, әдебиеттану мен философия тән өлген кездегі жанның еркіндікке шығу процесін қарыстарды десек дұрыс болар. Әлбетте, философиялық тұрғыда жанның өлімі туралы түсініктің өзі адамның өмір философиясымен, дүниетанымымен тікелей байланысты. Мысалы, егер адам ислам діні негізінде өмірді таныса, оның өлу процесі тән өледі, ал, жан мәңгілік мекеніне аттанады, яғни өлмейді, тек бір дүниеден екінші дүниеге мекен ауыстырады деп түсінікпен қалыптасады. Сондықтан, оның осы өмірдегі іс әрекеті келесі өмірдегі іс-әрекетіне алғышарт ретінде қарастырылады. Ал, діни танымды мойындамайтын адам адамның тәні мен қоса жаны да өледі, өлген алам үшін өмір абсолют түрде аяқталады. Танатологиялық мәселелерде жан өлімін қалай қабылдау мәселесі адамның дүниетанымымен тікелей байланысты болғандықтан, адамның өмірдегі махаббат, мейірім, ақыл, жүрек секілді метафизикалық категориялардың функционалдық ерекшеліктері тікелей осы танатологиялық мсәелелерге, яғни дүниетанымына байланысты деуге болады. Демек, Абай нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек деген метафизикалық категорияларды ерекше бағалап, адам өмірінің мәні осындай ізгілікке негізделген жүрек жылулығымен, нұрлы ақылымен, ыстық қайратымен мәнді болады деген идеалға негізделгенде, оның түп тамыры бір жағынан гуманизмнің көрсеткіші болса, екінші жағынан танатологиялық өлім категориясының алдындағы жауапкершілікпен де тығыз байланысты. Сондықтан, адамның адамшылық қасиеттерін бағалау үшін әуелі сол адамның дүниетанымы мен танатологиялық категорияларды қалай түсінетіндігін айқындау қажет. Бұл ретте, Абай Құнанбайұлы өмірдің мәнін адамшылық тұрғысынан да, өлімнен кейінгі өмір тұрғысынан да кемел тұжырымдармен қорытындылаған. «Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен» – деген хәкім сөзі осы қорытынды ойдың дәлелі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармашылық адамның өмірді тануына негізделген. Өмірдің мәнін тану үшін өлімді түсініп, өмірді бағалап, оның мәнін махаббат пен мейірім сынды адами қасиеттер негізінде айқындайды. Ақынның 44-қарасөзі мен 38-қарасөзі деп танылған «Өсиет кітабы» немесе «насихат сөзі» де осының дәлелі. Өмірдің мәні адамның адамшылық қасиеттерінде деген хәкім адамның рухани анатомиясында басты күшті жүрекке беріп отырады. Бірақ, жүректің де таза жүрек болып сақталуы үшін ақыл мен қайраттың қызметі ерек екендігін атап өтеді. Ақынның өз сөзімен ойымызды қортындылайтын болсақ:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден ерек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек» – дейді.

Демек, адам баласы толық адам болуы үшін жүрегіне ақыл мен қайратты қызметші қылып, ол ақыл нұрға толып, қайраты игі істердің мақсатында жұмсалып, жүрегі махаббат пен ізгіліктен қуат алуы керек. Осы үш бірлік тұтас болғанда адам толық адамдық сипатқа немесе кемел адамға айналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қасқабасов С.А. Жаназық. Астана:Аударма, 2002. 246.
2. Концепты гуманитарного дикурса.https://gtmarket.ru/concepts/6880
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. 2-томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 2005. Б. 296

4. Сандыбаев Ж.С., Абжалов С.У., Беркимбаев К.М. Әл-Фарабидің бақытқа жетелейтін «төрт ізгілік» философиясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 7–14. https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.001

REFERENCES

1. Kaskabasov S.A. Zhanazyk. Astana: Audarma, 2002.24b.
Conceptygumanitarnogodiscursa. https://gtmarket.ru/concepts/6880
Abai (Ibrahim)Qunanbaiuly. 2-tomdyk shygarmalarjinagy. Almaty: Zhazushy. 2005. B 296
Sandybaev Zh., Abzhalov S.U., Berkimbaev K.M. Al-Farabidin bakutka jeteleitin «tort izgilik» filosofiasy// Yasaui universitetinin habarshysy. – 2020.-№3(113). –B.7-14https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.001

УДК 81'1-027.21

БАЙБУЛАТОВА АЙДАНА БАКТЫГЕРЕЕВНА,
2 курс магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
E-mail: aidana—b@mail.ru

КЕРИМБАЕВА БОТАГОЗ ТАЛГАТОВНА,
PhD, қауымдастырылған профессор,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
E-mail: kerimbaeva-bota@mail.ru

ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТ

Түйіндеме. Мақалада «гендер» ұғымы, қазақ, орыс және ағылшын мақал-мәтелдерінің гендерлік сипаты жан-жақты қарастырылады. «Гендер» ұғымының әр түрлі анықтамаларын салыстыра зерттеу арқылы оның мәні сипатталады. Гендер – еркектік пен әйелдікке тән қасиеттердің қоғамда қалыптасуы, олардың қайнар көздері, олардың қалыптасуындағы әлеуметтік үдерістерді сипаттайтын аса күрделі, көп компонентті әлеуметтік-психологиялық құрастырылым. Гендер аясында әйел және ер жынысына қандай психологиялық қасиеттер тән, әйелдер мен ерлерге қатысты қандай мінез-құлық қалыпты немесе нормадан ауытқыған тәрізді мәселелер зерттеледі. Антропоцентрлік бағыт бойынша гендерлік ерекшеліктер қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, тамыры тереңде жатқан ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың наным-сенімдері, әдет-ғұрпы және ділімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. Халықтың өшпес байлығы болып саналатын және ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсететін мақал-мәтелдерге талдау жасау ер мен әйелдің қоғамда алатын орны мен маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: гендер, қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері, гендерлік зерттеулер, антропоцентрлік бағыт, ер және әйел, мәдениет.

Аннотация. В данной статье рассматривается понятие «гендера» и отражение гендера в пословицах и поговорках казахского, русского и английского языков. Сравнение различных определений помогает раскрыть сущность понятия «гендера». Гендер – это социально-психологический конструкт, имеющий сложную многокомпонентную структуру, отражающую сущность, механизм и специфику формирования маскулинности и феминности в обществе. В гендерных исследованиях рассматриваются вопросы, касающиеся маскулинности и фемининности, а также нормы и поведения, присущие мужчинам и женщинам. Согласно антропоцентрическому подходу, гендерные особенности тесно связаны с гендерными ролями, с национально-культурным своеобразием, народным верованием, менталитетом и культурой. Анализ пословиц и поговорок, являющихся кладовой народной мудрости, определяющих особенности национальной самобытности, дает возможность определить их место и роль в обществе.

Ключевые слова: гендер, пословицы и поговорки на английском и казахском языках, гендерные исследования, антропоцентрический подход, мужчина и женщина.

Abstract. This article deals with the notion of «gender» and the reflection of gender in proverbs and sayings of the Kazakh, Russian and English languages. The comparison of various definitions helps to reveal the essence of the concept of «gender». Gender is a social-psychological construct having a complex multicomponent structure reflecting the essence of the mechanism and the specifics of the formation of masculinity and femininity in society. Gender studies consider questions of masculinity and femininity, as well as the rules and behavior inherent in men and women. According to the anthropocentric direction, gender features are closely connected with gender roles, with a national and cultural originality, folk beliefs, mentality and culture. The analysis of proverbs and sayings, which are a storehouse of folk wisdom and determine the features of national identity, makes it possible to determine their place and role in society.

Key words: gender, Kazakh and English proverbs, gender studies, anthropocentric trend, woman and man, culture.

Бүгінгі таңда ерлер мен әйелдер мәдениетінің табиғаты, ерлер мен әйелдер тілі, ерлер мен әйелдердің сөйлеу стильдері туралы мәселе өзектілігін жоғалтпады. Сонымен қатар, әлбетте, гендер – бұл жеке тұлғаның қоршаған әлем туралы ақпаратты өңдейтін маңызды әлеуметтік санаты екені белгілі, яғни гендерлік стереотиптердің әсерінен жеке әлемнің құнды бейнесі қалыптасады.

Гендер категориясы лингвомәдениеттануда

мәдениет пен тіл құбылысы ретінде қарастырылады. В.А. Маслова бойынша: «Гендер – бұл әлеуметтік-психологиялық процестердің, сондай-ақ тілдік тұлғаның мінез-құлқына әсер ететін мәдени көзқарастардың үлкен жиынтығы. Осылайша, гендерде жоғары деңгейдегі мәдени, психологиялық және әлеуметтік аспектілер тоғысуы жүзеге асады. Сондықтан ол философтар мен әлеуметтанушылар үшін ғана емес, сонымен қатар тіл жанашырлары үшін де үлкен қызығушылық тудырады» [Маслова В.А., 2004, с. 27].

Біздің ойымызша, гендер – бұл табиғи биологиялық мәртебесі бар жеке индивид (тұлға) (жыныстық еркек/немесе әйел), адамның ғасырлар бойғы эволюциясы процесінде қалыптасқан әйелдік/еркектік психофизиологиялық белгілер жиынтығы, сондай-ақ мәдени гендерлік стандарттарға сәйкес келетін мінез-құлық үлгілерінің кешені.

Қазіргі линвистикалық парадигмаға «гендер» ұғымы басқа гуманитарлық ғылымдарға қарағанда кейінірек, атап айтқанда, өткен ғасырдың аяғына таман енді. Бұл салаға қатысты еңбектер Батыс тіл білімінде пайда болып, әйел мен ер адамның тілдеріндегі ерекшеліктер туралы алғашқы жүйелі зерттеулер роман-герман тобындағы тілдерде жүргізілді. Ал орыс тіл білімінде осы тақырып бойынша тұңғыш зерттеулер тек өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90-жылдарының басында қолға алынып, 90-жылдардың ортасына таман іргелі ғылыми жұмыстар жазылып жарық көре бастады. Біздің республикамыздың отандық тіл білімінде де гендерлік қатынасқа байланысты зерттеу жұмыстары XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында басталып, қазіргі уақытта жаңа бағыттағы жүйелі зерттеулер жалғасуда. Бүгінгі күні бұл бағыттағы үдеріс басталып, өз жалғасын тауып жатқандығын нық сеніммен айта аламыз. Осылайша, отандық тіл білімінде де жаңа бір бағыттың — *лингвистикалық гендерологияның* (немесе *гендерлік лингвистиканың*) пайда болғандығын айтуға болады.

Қазіргі таңда гендерлік лингвистика негізінен тілдік қатынастағы ерлер мен әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілеріне айрықша назар аударуда. Сол себепті бүгінде әлемдік тіл білімінде әр ел ғалымдары тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесін көтеріп, жанжақты зерттеулер жүргізуде. Гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін талдап-түсіндіруде батыс лингвистері Дж. Лакофф, О. Есперсен, ресей тіл білімінде

А.В. Кирилина, М.А. Китайгородская, Н.Н. Розанова, Е.В. Митрохина, А.В. Бесарабенко, Е.И. Трофимова сынды ғалымдар елеулі үлестерін қосты.

«Гендер» ұғымын тілдік жағынан сипаттап, оның ерекшеліктерін анықтап, дамытқан ғалым – А.В. Кирилина. Автор өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс» ұғымдарын келесідей ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [Кирилина А.В., 2005, с. 133].

Қазақ тіл білімінде тіл мәселелерін гендерлік лингвистика аясында қарастырған зерттеушілер: Б. Хасанұлы, Г. Мамаева, Қ. Жанатаев, Г. Шоқым, М. Ешимов, А. Байғұтова.

Гендерлік зерттеулердің басты мақсаты – әлеуметтік қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген тілдік қарым-қатынасты айқындайтын қоғамдық, танымдық, әлеуметтік, ұлттық факторларын, жеке тұлғаның белгілі бір жыныс ретінде сипатталуына қатысты мінез-құлық ерекшеліктерін, болмыс-бітімін, олардың ер не әйелге тән негізгі қасиеттерінің тілдік белгілерін анықтау.

Гендер – әйел мен ердің әлеуметтік қоғам қалыптастырып шығарған үлгісі іспеттес. Бұл тұрғыда осы ұғым әйел мен ер жынысының әлеуметтік ортадағы, қоғамдық-мәдениет ошақтарындағы өзіндік орны мен ролін айқындайды.

Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін жеке тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Гендер құрылымы жағынан биологиялық жыныс, гендерлік стереотип, гендерлік норма және гендерлік ұқсастық деп төрт жақты болып бөлінеді.

XX ғасырдың 50-жылдары Симона де Бовуардың «Екінші жыныс» атты еңбегінде жалпы ер мен әйелдің бірінші жынысы биологиялық ерекшеліктер болса, екінші жынысы – өзі өмір сүретін қоғам түсінігінде ер мен әйелге айналуы деп көрсетілген.

Зерттеуші А. Чекалина бойынша: «гендер – әлеуметтік психологиялық мағынадағы жыныс, әйелдер мен ерлердің әлеуметтік мінез-құлқын анықтайтын арнайы мәдени және мінез-құлықтық сипаттардың жиынтығы. Гендер аясында әйел және ер жынысына қандай психологиялық қасиеттер тән, әйелдер мен ерлерге қатысты қандай мінез-құлық қалыпты, күдікті немесе нормадан ауытқушылық саналады, сондай-ақ жыныс әлеуметтік жағдайға, жеке тұлға мәртебесіне қалай әсер етеді деген тәрізді мәселелер көптеп қарастырылады» [Чекалина А.А., 2006, с. 24].

Отандық гендерлік лингвистика саласының маманы Ө. Мақановаңың пікірінше гендер әлеуметтік тұрғыда қаралуы тиіс: «Гендер ұғымы жыныстың әлеуметтік құрылымы деген мағынаны береді. Гендер қоғамның әйел және ерге бөлінуінің өзі әлеуметтік өмірдің, жемісі екенін көрсетеді. Сонымен қатар, *гендер* дегеніміз – жеке адамның белгілі бір шектердегі мінез-құлқын белгілейтін және шектейтін әлеуметтік ұстанымдардың жиынтығы» [Маханова Ө., 2003, б. 28-29].

«Әйел» және «ер» концептілері барлық мәдениеттерде кездесетіні белгілі, оларға әдет-ғұрып, фольклор, мифтік санада, «дүниенің қарапайым ой суретінде» айтарлықтай орын берілген. Осы төңірегінде И.А.Гусейнова мен М.В.Томская: «Гендерные стереотипы, представляющие собой стандартные, часто упрощенные и обобщенные мнения о представителях обоих полов, складываются и закрепляются в обществе посредством институализации и ритуализации пола» [Гусейнова И.А., Томская М.В., 2003, б. 28-29] деп атап көрсетеді.

Әйелдер мен ерлердің әлеуметтік рөлі де бірбірінен ажыратылатындықтан, олар қоғамдағы түрлі нормаларға сәйкес реттеліп отырады. Гендерлік таптаурындар деп әлеуметтік мәдени тұрғыдан белгіленген ой пікірлерді танимыз, сондай-ақ жыныс өкілдерінің мінез-құлық нормалары қасиеттері, атрибуттық пікірдің ақиқат бөлігінің тілдегі көрінісі деп білеміз [Шоқым Г.Т., 2009, б. 21].

Көне заманнан бері қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа беріліп, мұра болып келе жатқан, ауыз әдебиетінің бай салаларының бірі – мақал-мәтелдер. «Мақал-мәтелдер – құрылысы жағынан әрі ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, аса шеберлікпен жасалған сөз өрнегі» [Аханов К.А., 1965, б. 250].

Халықтың тарихынан сыр шертетін, мәдени құндылықтарын айшықтап беретін, халықтық пәлсафа мен ұлттық сана, діл тұрғысынан аса құнды мәлімет алу үшін мақал-мәтелдердің гендерлік сипатын талдау маңызды.

Гендерлік сипаттағы концептілер барлық халыққа ортақ. Алайда, әр елдің өзіндік ерекше көзқарасы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен тұрмыстіршілігі бар. Гендерлік сипаттағы мақал-мәтелдер әйел және ер концептілерін қоғамдағы әлеуметтік статусы, отбасыдағы орны шеңберінде қарастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың халық дүниетанымындағы алатын өзіндік орындарын айқындауға қосар үлесі де зор.

Қазақ және ағылшын тіліндегі әйел және ер концептілеріне қатысты ұғымдарды талдасақ, әйел қашанда өмірге нәресте әкелуші, барлық жылулық бастауы, тіршілік тынысы мен отбасының ұйытқысы саналған. Қазақ тілінде әйелді сипаттайтын тіл бірліктерін сәби, қыз бала, бойжеткен, келіншек, келін, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, әже, кемпір деп өз ішінен жасына қарай бөліп атаған.

Ер атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «ер адам» тезаурсын түзетін ұл, ер бала, бозбала, жігіт, ер, еркек, күйеу жігіт, отағасы, әке, ата, баба, ақсақал, қария, шал сөздері мақал-мәтелдерде «ер-ұл», «ер-жігіт», «ер-ер», «ер-күйеу жігіт», «ер-әке», «ер-ата», «ер-баба», «ер-ақсақал» когнитивтік модельдерін құрады.

Қазақ тіліндегі *ер* мен *әйел* арақатынасын сипаттайтын әр түрлі көптеген мақал-мәтелдер бар, оларды айтудағы мақсаты мен мағынасына сәйкес, тарихи қалыптасқан жағдаяттарға сай, қазақ халқының өмір салтына сәйкес бірнеше топтарға бөлуге болады. Солардың ішінде әйелді ақылшы, ер азаматты бағыттаушы, ердің жамандығын жасырып жақсылығын арттырып отыратын отбасы ұйытқысы ретінде сипаттайтын мақал-мәтелдер. Осындай мақал-мәтелдерде әйелді жағымды немесе жағымсыз қарама-қайшылық арқылы суреттеп береді.

Жақсы әйел жаман еркекті еркек етеді,
Жаман еркек жақсы әйелді келсап етеді.
Жаман әйел жақсы еркекті ез қылады,
Жақсы әйел жаман еркекті ел қылады.

Еркек – түздің көркі,
Әйел – үйдің көркі.

Жақсы әйел жаман еркекке біткен бақ,
Жақсы жер, алтын қоныс – алтын тақ.

Жақсы әйел жаман ерін хан қылады,
Жаман әйел жақсы ерін дақ қылады.

Ер – бас, қатын – мойын.

Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді.

Орыс тіліндегі мақал-мәтелдер

Орыс тілінің мақал-мәтел қорында дәстүрлі түрде оң баға алған әйел мінезінің қасиеттеріне мейірімділік, үнемділік, еңбексүйгіштік, жомарттық, кішіпейілділік жатады:

Не та хозяйка, которая говорит, а которая щи варит.

Добрая жена дом сбережет, а худая рукавом растрясет.

Смиренье – девичье ожерелье.

Добрая жена хозяйству научает, а злая от дома отлучает.

От хорошей жены раньше смеха весело.

Ағылшын тілінің мақал-мәтел қорында қыз/әйел ие болуы керек қасиеттердің біркелкі жиынтығы тіркелмеген, алайда оның үй шаруашылығының міндеттілігі мен еңбекқорлығы көрсетілген: әйелі бұл үйдің кілті; әйелдің жұмысы ешқашан жасалмайды: ер адамдар олар үй салады, әйелдер үй салады [Шоқым Г.Т., 2009, б. 21].

Ағылшын тілінде де осы іспеттес мақал-мәтелдер бар, олардан аңғаратын негізгі ой – әйелдің жақсы болуы еріне байланысты, әйел ерінен бір саты төмен тұрады, әйел өз ақылдылығымен және төзімділігімен ерінің жүгін жеңілдететін

қамқоршысы, оның тапқан табысын жеткізе білетіндігін көрсету:

A good husband makes a good wife.

Behind every successful man is a woman.

Men build houses; women build homes.

Man is head, but woman turns it.

Men get wealth and women keep it.

The Good Jill may mend the bad Jack.

A worthy woman is the crown of her husband.

Жоғарыдағы мақал-мәтелдерден әйелге деген 3 менталитеттегі ортақ көзқарас, бір ұстанымды байқаймыз. Үш халықтың да айтар ойы бір, мақал-мәтелдердің семантикасы «Алған әйелің жақсы болса, елге сыйлы боласың» дегенді білдіреді.

Қазақ халқының менталитетінде сонымен бірге, әйелдің еркектен қоғамдағы орны бір саты төмен екендігін, әйелдің жаман болуынан және оның ащы тіл мен қулығын сипаттайтын айшықты орамдарды байқаймыз:

Бұлттан шыққан күн ащы,
Жаман қатынның тілі ащы.

Алтын басты әйелден,
Бақыр басты еркек артық.

Шыққан даудың себебін әйелден ізде.

Астыңдағы атыңа
Қойныңдағы қатыныңа сенбе.

Қатын бастаған көш қараң қалады.

Әйелді даудың бастаушысы ретінде көрсететін мақал-мәтелдердің шығуы тегін емес, ағылшын және орыс тіліндерінде де мағынасы сәйкес мақалдарды кездестіреміз:

One tongue is enough for a woman.

Every woman beautiful till she speaks.

The woman cries before the wedding and the man after.

A woman's work is never done.

A woman told me that a woman told her.

Три бабы базар, а семь – ярмарка.

Бабий язык, куда ни завались, достанет.

На женские прихоти не напасешься.

Лучше раздразнить собаку, нежели бабу

Мақал-мәтелдерге ортақ түсінік, әйелдердің сөзшеңдігі, ұрыстың себебін әйелден іздеу керектігі, әйелдің ісі ешқашан бітпейтіндігі және олар өсекке жақынырақ болатыны сөз етілген.

Қазақ тілінде әйелдің тұрмыс тіршілігінен сыр шертетін мақал-мәтелдер сақталған. Себебі қазақ елі көшпенділік салтымен өмір сүріп, кең даланы мекен етіп табиғатпен етене араласқандықтан таным-түсінігінде де ер мен әйелдің мінез-құлқын ағылшын және орыс ұлтына мүлдем жат құбылыстармен бейнелеуі табиғи нәрсе. Мысалы: *Қатын көп болса шөміште ит жалайды; Екі қатынның баласы екі рулы ел.* Бұл мақалдардың пайда болуы қазақтарда ертеректе бірнеше әйел алушылықпен байланысты.

Қазақ, орыс және ағылшын халқының санасезімі мен әлемдік ойсуретінде ұқсастықтар басым болғанымен, айырмашылықтар да жетерлік. Ағылшын, орыс және қазақ ұлтына да ортақ, басым ұқсастыққа ие болған ер мен әйелге қатысты ой-тұжырымдар:

– Ер адамды әйелден жоғары қойып, олардың көшбасшылық қасиетін бағалайтын мақал-мәтелдер;

– Әйелдің сөзшеңдігі мен өсекке жақын екенін көрсететін мақал-мәтелдер;

– Әйелдің отбасы ұйытқысы және ардақты ана ретінде сипаттайтын мақал-мәтелдер;

– Ер адамды жетістікке жеткізетін, ақылшы және қамқоршысы – әйел екенін ұғындыратын мақал-мәтелдер.

Қазақтың ежелгі мәдениеті мен тұрмыс-салтынан көрініс беретін *әйелге* қатысты мақал- мәтелдер қалыптасып, халық арасында кең тараған. Ағылшын және орыс тілінде мүлдем кездеспейтін мақал-мәтелдер: бірнеше әйел алушылық, әмеңгерлік салты, қызға қалың мал беру сияқты дәстүрлерден мәлімет беретін мақал-мәтелдер. Мысалы, «Аға өлсе жеңге мұра», «Қыз мұраты кету», «Бәйбішеге малын берер, тоқалға жанын берер», «Бастапқы қызыңды жасаулы ұзат,соңғы қызыңның өтеуіне жақсы», «Қалыңсыз қыз болмас», «Құмға төккен білінбес, қызға берген білінбес».

Қыздың тұрмыс құрған соң келін ретіндегі бейнесін суреттейтін мақал-мәтелдер: «Келіні жақсының керегесі алтын», «Жақсы ауылға келген келін – келін, Жаман ауылға келген келін – келсап», «Келінге өкпе тисе төбесі көкке тиеді», «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан», «Келін ененің топырағынан».

Келесі мақал-мәтелдер тобы ағылшын халқының төл мәдениеті мен тұрмыстағы гендерлік таптаурындардан туындаса керек, сондықтан бұл мақал-мәтелдердің қазақ тілінде баламасын кездестірмейміз:

A lady is a woman who makes it easy for a man to be a gentleman.

If you search for a faultless woman, you will remain a bachelor.

A man is as old as he feels, and a woman as old as she looks.

Қазіргі гендерлік лингвистикада әлі де толық зерттелмеген аспектілірдің бірі – туыс емес және мәдениеті әр-алуан қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтап, саралап, талдаудан өткізе отырып, олардың мәдениетіндегі көптеген белгісіз болған қырларын ашу.

«Ер» және «әйел» концептілері барша адамзат баласына ортақ әмбебап құбылыс болғанымен, әр ұлттың «еркектік» және «әйелдікті» анықтайтын өзіндік өлшемдері, оларға жүктейтін жауапкерліктері мен міндеттері, мінез-құлық үлгілері болары анық. Үш тілдегі гендерлік қырлары бар мақал-мәтелдерді салғастыра зерттеу бізге рухани, мәдени жағынан бір-біріне өте алшақ ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін және аталған концептілерге қатысты қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымы мен ой-пайымдауларын ашуға мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдердің гендерлік қырын сөз еткенде біз «әйел» және «ер» бинарлық жұбының жағымды, жағымсыз қылықтарын сипаттайтын мақал-мәтелдерді, бейтарап реңкі бар мақал-мәтелдерді және олардың қоғамдағы орны, қызметі, әлеуметтік статусын, ана-бала және ата-бала, әке-ұл, ана-қыз арасындағы қатынастарды айқындайтын мақал-мәтелдерге талдау жасау өте маңызды болып табылады.

Гендер қоғамда дүниеге келіп, ұлттық тілдік тұлғаға әсер ететін әлеуметтік, психологиялық және мәдени процесстердің жиынтығы. Мұндай процессер келіп тіл білімінде гендерлік лингвистиканы тудырды. Бұл фактор қазақ ауыз әдебиеті, соның ішінде мақал-мәтелдер бойынан жақсы көрініс тапқан. Қай мақалды алсақ та ол ер не әйел адамның жас ерекшеліктеріне, мінез-құлқына және іс-әрекеттеріне байланысты келеді.

Мақал-мәтелдердің гендерлік қырын қарастыру барысында олардың ұлттық-мәдени астарын, рухани мәдениетінің қайнаркөздерін де ашу маңызды, өйткені әр мақал-мәтелдің астарынан халықтық дүниетаным, ұлттық философия, белгілі бір мәдени ақпаратты көре аламыз.

Қазақ, орыс және ағылшын мақал-мәтелдерін салғастыра зерттеудегі негізгі мақсат – әр халықтың әлемдік бейнесін, ұлттық сана мен мәдениетін, қоғамдық даму үрдісінде қалыптасқан ұстанымдарын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ондағы ер мен әйелдің алатын орнын айқындау және олардың әлеуметтік статусы жайында жан-жақты мағлұмат жинау болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Academa, 2004. – С. 27.

2 Кирилина А.В. Язык и гендер. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – С. 133.

3 Чекалина А.А. Гендерная психология. – М.: Ось 89, 2006. – С. 24.

4 Маханова Ө. Білім беру жүйесіндегі гендерлік өлшем // Ақиқат. – 2003. – № 3. – Б. 28-29.

5 Гусейнова И.А., Томская М.В. Гендерный аспект в текстах современной рекламы // Филологические науки. – 2000. – № 3. – С. 91-92.

6 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері. Филол. ғыл. докт. дис. – Алматы, 2009. – Б. 21.

7 Аханов К.А. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1965. – Б. 250.

ӘӨЖ 373.1
ҒТАХР 14.25.09

БЕКБОЛГАНОВ ЕРИК ДЖУМАБАЕВИЧ,
п.ғ.к., оқытушы,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық Университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,
E-mail: alma_bekbolganova@inbox.ru

ӘДІЛ НАРГИЗ,
2 курс магистранты,
арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасы,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық Университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

АРНАЙЫ ТҮЗЕТУ МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Андатпа. Мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың жетілу кезеңінде көрінетін және ақыл-ойдың жалпы деңгейін қамтамасыз ететін қабілеттері қарастырылған. Басатуыш сынып оқушыларының сыртқы әлеммен танысудың негізгі міндеттері анықталған. Арнайы түзету мектепте ерекше қажеттілігі бар бастауш сынып оқушыларының қоршаған орта туралы идеяларды қалыптастыру үшін жүргізілетін түзету жұмыстары зерттелген.

Кілтті сөздер: қоршаған орта, ерекше білім қажеттілігі, таным процесі, ақыл ой кемістігі

Аннотация. В статье рассматриваются способности учащихся с особыми образовательными потребностями, проявляющиеся в период зрелости и обеспечивающие общий уровень интеллекта. Определены основные задачи ознакомления учащихся старших классов с окружающим миром. Изучена коррекционная работа, проводимая в специальной коррекционной школе для формирования представлений об окружающей среде у учащихся начальных классов с особыми потребностями.

Ключевые слова: окружающая среда, особые образовательные потребности, процесс познания, умственная отсталость

Annotation. The article examines the abilities of students with special educational needs, which are manifested in the period of maturity and provide a General level of intelligence. The main tasks of familiarizing high school students with the world around them are defined. We studied the correctional work carried out in a special correctional school to form ideas about the environment in primary school students with special needs.

Keyword: environment, special educational needs, learning process, mental retardation

Қазіргі уақытта өмір тез өзгеріп отырады, сондықтан адам әрқашан ондағы өзгерістерді бақылай алмайды, ол тек өзгеретін өмір жағдайларына табиғи тұрғыда тез және оңай бейімделеді. Соңғы онжылдықтағы қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өмірдегі өзгерістер білім беру жүйесін жетілдіру міндетін өткір қойып отыр, мұнда зияткерлік дамуы бұзылған балалармен түзету жұмыстарының тиімділігін арттырудың жолдары мен тәсілдерін іздеуге баса назар аудару керек.

Арнайы түзету мектепте ерекше қажеттілігі бар бастауш сынып оқушылары - дамуында ауытқулары бар балалар. Олардың ішінде айтарлықтай пайызы-орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануына байланысты психикалық дамудың қалыпты бағыты бұзылған ақыл-ой кемістігі бар балалар. Осы зақымданудың мерзімдері мен ауырлығына байланысты ақыл-ой кемістігінің әртүрлі дәрежесі де көрінеді, ақыл-есі бұзылған балалар санаты-бұл әр түрлі қарқынмен, психофизикалық даму динамикасымен және түзету-педагогикалық әсер ету жағдайында оқытудың әлеуетті мүмкіндіктері бар өте гетерогенді топ.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «қауіпке бейім топтағы» балаларға әртүрлі синонимдік анықтамалар берілген: «қиын өмір ситуациясындағы балалар», «ерекше қиын өмір жағдайындағы балалар», «ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар», «қоғамдық тәрбиені қажет ететін балалар», «мемлекеттің көмегін қажет ететін балалар» [Мудрик А.В., 2002 ж.. 26 б.] және т.б. «Қиын өмір ситуациясындағы балалар» анықтамасын дифференциялауда мынандай өлшемді (критерийді) көрсетеді: «ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар»; «мүгедек балалар»; «психикалық және дене кемістігі бар балалар»; «ұл-

таралық және қарулы қақтығыстардың, шиеленістердің құрбандығына немесе виктимизация (лат. «victimaқұрбандық») процесіне ұшыраған балалар», стихиялы апатқа, экологиялық және техногендік катастрофаға ұшыраған балалар; экстремальді жағдайға тап болған балалар; арнайы оқутәрбие мекемесінде еркінен айырылып жазасын өтеп жатқан балалар; отбасында тұратын балалар; мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалар; яғни әртүрлі жағдайлардың нәтижесінде өмірлік іс-әрекетті объективті түрде өзгеріске ұшыраған, өзгерген және бұл жағдайдан өз бетінше немесе отбасының көмегімен шыға алмайтын балалар деп анықтама берілген [Мардахаев Л.В., 2012 ж., 47 б.].

Ерекше білім беру қажеттілігі бар бастауш сынып оқушыларын әлеуметтендіру сәтті болу үшін әлем туралы толыққанды идеялар маңызды болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, баланың әлеуметтік дамуы оның айналасындағы әлемді білу және әртүрлі өмірлік жағдайларда білімін пайдалану тәсілдерінде көрінеді. Әрбір ерекше бала біртіндеп өзін және басқаларды түсінуге үйренеді. Жасы ұлғайған сайын бала объективті, табиғи және әлеуметтік әлемді кеңінен тани бастайды. Қоршаған әлем туралы идеялар кеңейген сайын баланың зияткерлік және адамгершілік дамуы артады, танымдық сала мен жеке қасиеттер дамиды.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылым мен тәжірибеде «білім беру ортасы» ұғымы ол тарихи қалыптасқан әлеуметтік-мәдени ортаның ішкі жүйесі ретінде қарастырылады және сонымен бірге жеке тұлғаның дамуы жүзеге асырылатын арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдайларды көрсетеді [Тарасов С.В., 2011 ж. Электрондық ресурс].

Ерекше балаларда қоршаған әлем туралы идеяларды қалыптастыру мәселесі - олар білімге деген қажеттілікті сезінбейді. Мұндай балалардың айналасындағы әлем туралы білімі мен идеялары айтарлықтай шектеулі. Олар қоршаған әлемнің объектілерін жеткілікті түрде ажыратпайды, олардың маңызды және қайталама белгілерін анықтамайды. Мұндай балалардың есте сақтау қабілеті нашар дамыған және ақпаратты жаңарту қиынға соғады. Сондықтан олардың идеялары дәл емес, бұрмаланған болуы да мүмкін.

Қазақстандық ғалымдар И.Г. Елисеева мен Р.А. Сүлейменова және басқалар өз еңбектерінде тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылардың дені сау құрдастарымен тең дәрежеде білім алуы үшін ерекше білім беру ортасын ұйымдастыру қажеттілігін алға тартады [Елисеева И.Г., Сулейменова Р., 2015 ж., 57 б.]. Қоршаған шындықтың объектілері мен құбылыстары туралы білімді қалыптастыру баланың ақыл-ой дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оны қоршаған әлемге енгізу қажеттілігімен байланысты. Бұл біздің зерттеуіміздің, яғни осы мақаланың өзектілігін көрсетеді.

Арнайы түзету мектептерінде білім алу оқушылар үшін жетекші қызмет болып табылады, себебі мұндай оқу орындарында балалардың психикалық және интеллектуалдық деңгейін анықтай отырып, олардың дамуын, сондай-ақ жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар бірқатар ерекшеліктермен байқалады, мысалы, назардың тұрақсыздығы, импульсивтілік, сөйлеуді реттеудің әлсіздігі және т. б.

Кейбір оқушыларда зейіннің максималды концентрациясы берілген тапсырманы орындау кезінде анықталады және жұмыс жалғасқан сайын бұл факторлар тұрақты түрде төмендейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларда назар тұрақтылығы олар қызметке тікелей кіріскеннен кейін ғана пайда болады. Дегенмен тапсырманы орындау барысында зейіннің мезгіл-мезгіл ауытқуы және біркелкі жұмыс істемеуі байқалады. [Шевченко С.Г., 1999 ж., 36 б.].

Әдебиеттегі ақпаратқа сүйене отырып, қоршаған әлем туралы идеяларды баланың айналасындағы объективті, табиғи және әлеуметтік шындықтың әртүрлі аспектілері туралы жалпы білімнің жиынтығы ретінде анықтауға болады, ол санада бейнеленген қабылдау мен қиялдың бейнелеріне негізделген, түсінуге және белгілі бір жолмен құрылымдалған. Қоршаған орта туралы идеялар шынайылықты толық бағдарлау мүмкіндігін, оны түсіну және онымен өзара әрекеттесу мүмкіндігін анықтайды. Сонымен бірге, біз қоршаған әлем туралы идеяларды бала әлемінің бейнесінің құрылымдық құрамдас бөлігі ретінде қарастыратындықтан, олардың субъективті сипатын, эмоционалды түсін мүлдем елемеуге болмайды.

7-11 жастағы бала құбылыстарды «осында және қазір» бар нәрсеге байланысты қабылдайды. Бұл оның білім алу мүмкіндігін айтарлықтай шектейді. Дегенмен, кіші мектеп жасы әлемге деген жоғары қызығушылық кезеңі ретінде ерекшеленеді. Оқушыларды сыртқы әлеммен таныстыру - бұл сенсорлық тәжірибеге және оған дұрыс көзқарасты тәрбиелеуге негізделген әлем туралы шынайы білімнің санасында білім беру құралы.

Әлем туралы, заттар мен құбылыстар туралы білімді қалыптастыру баланың ақыл – ой дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қоршаған әлем туралы білім мазмұны объектілердің қасиеттері, қасиеттері мен мақсаты туралы нақты және толық идеяларды қалыптастыруды қамтиды. Балалар күнделікті өмірде, серуендеу кезінде, әртүрлі іс-әрекеттерде әлем туралы білім жинай алады. Адамның өмірі мен қызметі сыртқы әлеммен байланыссыз болмайды. Тек ақылға қонымды ұйымдастырылған іс-әрекет жеке тұлғаның толық дамуының алғышарттарын

қамтамасыз етеді, табиғат пен адамзат қоғамының қалыпты өмір сүру мүмкіндігіне кепілдік береді.

Адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу нормаларын игеру баланың мектепте болған кезінен бастап мақсатты түрде жүзеге асырылады. Адамның қоршаған әлем туралы идеяларын дамыту үшін кіші мектеп жасы әсіресе нәтижелі. Сонымен қатар, олардың бастауыш мектепте қалыптасуы әрдайым тұтастық принципіне негізделмейді.

Арнайы түзету мектепте ерекше қажеттілігі бар бастауш сынып оқушылары:

- бір іс-әрекетті ұзақ уақыт жалғастыра алмайды;

- қарапайым хабарларды түсіну мүмкіндігі төмен;

- мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын меңгере алмайды.

Ақыл-ойдың дамуы-бұл психиканың кешіктірілген немесе толық емес дамуы, ол, ең алдымен, жетілу кезеңінде көрінетін және ақыл-ойдың жалпы деңгейін қамтамасыз ететін қабілеттердің бұзылуымен сипатталады, яғни танымдық, сөйлеу, моторикалық және әлеуметтік қабілеттер. Ақыл-ойдвң кемістігі кез-келген басқа психикалық немесе соматикалық бұзылулармен дами алады немесе онсыз пайда болуы мүмкін. Ақыл-ой кемістігі-бұл «ақыл-ойдың аз мөлшері» ғана емес, бұл орталық жүйке жүйесіне органикалық зақымданудың нәтижесі болып табылатын бүкіл психиканың, тұтастай тұлғаның сапалық өзгерістері. Бұл кезде тек ақыл ғана емес, эмоциялар, ерік-жігер, мінез-құлық және физикалық даму да зардап шегеді. Ақыл-есі кем балалардың патологиялық дамуының мұндай диффузиялық сипаты олардың жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктерінен туындайды.

Ақыл-ой кемістігінің себептері өте көп. Негізінен, бұл әртүрлі факторлар бойынша 3 жасқа дейін пайда болған баланың миының органикалық зақымдануы болып табылады.

Жеңіл ақыл-есі кем балалардағы барлық психикалық процестердің дамуы сапалы өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді. Мұндай балалардың танымның сезімтал кезеңі: сезім мен қабылдау. Бірақ бұл танымдық процестерде де жетіспеушілік әсер етеді: визуалды, есту, кинестетикалық, тактильді, иісті және дәмдік сезімдердің дифференциациясының дәл еместігі мен әлсіздігі қоршаған ортадағы ақыл-есі кем балалардың бағдарлануының жеткіліктілігіне әкеледі. Қабылдаудың көлемі мен қарқынының бұзылуы, оның жеткіліксіз сараланuы зияткерлік кемістігі бар баланың бүкіл даму барысына теріс әсер ете алмайды.

Ақыл-ой кемістігі бар кіші мектеп оқушыларының ойлау қабілетін дамытуда әлеуеті аз болады. Ойлаудың негізі - талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, абстракция, нақтылау сияқты операциялар. Ақыл-ой кемістігі бар балалардағы бұл ақыл-ой операциялары объектінің бөліктері арасында қарым-қатынас орнату, оның маңызды белгілерін бөліп көрсету және оларды маңызды емес заттардан ажырату, объектілерді ұқсастық пен айырмашылық белгілері бойынша табу және салыстыру және т. б. қиындықтарда көрінетін бірқатар ерекше белгілерге ие.

Каждое стихотворение содержит в себе такие единицы-константы, которые в рамках данного текста являются доминантными. Они структурно необходимы для формирования картины мира, в их числе могут быть культурные, эстетические, духовные, психологические, эмотивные константы. Поэзия Абая отличается гармонией поэтической картины мира, богатством языковой картины мира, сложностью и разнообразием констант, которые являются «отображателями» и «формирователями» картин мира, соответствующими его текстам.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Поэтический текст всегда представляет определенную сложность для перевода, так как концептуальная и эстетическая нагрузка в нем связана с национальным лингвокультурным своеобразием и культурно-духовным контекстом, которые реализуются в рамках определенной стихотворной формы, присущей национальной традиции. О том, что сочетание указанной специфики, в тексте создает особые эффекты содержательного характера, указал Ю.М. Лотман в своем исследовании «Анализ поэтического текста» (1972). В поэтическом произведении особенно трудно определить эстетическое своеобразие текста, реализуемое на базе сложного комплекса выразительных средств. Поэтому переводоведение непрестанно изучает проблему о том, как соотносить перевод лирического произведения с оригиналом, какая степень трансформации и интерпретации здесь допустима и результативна. Вполне естественно, что у исследователей сложились по этому поводу некоторые конвенции общего характера. В числе которых убежденность в том, что при переводе поэзии художественно значимые компоненты формы неизбежно трансформируются. Часто обсуждается и тезис о практической невозможности перевести весь комплекс эстетически значимых смыслов стихотворения. Таким образом, вопрос о степени адекватности перевода в лирике приобретает особую актуальность. Зачастую критерием такой адекватности считается не близость смыслов и не общность поэтических функций, а единство концептуальной программы автора и переводчика, и сопоставляемость эстетического воздействия на реципиента. Конечно, такая точка зрения на первый взгляд кажется теоретически неуязвимой. Но её приложимость к практике сравнительного исследования вызывает много вопросов. Сопоставляя оригинал и текст перевода необходимо рассмотреть их соотнесенность на разных уровнях языковой и речевой реализации, сравнить особенности стихотворной фор-

мы, специфику поэтических средств. Методологическая база научного исследования имеет определенную мысль изучаемого объекта, отражающей его устройство и функции. Наиболее предпочтительной в данном случае может быть функционально-семиотическая модель, которая позволяет рассматривать поэтический текст как знаковое образование, имеющее ряд специфических функций. Гегель так определил специфику лирики: «все субъективное, внутренний мир, размышляющая и чувствующая душа». [Гегель В., 1971, с. 120]. Современный исследователь специфику поэзии связывает с «переживанием» [Хализев В.Е., 2000, с. 230]. Видимо, здесь важен личный опыт человека, который возникает как эмоциональное состояние сознания в результате общения с миром, затрагивающим физиологию, моторику, психику, интеллект. Разумеется, переживание длится во времени, продуцируя создание стихотворения. Поэтому с определенной долей условности текст стихотворения можно считать знаком, отражающим и выражающим авторское переживание, а также процесс его объективации и осмысления. Не менее важную роль в лирике играет и эстетическая функция, которая влияет на чувства вне рационального рассмотрения причин этих ощущений. Вместе с тем факт эстетического отношения к явлению и предмету должно рассматриваться как следствие глубинных причин содержательного характера.

Методы современной филологии позволяют описать и истолковать содержательные, смысловые, духовные, эстетические переживания в поэтическом тексте. Не следует упускать из вида и то, что каждый язык отражает особенности этнокультуры, истории, менталитета того народа, который на нем говорит, а каждый художественный текст создается в рамках определенной литературной традиции. Элементы этой культуры могут быть порой совершенно незнакомы и непонятны носителям других языков. Правомерность или неправомерность снятия национальной специфики в переводе лирических текстов тесно связана с целью переводческой интерпретации. А проблемы хронологической адаптации поэзии Абая, созданной в XIX веке, во многом анологичны проблемам национально-культурной адаптации, где так же важна роль оппозиция «свое – иное – чужое» и «общее».

Такое интегративное понимание, опирающееся на достижения антропологической парадигмы лингвистики, предлагает А.Д. Швейцер, где перевод определен одновременно и процессом, и результатом, то есть межъязыковым преобразованием и преобразованным текстом [Швейцер А.Д., 1988, с. 6].

Такое понимание перевода характерно и для интегративных подходов, требующих его квалификации как проявления человеческой активности. Уточнение статуса этой активности осложняется широтой диапазона его действий, охватывающих все сферы жизни отдельных этносов и человечества в целом. Вместе с тем, и привлекающих все функциональные разновидности языков, включая стиль художественной литературы. Несмотря на различия в механизмах осуществления перевода, все более утверждается мнение о том, что он представляет собой особую форму речевой деятельности, акт межъязыковой коммуникации [Швейцер А.Д., 1988, с. 42]. Особенность перевода национальной поэзии обусловлена множественностью факторов, участвующих в нем. Это и специальная информация, в том числе фактор национальности, и культурно-исторические и психологические, и языковые фильтры, которые фиксируется в тексте оригинала. Все это воспринимается и воспроизводится в переводном тексте, который строится при участии тех же детерминантов, но уже в переводном языке. Изучение процесса двойной коммуникации, обладающей большим количеством параметров, оказывается весьма затруднительным занятием, если переводоведению не обращаться к смежным дисциплинам. К их числу относятся психолингвистика, этнолингвистика, стилистика текста, сопостовительная стилистика, лингвокультурология, семиотика. Психолингвистика вооружает переводоведение сведениями о механизмах порождения и восприятия речевых высказываний, о их моделях, о мотивированности речевой деятельности извне, о зависимости конструирования текста или его восприятия от коммуникативной ситуации, в случае перевода о зависимости генерирования высказывания от двух коммуникативных ситуаций создания оригинала и перевода. Значимой для теории перевода является возможность использования достижений стилистики текста, в том числе понятий об универсумах текста, когда-то сформулированных Ю. Найдой, а также вопросов об актуальном членении текста, о его смыслах, модальности, прагматике, жанрах. Этнолингвистика и лингвокультурология изучают социальную стратификацию языка, отражение в нем истории, культуры, особенности мировидения и характера этноса – носителя языка.

Современная теория перевода все более склоняется к идее о том, что самой универсальной единицей перевода является текст и поэтому эквивалентность должна быть функциональной. Обычно эквивалентность признается относительной, хотя и к ней предъявляется требование полноты. Разумеется, тождество содержания между двумя разноязычными высказываниями особенно трудно достижимо в области художественного перевода, в число детерминантов которого входят литературные традиции, этномаркеры, трудно поддающиеся переносу без трансформации, тем более в поэзии таких вы-

дающихся творческих личностей как Абай. В его стихотворениях они проявляются в неповторимой индивидуальной поэтической форме. Воссоздание такого художественного, эстетического эффекта тесно связано с трансформацией экспрессивно-эмоционального плана содержания оригинала в тексте перевода. Если согласиться с мнением о том, что «в подлиннике» автором создается некий образно-поэтический мир, составляющий художественное содержание оригинала [Чайковский Р.Р., Лысенкова Е.Л. 2001, с. 189], то возникает вопрос о его проницаемости или усвояемости для носителей других культур. Сопровождающий в таких случаях проблему перевода стилистической лакуны можно преодолеть с помощью феномена переводной множественности. Одним из оснований устранения потерь в степени интенсивности и в степени разнообразия эмотивного смысла при перекодировке может стать использование принципов теоретической стилистики известного ученого Х.Х. Махмудова как возможной теоретической базы поэтического перевода. Известно, что исходное положение этой теории содержит оппозицию, где стилистика языка художественной литературы противопоставляется стилистике нехудожественных стилей. Стилистический комплекс является частью творческого контекста. Стилема создает коннотативный фон текста, несет важную часть имплицитной информации, выполняет художественно-эстетическую функцию. Стилемы в трудах казахстанского лингвиста классифицируются по набору и составу признаков. В его исследовании «Русско-казахские лингвостилистические взаимосвязи» [Махмудов Х.Х., 1989, с. 123] различаются стилемы – композиты и функциональные стилемы. Первые, по мнению Х. Махмудова, обладают стилистической достаточностью и функциональной значимостью, так как отражают и мировоззрение автора. Вторые обладают в основном стилистической достаточностью. Если в стилемах-композитах происходят семантические сдвиги и они преобразуются творческой волей и мышлением творца, то в роли функциональных стилем языковые единицы не изменяют своих системных, нормативных значений. Стилемы-композиты относятся к ядру стилистической системы автора текста. А функциональные зачастую относятся к периферии. Ядерные и периферийные стилемы объединяются межгрупповыми (экспрессивными) отношениями и образуют стилистические комплексы, индивидуализирующие контекст автора. Таким образом, стилема является частью творческого контекста, в который вводятся и элементы нехудожественных стилей. Представляя мировоззрение автора, его языковую личность, она сближается с единицами языка.

Сравнительно недавно схожие понятия обозначены как лингвокультуремы. Они вбирают в себя, аккумулируют в себе как собственно языковые представление («форму мысли»), так и неразрывно связанную с ним «внеязыковую, культурную среду» (ситуацию, реалию)» [Воробьев В.В., 1997, с. 48]. На практике перевода часто наблюдается то, что чем уже сфера действия лингокультуремы, тем сложнее ее перенос на другой языковой код. Это касается национальных лингвокультурем, транспозиция которых в другой язык часто происходит в виде заимствования. Это касается и стилем, перекодировка которых определяются их ролью в обеспечении межкультурной коммуникации, в которой особое место занимает неповторимый поэтический мир творческой личности. Итак, стилема как признак художественного стиля возникает в самом тексте. Представляя способ самовыражения автора, средство объективации постоянной работы его духа в творческих поисках, она превращается в сигналы нового, уникального духовно-эстетического опыта, облеченного, как правило, в известные, представляемые языком в готовом виде знака. Поэтому основным критерием этого компонента выделения является семантический смысл, который наращивается на их системные значения и поддерживается контекстуальными связями. Таким образом. Межъязыковые преобразования стилем может осуществляться только на уровне текста и при постановке вызывающей коннотативную, прагматическую, формальную эквивалентности. Так переводный текст сохраняет в себе в определенной степени содержательные, жанрово-стилистические, художественные особенности оригинала. При этом стилема преобразуется. Из единицы художественного стиля она превращается в семантическую единицу, рассеивающую себя в тексте, сообщая всему тексту свою когнитивно-коннотационную функцию. Существует мнение о том, что функция знаков, составляющих исходный текст, выходят далеко за пределы самого текста и во многих случаях требует определенных фоновых знаний, внимательного, осознанного чтения, интуиции, вчувствования, рефлексии. В процессе перевода художественного текста ситуация осложняется, потому что транслятору предстоит заниматься не только предпереводческим анализом, но и интерпретацией исходного текста. При этом следует обращать внимание на различие эмоционального типа опыта автора оригинала, переводчика и реципиента переводного текста. Игнорирование или недооценка степени эмоционально-экспрессивного содержания оригинала наносит информационный ущерб переводному тексту. Такие упущения (недооценка эмоциональных лакун) встречаются достаточно часто в переводах поэзии Абая Кунанбаева на русский язык. С этой точки зрения полезный и интересный материал можно найти в попытках перевода весьма содержательных, причудливых

стилем в стихотворении Абая «Сенбежұртқатұрса да қанша мақтап». Буквальный перевод таков: «Не верь людям, которые постоянно хвалят тебя». Это стихотворение часто приковывает к себе внимание разных переводчиков. И это не случайно. Журнал «Простор» в 1986 году объявил конкурс по переводу стихотворений Абая. В конкурсе приняли участие около двадцати переводчиков, которые предложили свои образцы перевода этого стихотворения поэта. В журнале были опубликованы все переводы участников конкурса. Существуют и предыдущие и последующие переводческие интерпретации этого лирического творения великого поэта. Перед нами не рядовое поэтическое творение, а образец многозначной медитативный лирики. Центральное место в этом стихотворении, по мнению исследователей, занимают философские мотивы, взаимоотношения человеческого «Я» с окружающим миром. Мотив отчужденности человека, который рождает в нем чувства страха и неуверенности перед лицом вещного мира. Кроме того, это мотив преодоления подобной участи путем образного «вчувствования», «вживания» в окружающий мир. На этом пути лирический герой Абая волен сделать свой выбор в решении философских вопросов, однозначное решение которых весьма проблематично. Философские проблемы оригинала посредством стилем переводятся в знаковую плоскость и формулируются в виде вопроса без ответа обращенного к неопределенному адресату. Вопрос этот оформлен так, что он может восприниматься как однозначный ответ на заявленные лирическим «я» проблемы. Однако сущность самого ответа – утвердительная или отрицательная – установить весьма сложно. Логика-синтаксическая и лексико-семантическая специфика текста оставляет допустимым и тот, и другой вариант ответа. В переводах этого стихотворения философские проблемы либо не ясно сформулированы, либо носят противоречивый характер. Эти переводы, независимо от степени их лингвистического буквализма не всегда способны передавать особое эстетическое впечатление оригинала. Стилемы-композиты «жұрт», «қулық», «сенгіштік», «құмарпаз», «салпылдапсағымқуу», «қызық», «оңғақ», «жүрек» не восприняты переводчиками как особые семиоэстетические знаки, что сказывается на уровне и качестве переводов.

Последовательное рассмотрение всех вариантов перевода займет много места, поэтому выборочный анализ нескольких переводов позволит сделать определенные выводы.

Оригинал:
Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме
Қызық келсе, қызыққа, оңғаққаерме
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде
Сонан тап қаншынасыл, тастай көрме.

1. «Не склонись, не упади в лихие дни,
В буйный радости себя не урони.
И на дне своей души, коль дна достанешь,
Ты сокровища отыщешь, – сохрани!» (Перевод В. Налимова)

2. «Горе злое придет – не клонись перед бедой,
Радость душу пьянит – ты останься собой.
В сердца глубь погрузись, его тайны познай,
Чистый перл там найдешь, и отныне – он твой. (Перевод Драгоман).

3. «В беде мужайся, выстоять сумей,
А если радость – сдержан будь и в ней.
Прислушайся к себе, проникни в глубину,
Жемчужину найдешь – ее терять не смей» (Перевод Ю. Гдовского).

4. «Беда придет – быть твердым научись,
Придет удача – счастьем некичись.
Познай себя, и в глубине души,
Мерцаньем смысла жизни заручись (перевод З. Пахаруковой).

5. «Там в глубинах бытия, в небе, во мне,
В створках сердца, погруженная на дне
Ждет жемчужина, мерцая...
Обретешь....
Ни в пучине, ни в огне
Не пропадешь. (Перевод В. Киготь)

ВЫВОДЫ

Таким образом, мы можем предположить, что различные переводческие истолкования одного стихотворения Абая, несущего на себе глубокий отпечаток авторской индивидуальности, связаны с функционально-стилистической дифференциацией оригинала. Заметны большие различия в характере выбора языковых средств и их способов организации в переводах. Наблюдаются отличие целей, прагматических установок переводчиков, разница межличностных установок автора и транслятора. Именно такой комплекс экстралингвистических факторов определил искажения в переводных текстах. В результате неверного восприятия и некорректной передачи этнокультурной информации текст перевода вызывает представление об объекте мысли, отличное от представления, которое стремился выразить поэт. В какой степени эти варианты можно считать индивидуальными переводческими интерпретациями? Какова степень их адекватности оригиналу? Чтобы подробно ответить на эти вопросы, необходимо провести лингвопоэтическое и сравнительно-стилистическое исследование стихотворения с целью выявления специфики его коммуникативной,

семиотической и эстетической организации. Большое значение имеет формализация семантических тонкостей стилем, их смысловых оттенков. Например, стилема «қайғы» в оригинале многозначна, перевод на русском языке может иметь такие вариативные значения как горе, печаль, несчастье, скорбь, злой рок, душевный разлад, беспокойство. Не обращено достойное внимание семам и семантическим множителям. К тому же подбор эквивалентных соответствий стилемам оригинала в текстах переводов не осуществлен с учетом коннотативных, эмоционально-оценочных, иллокутивных, образно-экспрессивных компонентов значений стилемы стихотворения Абая. При этом в каждом из вариантов перевода резко смещаются концептуально важные акценты этнокультурного содержания, что обуславливает спорную смену сути этностилемы и упрощение механизма эстетизации.

Следует заключить, что сравнительно-стилистическое или лингво-поэтическое исследование поэтического текста и его переводов, могут служить критерием определения онамасиологической направленности текстов, функции стилистического комплекса. Необходимо отметить то, что стилемы тесно связаны с существенными формальными и содержательными особенностями произведения казахского поэта, в их числе культурно-исторические контексты, особенности поэтической организации, символическая и семиотическая составляющие. Уверены, что стилемы несут часть этой информации в тексте, поэтому обращение достойного и пристального внимания стилистическому комплексу в стихотворениях Абая способствует существенному повышению качества переводов его поэзии. Стилестический комплекс отражает противоречия и лакуны смысловой структуры и являются этномаркерами способа преобразования переживания, что поможет переводу привносить в другую литературу иную духовность, новые культурно-эстетические ценности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Гегель В. Эстетика в 4-х томах. Том 3. – М.: Искусство, 1971. – 623 с.
2. Хализев В.Е. Теория литературы. – М., 2000. –309 с.
3. Ожегов И.С. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1983. – 816 с.
4. Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
5. Чайковский Р.Р., Лысенкова Е.Л. Неисчерпаемость оригинала. – Магадан: Кордис, 2001. – 211 с.
6. Махмудов Х.Х. Русско-казахские лингвостилистические взаимосвязи. – Алма-Ата: Наука КазССР., 1989. –283 с.
7. Воробьев В.В. Лингвокультурология (Теория и методы) – М., 1997 – 331 с.

УДК 81

Есенжан Дина Әнесқызы,
профессор, филол.ғ.к.,
шығыс тілдері және аудара кафедрасы,
Абылайхан атындағы ҚХҚжӘТУ

КӨРКЕМ АУДАРМА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХАҚЫНДА

Түйін. Мақалада көркем аударма теориясының кейбір мәселері қарастырылған. Автор мынадай көзқарасты ұстанады: аудармашы көркем аудармаға кіріспес бұрын аударылатын туындының идеясы, автордың интенциясы, оның тілдік тұлға ретіндегі ерекшелігі, қолданған стилі, әдеби көркемдеу әдісінің өгешелігі туралы, автордың бүкіл шығармашылығы туралы, сондай-ақ, мүмкіндігінше нақ сол әдеби ортаның басқа өкілдерінің де, тіпті қарама-қарсы бағыт өкілдерінің де шығармашылығы туралы зерттеп, біліп алғаны жөн. Бір автор өзінің бүкіл дүниетанымына байланысты өзіндік прозалық сөз саптауын қолданады, ал екінші бір автор сөз тіркестерін эстетикалық дәлме-дәл мүсіндейді. Сонымен қатар белгілі бір суретші өз қызметінің әр түрлі кезеңдерінде, өзінің бірте-бірте шығармашылық дамуына сәйкес, шығармаларын әр түрлі сомдайды.

Кілт сөздер: аударма теориясы, әдеби шығарма, мәтін рухы, теңдес бейне.

Резюме. В статье рассматриваются некоторые вопросы теории художественного перевода. Автор придерживается следующей точки зрения: до того, как переводчик приступит к переводу, ему следует уяснить идею произведения, которое нужно перевести, замысел автора, его особенности как языковой личности, подчеркнуть стиль и уникальность авторских художественных средств, ознакомиться с творчеством автора в целом, и если возможно, с произведениями других авторов, представляющие иные литературные течения. Один автор использует собственную мнеру изложения в зависимости от своего мировоззрения, а другой автор слагает фразы с эстетической точностью, при этом определенный художник сумеет выпестовать свои произведения на разных этапах своего труда, в соответствии с постепенным творческим развитием.

Ключевые слова: теория перевода, литературное произведени пе, дух текста, образ-аналог.

Abstract. The article deals with some questions of the theory of literary translation. The author adheres to the following point of view: before the translator begins to translate, he should understand the idea of the work to be translated, the author's intention, his features as a linguistic person, emphasize the style and uniqueness of the author's artistic means, get acquainted with the work of the author as a whole, and if possible, with the works of other authors representing other literary movements. One author uses his own expression, depending on his worldview, and the other author composes phrases with aesthetic precision, while a certain artist of the word will be able to nurture his works at different stages of his work, in accordance with gradual creative development.

Key words: theory of translation, literary work ne, spirit of the text, peer image.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда көркем аударма мәселелерін теориялық тұрғыда қорытып түйіндеу көркем аударманы толыққанды шығармашылық ретінде одан әрі дамытудың бір арнасы. Дегенмен, оқулыққа қойылатын талаптарды көркем аударма теориясына қоюға болмайды. Рас, көркем аударма теориясы кейбір реттерде оқу құралының талаптарын да қанағаттандыруы тиіс, өйткені көркем аударма теориясында практикада қолданылатын негізгі көркем өнер қағидаттары баяндалады. Әйтсе де, әдебиет теориясын білу адамды өлең, роман, драма жазуға үйрете алмайтыны сияқты, аудармашы болу үшін аударма теориясын білу ғана жеткіліксіз. Көркем аударманың тұрпаты, аударманың әдеби жанрлары сан алуан болғандықтан кейбіреулер аударманың теориясын жоққа шығарғысы келген кезеңдер де болды. «Аударма практикасы көптеген ғылымдардың қызметін пайдалана алады, бірақ оның өз ғылымы болуы мүмкін емес» деп тұжырымдаған А.А. Реформатскийдің пікіріне жауап ретінде А.В. Федоров «Аударма теориясына кіріспе» деген еңбегінде өзіндік қағида ұсынды. Бұл қағида бойынша: аударма теориясы – арнаулы тар шеңбердегі филологиялық пән; ол осы ұғымның кең мағынасындағы екі тіл арақатысының, соның ішінде олардың стилистикалық жүйесінің арақатынастарының да заңдылықтарын зерттеумен шұғылданды [Феодоров А., 1953, 15 б.].

Аудармашы өз жұмысын ойдағыдай атқару үшін түпнұсқаның тілін және аударма жасалатын тілді жетік меңгеруі былай тұрсын, сонымен қатар іс жүзінде екі тіл арасындағы сәйкестікті / барабарлықты/ таба біліп қана қоймай, оны бір мәтіннен екінші мәтінге ұтымды қолдана білуі шарт. Аударылатын мәтін қай тілде жазылған

болса, аударма да сол түпнұсқа тілден жасалуы абзал. Көркем аударма жасауда, мысалы, голланд, венгер және сол сияқты авторлардың шығармаларын неміс тілінен аудару, араб тіліндегі шығармаларды / мысалы, «Мың бір түн», «Калилла мен Димна» т.б. / орыс тілінен аудару тәжірибесі кезінде орын алғаны мәлім. Түпнұсқадан тікелей аударылмағандықтан мәтіннің кейбір тұстары ауыстырылуы, шатастырылуы, солғын тартуы мүмкін, соның салдарынан бұл шығарма туралы оқырман мүлде бұрмаланған, өңі айналдырылған түсінік алатыны сөзсіз. Жолма-жол аудармадан әдеби аударма жасау жолы қолданылуы да кейбір жағдайларда әбден мүмкін, бірақ соның өзінде толып жатқан шарттар орындалуға тиіс: жолма-жол аударманы тілге ғана емес, тіл біліміне жетік адам жасауы керек, жолма-жол аударма ешқандай «сыр-бояусыз», «әсемдеусіз», таза «формалды» түрде жасалғаны, әдеби аудармашыға түсінікті етіп сөздің екпінін, ырғағын (әсіресе, өлең аудармасында) дәл көрсете отырып, сөзбе-сөз жазылғаны жөн; жолма-жол аудармада жекелеген образдар, бейнелі нақышты сөздер, белгілі бір реттерде жекелеген сөздердің көлемі, қамтитын ауқымы, онымен байланысты ассоциациялар жөнінде түсініктемелер беріледі, мақалдар, мәтелдер, нақылдар, ойнақы сөздер атап көрсетіледі, тұрмыстық атаулар жөнінде түсініктемелер беріледі. Ең ақырында, әдеби аудармашы мен жолма-жол аударма жасаушы арасында жұмыс үстінде кеңесіп, ақылдасып отыру үшін, сондай-ақ түпнұсқа тілінің құрылымындағы негізгі элементтердің мәнін жете түсіну үшін тікелей байланыс болуы қажет.

Тіл білімімен, тарихи, лингво-мәдени білімімен, аударма теориясымен жақсы қаруланған аудармашы ғана теңдес (адекват) көркем аударма жасау міндетін қанағаттанарлық түрде атқара алады. Ал мұндай аударма түпнұсқаның мағыналық мазмұнын, сезімдік көркем бейнелеу бірліктерін, сөздік-құрылымдық формаларын айнытпай жеткізуді талап етеді. Міне осы міндеттің қиындығы теңдес аударма жасау мүмкін емес деген әрқилы пікірлер туғызды. Мұндай пайымдауды бастап берген Лейбниц Г.Ф.: «Өзге тілдің сөздерін күші бірдей, сондай сөз түгіл, тым болмаса теңдес бейнеде бере алатын тіл бұ дүниеде жоқ» **[**Лейбниц Г.В., 1982, 199 б.**]** деген болатын. Әдеби шығарманы кәміл аяқталған, өз ішіне тұйықталған, қайталанбас тұтас дүние дейтін көзқарас тұрғысынан қарағанда, бірыңғай көркемдік тұтастығы бар барлық үш құбылыс (мағыналық, сөздік, сөз формасы) пен солардың арақатынастары шеңберінде қайта туатын дәлме-дәл аударма жасау шынында оңай дүние емес. Өйткені, адамның айнадағы келбеті сол адамның өзі деп тұжырымдау мүмкін емес. Ал егер шығарманың жалпы идеялық-сезімдік, эстетикалық әсер етуін, ал әр түрлі сөздік құралдардың бұл әсерге тек қызмет қана атқаруын шығарманың өзегі, қасиеті деп санайтын болсақ, онда мағынасы толыққанды дәлме-дәл аударма жасауға әбден болады. Автордың оқырманға идеялық, сезімдік, көркемдік жағынан әсер етуді көздеген барлық ниеттерін (ойластырылғанын да, бейберекет қалыптасқанын да) толық жеткізіп бере алған, дәлме-дәл немесе қанағаттанарлық балама құралдар арқылы автордың қолданған барлық бейнелеу, өнектеу, ырғақ сияқты басқа да амалдарын мүмкін болғанынша бұлжытпай сақтай алған аударманы біз бара-бар аударма деп санауға тиіспіз; алайда автордың қолданған амалдар қорын аясы тар мақсатты көздегендік емес, жалпы әсерлілікке жетудің құралы деп тану керек. Бұл ретте мәтіннің неғұрлым елеусіздеу элементтері іріктеу үстінде біршама шығын болатыны да сөзсіз. Осыған орай аудармашы жұмысқа кіріспес бұрын аударылатын туындының идеясы, автордың интенциясы, оның тілдік тұлға ретіндегі ерекшелігі, қолданған стилі, әдеби көркемдеу әдісінің өгешелігі туралы, автордың бүкіл шығармашылығы туралы, сондай-ақ, мүмкіндігінше нақ сол әдеби ортаның басқа өкілдерінің де, тіпті қарама-қарсы бағыт өкілдерінің де шығармашылығы туралы зерттеп, біліп алғаны жөн. Мәселен, бір автор өзінің бүкіл дүниетанымына байланысты өзіндік прозалық сөз саптауын қолданады, ал екінші бір автор сөз тіркестерін эстетикалық дәлме-дәл мүсіндейді. Сонымен қатар белгілі бір суретші өз қызметінің әр түрлі кезеңдерінде, өзінің бірте-бірте шығармашылық дамуына сәйкес, шығармаларын әр түрлі сомдайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аудармашы түпнұсқаның өзгешеліктеріне қарай, бірде тіл, сөз айқындығы мен табиғилығын сақтауды көздесе, екінші бір ретте, сөзді эстетикалық стиль қалыптастыруға бағыттап, әзілсықақ немесе салтанатты үн нақышына салуға, көркем суреттеме жасауға қолданады. Жекелеген авторлардың көздеген нысанындағы ұстаған бағытындағы айырмашылық, әр түрлілік – олардың шығармашылығындағы түрлі элементтердің бірдей еместігін, теңсіздігін туғызады, сондықтан, қажет бола қалса, қай жерде, қандай сөз тіркестері қандай шығынға ұшырауға тура келетінін аудармашы алдын ала белгілеп алады. Материалға нақ осылайша талдау тұрғысынан келу аудармашыға қандай шығарманы да бара-бар аударудың дұрыс «кілтін» ұстатады.

Бір ғана тікелей сөзбе-сөз дәлдікпен толыққанды аударма жасау да екі талай. Бір жағынан, автордың, екінші жағынан, аудармашының және оның оқырмандарының ұлттық тілі, дәуірі, жергілікті жағдайлары, мәдени дәрежесі, әдеби дәстүрі және жалпы әлеуметтік ортасы арасындағы айырмашылықтарды ескеруге тура келетін жайлар жиі кездеседі. Сөзбе-сөз аударғанда көбінесе әсем әзіл – ауыр зіл боп, өрнекті өткір

сөздер ойнақылығы – көлгірсу боп, шын көңілден қуана үн қату – жасанды леп боп шығуы да ғажап емес. Мұндай аударма, әрине, нашар әрі теріс аударма. Бұл ретте белгілі субституттыны қолдануға, яғни түпнұсқаның түпкі шет тілдік мәнмәтініндегі /контекстіндегі/ нақышты сөздердің міндетін аударма мәтінде де атқара алатын бейнелермен, сөздермен, нақыштармен ауыстыру қажет болады. Бірақ бұл жерде автордың өзі аудармашының тілінде, оның заманында, оның қоғамдық жағдайында жазған болса, қандай бейнелі сөздерді қолданар еді деген болжаммен аудармашы автордың ойына лайықты бейнелі сөздер табуға тырысуы керек дейтін тезисті ұсыну да мейлінше жаңсақтық болар еді. Бұл тезис еркін аударманың тежеусіз субъектившілдігіне жол ашар еді, мәтіннің жергілікті нәрі мен уақыт бояуы да жойылып кетер еді. Аударманың осыған қатысты екі тәсілінің бір-біріне қарама-қайшылығын Гете былайша аса айқын тұжырымдаған: «Аударма үшін екі принцип бар. Біреуі шетелдік авторға біз өзіміздің авторымыз деп қарайтындай болуымыз үшін оны бізге келтіруді талап етеді. Екіншісі, керісінше біздің шетелдікке баруымызды, оның өмірін бейнелеу тәсілін және ерекшеліктерін игеруімізді ұсынады («Виланд туралы сөз»)». Бұл екі жолдың екіншісі дұрыс екені күмәнсіз, өйткені бірінші жолды таңдасақ, біз аударма шығармадан оның танымдылық құндылығының едәуір бөлігін жоғалтып аламыз. Стильдік дарындылықпен жасалған аударма, көркемдік тәжірибе дербес ынталандыруы ықтимал, бірақ әлеуметтік-тарихи мағынада танымдық құны күмәнді болады. Алайда, түпнұсқаның әрдайым құнды саналатын заманалық және ұлттық сырбояуын, түсі-түрін мұндай құралдарсыз-ақ, біріншіден, кейбір жекелеген ерекше терминдер мен нақышты сөздердің түпнұсқалық формаларын (құрметті атақтар, қошемет, лауазым есімдері, дәл ұқсас аттары жоқ заттар-лакуналарды) сақтау арқылы, екінші жағынан, аударма тіліне әр түрлі «айшықты сөз» атаулыны жолатпау арқылы жеткізіп беруге болады.

Аудармашы түпнұсқа тілінің де, өз тілінің де морфологиясын, синтаксисін, лексикасын, идиомасын кәміл білуі керектігі былай тұрсын, сонымен қатар екі тіл жүйелерінің арақатысын да жақсы ұғынуға тиіс. Мәселен, басқа тілден аударылған көптеген нақышты, бейнелі сөздер, грамматикалық формалар, синтаксистиік құрылымдар (айталық, араб тіліндегі бірқатар күрделі өткен шақтар, қос-қабат шартты райлар, атаулы және тұйық құрылымдар, т.б.) орыс тілінде болмағандықтан немесе өте аз қолданылатындықтан, аудармада шығарманың тілі лажсыздан жүдеу тартады. Сондықтан шығармаға көркем образ туғызуға қажетті толыққанды қасиет дарытып, ондағы бірқатар олқылықтардың орнын толтыру үшін ана тілінде бар бірсыпыра бірліктерді, құрылымдар мен орамдарды тағы сондайларды сарқа пайдалану керек. Бұл ретте мұндай тәсілдің тиімділігін тексеру үшін осы тұстағы аударманы түпнұсқа тіліне кері аударып көрген жөн, ал бұл кері аударма түпнұсқадағы мән-мәтінге қайта әкелуге тиіс. Тек осындай жолмен ғана сөз саптауын, түпнұсқа тілінің орамдылығы мен әр алуандылығын керекті дәрежеге жеткізуге болады. Өзінен өзі белгілі, түпнұсқада кездесетін идиомалар / бір ұғым ретінде қалыптасқан сөз тіркестері және сөзбе-сөз басқа тілге аударуға келмейтін оралымдар**/** мен мен анакалуфтарды **/**сөйлемдегі сөздердің грамматикалық талапқа сәйкес келмейтін теріс қиысуы түріндегі синтаксистік тұлға**/**мәнерлірек немесе қарадүрсіндеу, жиірек немесе сирегірек қолданылып келуі, тіпті шетел сөзі мүлдем басқа мағыналық және сезімдік ассоциациялармен байланысты болып келуі де мүмкін. Осының бәрі аудармашыдан өз тілінде бар синонимдер мен шала синонимдердің барлығын жұмылдыруды талап етеді, ал бұларды саралап, іріктеп алу әрдайым субституттыны (ауыстыруды) қолдануға тура келеді, әйтсе де бұлардың өзін кейбір ретте әбден ойластырылған, шектелген шамада тікелей қайта туындатуға (көбінесе аудармашының ұлттық тілінің мәдениеті өсу кезеңінде) жол берілетінін де ескерген жөн. Жекелеген әдеби мектептерге ғана емес, тұтас алғанда екі әдеби тілге де (ана тіліне де, автор тіліне де) тән бірқатар дәстүрлі стильдік дағдылар мен талаптардың сәйкес келмей жататынын да ескеру керек. Жеке сөздерді және олардың қарапайым тіркестерін аударғанда осыған ұқсас мәселелер туады. Тек мейлінше сирек жағдайларда ғана (онда да теория жүзінде емес, іс жүзінде) түпнұсқа сөз бен мақсатты аударма сөзі бір-бірінің мағынасы мен мәнін дәл бере алады. Айталық мақсатты аударма сөзі шетелдік сөзге қарағанда мағына жағынан кеңірек немесе тарырақ, бояуы қоюырақ немесе солғынырақ контекстің бейнелеуіш қызметіне қарай анықталуға тиіс. Бұл жерде де сөзбе-сөз аударуға келмейтін сөз мағынасының есесін өзге сөз орамдарымен толтыру қағидаттарын мөлшерлі шама сәйкестігін сақтай отырып, бір жерінде әлсіздеу берілгенін екінші бір жерінде күшейтіңкіреп беру арқылы теңгертіп отыру керек.

«Жаңа дегеніміз - ұмыт болған ескі нәрселер» [وانجامن, 1992, 152-б.] деп араб мақалы анықтағанындай, ілкі теорияларға көңіл бөлсек, теңдес көркем аударма түпнұсқаның мағыналық мазмұнын, эмоциялық бейнелеуіштерін, сөздік-құрылымдық формаларын айнытпай жеткізуді талап ететіндігіне маңыз берген. Сонымен, көркем аударма түпнұсқаның мағыналық мазмұнын, көркемдік бейнелеу құралдарын, сөздік-құрылымдық формаларын айнытпай жеткізуді талап етеді.

Осы айтылғандардан-ақ аударма жұмысының қаншалықты күрделі екені айқын көрінеді, өйткені түпнұсқа мазмұн мен форма бірлігі бол-

ғандықтан, осы бірлікті тұтас беру үшін тілдік құралдарды ұдайы іздестіруге, осыны білдірудің бірнеше мүмкіндіктерінің ішінен ең ыңғайлысын таңдап отыруға тура келеді. Бұл ізденістер мен бұл таңдау-талғаулар әрдайым шығармашылық-сипатты, ой-сананың белсенді қызметін талап етеді. Ал енді көркем әдебиетке, сондай-ақ тіл шеберлігі, тіл әсемділігі стандарттарға иек арқан ғылыми шығармаларға, сонымен қатар, қоғамдық-саяси әдебиет шығармаларына келетін болсақ, бұларды аудару ісі көркемдік шығармашылық міндеттерді де атқарады да және әдеби шеберлікті де талап етеді, сөйтіп, бұл іс талант көрінісіне жатады.

Өзгеше ғылыми пән ретіндегі аударма теориясын шығармашылық үдеріс ретіндегі немесе өнер ретіндегі аудармадан ажырата білген жөн. Аударма әрқашан да халықтар арасындағы мәдени, саяси және экономикалық қарым-қатынастың аса қуатты құралы ретінде ерекше рөл атқарып келеді, әлі де атқаруда. Әсіресе, қазіргі заманда, яки мәдениеттердің тоғысқан заманында, көркем аударманың рөлі орасан зор. Әлбетте, практика жүзіндегі мұншалықты маңызды қызметтің өзіндік теориялық негізі болуға тиіс. Аударма теориясының міндеті – түпнұсқа мен аударма аралық заңдылықтарды қадағалау, аударманың жекелеген дара оқиғаларын байқау-бақылаудан туатын қорытындыларды ғылыми деректер тұрғысынан жинақтау, сөйтіп аударма практикасына жанама түрде көмектесу, осы арқылы аударма практикасы бейнелеудің қажетті құралдарын іздестіргенде теорияны қолдана алатын болуына, нақты мәселелерді нақпа-нақ шешуге теориядан дәлел және уәж таба алатын болуына септігін тигізу.

Аудармашының өз бетімен, өз қалауынша билеп-төстеуін болғызбайтын, ал бола қалған күнде оны ақтау үшін «долбарға шамаға» иек артқызбайтын, шын мәнісінде ақиқат, ғылыми негізделген принциптерге сүйенудің қажеттігі теорияның практикалық мән-маңызын белгілеп береді. Шығармашылық қызмет атаулының қандайы болса да заңдылықтарды анықтауды және теориялық тұжырымдауды қажет етеді, бұлайша жинақтап, тұжырымдау одан анағұрлым кеңірек көлемдегі қорытындылар шығаруға, толып жатқан басқа да талай жайттарға таратуға, эмпиризмді (жалаң тәжірибеге сүйенушілікті), жұмыстың айдагерлік әдістеріне бой ұрушылықты жеңуге мүмкіндік берер еді. Бұрынғы және қазіргі замандағы көрнекті аудармашылардың аударма саласында өздерінің тілге деген көзқарастарына, өздерінің дүниетанымдарына сүйенгені және сүйеніп отырғаны кездейсоқ құбылыс емес.

Тілмен, әдебиетпен байланысты шығармашылық қызмет ретінде екі тілдің жанасуы, тоғысуы арқылы түпнұсқаны аударма тілінде де қайта тірілту арқылы аударманың нысаны туғызатын алуан түрлі мүдделер аударма теориясының ғылыми құндылығын айқындайды. Аударуға және тілдерді өзара салыстыруға байланысты бірсыпыра мәселелер туады, ал бұл тілдердің әрқайсысын жекелей алғанда мұндай мәселелер тумас та еді. Қалай дегенмен теориялық мәселелерді талдау тілдердің әрқайсысының ерекшеліктері мен өзгешеліктерін, ортақ тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Табиғаттағы, қоғамның өмірі мен қызметіндегі құбылыстардың көпшілігіндегі сияқты, аударма да зерттеудің сан қырлы нысаны болып табылады. Аударма мәселесі әр түрлі тұрғыдан – тарихи-мәдени, әдебиеттану, тіл білімі, аудармашының жұмысы жүйке қызметі арқылы атқарылатын және шығармашылық психологиясының проблемасына байланысты болатын белгілі бір процестерді бастан кешіретіндіктен психология т.б. ғылым тұрғыларынан қарастырылып келеді. Объектінің өзінің, яғни аударманың бірлігінен туатын зерттеудің әр түрлі саласы өзара байланысты бола тұрса да зерттеу нысанының белгілі бір жағына баса көңіл бөліп, басқа жақтарын азды-көпті дәрежеде абстракциялау (дерексіз түсінікке жүгіну) қажет болады.

Аударма, негізінен, тіл арқылы атқарылатын болғандықтан, тілдік бірліктермен жұмыс істеу болып табылатындықтан, екі тіл мен олардың стильдік құралдары арақатынасының сипаты жөніндегі мәселеге байланысты болғандықтан оны қалай да аударматану мен лингвистика жетістіктері негізінде зерттеу талап етіледі.

Аударманы әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерттегеннің өзінде де бұл іс тілдік құбылыстарды қарастыру, аудармашылар пайдаланған тілдік құралдарды талдау, бағалау қажеттігіне ұдайы тап болып отырады. Бұл әбден табиғи шарт: өйткені түпнұсқаның мазмұны өздігінен қалыптаспайды, тек форма бірлігімен, тұлғаланған тілдік құралдармен бірлікте қалыптасады. Сондықтан, аударғанда мазмұн тек тілдік құралдардың көмегімен ғана беріле алады (бұл жерде үрдіс бояулардың, сызықтардың, музыкалық немесе жаратылыстың үн дыбыстарының, техникалық заманауи құбылыстардың, тағы сол сияқтылардың көмегі туралы емес, әрине). Қай елдің болса да қоғамы үшін аударманың рөлі ерекше, аударғанда түпнұсқаның қайта мағыналануы немесе бұрмалануы белгілі бір тілдік құралдарды қолданумен байланысты болады. Аударма психологиясы да тілдің ойлауға, тілдік образдарға қатысына, адамның зерделеу жүйесіне жүгінеді. Демек, аударманың тілдік табиғатын әдеби, мәдени, тарихи, сондай-ақ психологиялық құрылымдар тұрғысынан да зерттеу оны толық игеруге мүмкіндік береді.

Аударманы тілдік тұрғыдан зерттеу аударманың негізін, оның өзегін – тілдің өзін қамтиды, мұнсыз аударманың міндетті қызметінің ешқандайы да – қоғамдық-саяси рөлі де, мәдени-білім-

дік, танымдық рөлі де, көркемдік маңызы да, тағы басқалары да жүзеге асуы мүмкін емес [Catford, J.C.,1980, 56 б.]. Сонымен бірге аударманы аударматану тұрғысынан зерттеу, яғни оны екі тілдің арақатысы тұрғысынан зерттеп үйрену тілдің шынайы фактілерін қолдана отырып, нақты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Аударған кезде пайдаланылған тілдік бейнелеу құралдарына талдау жасамайынша түпнұсқа мазмұнының аудармада қандай болып шыққандығы жөніндегі зерттеулер мен талдаулардың қай-қайсысы да нәтижесіз, пайдасыз болмақ.

Әрине, аударма саласындағы фактілердің бәрін бірдей тілідік жолмен түсіндіру мүмкін емес. Атап айтқанда, көркем аударма тарихының аса елеулі деректері жөнінде бұлай талдауға болмайды, себебі – бұл деректер аудармашының түпнұсқаға көзқарасына, оны пайымдауына, түсінуіне байланысты болады, кейде түпнұсқаны бұрмалауына да байланысты; бұл сияқты бұрмалаулар ретсіз сөз қалдырып кету, өз жанынан көлем ұлғайту мақсатында сөз қосу, мағына жағынан жекелеген орынсыз өзгерістер енгізу тәрізді әрекеттерден көрінеді. Мұндай оқиғалар аудармашының эстетикалық талғамынан туады, яғни лингвистикаға қатысы жоқ факторларға байланысты болады. Сонымен қатар, көркем аударманың тіл шеберлігін, автордың өзіндік стилін сақтай білу сияқты аса маңызды мәселелерін талдау аудармашылықтың баянды негіздерін қолдануды талап етеді. Өйткені түпнұсқа стилінің дәстүрлі немесе жаңашыл ерекшелігін және аударманың оған стильдік тұрғыдан жақындық дәрежесін осы талданып отырған екі тілдің әдеби нормаларын салыстыра анықтап, бағалауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, зерттеп-зерделеудің лингвистикалық жолы аударманың (атап айтқанда, көркем аударманың) кейбір мәселелерін шешу үшін жеткілікті болғанымен, бұл проблемаларды түбегейлі әрі кешенді зерттеу аударматану тұрғысынан сөзсіз қажет. Ал лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің нәтижесі бірсыпыра басқа да, маңыздылығы мен қызғылықтылығы бұдан әсте кем емес міндеттерді объективті түрде шешу үшін берік негіз жасайды.

Аударма міндеттеріне лингвистикалық тұрғыдан келу практика жүзінде де ерекше маңызды, өйткені екі тілдің құрылымындағы айырмашылықтарды терең түсіну түпнұсқасының қандайының да аудармашысын мағыналық қателіктерден де, аударманың тіліне қиянат жасауға әкеп соқтыратын сөзбе-сөздік, әріпқойлықтан да шын мәнісінде сақтандыра алады. Демек, көркем шығарма аудармашысының жұмысы іс жүзінде тілді білуге ғана, «тілдік сезімталдыққа» ғана саяды деп, одан арғысы, яғни түпнұсқаның образдарын ашу және «қайта тұлғаландыру», автормен ой-пікір жүйесінің жақындығы, көзқарас рухының үйлесімділігі» /конгениальность/ немесе үндестігі, «зерделестігі» сияқтыларды білуге ғана саяды деп, ал екі тілдің арасындағы сәйкестікті немесе алшақтықты бұл ретте теория жағынан білу міндетті емес деп немесе екінші қатардағы мәселе деп ойлау мейлінше аңғалдық болар еді. Көркем әдебиет аудармашысының жұмысында «тілдік сезімталдық та», «образдарды ашу» да, «қайта тұлғаландыру» да, әрине, аса зор рөл атқарады. Бұлар өте қажет, бірақ іс мұнымен әсте тынбайды. Екі тілдің арақатысында орын алып отырған заңдылықтарды білу де соншалық маңызды, себебі мұның өзі аударма жасалып отырған әдеби тіл нормаларының талаптарын бұзбастан, түпнұсқаның дербес ерекшеліктерін жеткізе білуге керекті құралдарды таңдау, іріктеп алу ісін саналы түрде айқындауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Феодоров А.. Введение в теорию перевода, М., 1953
2. Лейбниц Г.В. Новые опыты о человеческом разумении автора системы предустановленной гармонии [полемика с Дж. Локком] Г.В.Лейбницу/ Соч.: В 4 т.-М.: Мысль, 1982. Т.2. 686 с.
3. الجرثومة في نانغ دمحم روتكدلا. الشركة العالمية المصرية – لونجمان، 1992
4. Catford, J.C: A Linguistic Theory of Translation. Oxford, OUP, 1980

УДК 81:37.016

ЕСІРКЕП БИБІСАРА МҰҒАЛБЕККЫЗЫ,
II курс магистранты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: yessirkepova.b@mail.ru

ДАРХАН МӘДИНА ЖӘНІБЕККЫЗЫ,
II курс магистранты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕКЕ ОҚЫТУ ТӘСІЛІ

Түйіндеме: Мақалада ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту мәселелері қарастырылған. Кейбір қиындықтар тілдің пайда болуымен, орфографиялық ережелермен және грамматикамен байланысты. Бірақ көп жағдайда проблемалар оқушының жеке қабілеттерімен байланысты туындайды. Солардың бірі- мектепте шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері және шет тілін оқытудағы жеке оқыту мәселесі. "Жеке тәсіл" терминіне сабақтың формасын, мақсатын, мазмұнын және процесін өзгертуді қамтитын шет тіліндегі оқу процесін ұйымдастырудың дидактикалық құралдарының жүйесі ретінде анықтама беріледі. Шетелдік оқытудағы жеке көзқарас шет тілін оқытудың тиімділігін анықтайтын және пәннің белсенді рөлін көздейтін күрделі педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Жеке оқыту тәсілінің негізгі шарттары- саралау, оқушының бастапқы тілдік дайындығын бағалауда, мақсаттар қоюда, өздік жұмыс дағдыларын бағалауда және іскерлікті дамытуда, білімді игеруге жүйелі көзқарасты жүзеге асыруда көрінеді. Бір қарағанда, бұл әрбір мұғалімге қиындық туғызатын қарапайым мәселе болып көрінеді. Негізгі қиындық - шет тілін оқу кезінде жеке және топтық жұмыс формаларынан фронтальды, оңтайлы комбинацини таба алмау. Қалған қиындықтар әр оқушының ақыл-ой қабілеттерін дамытуға бағытталған мұғалімнің іс- әрекетінің негізінде оқушының жеке басы мен жеке ерекшеліктерін анықтаумен байланысты.

Түйін сөздер: жеке оқыту тәсілі, жеке қабілет, оқыту формасы, интегралдылық ұғымы, оқу процесін ұйымдастыру, дифференцация.

ЕСІРКЕП БИБІСАРА МҰҒАЛБЕККЫЗЫ,
магистрант II курса,
Казахский Государственный Университет имени Аль-Фараби,
г. Алматы., Казахстан,
e-mail: yessirkepova.b@mail.ru

Дархан Мәдина Жәнібекқызы,
магистрант II курса,
Казахский Государственный Университет имени Аль-Фараби,
г. Алматы., Казахстан

ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Абстракт: В статье освещаются проблемы изучения английского языка как иностранного. Некоторые трудности связаны с происхождением языка, орфографическими правилами и грамматикой. Но в большинстве случаев проблемы вызваны личными способностями ученика. Одна из них- актуальные проблемы методики преподавания иностранных языков в школе и вопросы индивидуального обучения иностранным языком. Сам термин "индивидуальный подход" понимается как система дидактических средств организации учебного процесса по иностранному языку, которая включает изменение формы урока, цели, содержания, и процесса. Индивидуальный подход в обучении иностранному языку рассматривается как сложное педагогическое явление, которое определяет эффективность обучения иностранному языку и предполагает активную роль субъекта учебной деятельности. Основными условиями реализации индивидульного подхода выступает дифференциация, которая выражается в оценке первоначальной языковой подготовки ученика, постановка личностно значимых для него целей, выпаботка навыков самостоятельной работы и умения осуществлять системный подход к овладению новыми знаниями. На первый взгляд, эта вроде бы не сложная проблема вызывает большие трудности почти у каждого второго учителя,

который работает в школе. Главная трудность состоит в неумении найти оптимальное сочетание фронтальных, индивидуальных и групповых форм работы при обучении иностранному языку.

Ключевые слова: индивидуальный способ обучения, индивидуальные способности, формы обучения, понятие интегральности, организация учебного процесса, дифференциация.

YESSIRKEP BIBISSARA MUGALBEKKYZY,
Master degree 2 course student,
Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty,
e-mail: yessirkepova.b@mail.ru

DARKHAN MADINA ZHANIBEKKYZY,
Master degree 2 course student,
Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty

AN INDIVIDUAL APPROACH TO TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Abstract: The article highlights the problems of learning English as a foreign language. Some difficulties are related to the origin of the language, spelling rules, and grammar. However, in most cases, the problems are caused by the student's personal abilities. One of them is actual problems of methods of teaching foreign languages at school and issues of individual foreign language teaching. The term «individual approach" is understood as a system of didactic means of organizing the educational process in a foreign language, which includes changing the form of the lesson, the purpose, content, and process. Individual approach in teaching a foreign language is considered as a complex pedagogical phenomenon that determines the effectiveness of teaching a foreign language and assumes an active role of the subject of educational activity. The main conditions for the implementation of the individual approach are differentiation, which is expressed in the assessment of the student's initial language training, setting goals that are personally significant for him, developing independent work skills and the ability to implement a systematic approach to mastering new knowledge. At first glance, this seemingly simple problem causes great difficulties for almost every second teacher who works at the school. The main difficulty is the inability and group forms of work when teaching a foreign language.

Key words:individual way of learning, individual abilities, forms of learning, the concept of integrality, organization of the educational process, differentiation.

КІРІСПЕ

In the structure of the meaning of the phraseological unit, the following stand out: the denotative-significative aspect - not a bit on the mogottonya hanyndysi - my house is on the edge, I don't know anything (literally, as if it says: “Did I eat your bread?”); - and the connotative aspect, characteristic of 20% of these phraseological units - chukki under siltha - I really don't want to, get bored until they die (literally, I don't want to die anymore); the meaning of a phraseological unit can be formed in three ways: a) from the sum of the values of the components - quisindo muzzle - the devil knows (literally and the devil does not know), b) there is a certain correlation between the sum of the values of the components and the phraseological meaning - nuvoso chhim petki - not a swarm another pit - you will fall into it yourself (lit. spit lying), c) there is no semantic connection between the meaning of the components and the meaning of the phraseological unit - kkamagvi sosik - no answer, no hello (lit. crow news).

VERB PHRASEOLOGICAL UNITS.

In the structure of the meaning of the phraseological unit, the following are distinguished: denotative-significative aspect - sogim mogyn s kulumul tyreda podyt - not knowing what to do (literally, like a cow that has eaten salt, looks into a deep well); - and the connotative aspect, characteristic of 25% of verbal phraseological units - sumi putta - to breathe in incense (literally, the breath sticks); The phraseological meaning can be formed in three ways: a) from the sum of the values of the components - kobugyl thada - to do something with a snail's speed (literally, ride a turtle), b) there is a certain correlation between the sum of the values of the components and the phraseological mean-

ing - te kumonyro hanyryl ponda - misunderstand (lit. look at the sky through the hole in the mouthpiece of the pipe), c) there is no semantic connection between the meaning of the components and the meaning of the phraseological unit - the dream is paramyl sveda - without understanding, wrongly judge (lit. inhale the cool wind).

ADJECTIVE PHRASEOLOGICAL UNITS.

In the structure of the meaning of the phraseological unit, the following are distinguished: the denotative-significative aspect - karaniphe bullets putki - hot-tempered as gunpowder (literally, burning dry leaves); - and the connotative aspect, which is inherent in 85% of adjective phraseological units - kurogy ke noa chugetta - stupid as a cork (literally, it can put a crab in a wicker basket with large cells); the meaning of a phraseological unit can be formed in three ways: a) from the sum of the values of the components - kega haltkhyn chuksabal kata - like a cup licked by a dog (about an empty yard, about a sleek face), b) there is a certain correlation between the sum of the values of the components and the phraseological meaning - salmyn soga uttaga kkuromi thojigetta - chickens laughing (lit. a boiled ox will laugh so that the muzzle bursts), c) there is no semantic connection between the meaning of the components and the meaning of the phraseological unit - kwanga tveji pe annyn kyok - one like a finger (lit. a pig in an institution has a stomach ache).

SUBSTANTIAL PHRASEOLOGICAL UNITS.

In the structure of the meaning of the phraseological unit, the following are distinguished: denotative-significative aspect - namuedo mot tego toredo mot teda - a voice crying in the desert (literally, cannot touch a tree, cannot touch a stone); - and the connotative aspect of the meaning, which is characteristic of 15% of these phraseological units - phi mudyn phaltop - hands stained with blood (literally claws with adhered blood); Phraseological meaning can be constructed in three ways: a) from the sum of the values of the components - chheksan yangban - a person who became a yangban due to his scholarship, b) there is a certain correlation between the sum of the values of the components and the phraseological meaning - puja chip matmyonyri katta - a burly and happy woman (literally like the eldest daughter-in-law in a rich man's house), c) there is no semantic connection between the meaning of the components and the meaning of the phraseological unit - a dream khyda is a kind, capable person (lit. a big hand).

ADVERBIAL PHRASEOLOGICAL UNITS.

In the structure of the meaning of the phraseological unit, the following are distinguished: denotative-significative aspect - mek opsi - for no reason (literally, powerless); - and the connotative aspect - sanshin chemare mettugi ttviyo tyldyt - sticking his nose into his own business (literally, as if a grasshopper jumped into sacrificial food for the mountain spirit). The phraseological meaning is formed in two ways: a) from the sum of the values of the components - sinju mosidyt - to protect it like the apple of an eye (literally, as if to take care of the memorial plaque), b) there is a certain correlation between the sum of the values of the components and the phraseological meaning - michkhin ke tar tyllidyt - having suffered the unexpected fiasco (lit. like a mad dog twisted his leg).

4. Phraseological units, the meaning of which is expressed by super-complex definitions, constitute 4.3% of phraseological units of the Korean language. All of them are formed by the type of complex sentences.

In the structure of the meaning of the phraseological unit, the following are distinguished: the denotative-significative aspect - pap ani mogodo pe puryda - is full of joy alone (literally, although he did not eat, he was full); - and the connotative aspect characteristic of 15% of these phraseological units - chugora khago morinda - for the life of me, I don't know (literally, even if you say "Die!" I don't know). The meaning of a phraseological unit can be formed in three ways: a) from the sum of the values of the components - kirim opchirygo kke chupki - having cut off their head, they do not cry for their hair (literally, spilling oil, collect sesame seeds), b) there is a certain correlation between the sum of the values of the components and the phraseological meaning - hynjon'yn puchhigo ssaumyn malliratta - the good should be encouraged, and the bad should be eradicated (literally, trade should be arranged, and the battle should be subdued); c) there is no semantic connection between the meaning of the components and the meaning of the phraseological unit - sogen cham chanamana - worked hard, but did not get any sense (literally, the blind is either sleeping or not).

CONCLUSION.

1. The structure of the meaning of the phraseological unit is very complex. It distinguishes between the denotative-significative aspect, in which the objective conceptual content is fixed, and the connotative aspect - the emotional-expressive coloration.

2. The interaction of these aspects does not lead to interdependence, both aspects are relatively autonomous. So, a developed connotative aspect can be inherent in phraseological units with an undeveloped, poorly developed and developed denotative-significative aspect.

3. The connotative aspect of meaning is most typical for adjective phraseological units (66%), substantive phraseological units (48.3%), adverbial phraseological units (47.3%); to a lesser extent - for verbal phraseological units (25%) and for phraseological units formed according to the model of predicative word combinations (21.7%).

4. The figurative rethinking of the verbal complex is based not on the semantic features of individual components, but on the aggregate denotative-significative and connotative content of this complex.

5. If the definition is expressed in one word, then the meaning of these phraseological units is assumed to have a certain number of semantic

features. In the other three types of definitions, an invariant part and a different number of semantic features are distinguished. In the last type of definitions, two or more key words and a lot of semantic features are found.

REFERENCES:

1. Anosov S.D. Koreans in the Ussuri region. Khabarovsk-Vladivostok. I928. C.II.
2.Dzharylgasynova R.Sh. "Culture and life of Koreans of the state farm" Raushan "of the Kungrad region of the Karakalpak ASSR". M., Soviet ethnography., 1960. P.31.
3.Dzharylgasynova R.Sh. "On the issue of cultural rapprochement of the Koreans of the Uzbek SSR with neighboring peoples (Traditional and new in the economy and material culture)." Soviet ethnography. M., 1966, No. 5.S.3-14;
4. Dzharylgasynova R.Sh. "Traditional and New in the Family Life of the Koreans of Central Asia." History, archeology and ethnography of Central Asia. M., 1968. Pp. 343-349;
5.Dzharylgasynova R.Sh. "Anthroponymic processes among Koreans of Central Asia and Kazakhstan. Personal names in the past, present, future. " M., 1970. C. I39-I49;
6. Dzharylgasynova R.Sh. "New in the culture and everyday life of Koreans in Central Asia and Kazakhstan (on the example of the rural population)". Soviet ethnography. M., 1977. No. 6.C.59-70;
7.Dzharylgasynova R.Sh. "On the characteristics of the modern Uzbek SSR". Onomastics of Central Asia. M., 1978. S.203-205;
8. Zhetpisov S.N. Structural types of phraseological units of the Korean language: diss. Cand. philol. sciences. 02/10/22 / Zhetpisov Saken Nikolaevich. M., ISAA at Moscow State University. M.V. Lomonosov. 1987, pp. 140 - 175.
9. Ionova Yu.V. "Among the Koreans of Central Asia" (Brief reports of the Institute of Ethnography. XXXU 111. M., 1963. S. 23-34).
10. Kim Seunghwa. Essay on the history of Soviet Koreans. Alma-ata, 1965, p. 60.
11. Ko Sonmu, "Koreans in Soviet Central Asia", Helsinki, 1987. (in English).
12. Levin "Field research of the Institute of Ethnography in 1946". Soviet ethnography. M., 1946.
13. Pak B.D. Liberation struggle of the Korean people on the eve of the First World War. M., 1979.
14. Khegay M.A. "Lexical borrowings from the Russian language in Korean translations": author. diss. Cand. philol. sciences. 02/10/22 / Mikhail Aleksandrovich Khegai. M., 1963. S. 10-16.

11. Ко Сонму, «Корейцы в Советской Средней Азии», Хельсинки, 1987. (на англ. яз.).
12. Левин «Полевые исследования Института этнографии в 1946 г.». Советская этнография. М.,1946.
13. Пак Б.Д. Освободительная борьба корейского народа накануне первой мировой войны. М.,1979.
14. Хегай М.А. «Лексические заимствования из русского языка в корейских переводах»: автореф. дисс. канд. филол. наук. 10.02.22/ Хегай Михаил Александрович. М., 1963. С. 10—16.

ӘОЖ 8.81
ГРНТИ 16.21.33

ЗАКИРОВА АСЕЛЬ СЕЙДУЛЛАЕВНА,
2 курс докторанты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
E-mail: vip.aselek@list.ru

МАЙГЕЛЬДИЕВА ШАРБАН МУСАБЕКОВНА,
Ғылыми кеңесшісі: п.ғ.д., профессор м.а.,
E-mail: sharban56@mail.ru

ҚАЗАҚ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ «ҚОНАҚ», «ҚОНАҚ АСЫ», «ЖОЛ» КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа. «Қазақтың аңыз-әңгімелеріндегі «қонақ», «қонақ асы», «жол» концептісі» деп аталатын мақала аңыз-әңгімелер концептосфера аспектісінде қарастырылып отыр. Аталған концептілердің ерекшеліктерін және ұлттық-мәдени құндылықтарын анықтай отырып, олардың аңыз-әңгімеде қандай роль атқаратынын, мағыналық элементтерінің жеке даралығын анықтауды мақсат еткен. Мақалада концепт, когнитив туралы ғалымдардың пікірлері сипатталады және дәйеккөздері мен пайымдаулары келтірілген. Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі когнитивті, концепті ашуға талпыныс жасалған. Пайымдаулар мен тұжырымдар когнитивті семантиканың басты категорияларымен байланыста сарапталған. Атап айтқанда, концептілер жүйесі, концептілер түрлері, халқымыздың өзіндік танымы т.б. Автор аңыз-әңгімелерде кездесетін әр концептің ерекшелігіне тоқталып, қазақ дүниетанымының көрінісі «қонақ», «қонақ асы», «жол» концептілеріне, сонымен бірге ұлттық танымдық көріністерді анықтаған. «Жол», «қонақ» бейнесі символдық образ күйінде қазақтың ұлттық мінезіндегі кеңдікті көрсететінін ұлттық сипатта танытқан.

Түйін сөздер: когнитив, концепт, лексикалық мағына, тілдік сана, лингвофольклортану, ұлттық мәдени құндылықтар, аңыз-әңгіме, ұлттық сипат, лингвомәдени.

Аннотация. Статья «Концепты «гость»,«гостевая еда»,«дорога» в казахских легендах» рассмотрена с точки зрения концептосферы легенд. Выявив особенности этих понятий и национально-культурных ценностей, цель состоит в том, чтобы определить их роль в легенде, индивидуальность смысловых элементов. В статье описаны взгляды ученых на концепцию познания, приведены источники и мнения. В казахских легендах делаются попытки раскрыть познавательную концепцию. Мнения и выводы анализируются в связи с основными категориями когнитивной семантики. В частности, система понятий, типы понятий, самопознание нашего народа и т.д. Автор акцентирует внимание на специфике каждого понятия, встречающегося в легендах, от определения казахского мировоззрения до понятий «гость», «гостевая еда», «дорога», а также национальных познавательных явлений. Образ «дороги», «гостя» в виде символического изображения отражает широту казахского национального характера.

Ключевые слова: когнитивный, концепт, лексическое значение, языковое сознание, лингвофольклор, национально-культурные ценности, легенды, национальный характер, лингвокультурология.

Summary. The article "The concepts of" guest "," guest food "," road "in Kazakh legends is considered from the point of view of the concept sphere of legends. Having identified the features of these concepts and national and cultural values, the goal is to determine their role in the legend, the individuality of semantic elements. The article describes the views of scientists on the concept of cognition, provides sources and opinions. In Kazakh legends, attempts are made to reveal the cognitive concept. Opinions and conclusions are analyzed in relation to the main categories of cognitive semantics. In particular, the system of concepts, types of concepts, self-knowledge of our people, etc. The author focuses on the specifics of each concept found in legends, from the definition of the Kazakh worldview to the concepts of "guest", "guest food", "road", as well as national cognitive phenomena. The image of the "road", "guest" in the form of a symbolic image reflects the breadth of the Kazakh national character.

Key words: cognitive, concept, lexical meaning, linguistic consciousness, lingua-folklore, national-cultural values, legends, national character, cultural linguistics.

КІРІСПЕ

Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан өмір сүру салты, көшпелі ел тұрмысында қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар. Соның бірі шындық өмірден алынып, ауызша тараған аңыз-әңгімелер. Алғашында тарихи деректерге нақты негізделіп, кейін ауызша айтылатын шығармалар аңызға айналған. Халқымыз-

дың салт-дәстүрінен хабар беретін фольклор ұлтымыздың ұлттық сипатын қамтуымен маңызды да бағалы.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында фольклор мұралары жинақталып «Бабалар сөзі» деген атпен 100 томдық жарияланды. Аталған жинақ біз сөз еткелі отырған аңыз-әңгімелер туралы да ғалымдарға жаңа міндеттер белгілеп берді.

Тарихи сыннан өтсе де, өз болмысын жоғалтпаған аңыз-әңгімелерді когнитивті, лингвомәдени, семиотикалық, тұрғыдан зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан зерттеуде Ресей ғалымдарының пікіріне де сүйенуге болады.

Профессор А.Т. Хорленко: «Фольклортану, бұл ең алдымен фольклорлық туындыларды жинау, жіктеп топтау және кешенді талдау. Фольклоршының ісі жанды фольклорлық сөзбен жүреді. Фольклортанудан лингвофольклортанудың айырмашылығы таңбаланған фольклорлық сөзбен жұмыс істеуінде», - деп ой түйген *[Хорленко А.Т., 2013, б.7]*.

Демек, қазақ аңыз-әңгімелері туралы сөз болғанда лингвофольклортануды өзіндік ғылыми проблемалары бар сала деп қарастырған жөн. Фольклор мәтіндеріне қазіргі тілтанушылардың когнитивтік, мәтінтану, этноөзектілік т.с.с ыңғаймен келу қажет. Сондықтан аңыз-әңгімелердегі когнитивтік аспектілер ұлттық рух, ұлттық сипат, ұлттық дүниетаным, ұлттық сана көрсеткіші болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Белгілі бір кезеңдердегі көркем дүние фактілерін көрсететін аңыз-әңгімелердің фольклорлық колорит беріп тұрған мәтіндері арқылы ойымызды сабақтайтын болсақ, аңыз-әңгімелер туралы тоқталып, осы мәселе төңірегінде сөз еткен ғалымдар пікірін басшылыққа аламыз. Халық прозасының жеке жанры аңыздар туралы Ш. Уәлиханов. Г. Потанин, Л. Соболев, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, А. Сейдімбек т.с.с ғалымдар тұшымды пікір айтқан. М.Әуезов аңыз-әңгімелер туралы: «Тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме», - дей келе, қазақ аңыздарын екі топқа бөліп қарастырған *[Әуезов М., 1959, б.55*]. Бірінші топқа тарихи адамдар: Қорқыт, Асан қайғы, Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше т.б. Екінші топқа: Күй аңыздарын жатқызды. М.Ғабдуллин: «Аңыз-әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеуден туған», - дейді *[Ғабдуллин М., 1996, б.152]*. ғалымдардың осы пікіріне орай тарихта болған әйгілі адамдар хандар, батырлар, шешендер жайында болған оқиғалар турасында тарихи шындыққа негізделген, халықтың жадында сақталған, уақыт өте көркемдік сипат алған әңгіме екені бәрімізге белгілі екенін білеміз.

Белгілі ғалым С.Қасқабасов: «Аңызда айтылатын хабар, оқиға еш күмән туғызбайды, өйткені оның түп негізі – тарихи шындық. Бұл біріншіден, екіншіден, аңыздың мазмұнын растайтын дерек ретінде жердің аты, белгілі қайраткерлердің есімі, я болмаса жыл мезгілі аталып отырады. Үшіншіден, аңыздың айтылу мәнері тұрақталған, ол ылғи үшінші жақтан және өткен шақта баяндалады» – деп дәйектеп, дара жанрлық белгілерін нақты атап көрсетеді *[Қасқабасов С., 1984, б.121]*.

Аңызды тарихи, мекендік, күй аңыздары деп жіктеп, ондағы когнитивтік, лингвомәдени аспектілерді саралау зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттырады. Бұл теорияның негізін В. Гумбольт салса, концепт ұғымын 1928 жылы орыс ғалымдары Аскольдов-Алексеев деген ғалым әкелсе, қазақ әдебиетінде Қ.К. Ахмедияров, тілтанушы ғалымдар Ә. Хайдаров, Ж. Манкеева т.б. зерттеулері когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі болатыны концепттің басты белгісі этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмысы, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. Осы орайда қазақ халқының аңыз-әңгімелерінің танымдық мәтін анықтау ұлттың әлеуметтік-рухани, мәдени болмысын саралап тануға мүмкіндік береді. Қазақ халқы да басқа халықтар сияқты дүниетанымы мен салт-дәстүрін тілі арқылы көрсеткен.

Аңыз-әңгімелердегі ұлттың көркем тілдік жүйесін лингвомәдени тұрғыдан тануда тілдің мәнін ашу біздің негізгі мақсатымыз болып отыр. Ғалым Ж. Манкеева: «Тіл білімі дамуының қазіргі деңгейіне сай когнитивті лингвистика, тілдік семантика, жұмсалымдық лингвистика т.б. тілді жалпы когнитивті тетік ретінде қарастырады», - деген тұжырымдары этносты танудың жеке бір жағы емес, оның тұтас бейнесін ұғындырады *[Бисенғали З., Манкеева Ж., 2010, б.277]*.

Аңыз-әңгімелердің қайсысын алып қарасаңыз да, «қонақ», «қонақ асы», «жол» туралы сөз қозғалатыны байқалады. Сондықтан аңыз-әңгімелердегі концептісін зерттеуге негіз етіп алып отырмыз. Бұл мәселе халқымыздың дүниетанымы, тіршілік ету қағидалары мен философиялық, әдеби-тарихи, мәдени ерекшеліктерінен мағлұмат беретін рухани құндылықтарды терең зерттеу қажеттілігінен туындап отыр.

Қазақтың аңыз-әңгімелері халқымыздың көшпенділік тірлігі, мәдениеті мен салт-дәстүріне ықпалын тигізіп отырған. Аңыз-әңгімелердің қай-қайсын алып қарасаң да, «қонақ», «қонақ асы», «жол» концептілері жиі кездеседі. Аңыздың оқиғалары, желісі жол үстінде жүріп жатқандай және адамдар өмірге қонақ секілді сезіледі.

«Қарап тұрсаң дүние шолақ екен,

Адамдар бір-біріне қонақ екен», - деген жолдардан тіршіліктегі бар құбылыстарды, адамзат

санасындағы сезімді тілдің құдіретті күшімен жеткізуге болатыны байқалып тұр. Дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ, дүниеге келу бар да, кету бар деген сияқты философиялық пайым жасалған. Адамдар өмірге келеді, өмірден өтеді, осы уақытта белгілі бір жолдардан жүріп отіп, бір-біріне қонақ сияқты санаға сіңген ұлттық психология мен ойлау жүйесінде ұлттық мінез танылады.

Қазақтың дәстүрлі рухани мәдениет лексикасының тілдік көріністері олардың этнолингвистикалық аспектілерін төмендегі мысалдармен дәйектеуге болады. Дала мәдениетінде мейман «қонақ» дегенді зор құрмет тұтқан.

«Қонақ» деген сөздің түбірі – «қону». Әлем халықтарында француздар тұтқынды, ағылшында қонақ кеткен соң үйін жинау десе, орыстар ауру адамды күтетін жер «хоспис» деп ұққан, гректерде қонақты сағыныш сөзімен байланыстырады.

Біздіңше, қонақ үйге келетін кісі, егер танымайтын болса - «құдайы қонақ», шақырумен келсе - «арнайы қонақ», үй-үйді аралап кезіпжүретінді – «қыдырма қонақ», мейман келген күні отбасында қуаныш, жақсылық болса – «құтты қонақ», тәу етуге барса – «тәу қонақ», «саяхатшы» т.б. деп бөліп жүрміз.

Кәделі қонаққа, жолаушыға қонақасы беру, табақ тарту, арнайы мал сою дәстүрі қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Адамның рухани қалыптасуында тілдегі ұлттық сипат, ұлттық таным, ұлттық рухтың қызметі зор.

Қазақтың ұлттық энциклопедиясында: «Халықтық ғұрып бойынша, келген адам үйге баса-көктеп кірмей, сырттан дауыстап, үйдегілерге белгі береді. Үйге келген адам әуелі шаңырақка сәлем беріп кіруі керек. Түсте келген қонаққа - түстік, кешке келген қонаққа – қонақасы берілген», - делінген [*Бисенғали З., Манкеева Ж., 2010, б.38*].

Осы пікірге орай қазақтың салт-дәстүрі, рухани мәдениет лексикасындағы тілдік көріністері, олардың этнолингвистикалық аспектілері аңыз-әңгімелерден де көрінеді. Төмендегі мысалдарға назар аударайық.

1. Тәу қонақ. Арнайы тәу етуге барады. Төле би тоғыз жасында сексенге келіп отырған Жетес биді іздеп келеді. Екі-үш күн қонақ болған соң, Төле би қайта еліне жүрмек болады *[Қазақстан: Ұлттық энциклопедиясы. 2004, б.19]*. Төле бидің тәу ете барғаны туралы айтылып, сарабдал сынақтан өтеді. Қонаққа құрмет жасалған.

2. Арнайы қонақ. Сырым батыр үйіне қонып отырған қадірменді қонағы Төленді биден: - Биеке, қазақтың қонағы неше түрлі болады? – деп сұрапты.

- Арнайы қонақ деп, алыстан арнайы келген жақын туыс, нағашы, жиен, құда, күйеу, қайын сияқты жекжатың немесе сүйікті достарың, жақсы жолдастарың қыдырып келуін айтамыз. Міне, бұл нағыз сыйлы қонағың, - депті, көпті көрген көне би Төленді қарт *[Ел аузынан, 1989, б.58]*. Ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша, Баяндыр хан жылына бір рет той жасап, оғыз бектерін қонаққа шақырады екен *[Төреқұлы Н., 1995, б. 58]*.

3. Қыдырма қонақ. «Досбол Нұржанды іздеп келе жатыр екен», - деген хабар келеді. Бірақ Досбол бір ауылдан бір ауылға қонақ болып, Нұржанның ауылына соқпай, оны төңіректеп жүріп алады *[Ел аузынан, 1989,б.65]*.

4. Құдайы қонақ. Алыстан келген қонақты Оралбек ауылы құрметпен күтіп алады [*Ел аузынан, 1989, б.115]*. Алдар көсе бір байдың үйіне қонақ болып түсіпті. Бай қонақ кәдесімен күтіп алады [*Ел аузынан, 1989, б.*338].

5. Құтты қонақ. Қазақта: «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», - деген қанатты сөз бар. Қашаған би қыдырып келген құдасына кетерінде бүкіл елге әйгілі Қаракеш жорғасын мінгізіп жіберді. Сол құдасы қонақ болып барғанда, үйінде келіні ұл туыпты, «құтты қонақ келді» деп атан түйе сыйға тартқан екен *[Төреқұлы Н.,1995, б. 276]*.

Осы арада ерекше атап өтетін жайт зерттеу нысанының этнолингвистикалық негізін сипаттайтын аңыз-әңгімелердегі ұлттық мәдениетке сай халықтық тіл байлығын байқаймыз. Қашаған бидің жорғасын сыйға тартуы, атан түйені құдасының мінгізіп жіберуі ұлттық түсінік, ұлт үшін маңызы жоғары қазақтар үшін «қонақ» қасиетті ұғым болып табылатынының айғағы сияқты.

Қонақтың зат есім ретінде атқаратын қызметі зор, сонымен қатар ол сыйластықтың, құрметтеудің, қарым-қатынастың таразысы секілді. Тілде сақталған «Қонақ келсе есіктен, Пәлекет шығар тесіктен», «Қонақасы – Тәңір асы», «Қонағы көп үйдің қазаны оттан түспес», «Қонақ қойдан жуас», «Қонақ ырыздығымен келеді» т.б. соның айғағы.

Қонақ асы – қонаққа берілетін ас халық қолданысында қой, жылқы, сиыр т.б. мал етінен дайындалатын ас. Қонақты құрметтеп ас беру, күту, табақ жасау ұлтымыздың салт-дістүрінде сақталып, тілдік көріністері этнолингвистикалық аспектілері ашылған.

Кәделі қонаққа қонақ асын беруде мал сойылып, мүше-мүшесімен ет тарту, оны сыпайы киінген жас жігіттер табақпен әкеледі. Келген қонақтардың дәрежесіне сай мүшелер іріктеледі. Табақты жасы үлкен адамдар жасап береді.

Қонақтарға тартылатын табақтар: құда табақ, күйеу табақ, бас табақ т.с.с бөлінеді.

Мәселен, Құсман Қозыбай шешенді үйіне қонаққа шақырады. Шешен еліне қайтар алдында оған қонақ болады. Сонда Құсман қонақ асы беріп отырып:

Еліңде жақсы көп болса,
Пайдасы ерге тиер,
Содырлы-сотқар көп болса,
Еліне найзасы тиер, - депті [*Төреқұлы Н.,1995, б. 288]*.

Солтүстік Қазақстанда өмір сүрген Нәпіл ба-

тырдың баласы «Арқаның арыстаны» атанған елге мәлім Қозыбай шешенге берілген қонақ асы қадірлі қонаққа арналған. Мал сойылып, қымыз ішіліп, бауырсақ пісірілген, дастарқанға ұлттық тағамдар қойылып, арнайы дайындық жасалған. Келген қонаққа қазан көтерген, ошақтың аясында елдің қаперсіз тірлігі суреттеледі. Ата-баба салтымен қымыз ішіп, қазы мен қартаға толы табақ-табақ ет тартылған. Бұның бәрі қазаққа тән қасиет болғандықтан, аңыз-әңгімелерде қазақ оброзының көрінісі осылай көрінген.

Жоғарыда келтірілген мысалда ұлттық мінез, ұлттық салт-сана, ата-тек, ұлттық діл арқылы ашылған. Қонақ күту, ас беруде аңыз-кейіпкерлерінің характерін танытатын іс-әрекеттер туыскандық, бауырмалдық сезім төңірегінде берілген. Мұның бәрі – асықпай ойлап, салмақпен шешетін қазаққа ғана тән қасиет.

Аңыз-әңгімелерде «жол» концептісі толықтай кең көлемде суреттеліп, барлық оқиғада жолаушылар жол үстінде кездесіп жатады. Мысалдарға жүгінсек,

1. Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып алдынан қарсы кездескен бір баладан: - Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрапты.
2. Бірде Жиренше серіктерімен алыс жолдан келе жатады *[Ел аузынан, 1989, б.15]*.
3. Қожанасыр бір күні алыстағы туған-туыстарын аралап қайтуға жолға шығады *[Ел аузынан, 1989, б.318]*.
4. Жолда келе жатып батыр ұйқысынан оянады *[Келімбетов Н,. 1991,б.75]*.

Бірнеше күн жол жүріп, шаршап-шалдығып іздеген ауылдың шетіне кештете жетеді *[Ел аузынан, 1989, б.267]*.

Аңыздардан келтірілген үзінділердегі басымдылық жолды баяндап кету, оқиғаның басында жол сөз болғанымен, кейіпкердің межелеген жеріне жетуі, жолаушының әңгімесінде жол жүріп келгенін, қандай мәселемен жолға шыққаны баяндалады. Аңызда бірде Жиренше шешеннің бейнесін сөз етсе, бірде жол бойы ұзақ жүріп шаршағанын жалғастырып кетеді. Жол концептісін бейнелеу үшін табиғат құбылыстары, кең байтақ дала, кейіпкерлердің мінезі суреттеледі. Жол үстінде келе жатқан Жиренше, Қожанасыр, Қорқыт, Асан қайғы т.б. аңыз-кейіпкерлерінің әртүрлі оқиғаға кездесіп, соңында деттеген жеріне жеткені айтылады.

Жол мен жол үстіндегі жолаушылардың әңгімесі, көңіл-күйі, табиғат көріністері аңызда сөз болады. Аңыз-әңгімеде екі жолаушының жол үстіндегі әңгімесінде: «Бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол бақыр күн қайырады екен. Көкектің суығы басталғанда әлі қойды жайылысқа шығармайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айырыласың десе, бай қатты кісі екен. Сен тоғышарлық қылып алдап отырсың деп, Отамалыны сабап-сабап қойды жайылысқа шығарыпты. Сол күні қатты боран басталып, үш күн, үш түн соғады, байдың бар қойы қырылып, Отамалы да үсіп өледі. Көкектің суығы «Отамалы» атанғаны содан екен» *[Молдаханов Ә., 2005, б.12]*. Жолаушылар жол қысқартудың әдемі үлгісін осы аңыз арқылы берген.

Аңыздағы табиғат көрінісін суреттей отырып, «Қыстан титықтап шыққан қой» - деп сөз аясына көп мағына беріп отыр. «Титықтап шыққан» деген тіркестің өзі, қыстың қаттылығынан жүдеп шыққан арық қойлар дегенді білдіреді. Кейіпкердің жан дүниесіне үңіле отырып, бай мен қойшының психологиясын ашқан. Одан әрі ауа райының ауысып үш күн, үш түн боран соғуы Отамалы мен қойлардың қырылып қалуы арқылы «жол» концептісі жасалған. Аңыз кейіпкері Отамалының да өмір жолымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан келгенде халық даналығының сарқылмас көзі аңыз-әңгімелер тығыз қарымқатынаста болып, дүниенің мәдени бейнесі мен тілдік бейнесі үнемі байланыста болатынына көзіміз жетті. Кедейдің күні кіжінумен өтеді, қайда барса да бір өлім болған өксік тағдыр аңызда баяндалып тұр. Ә.Молдаханов: «Фольклорлық дәстүр – халқымыздың ежелден келе жатқан рухани қазынасы. Оған ұлттық рух, мінез-құлық, дүниетаным, эстетикалық талғам, әдет-ғұрып, салт-сана, тұрмыс-тіршілік оның жөн-жосық, жол-жоралғылары, болмыс-бітімі т.б. жатады», - деп тұжырымдаған *[Молдаханов Ә., 2005, б.26]*. Ғалымның осы пікіріне сай аңыз-әңгімелер де халқымыздың ұлттық қазынасын танытатын мол мұра деп білеміз.

«Қонақ», «қонақ асы», «жол» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілері болып табылады. Қазақ дүниетанымында өте күрделі. Тілді зерттеуші ғалымдар бұл концептілер туралы азды-көпті пікір айтып жүр. Десек те, біз өз тарапымыздан осы концептілерді түсінудегі ұлтымыздың дүниетанымдық түсінігінің тілдік суретін аңыз-әңгімелердегі танымдық көрінісі арқылы біршама сөз еткен болдық.

«Жол» сөзінің қазақ тілінде үш мағынасы бар: а) жүргінші жүретін жол, ә) жолы болу не жолы болмау, б) жол-жоралғы. Концептінің базалық қабаты «жол» болса, бастапқы мағынасынан туындаған когнитивтік-семантикалық қабаттары барлық тілдік бірліктер мен конструкциялар құрайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды жинақтай келгенде, қазақтың аңыз-әңгімелеріндегі ұлттық мәдениеттің тілдік бейнелеуін танымдық тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасадық:

– Халқымыз ана тіліміздің мәдениетін, оның сұлулығын, мақсатқа сай қолдана білген;

– Аңыз-әңгімелердің тілі психологиялық және лингвистикалық қырларымен астасып жатады;

– Қазақ халқы өзінің ұлттық рухани құндылы-

ғын толық сақтап, көркем тілмен көрсеткен.

Тіл мен таным сабақтастығының ерекше қызметі негізінде тілде қалыптасқан тұрақты этнобелгілерді аңыз-әңгімелердің тілін зерттеу арқылы ашудың мәні ерекше. Ұлттық мәдениетке қатысы бар атаулар жинақталып, жүйеленді және этномәдени когнитивтік дәйегін анықтағандай болдық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Хорленко А.Т. Основы современной филологии – Москва: Флинта, 2013, 87с.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет – Алматы: Жазушы 1959, 556 б.;
3. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті – Алматы: Санат, 1996-368 б.
4. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы – Алматы: Ғылым, 1984-272 б.
5. Бисенғали З., Манкеева Ж. Қазақ филологиясы: егіз негіз – Алматы: Арыс, 2010-382 б.
6. Қазақстан: Ұлттық энциклопедиясы. Бас редакторы Б.Аяған- Алматы: Қаз.энц.2004, том 6-696 б.
7. Ел аузынан – Алматы: Жазушы, 1989-357 б.
8. Төреқұлы Н. Қазақтың 100 би шешені – Алматы: Қазақстан, 1995-384 б.
9. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті – Алматы: Ана тілі, 1991-215 б.
10. Молдаханов Ә. Әуезов және фольклор – Алматы: Дәуір, 2005-248 б.

УДК 378

ИМАНБАЕВА САБИРА САРЫБАЙҚЫЗЫ,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

БАЙМҰРАТОВА ГҮЛМИРА ШӘРІПҚЫЗЫ,
аға оқытушы,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ СЫНИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа: Мақалада Абай Құнанбаевтың өз дәуірінің болмысын, заман ахуалын сыншыл бағыттағы өлеңдері мен қара сөздері арқылы сипаттаған, халықты қараңғылықтың негізі надандықтан арылуға, өнер, білім, мәдениеттен кенже қалған жұрттың ой - санасына серпіліс тастап терең өсиет сөздер қара сөздерін насихаттау арқылы заманның желісін өзгертуге ұмтылған, өркениет биігіне шақырған шығармашылық мұрасы қарастырылады. XIX ғасырда ағартушы Абай Құнанбаевты ойландырған мәселелер елдің бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, оқу – өнер, білімге ұмтылу, заман талабына сай үш тұғырлы тілді игеру, кәсіпкерлік жолына салу, ең бастысы жаһандану жағдайында тәуелсіз мемлекетімізді нығайту бүгінде ерекше мәнге ие. Олай болса, XIX ғасырдағы қазақ қоғамдық ойында – сыншыл бағытты қалыптастырған Абай Құнанбаевтың шығармашылық ізденістері бүгінде өзінің қолданбалық мәнін, өзектілігін жойған жоқ.

Түйін сөздер: ағартушы, жазба әдебиет, кемеңгер, сынгер, философ, дәуір, болмыс,бас ақын, қара сөз, өркениет, мәдениет.

Аннотация: В статье раскрывается сущность эпохи Абая Кунанбаева и ситуация того времени, через его произведения. Вопросы, которые волновали Абая в XIX в. - сохранение единства страны, стремление к знаниям, и сегодня имеют непреходящее значение и ценность.

Ключевые слова: просветитель, письменная литература, гений, философ, эпоха, критик, проза, цивилизация, культура

Abstract: The article reveals the essence of the era of Abai Kunanbayev and the situation of that time through his works. Questions that worried Abai in the 19th century - the preservation of the unity of the country, the desire for knowledge, still today have a special importance and value.

Key words: educator, written literature, genius, philosopher, era, critic, prose, civilization, culture

Қазіргі таңда «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары негізінде ұлттық мәдениетімізге, халқымыздың рухани мұраларына айрықша мән беріліп отыр. Жаһандану кезеңінде осы идеяларға тарихи сабақтастық арнасында жалғасқан еліміздің Президенті Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі» атты халыққа Жолдауында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын мемлекеттік маңызды іс шара ретінде көрсетіп, «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы ой толғанысы және Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Абай аманаты» атты мақаласы қазақ руханиятында тың серпіліс туғызды.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан философиялық-тарихи, әдеби құнды мұраларын жинақтап ұлтымыздың рухани қазынасына айналдырып, тағылым алып, халқымыздың жадына сіңіруміз қажет деген ойды айта келе, Президентіміз Қ.К. Тоқаев Абай Құнанбаевтың мұраларының құндылық мәнін төмендегі ой-толғаммен бағамдайды: «...Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін өзі тануы. Адамның өзін өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы» [Қ.К. Тоқаев. Егемен Қазақстан. 9 қаңтар - 2020].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев мақаласында ұлы хакімнің мұрасына кең түрде талдау жасап, қайраткерлік тұлғасына өз құрметін білдіреді. Мақалада: «Ұлы ақын, дана ойшыл Абай XIX және XX ғасырлар тоғысындағы Ағартушылық немесе Ояну дәуірінің көшбасшысына, елдің болашақ бағдарын айқындап берген рухани темірқазығына айналды», - деп ой тұжырымдайды [Н.Ә. Назарбаев. Егемен Қазақстан. 7 қазан 2020].

Әрбір өскелең жаңа ұрпақ өзінің алдында өткен данагөй кемеңгерлердің тәрбиелік мәнмағынасы терең, адамгершілік мақсат-мұраттарын білдіретін, ғибратты ой - толғаныстарынан тәлім-тәрбие алуы тиіс.

Қазақ мемлекетінің әрбір дәуірінің болмысына сай, заманына тән қоғамдық ойы қалыптасты. XIX ғасырдағы халқымыздың қоғамдық ойының өзіндік қалыптасу ерекшелігі болды. Патша өкіметінің отарлау саясатымен қоса қыр өлкесіне, XIX ғасырда қазақ халқының тарихына, мәдениетіне құрметпен қараған Ресейдің озық ойлы демократ ақын-жазушыларының идеялары да келіп жеткен еді. Бұл уақытта қазақ арасынан орысша білім алған, европалық мәдениетті үлгі тұтқан, халқына адал қызмет етуді көздеген оқымысты білімдар адамдар шыға бастады.

Қазақ халқының ұлы ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаев, өздерінің ағартушылық және сыншы-жазушылық қызметтерімен орыс мәдениетіне жол ашты.

Ұлтымыздың ғұлама ағартушылары өз халқының даму тағдырын орыс мәдениетімен байланыстырды. Қазақ халқы үшін өсіп өркендеудің бірден-бір дұрыс жолы - орыс халқының демократияшыл мәдениетінен үлгі алу, орыс тілін оқып-үйреніп жаңа заманның өнерін, ғылым, білімін меңгеру арқылы, халқын өркениет биігіне көтерілуге шақырды.

Уақыттың өзі Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасының, идеясының негізі күшті екендігін айқындап берді. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев сынды ұлы ағартушылардың мақсат-мұратының орындалғанына бүгінде тарих куә, олар халқының өркениет биігіне жеткенін көре алмаса да, оның күні туатынына сенімдері күшті болды. Қазақ ағартушыларының қайраткерлік тұлғалары осы тұтастығымен, өз ерік-жігерін, күшін халық ісіне сарқа жұмсауымен ерекшеленеді. Олардың мұраларының құндылығын, өміршең ой-пікір, өсиет екендігін бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің болмысы толық айқындайды.

Абай Құнанбаев - жаңа әдебиеттің негізін қалаған, сынгер сезімді оятушы ұлы ақын, кемеңгер ағартушы, асқақ ойшыл, философ.

Абай Құнанбаевтың ақын ретінде халыққа танылған уақыты, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы. Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен қазақтың жаңа әдебиетінің, сыншыл қоғамдық ойының дәуірі басталады.

Ұлы Абайды әлемге танытқан заманымыздың аса талантты жазушысы, М. Әуезов ақынның өмір сүрген кезеңін былай сипаттайды: "Мәдениет, өнер-білімге кенжелеп артта қалған ержұрт бар. Қыс жұты жаз індетімен аралас ел шаруасының құтын шайқап, барымта бақталастан туған әлек, лаң әкеліп соны қалың ел ортасына пәле ғып тастап сол арқылы момын еңбекші есесіз көпті жеп жүрген қанап, тонап сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері-надан, өздері-ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей қараңғы тап. Олар бастаған ел көшінің барар беті қараңғы екі талай тығырық" [М. Әуезов. Алматы, 1959. 33 б.].

Міне, осы жоғарыда аталып көрсетілген қазақ даласындағы келеңсіз көріністер қазақтың күңгірт, сәулесіз тіршілігі Абайды ақындық арнаға біржолата түсірді. Абай Құнанбаев ақындық жолы арқылы өзінің қандастарының көкірек көзін оятып тәрбиелеуді мақсат санады.

Ғұлама хакім ақын өз дәуірінің болмысынан асып кете алмады. Ол заманның ырқына сай ойды нысана етіп қараңғылықтың негізі надандыққа соққы беруді өнер, білім, мәдениеттен кенже қалған жұрттың ой-санасына серпіліс тастап терең өсиет сөздерін насихаттау арқылы заманның желісін өзгертуге ұмтылды.

80-ші жылдардың орта кезінен бастап жазған өлеңдері, алғашында замандасы Көкбайдың атынан жұртқа тарады. Кейінірек, 1886 жылдан бастап өз атынан халыққа таралды [А. Құнанбаев. Алматы, 1948. 416 б.].

Абайдың дарынды кемеңгер, сыншыл, ойшыл ақын болып қалыптасуына әсер еткен қандай жағдайлар осыны зерделеп өтейік. Біріншіден, Абайдың туып-өскен ортасының әсері мол. Сондай-ақ, Абай Құнанбаев өздігінен ізденіп көп оқыған. Осы орайда да, біз ғұлама А. Байтұрсыновтың берген бағасына сүйенгенді жөн көрдік.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған», [А. Байтұрсынов. Алматы, 1989. 301 б.] - дейді. Сондай-ақ, Мұхтар Әуезов Абай шығармашылығының үш қайнар көзі бар, бірі қазақ фольклоры мен әдебиеті, екіншісі Шығыс әдебиеті, үшіншісі орыс және Батыс әдебиеті деген екен. Міне осы үш қайнарды ұлы ақын өмір бойы танып-іздеумен болған, оларды бір-бірімен шебер ұштастырып білім-танымын толықтыра білген.

Қазақ жұртшылығына, Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын таныстыру ісін, 1905 жылы қолға алған, халқымыздың саяси көсем қайраткері, марқасқа ғалымы Әлихан Бөкейханов еді.

Ұлы Абайды қазақ халқына сәуле берген, жарық жұлдызы деп бағалап, өздерінің рухани ұстазы санаған А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов оның өлеңдерін жариялап халыққа таныстыруды өздерінің басты парыз міндеті деп санады.

Өмірлік идеялары бір, бір-біріне аға-іні ретінде құрметпен қараған үш арысымыз да, Абай Құнанбаевқа арнап көлемді мәнді мақалалар жазған.

Ә. Бөкейханов «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мақаласында ақынның өмірбаянын тұңғыш рет баяндап жазады. Кемеңгер ақынның өлеңдерін зерделеген, қайраткер, ғалым: Ә. Бөкейханов «Абайдың шығармаларында поэтикалық тегеуірін бар. Оның өлеңі-қазақ мақтанышы Алашта рухани шығармашылықты мұншама асқақтатқан Абайға дейін ақын болған емес» [Ә. Бөкейханов. Алматы, 1995. 310 б.] - деп ой қорытады.

Ә. Бөкейхановтың ұлы Абайдың мұраларына ерекше құрмет көрсетіп көңіл бөлгендігін, оның мақалалары айқындайды.

Мәселен, Кәкітай қазасы туралы жазған мақаласында мынадай ой айтылады: «Кәкітайдың әкесі - Ысқақ ақын Абайдың інісі. Кәкітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп баулаған. Абай қасына жүріп, школ көрмей Кәкітай орысша жаза да, оқи білген, Абай білетін Европа жазушыларымен Кәкітай да таныс оқыған еді. Ыждағаттылық арқасында сөзге ұста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Абайдың тәржіме халін жазған да-Кәкітай. ...1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басыңдар деп, балаларына хат жаздым. 1905 жылғы апрель айының аяғында Кәкітай Абайдың қолжазба кітабын алып, Омбыдағы маған келді. 1905 жылы жазғытұры саясат ісі қалай болғанын біздің «Қазақтың» оқушылары біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұмадай жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мейрам болдық. Анық таныстық», [Ә. Бөкейханов. Алматы, 1994. 272 б.] - дейді. Алайда, Ә. Бөкейханов пен Кәкітайға қолға алған игілікті істерін жүзеге асыруға, Ә. Бөкейхановтың тұтқындалуы және 1905 жылдан кейінгі елдегі ішкі саяси жағдайлар мүмкіндік бермеді.

Ахмет Байтұрсынов ақынның шығармашылығымен танысуы жөнінде былай жазады: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде, жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» [А. Байтұрсынов. Алматы, 1989. 301 б.].

Осы жоғарыда айтылған Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың пікірлерін «Қазақ» газетінің 1914 жылы №67-ші санында жарияланған, М. Дулатовтың «Абай» атты деректік мақаласы толықтырады. Ол: «...1904 жылы июнь жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын, һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», - деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады: Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде апат болды» [М. Дулатов. Алматы, 1991. 249 б.] - деп көрсетеді.

Егер тағдырдың сәті түсіп, ұлтымыздың рухани ұстаздары, екі ғұлама Абай Құнанбаев пен Ахмет Байтұрсынов кездескенде халқымыздың өмірінде мәні зор тарихи оқиға болар еді деп ойлаймыз.

Бұған қосымша мақалада: «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі географический обществоның шығарған бір кітабында Ғалихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды, һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады.

1909-ыншы Абайдың балалары, һәм інілерінің ризалығы, һәм Ғалиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Бураганский баспасында басылып шықты. Бұл күні қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы», [М. Дулатов. Алматы, 1991. 249б.] - дейді. М. Дулатов мақаласында көрсеткендей, кемеңгер ұлы ақынның шығармаларының жарық көруі, ақынның ғұмырбаяны мен өлеңдерін жинақтаған Кәкітай мен халыққа тегіс танытуды мақсат тұтқан Ә. Бөкейхановтың белсенді еңбегінің нәтижесі.

Соңғы уақытқа дейін ғалымдар А. Құнанбаевты ағартушы-демократ деп есептеп, оның шығармашылығын таптық түсінік тұрғысынан ғана бағалап ауқымын тарылтып алдық. Халқымыздың рухани мұраларын жинақтаудаайрықша еңбек сіңірген, Өзбекәлі Жәнібеков мынадай ой айтады: "Ақиқатына жүгінсек, Абай тек ағартушылық идеямен, демократтық бағыттағы өлеңдер шығарумен шектеліп қойған жоқ. Ол өз кезіндегі қоғамға ғана емес, бүкіл адамзатқа қатысты келесі мәселелерді қамтыған суреткер" [Ө. Жәнібеков. 1992. 15 б.]. Шындығында, А. Құнанбаевтың шығармашылығына зер салып пайымдасақ, ақынның жазбаған саласы жоқ тәрізді. Поэзия, музыка, философия, өнер, тарих, этнография, эстетика, педагогика, дін-осы салалардың барлығына қалам тартып, кейінгі ұрпақ үлгі өнеге аларлық тағылымды ойларын қалдырды.

Осы тұрғыдан келгенде, біз ұстаздар қауымы ақынның жалпы адамзаттық игі қасиеттерді насихаттаған өлеңдерін, қарасөздерін жеткіншек жастардың ой-өрісін кеңейтіп, тәлім- тәрбие беруде кеңінен пайдалануымыз қажет.Ұлы ақынның мұраларын зейін қойып оқитын,әрбір жеткіншек өзін толғантқан мәселелерден түсінік алады.Жеткіншек жас ұрпақ А.Құнанбаевты мектеп хрестоматиясындағы өлеңдері арқылы ғана біледі.Парасатпен пайымдасақ,ақынның мұраларын оқудың өзі адамға үлкен сын.Терең ойлы,кең мағыналы өлеңдерін ыждағаттылықпен оқымасаң,түсіну қиын.

Абай Құнанбаев ақындық талантын халқы үшін сыншы тәрбиеші мақсатында пайдаланғанда ол өз шығармашылығының өзекті бір саласы етіп өсиет өлеңдері мен қарасөздерін нысанаға алды.

Кемеңгер ақын өсиет өлеңдерінде,халқының жағымсыз кертартпа қасиеттерін сынға алып,ел

билеген азаматқа елдің береке-бірлігін сақтауға,әділ билік жүргізіп,жастарды білім алуға,халықты еңбек етіп мал табуға шақырды.

Жастарға тәлім-тәрбие беруде,оның қара сөздерінің орны ерекше.Себебі, нақты бір ой мен пікірге құрылған философиялық-психологиялық әрі педагогикалық ұғымға толы қара сөздері әрбір жастың таным-көкжиегін кеңейтіп,ой-өрісінің толысуына зор ықпал берді.

Абай Құнанбаев өзінің көп өлеңдерінде,өзінің жүрек сырын арманын көзқарасын шертеді. Бұл ауқымдағы ақынның өлеңдерінде «Білімділерден шыққан сөз», «Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы», «Менсінбеуші ем наданды», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» «Жүрегім менің қырық жамау», атты өлеңдерін айтуға болады. Ол: «Біреудің кісісі өлсе,қаралы ол» өлеңінде:

Мақсұтым – тіл ұстартып,өнер шашпақ
Наданның көзін қойып,көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ,

- деп ақын осы ізгі мұратты өмірінің соңына дейін шығармашылығына ту етті. Сондай-ақ, өзінің жүрекжарды жан сыры, терең кестелі сөзі жұртшылықтың ой-өресіне жетпегенде,тауы шағылып өрекпіген көңілі басылып:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы,соқпасыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым,кінә қойма!,

[А. Құнанбаев. Алматы, 1948. 24 б.] - дейді. Ақын болашақ ұрпаққа өзінің ішкі жан-дүниесін жаралған, жүрегіне мұз болып қатқан жүрегін ашады.

Сыншыл ақынның өлеңдерінің бір бағыты ел мінезін түзеуге, ел билеген болыстардың жағымсыз қылықтарын сынауға арналған.

«Мәз болады болысың», «Адасқанның алды-жөн,арты-соқпақ», «Болыс болдым мінеки», деген өлеңдерінің бәрінде қырдағы әрбір әлеуметтік топтың мінезін бейнелеген. Мәселен, «Мәз болады болысың» атты өлеңінде:

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға,-
дейді.
Қалың елім,қазағым қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан,бірі май боп енді екі ұртың,
...
Бас басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқпа елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,-

деп жырласа, «Болыс болдым мінеки», өлеңінде патшаның қолшоқпары болған болыстың пысықтығын, екіжүзділігін, орыс әкімшілігіне жағымпазданып, жалтақтаған кейпін болыстың тілімен айнытпай суреттейді.

Абайдың кейбір өлеңдеріндегі ойлар қара сөздерінлегі ғибратты ойлармен сабақтас, үндес.

Мәселен, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», өлеңінде айтылған ой-пікір, оның «Жиырма бесінші сөзінде» айтылған оймен сабақтас. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», өлеңінде баланы оқытудағы халықтық мүддені көрсетсе, «Интернатта оқып жүр», өлеңінде жалпы орыс оқуы туралы сөз қозғап, патшалық Ресейдегі оқудың жігін ашады, оның екі түрлі бағыттарына деген көзқарасын ашық аңғартады. Мысалы:

Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге, -

деп Ресейдегі үстем тапқа қызмет етіп отырған,мүддесі жат әскери оқумен саяси билеуші аппараттық басқару жүйесіндегі кеселді де, шала оқудан жас ұрпақты безендіреді әрі сақтандырады.

Алыста болса іздеп тап,
Кореннойға кіруге,-

деп, өзінің армандаған оқуының,халықтық мүдденің қамын жейтін ғылымның соқпағына қарай тартады. Ал осы ойдың сараланып нақтылана түсуін, оның «Жиырма бесінші сөзіндегі» ... Орысша оқу керек... залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» [А. Құнанбаев. Алматы, 1948. 24 б.] - дегенін көреміз.

Ақын өлеңінде баяндалатын оқуға түсудегі мақсат ел қамын жеу, соған қызмет ету болғандықтан:

«Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой!, - дейді.

Ғұлама Абай жастарды шенқұмар болмауға үгіттейді,оларға орыстың ұлы жазушыларын ғана емес, жалпы ғылым иелерін ұстаз тұтуды ұсынады. Бұл ойын қара сөзінде одан әрі кеңейтеді. «...Балаңа орыстың ғылымын үйрет, орыстың ғылымы өнері –дүниенің кілті мына мен айтқан екі жол мал аяр жол емес», [А. Құнанбаев. Алматы, 1948. 348 б.] - деп ой түйеді.

Абай Құнанбаев адамның өміріндегі ғылым мен білімнің ерекше орын алатындығын, «Ғылым таппай мақтанба» және т.б өлеңдерінде көрсеткен. Ол:

Ғылым таппай мақтанба!
Орын таппай баптанба!
Құмарланып шаттанып
Ойнап босқа күлуге.
Жамандық көрсең нәфрәтлі
Суытып көңіл тыйсаңыз
Жақсылық көрсең ғибрәтлі
Оны ойға жисаңыз,
Ғалым болмай немене
Балалықты қисаңыз?

Болмасаң да ұқсап бақ
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз, -
дейді.

Жас ұрпақтың рухани ішкі жан дүниесі бай, білімді, білікті азамат болып қалыптасуы біріншіден, оның өзіне яғни, ізденгіштігіне, талаптылығына еңбектенуіне байланысты, екіншіден, оның тәлім-тәрбие алған ортасына тікелей қатысты дейді. Осы пікірін «Он тоғызыншы сөзінде» де дамыта түседі. Адамның ақыл ойының толысуы, оның табиғи өсу жетілуімен тығыз байланысты құбылыс. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды тануындағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін істесе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, - сонда адам десе болады» - деп ойын аяқтайды.

Ақын «Он сегізінші қара сөзінде» бір адам баласы, екінші бір адамнан қандай қасиеттері бойынша артық деген мәселені көрсетеді.

«...Біреуі: атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, «өзінен ілгерілеуге елеулі болып,өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгіге: «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен,!» дейтұғын болмаққа ойланбақ.Мұның бәрі масқаралық, ақымақтық, мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы қиын іс.Кербезденгенде: осындай кер, кердең немеден безіңдер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық», [А. Құнанбаев. Алматы, 1948. 341 б.] - деп ой тұжырымдайды.

Ғұлама хакім «Отыз сегізінші қара сөзінде», адамзатты адамдық қасиеттен жұрдай ететін келеңсіз нәрселердің басын ашып көрсетеді. «...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі: надандық, екінші еріншектік, үшінші залымдық деп білесің, надандық, білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік,хайуандық болады. Еріншектік, күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік, әрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны, адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді. Бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады» - деп ой түйеді.

Қазақтың әдебиет тілін өзге шет тілдерден тазалауға күш салды. Абай өлең жазуға он жастан бастап талаптанған және 14 жасында, Семейдегі оқудан ауылына қайтып келген соң-ақ жаза бастаған. Бірақ, ол, 37 жасында, 1882 жылы «Қан сонарда» деген өлеңіне дейінгі өлеңдерінің бірен-саранын ғана сақтап, көпшілігі сақталмаған.

Ұлы ақынның шығармашылығының бір арнасы оның поэмалары. «Ескендір», «Масғұт» және аяқталмаған «Әзім әңгімесі» атты поэмаларында әлеуметтік, адамгершілік, гуманистік ойларды көтереді. «Ескендір» поэмасы шығыс елдерінде «Ескендір Зұлқарнайын» деген атпен тараған. Еуропаға «Александр Македонский» деген атпен белгілі болған қолбасшының өмірі жайлы аңыздар негізінде жазылған. Өзінің «Ескендір» поэмасында мансапқор, нысапсыз, қайырымсыз, қытігез, сорғысқұмар, дүниеқор билеушінің бейнесі суреттеледі, Ескендірге қарсы ақыл, уәж, ой, айтқан ақыл иесі философ Аристотельдің ғибратты сөзі арқылы, ақын халыққа тағылымды ойын жеткізеді.

Аристотель:
Бұл-адам көз сүйегі, - деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың-мың санға
Жетім көз жер жүзінде тоймаса да,
Өлсе тояр,көзіне құм құйылғанда.
Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен.?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні.

Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен, [А. Құнанбаев.Алматы, 1957. 350 б.] – дейді.

Поэма желісі бойынша Аристотельдің ұтымды ақыл сөз айтуы – ызаға булыққан қанағатсыз Ескендірді райынан қайтарап, тоқтамға келтіреді.

Поэмада ақынның халыққа жеткізейін деген ойы, адам баласының көзі тірі кезінде еш нәрсеге тоймайды байыған үстіне байысам деп «Дүниеге көзі құнығып, қанағат жасауды», білмейді. Тек көзіне топырақ кіргенде ғана тояды дейді. «Нысап сайын береке», - деп халық даналығы айтқандай, Абай адамзатты, нысапты, ұстамды дүниеқұмар болмауға шақырады. Халқымыздың ұлы перзенті, теңдесі жоқ ақыны, дүниежүзілік өркениет мәдениетінен ерекше орын алған топжарған тұлғасы Абай Құнанбаев туралы жазбамызды, көрнекті қайраткер, жалынды көсемсөзші, ақын М. Дулатовтың төмендегі пікірімен қорытындылаймыз.

«...Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнері білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зират етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» [М. Дулатов Алматы,1991. 251 б.]....

Бұл пікірдің көрегендікпен дұрыс айтылғандығын, бүгінгі күні халқымыздың ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығына тағзым етуі көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қ.К.Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»//Егемен Қазақстан.-9 қаңтар.- 2020
2. Н.Ә.Назарбаев «Абай аманаты»//Егемен Қазақстан.7-қазан.-2020
3. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 33б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1948.416 б.
5. Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы, 1989. 301б.
6. Әлихан Бөкейханов. Таңдамалы. Избранное. Алматы, 1995. 310б.
7. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы, 1994. 272б.
8. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы, 1989. 301б.
9. Міржақып Дулатов. Шығармалары. Алматы, 1991. 249б.
10. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы, 1992. 15б
11. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1948. 24 б.
12. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1948, 348 б.
13. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1948. 341б
14. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1957.-1-том.350 б
15. Міржақып Дулатов. Шығармалар жинағы. Алматы, 1991. 251 б.

УДК 378

ИМАНБАЕВА САБИРА САРЫБАЙҚЫЗЫ,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ТАСТАНОВА ЗАУРЕШ ТЕЛЬМАНҚЫЗЫ,
аға оқытушы,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Аңдатпа: Мақалада XIX ғасырдағы қазақ қоғамдық ойы тарихындағы Ы. Алтынсариннның ағартушылық бағытты қалыптастырған ерен еңбегі қарастырылады. Дала өлкесінде жаппай сауатсыздықты жою мақсатында атқарған оқу-ағарту саласындағы ұстаздық, ұйымдастырушылық қызметі, қазақ этнографиясын зерделеудегі мақалалары талдауға алынады.

Түйін сөздер: ағартушы, педагог, этнограф, хрестоматия, уездер, миссионер, комиссия, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, иман.

Аннотация: В статье рассматривается труды Ы. Алтынсарина сформировавшие просветительское направление в истории казахской общественной мысли XIX века. Анализируются труды ученого в области казахской этнографии, по педагогической, организационной деятельности в сфере образования, проводимые в целях ликвидации массовой неграмотности в степном регионе.

Ключевые слова: педагог, просветитель, этнограф, уезд, миссионер, комиссия, обычаи, традиция, вера.

Abstract: The article discusses the works of Y. Altynsarin, who formed an educational direction in the history of Kazakh social thought of the 19th century. The works of the scientist in the field of Kazakh ethnography, on pedagogical, organizational activities in the field of education, carried out in order to eliminate mass illiteracy in the steppe region are analyzed.

Key words: teacher, educator, ethnographer, county, missionary, commission, customs, traditions, faith.

Өркениетті әлем Қазақстанды экономикалық қор-қуаты мол, болашағы зор, саясаты сенімді, бағыты байыпты мемлекет ретінде тануда. Алайда, өркениет әлемінде қазақ ұлтын мойындатудың тағы бір жолы бар. Ол - тағылымды тарихыңды таныту, өрелі мәдениетіңді өрістету, озық ғылымыңды көрсету. Бүгінгі күні Елбасы Н.Ә. Назарбаетың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары арнасында ұлы ағартушылардың мұраларына ерекше мән беріліп отыр [Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан. - 12 сәуір-2017 ж.].

"Өнегелі дана жоқ жерде, өнерлі бала да жоқ", - деп халқымыз дәл айтқандай, әрбір жаңа ұрпақ өзінің алдында өткен данагөй кемеңгерлердің тәрбиелік мән-мағынасы терең, адамгершілік мақсат-мұраттарын білдіретін, ғибратты ой толғаныстарынан тәлім-тәрбие алуы тиіс.

Өз заманының озық ойлы прогресшіл идеяларымен білімін толықтырған Ыбырай Алтынсарин тілмаштық жұмыстан бас тартып, өзі үшін де, халқы үшін де, мәні- маңызы жоғары ағартушылық қызметті қалайды. Оның кейінгі өмірінде кең өріс алған белсенді ағартушылық қызметі осы кезде -ақ басталады. Қазақ халқын өркениет биігіне көтеретін жол - оны мәдениетті елдердің қатарына қосып, өнер-білімге ұмтылу деп білген, Ы. Алтынсарин ел арасында насихат жұмысын өрістетіп халқын өнер-білімге үндеді.

Ы. Алтынсарин 1845 жылдың 20 қазанында қазіргі Қостанай облысының Затобол (бұрынғы Арқарағай) ауданында туған. Әкесі Алтынсары ерте дүниеден өтіп, жастайынан атасы Балғожа бидің тәрбиесінде өскен. Бала Ыбырайдың көзі ашық, зерделі, білімді азамат болып қалыптасуына атасы Балғожа бидің ықпалы айрықша болды. Ел ішінде өткір тілді, сөзге шешен би ретінде танылған Балғожаның беделі үстем еді. Заман талабына сай оқу-өнердің маңызын түсінген, ол Ыбырайды 1850 жылы Орынборда ашылған орыс-қазақ мектебіне береді. Осы жылы оқуға түскен, 30 қазақ баласының бірі- Ыбырай Алтынсарин болған еді.

Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан бұл мектеп, балаларды орысша оқыту арқылы, олардан қазақ даласын билейтін патша чиновниктеріне көмекші әкімдер дайындайтын. Дегенмен, мектепте оқыған бала. Ыбырай бір шен, дәреже алуды мақсат тұтпай,

бар ынта-жігерін жан-жақты білім алуға арнады. Соның нәтижесінде 1857 жылы мектепті үздік бітіріп шығады. Орынбор шекара комиссиясында әскери старшын болып қызмет атқарған атасы Балғожаның бірінші хатшысы болады (1857-1859 жж.) [М. Жолдасбекұлы. М. Салғараұлы, А. Сейдімбек. Елтұтқа 2001. 227 б.]. Осы жылдары Ыбырай Алтынсарин ел ішіндегі тұрмыс тіршілікпен жете танысып, халқының өнер-білімінен кенже қалған қараңғылық күйін көріп, болашағы туралы ойлана бастайды.

1860 жылы Ыбырай Орынбордағы шекаралық комиссияға тілмаш болып ауысады. Жұмыс барысында ол шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы ғалы профессор В.В. Григорьевпен танысады. Ғылым, білім саласындағы пікірлері ортақ әрі Ыбырай Алтынсариннның ізденгіштігіне сүйсінген, В.В. Григорьев оған өзінің бай кітапханасын пайдалануға рұқсат береді. Бұл мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, Ы. Алтынсарин ыждағаттылықпен орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және европа ағартушыларының еңбектерін оқиды.

1860 жылы Орал сыртындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп Троицк, Торғай, Ырғыз, және Қазалы қалаларында ашуға ұйғарылған кезде, Ы. Алтынсарин өзі сұранып Торғайда мектеп ашуға және орыс тілінен сабақ беруге рұқсат алды [М. Жолдасбекұлы, М. Салғараұлы, А. Сейдімбек. Елтұтқа. Астана. 2001. 227 б.].

Торғайда мектеп ашу ісі қаражат тапшылығынан ұзаққа созылып кетеді. Халық үшін игілікті іске құлшыныспен кіріскен. Ы. Алтынсарин ел ішінде оқудың, білім алудың пайдасы туралы үгіт-насихат жүргізіп, алғашында балаларды үйінде оқытып білім береді.

Алайда ағартушының бұл қолға алған ісі ел ішінде бірден қолдау тапқан жоқ. Ел ішіндегі балаларды оқытуды өз уыстарынан шығармауды көздеген молдалар, Ы. Алтынсариннның игілікті ісінің өріс алуына аса зор кедергісін тигізеді. Олар қарапайым халыққа – Ы. Алтынсариннның еңбегін «діннен безген» деп теріс түсіндіріп бақты.Бірақ сол молдадан оқыған балалардың ешқайсысының сауаты, білімі жақсы емес екенін пайымдаған халық Ы. Алтынсариннның ісін қолдады.

Торғайда 1864 жылы 8 қаңтарда ашылған мектеппен Ы. Алтынсариннның жүрек қалауымен өмірін, білімін ерік күш – жігерін арнаған ағартушылықтық педагогтық қызметі басталады. Өзінің белсенді түрде араласуы мен жергілікті халықтан жинаған қаражатына мектеп үйі және интернат салады. «Осы жылы қаңтардың 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы қабылданды. Бәріде жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім» [Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955. 273 б.] - деп жазды ол Н.И. Ильминскииге жазған хатында.

Ы.Алтынсарин мектептегі сабақ пен бүкіл тәрбие жұмысын сол уақыттағы орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізіп, шәкірттеріне орыс тілін үйретіп, білімнің мәнін түсіндіріп оқытады. Білім алуда мақсат болашақта әкім,тілмаш болуы үшін емес, халық үшін пайдалы жұмыс атқарып, білікті, парасатты азамат болып қалыптасуы үшін қажет екенін саналарына сіңіруге тырысады.

Ұстаздық қызметімен қатар, Ы. Алтынсаринге басқа да жұмыстарды атқаруға тура келді. Орынбор генерал-губернаторының бұйрығымен Торғайда төрт рет үздік судья болып (1868-1874), Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі қызметін (1876-1879) атқарды. 1879 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Енді Ы. Алтынсариннің өлкеде оқу-ағарту ісін жандандыруға зор мүмкіндіктері пайда болады. Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашқызып оны қажетті оқу құралдармен жабдықтайды [М. Жолдасбекұлы, М. Салғараұлы, А. Сейдімбек. Елтұтқа. Астана 2001. 227 б.].

Ағартушы қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға да көңіл бөліп, жүзеге асырды. Осы мақсатпен 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды.

Ы. Алтынсарин қазақ қыздарының білім алуына жол ашып, 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастырып ашуының мәні өте зор. Кейінірек мұндай мектептер Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде ашылды.

Қазақ өлкесінде мектептер санының өсуіне байланысты, мұғалімдер қажет екенін мәлімдеп, осы мамандық иелерін дайындайтын мектеп ашу керектігін талап етеді. Сөйтіп, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады.

Ы. Алтынсарин жаңа мектептерді ашудың ұйытқысы ғана болған жоқ, сонымен бірге білімді мұғалімдерді іріктеп, оқу-тәрбие жұмысын жандандыруда, керекті оқу-құралдармен жабдықтауда жетекшілік үлесі ерен еді. Ағартушы өзі салдырған мектептің, ондағы оқыту жүйесінің сапалылығына айрықша көңіл бөлгенін төмендегі пікірлер айқындайды: "Мектеп-қазақтарға білім берудің басты құралы. Олар қазақ даласының кез- келген жеріне ретсіз орната салынатын болса ешбір пайда келтіре алмайды. Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім беретін болсын, артта қалған халықты мектепке қызықтырып тарту үшін, мектеп бітіргендерге қай жөнінен болса да бір артықшылық берілетін болсын, сонда ғана оқушылардың саны ешбір күмәнсіз өте тез өсе-

ді. Осылай еткенде ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көз қарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп бүкіл халыққа әсер ете алады, сонда татар фанатизмінің де күлі көкке ұшады" [Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955. 280-281 б.].

Діни мектептер балаларды оқытқанда қолданатын кітаптар туралы ағартушы былай дейді: "Молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптары адам баласының дұрыс ойын адастырады, кері кетіреді" [Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955. 270 б.].

1876 жылы Ы. Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барып, орыс ағартушыларының еңбектерін оқып зерделейді. Өзі ашқан мектептерде қазақ тілінде оқу құралдарының жоқтығын ескеріп, қазақша оқу құралын жазуды өзіне мақсат санайды.

Ыбырай Алтынсарин ұлы ағартушылар Ян Амос Коминский, К.Д. Ушинскиидің педагогикалық еңбектерін үлгі негіз етіп, өзінің қазақ шәкірттерінің танымына лайықтап оқу құралдарын жазды.

Ыбырай Алтынсарин оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін пайдалана отырып, білімнің балаларға таза ана тілінде берілуіне ерекше мән берді.

Ағартушының 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» балаларға түсінікті қазақ тілінде жазылды. «Қазақ хрестоматиясы» балалардың түсінуіне жеңіл, оқығанда зердесіне ақыл, ой түсіретін, еңбексүйгіштікке, парасаттылыққа тәрбиелеп баулитын өлеңдер мен әңгімелерден құралды.

«Қазақ хрестоматиясы» халық ағарту саласында кең қолданыс тапқан тұңғыш оқулық еді.

Қазақстандағы халық ағарту ісі тарихында «Қазақ хрестоматиясы» орыс графикасы негізінде ана тілінде алғаш жарық көрген оқулық.

Ағартушы өзінің оқулық жазуындағы көздеген мақсатын былай баяндайды: "Қазақ халқының сауатсыздығынан қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тіліе тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар осы жағынан алып қарағанда да дүниеяуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тілінде аудартып жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат бір ескертетін нәрсе- қазақ халұы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды, оның ой-пікірі; оның келешегі үшін оған тек сана- сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс- қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім; екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім" [Ы. Алтынсарин. 1991. 30-31 б.] - деп ой тұжырымдайды.

Қазақ жұртшылығына түсінікті тілде жазылған бұл оқулық, үлкен сұранысқа ие болып, бірнеше мың данамен жиі қайтара басылып, бүкіл Қазақстанға тарады. Ыбырай Алтынсариннің ғылыми принцип негізінде құрастырылып жазылған бұл оқулығы қазақ мәдениетінің, халық ағарту ісінің тарихында айрықша орын алады.

Ұстаздық қызмет барысында тәжірибе жинақтаған ағартушы «Қазақ хрестоматиясын» шәкірттердің танымына, ой-пікіріне, сәйкес үлгі-өнегелік тағылым деңгейі мәнді өлеңдері мен әңгімелері және орыс халқының ағартушы-жазушыларынан аударған шығармалары негізінде құрастырды.

Қазақ халқын өркениет биігіне көтеретін білімді, білікті, іскер, парасатты азаматтарды тәрбиелеудің бастауы мектептегі ұстаздардың білім беру жүйесіне байланысты екенін жете пайымдаған, Ы. Алтынсарин әрбір шығармасын тәлім-тәрбиелік мәні зор тақырыпқа арнады. Ағартушының шәкірттеріне насихаттаған негізгі мәселелері: еңбекқор, білімді, іскер азамат болу, алған білімін, кәсібін ел мүддесіне жұмсап адал қызмет жасау, үлкенге құрмет, ізет, кішіге үлгі-өнеге көрсету т.б.

Сауатын жаңадан ашқан әрбір балаға оқудың мәні жөнінде ой тастайтын "Кел балалар оқылық!" – өлеңі Ыбырай Алтынсариннің болашақ жеткіншектерге оқудың, білім алудың мәнін, маңызын, мәңгілік пайдасын өсиет етіп жазған ғибратты туындысы «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі.

Ағартушының ұраны іспеттес "Кел балалар оқылық!" және "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері оның шәкірттерінің зердесіне оқып-білім алып, кәсіпке үйренудің адам өмірінде қаншалықты маңызы бар екенін түсіндірген туындылары. Өз замандастарының білімнен-өнерден артта қалғанына қынжылып болашақ жастарға сенңм білдіріп, "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңінде былай сабақтайды.

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
"Өнер-жігіт көркі" деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды! - дейді.

Ұлағатты педагог өзінің өлеңдерінде ғылым-білімнің нәрлі мәнін жырлады. Адамзаттың өміріндегі баға жетпес қазына,білім, әлем халықтары арасында терезесі тең ел болуы үшін, қазақ

халқы да ғылымның қыр-сырын толық меңгеруі керек деп пайымдады.

Ыбырай Алтынсариннің білімді, өнерлі насихаттаған өлеңдерімен қатар, қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, қайшылықты көтеріп, жазған өлеңдері де бар.

"Залым төреге", "Ей, жігіттер" өлеңдерінде қарапайым халықтың еңбегін қанап күн көрген атқамінер байлардың, билердің, молдалардың қара басының қамдары үшін халыққа жасаған зорлық-қиянатын әшкерелейді. Сондай-ақ, ол халқын өрге бастырмай отырған ескі салттарды, діни соқырлықты да сынға алады.

Қазақ әдебиеті тарихында Ы. Алтынсарин табиғат лирикасына алғаш қалам тартқан ақын. Оның "Өзен", "Жаз" атты өлеңдері табиғаттың сыйға тартқан әсем көріністерін әсерлі суреттеуімен және табиғат пен адамның тіршілігін байланыста бейнелеуімен мәнді.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұраларының бөліп айтуға тұрарлық бір саласы, оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы.

Өзі жазған әңгімелерінде өмірдің сан түрлі әлеуметтік қырларын қамтып, тәрбиелік тағылымы жоғары, әрі қысқа, әрі нұсқа көркем әңгімелерін қазақ балаларының танымына лайықтап, жас ерекшеліктерін ескеріп жазды. Әңгімелерінде айтылған ғибратты ойлары арқылы олардың жан дүниесіне әсер етіп, еңбексүйгіш, зейінді де зерделі, адал, әдепті, білімді азамат болып жетілуін көздеді.

Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бірсыпырасы қыр өлкесінің әлеуметтәк тұрмыс-тіршілігіне арналған.

«Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Малды пайдаға жарату», «Бай мен жарлы баласы» әңгімелерінде ол халқын отырықшылыққа, диқаншылыққа үндей келіп, көшпелі тұрмыстан отырықшылықтың артықшылығын көрсетіп, тер төккен еңбектің міндетті түрде қайтарымы, зейнеті, ырзыға мол болатынын әңгімелейді. Балалар әдебиетінің негізін қалаған, ағартушының ғибратты әңгімелерінің тақырып ауқымы сан салалы, терең мағыналы.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің мазмұны, оның тәлім-тәрбиелік мәні студенттерге, мектеп қабырғасынан таныс болғандықтан бәріне тоқталуды артық деп санаймыз.

Ы. Алтынсариннің өзі жазған әңгімелері мыналар. «Бай мен жарлы баласы», «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейітқұл», «Жомарт», «Сәтемір хан», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», т.б. Бұл әңгімелердің барлығы қазақ халқының өмірінен алынып, ғибрат алуға үндейтін туындылар. Хрестоматияға енген әңгімелердің бір бөлігі К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, И.И. Паульсон, И.А. Крылов сынды жазушылардың балаларға арналған әңгімелерін аударып кіргізді. Ы. Алтынсариннің аударма әңгімелері мыналар: «Бір уыс мақта», «Әке мен бала», «Ақымақ дос», «Сараңдық пен жинақылық», «Білгеннің пайдасы», «Талаптың пайдасы», т.б. Аударма сипатты әңгімелерінің жалпы саны отыз алты. Жазушы, аудармашы Әбен Сатыбалдиев, Ы. Алтынсариннің аударма әңгімелері туралы мынадай пікір айтады: «Қазақ өмірінде көркем аударма (орысшадан қазақшаға аудару) тарихының алғашқы бетін Ыбырай Алтынсарин ашты. Алтынсарин аударылатын шығармаларды ең алдымен, өзінің педагогтік-тәрбиешілік көзқарасының тұрғысынан іріктеген. Осы мақсатпен ол өз заманындағы мәдени дәрежесі әлі төмен, дүние тану өрісі әлі тар қазақ оқушыларының жағдайын ескере отырып,солардың игеріп кетуіне лайықты нәрселерді теріп алды. Солай ете отырып, ол өз жұртының қабілеттілігіне, орыстың тілі мен мәдениетін және барлық ғылымды тез меңгеріп кете алатынына, оның бүкіл болашағына қатты сенді. Сол сенім оны әрдайым жаңалықтарды батыл әкеліп енгізуге шабыттандырып отырды» [Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1987. 13 б.]

Ол әңгімелерді аударғанда Алтынсарин барлық жерде түп нұсқасын бұлжытпай, сол күйі аударуды принцип етіп қоймаған. Кейде тақырбын, кейде сюжетін, кейде баяндау әдісін өзгертіп, қайткен күнде де қазақ өміріне жақындатып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды негізгі нысанасы еткен[2].

Ағартушының шығармаларының бір бөлігі қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бейнелейтін этнографиялық сипатта жазылған.

«Орынбар ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» аталатын шығармаларын ағартушы 1870 жылы Бүкілроссиялық география қоғамының Орынбор қаласында бөлімшесі ашылғанда, сол мекеменің «Жазбаларына» жіберіп, онда В.Н. Плотниковтың мақұлдау пікірімен қоғамның сол жылы Қазан университетінің баспаханасында басылып шыққан, «Жазбаларының» бірінші санында жарық көрген.

Бұл этнографиялық мақалалары арқылы, Ы. Алтынсариннің туған халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін жетік білетіндігін аңғарамыз. Мысалы: «Бейіт ауыл төңірегіндегіт ең биік жердің үстінен қазылады, ал оның үстіне салынатын ескерткіш алыстан көрінетін болуы үшін, мүмкін қатары биік етіп жасалынады, еркектердің ескерткішінің төбесіне-найза, әйелдердің бейітінің үстіне-бақан немесе иіскек, ал балалардікіне бесік қойылады. Бұл бейіттерді жергілікті қазақтардың бәрі де жақсы біледі, елсіз жолсыз ен далада келе жатқан жолаушыға ол бейіттер жөн сілтейтін белгі болып табылады. Өлген кісіні жерлейтін орында қарастырғанда, оның бейітінің суға жақын, болуы еске алынады, өйткені жүргіншілердің сол бейітті бағдарлап су тауып ішу мақсаты көздестіріледі» [Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шы-

ғармалары. Алматы, 1994. 277 б.] - деп көрсетеді.

Құда түсу, қыз ұзату той жасау дәстүрлері туралы мақаласының ғылыми-танымдық, этнографиялық мәні өте зор. Қазақ халқының әулет ұрпағының өсіп-өнуіне негіз қалайтын осы құда түсу, қыз ұзату жөн-жоралғысына үлкен мән беріп өте білгірлікпен жүйелі түрде ғылыми негізде сипаттап жазып берген ағартушының еңбегіне сүйсінбеске шарамыз жоқ.

Ыбырай Алтынсарин шәкірттерінің иманды және мұсылмандықтың шарттарын да білулерін көздеп, 1884 жылы Қазан қаласында араб әрпімен басылған «Шараятул-ислам» атты оқу құралын шығарды. Кейінірек, 1894 жылы Орынборда орыс таңбасымен қайта жарық көрді. Бұл уақытты Ресейдің барлық мектептерінде дін сабағы жеке пән ретінде оқытылатын еді.

Осыған орай, ағартушы өзі ашқан мектебінде дін сабағын оқытуға мәжбүр болды.

«Шараятул-ислам» атты еңбегін жазудағы мақсатын, 1882 жылы 12 қыркүйекте Н.И. Ильминскийге жазған хатында былай баяндады: «... Сонымен, бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан, осылай болған соң қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне мүмкін болғанынша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктерітеріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой), мен соңғы кезде Мұхамбет шариғатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруғакірістім. Менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе- қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптың қолайсыз екенін мойындады... Бұл арада тағы бір ескерте кетуге қажет нәрсе- мұндай оқу құралды менің басында ойлағанымдай орыс әрпімен жазу мүлде мүмкін емес; өйткені мұндай дін кітабы шариғат тұрғыларына толық сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді, әр түрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді, сөйтіп, іске аспай, мектеп кітапханаларында босқа жатып қалар еді», - деп ой қорытады [Ы. Алтынсарин. Өнер-білім бар жұрттар. Алматы, 1991. 188 б.].

«Бірінші бөлімде - иман туралы, басқаша айтқанда, мұсылман діні бойынша иман дегеннің не екені көрсетіледі, Құдайдың бірлігін, Мұхамбет оның елшісі екендігін қалай тану керек екендігі көрсетіледі; екінші бөлімде- ағмал-зahир жайы, басқаша айтқанда Құдайға құлшылық ету; намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа (зекет) беру және жалпы қайырымдылық істер істеу, каабе (Хажыға) бару, тағы сондайлар көрсетіледі, мұнымен қатар осы бөлімде намаздарға және басқа діни жағдайларда оқылатын аяттар қосылды; үшінші бөлімде- адамгершілік (ахлақ) жайы; басқаша айтқанда, әлқұранның айтуы бойынша адамның қандай бағыт ұстап, адамгершілікте болуы керек екендігі көрсетілді, төртінші бөлімінде- намаз, ораза оқылатын арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілді»,- дейді [Ы. Алтынсарин. Өнер-білім бар жұрттар. Алматы, 1991. 188 б.]

Ағартушылық - педагогтық көзқарасы К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, т.б. озық ойлы орыс білімпаздарының ықпалымен қалыптасқан, Ы. Алтынсарин өзі ашқан мектептерде оқудың діни бағытта емес, жеткіншектерге оқудың, білімнің, өнердің негізі нәрін беретін жаңа үлгіде болуына, ал шәкірттерін патша әкімшілігінің мүддесі үшін емес, халық үшін адал қызмет ететін парасатты, білімді азаматтар етіп тәрбиелеуге ерекше мән берді.

Туған халқының жарқын болашағы орыс мәдениетімен байланысты деп пайымдаған ағартушы, шәкірттерін орыс тілін жетік білуге, оның әдебиеті мен мәдениетін игеруге шақырып, өзі осы жолда бар қажыр - қайратын, білімін арнап өлшеусіз еңбек сіңірді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру».-Егемен Қазақстан.12 сәуір-2017 ж.
2. М. Жолдасбекұлы. М.Салғараұлы, А.Сейдімбек.Елтұтқа 2001. 227 б.
3. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955. 273б.
4. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955. 280-281б.
5. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1955. 270б.
6. Ы. Алтынсарин. Өнер-білім бар жұрттар. Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. Алматы, 1991. 30-31б.
7. Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1987. 13б.
8. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1994. 277б.
9. Ы. Алтынсарин. Өнер- білім бар жұрттар. Алматы, 1991. 188б.

ӘОЖ 81

ҚАЛДЫБЕКОВА ТОҚЖАН ТАСҚЫНБАЙҚЫЗЫ,
2 курс магистранты,
«Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
E-mail: ktt_95@mail.ru

ДИУАНОВА РАЙКУЛ КЕНЕСБАЕВНА,
аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты,
Практикалық ағылшын тілі кафедрасы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
E-mail: raikul.diuanova@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ІЗДЕНІС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АУТЕНТТІ БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме: мақалада ағылшын тілін түпнұсқалық бейнелермен оқытудың әдістемелік негіздері жоғары сыныптарда жобаларды іздеуде тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді дидактикалық құралы ретінде қарастырылады. Видео материалды білім беру қажеттіліктері үшін пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері талданады. Оқушыларды белсенді жобалық іздеуге тартуға бағытталған ұсынылған әдістемелер мен бағытталған ұсыныстарды оқу үдерісін қарқындатудың бір мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Бейне мазмұны негізінде тілдік құзыреттілікті дамыту әдістемесі жүйесі қарастырылды және жоба ретінде ұсынылды. Бейнені қолдану арқылы эксперименттік оқыту сипатталып, практикалық эксперименттер негізінде нәтижелер көрсетілген.

Түйінді сөздер: түпнұсқалық бейнематериалдар, шет тілдерін оқыту, аутенттік бейнелерді сұрыптау принциптері, оқыту әдістемесі, оқу үдерісінің кезеңдері, жоғары сынып оқушылары, жобаны зерттеу.

КАЛДЫБЕКОВА ТОКЖАН ТАСКИНБАЕВНА,
Магистрант,
специальность «Иностранный язык:два иностранных языка»,
Кызылординский университет им. Коркыт Ата,
E-mail: ktt_95@mail.ru

ДИУАНОВА РАЙКУЛ КЕНЕСБАЕВНА,
Старший преподаватель, кандидат филологических наук,
Кызылординский университет им. Коркыт Ата,
E-mail: raikul.diuanova@mail.ru

СПОСОБЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АУТЕНТИЧНЫХ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ В ФОРМИРОВАНИИ НАВЫКОВ ПРОЕКТНОГО ПОИСКА УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация: в статье рассматриваются методические основы обучения английскому языку с использованием аутентичных видеороликов как эффективный дидактический инструмент для формирования языковых навыков при поиске проектов в старших классах. Также, анализируются преимущества и недостатки использования такого материала для образовательных целях. Предлагаемые методики и рекомендации, направленные на вовлечение школьников в активный поиск проектов, можно рассматривать как одну из возможностей интенсификации учебного процесса. Рассмотрена система методик развития языковых компетенций на основе видеоконтента. Описано экспериментальное обучение с использованием видео и приведены результаты, основанные на практических экспериментах.

Ключевые слова: аутентичные видео, обучение иностранному языку, принципы сортировки аутентичных видео, методика обучения, этапы учебного процесса, старшеклассники, исследование проекта.

KALDYBEKOVA TOKZHAN TASKYNBAEVNA,
2nd year master course student
majoring in"Foreign Language: two Foreign languages",
Korkyt Ata Kyzylorda University,
E-mail: ktt_95@mail.ru

DIUANOVA RAIKUL KENESBAYEVNA,
Senior Lecturer, Candidate of Philological Sciences,
Department of ''Practical English",
Korkyt Ata Kyzylorda University,
E-mail: raikul.diuanova@mail.ru

METHODS OF USING AUTHENTIC VIDEO MATERIALS IN FORMING PROJECT SEARCH SKILLS FOR STUDENTS IN ENGLISH LANGUAGE LESSONS

Abstract: the article views methodical foundations of teaching English with authentic videos as an effective didactic tool to form language skills on projects search in senior classes. The benefits and drawbacks of using such material for educational needs are analyzed. The proposed techniques and recommendations aimed at involving pupils in active project search can be considered as one of the possibilities for intensifying the educational process. The system of techniques was considered to develop language competency based on video content. Experimental teaching using video is described and results were given based on practical experiments.

Keywords: authentic videos, foreign language teaching, authentic video sorting principles, teaching techniques, stages of educational process, senior class pupils, project research.

Innovative technologies of XXI century have changed the world in many ways and in unexpected ways. Managing the rapid flow of information, capital, and services on a global scale have revolutionized working environment, the way people communicate and interact. Technologies continue to cover all spheres of human life and have an impact on educational process. Various language web applications like YouTube have allowed language education to reach a qualitatively new level. These online resources offer rich authentic material and inspire teachers to create original lessons that can motivate learners and act as a springboard for successful careers.

The ideas of adjusting the goals and updating the content of teaching a foreign language in pedagogical institutions are widely presented in the methodological studies of recent years. At the present stage, the fact that a future prospective teacher must know a foreign language as a means of innovative tools of teaching plays a significant role, which implies the need to form the teacher's linguistic and pedagogical competence *[Polat E.S, 2002, p. 35]*.

The research paper developed the following parameters for an authentic educational materials. Such videomaterials are in the authentic discourse, which is characterized by natural lexical content and grammatical forms, situational adequacy of the linguistic means used, illustrates cases of authentic word use.

Goals of using authentic video materials in practical lessons in a foreign language:

1) to motivate pupils;

2) for the presentation of educational material by the reproductive method (audio visuals);

3) to implement the methodology of situational learning (critical assessment of various social and professionally oriented communication situations);

4) to organize conditions of project search and research work.

Methodological processing is considered as a plot or thematic selection of authentic materials (videos) and the development of a set of exercises for them to develop the communicative, linguistic and professional competence of pupils *[Koryakovtseva N.F, 2010, p. 87]*. The linguodidactic value of authentic video materials as a means of teaching a foreign language lies in the fact that they synthesize all other means of visualization - drawing, table, graph, objects and ensure their presentation in dynamics. Thanks to the use of authentic video materials, pupils have the opportunity to observe different types of visualization: subject, linguistic, situational, and mimic and gestures *[Uvaisova M.M, 2015, p. 49]*. Consequently, the purpose of using video clips in teaching a foreign language may be to create conditions for a natural linguistic environment through demonstrating situations of real foreign language communication, including professionally oriented languages skills.

When working with video materials, it is recommended to use the conditions of extracurricular independent work, which are regarded as effective and most convenient due to the individualization of learning process. In this regard, the optimal tool for organizing and broadcasting video materials for training purposes can be the environment for

creating an electronic textbook, which allows you to place video clips and a specially developed set of exercises on one page due to the ability to open several dialog boxes simultaneously *[Kodzhaspirova G.M, 2004, p. 176]*. With the help of the navigation system, video viewing can be carried out with repetitions and stops, which makes it possible to choose an individual pace of the task, and the system of hyperlinks assumes the placement of reference materials and dictionaries *[Belyaeva E.P, 2018, p. 95]*.

In this research our methodology divdse the process of working with any educational authentic video material into 4 stages:

1. Preparation. It aims: to remove the possible difficulties of perceiving the text and prepare for the tasks.

2 Observing. It aims to provide an understanding of the content of the authentic video materials, the development of the pupil's language competenc.

3. Post-demonstration of video material. It aims to contribute to the development of the pupil's communicative competence, taking into account his or her real ability to communicate in a foreign language.

4. Creativity. It aims to promote the development of oral or written speech of pupils.

Some methodologists omit the fourth stage, reducing all the work in the lesson to working with information obtained from the video. However, without the creative use of the material learned after watching the video, the goal, which we designated above as the main one, will not be fully achieved, the teaching of oral and written speech will not be fully implemented.

Each stage of working with video assumes its own set of exercises that are effective at a particular stage.

At the preparation stage, tasks are used to predict events, replicas, introduce new vocabulary and predict the words that pupils are supposed to hear in the video, discuss the aphorism associated with the idea of the video. You can set your pupils to watch closely by using questions that will need to be answered later.

At the stage of observing the video material, pupils perform tasks aimed at transforming, searching for or fixing a specific language material. At this stage, they also make notes to the text, which later help them complete the tasks in the next stages. Here it is important to think over the content of the tasks, and not just the wording, since their effectiveness and justification depends on this.

At the post-demonstration stage, it is effective to organize a discussion and description of the scene, characteristics of the characters, as well as checking the tasks performed at the previous stage and checking the understanding of the main content of the video and the language and speech means used in it *[Kunanbaeva S.S, 2005, p. 157]*.

During creativity, the results are summed up and conclusions are formulated based on the information obtained from the video. You cannot be limited to watching video and working with its language, speech and semantic content. The tasks of the creative stage should be designed in such a way that they stimulate pupils to use the knowledge and skills gained while watching the video in a situation that does not completely coincide with the one in the video. You can ask pupils to create a poster or advertisement, write a video story, express their own opinion, and make recommendations based on information. A good follow-up to video work at this stage might be to create a research paper (followed by participation in conferences) or a presentation based on the video plot.

Video materials, as one of the most effective media resources, can be used at almost any stage of the lesson. Media materials (including videos) are extremely effective when working on the lexical, grammatical and phonetic aspects of speech, in teaching all types of speech activity, as well as in the introduction, training, consolidation, generalization and control of educational material.

At the beginning of the lesson, it is very important to introduce pupils to the atmosphere of foreign language communication, to voice the topic of the lesson and the problem that will be discussed. We can offer such tasks: watching a video without sound, modeling a communication situation, predicting a plot and etc.

Acquaintance with new lexical units and grammatical structures and repetition of previously learned ones can also be done using video. Bright pictures and tables will help you quickly memorize new material. In addition, the video helps to intensify the lesson and save time, since you do not need to use notes on the board.

Videos also play an important role at the stage of training and consolidation of educational material. You can use tasks to fill in the gaps when reinforcing vocabulary, filling in the missing parts of tables with rules, tasks to get ahead of the plot to train grammatical phenomena. For this purpose, video clips, advertisements, thematic videos, training videos with grammar rules are suitable.

For the stage of forming the skills of perception and understanding of foreign language speech by ear, videos about various aspects of life - medicine, cooking, music, cinema, theater, science and education, ecology and nature, videos from various podcasts, television programs, etc. It is important to remember to clearly articulate assignments so that pupils can focus on listening carefully to the texts.At the stage of teaching dialogical speech, video is an indispensable tool. Viewing and memorizing dialogues stimulates pupils not only to the correct phonetic and grammatical use of speech structures, but also to actively use gestures, facial

expressions and tone of voice in a conversation.

At the stage of teaching speaking with the help of video, you can take a virtual trip and encourage pupils to share their impressions of what they watched, express their opinion and confirm it with facts, introduce themselves as a guide and lead a group of tourists through their hometown or the place that the pupil likes the most. We can invite pupils to create an advertising video, a booklet and comment on it using lexical and speech material. The introduction of video into the educational process significantly changes the nature of the traditional lesson, revitalizes it and makes it more attractive for modern pupils, contributes to the expansion of their horizons, vocabulary and knowledge about the multicultural world in which they live.

Unlike working with printed textsat all stages of working with video pupils use not only the perception of visual and kinetic perception and memorization of information, but also the audial perception, which significantly increases the level of assimilation of the acquired knowledge.

The techniques and recommendations proposed in the work can be considered as one of the possibilities for intensifying the educational process. When working with video materials in a lesson, organizational difficulties may arise, when the technique suddenly stops working or it is difficult for a teacher to motivate pupils to serious and focused work with video. To get a positive result, it is necessary to observe all stages of working with video material in the lesson, approach the development of exercises and the choice of video clips in terms of the expediency of their presence in the lesson and program requirements [*Konysheva A.V, 2003, p. 71*].

To analyse the effectiveness of the use of authentic video materials small survey of pupils involved in the pedagogical experiment was conducted. Pupils were asked to answer the following questions of the questionnaire: 1. How often do you watch films in a foreign language outside the classroom? 2. Are authentic video resources effective for working on projects search? 3. What types of speech activity are activated while watching a video? 4. Do you consider it necessary to include authentic video materials in the course program while doing small research projects?

According to the results of the survey, 73% of respondents regularly watch videos in English outside of school hours, the remaining 48% watch films only during vacations. All pupils answered that authentic video materials are effective for learning English, while 61% of the respondents noted that they began to perceive foreign language information better by ear, 49% of the pupils who participated in the pedagogical experiment noted the expansion of their vocabulary. It is important to note that 72% admitted that they made fewer grammatical mistakes in both oral and written speech when they were implementing their project search. Learning based on authentic materials is considered by many pupils to be more interesting and motivating while enhancing them (senior class pupils) to work on project search.

REFERENCES:

1. Polat E.S. New pedagogical technologies in teaching foreign languages // Foreign languages at school. - 2002. 58 p.
2. Koryakovtseva N.F. Theory of teaching foreign languages: productive educational technologies: textbook - M .:Academy, 2010. 145 p.
3. Uvaisova M.M. Using video materials in teaching a foreign language [Electronic resource] / M.M. Uvaisova // Access by link: http://www.rusnauka.com/. 2015, 49p
4. Kodzhaspirova G.M. Pedagogy / GM. Kodzhaspirova. - M.: VLADOS, 2004. 352 p.
5. Belyaeva E.P. Authentic video materials as a means of forming the communicative competence of students of language specialties // Actual scientific research. in the modern world. 4th edition. 2018, 158 p.
6. Kunanbaeva S.S. Moder foreign language teaching - methodology.. Almaty, 2005. 262.p
7. Konysheva A.V. Moder mthods to teach English language. Minsk: Tetrasystems, 2003. 175 p.

ӘОЖ 801.55:809.434.2

КОЙШИБАЕВ МАХАМБЕТЖАН НАХИПБЕКОВИЧ,
аға оқытушы, ф.ғ.к.
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

БЕКІШ ЕРБОЛ ТНЕЙБЕКҰЛЫ,
Меңгеруші, п.ғ.м.,
Практикалық ағылшын тілі кафедрасы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

АНЫҚТАУЫШ ЕСІМШЕЛЕРДІҢ ДЕРИВАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада есімше тұлғалы сөздердің функционалдық семантикалық және деривациялық сипаты,жай сөйлемнің есімшеден жасалған тұрлаусыз мүшелері,есімшелі оралымдар және есімшелі бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің есімшелі құрылымның күрделенуіне негіз болатын синтаксистік механизмдержәне анықтауыш есімшелердің деривациясы қарастырылған.

Кілтті сөздер: Семантика, деривация, тұрлаусыз мүшелер, есімшелі оралымдар, анықтауыш, жұрнақ.

КОЙШИБАЕВ МАХАМБЕТЖАН НАХИПБЕКОВИЧ,
старший преподаватель, к. ф.н.,
Кызылординский университет имени Коркыт Ата

БЕКИШ ЕРБОЛ ТНЕЙБЕКОВИЧ,
м. п. н., заведующий,
кафедра практического английского языка,
Кызылординский университет имени Коркыт Ата

ДЕРИВАЦИЯ ОПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫХ МЕСТОИМЕНИЙ

Аннотация. В статье рассмотрены функционально-семантический и деривационный характер местоименных слов, безударные члены простого предложения с местоимениями, наречия и синтаксические механизмы, обусловливающие усложнение структуры местоимений в родственных предложениях с местоимениями и Деривация определительных местоимений.

Ключевые слова. Семантика, деривация, безударные члены, наречия, определитель, суффикс.

KOYSHIBAYEV MAHOMETAN NAKIPBEKOVICH,
Senior lecturer, PhD.N.,
Kyzylorda University named after Korkyt Ata

BEKISH YERBOL TNEYBEKOVICH,
Ph. D., Head,
Department of Practical English,
Kyzylorda University named after Korkyt Ata

DERIVATION OF DETERMINATIVE PRONOUNS

Summary. The article considers the functional-semantic and derivational nature of pronominal words, unstressed members of a simple sentence with pronouns, adverbs and syntactic mechanisms that cause the complexity of the structure of pronouns in related sentences with pronouns and the Derivation of determinative pronouns.

Keywords. Semantics, derivation, irregular members, pronouns, determinants, suffixes.

КІРІСПЕ

Есімшелер атау, ілік тұлғасында тұрып анықтауыштық қызмет атқарады. Мысалы, *сөйленген сөз, кесілген ағаш, жыртылған жер, жеткен жол, жатар орын* және т.б.

Есімшелер ілік жалғаулы күйінде де анықтауыштық қызметте жұмсалады, бірақ ол негізгі қызметі болып есептелмейді, зат есімнің орнын басып, сол зат есім формасының қосылуы арқылы оның қызметін атқарады. Мысалы, **Жоқтамағанның** малы түгел (мақал). Бұл мысалдағы есімшенің анықтауыштық қызметі зат есімдердің

ілік жалғаулы күйіндегі анықтауыштық қызметіне жуық екені айқын.

Атау тұлғасындағы есімшелер анықталатын сөзбен қабыса байланысатындығы белгілі. Деривацияланған құрылымды ғалым Қ. Есенов есімше қабыспалы оралым деп атайды [Есенов Қ., 102 б.].

Есімшелі оралымның екі түрлі грамматикалық байланыс жолымен жасалуы, негізінде, етістіктердің сабақты және салт болып бөлінетін түрлеріне байланысты. Көбінесе бастауыш формалы сөзбен келген түрі салт етістік, оның жоқ түрі сабақты етістік есімшелер арқылы тіркесетін тұтас тізбектен жасалады және олардың мағынасы өзгермей, форма жағынан бір түрден екінші түрге ауыса береді: Мысалы:

Қиуадан шауып,
Қисынын тауып.
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл (Абай)

Бұл сөйлемдегі *Тағыны жетіп қайырған* деген есімшелік тізбек бастауыш формалы сөзсіз құрылып тұр. Егер мұны *тағы жетіп қайырған* деп құрсақ, өз құрамында бастауышы бар анықтауыштық тізбекке айналады. Осыған сәйкес мына сөйлемдерді салыстырамыз:

Ат байлаған ағаш-Ат байланған ағаш
Қой қамаған қора-Қой қамалған қора

Мұнда анық есімшенің өткен шақтық түрінен жасалған екі түрлі оралымды көрсек, төмендегі салыстырылған сөйлемнен оның келер шағынан жасалған түрін көреміз. Мысалы: *Тапсырғаннан беті қайтпайтын Ырыскелді-Тапсырғаннан бетін қайтармайтын Ырыскелді* (Ғ.Мүс.).

Мына сөйлемге назар аударайық: *Артынан кішкентай иті жүгіріп келе жатқан бала құлап қалды.* Мұндағы ой иесі *бала* деген сөз, *жүгіріп келе жатқан бала* деген есімшелі тұтас тіркес, *иті* деген сөз де *бала* деген бастауыштың белгісі үшін тіркескен сөздің бірі. Ол ешқандай ой қазығы бола алмайды. Сондықтан *Артынан кішкентай итін жүгіртіп келе жатқан бала құлап қалды* деп өзгертуге болады. Бұл сөйлемнің екі түрін де жайылма сөйлем дейміз. Өйткені тіл фактісіне қарағанда, бұл екі құрылысты бөліп қарауға негіз жоқ.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Есімшелі құрылыс екі түрлі тәсілмен негізделеді, біріншісінде тұтас тізбек құрамына енген есімшелі сөздер өзара топталып келеді де, екіншісінде атау формалы сөзбен өзара үйлесіп тізбектеледі [Ерғалиев Т., 98 б.].

Abstract. The article discusses the process of teaching listening in English lessons. The article also analyzes the features of using effective methods in teaching students a foreign language. We also examined the linguistic and psychological prerequisites for creating effective methods and describes the introduction into practice of the specifics of using effective methods in the classroom in the learning process. The purpose of the research is to identify the optimal conditions for teaching students a special, professionally oriented vocabulary, as well as to demonstrate the ways of the most complete disclosure of students' search and creative abilities based on the formation of listening skills. The article solves the problem of finding the optimal directions for enhancing the creative activity of students in the formation of listening skills. The scientific and practical significance of the article lies in the development and implementation of innovative technologies for teaching a foreign language into pedagogical practice. The article presents approved didactic materials on the formation of listening skills in teaching foreign languages, and also an example of a system of Tasks for the formation of listening skills based on the use of information technology. The article focuses on the effectiveness of innovative technologies as a means of improving language skills and abilities as a result of internship. The results of the study prove that the use of audiovisual materials in conjunction with audio texts contributes to the process of deeper assimilation of live speech in the study of a foreign language.

Key words: teaching foreign languages, students, listening skills, formation technologies, effective methods

INTRODUCTION

Characteristic features of modern society are the processes of globalization and informatization. In many cases, this is due to the rapid exchange of information, which provides a modern level of development of information technology. The penetration of information technology (IT) in all spheres of human life is a distinctive drawing for the modern stage of the world economy. Such economic systems as banks, stock market, tax, insurance, customs services, accounting, statistical analysis, etc., are impossible to represent without modern information systems and technologies. Constant growth of the volume and complexity of the information processed, all new and new types of its representation require training of new staff, which could effectively solve professional tasks in the field of education (Kunanbayeva S.S., 2010).

In this article, we focus on the development of students' listening skills. Listening is a process from which our verbal communication takes place. We agree that communication is a conversation, and a person who silences a lot is considered uncommunicative. However, in fact, an excellent interlocutor is considered the person who is able to listen. This is completely different: we listen to our interlocutor or we hear. To understand what is being said, to perceive the message, to meditate on the words of the interlocutor, to be able to analyze his condition and the reasons that pushed him to this statement, this is and there is effective listening.

The results of research by psychologist L.S. Vygotsky show that most people do not possess the skills of effective listening and if they perceive the speech of the interlocutor, then they do it superficially. People who have the ability to listen, psychologists allocate only 10 % (L.S. Vygotsky, 1980: 63p.).

In teaching foreign languages, we mostly use information technologies in the development of students' listening skills. The most important task of education in the field of IT is the training of qualified personnel with an adequate level of knowledge, skills and abilities, the ability to focus on promising computer IT professional activity.


At the same time, the functional purpose of the language was considered weak. The updated program allows developing the discursive competence of the schoolchild. Thus, educating a citizen, able to effectively work in different societies, is one of the goals of the new program of the subject of the Russian language, it is necessary to develop the skills of communication, to create an environment where students are able to work together. Therefore, in connection with this huge value in the work of a teacher of the humanities is directed to the development of skills of listening and speaking (N. Galskova, 2000, 85 p.).

According to I. Bim and E. Passov skills should be developed in teaching foreign languages which are important in communication process (I. Bim, 2005; E. Passov, 1995).

Therefore, Norris N. noted that the importance of the process of listening, as well as speech, in the educational activity of schoolchildren is enormous. From that, as the student understands the perceived information, depends on the assimilation of the material not only in English, but also in other subjects (Norris N., 1991). In the modern method of teaching the English language, the main emphasis is on purposeful and systematic teaching of listening and speaking as a form of speech and academic activity. Special attention is paid by Meada Gibbs the new program of speech culture of the student. Earlier programs informed students about the language, the classification of language levels and, of course, the grammar of the language (Meada Gibbs., 2018). In general, listening is an imaginative activity that is associated with perception, understanding and processing of information contained in a text message.

Tanju Deveci confirms that the ownership of the listening skills creates an adequate database for solving a wide range of professional tasks (Tanju Deveci, 2018). Understanding the specifics of the task and knowing that it is necessary to make it for its decision, the student is able to decide it on the basis of the application of basic IT. Therefore, in order to adapt to a dynamically changing environment, mastering IT tools is so important.

Findings and Discussion. The main feature of listening is the degree of adequacy of the perceived understanding. Stages of work with audio materials with use of information technologies are three-fold. To do this, we need a sequential work with audio text with the students. For work with it, we allocated three stages of listening tasks for students. The first stage is the pretext, which is aimed at overcoming linguistic difficulties, understanding the problems of the text, the development of forecasting skills. The following types of pre-text work are distinguished in Figure 1.



Picture 1 – Forms of pre-listening tasks

It is very important to choose the right material for listening. Two of the main requirements – this text should be accessible, interesting, corresponding to the age of children, as well as to develop the functional literacy of students; the text should contain useful information that they can apply in life. An important fact is that the texts must represent different forms of speech (dialogic, monologic and dialogic-monologic).

The second stage is textual, which includes listening to the whole text. At this stage the following types of work are used which are outlined in Figure 2.




Figure 2 – Forms of activities for while-listening tasks

The third stage is post-text, which is necessary to check the completeness and accuracy of the content. At this stage, you can use the following tasks, like: finding correspondence between illustrations, pictures, captions, inventing the continuation of a story, composition of the plan, come up with a story by analogy, role-plays, composing a dialogue on the topic of the illustrated and many others, which are in Figure 3.




Figure 3 – Forms of activities for post-listening tasks

According to the forms of listening activities, we need to create the Tasks and activities of pre reading, while listening and post-listening tasks. The topic we have chosen is Travelling. The purpose of the lesson is systematization of students' knowledge on the topic. To improve the listening skills and abilities of students and speech activity. We also to develop ICC skills on this topic in the aim of consolidation and repetition of lexical material on the topic used through information technologies. These tasks were used in internship practices.

Stage 1: Pre-listening activities is aimed at *preparation for context-based communication.*

Task 1 Brainstorming *Imagine you travel a lot. Choose three countries to complete the sentences. Write a list of the things you pack in your suitcase for each trip. How many countries can you name?*

I travel to for my job.
I go to for my holiday.
I go to visit my family.

Task 2 Read part of a conversation between a hotel guest and a receptionist. Match the requests (1–4) with the responses (a-d).

1.I'd like an alarm call at 7.30, please.
2 I'd like to have a meal in my room this evening.
3.I'd like to use the Internet.
4. Is there a bank near the hotel?
a Yes, there's one in this street.
b In the morning? Certainly, sir.
c No problem, sir. There's wi-fi in all the rooms.
d That's no problem. There's a menu in your room.

Stage 2 has the following activities of while-listening tasks. Listening topics and questions are tips for successful travelling abroad:

Types of traveling
Advantages and disadvantages of traveling on foot
Advantages and disadvantages of traveling by ship
Advantages and disadvantages of traveling by train
Advantages and disadvantages of traveling by car
Advantages and disadvantages of traveling by plane

Task 1. Read the text and answer these questions:

A) What are the advantages and disadvantages of travelling by ship, by car, on foot etc.

B) *What kind of tips consider to be successful for travelling abroad*

Task 2. Translate the given sentences into Russian.

Travelling by ship is one of the most interesting and romantic way of travelling.

Lots of people get seasick, especially when the sea is rough.

Travelling on food is good because it is one of the cheapest ways to get.

Task 3. Discuss the question with your partner "Problems of travelling"

Task 4. Work in pairs.

Student A: You are a hotel guest. Make two requests and/or ask for information.

Student B: You are the hotel receptionist. Respond to the requests and/or answer the questions.

Take turns. Use the ideas below.
room service
book a table in the restaurant
use the business centre
stay an extra night

Task 5. Choose the correct answer.

1. When we go by bus we pay the ____ to the conductor.
a) arrival b) fare c) information
2. He is fond of taking pictures with my ____.
a)fare b) customs c) camera
3. A plain is late. A lot of people are waiting for its ____.
a)departure b) arrival c) luggage

STAGE 3: *Post listening tasks:*

Task 1. Imagine that you are going to travel abroad. Discuss the questions with your partner.

-Why would you do research before you go?
-What kind of information would you look for?
-Where would you look for this information?
-Why do some people prefer to do research online?

-What websites do they/you use?

Task 2. What are the problems of travelling. What is the best means of travelling:

a) by plane; b) by car: c) by train

Sort out the advantages and disadvantages.

Task 3. Choose the correct form of conditional I, II, III

1. If I lose my job now I ...

would start a business of my own.

will take a long holiday and apply for a new job later.

2. If he calls me 'lazy' again I ...

won't ever help him again if he's in trouble.

go and tell his parents.

3. Philippa won't ever speak to me again if ...

I let her down now.

I would let her down now.

Task 4 Choose the correct form of FUTURE

1) The train at 11:45. (to leave)

2) We dinner at a nice restaurant on Saturday. (to have)

3) It in the mountains tomorrow evening. (to snow)

4) On Sunday at 8 o'clock I my friend. (to meet)

5) They to London on Friday evening. (to fly)

Task 5 Guess the meaning: A completely planned holiday arranged by a company at a fixed place, which includes travel, hotels, meals etc. A strong feeling that you must do the same things as other people of your age if you want them to like you. Teens often start smoking because of this feeling.

Books and stories about imaginary people and events.

An area of sand or small stones next to the sea or a lake.

A situation in which many things are happening or people are doing things, moving around.

A place where people stay in temporary shelters, such as tents, usually for short time.

HOME TASK: Write an essay. Sort out the advantages and disadvantages of each means of traveling.

As we see, the systematic work and tasks used in the formation of students' listening skills can be effective in teaching foreign languages.

It is necessary to note some trends and directions of changes in the content of learning foreign languages. Among them:

- personal meaning
- activity orientation
- socio-cultural orientation, aimed at the formation of the ability to participate in the dialogue of cultures
- willingness to cooperate and effectively interact.

The personal meaning of the content of education, its practical orientation are expressed in:

- taking into account the age peculiarities of students at every stage of education, their interests, opportunities and needs, which is manifested in the selection of the subject content of speech, which correlates with real problems and real areas of communication (family and home, educational and labor, etc.);
- putting a student into a situation of choice in case of multilevel learning at the senior level and including him in goal setting, including when choosing a level of training, a profile;
- the formulation of requirements for the level of training students, in which the activity component dominates.

The activity orientation of teaching foreign languages is reflected in the purpose of training and in the structure of the standard: the focus is on the development of foreign language students' listening skills in the unity of all its components (language, speech, socio-cultural, compensatory, educational and cognitive competencies), as well as the formulation of requirements for the level of training high school at each of its steps.

The content of education is focused on the development of students' listening skills to learn foreign languages and the formation of skills in all types of foreign language speech activity. Information technologies should be followed by systematic work in the development of common educational skills and abilities, students' learning experience, educational, communicative, practical and creative activities.

CONCLUSION

In conclusion, we note that the development of information systems of professional use leads to the need for adaptation of professional training of students to educational specialties to new conditions of socio-educational relations.

The process of mastering a foreign language is aimed at education, development of student personality which involves setting learning goals in the unity of educational, developmental and educational components.

The educational goals of teaching foreign languages are to assimilate and actualize knowledge of these languages, to master the main types of speech activity (perception and understanding of foreign language by ear, listening, speaking, reading, writing), and to form appropriate skills. A variety of areas of communication presupposes knowledge of cultural and regional geographic realities, which enriches students' perceptions of the picture of the world, expands their general horizons and opportunities for self-education.

The implementation of information technologies is designed to ensure practical knowledge of a foreign language as an effective means of communication in the unity and interaction of its cognitive, communicative and expressive functions.

Development of students' listening skills in teaching foreign languages imply the cognitive, communicative and emotional development of students. In the process of mastering the ways of forming and formulating thoughts in a foreign language, the linguistic component of thinking develops. In this case, there are opportunities for the development of imagination and enrichment of the emotional-sensual sphere of personality. Teaching foreign languages ensures the development of speech processes and speech mechanisms, which contributes to the formation of linguistic abilities and listening skills in the unity of speech generation and speech perception.

REFERENCES:

1) Kunanbayeva S.S. Theory and practice of modern foreign language education. – Almaty, 2010. 344 p.
2) Выготский Л.С. Психология подростка. – М.: Педагогика, 1980. – Т. 4. – 122 с.
3) Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам // Пособие для учителя. – М.: АРКТИ, 2000. –165 с.
4) Бим И.Т. Модернизация структуры и содержания школьного языкового образования (ИЯ) // Иностранные языки в школе. – 2005. – № . – С. 5-10.
5) Пассов Е.Н. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1995. – 208 с.
6) Norris N. The trouble with competence // Cambridge journal of education. – 1991. – Vol. 21 (3). – p.\
7) Meada Gibbs. How to Teach Effective Listening Skills in a Basic Business Communication Class: 1982 Teaching Methodology and Concepts- The Bulletin of the Association for Business Communication First Published Jun 1, 1985. – Vol. 48, 2: – Pp. 30-32.
8) Tanju Deveci. Listening as a lifelong learning skill-what, why, and how Conference: 16th International Conference on Literature, Languages, Humanities and Social Sciences (LLHSS-18), 2018. – P.

ӘОЖ 82-6

ҚОШТАЕВА ГҮЛБАЛА ҚҰДАЙҚҰЛҚЫЗЫ,
PhD докторанты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
E-mail: gulbala.koshtay@gmailcom

ҚЫДЫР ТӨРӘЛІ ЕДІЛБАЙҰЛЫ,
меңгеруші, ф.ғ.к., доцент,
«Ежелгі дәуір әдебиеті және түркология» бөлімі,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
E-mail: qydyr.torali@gmail.com

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ НАМА ЖАНРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа: Мақалада эпистолярлық жанрдың генезисіне шолу жасалып, оның бергі замандардағы даму барысы біраз мағлұматтар беріледі. Ортағасырда түркі халықтар әдебиетінде «нама» түрінде көрініс берген эпистолиярлық жанрдың табиғаты ашылып, сол замандарда жазылған «намалық» жәдігерлерді идея-тематикасы жағынан бөліп қарастырудың маңызы жоғары екені айтылады. Жазу мәдениетінің қалыптасуымен әр дәуірде әр түрлі формада көрініс берген хат жазу дәстүрі қазақ әдебиетінде әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Кілт сөздер: нама, эпистолярлық жанр, әдеби термин, әдеби жәдігерлер.

Аннотация: В статье рассматривается генезис эпистолярного жанра и приводятся некоторые сведения о его развитии в древности. Раскрывается характер эпистолярного жанра, который в средние века отразился в литературе тюркских народов в форме «нама», и важно разделить идейные и тематические «намалыкские» артефакты, написанные в те времена. С формированием культуры традиция письма, принявшая разные формы в разные эпохи, не утратила актуальности в казахской литературе.

Ключевые слова: Нама, эпистолярный жанр, литературный термин, литературные памятники.

Abstract: This article examines the genesis of the epistolary genre and provides some information about its development in antiquity. The character of the epistolary genre, which in the middle Ages was reflected in the literature of the Turkic peoples in the form of "nama", is revealed, and it is important to eliminate the ideological and thematic "Namalyk" artifacts written in those times. With the formation of culture, the tradition of writing, which took different shapes in different eras, has not lost its relevance in Kazakh literature.

Keywords: Nama, epistolary literature, literary term, literary artifacts.

КІРІСПЕ

Ортағасырлық (XI – XVI ғ.) әдеби мұралар хақында айтқанда түркі халқтарының әдебиеті туралы сөз қозғалатыныанық. Себебі, қазіргі таңда әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін, ұлттық ұстыны мен төл әдебиеті қалыптасқан түбі бір түркі елдердің тарихы мен әдебиеті кезінде бір қазанда қайнап, ортағасырлық ортақ әдебиеті болғаны даусыз. Ендеше, оларды бөліп жарып, белгілі бір ұлттың төл әдебиетіне телу әбестік болар еді. Десек те, түбі бір түркі жұртшылығы бұл жәдігерлердің түркі әлеміне ортақ дүние екенін мойындай отырып, тиісінше туындының өз әдебиетіне қатысын ғылыми тұрғыда айқындауы қажет. Терең тарих тудырған жәдігерлер түркі әдебиетінде жетерлік.

Сондай құнды жәдігерлердің бірі, Алтын Орда тұсында дүниеге келген, түркі әдебиетінің жауһары саналатын Хорезмидің «Мұхаббатнама» шығармасы «нама» жанрында жазылған үздік туынды. Бұл әдеби жәдігер тілдік тұрғыда А. Щербак, А.Н. Самойловичтердің еңбектері арқылы танылса, әдебиет арнасында ең алғаш Е. Бертельс, кейін И.И. Бартольд, А.М. Щербак, Т. Жололов, А. Бомбачи, Э.Н. Наджип зерттеулерімен таныс. Сондай-ақ туындыны А. Қыраубаева, Ө. Күмісбаев, М. Жармұхамедов, Ә. Дербісалиндердің қазақ тіліне аударуымен қатар, Х. Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов т.б. көрнекті ғалымдар әдеби тұрғыда едәуір зерттеулер жасады. Бүгінгі таңда түркі халықтары әдебиетінің жанрлық ерекшеліктерін ғылыми негізде анықтау, саралау тұрғысында біршама еңбектер жазылғанымен де, бұл салада әлі де зерттеуді қажет ететін тұстар жетерлік. Түркі халықтары әдебиетіндегі кейбір мәселелер әлі де болса анықтай түсуді, тереңірек талдауды керек етеді. Мәселен, Түркітану ғылымында «нама» жанрын әдебиеттанушы ғалымдардың барлығы бірдей әдеби жанр ретінде қарастырмағаны белгілі. Түркі халықтары әдебиетіндегі «нама» жанрының әдебиетте қолданылу ерекшеліктерін, түркі поэтикалық жазба өнерінің генезисін анықтау негізгі міндеттеріміздің біріне жатады. Сонымен қатар «нама» жанрының даму, қалыптасу жолдарын анықтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, заман талабы.

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНРДЫҢ ГЕНЕЗИСІ

Хат – қатынас құралы. Хат жазып, хабар алу, ішкі жандүниесіндегі бұлқыныстар мен толғаныстарын жеткізу қоғам қайраткерлері мен беделді тұлғалардың ғана емес қарапайым адамдар арасында да белең алған құбылыс. Тек хат арқылы қоғам шындығын, жеке тұлғаның риясыз келбетін еш бүкпесіз айқын көруге болады. «Хат - бұл белгілі бір тақырыпқа қарамастан бүкіл өмірді қамтитын баяндау құралы. Жолдаушының ішкі әлемінен немесе қоршаған ортасынан таңдалған жаңалықтар, әртүрлі бақылаулар, идеялар, қоғам мен қоршаған ортаның ерекшеліктері хаттың тақырыбы болуы мүмкін. Осыған байланысты дәуірлердің ойлау стилін, менталитетін, әдеби қызметі мен талғамын табуға болады» [Erdinç Kaplan., 1999, б. 3]. Хат арқылы сол кезеңнің бүкпесіз шындығын, қоғам пайым-парасатының деңгейін аңғарамыз. Хаттың әдеби шығармалардан басты өзгешелігінің бірі оның адресатқа бағытталуы екенін тарихшы Такао Мориасу «Шығыс Жібек жолындағы көне ұйғыр хаттарының эпистолярлық формулалары («Epistolary Formulae of the Old Uighur Letters from the Eastern Silk Road»)» атты еңбегінде: «Әдетте хат алыстан жіберіледі және ол алдымен (1a) ïraq yir-dän / tin «алыс жерден/*жырақ жерден*» немесе оның қысқартылған түрі «алыстан/*жырақтан*» ïraqtan, кейде қарама-қарсы yaγuq (немесе yaqïn) köng(ü)lin «жақындық жүрекпен/*жақын көңілмен*» жолданады. «Алыстағы жерден жақындық жүрекпен/*жырақ жерден жақын көңілмен*» антитеза құрылысы соғды, хотан(Khotanese) және моңғол тілдерінде кездеседі» деген тұжырым айта отырып, қалыптасқан басқа жанрлардан хаттың өзіндік ерекшелігіне назар аударады [Takao MORIYASU, 2012, б. 1]. Одан әрі ғалым: «Оның шығу тегін анықтау әлі мүмкін болмады, бірақ Симс-Уильямс (1996 a, 83-бет) кем дегенде Месопотамиядағы Угар (Ugaritic) және орта Бабилон дәуірінен бастау алатындығын көрсетті. Симс-Уильямстің бұл мақаласында б.з.д. II мыңжылдықта Месопотамияда пайда болған хаттардың фразалық тіркестері соғды және орталық Еуразияның басқа тілдеріне қалай әсер еткендігі туралы айтылады. Ол сасанидтердің ортағасырлық парсы не ахеменидтік арамей ортасы арқылы әсер еткен болуы мүмкін деген болжам жасайды» [Takao MORIYASU, 2012, б. 1].

Хат жазу тарихы өте көне дәуірден бастау алады. Ежелгі Египеттен саз балшықта және папируста жазылған хаттардың бір бөлігі табылған. «Мысырда табылған хаттардың арасында перғауын III Аменофис пен IVАменофистің (б.з.д. 1408-1354 жж.) Палестина, Сирия және Вавилон князьдерімен хат алмасуы біздің дәуірімізге дейінгі IV және III мыңжылдықтарда Шығыстың саяси жағдайлары туралы ақпарат беру тұрғысынан маңызды [Kaplan E., 1999, 3 б.]. Демек, эпистолярлық жанр антикалық дәуірде ең әуелі қарапайым хат алысудан басталып, белгілі тұлғалардың хат жазысуы – әдеби әлемде хат түріндегі шығармалардың өзегіне айналды. Ежелгі Грекияда классикалық әдебиет секілді хат та халықтың өмірінде маңызды рөл атқарды. «Ежелгі дәуірде хаттар мәтіні әдеби шығармалар іспетті құрылды, олардың стилі мен құрылымын риторика анықтады, ал жеке хат алмасу мен эпистолярлық стилизация арасына қатаң шекара қою қиын, бұған эпистолярлық әдебиеттің әйгілі мысалдары дәлел. Хат жазудың стильдік мүмкіндіктерін саналы түрде көркемдік қолдану: сөйлеу тіліне жақындату, лирикалық подтекст, тұспалдаулар, әлеуметтік және лингвистикалық сипаттамалардың реңктерін енгізу – сопылық эпистолярлық әдебиетін ерекшелей түсті. Бұған риторик Лесбонакстың хаттары, Алкифронның эпистолярлық шығармалары, оның ішінде комедиограф Менандрдің өзінің сүйіктісі Гликерамен хаттары жатады» [Коробкина Е.В., 2020, б. 24]. Кейін келе әдебиеттің дамуымен қатар хат жазу екіжақты сипатынан ажырап, біржақты адресатқа бағытталып жазылатын хаттар қатарына, одан көркем прозаға ұласты. Мәселен, бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған эпистолярлық жанрдың алғашқы үлгілері саналатын б.з.д. IY ғасырды қамтитын Исократ, Платон, Аристотель хаттары сол кездегі саяси-әлеуметтік оқиғалармен тікелей байланысты болса, Цицерон, Гораций, Сенека хаттары достарына бағытталып, онда хат түрінде жазылған әдеби миниатюралар, әлеуметтік мәселелер талқыланды. Осылайша хатты күнделікті өмірдегі қызықты көріністермен, өзі жайлы мәліметтермен, әралуан пікірлермен қанықтыра отырып, жеке сипат беру арқылы хат түрінде жазылған әдеби миниатюралар пайда бола бастады. Кейіннен Римдегі әскери экспедициялар, отаршылдықтың дамуы және ұлы жолдардың шығыспен бірігуі нәтижесінде хат-хабар алмасу да айтарлықтай жақсарды. Бұл тұрғыда ғалым Е. Каплан: «Тақырыптарының әртүрлілігімен және авторлардың өзіндік ерекшеліктерімен байытылған хаттар орта ғасырлардағы схоластикалық ойдан кейінгі басталған гуманизмнің алғашқы таралуы кезінде Италияда қайтаөрлеу дәуірінде кездеседі. Бұл кезеңде Аретино, Тассо және Ариосто хаттары маңызды рөл атқарды» деген тұжырым жасайды [Kaplan E., 1999, б. 4]. Сонымен қатар, «Хат түрлеріне әр түрлі көзқарастар бар. Эмин Өздемир хатты «ерекше» және «әдеби-интеллектуалды өлшемге» бөлсе, Сейит Кемал Караалиоғлу оны «іскерлік» және «жеке» хатқа бөледі. Осы айырмашылықтарға қарай хаттарды «жеке», «әдеби», «іскерлік», «ресми» және «ашық хаттар» [Kaplan E., 1999, б. 2] деп жіктеуге болатынын айтады.

Тамырын көнеден тартқан хат жазу өнерінен басталып, бүгінде жеке жанр болып қалыптасқан эпистолярлық әдебиетке қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Эпистолярлық [грек.epistole] сын. әдеб. Хат түрінде жазылған шығармаларға, сон-

дай-ақ әдеби мұраға айналған хаттарға қатысты» делінсе [Жаңабекова А. және т.б., 2011, б. 794], ал қазақ совет энциклопедиясында «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография грек сөзі «жолдау, үндеу» – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, тарихи-мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады. Эпистолярлық әдебиет әдеби жанр ретінде антика дәуірінен басталады. Цицеронның, Горацидің, Сенеканың хаттары эпистолярлық публицистиканың бастамасы еді» деген түсінік берілген [Қаратаев М., 1978, б. 453]. Бұл пікірді А.В. Кожеко қуаттай түседі. «Ресейде эпистолярлық жанр қайың қабығына жазылған хаттардан бастау алды. Кейінірек әртүрлі «хат үлгілері/письмовники» пайда болды, олар әртүрлі типтегі хат-хабар жүргізудің негізгі ережелерін белгілеп, осындай хаттардың үлгілерін ұсынды [Кожеко А.В., 2015, б. 3]. Ежелгі Ресейде хат әуелі жазылмай, адресатқа тек жаттанды түрде жеткізілген. Хаттар адамгершілік сипатта, князьдің жомарттығы мен даналығын ашатын құрал ретінде пайдаланылды. Кейін келе сауатты адамдар көбейгенімен олардың барлығы хат жаза алған жоқ. Хатты арнайы хат жазудың үлгісіне(письмовник) қарап жазып беретін адамдар болды. Ежелгі Ресейде хат жазу дәстүрі VIII-IX ғасырларда пайда болды деген болжамдар айтылып та жазылып та келеді. Әйткенмен А.Н. Николюкиннің редакторлығымен жарық көрген «Әдеби терминдер мен түсініктер» энциклопедиясында: «Хат жазу жинағы/письмовники - бұл жеке адамдарға арналған әр түрлі әдеби безендірілген хаттардың үлгілері. Хат жазу үлгісінің жинағы(письмовники) бүкіл орта-ғасырлық Еуропада кең таралған, Ежелгі Ресейде олар XV ғасырдың соңына қарай белгілі болған» [Николюкин А.Н., 2001, б. 746] деп нақты түсінік берілген. Араға ғасырлар салып «Бірте-бірте жазу адамдар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды, байланыстың әр түрлі салаларына қызмет етті. Эпистолярлық формада әдеби шығармалар құрылды, мысалы, А.С. Пушкиннің «Хаттағы романы», Н.В. Гогольдің «Достармен хат алмасудан таңдалған үзінділері», Ф.М. Достоевскийдің «Кедей адамдар» және басқалары [Кожеко А.В., 2015, б. 3]. Ресейде «хатпен жазылған роман» шығып, Н.М. Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттары» ерекше құбылыс саналды [Қаратаев М., 1978, б. 453]. Бұл жанр қаламгерлердің кей шығармаларында екі кейіпкердің бір-біріне жазған хаты арқылы көрініс тапса, кей суреткерлер осы жанрда жеке туындылар жазды. Бұған Е. Замятин, М. Кузьмин, А. Куприн, И. Буниндердің эпистолярлық әңгімелері, А. Чеховтың «Ванка» әңгімесі, т.б. жатады. Поэзияда эпистолярлық стиль хат жазудың жарқын үлгісі болды. А. Пушкиннің әйгілі «Керн» өлеңі немесе Онегиннің «Евгений Онегиндегі» Татьянаға, Татьяна Онегинге жеке хаттары мысал бола алады.

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ НАМА ЖАНРЫ

Түркі халықтары мәдениеті мен тарихына байланысты әдеби шығармалар көп болғанымен, ондағы «нама» жанрының қалыптасуы мен даму заңдылығын ашып, ара жігін ажырата көрсеткен нақтылы еңбектердің мардымсыз екендігі бүгінгі күні жасырын емес. «Нама» жанрына қатысты ғалымдар арасында пікір сәйкестіктері мен қайшылықтар да кездесіп тұрады. Ортағасыр әдебиетін зерттеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, «нама» сөзінің түп төркіні парсы әдебиетінде жатыр. «Нама» атауы жайлы көрнекті ғалым З. Ахметов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаевалар өз зерттеулерінде пікір айтса, Т. Жанұзақов, Н. Уәли, Р. Әхмәтьянов, Х. Шүкрү сынды ғалымдардың пәрменімен жарық көрген қазақ, татар, түрік тілдерінің сөздіктерінде қысқаша түсінік берілген.

Ғалым Т.Жанұзақов, Р.Әхмәтьянов, Х.Шүкрү нама – хат, жазу дегенді білдіреді [Жанұзақов Т., 2008, б. 612], [Әхмәтьянов Р.Г., 2001, б. 272], [Şükrü H.A., 2019, s. 1749] десе, Н. Уәли, Н. Келімбетов, З.Ахметов нама екі мағынада 1) хат, эпистолярлық жанрдың бір түрі, 2) кітап, дастан деген мағынада қолданылған» [Уәли Н. және т.б., 2013, б. 965], [Келімбетов Н., 2013, б. 89], [Ахметов З., 1998, б. 157] деген тұжырым жасайды. Көрнекті ғалым А. Қыраубаева Түркі халықтары әдебиетінің жанрында араб, парсы терминдері «Қисса», «Хамса», «Нама» т.б. көп қолданылады [Қыраубаева А., 2008, б. 98] десе, татар ғалымы Шарипов А. XIII - XIV ғасырларда лиро-эпикалық сипаттағы өлеңмен жазылған шығармалардың арасында «қисса», «дастан», «нама», «рисале», «хикаят», «кітап» және т.б. жанрлық атаулар болғаны жайлы, бұл терминдер мәндес қалыпта жиі қолданылып, олардың арасында өзара қатаң шекара белгіленбегендіктен әдеби жанрлардың өзара кірігуі байқалғандығын, ортағасырлық авторлар мен жазушылардың жанр атаулары «шекарасын» сақтамауы табиғи және әдеттегі құбылыс болғандығын сөз етеді. «Сондай-ақ, бір жанрлық формадағы яғни поэтикалық өлшемі мен рифмалық реті бір, түрлі мазмұндағы туындылар құрылды. Нәтижесінде бір поэтикалық шығарманы мазмұнына қарай бір жанрға, ал формалық сипаты бойынша - екіншісіне жатқызуға болады, мәселен, С. Сараидегі «Сухаил ва Гулдурсун» мазмұны бойынша - «қисса» немесе «дастан», ал формалық белгілеріне сәйкес - «мәснәуи» дейді ғалым өз зерттеуінде [Шарипов А.М., 2001, б. 261-262]. Ал бұл тұрғыда түрік ғалымы Т. Караташ «Нама – хат, кітап, жазылған нәрсе. Ескіден ғашықтарға тән сүйіктісіне арнап жазылған хаттарға «нама» делінген. Ол жазба және халық өлеңдерінің кейбір үлгілерінде осы мағынада кездеседі. Кейіннен белгілі бір тақырыпта жазылған шығармаларға кітап, жазба мағынасын беру үшін қолданылып, біріккен атаулар жасаған». Хамзанаме, Кыйафетнаме, Летайфнаме, Пенднаме, Сакинаме және

т.б. секілді» деп тұщымды пікір айтады [Karataş T, 2001, s. 307].

Пайымдап қарасақ, ғашықтық арнау хаттар наманың әуелгі атқарған функциясы да, ал белгілі бір шығарма атауына тіркесе жазылуы кейінгі қолданыс екенін түйсіну қиын емес. «Біз қарастырып отырған кезеңде поэтикалық жанрлар мен жанрлық формалар үшін өткен ғасырларда араб және парсы-тәжік поэзиясында дамыған бірыңғай стандарттар мен біртұтас жанрлар поэтикасы болды, осыған байланысты түркі әдебиетінің поэтикалық жанрлары мен араб және парсы-тәжік әдебиетінің поэтикалық жанрлары арасында ерекше айырмашылық жоқ [Шарипов А., 2001, б. 74]. Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, наманың түп негізін парсы әдебиетінен қарастыруды жөн көрдік. С.В. Лахути исламға дейінгі кезеңдегі парсы хаттарының нақты мысалы ретінде III-VII ғасырлар аралығы Сасанидтер дәуірінде, яғни «исламда Иран дәстүрін зерттеу үшін ерекше мәнге ие болған» кезеңде жазылған хаттарды қарастырады [Лахути С.В., 2015, б. 31]. Арғысы біздің заманымызға дейінгі кезеңді қамтитын, бергісі Сасанидтер дәуірінен бастау алған хат жазу өнері ислам дінінің келуімен бірге лингвистикалық және формалық өзгерістерге ұшырады. «VIII ғасырдың ортасында, жазу мәдениеті қалыптаспай тұрып, «Аса мейірімді Алланың атымен бастаймын» деп келетін араб формуласы пайда бола бастады (қазіргі француз зерттеушісі Ф. Джиннің пікірінше, бұл дәстүрлі түрде кітаптардың мәтіндерінен бұрын пайда болған зороастралық формуламен байланысты, «Pad nām ī yazdān»). Одан кейін адресаттың ізгі тілектері бірден орын алды. IX ғасырда мекен-жай формуласы (unwan) ақыр соңында хат мәтінінен шығып қалды, оны хаттың жоғарғы жағына, тіпті парақтың сыртына, конверттегі мекен-жай сияқты бөлек жаза бастады. Мысалы, міне, IX ғасырда Египетте бір шенеунікке жолданған арабша хаттың бастапқы бөлігі:

«Аса мейірімді Алланың атымен бастаймын. Құдай сізге жақсы қамқор болып, сізді сақтап, сізге өзінің мейірімін төгіп, сізге және сіздің қасыңыздағыларға деген мейірімділігін арттырсын»

Ертедегі ислам дәуіріндегі парсы хаттары кейде араб, кейде парсы тілінде Аллаға мадақ формуласынан басталады [Лахути С.В., 2015, б. 37]. Ислам өркениетінің негізінде дамыған әдебиет тек формалық жағынан ғана емес, тақырып тұрғысынан да едәуір өзгеріске ұшырап, ширыға түсті. «Ислам дінінің аясында дүниеге келген шығармалар алдыңғы дәуірден тематикалық жағынан да, жанрлық тұрғыдан да өзгеше құрылысқа, басқа мәнге ие болды. Әдебиетте бұрынғыдай тек, тарихи оқиғалар ғана суреттелместен, бұдан былай көркем сөз адамзатты Хақ жолға үгіттеуші, жақсылық пен жамандықтың аражігін ажыратушы ретінде көрініс бере бастады» [Қыдыр Т.Е., 2018, 13 б.]. Бұл үрдіс әсіресе, «Аллаға мадақ, сосын Пайғамбарға салауат айту» орта ғасырда Алтын Орда тұсындағы түркі әдебиетінде пайда болған өзге жанрлармен қатар нама жанрының да өн бойынан айқын көрінеді.

Қазақ әдебиеті тарихында наманы жанрлық формаларына қарай топтастырудың үлгісін XX ғасырдың соңғы ширегінде белгілі түркітанушы ғалым А. Қыраубаева ұсынған болатын. Ғалымның пікірінше:

1. Эпикалық поэмалардың циклі (Shahнама).

2. Жеке поэмалар (Ескендірнама, Шайбанинама, Бабурнама, т.б.).

3. Саяхатта, сапарда көрген-білгені, алған әсері жайындағы шығарма.

4. Өлеңмен жазылған арнау (Хорезмидің «Махаббатнамасы», Ходжендидің «Латафатнамасы», Амиридің «Дахнамасы»).

Бұлардың ерекшелігі сол: арнау ретінде ынтықтық, сүйіспеншілік сезімдер, ғашықтық мұң баяндалады. Осы соңғы формадағы намаларда ғашықтық нәзік сезімдер бір-біріне жазған арнаулар арқылы көрінеді[Қыраубаева А., 2008, б. 98].

«Нама» атаулы шығармаларды тақырыбына, көлеміне, құрылымына қарай классификациялау татар ғалымы А. Шариповтың еңбегінде де кездеседі. Алайда, ғалым лиро-эпикалық сипаттағы шығармалардың жанрлық көркемдік ерекшеліктерін толығырақ зерттеу мақсатында, талдаудың ыңғайлы болуы үшін оларды шартты түрде үш топқа бөліп, «наманы» қисса, дастанмен қоса әуелгісіне яғни, көлемді шығармалар тобына жатқызады. «Нама» атаулы шығармалар хабарлама, хат, грамота, кітап, шығарма, тарих т.б. мағынада қолданылып, ішінара өлеңмен жазылған және прозалық «нама» деп жіктеледі. Прозалық намада ережеге сәйкес, эпикалық бастама басым, оларда тарихи, нақты тұрмыстық, ғашықтық т.б. оқиғалар сипатталады. Көбіне этико-дидактикалық сипатта болады. Мысалы, Кай Кабустың «Кабуснамасы», Нахшабидің «Тутинамасы» т.б. Өлең түріндегі «нама» таза көркем-романтикалық туынды, әдетте қандайда бір тұлғаның не оқиғаның сипаттамасына қатысы жоқ. Өз кезегінде мейлі прозалық не өлең түріндегі болсын «нама» атаулы шығармалар тақырыбы жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Бұл топтастыру «нама» атаулы шығарманың негізгі сипаты мен мәніне негізделген. 1) көркем нама (“Синдбаднама”, Қай-Қауыстың “Кабус-намасы”, Нахшабидің “Тотынамасы” және т.б.); 2) көркем-тарихи (Фирдаусидің “Шахнамасы”, Яздидің “Зафарнамасы”, Мухаммад Салихтың “Шейбанинамасы” т.б.); 3) тарихи-саяси (Низамуль-мүлктің “Сиасетнамасы”, Баянидің “Акбарнамасы”, Язычи оглы Алидің “Сельджукнамасы” т.б.); 4) мемуарлық-тарихи (“Бабырнама”, “Хумаюннама” т.б.); 5) лирикалық не лиро-эпикалық сипаттағы поэтикалық нама (Ф.Аттардың “Панднамасы”, Хорезмидің “Махаббат-намасы”, Ходжандидің “Латафат-намасы”

т.б.) [Шарипов А.М., 2001, б. 56]. Біздің ойымызша, бұл топтастырулардағы соңғысы өзіндік өрнек тәсілінің ұқсастығына, сипаты мен мәніне қарай «нама» жанрында жазылған туындылар да, әуелгілері шығармаға мағына үстеу үшін тіркестірілген «нама» атаулы туындылар.

Хорезми өз творчествосында наманы қолдану арқылы түркі халықтары әдебиетінде «намашылыққа кең жол ашты» дейді көрнекті ғалым Алма Қыраубаева өз зерттеуінде [А.Қыраубаева А., 2008, б. 98]. Бұл пікірді татар ғалымы Анвар Магданурұлы да айтқан болатын. Демек, біз ғалымдар арасындағы пікір сәйкестігін байқаймыз. «Уақыт өте келе жанр қалыптастырушы қасиеттерге ие лиро-эпикалық сипаттағы поэтикалық наме дамып, оқшауланып, танымал бола бастайды. Көп ұзамай шығыс әдебиетінде дербес жанрға айналады. Әдетте түркітілді әдебиетте поэтикалық нама жанрының негізін қалаушы Хорезми, ал оның «Махаббат-намасы» осы типтегі алғашқы шығарма болып саналады. Алайда, татар ғалымы Ахмед Булатов анықтағанындай, Османтүрік ақыны Ашик Пашаның «Гариб-намасы» («Адасқандардың әңгімесі», 1329) хронологиялық тұрғыдан ертерек дүниеге келген [Шарипов А.М., 2001, б. 57]. Негізінен қарағанда бұл түрлі топтастырудың бір-бірінен көп алшақтап жатпағандығын байқау қиын емес. Ғалымдардың бірі шығыстан түркі әдебиетіне енген «нама» атаулы шығармаларды тақырыптық сипатына қарай жіктесе, енді бірі «наманы» прозалық не поэтикалық деп екшеп, жанрлық табиғатына қарай топтастырады.

Жоғарыда аталған шығармалардың бір тобы «нама» жанрын негізге алған туындылар да, келесі тобы жай «нама» атауы тіркестірілген шығармалар, екіншісінің «нама» жанрына еш қатысы жоқ, тек шығарма тақырыбына тіркескен атауы ғана бір. Біздің пайымдауымызша, орта ғасырда «нама» жанры екі түрлі ұғыммен қолданылған. Әуелі хат, эпистолярлық жанрдың бір түрі, жеке жанр ретінде парсы әдебиетінде қалыптасып, кейін түркі әдебиетінде белең алды. Кейін келе шығарма атауына қосарланып, оған тек анықтамалық мағына беретін тіркес ретінде қолданылды. Парсының «хат» деген сөзінен бастау алған бұл жанр эпистолярлық әдебиет үлгісі.

«Нама» жанры ортағасырлық түркі әдебиетіне парсы әдебиетінің ықпалымен еніп, кең көлемде тарамаса да, ортағасырлық ерекше жанр ретінде қалыптасты, Хорезмидің «Махаббатнамасы» арқылы негізі қаланды. Белгілі ғалым Алма Қыраубаева «Хорезми «намашылдыққа» жол ашып қана қоймай, оны дамытты деп баға береді [Қыраубаева А., 2008, б. 98]. Яғни, Хорезми түркі жазба әдебиетіндегі «нама» жанрының негізін қалаушы. Сонымен қатар Ходжандидің «Латафанамасы», Амиридің «Дахнамасы» осы нама жанрында жазылған шығармалар қатарына жатады. Бұл туралы ғалым Э.Фазылов өз зерттеуінде Ходжандидің «Латафатнамасы» формасы мен композициясы жағынан Хорезмидің «Махаббатнамасымен» астасып жатқан туынды екенін атап өткен [Фазылов Э.И., 1976, б. 7]. Ортағасырдағы нама жанры бүгінгі әдебиетіміздегі өзіндік өрнек қалыптастырған эпистолярлық әдебиеттің бастауы болғаны сөзсіз.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР

Қазақ әдебиетінің тарихы сонау ежелгі түркі әдебиетінің мазмұнға бай жәдігерлерінен негізін тартқан қазыналы әдебиет. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, ежелден бастау алған ортағасырлық нама жанрының түрленген формасы эпистолярлық әдебиет екенін пайымдаймыз. Түркі әдебиетіндегі дәстүр жалғастығын сақтаған эпистолярлық мұра төл әдебиетінде жетерлік. Хат жазудың озық үлгілерін Тәуке ханнан бастап, Бөкей ханға дейінгі қазақ хандарының XVII-XIX ғасыр аралығында жазған хаттарынан, сонымен қоса XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдағы ұлт зиялылары мен қаламгерлердің жазған хаттарынан, хат өлеңдерінен айқын көреміз. «Тарихи құбылыс болғандықтан, эпистолярлық жанр, басқа жанрлар іспетті үнемі дамып отырады. XX ғасырда эпистолярия үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл, ең алдымен, эпистолярлық жанрдың «ішіндегі» функционалды және стилистикалық сорттардың арасындағы пайыздық қатынасқа қатысты» [А.В. Курьянович А.В., 2008, б. 45]. Өткен ғасырда хат жазу яғни, эпистолярлық жанр әсіресе әдеби бағытта жақсы дамыды. Оның айғағы қазақ әдебиетінің алтын қоржынын толықтырған эпистолярлық проза, эпистолярлық роман, хат өлеңдер мен әдеби хаттар. Қазақтың қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылары өз туындыларына эпистолярлық жанрды арқау етті, ағартушы Шоқан Уалиханов, әдебиет қайраткері Ахмет Байтұрсынов өз туындыларында эпистолярлық стилді жиі қолданды. Сондай-ақ, жырау Тұрмағанбет Ізтілеуовтің «Сәкенге хат», «Туған елге сәлем хат», «Тар замана», «Мақатқа хат», «Әділдік жайлы арыз», «Түрмеден хат» хат өлеңдері, Абай Құнанбаевтың нәзира дәстүрімен жазылған «Евгени Онегин» эпистолярлық романы, Міржақып Дулатовтың Бутыр түрмесінде жатып жазған әйгілі «Ұрпаққа хат» атты хаты, Шәкәрім Құдайбердіұлының Сәбит Мұқановқа жазған хаты, драматург Әбділдә Тәжібаевтің «Хаттар сөйлегенде», «Жаданның хаттары» сын, есселері, ақын Мұқағали Мақатаевтың «Сергей Есенинге» атты хат өлеңі, Қасым Аманжоловтың Сәбит Мұқановқа жазған әдеби хаты, бертінде жарық көрген «Мұқанов хатханасы» атты С. Мұқановтың 1924-1973 жылдар аралығындағы өзі жазған және өзіне жазылған үш жүзден астам хаттары енген жинақтар сынды дүниелер эпистолярлық әдебиеттің XX ғасырдағы тынысын айғақтағандай. Бұл хаттар арқылы әдеби суреткерлер мен танымал тұлғалардың өмірбаяндары мен шежірелерін

жинақтауға мүмкіндік ашылып, өткенге қатысты тарихи маңызы бар мәліметтерге куә боламыз. «Эпистолярлық проза мәтіні прозалық сөйлеу заңдылықтарына сәйкес құрылып, кейіпкердің (кейіпкерлердің) бір-біріне жазған хаттары арқылы жасалған. Бұл критерий міндетті болып табылады, бірақ жеткіліксіз, сондықтан оны сәйкестендіруге арналған эпистолярлық прозаның феномені қосымша спецификалық қасиеттерді анықтауды қажет етеді» [Логунова Н.В., 2011, б. 10]. Бұл эпистолярлық жанрдың өзіне ғана тән тағы бір қыры. Себебі, онда кейіпкер хат арқылы жандүниесіндегі сырт көзге көрінбес сүйініші мен күйінішін, ішкі толғаныстарын, жан сарайындағы құбылыстарды еш бүкпесіз сенімді қалыпта жеткізеді. Яғни, «әр әдеби жанр түрлі дәрежеде жеке тұлғаның тілдік ерекшеліктерін бейнелейді. Алайда, эпистолярлық жанрды әмбебап деп айтуға болады, өйткені ол кейіпкер тілінің барынша бай көрінісін зерттеу үшін қолайлы [Коробкина Е.В., 2020, б. 22]. Оның сыры бүкпесіз ақиқаттылығында.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өткен ғасырдан дәстүр жалғастығын сақтай жеткен бұл жанр жаңа ғасырда өзгеше қарқынмен дамуда. «XXI ғасырдағы эпистолярлық жанр байланыстың жаңа түрі – әлеуметтік желінің пайда болуымен байланысты өзгерістерге ұшырады. Ашық хат жанры қарапайым ана тілді адамдар мен Интернет қолданушыларына қол жетімді болды, бұл өркениеттің және қазіргі мультимедиялық әлемнің әмбебап ізгілендіруінің жетістігі екендігі сөзсіз» [Якунина М.Л., 2016, б. 304]. Қазіргі таңда технологияның қарыштап дамуымен қатар, почта арқылы хат жолдау дәстүрі үзіліп, эпистолярлық жанрдың орнын толықтай болмаса да қысқа мәтінді жолдамалар мен хабарламалар, қала берді белгілі бір эмоционалды күйлерді немесе сезімдерді бейнелейтін графикалық кескіндер басты. Эпистолярлық жанр жаңа ғасырда дәстүр жалғастығын сақтай отырып түрлене даму үстінде. Әдебиет – өмір айнасы десек, әдебиет барда эпистолярлық әдебиет өміршеңдігі жоғалмайды. Оның бүгінгі тыныс тіршілігін зерттеу болашақтың еншісінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық. 15-том: Ү-Я / Құраст.: А. Жаңабекова, Т. Жанұзақ, Б. Әбілқасымов және т.б.- Алматы: Дәуір, 2011.- 828 бет.

2. Қазақ Совет Энциклопедиясы: 12-том: ХИЛА-ЯЯ/бас редакторы М.Қ.Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1978.-600 бет

3. Жанұзақов Т., Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.

4. Әхмәтьянов Р.Г. Татар теленең кыскача тарихи-этимологик сүзлеге. – Казан: Тат.кит.нәшр., 2001, 272 б.

5. Türkçe sözlük. Haz. Şükrü Halûk Akalın ve başk. 11 baskı. Ankara, Türk Dil Kurumu, 2019. – s. 2763.

6. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі). Құраст: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков. Қ. Күдеринова, О.Жұбаева, А. Жаңабекова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, А.Үдербаев. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.

7. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы // Кітап: Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. Т.17: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 380 б.

8. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

9. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы/ 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Өнер, 2008. — 304 бет

10. Фазылов Э.И. Ходжанди «Латафат-наме».– Ташкент: Издательство «ФАН» УзССР, 1976

11. Takao MORIYASU «Шығыс Жібек жолындағы көне ұйғыр хаттарының эпистолярлық формулалары/Epistolary Formulae of the Old Uighur Letters from the Eastern Silk Road» Osaka University Knowledge Archive : OUKA, 2012., 98 p

12. Николюкин А.Н., Әдеби терминдер мен түсініктер энциклопедиясы, Москва, НПК «Интельвак», 2001., 1600-бет

13. Karataş Turan. Ansiklopedik Edebiyat Terimleri Sözlüğü. – İstanbul: Yedi Gece Kitapları, 2001. – S. 477.

14. Т.Е. Қыдыр Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.

15. Шарипов Анвар Магданурович Система стихотворных жанров в древнетюркскои и тюрко-татарской литературе VIII - XIV вв.(Зарождение, Становление и Функционирование)2001, Казань, 372 б.

16. Erdinç KAPLAN «Bir edebi tür olarak mektup ve türk edebiyatindaki yeri» Mersin, 1999, 352 s

17. ЛОГУНОВА Наталья Валерьевна. РУССКАЯ ЭПИСТОЛЯРНАЯ ПРОЗА, Автореферат.Москва – 2011 46стр]

18. А.В. Курьянович. Электронное письмо как функционально-стилевая разновидность. Вестник ТГПУ. 2008. Выпуск 2 стр.45

19. Кожеко А.В. Эпистолярные жанры: традиционные и современные формы /Современные проблемы науки и образования// Филологические науки. – 2015. – № 2 (часть 3)

20. Е.В. Коробова Жанр письма в русской литературе вестник курганского государственного университета. 2020. № 1 (55). С. 22–29 Филологические науки /Курганский государственный университет, Курган

21. М.Л. Якунина. Развитие жанра «открытого письма» в интернет-коммуникации как проявление гуманизации современного мультимедийного мира, Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию со дня рождения первого декана факультета журналистики Казанского университета Флорида Агзамова 11 февраля 2016 г., г. Казань 215 стр.

УДК 81,1

МАДИЕВА ГУЛЬМИРА,
Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының докторы, профессор,
E-mail: gbmadiyeva.kz@gmail.com

ЭФЕНДИЕВА УЛЬКЕР ЗАКИРҚЫЗЫ,
II курс магистранты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: ulker.efendiyeva@list.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ СӨЗДЕРДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР (ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ)

Түйіндеме: Түркі тілдерін фонетикалық тұрғыдан салыстыру көптеген ғалымдардың зерттеген нысаны болғанымен ол өте ауқымды тақырып. Осы салада әлі де зерттелінетін, ашылатын нәрселер баршылық. Әсіресе, түркологияға ғылым ретінде үлкен мән берілген күнімізде осы тақырып өте актуалды тақырып болып табылады. Ұсынылып отырған мақалада зерттеген ғалымдардың пікірлері бойынша түркі тілдерінде фонетикалық жалпы талдау жасалып, айырмашылықтары көрсетілген.
Түйін сөздер: түркі тілдері, сөз, фонетика, әріп, дыбыс.

МАДИЕВА ГУЛЬМИРА,
Научный руководитель: доктор филологических наук, профессор
E-mail: gbmadiyeva.kz@gmail.com

ЭФЕНДИЕВА УЛЬКЕР ЗАКИРОВНА,
Магистрант II курса,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан
E-mail: ulker.efendiyeva@list.ru

ФОНЕТИЧЕСКИЕ РАЗЛИЧИЯ В ОБЩИХ СЛОВАХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ (ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЯ)

Резюме: Несмотря на то, что сопоставление фонетики тюркских языков является предметом исследования многих ученых, она остается привлекательной обширной темой. В этой области еще многое предстоит изучить и открыть. Эта тема особенно актуальна сегодня, когда тюркологии как науке придается большое значение. В предлагаемой вниманию статье выполнен общий фонетический анализ тюркских языков и определены их различия.
Ключевые слова: тюркские языки, слова, фонетика, буквы, звуки.

MADIYEVA GULMIRA,
Superviser: Doctor of Philological Sciences, Professor,
E-mail: gbmadiyeva.kz@gmail.com

AFANDIYEVA ULKAR ZAKIRKYZY,
Master student of the second course,
Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: ulker.efendiyeva@list.ru

PHONETIC DIFFERENCES IN COMMON WORDS IN TURKISH LANGUAGES (REVIEW OF RESEARCH)

Abstract: Ignoring the fact that the phonetic comparison of Turkic languages is the subject of research of many scholars, it remains an interesting extensive topic. There is still a lot to study and open in this area. This topic is especially relevant today, when Turkology as a science is of great importance. In the proposed

attention to the article performed a general phonetic analysis of the Turkic languages and defined their differences.

Key words: *the Turkic languages, the word, phonetics, letter, sound.*

КІРІСПЕ

Біз «тіл» деп атайтын ұғым, мүмкін, біртұтас тіл формасынан дамып, бүгінгі сөйлейтін мыңдаған тілдерге айналған. Тілдің әлеуметтік дифференциациясы ежелгі заманнан бері адамдарды әрдайым ойландырады. Түркі тілдері де тарихта ұзақ жолды жүріп өтіп әртүрлі ішкі және сыртқы себептерге байланысты диалектілерге бөлінді. Бұл тілдердің дифференциациясына себеп болған географияның өзгеруі, діннің өзгеруі, үкіметтің ауысуы, табиғи апаттар сияқты факторлар бар.

Әрине, бірінші фактор – түркі халықтарының кең аумаққа таралуы. Түркітілдес халықтардың тайпалық бірлестіктер түрінде Шығыс Сібірден Балтық теңізіне дейін созылған үлкен аумақта өмір сүргені белгілі. Жылдар бойынша түркі халықтарының өмір салтын көрсететін әлеуметтік-психологиялық ахуал, мәдени орта және әр түрлі жағдайлар олардың тіліне де әсер етті. Көне тарихта қолданылған «түрк» сөзі қазіргі кезде жаңа мазмұнға ие болған. Егер «түрк» атауы тек ертедегі «түрк будыны» тіркесінде ғана қолданса, бүгінде «түркі» этнонимі түркі тілдес халықтардың, ру-тайпалардың бәріне бірдей өкілеттік жасайтын жалпы термінге айналды *[Қайдаров Әбдуәли. Түркітануға кіріспе, 2004. 6 б.]*. Әрине, «түрк» атауының түркі халықтарын, сондай-ақ тілдерін қашан біріктіргендігі туралы дауласуға болады, бірақ түркілердің ең ежелгі дәуірден бастап (қалыптасу дифференциациясы кезеңі) ортақ тілді қолданғанына ешқандай қарсылық болмауы керек.

Екінші фактор – 7-ші ғасырда Исламның пайда болуы және түркі халықтардың кейбірінің Исламды қабылдауы үдерісі кезінде түркі тілдерінде тағы да үлкен айырмашылықтар пайда болғаны.

Үшінші фактор – түркі халықтарының басқа халықтармен интеграция үдерісі, осы үдеріс кезінде басқа тілдерден түркі тілдеріне, түркі тілдеріннен де басқа тілдерге өткен сөздер.

Төртінше фактор – басқа дәулеттердің түркі жерлерін басып алуы. Осылайша көп факторлар мысал келтіруге болады.

Сонымен, түркі тайпалардың бәрінің бірдей қолданған ортақ түркі тілі ғасырлар бойынша дамып, бір-бірінен фонетикасымен, сөздік қорымен ерекшеленген көптеген диалектерге бөлінді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түрік тілінің ерте орта ғасырлардан бастап диалектілерге, орта ғасырдың аяғы мен жаңа кезеңнің басында тәуелсіз тілдерге бөлінуі сөздік қорындағы фонетикалық айырмашылықтарға әкелді *[Qəribli Aysel. Türk dili, türk ləhcələri və türk dilləri anlayışlarının genotipologiyası. 2018. 5 б.]*. Осыдан кейін көптеген ғалымдар түркі диалектілерін зерттеп, оларды топтарға бөлді.

Махмуд Қашқари тарихта тұңғыш рет 1072 жылы түркі диалектілері мен тайпалары туралы зерттеулер жүргізіп, өзінің Дивани-лұғат-ит-түрік кітабында оларды Шығыс және Батыс деп екі топқа бөлді. Махмуд Қашқари бұл классификацияға шығыс тобына қағани, кашқар, яғма, арғу, тухси және ұйғыр диалектілерін жатқызады; ол батыс тобында оғыз, қырғыз, қыпшақ, печенек және болгар диалектілерін көрсетті.

Түркі тілдерін тілдік (фонетикалық, морфологиялық) тұрғыдан топтастыру – классификациялау, сөйтіп, әрбір тілдің түркі тілдері құрамындағы орнын айқындау М. Қашқаридан басталады десек те, классикалық тіл білімі түркі тілдерін ғылыми негізге сүйеніп топтастырудың тарихын XIX ғасырдан бастайды. Ең маңызды жіктемелер Вильгельм Радловқа, Самойловичке, Н.А. Баскаковқа және Рашид Рахмати Аратаға жатады. Түркі диалектілерін жіктеуде, ең алдымен, тілдік ерекшеліктер ескерілді (фонетикалық классификация). Тіл ерекшеліктерінің ішінде алдымен фонемалардың немесе әріптердің, дауысты дыбыстардың, содан кейін белгілі бір дәрежеде жұрнақтардың ерекшеліктері, үшіншіден, сөздер ескеріледі *[Heyət Cavad. Türk dilləri və ləhcələrinin tarixi, 2-ci kitab. 2011. 5 б.]*.

И.А. Батманов қырғыз әдеби тілін қазақ және өзбек тілдерінен аумағы жағынан ажыратуға тырысқан: 1) дифтонгтардың ұзын дауысты дыбыстармен ауысуы (*тав* > *тоо*); 2) вокализм жүйесі (сегіз қысқа фонема: *а, е, о, о, і, ы, и, у;* алты ұзын: *аа, ее, оо, оо, ии, уу*); 3) кең дауыстылардың лабия-сингармоникалық кезектесуі; 4) *л* және *д* қосымшалары *н*-ге өзгермейді; *h* фонемасы жоқ; 5) қырғыз, өзбек. *ч* ~ қазақ. *ш* дауысына өзгеруі (қырғызша *чач*, өзбекше *чоч*, қазақша *шаш*); 6) қырғыз, өзбекше *ш* ~ қазақша с (*таш* ~ *тас*) *[Батманов И.А. Северные диалекты киргизского языка, 1938. 11-13 б.]*.

В.А. Богородицкий барлық түркі тілдерін жеті топқа бөледі: 1) Солтүстік-шығыс, 2) Хакастар (Абакан), 3) Алтай, 4) Батыс Сібір, 5) Еділ-Жайық, 6) Орта Азия, 7) Оңтүстік-Батыс.

В.А. Богородицкий якут, карагас және тува тілдерін солтүстік-шығыс тобына қосады. Якут тіліне тән ерекшеліктер бастапқы *с*-ны жоғалту және кеңейіп жатқан дифтонгтардың дамуы. В.А. Богородицкий *й* >*ч* және *ч* > *ш* әріптерінің өзгеруін тува, қарақас және хакас тілдеріне тән белгі деп санайды. Якуттар, қарагастар, хакастар мен тувалықтардың арасындағы байланыс бұл классификациямен түсініксіз болып қалады. Ғалым ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек және қарақалпақ тілдерін Орта Азия тілдері тобына жіктейді. Бұл топтағы

тілдерді біріктіретін нәрсе В.А. Богородицкийдің жұмысында мүлдем түсініксіз болып қалады.

Оңтүстік-батыс немесе оңтүстік түркі тілдерінің тобына түркімен, әзірбайжан, құмық, гагауз және түрік тілдері кіреді. Чуваш тілінің осы топпен бірқатар ұқсастықтары бар екендігі көрсетілген. *[Богородицкий В.А.,1953. 10-16 б.]*

В.В. Радлов түркі тілдерінің төрт тобын анықтады - 1) шығыс, 2) батыс, 3) ортаазиялық және 4) оңтүстік. Шығыс топқа Алтай, Бараба, Енисей түріктері мен Чулым татарларының, сондай-ақ қарақас, хакас, шор және тувин тілдерін кіргізеді. В.В. Радлов батыс топқа Батыс Сібір, қырғыз, қазақ, башқұрт, татар және шартты түрде қарақалпақ татарларының диалектілерін жатқызды; Орталық Азия тобына – ұйғыр және өзбек тілдері; оңтүстігінде – түрікмен, әзірбайжан, түрік тілдері және қырым татар тілінің кейбір оңтүстік жағалау диалектілері.

В.В. Радловтың жіктеуге негіз болған нақты фонетикалық белгілері де жеткілікті толықтығымен ерекшеленбейді. Мысалы, батыс тобы тілдеріне тән белгілер – сөздің басында қатан дауыссыз *к, т* дыбыстарының болуы (күн-гүн (оңтүстік тобында), сөздің басында *п* дауыссыз дыбысының аз болуы, сөздің басында *с, з* және *ш* дыбыстарын барлық позицияларда болуы және т.б. *[Radloff W. Phonetik der nördlichen Türksprachen. 1882. 280, 281, 290 б.]* Бұл ғалымның фонетикалық ерекшеліктері жеткілікті айқын емес. Мысалы, батыс тобы тілдерінің айрықша белгісі ретінде ұсынылған сөздің басында дауысты *б* болуының (баш (қаз.бас) – паш) бірдей деңгейде оңтүстік және ортаазиялық топтардың ерекшелігі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Өз кезегінде Н.А. Баскаков түркі тілдерін тарихи шығу тегімен тілдік материалдары бойынша екі үлкен салаға – батыс және шығыс ғұн тармақтарына бөледі. Ол, батыс ғұн тармағының оғыз-селжұқ тіл тобына әзірбайжан, түрік, ал қыпшақ-ноғай тіл тобына ноғай, қазақ, қарақалпақ тілдерін кіргізеді. Н.А. Баскаковтың жіктелуін қарастырғанда біз тілдік топтардың әр түрлі тілдік ерекшеліктеріне назар аударамыз. Түрік тілдерінің Батыс хун тармағы Н.А. Баскаковтың көзқарасы бойынша келесі ерекшеліктерімен сипатталады: 1) ежелгі *з, д, т* дыбыстарын *й* дыбысына ауысуы, мысалы: айак (адак / азак / атах 'нога') 2) ұяң және қатаң дауыссыздардың дифференциациясының үлкен дәрежесі: *б ~ п, к ~ г, с ~ з, д ~ т* және т.б. сараланған дауыссыз фонемалардың болуы; 3) негізгі сөздік қорында араб және парсы тілдерінен енген сөздердің көп, ал моңғол тілінен енген сөздердің аз болуы. *[Баскаков Н.А., 1969. 230 б.]*

Қыпшақ-ноғай тіл тобына кірген қазақ тіліндегі *ж*-ның басқа түркі тілдеріне қарағанда, өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ тілінің қыпшақ-ноғай тобына жататын басқа тілдерден фонетикалық ерекшеліктерінің бірі ретінде Н.А. Баскаков: «Преимущественное употребление *ж* в начале слов из чередующихся *й/ж,* например: «жол» (вместо йол или жол в каракалпакском и ногайском языках) – «дорога» и т.д.» – дейді. *[Баскаков Н.А., 1969. 24 б.]*

Біз осыларды Г.Қ. Қортабаеваның жазғандары бойынша да көреміз:

1. Басқа түркі тілдерінде сөз басында *й* келетін орында қазақтар *ж* дыбысын қолданады: йол-жол, йыл-жыл, йаз-жаз, т.б.

2. Басқа түркі тілдерінде *б, ғ, г* келетін орындарда *у, к, қ* дыбыстарын қолданады: аба-ауа, таг-тау, гырмызы-қырмызы, гелді-келді т.б.

3. Басқа түркі тілдерінде *ш* дыбысы келетін біраз сөздерде *с* дыбысын қолданады: баш-бас, таш-тас т.б.

4. Басқа түркі тілдерінде *-лар* қосымшасы дыбыс үндестігіне сәйкесті өзгермесе, қазақ тілінде өзгереді: маллар-малдар, атлар-аттар т.б.

5. Басқа түркі тілдерінде сұрау есімдігінде *н* дыбысын қолданса, қазақ тілінде *й* қолданылады: қанда ~ қайда, т.б.

6. Қазақ тілінде созылыңқы дауысты дыбыстар жоқ. *[Қордабаева Г.Қ., 2016. 29-30 б.]*

Біз осы айырмашылықтарға әзірбайжан және қазақ тілдерінде талдау жасап, келесі алмасуларды көре аламыз. Мысалы, әзірбайжан тілінде *daş* [даш] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 543 б.]* – қазақшада *тас [қазақ әдебі тілінің сөздігі, 14-ші том, 17 б.]* болады. Осы сөздерде *д-т*, *ш-с* алмасып тұр. Әзірбайжан тілінде *uç*(maq) [уч(маг)] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 394 б.]* – қазақшада *ұш*(у) болады. Осы сөздерде *ч-ш* алмасуын көруге болады. Әзірбайжан тілінде *oxşa*(maq) [охша(маг)] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 3-cü cild, 517 б.]* – қазақшада *ұқса*(у) *[қазақ әдебі тілінің сөздігі, 14-ші том, 700 б.]* болады. Осы сөздерде бір неше әріптің алмасуын көреміз: *У* әрпінің *о*, *қ* әрпінің *х*, *с* әрпінің *ш* әрпіне алмасуы. Әзірбайжан тілінде *saç* [сач] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 8 б.]* – қазақшада *шаш [қазақ әдебі тілінің сөздігі, 15-ші том, 294 б.]* болады. Осы сөздерде де *с-ш*, *ч-ш* алмасып тұр.

Зерттеу бойынша оғыз тілдерінің тобына кірген әзірбайжан тілінде және оның барлық диалектілерінің көлемінде фонетиканың барлық деңгейлерінде оғыздың да, қыпшақтың да ерекшеліктері болғанын анықталды. Мысалы, әзірбайжан тілінде *мен/сен* есімшесінің барыс септік формасы әдеби тілде *мәнә/сәнә* түрінде болса да азербайжан тілінің батыс диалектілерінде *мана/сана* түрінде қолданылады *[Məmmədağa Şirəliyev. Azərbaycan dialektologiyasının əsasları. –Bakı, 2008. 73 б.]* Оғыз тобына кірген түрік тілінде әдеби тілде *бана/сана* деп айтылады. *[Türkçe sözlük. Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın. Ankara 2005, 196 б.]*. Ал әзірбайжан тілінің шығыс және оңтүстік-батыс диалектілерінде *маға/саға* түрінде қолданылады *[Məmmədağa Şirəliyev. Azərbaycan*

dialektologiyasının əsasları. –Bakı, 2008. 22 б.]. Бұның қыпшақ тобына кірген қазақ тілінде қолданылатын *маған/саған* септігіне жақын форма болғанын көре аламыз.

Түркі тілдерде бір дыбыстын басқа дыбыспен алмастырылатыны белгілі. *Б* дыбысының *м* дыбысымен алмастырылуы үдерісі көп емес. Түркі тілдерде *б/м* алмасуы негізінен қыпшақ тілдерінде көп көрінеді. Ногай тілінде *мойын*, *муйуз*, *мына*, *мында [Баскаков Н.А., 1940. 255 б.]*.

Қазақ және әзірбайжан тілдерінде де *б-м* алмасуыны көре аламыз. Казак және әзірбайжан тілдерінің түсіндірме сөздіктері бойынша сол сөздерді зерттедік. Мысалы, әзірбайжан тілінде *байрам [Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 251 б.]* қазақ тілінде *мейрам [қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 11-ші том, 157 б.]*, әзірбайжан тілінде *бойун [Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 342 б.]* қазақ тілінде *мойын [қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 11-ші том, 258 б.]*, әзірбайжан тілінде *бейин [Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 259 б.]*, қазақ тілінде *ми [қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 11-ші том, 219 б.]*, әзірбайжан тілінде *буз [Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 367 б.]*, қазақ тілінде *мұз [қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 11-ші том, 324 б.]* болады.

Б дыбысының *м* дыбысымен алмастырылуы үдерісі түркі тілдерінің көне ескерткіштерінде де көрінеді. М. Қашғарида *міз* «біз» *[Kaşğari Mahmud. Divanü-lüğat-it-türk tercümesi, çeviren Besim Atalay, cilt 1. – Ankara 1939. 327-14 б.]*, *мүнғүз* «мүйіз» *[Kaşğari Mahmud. Divanü-lüğat-it-türk tercümesi, çeviren Besim Atalay, cilt 1. – Ankara 1939. 504-4 б.]* осы мысалдарды көрсете аламыз.

Д-т алмасуы негізінен қыпшақ тобына кірген түркі тілдерінде көрініс табады. Мысалы, қыпшақ түркі тілдерінде *т* әрпімен басталған сөздер оғыз тобына кірген әзірбайжан тілінде *д* әрпіне өзгереді. *[Məmmədağa Şirəliyev. Azərbaycan dialektologiyasının əsasları. –Bakı, 2008. 77 б.]*

Қазақ	Қырғыз	Татар	Әзірбайжан
Тіс	Тіш	Теш	Діш
Тау	Тоо	Тау	Дағ
Тіл	Тіл	Тел	Діл
Тас	Таш	Таш	Даш
Тізе	Тез	Тез	Діз
Түсу	Тошу	Төшу	Дүшмәк

Зерттеу барысында *д-т* алмасуы үдерісіні оғыз тілдері тобына кірген түркі тілдері арасында да ерекшеленгенін көрдік. Мысалы, түрікшеде «д» әрпімен басталған кейбір сөздер әзірбайжан тілінде «т» әрпімен басталады, кейде керісінше болады.

Қазақ тілінде *төг*(у) *[Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 14-ші том, 329 б.]* етістігі әзірбайжан тілінде *tök*(mək) [төк(мәк)] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 366 б.]*, қазақ тілінде *тік*(у) *[Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 14-ші том, 593 б.]* етістігі әзірбайжан тілінде *tik*(mək) [тік(мәк)] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 342 б.]* болып т әрпімен басталса, түрік тілінде *dök*(mek) [дөк(мек)] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 564 б.]*, *dik*(mek) [дік(мек)] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 525 б.]* болып *д* әрпіне ауысады.

Қазақ тілінде *тара*(у) *[Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 13-ші том, 721 б.]* етістігі түрікшеде *tara*(mak) [тара(мак)] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 1906 б.]*, қазақша *тас*(у) *[Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 14-ші том, 17 б.]* түрікшеде *taşı(mak)* [ташы(мак)] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 1915 б.]*, болып *т* әрпімен басталса, әзірбайжан тілінде *dara*(maq) [дара(маг)] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 536 б.]*, *daşı*(maq) [дашы(маг)] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 546 б.]* болып *д* әрпіне ауысады. Осы сөздерде қазақшада *с* әрпінің әзірбайжан тілінде және түрікшеде *ш* әрпіне ауысуы үдерісін байқауға болады.

Д дауысының *ч* дауысына алмасуы қазіргі түркі тілдеріннен уйғыр тілінде сақталған. Міcалы, *чиш*, *чүшмәк*, *чиши [Русско уйгурский словарь, 411, 807, 1138 б.]*. Осы үдеріс басқа түркі тілдерінде көп көрілмеген.

Осы айырмашалықтармен қатар түркі тілдеріне басқа халықтардың әсері нәтижесінде де айырмашылықтар пайда болған. Бұл әсерлер деген кезде нені түсінеміз? Біріншіден, әрине, кірме сөздері. Бұл сөздер түркі тілдерінің ортақ қорына үлкен әсер етіп, жалпы түркі сөздерінің орнына басқа тілдерден енген сөздер оралып, тілде үлкен айырмашылықтар туғызды. Екіншіден, фонетикалық құрылымындағы айырмашылықтардың пайда болуы.

Қазір араб тілінен алынған сөздер көптеген

түркі тілдерінде қолданылғанымен, кейбір фонетикалық айырмашылықтар, тіпті, мұндай сөздерде де пайда болды. Кейбір кірме сөздердегі фонетикалық айырмашылықтарды да зерттедік.

Мысалы, қазақ тіліндегі *пайда [Қазақ әдебі мілінің сөздігі, Алматы 2014. 12-ші том, 270 б.]* сөзі арап тіліннен кірме сөз және осы сөз әзірбайжан тілінде *fayda* [файда] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 175 б.]*, арап тілінде فائدة [фәидә] *[Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012, 158 б.]* түрінде қолданылады. Қазақ тілінде *ғылым [Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 4-ші том, 417 б.]* сөзі әзірбайжан тілінде *elm* [елм] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 23 б.]*, арап тілінде علم [илм] *[Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012, 136 б.]*, қазақ тілінде *ғалым [Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 4-ші том, 390 б.]* сөзі әзірбайжан тілінде *alim* [а:лим] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, 101 б.]*, арап тілінде عالم [а:лим] *[Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012, 26 б.]*, қазақ тілінде *ауа [Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 2-ші том, 141 б.]* сөзі әзірбайжан тілінде *hava* [hава] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 334 б.]*, араб тілінде هواء [hава] [Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012, 185 б.], қазақ тілінде *қате [Қазақ әдебі тілінің сөздігі, Алматы 2014. 9-ші том, 454 б.]* сөзі әзірбайжан тілінде *xəta* [хәта] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 450 б.]*, араб тілінде خطأ [хата] *[Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012, 205 б.]*, қазақ тілінде *нәнсі [Қазақ әдебі мілінің сөздігі, Алматы 2014. 11-ші том, 511 б.]* сөзі әзірбайжан тілінде *nəfs* [нәфс] *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 3-cü cild, 474 б.]*, араб тілінде نفس [нәфс] *[Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012, 344 б.]* түрінде қолданылады. Араб тіліннен енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қарай өзгерген күйінде айтылуынша жазылса, әзірбайжан тілінде негізгі түрінде, немесе негізгі түріне жақын формада, яғни, араб тілінде болғандай сақталған.

Түркі тілдерінде айырмашылықтардың үлкен бөлігі табиғи факторлардың негізінде пайда болса, кейбір айырмашылықтар әдейі түрде жасалған. Осындай фактіні «табиғи емес айырмашылықтар» деп атауды жөн көрдік. Осы айырмашылықтарды әзірбайжан түркішесінде зерттеп көрдік.

1937 жылы Кеңес үкіметі әзірбайжан тілінде тілдік реформалар жүргізу арқылы тілге өзгерістер енгізіп, әзірбайжан тілінің жалпы түркі заңдарын бұзды. Осы реформалардың нәтижесінде әзірбайжан түркішесінде кейбір сөздерде үндестік заңы бұзылып, сонымен бірге кейбір сөздердің фонетикалық құрылымы өзгертілген. Фонетикалық тұрғыдан өзгертілген кейбір сөздерді әзірбайжан тілінің өз тобыннан, яғни, оғыз тобыннан болған түркия түркішесімен салыстыра отырып қандай өзгерістер болғанын көрейік.

Әзірбайжан тілінде өзгертіліп болған *ışıq* [ишыг] (жарық) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 597 б.]* түркішеде *ışık* [ышык] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 918 б.]*, *ilan* [илан] (жылан) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 526 б.]* түркішеде *yılan* [йылан] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2179 б.]*, *ildırım* [илдырым] (найзағай) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 527 б.]* түркішеде *yıldırım* [йылдырым] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2187 б.]* түрінде қолданылады. *Ышык* сөзіндегі бастапқы *ы* әрпі өзгертіліп *и*, *йылан*, *йылдырым* сөздеріндегі бастапқы *й* әрпі түсіп, *й* әрпіннен кейін келген *ы* әрпі тағы да *и* әрпіне өзгертілген. Көрініп жатғандай әзірбайжан тілінде осы сөздерде үндестік заны бұзылған.

Ulduz [улдуз] (жұлдыз) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 401 б.]* сөзі түркішеде *yıldız* [йылдыз] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2180 б.]*. «Улдуз» сөзіне қарасақ онын үзбек тілінде *йулдуз [Карманный русско узбекский словар, Самарканд 1899, И.А. Бвлобородова, 16 б.]* түрінде болғанын дәліл келтіреміз. *Йулдуз* сөзінің бастапқы *й* әрпінің әзірбайжан тілінде түсіп *улдуз* түріне өзгертілгенің ойлаймыз. *Ürək* [үрәк] (жүрек) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 428 б.]* түркішеде *yürek* [йүрек] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2208 б.]*, *üz* [үз] (жүз, бет) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 444 б.]* түркішеде *yüz* [йүз] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2212 б.]*, *igid* [игид] (жигит) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-ci cild, 508 б.]* түркішеде *yiğit* [йиғит] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2184 б.]* түрінде қолданылады. Әзірбайжан тілінде осы сөздердің бәрінде бастапқы й әрпі түсірілген.

Torpaq [торпаг] (топырақ, жер) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 359 б.]* түркішеде *toprak* [топрак] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 1195 б.]*, *yarpaq* [йарпаг] (жапырақ) *[Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, 545 б.]* түркішеде *yaprak* [йапрак] *[Türkçe sözlük, Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın, Ankara 2005, 2130 б.]* түрінде қолданылады. Осы сөздерде *п* және *р* әріптерінің орны ауыстырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезде якут және чуваш тілдерінен басқа бір-бірінің тілін түсінетін 26-дан астам түркі тілдері бар. Оның 20-сының жазуы және жазбаша әдебиеті бар. Сондықтан, саяси емес, ғылыми тұрғыдан алғанда олардың барлығы бір тілдің әр түрлі диалектілері болып саналады және мыналардан тұрады: 1. Қазақ түркішесі. 2. Әзірбайжан

түрікшесі. 3. Түркімен түрікшесі. 4. Қырым татар түрікшесі. 5. Гагауз түрікшесі. 6. Қарашай түрікшесі. 7. Балқар түрікшесі. 8. Құмық (Дағыстан) түрікшесі. 9. Ноғай түрікшесі. 10. Қазан түрікшесі. 11. Башқұрт түрікшесі. 12. Түрікше. 13. Қарақалпақ түрікшесі. 14. Қырғыз түрікшесі. 15. Өзбек түрікшесі. 16. Жаңа ұйғыр түрікшесі. 17. Сан-ұйғыр түрікшесі. 18. Алтай түрікшесі. 19. Хакастар немесе Абакан немесе Енисей түріктерінің түрікшесі. 20. Тува (Саян) түрікшесі. 21. Шор түрікшесі. 22. Чулум немесе Чулым түрікшесі. 23. Барабин түрікшесі. 24. Салар түрікшесі. 25. Туфа немесе қарағас түрікшесі. 26. Карайым түрікшесі *[Cavad Heyət, Türk dilləri və ləhcələrinin tarixi, 2-ci kitab. 10 б.]*

Ғылыми зерттеу барысында түркі халықтарының кең аумаққа таралуы, олардың әр түрлі топтарға бөлінуі, исламның әсері нәтижесінде түркі тілдерінде айырмашылықтардан кейбіреулерін табиғи түрде пайда болғаны белгілі болды. Осы табиғи түрде пайда болған айырмашылықтар туралы ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізген. Осы айырмашылықтардан кейбіреуін қазақ және әзірбайжан тілдерінде зерттедік. Араб тіліннен енген сөздердің де әзірбайжан және қазақ тілдерінде фонетикалық айырмашықтары анықталды. Басқа жағынан, түркі емес империялардың мақсатты ықпалынан туындайтын, айтуымызша «табиғи емес айырмашылықтар» және бұл айырмашылықтардың қай түркі тілдерінде қандай түрде өзгертілгені ғалымдар тарапыннан зерттелмеген. Зерттеумізден әзербайжан тіліндегі кейбір сөздердің фонетикалық құрылымын әдейі түрде өзгертілгені белгілі болды. Сол сөздердің кейбіреуін басқа түркі тілдеріндегі баламаларымен салыстыру арқылы өзгерістерді ашуға тырыстық. Сонымен қатар, өз зерттеумізде тарихи фактілерге сүйендік. Тақырыпты біраз зерттегенімізбен, ол әлі талқылауға және зерттеуге ашық. Түркі тілдерін бір-бірімен салыстыру қайтадан тарихи факторларға сүйене отыра жүргізіліп, «табиғи емес айырмашылықтардың» да терең зерттелуі және түркі тілдеріне келтірілген эрозияның түзетілуі керек. Бұл үшін түркі тілдерінің өзіндік кең базасымен мүмкіндіктері бар. Түркі тілдерінің сөздік қорындағы табиғи емес фонетикалық эрозиялар қазіргі кезде түркологияның басты тақырыптарының бірі болуы керек. Атап айтқанда, бірді тарихи кезеңді бастан өткерген түркі халықтарының әрқайсысында бірдей сыртқы факторлардың әсеріне жалпы зерттеу жүргізуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Батманов И.А. Северные диалекты киргизского языка, вып. 1. – Фрунзе, 1938. Бет 11-13
2. Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953. Бет 10-16
3. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. Бет 230; 24
4. Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. – Москва-Ленинград, 1940. Бет 255
5. Карманный русско узбекский словар. – Самарканд 1899. Бет 16
6. Қайдаров Әбдуәли. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004. Бет 6
7. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 2-ші том. Бет 141
8. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 4-ші том. Бет 417, 370
9. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 9-ші том. Бет 454
10. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 11-ші том. Бет 157, 219, 258, 324
11. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 12-ші том. Бет 270
12. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 13-ші том. Бет 721
13. Қазақ әдебі тілінің сөздігі. 14-ші том. Бет 17, 329, 511, 593
14. Қордабаева Г.Қ. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2016. Бет 29-30
15. Русско-уйгурский словарь. – Москва, 1956. Бет 411, 807, 1138
16. Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 1-ci cild, Bakı 2006. Бет 101, 251, 259, 342, 367, 536, 546
17. Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2-cü cild, Bakı 2006. Бет 23, 175, 344, 450, 508, 526, 527, 597
18. Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 3-cü cild, Bakı 2006. Бет 474
19. Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 4-cü cild, Bakı 2006. Бет 342, 359, 366, 401, 428, 444, 545
20. Azərbaycan-ərəbcə lüğət, V.M.Məmmədəliyev, V.A.Qaradağlı, T.P.Məlikov. Bakı 2012. Бет 26, 136, 158, 185, 205, 344
21. Heyət Cavad. Türk dilləri və ləhcələrinin tarixi, 2-ci kitab. – Bakı, 2011. Бет 5, 10
22. Kaşğari Mahmud. Divanü-lüğat-it-türk tercümesi, çeviren Besim Atalay, cilt 1. – Ankara 1939. Бет 327-14; 504-4
23. Məmmədağa Şirəliyev. Azərbaycan dialektologiyasının əsasları. –Bakı, 2008. Бет 22; 73; 77
24. Qəribli Aysel. Türk dili, türk ləhcələri və türk dilləri anlayışlarının genotipologiyası. – Bakı, 2018. Бет 5
25. Radloff W. Phonetik der nördlichen Türksprachen. – Leipzig, 1882. Бет 280, 281, 290
26. Türkçe sözlük. Ş. H. Akalın, R. Toparlı, N. Gözaydın. Ankara 2005, Бет 525, 564, 918, 1195, 1906, 1915, 2130, 2179, 2180, 2184, 2187, 2208, 2212

UDC 81’362

МУСАЕВА КУЛИЯ СУЛТАНХАНОВНА,
аға оқытушы,
Жалпы академиялық ағылшын тілі кафедрасы,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
E-mail: musaeva.k.s@mail.ru

МАЙЛЫҚАРАЕВА ПЕРУЗА ИСАХАНҚЫЗЫ,
аға оқытушы,
Жалпы академиялық ағылшын тілі кафедрасы,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
E-mail: peruza.65@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ ОЙЛАУ РЕТІ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Қазіргі таңда өркениетті ел ретінде көптеген шет елдермен қарым-қатынасымыз күннен күнге нығайып, беделіміз артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды жақсартуды, оны терең меңгертуді талап етеді. Ал, оқытуды жақсарту дегеніміз - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Солардың бірі –бүгінгі білім берудің негізгі міндеті болып отырған мәселе - ойлау дағдысы, яғни шет ел тілінде өз ой-пікірін, көзқарасын, тұжырымдамасын айта алу қабілеті. Сондықтан оқушылардың тілді толық дәрежеде меңгеруі үшін оның сол тілге деген мотивациясын арттырумыз керек.

Кілт сөздер: ойлау дағдылары, жоғары ойлау дағдысы, Блум таксономиясы, сұрақ-жауап әдісі, кейс стади әдісі.

Резюме. Сегодня, как цивилизованная страна, укрепляются наши отношения со многими зарубежными странами и растет наша репутация. Для этого необходимо улучшить преподавание иностранного языка, углубить его. Однако известно, что в изучении иностранного языка возникает много сложностей. Одна из них является главной задачей современного образования - умение мыслить, то есть умение выражать свои мысли, взгляды и концепции на иностранном языке. Следовательно, чтобы студенты могли полностью овладеть языком, нам необходимо повысить их мотивацию к этому языку. В данной статье мы рассмотрим факторы, развивающие высшие навыки мышления студентов.

Ключевые слова: навыки мышления, высшие навыки мышления, таксономия Блума, метод «вопрос-ответ», метод «кейс стади».

Summary. Today, as a civilized country, our relations with many foreign countries are strengthening and our reputation is growing. For this, it is necessary to improve the teaching of a foreign language, to deepen it. However, it is known that many difficulties arise in the study of a foreign language. One of them is the main task of modern education - the ability to think, that is, the ability to express one’s thoughts, views and concepts in a foreign language. Therefore, for students to be able to fully master the language, we need to increase their motivation to think in that language. In this article, we deal with the factors that develop students’ higher thinking skills.

Key words: thinking skills, higher order thinking skills (HOT), Bloom’s taxonomy, “question-answer” method, “Case-study” method.

Оқушылардың дамуына көмектесетін ең күрделі үдерісі – ойлау болып саналады. Сол себептен, барлық білім беру орындарында оқытуды үнемі жандандарып отыру талабы қойылады. Ол дегеніміз – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын артырып, оларды дербес ойлауға баулу, шығармашылық белсенділігін арттыра отырып білімін тәжірибе жүзінде қолдана алу шеберлігін қалыптастыру. Оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыру, яғни оларды өмірде болып жатқан жағдайларға болжам жасап, баға беруге дағдыландыру. Мұндай оқу бағытында мұғалімнің аталмыш мақсаттарға жетуіне сабақтың мазмұны, оқу мақсатының жүйелілігі, оқыту әдістері мен қажетті құралдары әсер етеді [Блум Б.С., 1994, 14 б.].

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту - бұл оқушылардың бойында ең алдымен айналада болып жатқан кез-келген мәселені өз бетінше көру және қалыптастыру мүмкіндігі; мәліметтерді жинақтап, талдап, өңдеу тәсілін ұсыну не шішім қабылдау; сол мәселе бойынша қорытынды жасау және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдана алатынын көру қабілеті. Сонымен бірге, оқушылардың ойлау қабілеті олардың жалпы проблеманы пайымдай алуынан, проблеманы шешудің барлық аспектілері мен кезеңдерін анықтай алу дағдысынан көрінеді. Оқушы топ-

пен жұмыс жасағанда проблеманы шешудегі өз рөлін нақты білуі маңызды [Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Мусвавинская И.В., 2003, 12 б.].

Оқушылардың ойлау дағдысын дамытуда мұғалім білімді дайын күйде бермейді. Мұғалім оқушыларға оларды шешудің жолдары мен құралдарын іздеуге түрткі бола отырып, алдарына проблемалық міндеттер қояды.

Оқушылар арасында жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыруда ең танымал ойлау үлгісі Блум Таксономиясы болып табылады, ол ең төменнен ең озық деңгейге дейін құрылымдалған алты ойлау дағдыларын қамтиды. Төмен ойлау реті дағдысына Блум таксономиясының білу және түсіну деңгейі, ал жоғары ойлау реті дағдысына қолдану, талдау, синтез және бағалау деңгейлері сәйкес келеді [Schraw G., Mccrudden M.T., Lehman S., & Hoffman B., 2011, p. 50].

Жоғары деңгейде ойлау дағдысы - ақпаратты саралау, сұрақ қоя білу, пікірталас жүргізе алу, өз іс-әрекетінің нәтижесін бағалай алу және мәселенің шығу себебін анықтай алу қабілеті.

Сабақтың жалпы оқу мақсатынан басқа әр деңгейге мақсат пен күтілетін нәтиже, сондай-ақ, әр деңгейдің тапсырмасына критерийлер мен дескрипторлар қойылады. Бұл оқушының әр деңгейде белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп, білім деңгейін бақылап отыру үшін қажет. Мысалы, ағылшын тілі сабағын жоспарлағанда білу деңгейінде тақырыпты оқушылардың өзі анықтау мақсатында түрткі болатындай тапсырмалар не жауабын мәтіннен таба алатын сұрақтар беруге болады. Одан әрі оқушы танып, білгенін, тақырыптың мазмұнын түсіну мақсатында Блум таксономиясының түсіну деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды. Түсіну деңгейінде оқушы тақырып бойынша өз бетінше немесе топтасып бір тұжырымға келеді. Яғни, тақырыптың не туралы екендігін түсінеді. Оқушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін критерийлер мен дискрипторлар қойылады не критерии мен дискрипторларды құрастыруды бірінші оқушылардың өзіне де ұсынуға болады. Блум таксономиясының үшінші деңгейі қолдану**.** Ендігі кезекте, түсінген білімін күнделікті өмірмен ұштастырып, дәлелді мысалдар келтіріп, қолдану аясы туралы жазып не айтып беруі керек. Оқушы ойлану, ойын жеткізудегі тосқауылдарға кездеседі. Олар: сөздік қорының аздығы, жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығының сәйкес келмеуі. Яғни, бір бала ойын жазып жеткізсе, ал енді бірі ауызша жеткізеді. Ағылшын тілінің қазақ балалары үшін мүлдем басқа фонетика, грамматикалық ерекшелігіне байланысты дұрыс дыбыстау, ауызша сауатты жауап беру, сөздік қорды дамытуға негізделгендіктен, критериидің жоғары ұпайы сөздік қор мен ауызша жауабына қойылады.

Алғашқы білу, түсіну, қолдану деңгейлері пәндік деңгей, ал одан әрі талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерінің тапсырмалары дарынды оқушыға негізделетіні анықталған. Сабақтың талдау деңгейінде оқушылар сол күнгі алған білімдерінің тиімді, тиімсіз жақтары туралы сараптайды, ойларын дәлелдейді. Оқушы жинақтау деңгейінде алған білімін эссе жазу, ассосация, Венн диаграммасы, кластер әдісі т.б әдіс-тәсілдер арқылы жинақтап, өз көзқарасын, өз тұжырымын жасайды. Ал соңғы «бағалау» деңгейінде әдеттегісінше, оқушыны мұғалім бағаламайды, керісінше, оқушы өз жұмысының нәтижесі туралы рефлексия жасайды. Ал сабақтың нәтижесін мұғалім бағалау парағына қойылған ұпай санына байланысты анықтай алады. Сабақ соңында рефлексия жасау арқылы оқушы өз білім деңгейін анықтаса, мұғалім келесі сабағын қалай жоспарлау керектігін біле алады.

Оқушыларға жоғары ойлау деңгейін неғұрлым жақсы білуіне көмектесу қажет. Оның не екенін және олар не үшін қажет екенін түсіндіру маңызды. Оларға күшті және әлсіз тұстарын түсінуге көмектесу керек.

Оқушылардың жоғары ойлау дағдысын қалыптастырудың ең тиімді екі әдісін қарастырсақ. Бірі – сұрақ қою арқылы, екіншісі – кейс стади әдісі арқылы оқушылардың жоғары ойлау реті дағдысын дамыту.

1. Оқушылардың ойлау дағдыларының ретіне қарай сұрақтарды дұрыс қоя білу. Өйткені тиімді сұрақ қоя білу қабілеті - төмен ойлау ретінен жоғары ойлау ретіне өту баспалдағы іспеттес.

Сұрақты дұрыс қоя білетін адам қасындағыларды қызықтырып, ақпарат алатын жағдай тудырады, ақпарат берушінің сөйлеуіне ықпал ететін сұрақтар қояды. Сұрақтар арқылы адам белгісіз нәрселерді анықтайды және шешім табуға тырысады, ал, мұғалімдер дұрыс сұрақтар қою арқылы оқушының құзыреттілігін дамытуға үлес қосады. Алисон Кингтің айтуынша, «ойлануға қабілетті адам дұрыс сұрақтар қоя алады», сондықтан мұғалімдер оқушылардың сұрақтары арқылы олардың ойлау деңгейін анықтай алады [Пахтусова Е.Э., 2014, 532 б.].

Білім алу барысында оқушыларды сұрақ арқылы белсенді диалогке түсуге ынталандырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, іздену арқылы кез келген мәселені шешу жолдарын табуға үйрету қажет. Ендеше тиімді, жақсы сұрақ қоя білу дағдыларын қалыптастыру бүгінгі мектеп үшін өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Оқыту процесінде қолданылатын сұрақтар легін үлкен екі топқа жіктейміз:оқушылардың білім деңгейін анықтауға арналған демонстрациялық сұрақтар және ойлау дағдысын анықтайтын түсініктемелік сұрақтар.

Бірінші сұрақтар тобы, яғни демонстрациялық сұрақтар Блум таксономиясы бойынша білім және түсіну деңгейін анықтауға бағытталған. Мұнда алдын ала сыныпта айтылған, меңгерілген

тақырыптар бойынша оқушылар өз білімін көрсету мақсатында сұрақтарға жауап береді. Бұл сұрақтар тобына жабық сұрақтарды жатқызуға болады. Жабық сұрақтар қысқа жауапты талап ететін кім, не, қашан, неше деген сұрақтарды және ия немесе жоқ деп жауап беретін сұрақтар болып саналады. Ағылшын тілінде Yes\No questions дейміз: «Do you live in Astana? - Сен Астанада тұрасың ба?», «How many hours are there in a day? - Бір тәулікте неше сағат бар?»

Екінші сұрақтар тобы, түсініктемелік сұрақтар оқушылардың ойлау дағдыларын айқындайды. Бұл сұрақтар оқушылардан жауап беру кезінде өздерінің жеке ой-пікірлері мен көзқарастарын көрсетіп, түсініктемелер беруін талап етеді. Яғни, бұл топқа ашық сұрақтарды жатқызамыз. Ашық сұрақтар дегеніміз берілетін нақты жауабы жоқ, жауаптар саны шексіз, оқушылардан ойланып, көзқарастарын көрсете отырып жасап беруді талап ететін сұрақтар тобы. Неге? Қалай? Не үшін? Сенің ойыңша...? Сен ..... туралы не ойлайсың?, Сен.....орнында болсаң не істер едің? Неліктен бұлай болды деп ойлайсың? – сияқты сұрақтар түсініктемелік сұрақтар болып саналады. Ағылшын тілінде Wh немесе How сұрақтары делінеді. Мысалы, «What do you think about the hero's character? - Сіздің пікіріңізше, ол кейіпкердің мінезі қандай? «Why did he do this? - Ол неге бұл әрекетке барды деп ойлайсыз?».

Ашық сұрақтардың жабық сұрақтан негізгі айырмашылығы оқушының жауабының түрлі, шексіз болуымен сипатталады. Сонымен бірге, ашық сұраққа жауап бергенде оқушылар жауабы мұғалімге алдын-ала белгісіз болады. Ашық сұрақтар Блум таксономиясының қолдану, талдау, синтездеу, бағалау деңгейлеріне сәйкес келеді. Сондықтан бұл сұрақтың түрі оқушылардың болжам жасау, дәлелдеу мен талдау, жинақтау сияқты жоғары ойлау дағдыларын дамыту үшін өте тиімді болады [Туреханова Г.Б., 2016, 74 б.].

Сұрақтың сапасы жоғары болу керек. Көптеген білім беру саласындағы мәселелер бойынша орындалған ғылыми жұмыстар нәтижесі оқушылардың төменгі ойлау реті дағдысы сұрақтарына жауап бергенді қалайтынын көрсетеді. Өйткені бұл жерде жауап дайын, не жауапты мәтіннен таба алуға болады. Сондықтан әр мұғалім сұрақ қояр алдында оқушыға қойылатын сұрақтың мақсаты не екенін анықтап алғаны дұрыс. Баланың көзқарасы мен ой-пікірін еркін жеткізе алатын деңгейге жеткізу мақсаты қойылса жоғары ойлау реті сұрақтарын, яғни оқушылар қалай, не үшін т.б сұрақтарына жауап беріп үйренгені дұрыс. Мысалы: «Is an elephant wild animal?», «Why\why not?», «What animals are domestic»? «How do animals live?» т.б. ашық сұрақтарды көбірек қолдану керек.

Шебер ұстаздың тағы бір есте сақтауы керек маңызды мәселесі – сұрақ қою кезінде өз қимыл әрекеттеріне мән бергені дұрыс. Себебі, ғалымдардың пайымдауынша сұрақ-жауап әрекеті кезінде адамдар бет қимылы, ымдар мен ишараттарға жүзден тоқсан пайыз сенім білдіреді екен. Мұғалім әрекетінің шынайылығына оқушылар күмән тудыруы мүмкін егер оның қойған сұрағы бен бет қимылының арасында сәйкестік болмаса. Сұрақ қойған кезде және оқушы жауап бергенде оқушы берген ақпаратты мұқият тыңдап, қызығушылық танытпаса сұрақ сәтсіз болды деген сөз. Сол үшін оқушының берген жауабын қызығушылықпен тыңдап, кері байланыс орнату керек. Оқушы жауап беріп тұрған кезде қолдау ишарасын көрсетіп, бет қимылы арқылы көрсетіп отыру қажет.

Жалпы, сұрақ қою техникасын жақсы меңгерген оқушы келешекте кез келген жағдайда тиімді сұрақ қоя біледі, ойлау дағдысы қалыптасады яғни, сұрақ қою арқылы кез-келген мәселенің шешуін тез таба алады, адамдармен, қоршаған ортамен тез тіл табыса алатын болады.

2. Оқушылардың білімін кеңейтіп, олардың ойлау дағдыларын жоғары деңгейге жеткізуде Case study әдісінің рөлі жоғары.

Қазіргі таңда елімізде Үштілділік стратегиясы қабылдануына орай мектептердегі ағылшын тіліне бөлінетін сағат саны артты. Бұл өз кезегінде оқушылардың тілді жоғары деңгейде меңгеруіне септігін тигізді. Алғашқы уақытта оқушылар тек ойлаудың білу, түсіну деңгейі бойынша қабілеттілік танытса, қазір жоғары ойлау реті дағдысын дамытып келеді. Яғни, қазіргі мұғалімнің міндеті -оқушылардың өз ой-пікірін, көзқарасын, талдауы мен шешімін ағылшын тілінде жеткізе алатын дәрежеге жеткізу.

Оқушылардан құралған кішігірім топтарға ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы *жағдай* ұсынылылады. Оқушылар сол жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, бірнеше шешу жолдарын ұсынады және талқылау соңында олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алады. Осы талдау барысында оқушылар өздерінің алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал осы кейс стади әдісін қолдану барысында ұстаз оқушылардың белсенділігін бақылап, әр оқушының белсенділік танытуын қадағалайды. Бұл жерде маңызды мәселе оқушылардың талдауына берілетін кейстің оқушыларға түсінікті және пән тақырыптары мен оқу мақсаттарына, бағалай критерияларына сай болуы.

Case study-де басты назар оқушылардың ұсынылған шынайы не қиялдық жағдаяттарды талдауы және оған өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруінде болады. Яғни, оқушы жоғары ойлау реті дағдысын мейлінше толық қалыптастырады. Демек, қазіргі жаңа мазмұнда білім беру жүйесінде оқушының тілге деген қызығушылығын арттыруда case study тиімді тәсіл болып саналады. Өйткені, қазіргі таңда мектептерде жаратылыстану бағытындағы барлық пәндер ағылшын тілінде жүргізілуде.

Оқушылар пән мазмұны мен қатар тілді меңгеру қабілеті бойынша да бағаланады. Осы ретте case study әдісін тек ағылшын тілі сабағында ғана емес, барлық пәндерді оқыту үдерісінде пайдалану оқушының білімін жетілдіріп, жоғары ойлау дағдысын (талдау, синтездеу, бағалау) дамытады [Золотова М.В., Демина О.А., 2015, 2 б.].

Кейстер бір сабақ барысында талқыланатындай қысқа және бір тоқсан бойы жұмыс істеуге арналып ұзақ та болуы мүмкін.

Кейс оқушыларға түсінікті етіліп, олардың деңгейіндегі сөз қорымен жазылуы керек. Ең алдымен кейстің схемасы жасалынады: жағдаят беріледі, мақсаты мен тапсырмалары көрсетіледі, қатысушы адамдар мен олардың мінездемесі беріледі; әр қатысушының әрекеті және қажетті ақпарат көздеріне сілтеме жасалынады. Кейс дайындаушы мұғалімнің кейс ұсынылатын аудиторияны мұқият есептей отырып, материалды анализ жасауы өте маңызды. Осылайша, оқушы кейсте берілген жағдаятты дербес қарап, қажетті ақпаратты жинап, өңдеп, құрастырып, соңында өз жұмысының нәтижесін талқылау, пікірталас кезінде көрсетеді.

Қорыта айтқанда, оқыту үрдісінде Блум таксономиясын қолдану арқылы оқушылардың жоғары деңгейде, яғни, сыни, креативті ойлау, ой жүгірту, тұжырым жасау, проблеманы шешу және рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығы туралы түрлі инновациялық әдіс-тәсілдер ұсынылып келеді. Жоғары деңгейде ойлау арқылы оқушылардың белсенділігі, өзіндік сана-сезімі мен пайымы дамиды; оқытушының кәсіби білімі артады, әрі оқушыны бағалауда мұғалім олардың деңгейін таниды, шынайы бағалау болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Блум Б.С. Білім беру мақсатының жүйелілігі: Білім беру мақсаттарының жіктелуі: анықтамалық I, когнитивтік домен. - Нью-Йорк: Лонгман. 1994.-146

2. Загашев И.О., Заир-Бек, С.И., Мусвавинская, И.В. Балаларды сыни ойлауға үйретеміз 2003.-126

3. Schraw G., Mccrudden M.T., Lehman S., & Hoffman B. (2011). An Overview Of Thinking Skills. In Schraw G. & Robinson D.H. (Eds.), Assessment Of Higher Order Thinking Skills (Pp. 50-75). Charlotte, Nc: Information Age Publishing

4. Пахтусова Е.Э. Ағылшын тілін оқытудағы кейс әдісі // Жас ғалым, 2014. № 7. 532-534бб.

5. Туреханова Г.Б. Тиімді сұрақтар қою мақсаты мен техникасы. Әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

6. Золотова М.В., Демина О.А. Шетел тілін оқытуда кейс әдісін қолданудың кейбір жағдайлары // Қоғам дамуындағы теория және практика. 2015. № 4

УДК 321.72

НҰРБЕКОВА ДИАНА ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
2 курс магистранты,
Қытайтану кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы,
E-mail: nur_diko_97@mail.ru

«ДЕМОКРАТИЯ» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚЫТАЙҒА ЕНУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада дәстүрлі қытай қоғамындағы «халық билігі» және заманауи «демократия» ұғымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданды. Сонымен қатар батыстық «демократия» сөзінің Қытайдағы алғашқы аудармалары мен түсіндірмелері қарастырылған. Мақала дәстүрлі Қытай қоғамындағы "демократия" идеясын қабылдау принципін зерттейді және XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қытайдың мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформаларда демократиялық элементтердің болуын қарастырады.

Түйін сөздер: Қытай, демократия, халық билігі, миньбэнь,миньчжу.

Аннотация. В статье проанализированы сходства и различия понятий «народная власть» в традиционном китайском обществе и современная «демократия». Так же рассмотрены первые переводы и интерпретации западного слова «демократия» в Китае. Статья исследует принцип принятия идеи «демократия» в традиционном китайском обществе и рассматривает наличие демократических элементов в реформах по системе государственного управления Китая во второй половине XIX века.

Ключевые слова: Китай, демократия, народная власть, миньбэнь, миньчжу.

Abstract. The article analyzes the similarities and differences between the concept of "people's power"in traditional Chinese society and modern"democracy", as well as the first translations and interpretations of the Western word"democracy " in China. The article investigates the principle of accepting the idea of "democracy" in traditional Chinese society and examines the presence of democratic elements in the reforms of the Chinese state administration system in the second half of the XIX century.

Keywords: China, democracy, people's power, minben, minzhu.

КІРІСПЕ

Демократия – қарапайым әрі күрделі де ұғым. Бұл біріншіден, "демократия" сөзінің мағынасы тарихи ағымға байланысты өзгеруімен, екіншіден, әрбір тарихи кезеңде оның түрлі түсіндірмелері болуына байланысты. Тіпті демократиялық емес режимдердің ("Социалистік демократия", "Халықтық демократия", "Бағытталатын демократия", "Егеменді демократия" және т.б.) сипатын бүркемелеуге арналған формулаларды қарастырмағанның өзінде, демократияның негізгі мәні бойынша қазіргі таңда да жиі саяси даулар жүріп жатыр.

Демократия – сөзі грек тілінің demos – халық және kratos – билік деген сөздерінен шыққан, яғни "халық билігі" деген мағынаны білдіреді. Яғни халықтың заң жүзінде мемлекеттік билікті басқаруы. Мұнда конституция билік халықтың қолында екендігіне дәлел болады. Халық жоғары билікке өз өкілдерін сайлау арқылы тағайындап, өзгертіп отырады.Демократия теңдік болған жерде ғана болады. Мұнда барлық салада – заң шығару, оны орындауда, т.с.с. теңдік болады [Кенжебаев М., 2005, 52 б.]. Сонымен, демократия деп халық билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылысты айтады. Қазіргі ғылыми әлемде демократияның екі негізгі бағыты бар: біріншісі, биліктің сайланбалы сипатына баса назар аударатын, нақты тұжырымдалған Й.Шумпетерді идеясы. Яғни, демократия ұғымы еркіндік, теңдік жағдайында әрдайым өзіне лайықты билікті таңдай алатын адамдардың ақылдылығына байланысты деген. Қазіргі Батыстық санада сайлау идеясы бұл "табиғи құқықтар" теориясынан бастау алды: "табиғи" деп қабылданатын билікті таңдау құқығы оны қолданудың салдарына қарамастан анықтамасы бойынша шектелмейді. "Федералист" авторларынан Р. Дальге дейінгі демократияның басқа да теоретиктері шектелмеген таңдау құқығы бір жағынан көпшілікті диктатураға, екінші жағынан сайланған көшбасшының авторитаризміне алып келуі мүмкін деп болжайды. Олар, егер сайлау жүйесі саяси жүйенің басқа да маңызды элементтерімен толықтырылса, демократиялық режим орнықты болуы мүмкін деп санайды, мысалы: билікті үш тәуелсіз тармаққа бөлу, орталық пен өңірлер арасындағы өкілеттіктерді бөлу, жеке адам мен саны аз тараптың саяси құқықтарының конституциялық кепілдіктері жүйесін құру. Кейінірек әлеуметтік-демократиялық дәстүрде азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету қажеттілігі идеясы қалыптасты [Лукин А.В., 2005, 407-411 б.].

Төрт мыңжылдық тарихы бар Қытай санасында "демократия" ұғымы – салыстырмалы түрде

кейін пайда болды. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында шетелден енді. Сол кезден бастап қытай тілі мен санасында "сайлау", "парламент", "конституция", "биліктің бөлінуі", "еркіндік", "партия", "ұлтшылдық", "социализм", "капитализм", "президент" және т. б. жаңа сөздер мен тұжырымдамалардың тұтас кешені пайда болды. Олардың көпшілігі Қытайға Жапония арқылы келіп, алғаш рет қытайлық иероглифтермен жазылды. Қытай ойшылдары мен саясаткерлері бұл тұжырымдамаларды дәстүрлі қытай санасына таныс теориялар мен ұғымдарының аясында қабылдап түсіндірді. Бұған көп жағдайда қытай тілінің ерекшеліктері де ықпал етті, олардың арқасында көп жағдайларда шет тілінен енген кіреме сөздер транскрипцияланбай аударылды, жаңа сөзге дәстүрлі мыңжылдық тарихы бар иероглифтер таңдалып, ескі мағыналық элементтері бар жаңа ұғымдар мен сөздер пайда болды .

Миньбэнь принципі – демократия идеясын қабылдаудың дәстүрлі негізі

Халық билігі идеясының дәстүрлі қытай санасынаең жақын, халықтың өз тағдырын өзі шешу құқығы туралы ойлар кездесетін тұжырымдама – бұл миньбэнь民本 (халық мемлекеттің негізі) принципі. Миньбэнь тұжырымдамасы ежелгі Қытайда қалыптасқан, оның негізгі идеясы "Шуцзин" ежелгі канонында кездеседі: "халық – мемлекеттің түп-тамыры, негізі, егер түбірі мықты болса, онда мемлекет тыныштықта" [Китайская философия, 224 б.].

